

КАЗАҚТЫҢ КИДИ ТАРИХЫ салғараұлы Қойшығара



Салғараұлы
Қойшығара

ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЛЫ ТАРИХЫ

роман-эссе

АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1992

Салғараұлы Қ.

С 18 Қазақтың қилы тарихы: Роман-эссе.— Алматы: Жалын, 1992.—304 б.

ISBN 5-610-01166-3

Қойшығара Салғараұлы — халқымыздың көне тарихы жөнінде жүйелі жазып келе жатқан жазушы. Оқырманға ұсынылып отырған «Қазақтың қилы тарихы» атты бұл роман-эссесі оның бұдан бұрын жарық көрген «Алтын тамыр», «Көмбе» роман-эсселерімен тақырыптық жағынан да, уақыт мерзімі тұрғысынан да үндесіп, жалғасып жатыр.

Жазушы бұл шығармасында қазақ халқының ұлттық негізіне (этногенез) қатысы бар көне тайпалардың біразының басын біріктірген Түргеш, Қарлық қағанаттарының тарихына үңіледі, өзбектер мен қазақтардың, қазақтар мен ноғайлардың бөлінуінің қалай болғаны жөнінде ой толғайды. Сондай-ақ қазақ халқының төл шежіресі негізінде байырғы ру-тайпалардың шығу тегіне талдау жасап, шежіре тарихының сырын ашуға ұмтылады.

Шығарманың танымдық дерегі, мағлұматы мол, тілі шұрайлы.

С 4702250201—012 —92
408(05)92

ISBN 5-610-01166-3

© Қойшығара Салғарин, 1992

ББК 84Қаз7-44

ЖОЛ ҮСТІ — ТАҒДЫР

Дала. Осынау кең даланың бетін жазық маңдайға түскен терең әжімдердей айқұш-ұйқыш сызғылаған сан тарау жолдар. Соның біреуіне түскен біз күншығысты бетке алып, тартып келеміз. Мана ауыл маңының тұяккесті шиырынан шығарып алып, әуелдегі түскеніміз байырғы ескі жолдың сорабы болатын: небір заманнан бері жан жүрмегені көрініп-ақ тұр. Жол танабына шыққан қалың шөп көделі жазық төсінде ерекше көкжولاқтанып, домбыраның қос шегіндей қатар желі тартып, қырқапернелерді басып өтіп, көкжиекке құлаш ұрған; тек арагідік қау түбіне төгілген сүттей ағарандап көзге шалынып қалатын ақтаңдақтар ғана мұның бір кезде ақ тақыр, айдау жол болғанына куәлік бергендей. Осы ескі жолдың сорабы сәске көтеріле бүгінгі күннің жүйрік көлігі — машиналардың доңғалағы жеп орға айналдырған жаңа даңғыл жолға келіп қосылды. Айдау қасқа жолға түскен соң, манағыдай емес, жүрісіміз де өне бастаған секілді.

Ақ сұр жигули бейне көрпе көктеген кексе әйелдің қолындағы көземел инедей көстендеп, қырқаны қырқаға көктеп, зулап келеді. Осы сұрапыл жылдамдықтан құтыла алмасын білген жолдың өзі зырқырап келіп, машинаның бауырына еніп жатқандай. Жазық даланың бетіндегі мең сияктанып сирек біткен тобылғы шоқтары көз тоқтатып қарап үлгіргенше қалбаң қағып, шырқөбелек айналып, артында қала береді. Жүріс өнген сайын қасқа жолға әлдеқайдан қиялап келіп қосылған, әлдебір тұстан жырыла айырылып, бөліне жылысқан жанама жолдар да көбейе түсті. Сол сәт біз жүріп келе жатқан кіре жол

мынау жазық даланың лүпілдей соққан күре тамыры тәрізді көрінген еді маған.

— Байқайсыз ба,— деді осы сәт менің бірі қосылып, бірі бөлініп жатқан даланың тарау-тарау шым-шытырық жолдарына назар аударып отырғанымды аңғарған жолдасым — астаналық журналист жігіт. — Байқайсыз ба, даланың осы айқұш-ұйқыш жолдары маған біздің халқымыздың қым-қуыт тағдыры тәріздес көрінеді. Еске түсіріп көріңізші, біздің ата-бабаларымыз да ру-ру, тайпа-тайпа болып ғұмыр кешкен соқтықпалы өмір жолында сан ғасырлар бойы біресе жаңағы қиядан қиялап келіп қосылып, кіре жолды кеңіткен соқпақтай өзара бас біріктіріп, ұлы бірлестіктер құрап, күшейіп; біресе үлкен жолдан жырыла бөлініп жөніне кеткен сүрлеудей бір-бірінен ірге ашып, ыдырап, іштей әлсіреп жатпады ма?! Ғажабы сол, олардың бірігіп-ыдырауы да осы дала жолдары сияқты белгілі бір заңдылықпен уақыт озған сайын қайталанып отырады. Сонау есте жоқ ескі замандағы скиф-сақтарды қоя тұрып, одан бергі хуннуларды-ақ алайықшы. Модэ хан мен оның баласы Лаошан-Гиюй заманында шығыстағы Сары теңіз бен батыстағы Қаспий теңізінің арасындағы Ұлы Даланы мекендеген сан түрлі тайпалар бір шаңырақ астына бірігіп, Хунну империясын құрды. Кейін келе-келе бір кездегі найзаның ұшымен, білектің күшімен бағындырылған сиырдың бүйрегіндей құранды ел тез ыдырап, сәтіне қарай әр тайпа өз тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қара жұртта қалған хуннулардың өзі іштей ыдырап екіге бөлінді. Оңтүстігі қытайға бағынып, өз еркімен бажак (бодандық) қамытын кесе, Солтүстігі тәуелсіздігі үшін табан тіреп, тағдыр тауқыметімен тайталасып бақты. Ақыры сыртқы жауға ішкі алауыздылық қосылып Солтүстік Хунну хандығы біздің жыл санауымыздың 92 жылы Тарбағатайда тағдырлас туыстары Сәнби мен Қытайдың біріккен күші талқандағаннан кейін біржола құлады. Азаттық үшін арпалысқан Чжичжы-шаньюй қаңлы жерінде Хань мемлекетінің басқағы Гань Янь-Шеу қолынан қаза тапты. Хандық құлаған соң ұсақ ру-тайпалар қасқа жолдан бөлінген жаңағы сүрлеу-соқпақтардай бет-бетімен өз жөніне кетті. Солтүстік Хунну хандығының жұртынан өртеңге шыққан алысандай араға біраз уақыт салып барып Алтай түріктері бой көтерді. Баяғы хуннуларға бағынған ру-тайпалардың ұрпағы енді Түрік қағанатының құрамына енді. Бірақ бұл бірлестік те ұзаққа барған жоқ. Хунну империясының

жолын құшып біздің жыл санауымыз бойынша 584 жылы Түрік қағанаты да екіге бөлінді. Шығыс Түрік қағанаты Суй мемлекетінің (581-618 жылдар) бажағына айналды. Батыс Түрік қағанаты өз еркіндігі үшін күресін одан әрі жалғастырды. Бірақ бұл да сыртқы соғыс, ішкі қырқыстың салдарынан VIII ғасырдың орта шенінен аса бере жеке қағанат ретінде өмір сүруін тоқтатты. Оған себеп Батыс Түрік қағанатының байырғы қуатын қалпына келтіріп, шаңырағын құлатпай сақтап қаламын деп жанын салып алысқан қағанаттың соңғы дербес ханы Ашина Хэлудің 658 жылдың басында өзінің тағдырлас, қандас бауырлары теленің атты әскері мен Тан мемлекеті әскерінің біріккен күшінен ойсырай жеңілуі еді. Соңғы шешуші айқаста жеңіліп қалған аз әскермен қашқан Ашина Хэлуді өз бауыры — түрік Ашина Юаньшуан қолға түсіріп, қытайлықтардың қолына тұтқындап берді. Ол сонда өлді. Қағанат құрамындағы ру-тайпалар осы қағанаттың қытайлықтар құрған екі басқактықтың түрлі әкімшілігіне бөлініп, сан тараулы жолдай әр бағытқа кете барды.

Батыс Түрік қағанатының ойраны шығып, талауға түскен жұртында енді түргештер өз шаңырағын көтерді. Түргеш қағанаты да баяғы Батыс Түрік қағанаты құрамына енген тайпалардың басын біріктіріп, төңірегіне елдік атын, хандықтық қалпын таныта бастағанда, сары түргештер және қара түргештер болып, бұл да екіге бөлініп шыға келді. Сөйтіп түргештер өзара қырқыстан бір әлсіресе, сыртқы жаудың екі жақты (арабтар мен қытайлардың) соққысына ұшырап екі әлсіреді. Осылайша ақыры бұл қағанат та құлайды. Оның орнын қарлықтар басады. Міне, осылай кете береді.

— Қыпшак бірлестігін айтпай кеттіңіз ғой?..

— Иә, олар да бар. Көне қыпшақтар, тіпті беске бөлінеді емес пе. Әне, өзіңіз көріп отырсыз, құтты, мынау даланың жолы сияқты, осылайша бірі қосылып, бірі бөлініп жатады. Қызық, қандай ғажап ұқсастық десеңізші!

— Меніңше оның танданарлық ештеңесі жоқ. Жол дегеніңіздің өзі табиғаттың ерекше жаратқан құбылысы емес, барлы-жоғы адам тіршілігінің ізі емес пе? Адам жүрмесе, олардың өзара мақсатты қатынасы болмаса, жер бетіне бірде-бір жол түспес еді ғой. Оның орнында, аң жортқан соқыр соқпақ, мал жүрген шұбырынды із ғана жатар еді.

— Адам болмаса мал да болмайды ғой.

— Иә, дұрыс айтасыз, онда бүгінгі хайуандарымыз да айуандар әлемінің белді-белді мүшелері болып жүрер еді. Бәрібір олардан да жол емес, шұбырынды із қалар еді. Ал жолды тек адам ғана салады. Кез келген дала жолының біріне түсіп жүріп көріңіз, алыс па, жақын ба, бір су көзіне — құдық па, бұлақ па, өзен бе, әйтеуір біріне — жеткізіп жығылады. Ал су бар жерде ел бар. Демек жол ел мен елдің арасын жалғайды. Көне ұғыммен айтсақ, ру мен рудың, тайпа мен тайпаның арасын сабақтастыра жалғап жатады. Ол, былайша айтқанда, солардың бір-біріне қатынасқан ізі ғой. Олай болса мынау айқұш-ұйқыш жол осы даланы сонау ықылым заманнан бері мекендеп келе жатқан ру-тайпаның сан ғасырлық сапырылысқан тірлігінің шежіресі іспетті емес пе? Ендеше жол мен сол жолды салған адамдардың тірлігінің өзара ұқсастығына таңдануға бола ма? Меніңше, бұл — табиғи заңдылық.

Мені бұл таңдандырмайды. Таңдандыратын басқа дүние. Өзіңіз ойлап көріңізші, мысалы ғой адам өмір жолында бір қателік жіберсе, оны білмегендіктен жасаған шығар дейміз, кешіріммен қараймыз. Сол қателікті тағы қайталаса, киналамыз, бірақ ақтар себеп іздейміз, кезінде жете мән бермеген шығар, енді түзелер дейміз. Ал сол адам сол қателігін үшінші қайталаса — түңілеміз, амалсыз оны санасыздар санатына қосамыз ғой...

— Сіз не, ата-бабаларымызды санасыздар санатына қосқалы келе жатқаннан саумысыз? — Жолдасым маған тіксіне қарады. Жаратпағаны көрініп-ақ тұр. — Атасын жамандап бала озбас, халқын жамандап дана озбас...

— Дұрыс айтасыз. Оған енді «атадан бала ширек кем туады» деген қағиданы да қосыңыз. Бірақ мұның бәрі шындыққа шымылдық болмасқа керек. Кешегіміз түгенделмей, бүгінгіміз бүтінделмейді. Ал кешегімізді түгендеу дегеніміз жақсылығынды да, жамандығынды да жасырмай алға салып, ақыл таразысына тарту ғой. Сонда ғана өткеннің дұрысы — өнеге, бұрысы — сабақ болмас па бүгінге.

Ақылы бар адам атасын даттап атақ алмас болар. Бірақ атасының қатесіне қайғыланбаған ұрпақ оңа қоймас. Қайғысыздық — қамсыздық белгісі. Қамсыз ұрпақ, ізденіс-талпынысы жоқ ұрпақ баяғы бір қатені сол қазқалпында қайталай бермек. Несіне жасырамыз, әлі күнге өзекті өртер өкінішіміз де осы емес пе?!

Бабам еді деп бауырға тартқанымыз болмасын, өзіңіз-ақ айтыңызшы, парасат паркы да, азаматтық нарқы да, сындағы ерлігі де, жайшылықтағы кеңдігі де ешкімнен кем емес, бабаларымыз ғасырлар бойы мынау ұланғайыр кең байтақ даласында өз бетінше еркін өмір сүре алмай, мезгіл-мезгіл біреулерге тәуелді болып, неге соларға қарап жалтақтаумен күн кешті? Осындайда зәуқайыр есті азаматтары ел қамымен бірігіп енші алып, өз алдына отау тіге қалса, неге солар өзді-өзімен қырқысып, әлгі көтерген шаңырақтарын өздері қиратып, тезірек ортасына түсіруге асығады? Бір емес және бірнеше рет қой бұл, қайталай береді, қайталай береді. Содан қашан бастарына нокта кигізіліп, шылбырын басқа біреу ұстағанша сол. Бір ғажабы, нокталанса болды, тып-тыныш; таққа да, баққа да таласпайды, жымдағы қояндай жыпық қағып, шылбыр ұстағанның «тәйт» деген бағытына зытуға дайын. Жайшылықтағы өрлігінен де, намысқойлығынан да із жоқ.

Жауабын таптырмас «неге бүйтеді?», «неге бұлай?» деген сұрақтар жаныңды мүжиді. Ызаланасың, қорланасың. Нансаңыз, өз басым бүгінгі кемістігіміздің де көбін бұрынғы-кешегі өткен шалдардан көремін.

— Жалпы себепсіз салдар болмайды. Бұл — өмірдің ақиқаты. Бірақ бүгінгі үшін кешегіні кінәлау, түптеп келгенде, өзіңнің дәрменсіздігің. Бүгінгі — өзіңнің пешенеңе жазылған дүние. Ол — қандай? Таланыңыздан көріңіз. «Әзір асқа тік қасықтық» пиғылдың кінәмшілдігін серпіп тастап, талабыңызды танытыңыз. Қажет пе, күресіңіз, жеңіңіз! Сол үшін де сіз бүгіннің төлісіз.

Ал енді сіздің жаңағы «неге, неге» деген көп сұрағыңызға келетін болсақ, оған жауап беру мен үшін қиын. Оған тарих жауап беруі керек. Ол және бүгінге дейін жазылған тарих емес, мынау жариялылық, шынайы демократия өріс алған заман қаламымен жазылған тарих болуы керек. Өйткені оған жауап беретін, халқымыздың өткен өмірінің бүкпесін жазып, қайшылығын ашып, болмыс-бітімін нақтылап көрсететін тарих бізде болған жоқ. Ал жоқтан бірдеме іздеу көзі қарауытқан жанның ғана тірлігі.

Қазір еліміздің халықтары өздерінің тарихындағы ақтаңдақтардың орнын толтырып жатыр. Ақтаңдақ дегеннің өзі болған, бар нәрсенің кезінде әлдебір тосын да тегеурінді күштің әсерімен түсіп қалған, босаған орны, ізі ғой. Сол нәрсені, сол оқиғаны қалпына келтірсеңіз әлгі ақтаңдақ із жоқ болады. Ал біздің тарихымызда ақтаң-

дактар ғана емес, орнын толтыру үшін ғасырларды керек ететін түбі беймәлім терең шыңыраулар бар. Оны толтыру талай ұрпақтың білімі мен маңдай теріне негізделе жалғасқан тынымсыз еңбекті тілейді. Ол және бүгіннен басталуға тиіс. Бірақ, өкінішке орай, жеке басқа табыну салдарынан халқымыздың басына туған отызыншы жылдардың сұрапыл нәубеттерінен асып, әріге барып, ат терлетіп жатқан әзірге ешкім көрінбейді. Мұндай жағдайда әркімнің жанын жеген өз негесі алдағы уақытта да тиісті жауабын таппай, ақтандақ болып қала бермек.

Адамзаттың бүгінге дейінгі өмір жолын бір асқар тауға шығу деп алып қарасак, сол таудың құлама құзын, шапшыма шыңын басып өтіп басына шыққан біздерге сонау-сонау замандарда жайбар етекте жүріп барлыққан ата-бабамыздың тірлігі мимырт та ерсі болып көрінуі мүмкін. Бірақ бір сәт осы биікке көтерілуіңіз бар болғаны сол ерсі тірліктің жалғасы ғана екенін, ата-бабаларымыздың ғасырларды баспалдақ қылып жығылып-тұрып азаппен жеткен жерінен өз сапарыңыздың басталғанын және олардың осы ұзақ жолында көрген, түйген өмір тәжірибесіне табан тіреп шыңға шыққаныңызды ойға салып көріңізші. Сонда қазіргі уақыт биігінен қарап тұрып өткенге үкім шығарудың қаншалықты ағаттық екенін түсінесіз.

— Ол дұрыс қой. Мен де өзімізді көктен түстік демеімін. Жақсы болсын, жаман болсын, сол ата-бабаның ұрпағымыз, жалғасымыз. Оған дау жоқ. Бірақ жаңағы өзіңіз айтқандай «ғасырларды баспалдақ қылып жығылып-сүрініп жеткен жерінен» атасының жолың жалғастырған ұрпақ алдағы жүрер жолында, шығар асуында енді өздері жығылып-сүрінбес үшін бұрынғылардың қалай жығылғанына, неден сүрінгеніне неге ден қоймайды? Неге сол баяғы қателікті ұрпақ сайын қайталай береді?..

— Дұрыс, мен сізді енді түсіндім. Сіз мұны неге айтып отырсыз? Себебі сіз бұл күнде өз тарапыңыздан талпынып оқып, ізденіп, аз да болса ата-баба тарихынан хабардар болдыңыз. Сол арқылы сіз біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген сақтардың да, одан кейінгі хуннулардың да, ортағасырлық түріктердің ғұмырнамасынан мағлұмат алып, осы халықтардың жетістігі мен кемшілігін зердеңізден өткізіп, біліп, танып отырсыз. Сіздің пайымдауыңызша түкке тұрмайтын қателікті бірінен кейін бірі тарих сахнасына шыққан сақтар да, хуннулар да, сосын кім еді әлгі, ие, қыпшақтар да, түріктер де, түргештер де,

қарлықтар да, өзбектер де, қазақтар да бәрі-бәрі бірдей қайталай береді, қайталай береді. Содан кейін келесіз де сіз: «құдай-ау, осынау қарапайым затқа да ақылы жетпей ме олардың. Береке көзі — бірлік екенін қалай түсінбейді? Бір-бірімен қырқысып тапқан опасы қайсы, ақырында ылғи өзге біреулерге жем болғаннан басқа?» — деп келіп күйіп-пісесіз ғой баяғы.

— Енді қалай, шындығының өзі сол емес пе?

— Иә, шындығы сол. Бірақ ол бүгін бәрін оқып, біліп отырған сіз үшін ғана солай. Тарих — ұлы ұстаз. Сіз бүгін сол ұлы ұстаздан дәріс алу мүмкіндігіне ие болып, алды-артыңызды бірдей барлап, шолып отырсыз. Ал ата-бабамыздың ондай мүмкіндігі болды ма? Болған жоқ. Танып тағылым алар тасқа басылған тарихы болмаған сауатсыз ел соқыр жандай қарманып, күндік тірлігімен күн кешті. Өткеннің өнегесіне өріс беріп, кешегісін бүгінмен салыстырып сабақтастыра алмады. Болашағы буалдыр тартып, көз алды тұтасқан тұманға айналды. Надандықтың нарықсыз күші асқақ арман, биік мақсат, терең ой дегеннің бәрінің жолын кесіп, бір күннің, тек бүгінінің ғана мұратына қызмет етуге итермеледі. Осыдан келіп ата-бабамыз амалсыздан тек бүгінмен ғана өмір сүруге мәжбүр болды. Ал бұлай өмір сүрудің мұраты — «мен анадан артық болсам, жоғары болсамға» негізделері сөзсіз еді. Осыдан келіп даңққұмарлық, билікқұмарлық, атаққұмарлық, шекқұмарлық, шекпенқұмарлық жауынан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап бой көтереді. Ал жанын осындай түрлі құмарлықтар билеген адамның бойынан ар, намыс, нысап, сезім... деген асыл қасиеттер арылып, оның орнын қызғаныш атты қызыл ит иеленеді. Ол болса аяны да қорып, мынаны да қорып, шәу-шәу етіп иесіне тыным бермейді. Мұнан әрі дау-жанжал, ұрыс-керіс, төбелес, соғыс... басталады. Осыған өрай өмірге енді бітімші, арашашы, көмекші дегендер келеді. Олар да көктен түспеген, осы ортадан шыққан өз пайдасын көздегендер. Олар ел бірлігін ойлап езіліп жатпайды. Сондықтан олар әлгі дау-жанжал, ұрыс-керіс, төбелес, соғыс секілді кеселді тірлікті өршітпесе өшірмейді, әділетті аттап өтіп, өздеріне тиімсізін тиімдісіне жығып беруге күш салады. Осыдан келіп жеңуші мен жеңілушілер пайда болады. Бірақ жеңілгені жеңгенін мойындап, ымыраға келіп, ынтымақ туын тікпейді. Оған мүмкіндігі жоқ. Өйткені қызғаныш иті ішін тырналап, қыңсылап тыным бермейді; таң атырмайды, күн батыр-

майды. Енді ол сорлы шырқырап барып, сырттан көмек сұрайды. Сөйтіп, бір елдің ісіне екінші бір ел келіп араласады. Әрине сырт елді де бұған итермелейтін, сөз жоқ, өз пайдасы. Бірақ ол онысын жасырып, әлсізге көмектесуші, қамқоршы, жарылқаушы болып келеді. Түпкі мақсатына жету үшін қол көмегін де, зат көмегін де аямайды. Осылайша олар көмектесушілік пердесін бетіне ұстап, сырт елдің өміріне енеді, сықпытын көріп, сырын түйеді. Міне, тап осы арадан бастап ерте ес жиған сауатты елдің аққаптал саясаты сауатсыз елдің көшінің шаңырақ түйесінің бұйдасын өз қолына түсіру үшін бар күшін, сайқал аярлығын жұмсап бағады. Сырын алдырған елдің саясат сиқырына арбалуы онша қиын да болмайды. Құмарлық құртын қоздырып, қызғаныш итін шабаландырса жетіп жатыр. Сонда баққа таласқан, таққа таласқан байғұстар ет бауыр жақынын жауға санап, ақкөзденіп шыға келеді. Керісінше ата жауын жанашыры көріп, бауырына тартады. Сөйтіп ақырында өзінің тыпырлап-тыпырлап келіп жыланның аузына еркімен енетін арбалған торғайға айналғанын білмей де қалады.

Мұндай торғай-тірліктің шын аты — рухани құлдық. Ой-өрісі тұмшаланып, мәңгүрттік жолға түскен мұндай жандар өздерінше еркіндікте жүрмін, белгілі дәрежеде мансабым бар деп малданғанымен кәдімгі қол-аяғы бұғауланған қапастағы еріксіз құлдардан әлдеқайда жаман. Соңғысының аяқ-қолы маталып, бұғауда ұсталғанымен арман-қиялы азаттықта, рухы жоғары. Ол бостандық үшін күреске әзір.

— Япыр-ау, сонда «ел болса ер туғызбай тұра алмайды» деген қағида қайда? Осының бәрінің қыртысын жазып, құпиясын көрсетер, көкірегі ояу, көзі ашық, ел бірлігін ойлайтын еңіреген бір ердің тумағаны ма соншама ұзақ уақыт ішінде? Туса, ту алып шықпағаны ма?

— Неге тумасын, неге шықпасын ту алып. Туған да, шыққан да. Әр заманның өз сұрқылтайы болған. Ұлы тарих көшінің кезеңінде көшпелі ел құрып кетуден құтылып, әртұс-әртұста қосылып қалып отырса, ол сондай елім деген ерлердің ғана тірлігі.

Айтқанға сенбей, жазғанға жадыланған ұрпақтың өкіліміз ғой. Сөз сенімі үшін VIII ғасырдың тас кітабына жазылған мына бір жолдарды оқып көрейік.

— ... Інісі ағасындай (етіп іс)¹ қылмағанға ұқсайды,

¹ Ой түсініктілігі үшін қосылған сөздер жақшамен көрсетілді.

ұлы әкесіндей (етіп іс) қалдырмағанға ұқсайды. Зердесіз қаған ел билегенге ұқсайды, жәутік қаған ел билегенге ұқсайды. Бұйрықшылары да (зердесіз), біліксіз екенге ұқсайды, жәутік екенге ұқсайды.

Бектері, халқы (азғаны себепті), тұзу жолдан шыққаны себепті, табғач¹ халқының алдамшы-көлгірлігі себепті, арбаушылығы себепті, ағалы-інілінің кектескені (өштескені) себепті, әкімі бар халықты (бір-біріне) шағыстырғаны себепті, түрік халқы ел етіп құрған елін (мемлекетін) қолдан берген екен, ел билеген қағанын қолдан шығарған (айырылған) екен.

(Осыдан кейін) табғач жұртына текті ұл балаң құл болды, сұлу қыз балаң күң болды. Түрік бектері «түрік» атын (түрікше билік-мансап атын) тастап, табғачша билік-мансап атауын тұтынып, табғач қағанға караған екен. Елу жыл (бойы) ісін, күшін (соған) берген екен. Табғач қағанға қолжаулық болып ілгері Күн шығысқа Бөккі қағанған дейін әскер жүргізіп (соғысып) барған екен, батыста Темір қапығқа (қакпаға) дейін әскер жүргізіп (соғысып) барған екен. Табғач қағанға (олардың) жұртын, билігін (тағын) алып берген екен.

Түрік қара күллі халық (түріктің бүкіл бұқарасы) сонда былай деген екен:

«Мемлекетті халық едім, мемлекетім енді қані? Кімге (кіммен) мемлекетті құрамын?» — деп айтқан екен. «Қағанды халық едім, қағаным қані? Қай қағанға ісімді-күшімді берермін?» — деп айтқан екен.

Осылай деп табғач қағанға жау болған екен. Жау болып (жау болғанмен) итініп-тартынған, күш алып кетпеген себепті қайыра бағынған екен. (Түрік бектері) мұнша істерін, күшін (табғач қағанына) бергенін (ойлап) қайғыланбады. (Ал) түрік халқы: «Өліп бітуге айналдым, ұрығым² құрып бітуге айналдым», — деп қайғырып айтқан екен. Жоғалып бара жатқан екен», — деп жазады сол заманның оқыған білікті азаматының бірі — Иоллығ тегін Күл тегіннің басына орнатқан ескерткіш тасқа. Оның суреттеп отырғаны бір кезде дүркірей көтеріліп, әлемнің апшысын қуырған атақты Түрік қағанатының құлап, бұрынғы құрамына енген халықтардың қытай императорының қол астында бажак болып ғұмыр кешкеніне елу жыл толған кез. Олардың мұндай күйге қалай түскенін

¹ *Табғач* — көне түріктер солтүстік қытай патшалығын осылай атаған.

² *Ұрығым* — ұрпағым деген мағынада.

өзіңіз бұрынғы әңгімемізден жақсы білесіз. Оны Иоллығ тегін де аз сөзбен түйіп, әдемі көрсеткен.

«Табғач қағанының алдамшы-көлгірлігі себепті, арбаушылығы себепті, ағалы-ініліні өштестіргені себепті, әкімі бар халықты шағыстырғаны себепті...» Осынау жолдарда көне қытай империясының қағанат өзегіне жегі құрт болып түсіп, іштен мүжіп жеп құртқан сұрапыл зымиян саясатының бар болмысы жатыр.

Неге түріктің қара халқы: «Өліп бітуге айналдым, ұрығым құрып бітуге айналдым» деп қайғырады? Қайғыртып, қабырғасын қайыстырған тағы да қытай билеушілерінің аққаптал аяр саясаты. Ол не істеді?

Бұл өзі жеке әңгімеге өзек боларлық тақырып. Дегенмен бұл арада мұны қысқаша қайырып, былайша түсіндіруге болар еді: Әдетте билік тізгінін қолына алған басшы азаматтар халық қамын, ел бірлігін ойлап, сол жолда бірлесе қызмет істеуге тиісті ғой. Міне, қытай саясаты осы тиісті міндетті жүзеге асыртпауға күш салады. Ол үшін алдымен басшы азаматтар арасына шеншекпенді шүлен қылып таратып, ханзадалардың бәрін де хан тағына үміткер етіп дәмелендіріп, бір желіктіріп қояды. Содан кейін бәрін жарылқаушы ортақ қамқор әке роліне енген қытай императоры енді солардың ішінен мансап десе анасын да сататын найсаптау біреуіне айрықша ілтипат танытып, ерекшелей бастайды. Мұны көрген, хан тағында отыр дегені болмаса, негізгі билік тізгіні басқадағы хан-сымақтың өз-өзінен ішкені ірің, жегені желімге айналады. «Көктің ұлының¹ көңілі анаған ауды, менің орнымды соған әпергелі отыр» деп уайымдайды. Сөйтіп енді ол алдымен Көктің ұлына неден жазықты болғанын өзі де білмесе де, қарадай шабылып оның назарын өзіне қайта аудару үшін, қарауындағы халқын қанап, тапқан-таянғанын соның аузына тосып, сыйлық деген атпен сыпқыртып үсті-үстіне пара бергіштейді. Сонымен бірге «Менің орныма отырғалы жүрген сенсің ғой, тоқтай тұр, бәлем»,— деп өзінің бірге туған бауырын жау тұтып, оның көзін тезірек құртудың жолдарын іздейді. Ана байғұстың оның орнына хан болсам деген ойы да болмауы мүмкін. Бірақ арам ойлы бауыры тарапынан үсті-үстіне жазықсыз жәбір, қастандықты қиянат жасалып жатқа-

¹ *Көктің ұлы* — Қытай императорларының көне түріктер ұғымындағы аты.

нын сезіп, білгеннен кейін енді ол да ойласа бастайды. Міне, дәл осы кезде қытайдың саясаткерлері не істерін білмей, іштей толқып жүрген оның қолтығына суды бүркіп-бүркіп кеп жібереді. «Әйда, кимылдап қал», — дейді олар осы тұста ерекше жанашырлық танытып. — Сенің ешқандай жазығың жоқ. Анда анандай, мұнда мынандай істеді (Оны істетіп отырған да өздері екенін, әрине, сездірмейді), кашанғы төзуге болады. Қарсы тұр, күрес! Біз сенің жағындамыз». Осыған малданған мына байғұста енді туған бауырын шын жау көріп, оған ашық қарсы шығады. Сөйтіп тұтастыққа жарықшақ түседі. Ел екіге айырылады. Өйткені әрқайсысы өз пайдасын ғана ойлаған, теңдікке емес, үстемдікке, әділеттікке емес, өктемдікке ұмтылған өзімшіл ру-тайпа басшылары осындай айыстыртыс кезінде ерекшелене көзге түсіп қалуға тырысады. Себебі әрқайсысы осы тартыста өзі қолдаған адамы жеңіске жетсе шені артып, шекпені жақсара түсетінін біледі. Әрине, жан бермек оңай емес, екі жақ та барын салып бағады. Ақырында екі жақ та титықтап барып, біреуі әйтеуір өлдім-талдым дегенде жеңіске жетеді. Сол кезде осы жанжал өртін өз қолымен тұтатып, оның «жану» барысын қалт жібермей бақылап отырған қытай саясаткерлері бейне суға түсіп кетіп, шыға алмай жүрген аңды көріп, соны сырттай бақылап тұрып, әбден дымы құрып, өліп-талып жағаға зорға шығып, тыпырлауға дәрмені келмей жатқанда ұстаған аңшыдай келеді де әлгі ішкі тартыстан қажып-талып, құр сұлдері қалған жеңуші жақтың мойнына ешқандай қиындықсыз тәуелділік қамытын кигізе қояды.

Әрине, кезінде осындай жанашырың болып көрініп, араңа жік салатын, іштен ірітіп күш-қуатыңды алатын жегі құрт саясаттың сұрқия сырын танып, пәленің неден шығып жатқанын зерделей білген әр заманның өз Иоллығ тегіні болғаны хақ. Бірақ бар ақыл-ойың, қайрат күшін тек биік мансапқа қол жеткізуге ғана жұмсаған ел басшылары оларды осы пасық мақсаттарын жүзеге асырудың құралына айналдырып бақты. Сөйтіп оларды әлгі жегіқұрт саясатының авторларына ұстап берді, немесе өздерінің қаншалықты «адал» берілгендіктерін дәлелдеу үшін өз қолдарымен құртып отырды.

Өмір, шіркін, кашан да күрделі ғой. Кейде әлгіндей елдің құты болған жайсаң жандардың құтқармас жұты болған жуан жұдырық жұлмыр топтың өз ортасынан да көкірегі ояу, көзі ашық білікті азаматтар шыққан. Олар

өз ұяластарының ығымен кетпей, әділетті жақтап, жетімге пана, жесірге қорған болуға тырысқан. Олардың арасынан жөнсізін жөндеп, тентегін тыйып, ел болуға өнеге таныту үшін билікке ұмтылып, шенге таласып, күреске түскендері де болған. Елді билеу, оны табанға салып илеу емес, қайта соның қамын ойлап, қамқоршысы болу екенін ісімен дәлелдегілері келген еді олардың. Бірақ олар ол мақсаттарын жүзеге асыра алмады. Өйткені ондай кезде елдің бүкіл паракор, жалақор пысықайлары таласын тоқтатып бәрі бөріге жабылған ауыл иттеріндей бас біріктіріп, серке азаматтың сағын сындыруға күш салып бақты. «Балықтың тілін бақа түсінеді» дегендей ондайлармен ауыз жаласқан, қолында билігі бар жемқор ұлықтар да әділетті белінен бір-ақ басып, өкімет атымен небір сорақы әрекеттерге барып, халық қамын ойлаған азаматтың қанатын қырқудың айла-шарғысын жасай берген. Мұндай тірліктер жылдан-жылға, ғасырдан-ғасырға ұласты. Осыдан келіп, елім деп ет жүрегі езілген ерлердің, халық қамын ойлаған қабырғалы азаматтардың көзін жоюдың сынақтан өткен сан түрлі айла-амалы қалыптасты.

Оларды кісінің ала жібін аттамаса да ұры; тышқан мұрнын қанатпаса да кісі өлтіруші — қарақшы; ел бірлігі үшін күресіп, басын бәйгеге тігіп жүрсе де жік салушы — бұзақы атандырды. Надан халық бұған сүттей ұйып сенді, ал арасынан сенбейтіндер табыла қалса, «бұл қалай» деп күдік білдірсе, оларды да бәрібір түбінде соны шындық деп мойындауға мәжбүр етті. Олардың басқаша етуге, мойындамауға лажы қалмады. Өйткені бұған көнбей шындыққа ұмтылғандары мезгілінен бұрын мерт болып жатты.

Міне, осыдан келіп, мансаптан басқа мұны жоқ жетесіз басшының, зердесіз қосшының соңынан ерген елдің халқы ақырында халықтық қасиетінен айырылып, қара күш — тобырға айналары аян. Ал мылқау күштің қашанда беті қабыл — маңдайы тасқа тимей, тұйыққа тірелмей ойласпайды. «Халқым надан болған соң, қайтіп адам болайын» деп далалық даналықтың сүт кенжесі — Абай осындай мылқау күштің мейірімсіз тегеурінін сезген соң айтқан шығар-ау...

Есіңізде ме, бала кезімізде ауыл-үйдің иттерін арасына майлы сүйек тастап таластырушы едік қой. Жанға қаншалықты ауыр болса да ата-бабаларымыздың тірлігі осы бір көріністі еске салады. Әрине, көне қытай саясаткерлері

біз секілді балалық қызықтаудан аулақ болатын. Бектер мен билердің, шоралар мен сұлтандардың, ханзадалар мен хандардың ортасына қызықтырар қызыл ала шеншекпенін тастап, өзара қырқыстырып қойып, ақырында бәрін де өзіне тәуелді ету саясаты кешеге дейін бір тыйылған жоқ. Рас, саясат жүргізушілер өзгеріп отырды. Әуелде оның иесі қытай императоры мен оның мұрагерлері болды десек, ХІІІ ғасырдың басынан бастап олардың орнын Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары басты. Одан кейін саясат тізгінін орыс патшасы өз қолына алды.

— Бұл арада тізгінді орыс патшасының далаға жіберген әкімдері қолына алды дегеніңіз нақтырақ болар.

— Тізгін көшірдің қолында болғанмен күйме тек иесінің айтқан бағытымен жүретінін ұмытпаңыз.

Осы арада жалпы көшпелілерден бөліп, нақтылық үшін өз халқымыздың тағдырына байланысты сөз суыртпақтасак, патша самодержавиесінің казак даласын билеу жөнінде үш дүркін жасаған реформасының (1822, 1824, 1868 жылдар) әуелі елдік ұйтқымызды жойып, ұлттық тұтастықтан; содан кейін әр ұлысымызды бөлшектеп, әр бөлек губернияға теліп, территориялық тұтастықтан айырғанын көреміз. Мұның бәрі ғасырлардан ғасырларға ұласып, бойына сіңіп, санасын улап, соған еті үйреніп, «неге бұлай» деп ойланудың өзінен қалған халықтың бойындағы шенқұмарлық дертті одан әрі асқындыра түсу саясаты еді. Отарлаушы елдің отарланушы елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, мінез-кұлқын алдымен білуге күш салатынының, одан ештеме де аямайтынының сыры да осында. Ғылымды перде етіп, алға ұстап, соның тасасында тұрып, халқымыздың осал тұсын қапысыз танып алған патша самодержавиесінің далалық өкілдері енді келіп, жерімізді уездік, облыстық жүйелерге жіктеп алды да, ел арасында болыс сайлау, старшын сайлау дегенді шығарды. Соның салдарынан бұрынғы тайпалар арасындағы алауыздылық оты өршіп келіп, енді рулас, аталас адамдар арасында лаулады. Сол-ақ екен, олардың тізгінін ұстаған надан пысықайлары шен қуалап, пара беріп; дау қуалап, пәле теріп, қалай да бірін-бірі жығудың айдау жолына түсті. Тынымсыз тартыс, тоқтаусыз айтыс пәлекорлар мен жалақорлардың кәсібі өсіп, өркен жаюына өріс берді. Тіпті кешегі отызыншы жылдардың ұлы нәубетінде қырғын табуда Одақта алдыңғы орынға шығуымызда сол ескі дерттің салқыны жатқанын жасыра алмасак керек.

Міне, осындай жағдайлар — ғасырлардан ғасырларға ұласқан алашапқын, бір-біріне пәле іздеген айтыс-тартысты тірлік бір біздің ғана емес, бүкіл көшпелі халықтардың болмысына батыл еніп, қырқысып мал табуды, жағынып жал табуды қанына сіңіріп кеткен тәрізді. Ал бойға сіңген жаман әдеттен бір күнде арылу және мүмкін емес. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген халық даналығының мәні де осында. Несіне жасырамыз, соның салқынын қазір жоқ дей аламыз ба. «Ассалаумағалай-кумымыз» түзу шықпаса болды, арыз жазып азапқа түсетініміз, болмаса бір қызмет болса, бір-бірімізден қызғанып, өзара өштесіп, іштей жауығып шыға келетініміз өтірік пе?

— Сіздің сөзіңізді тірілтейін. Ана кезде халық алдында еңбегі бар бір үлкен адам жоғары наградаға ұсынылды. Соны ести салып, оның үстінен бір топ адам қол қойып арыз жазыпты. Өмірдің қиын жолдарынан өткен кісі ғой, сүрінген де, жығылған да кездері болған шығар. Бірақ тура жолдан, алған мақсатынан таймаған, жүрегі таза, жаны адал адам еді. Арызшылдар оның сол тар жол, тайғақ кешудегісінің күйесі жұғады-ау деген тұстарын өсіре әспеттеп, қалдырмай түгел жіпке тізсе керек. Осы арыздан ба, әлде басқа себебі болды ма, әлгі кісі жаңағы награданы ала алмай қалды. Менің таң қалатыным, әлгі берілмей қалған награда жаңағы арыз жазушылардың біреуіне де лайық емес, ананы құлатқанмен оларға тимейді, оны өздері де біледі. Сөйте тұра солардың неге арыз жазатынына қайранмын.

— Оның қайран қалып, таңданатын түгі де жоқ. Біріншіден, «лайық емес» деген, ол сіздің ғана бағыңыз. Олардың өзіне салсаңыз әрқайсысының көкейінде «мен одан кеммін бе» деген өзімшіл өктем ой жатыр. Оларды біріктіріп, арыз соңына қол қойдырып жүрген күш те сол өзімшілдік. Екіншіден, ол да осы өзімшілдіктен туады; «Маған жоқ екен, өзгеге де болмасын» деген пасықтық. Ал осының бәрі тарихтан тағылым алмаған надандықтың, жоғарыда айтқанымыздай, соқыр жандай қарманып күндік тірлікпен күн кешудің, ертеңін ойламаудың, оған жаны ашымаудың салдары. Оларда ұрпаққа өнеге қалдыру деген ой жоқ. Қазір адамдарды тарихпен тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп отырғанында үлкен мән бар. Жеке адамның бойындағы адамгершіл парасат, білімге негізделген білік, сара таным, биік өре сол адамның өзіне тән

жеке бастың байлығы емес, ол сонымен бірге сол адам мүшесі болып отырған қоғамның да байлығы. Олай болса ол байлықты қорғау керек, рәсуа етуден сақтау керек. Олардың бір-бірімен, дана Абай айтқандай, «таласып босқа, жау болып досқа» құр бекершілікпен алашапқын болып күн өткізуіне жол бермеу керек.

— Қазір өзі көп адам тарих дегенде халқымыздың бүкіл ғұмырнамасын емес тек Ұлы Октябрь революциясынан бергі кезді ғана еншілеуге бейім тұратын сияқты. Олар бұны, үлкен тарихтың бергі бір кезеңі ғана екеніне көз жұмып қарап, одан арғымызды иен далада тайпатайпа болып, бір-бірімен жауығысып басып жүрген, қараңғылықтың шырмауындағы көшпенді тірлік деген бір-ақ ұғымға оп-оңай тели салады. Ау, еліміз халықтарының адамзат керуенімен бірге жүріп өткен ұлы жолының болмысынан хабардар болмай, оны соңғы кезеңнің болмысымен салыстырып өзіндік ой түймей тұрып, кім-кімнің болсын тарихқа адал талдау жасап, бүгінгі күн үшін пайдалы қорытынды шығаруы мүмкін бе. Меніңше, мүмкін емес.

Содан да болар, бүгінгі ұрпақтың дені бұл күнде әр мақалы философиялық бір-бір трактатқа пара-пар дана халқының революциядан бұрынғы кезін тек надандық лашығында өскен жартылай жабайы, тобыр есебінде елестетеді. Сондықтан олар жеке бастың бақытын да, рахатын да, халық жолында құрбандық етуде, тіпті сонау біздің эрамыздан бес ғасыр бұрын өмір сүріп, гректердің ойшылдарымен ой жарыстырған даланың дана перзенті Токсарыдан бастап, орта ғасырлық Тоңюкөктермен жалғасып келіп, кешегі Абаймен сабақтасатын арқауы берік азаматтыққа тән ата салтынан мақұрым. Өйткені олар қай заманда кімдердің өмір сүріп, не тындырғанынан мүлде хабарсыз. Нанбасаңыз сұраңызшы, ең болмаса, әрідегіні былай қойып, осыдан екі-ақ ғасыр бұрын «ақтабан шұбырындыға» ұшырап босқан елдің басын біріктіріп, халықтық қалыбымыздың бұзылмай сақталып қалуы жолында тер төгіп, тұтастыққа үш тұтқа болған.

— Әлібекұлы Төленің, Келдібекұлы Қазыбектің, Байбекұлы Айтықтың (Әйтекенің) кім екенін қазіргі ұрпақ білмейді. Білсе де, оларды ел көсемі, қоғам қайраткерлері деп танымайды. Бұлар олар үшін бар болғаны қазақтың үш жүзінен шыққан сөзге шешен үш биі ғана. Ал сол үш бидің кезінде әрқайсысы әр жүздің тізгінін ұстап, тіпті хандарының өзіне де әмірлерін жүргізіп, ауыздарына

қаратқанынан, сондай-ақ кешегі XVIII ғасырда халық басына қасірет бұлты төнгенде, елді жылатып Жоңғар қолы қасиетті жеріне енгенде жеке бастарының бақыты мен рахатын бірліктің бодауына байлап үшеуі үш қияннан келіп, бас қосып, исі қазақ баласын бір тілектің аясына жиып, жауына қарсы көтергенінен, сөйтіп қазақ деген халықты құрып кетуден сақтап қалуынан хабарсыз. Осындай хабарсыздықтан олар сонымен бірге кезінде билік мансабын елінің бірлігі, халқының тұтастығы жолына құрбан етер ақылды азаматы болмаған талай жұрттың қалай тоз-тоз болғанын да, соның салдарынан, тіпті кешегі қазақтарды «ақтабан» шұбырындыға» ұшыратқан қуатты жоңғарлардың өздерінің де кейін халық ретінде жер бетінен біржола жойылып кеткенін де білмейді. Сондықтан осылардан өзінше салыстырып сабақ та ала алмайды.

Міне, осыдан келіп, бір жағынан, ғасырлар бойы хандықты хандыққа, тайпаны тайпаға, руды руға айдап салып, бір-бірімен қырқыстырып отырған отаршылдық жебір саясаттың жемісі — алауыздықты ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп келген, екінші жағынан, бұл да отаршылдық саясатынан туындайды, тар жол тайғақ кешулерде елдік салтын, халықтық қалпын сақтап қалу жолында бүкіл ақыл-санасын сарп еткен текті ұлдарының өнегесінен үлгі алу мүмкіндігінен айырылған халықтың бүгінгі ұрпағының арасынан қазір нигилистер шығып, мәңгүрттер бой көтерсе, олар жүз дегеннің, тіпті керек десеңіз ру дегеннің өзінің этникалық емес, көшпелі өмір салтының әкімшілік-территориялық басқару құрылымының қажеттілігінен туған бөлініс қана екенін білмесе, соның салдарынан жоқтың жаңғырығына елігіп, жіктеліп жатса, оған таң қалуға бола ма?! Бұған Октябрь революциясынан кейінгі лениндік ұлт саясатын бұрмалаған сталиндік жеке басқа табынушылықтың, хрущевтік волюнтаризмнің, брежневтік тоқыраушылықтың зардап-салдарларын қосыңыз.

— Дұрыс айтасыз. Қандай ауруды болсын емдеп жазу үшін, алдымен, оның не ауру екенін, неден пайда болғанын анықтау керек қой. Сол сияқты бүгінгі қайта құру сілкінісі кезінде елімізде болып жатқан өзгерістерге сай жаңғырып, әр республика өз болашағының бағдарын батыл белгілеп жатқан қауырт шақта өз халқымыздың санасындағы ескі дерттің сақталып қалған сарқыншағын жою үшін алдымен оның неден болғанын және солай болуының себеп-салдарын білу қажет екені даусыз. Сондықтан ор-

так мүдденің игілігі үшін мұны қазіргі таңда ашып айту парыз. Ойдың бүркемесіз ашықтығын өз басым өзара түсіністікке апаратын ең тура жол деп білемін.

— Халық жеке адамдардан құралатындықтан оның тағдыры да солардың тағдырымен тектес. Айтар ойдың нақтылығы үшін мысалға қазақ халқының тағдырын осы халықтың төл перзенті Аяз би шешен тағдырымен салыстыруға болар еді. Есіңізде ме, Аяз бидің кім екенінен, не істеп, не тындыра алатынынан бейхабар хан төленгіттерінің оны сыртқы түріне қарап, жан біткеннің жаманы ең сорлысы деп алып келетіні. Ал сол Аяз би ішкі сарайын ашып, ақыл қазынасын ақтара көрсеткенде жан біткеннің данасына айналмаушы ма еді. Міне, қазақ халқы да (тіпті кез келген халық та) солай, оның тарихын танып, елдік салтын, ерлік қасиетін білмесең, ол да Аяз бидің кебін киеді. Сырт жұрт оны халықтың қоры деп есептейді, менсінбей қарайды. Арада түсіністік, ұғысу болмайды. Адамдарды тарихпен тәрбиелеудің бүгінгі таңдағы мәні де осында. Кез келген халықтың тарихын неғұрлым жете білген сайын солғұрлым оның халықтық қасиетін танып, ұлылығына, даналылығына тәнті боласың, оған деген құрметің артады.

Сондықтан да қазіргі таңда ең алдымен бітірер шаруамыз, қайталап айтуға тура келеді, халқымыздың ғұмырнамасының бүкіл болмысын ашып көрсетер тарих жазу болуға тиіс. Қазіргі бар Қазақ ССР тарихы бүгінгі талапты қанағаттандыра алмайды. Сондықтан болар, соңғы уақытта «Қазақ ССР тарихын» қайта жазу керек» деген ұсыныс-тілек ретіндегі пікірлер баспасөз бетінде жиі айтылып жүр. Өз басым қолдауын табар орынды пікір деп есептеймін. Себебі қазіргі қолдағы бар тарихта халқымыздың шынайы тарихы жоқ. Мынау қазақтың ұлы даласы тұрақты мекен еткен ешкімі жоқ, кілең бір сайда саны, құмда ізі қалмаған қаңбақ-тірлік кешкен, батыстан шығысқа, шығыстан батысқа босқан тайпалардың ерулеп қонып өткен жері сияқты. Қай халық қайдан шықты, қайда барады, онда не болды — бір тарихи сабақтастық, дамумен құлдыраудың өзіндік диалектикасы болмас па. Ол жоқ. Міне, халқымыздың тарихының қайтадан жазылуының қажеттігі де осыдан. Бұлай істеу, ең алдымен, өзіміз үшін, өзімізді өзіміз тануымыз үшін, бар жоғымызды саралап, жақсымыздан өнеге, жаманымыздан сабақ алуымыз үшін керек. Сонда біз өзіміздің қабырғалы халық болғанымызды сыртқа таныта аламыз. Сонда біз

бүгінгі жүзге, руға бөліп жүргеніміздің тарихи сауатсыздығымыздың салдары екенін білеміз. Сонда біз қай заманда да жасампаздықтың тұтқасы — бірлік екенін ұғамыз. Сонда біз дана халықтың «екі қыран таласса, бір қарғаға жем болар. Екі азамат біріксе, айтқан сөзі ем болар» деп неге айтқанын түсінеміз. Сонда біз бүкіл ел болып ертеңнің қамын ойлап, экологиялық апаттарға қарсы күресіп жатқан қазіргі шақта ынтымақ-ырыс көзі бірліктің бүгін қай кездегіден де айрықша керектігін пайымдаймыз. Өйткені тарих тағылымы бізден осыны талап етеді.

— Қате пайымдау болса алдын ала кешірім өтінемін. Әйтеуір өз басым кешегі озық ойлы ағаларымыздың совет өкіметінің алғашқы жылдарында бірауыздылық таныта алмай әртүрлі ағым ықпалында аласапыран тірлік кешулерін де мен осы төл тарихымызды терең білмеуінен, тағылым танымының аздығынан көремін. Әйтпесе, соның қай-қайсысы да туған халқын қайтсем ұшпаққа жеткіземін деп жеке бастың тыныштығын тәрік еткен азаматтар ғой.

Нансаңыз, қазір өткен тарихқа үңілген сайын «неге бұлай», «неге өйтеді» деген секілді сұрақтар жаныңды бір қинаса, оған жауап таба алмай екі қиналасың, өз-өзіңнен тығырыққа тірелгендей боласыз. Кездескен сайын сізді мазалап, халқымыздың өткен тарихы жөнінде әңгімелетіп көкейде жүрген көп сауалға өзімше жауап іздейтінім де содан. Қалайда білу парыз. «Сабақты ине сәтімен» деуші еді халқымыз, шамасы осы өткендегі үзілген әңгімемізді жалғастырудың орайы келді-ау деймін. Жол ұзақ, уақыт жеткілікті. Оның үстіне өзіңіздің берген уәденіз де бар дегендей...

— Шама келсе, уәдеде тұрғанға не жетсін. Менің аз білімім сіздің ізгі тілегіңізді қанағаттандыра алса, айтуға мен дайынмын. Сонымен неден бастаймыз?..

— Ана жолы әңгіме желісін татар-моңғол шапқыншылығына тіреп қойып едіңіз ғой...

— Иә, оныңыз рас. Татар-моңғол шапқыншылығы жөніндегі сөзді кейінге қалдырып, Меңгу ханға бағынбаған қыпшақтың соңғы батыры Басаман (Бачман) жайында әңгімелегенбіз.

Бірақ осынымызбен ептеп асығыстық жасап алған сияқтымыз. Әңгіме өзегі негізінен байырғы қыпшақтар болғандықтан оқиғаның даму барысына ілесіп, ХІІ ға-

сырға бір-ақ секіріппіз. Сондықтан бүгінгі әңгімемізді кейінге қайта оралып, Батыс Түрік қағанаты құлағаннан соң оның жұртында шаңырақ көтерген Түргеш қағанатынан бастағанымыз жөн болар. Онсыз мына ұланбайтақ далада өткен тарихи оқиғалардың сабақтастығы бұзылып, әңгімеміздің түсініксіз болатын түрі бар.

— Оныңыз да жөн екен. Бұл да біздің тарихымыздың ең бір көмескі тұсы ғой. Қазақ ССР тарихында (1980 ж.) түргештерге бар болғаны екі-ақ бет (344-345 беттер) арналған. Ең өкініштісі, сол екі беттің өзінде жүйелі түк жоқ. Екі бетті оқып шығып не түргеш халқы туралы, не олар құрған қағанат туралы қанағаттанарлық марадымды бір мәлімет ала алмайсыз. Ал осы қағанаттың құрамына кірген ру-тайпалардың ұрпағы кейін қазақ хандығын құрасты ғой.

— Иә, түргеш халқы, олар құрған Түргеш қағанаты жөнінде Қазақ ССР тарихында деректердің аз екені де, оның өзі жүйесіз, үзік-үзік бір-біріне байланыссыз фактілер қосындысы екені де рас. Бірақ іздеген адам олар жөнінде қытайдың әулеттік шежіресінің (таншу) аздықөпті мәліметін, «Алып тасбақа кітабының қазынасы» атты энциклопедияның (Цэфу юаньгуй) дерегін, сондай-ақ қытай ғалымы Чэнь Чжунмяньнің «Батыс түріктерінің тарихы жөніндегі материалдар... Қосымша және түзету» (Си туцзюэ шиляо Буцуюе цзи каочжен) және «Түрік тарихы жөніндегі материалдар» (Туцзюэ цзиши) атты шығармаларын негізге ала отырып жазған өз ғалымдарымыздың еңбегінен оқып біршама деректер табуына болады. Бұл ретте, мысалға, көшпелілердің көне тарихына қытай мәліметтері арқылы тұңғыш есік ашушы әйгілі шығыстанушы ғалым Никита Яковлевич Бичуриннің «Көне замандардағы Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жиынтығы» атты атакты еңбегін, Г. Е. Грумм-Гржимайлоның «Батыс Монғолия және Урянхай өлкесі» атты үш томдығының екінші кітабын, В. В. Бартольдтің арнайы мақаласын, сондай-ақ кейінгі ғалымдарымыз Л. Н. Гумилевтің «Байырғы түріктерін», С. Г. Кляшторныйдың «Көне түріктердің руналық ескерткіштері Орта Азия тарихы жөніндегі дерек ретіндесін», А. Г. Малявкиннің тан мемлекетінің саясаты, Орталық Азияның тарихи географиясы, Ашина руынан шыққан қуыршақ хандар жөніндегі бірнеше шығармаларын және басқаларды айтуға болар еді. Бұдан басқа аз-мұз дерек Орхон ескерткіштеріндегі, бұл күнде «тас кітап» деп

аталып жүрген байырғы түріктердің көне жазуларында бар. Шынына келгенде біз қытайдың әулеттік шежіресіндегі «Туциши» деген тайпа атының түргештер екенін осы тас кітаптар арқылы анықтаған жоқпыз ба?

— Сонымен «түргештер» дегеніңіздің өзі кімдер?

— Бұл сұрағыңызға нақты жауап беру қиын. Өйткені әлі күнге ғылым мойындаған нақты түйін жоқ. Ал жалпылама алсақ, түргештер — Батыс Түрік қағанатының құрамына енген түркі тілдес көп тайпалардың бірінің аты. Белгілі ғалым Лев Николаевич Гумилевтің Э. Шаванн еңбегінің дерегіне сүйеніп айтқан пайымдауы бойынша түргештер не телес (теле), не шу, не түрік (ашина) тобына жатпайды. Ал Қазақ Совет Энциклопедиясының дерегі бойынша түргештер абарлар мен муари (мукри) тайпаларының біріккен одағы. Айтпақшы, Л. Н. Гумилев те түргештерді осы тайпалардың ұрпағы дейді. Кімдер болған күнде де түргештер тарихи деректе алғаш рет VII ғасырдың екінші ширегінде Дулу бірлестігіне кіретін бес тайпаның құрамында айтылады.

— Жақсы, қалай болғанда да олар әйтеуір түркі халқының бір бұтағы ғой. Ал осы түргеш атауын этимологиялық тұрғыдан сараптасақ, оның шығу тегін төркіндете аламыз ба?

— «Түргеш» деген атаудың өзі не мағына береді дегенге ат басын тіреп, этноним этимологиясына үңілсек, онда әлі күнге басы ашылмаған, соған орай талас пікірлерге жол ашар жайлардың бар екенін көреміз. Өйткені бұл тұрғыда ғалымдарымыз әзірге сөз қозғай қойған жоқ. Соған орай түргеш атауының төркіні ғылым үшін әлі жұмбақ күйінде қалып отыр. Сондықтан дұрыстығына куәлік бермегенмен, көпшілік ойына түрткі болар деген мақсатпен бұл орайдағы өзімдік жорамал пікірімді ортаға салуыма болады.

Бұл атау, жоғарыда айтқанымыздай, бізге Орхон ескерткішіндегі жазулар арқылы белгілі. Демек, атау төркінін анықтаудағы ізденіс басы да, меніңше, осы ескерткіштен басталмақ. Онда түргеш сөзі екі ескерткіште екі түрлі берілген. Атап айтқанда, Құлтегің ескерткішіндегі жазуда (С. Е. Малов бойынша) бұл атау бес таңбамен: (іеуһ /түрге/, ал Тоңюнок ескерткішінде (бұл да С. Е. Малов бойынша) алты таңбамен: (ілеуһ/түргіс/ деп берілген. Біздің ғалымдарымыз бұл таңбаларды «түргеш» деп оқып жүр. Егер осындағы V таңбасының сөз мағынасына қарай ө болып та, ү болып та оқылатынын

ескерсек, онда жоғарыдағы руникалық таңбаларды «төргіс» яғни «төргісі» деп те атауға толық болар еді. Егер осы оқу дұрыс болса онда бұл түргеш атауының шығу тегін «төр» және «кісі» деген екі сөздің бірігуінен шыққан деп топшылауға мүмкіндік береді. Өйткені «төр» сөзіне екінші сөз қосу арқылы этоним жасау түркі халықтарында бар тәжірибе. Мысалы, хан, қаған тұқымынан тараған ұрпақтардың қазір халқымыздың арасында «төре» деп аталатын бір рулы елге айналғаны белгілі. Ал осы төре «төр» және «ие» деген, яғни «төр иесі» деген ұғымды білдіретін екі сөзден құралған болатын. Осыған қарап түргеш атауын да «төр кісісі» деген ұғымды білдіретін «төр» және «кісі» сөздерінің бірігуінен шықты ма деп ойлаймын. Түргеш тайпасының негізін құраушылардың да түп негізі кезінде билеуші үстем тайпаның өкілдері болуы әбден мүмкін ғой. Оның үстіне Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін оның құрамына кіретін бес тайпа дүлу мен бес тайпа нушибидің ішінен тек түргештердің ғана қағанат атына ие болуы да осы ойға жетелейтін сияқты. Бұл, әрине, әлі де зерттеуді қажет етеді, жан-жақты негізделген ғылыми дәйекті тілейді.

Сондай-ақ бұл орайда түргештердің сан жағынан да көп болғанын жоққа шығаруға болмайды. Академик В. В. Бартольдтің пікірінше түргештер тохси және азилер деп аталатын екі тармаққа бөлінген. Л. Н. Гумилевте бұл екі тайпаның аты — согэ және мохо делінген. Қытай шежірелерінде де түргештердің іштей бірнеше тайпаға бөлінетінін айтады. Қалай болғанда да бірін-бірі аңдып, әлдісі әлсізін тарпа бас салып талап жатқан аласапыран заманда түргештердің жоғарыда айтылған өзге тайпалардан ерекшеленіп тарих сахнасына шығуы тегін емес. Онда тарихи заңдылық болу керек. Өйткені не дегенмен Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін «он оқ» халқының ішінде бас көтеріп, өз алдына қағанат құрып, Тан мемлекетінің саясатына көнбей жеке ел болуға жарағаны басқа емес, осы түргештер ғой.

— Ғафу етіңіз, сөзіңіз аузыңызда. Осы «он оқ» дегеніңіз не? Қазақ ССР тарихында мұны «он жебе» деп атайды. Бірақ неге олай аталғаны жөнінде ештеме айтылмайды. Не екенін өздерің тауып алыңдар дегендей тек «он жебе» құрамына кірген тайпалар», — деп жалғыз ауыз жалаң сөзбен сырғытып өте шығады. Сонда бұл не өзі? Ел ме, мемлекет пе, әлде жеке хандық па? Жаңағы сіздің

сөзіңізге қарағанда әлдебір халықтың аты тәрізді. Ал халықтың аты болса, қайсысы дұрыс: «он ок» па, «он жебе» ме?

— Бұл сұрақтарға қайтарылар жауаптың түсінікті болуы үшін, сәл шегініс жасап, Батыс Түрік қағанаты тарихының соңғы кезеңіне қысқаша шолу жасау қажет.

Өткендегі әңгімемізден мәлім, Батыс Түрік қағанатының рет санымен айтқанда бесінші ханы Тун Шехудың заманында қағанат дүркіреп, өзінің шарықтау биігіне көтерілген болатын. Әрі батыр, әрі ақылды Тун Шеху-хан төңірегіндегі жауласқан елдің қайсысымен шайқасқа түссе де үнемі жеңіске жетіп отырған. Соның нәтижесінде ол аз уақыт ішінде өз иелігіне туыстас теле тайпаларын қосып алумен бірге оңтүстікте парсылар мен Гигиньді бағындырып үлгіреді.

Батыс Түрік қағанатының осындай күшейіп бара жатқанын бақылап отырған көне қытай саясаткерлері осы кезде, жоғарыда айтқан, үйреншікті іштен іріту саясатын іске қосып кеп жібереді. Тун Шехуді ерекше ішке тартып, сыйлыққа бума-бума жібегін, әйелдікке қызын ұсынады. Сонымен бірге қытай императоры алмақтың да салмағы бар екенін ескертіп, оны өзімен одақ болып, бауырласы — Шығыс Түрік қағанатының ханы Хелиге қарсы соғысуға шақырады. Жібекке малданып, қызға арбалып қалған Тун Шеху-хан бұған келісімін береді. Ал бұл жаңа өрлеп келе жатқан қағанаттың қайта әлсіреуіне әкеп соғар, сөйтіп ақырында тәуелділік камытын өз еркімен мойынға салғызар тірлік еді. Бұған қағанат халқының көнгісі келмеді. Бірақ ақылдылығынан батырлығы басым Тун Шехудың да халықтың қарсылығын елеп-ескеріп жатқысы жоқ-тын. Ол бірден хандық қаһарына мініп, оларды күшпен көндіріп, айтқанын істеуге мәжбүр қылмақ болады. Ханның бұл әрекеті бағыныштыларының наразылығын одан әрі өршіте түседі. Осыны пайдаланған Тун Шехудің жақын туысы Мохэду ретін тауып оны өлтіріп, өзі хан тағына отырады. Ел басқаруды өзінше жүргізгісі келген ол таққа отырысымен қағанатты үлкен хандыққа және кіші хандыққа бөледі. Бұған қағанаттың ақсүйектері түгелдей қарсы шығады.

Міне, осыдан бастап қағанат ішіндегі қырқыс қайтадан өршіп сала береді. Әуелі ол Мохэду мен оған қарсы күреске шыққан нушиби бегі Нишудың қолдауына не

Тун Шеху-хан — қытайша аты. Л. Н. Гумилевта Тун-Жабгу-хан.

болған Тун Шехудың баласы Шили — тегінің арасында өріс алады. Мұның аяғы Мохэдудің жеңілісімен тынады. Алтайға қашып барып, бас сауғалаған Мохэдуді Нишу сонда өлтіреді. Сөйтіп ол Шили тегінді Сы Шеху деген атпен үлкен хан етіп көтереді.

Бірақ Шили әкесі сияқты емес, жұртқа күдікпен қарайтын, жақынынан жау тапқыш, бірбеткей де қыңыр, мейірімсіз адам болып шығады. Ол өзін хан тағына отыруға көмектескен кіші хан Или мен нушибидің Нишуын қолдаудың орнына, оларды болашақта өзінен тақты тартып алар жау көріп, сондарына түседі. Жалған жалламен Илиді бүкіл руымен қырғызып тастайды. Мұны көрген Нишу Қарашарға қашып, сонда барып бас сауғалайды.

Өстіп жүргенде нушибидің Муби Даған бастаған батырлары өзара бірігіп Сы Шехуді өлтіреді. Орнына Қарашардан алдырып Нишуды Дулу-хан деген атпен таққа отырғызады. Бірақ оның ғұмыры ұзақ болмайды. Дулу-хан өлген соң оның орнына інісі Тунво Ше Шаболо Хилиши-хан¹ деген атпен таққа отырады.

Міне, осы Хилиши-хан өз иелігіндегі жерді он аймаққа бөліп, әр аймақтың басшысына билік жүргізуге құқы бар дегенді білдіретін белгі ретінде бір-бір жебе береді. Осыған байланысты Хилиши-ханның қарамағындағы он аймақ кейін келе-келе «он жебе» деп аталып кеткен.

Осы арада түсінік үшін айта кетер бір нәрсе — осы заманда бір тайпа, не бірлестік өзі тәуелді ханның қалауымен қағанаттың не хандықтың құрамынан бөлініп, өз алдына жеке иелік құрғанда, соның сөйтуге құқы барлығын танытып әлгі хан оған ақ канаты бар бамбук ағашынан жасалған жебе жіберетін дәстүр болған. Мысалы, Қытай императоры өзі мойынсұнғысы келмей күшейіп бара жатқан Чуло-ханды әлсірету үшін атақты Дату-ханның немересі Шегуйге ақ канатты бамбук жебе жібереді. Бұл сол кездің түсінігінде «Сен өзің басқарған өлкенің ханысын (әмірісің), мен сенің билігіңді танымын, қолдаймын» деген сөз. Осы жебені алысымен Шегуй Чуло-ханға қарсы шұғыл шабуыл жасап, оның тас-талқанын шығарады ғой.

Бұл арада Хилиши-хан да он аймақтың билеушілеріне

¹ *Шили-тегін* — Э. Шаваннда Тели — тегін.

² *Шаболо Хилиши-хан* — Л. Н. Гумилевте Шаболо Телиши. Оның хан тағына иеленгенге дейінгі лауазымы — Тоң-шад. Тоң түрікше алып, баты деген мағына береді.

он жебе арқылы «мен сендердің биліктеріңді танымын, әрқайсысың өз аймақтарыңның толық қожасысыңдар» дегенді білдіріп отыр. Міне, түрлі тарихи шығармаларда айтылып жүрген «он жебе» атауының шығу тарихы осындай. Осыны айту арқылы жаңағы сіздің «қайсысы дұрыс? Он оқ па, жоқ жебе ме?» деген сауалыңызға да жауап бердім-ау деймін. Өйткені атаудың шығуына негіз болған оқ емес жебе екенін айттым ғой. Ал енді қазіргі тарихи шығармаларда неге ол екі түрлі — біресе он оқ, біресе он жебе болып кезектесе қайталана береді дегенге келсек, ол жоғарыдағы аталған ғалымдардың еңбегіндегі «десять стрел» деген атауды аударушының түсінігіне байланысты. Атаудың шығу төркінінен хабары жоқтары «он оқ» деп аударады. Меніңше, бар гәп осында ғана. Бірақ осы орайда мына бір жәйді де ескерте кеткен жөн. Орхон ескерткішіндегі тас жазуларда бұл халықтық атау «он оқ» деп аталады. Бұл халқымыздың жебені жеке алғанда «жебе» деп, ал адырнадан ажырап, нысанаға бағытталып ұшқанда «оқ» деген мағынада қолданатындығынан болса керек. Қазақ эпостарында, тарихи көне жырларында поэтикалық үндестігі келіп тұрғанына қарамастан батырларды «жебе тиіп жығылды» демей, қатқыл да болса «оқ тиіп жығылды, не құлады» дейтіні де осыдан ба деймін. Қалай болғанда да «он оқ» не, «он жебе» атауларының қайсысын айтсақ та халықтық атау ұғымына онша зиян келмейтін сияқты.

— Хош, солай деңіз... Жаксы, онда мұны осымен түйіндеп, енді әлгі он аймақтың өзіне келелік.

— Он аймақ өзара екіге бөлінеді: Чжуньгар, Баруньгар, яғни сол қанат, оң қанат деп аталады. Бүгінгі «Жоңғар, Жоңғария» атаулары, міне, осыдан шыққан. (Моңғол тілінде Чжуньгар — сол қол, Баруньгар — оң қол деген ұғымды береді). Сол қанатты Дулу конфедерациясына кіретін бес тайпа ел құраған. Олар Суй-йеден шығысқа қарайғы жерді алып жатты. Әр тайпаны қолында билік жебесі бар Чжо басқарды. Бұл біздіңше «Шора» дегенге келеді. Сондықтан да оларды бес чжоньң, яғни бес шораның елі деп атаған.

Оң қанатты Нушиби конфедерациясына кіретін бес тайпа ел құраған. Олар Суй-йеден батысқа қарайғы жерді алып жатты. Әр тайпаны қолында билік жебесі бар Сыгинь басқарды. Бұл біздіңше «бек» дегенге келеді. Осыған орай оларды да бес сыгиньнің, яғни бес бектің елі деп атаған.

Тан әулетінің тарихында осы он аймақ Ашина Хэлудің хандығының құрамына енген кезде оларды кімдердің басқарғанын атап көрсеткен. Олар: Дулу бірлестігіне жататын бес чжо — Чумугуньюй чжо, Хулуву Кюе чжо, Нешетидунь чжо, Туциши Хэлоши чжо, Шуниши Чубань чжо; Нушиби бірлестігіне жататын бес сыгинь — Асиги Кюе сыгинь, Гэшу Кюе сыгинь, Басайгинь Дүнъшибо сыгинь, Асигие Нишу сыгинь, Гэшу Чубань сыгинь.

Бұлардың бәрі де қытайдың берген аттары. Және бір ескеретін жай — қытай жылнамашылары кейде тайпа атын оның көсемінің атымен шатастырып, яғни бірінің орнына бірін қолдана береді: Мысалы, Түргеш қағанатының негізін қалаушы Учжилэні кей жерде Туциши, яғни түргеш деп те атай береді. Яғни, түргеш халықтық атаудан кісі есіміне айналады.

Сондай-ақ жаңағы бес чжо мен бес сыгиньнің есімдерінің алдында тұрған сөздердің бәрі, мысалы чумугуньнің, хулувудің, нешетидің, туцишидің, шунишидің, асигидің, басайгиньның тайпа аттары екенін аңғаруға болады. Ол әулеттік шежіре оқиғаларын тұтас сабақтастыра оқыған кез келген адамға бірден байқалады. Міне, осы шатастырулардың басын ашып, тайпалар мен оны билеген чжолар мен сыгиньдердің қытайша атының түріктік мәнін табу-анықтау қажет. Сонда көне тарихтың біраз көмескі тұсы ашылар еді. Өйткені осы он тайпаның біразы бүгінгі қазақ халқының этногенезін құраған ру-тайпалар екені даусыз. Әзірге біздің білетініміз осы он аймақтың Дулу бірлестігіне кіретін бес шора елінің бір тайпасы — туцишидің түргештер екені ғана. Ал түргештерге қараған, солардың құрамына кірген рулар қаншама? Оның бәрі бізге белгісіз.

Ашина Хэлу тұтқындалғаннан кейін Тан мемлекетінің билеушілері бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жеріне толық қожалық жасаудың жолын қарастыра бастады. Бұл орайда екі бағыт ұсталды. Бірі — қағанат жерін территориялық-әкімшілік орталықтарына бөлшектеп жіберу де, екіншісі — тұтас қағанат жерін екі қағанатқа бөліп, оның басына өздеріне қалтқысыз берілген Ашина руынан шыққан қуыршақ қағандарды отырғызу. Мұның біріншісі жергілікті түрік халқына Орталық мемлекеттің¹ ерекшелігін және Көктің ұлының құдіретін танытса, екіншісі Тан мемлекетінің бөтен жерге «қызықпайтынын»

¹ Орталық мемлекет деп бұл арада Тан мемлекеті аталып отыр.

көрсетуі арқылы жергілікті халықтың көзін алдап, оларды өздері қойған қуыршақ қағандардың жағына шығару тәсілі еді. Оның үстіне Батыс Түрік қағанатының бұрынғы жеріне толық билік жүргізуге олардың дәл сол сәтте мүмкіндіктері де жоқ болатын, күштері де жетпейтін. Сондықтан мұндай қағанаттар құру Тан мемлекетінің күш жинап, толық билікке база жасап алуы үшін уақыт ұтуына қажет болды. Сөйтіп бұрынғы Батыс Түрік қағанаты жерінде Ашина Хэлу тұтқындалғаннан кейін іле құрылған екі басқақтың негізінде екі қағанат құрылды. Оның басына шыққан тегі Ашина әулетінен болғанмен бар болмысымен қытай әскері басшыларының біріне айналған аты түрік, заты қытайланған Мише мен Бучженьді әкеп қойды. Дәлірек айтқанда, Ашина Мише Дулу бірлестігіндегі бес шора елінің қағаны әрі Күншлин басқақтығының басқағы, ал Ашина Бучжені Нушиби бірлестігіндегі бес бек елінің қағаны әрі Мэнчи басқақтығының басқағы болып тағайындалды. Бұлар баяғы атақты Түрік қағанатының негізін қаласқан Йстеми қағанының ұрпағы — өзара туыстас бауырластар болғанымен бір-біріне өлердей қас болып, өштесіп алған жандар еді. Бұлардың тағдырларының қалай болғанын өткендегі әңгімеде айтқанмын. Сондықтан енді оған тоқталмай-ақ қояйын.

Тан мемлекетінің осындай өздеріне алаңсыз берілген қуыршақ қағандарды қағанат тағына отырғызулары да, бұрынғы қағанат жерін екі басқақтыққа бөлуі де және одан басқа шаралары да Батыс Түрік қағанатының байырғы жерінде тыныштық орната алмады. Өйткені Батыс Түрік қағанаты құлағанмен оның құрамындағы түрік тайпаларының бәрі бірдей Тан мемлекетіне бағынып, оның билігін мойындаған жоқ-тын. Сондықтан да олар өздеріне қарсы жүргізіліп жатқан қытай саясатына, оны жүзеге асыруға жанын салған қуыршақ қағандарға қарсы шықты. Солардың алғашқыларының бірі Нушиби бірлестігіндегі асиги тайпасының Бегі Аскель Күл-еркін Түмен еді. Ол бұрынғы Ашина-хэлу иеленген жердің біраз бөлегін Мише мен Бучженьнің қолынан тартып алды. Ал олардың Күл-еркін Түменге қарсы тұрып, қайрат қылуға шамалары келмеді. Бірақ оларға көп ұзамай Тан мемлекеті көмекке келді. Батыстағы осындай сан көтерілісті басуға қатысқан Батыс Түрік қағанатының соңғы хандарының ішіндегі мықтыларының бірі Ашина Хэлуді де жеңген айлакер қолбасшы Су Динфан басқарған атты-

сы-жаяуы бар он үш мың жауынгер Күл-еркін Түменге қарсы шықты. Екі әскер Қорқарасу өзенінің бойында кездеседі. Осы шешуші айкаста Күл-еркін Түмен жеңіліс табады, өзі қолға түседі.

Негізгі қарсыластарының бірінен қытай әскерінің көмегімен осылайша құтылған Бучжень енді бөліп-жармай «он жебе» халқына өзі дара қожалық жасауды армандай бастайды. Ол үшін негізгі бақталасы Мишенің көзін жою керек еді. Бучжень оның да жолын табады. Қытайдың осы өлкеге жіберген әскер басшысы Су Хайчженьге оны төңкеріс жасайын деп жүр деп көрсетіп, осы жалған жаласы арқылы бүкіл серіктестерімен бірге жұрт алдында Мишенің басын алғызады. Бірақ Бучжень бұдан кейін де дара билікке қол жеткізе алмайды. Өздерінің тәуелсіздігі үшін алысқан тайпалар оған мүмкіндік бермейді. Көп ұзамай Шуниши және Басайған тайпалары бас көтереді. Бірақ оларды Су Хайчжень қалың әскермен барып аяусыз қаталдықпен басып тастайды. Сөйтіп жүргенде Бучженьнің өзі де қайтыс болады.

Қандай әмір берілсе, соны бұлжытпай орындайтын, өздеріне адал берілген екі бірдей қуыршақ қағандарынан айырылған Тан мемлекеті енді осылардың орнын басатын Ашина әулетінің мансапқорлау біреуін өздеріне тартуға тырысады. Таңдау Дулу бірлестігіндегі Чумугунь¹ тайпасының шорасы (чжосы) Ашина Дучжиге түседі. Далалықтарды шен беріп, шекпен жауып өзіне қаратып алатын тәсілмен тан саясатшылары Дучжиді Фуянь тұтқындығының түтүгі етіп тағайындайды. Бұл — Ашина Хэлу тұтқындалғаннан кейін іле ұйымдастырылған Мэнчи және Қуньлин басқақтығымен бірге құрылған жеті тұтқынның бірі болатын².

Ашина Дучжи Тан мемлекеті әкімшілігінің үмітін ақтамады. Ол «Он жебе» халқының Тан мемлекетіне деген наразылығын пайдаланып, өзін осы он аймақтың ханы деп жариялады да, тибеттіктермен жасырын одақ жасап, біріккен күшпен қытайдың өзіне қарсы шықты. Сөйтіп Аньсиді (Кучуды) басып алды. Бұл қытай императорының ашу-кегін туғызды. Тез әрекет жасамаса, мұның аяғы ұлы далада тағы бір күшті көшпелі елдің (мемлекеттің) құрылуына апарып соғары даусыз еді. Сондықтан Тан

¹ Чумугунь — казак халқының этникалық құрамындағы шөмекей руы болуы керек.

² Н. Я. Бичуринде жеті тұтқын емес, алты губернаторлыққа бөлінді делінген. Оның екеуі және тек түргешіктерден құрылған.

мемлекетінің әкімшілігі көрнекті әскер басшысы әрі белгілі саясатшы Пэй Синцзянді арнайы жасақталған әскерге басшы етіп, қалайда Дучжидің көзін жоюды тапсырды. Ал ол осы кезде парсы шахы Иездигерд III-тің баласы Пероздың Чаньаннан еліне қайтқан сапарын пайдаланып, Ашина Дучжиді алдап қолға түсіріп, бұл тапсырманы ешбір соғыссыз-ақ тамаша орындап шықты.

Дучжидің қолға түсуі «он жебе» халқының жағдайын бұрынғыдан да қиындата түсті. Жаңа таңдаудан пайда таппаған Тан мемлекетінің әкімшілігі енді қаған тағына бұрынғы қуыршақ қағандардың өздерінде тәрбиеленген балаларын отырғызды. Мишенің баласы Юанькин әкесінің орнына Дүлу бірлестігіне, Бучженьнің баласы Були Ше Хусэло Нушиби бірлестігіне қаған болып тағайындалды. Қытай тәрбиесінен шыққандығын танытып, олар да бір-біріне жауыққан көзбен қарап келген жандар болатын.

Міне, тап осы кезде тарих сахнасына түргеш тайпасының шорасы (чжоны) атақты Учжилэ¹ шығады. Ол бұған дейін Батыс Түрік қағанатының бұрынғы жерінде тынымсыз соғыстар жүріп жатқан кезде ешкімге де қосылмай, әліптің артын бағып, Тан мемлекетінің әкімшілігімен әйтеуір бір болмай қоймайтын қақтығысқа іштей дайындалып жата берген болатын. Оған түргеш тайпасы жерінің батыста, негізгі оқиғалардың орталығынан шалғайда болуы да жағдай жасаған еді.

Хусэло қаған болғаннан кейін Учжилэнің жағдайы бұрынғыдан да жақсара түседі. Оған Хусэлоның өзі себепші болады. Бұл кезде Учжилэ Хусэлоның қарамағында Баға-тархан қызметін атқаратын. Қытай тәрбиесінде өсіп, өз бауырларына «жабайылар» деп менсінбей қарайтын Хусэло қарамағындағы халықты аяусыз жазалауымен, аса мейірімсіз қатыгездігімен ерекше көзге түседі. Ал Учжилэ болса бүкіл батыс түріктерінің арасында аса қайырымдылығымен, ақылдылығымен, қарапайымдылығымен танылған адам. Оның өз тайпасына деген қамқорлығын өзгелер өнеге тұта айтатын. Міне, осы кезде қатыгез қағандарынан таяқ жеп, жазықсыз жапа шеккен басқа ру-тайпаның адамдары қашып келіп, Учжилэні паналай бастайды. Ал Учжилэ оларды аса жылы

¹ Учжилэ — Түргеш қағанатының негізін қалаған түрік шорасын қытайша аты. Оның нақты есімі белгісіз. Сондықтан болар ол әр шығармада әртүрлі аталып жүр. Мысалы, Қазақ ССР тарихында ол Үшлік деп аталады, ал С. Г. Кляшторный оны Үш-елік деп атайды.

ықыласпен қарсы алып, ақырын Суяб қаласының төңірегін топтастыра береді. Келушілердің көптігі сондай Учжилэннің енді қарамағындағы көп елді басқару үшін оны өзара жиырма түтүктікке бөлуіне тура келеді. «Олардың әрқайсысы қажет кезінде жеті мыңнан әскер шығара алатын еді»,— дейді шежіре жазушылар.

Учжилэннің бұлайша күшейіп келе жатқанының Хусэлоға да, Тан мемлекеті әкімшілігіне де, әрине, ұнамағаны белгілі. Алайда олардың бұл кезде Учжилэге тыйым саларлық шамалары да жоқ еді. Өйткені Екінші Шығыс Түрік қағанаты бұл кезде өзінің шарықтау биігіне көтеріліп, төңірегін үрей туғыза бастаған шағы-тын. Екінші Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапағанның шабуылына төтеп бере алмаған Хусэло бүкіл иелігін тастай қашып, бар болғаны 60-70 мыңдай адаммен қытай шекарасынан өтіп, бас сауғалауға мәжбүр болады.

Осынау тарихи жағдайды сәтті пайдаланған Учжилэ енді бұқпантайлаудың қажетсіздігін біліп, ашық айқасқа шығады. Ол әуелі өз жеріне тақау тұрған Суяб қаласына шабуыл жасап, оны тез басып алады. Одан кейін ол аз уақыттың ішінде Шаштан Турфан мен Бешбалыққа дейінгі аралықтағы бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жерінің бәрін өзіне қаратып үлгіреді. Сөйтіп түргештер енді бұл өңірдің дара кожасына айналады. Учжилэ бұрынғы Шудың теріскей батысында орналасқан ордасын енді Суябка көшіріп, оны Үлкен орда деп атайды. Ал Іле өзенінің аңғарындағы Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болады. (Шығыстың атақты тілші-ғалымы Махмуд Қашғари ХІ ғасырда да Күнгіт қаласында түргештердің болғанын айтады.)

Сыртқы ел шапқыншылығына ішкі алауыздылық қосылып, ертеңгі күннің тағдыры бәйгеге тігілген жаугершілік заманда кім-кімнің де, әсіресе Учжилэ сияқты біреудің қолдауымен емес, өз күшімен билікке жеткен басшының бейкам болуға хақысы жоқ еді. Өйткені мансабы үшін өз халқының мүддесін сатып, бірі Тан мемлекетінің (Були Ше Хусэло), екіншісі Тибеттің (Ашина Туйцзы) қолтығына кіріп солардың қолшоқпарына айналған қуыршақ қағандар сол кезеңде түргештер үшін Тан мемлекетінің император әйелі Вухэуден де, Табеттің көсемі Бо-луньцаньнан да қауіптірек болатын. «Іштен шыққан жау жаман» дегенді де халық осындайдан айтса керек. Осындай жағдайларды ойластыра келе Учжилэ қалайда бір мықтыға арқа сүйеу қажеттігін ескеріп, Тан мемле-

кетімен тікелей байланысқа шығуға ұмтылады. 699 жылы кіші баласы Чженді бас қылып император сарайына мол тарту-таралғымен елші жіберді. Батыстан бас көтеріп, үлкен қауіп төндіре күшейіп келе жатқан түргештердің бұлайша елші жіберіп, өзінің үстемдігін мойындауын император әйел Ву-хэу қуана қарсы алады. Шен-шекпенін де аямай үйіп-төгіп беріп бағады. Сөйтіп өзінен бұрынғы қағандардың жіберген қателігін Учжилэ де қайталап, жанындағы бөріден қорқып алыстағы айдаһардың аузына өз еркімен барып топ ете қалады. Бірақ оны айдаһардың жұтуына әлі біраз уақыт бар еді.

Жұтудың әрекеті Учжилэ өліп, оның орнына үлкен баласы Согэ отырғаннан кейін басталады. Жібекпен алдап, қызбен арбап, ішке кіру арқылы басталатын ежегі жегі күрт саясат көп ұзамай-ақ өз дегеніне жетіп, Согэні Дулу бірлестігіндегі үлкен тайпалардың көсемінің бірі Күл-шорамен (кюэ чжо Чжун-цзйемен) жанжалдасып тынады. Сөйтіп қағанаттың өз ішінде кескілескен соғыс өрті бұрқ ете қалады.

Халықтың босқа қырылмауын көздеген Согэ көп ұзамай жаңа император Чжун-цзунға елші жіберіп, одан соғысты тоқтатуға көмектесуін, Чжун-цзйені (күл — шораны) сарайға шақырып алып, мәселенің анық-қанығына жетуін өтінеді. Осыны сезген Чжун-цзйе Согэнің алдын орап, мың лан күміс беріп, императордың мемлекеттігімен іспен айналысатын Цзун Чу-кхэ деген министрін сатып алады. Цзун Чу-кхэ өз тарапынан Чжун-цзйені Сарайға шақырттырмай, оның орнына істі даланың өзіне барып зерттеу үшін Пин Гя-бао деген біреуді жібереді және оған Чжун-цзйеге арнап хат жазып береді. Осы хат Согэнің адамдарының қолына түседі.

Хаттан жағдайдың қалай бұрылып бара жатқанын білген Согэ Гя-баоны қолма-қол өлтірткізіп, інісі Чженді қалың қолмен Тан мемлекетінің шекарасын бұзуға жұмсайды. Оларды Хошао-чен қаласының түбінде Анси басқактығының басқағы Нью Шыгян шекара әскерімен қарсы алады. Бірақ шекара әскері түргештердің жасаып келген күшіне төтеп бере алмай жеңіледі және басқактық өзі мерт болады.

Согэ бұдан кейін император Сарайына тағы елші жіберіп, министр Цзун Чу-Кхэнің басын алуды өтінеді.

¹ Согэ — түргештің Учжилэден кейінгі екінші ханының қытай атауы. Қазір тарихшылар оны «Сақал» деп атап жүр.

Батыс жақ шекарасының тыныштығын көздеген император оның бұл тілегін орындауға мәжбүр болады. Бірақ мұның есесіне осыны пайдаланып Согэ мен оның бауырының арасына от жағып та үлгіреді. Осының салдарынан Чжен өзіне қараған елмен ағасынан бөлініп, Шығыс Түрік қағанатына Қапаған қағанның қол астына барып енеді. Түрік бектеріне тән мансапқорлық Чженге де тән болатын. Ол Қапаған қағаннан көмек сұрап, сол арқылы туған халқын қырғызып, емшектес бауырын өлтіріп, өзі таққа отырғысы келеді. Қағанаттың жағдайын қайтсем жақсартта түсемін деп жаланып отырған Қапағанға бұл көктен тілегені жерден табылғандай ұсыныс еді. Жиырма мың әскермен шұғыл аттанып, қамсыз жатқан Согэні тарпа бас салып, әскерін талқандап, өзін тұтқынға түсіреді. Осылайша Согэ қирай жеңіледі, бірақ хан болам деген Чженнің де тілегі жүзеге аспайды.

Жеңіспен ордасына оралған Қапаған қаған Учжилэннің екі баласы Согэ мен Чженді алдына алдырып:

— Сендер екеуің бірге туған бауырларсындар. Сөйте тұра мынау тәңірінің кең даласында екеуің өзара сыйыспай қырқысып, бір-бірінмен жау болдыңдар. Еркіндікте жүріп еншілесе алмаған билікті тәуелді болғанда маған қиып, беріліп адал қызмет істей алады деп сендерге сенуге бола ма? Болмайды. Мен сене алмаймын. Сондықтан екеуіңді бірдей өлтіруге тиіспін,— дейді де, екеуін жедеттерінің қолына береді. Сөйтіп иен далаға сыймаған екі бас алақандай жаңғырықта шабылып, тыныш табады.

Осы арада басын ашу үшін айта кетер бір жай біздің ғалымдарымыз Қапағанның түргештермен осы соғысы мен Шығыс Түрік қағанатының Енесей қырғыздарын бағындырып, қайтар жолда Жоңғариядағы Болчы (Болучу) өзені бойындағы Жарыс жазығындағы түргештермен болған соғысын бір оқиға деп қарап жүр. Меніңше, бұл дұрыс емес. Екеуі екі кезде: Жарыс жазығындағы алғашқы соғыс — 708 жылы, ал соңғы Чженнің тілегімен Қапағанның түргештерді шабатыны — 711 жылы болған.

— Мұнынызға келісу қиын болар. Өйткені осы түріктердің көне тарихының қазіргі білгірлерінің бірі С. Г. Кляшторный А. А. Колесниковпен бірігіп жақында ғана шығарған «Шығыс Түркістан орыс саяхатшыларының көзімен» атты кітаптың кіріспе мақаласында «Қапаған қағанның баласы Инел және Тоньюкөк пен апатархан (бас қолбасы) бастаған шығыс түріктерінің әскері

711 жылы Сақалдың армиясын Жоңғариядағы Болучу өзенінің бойында талқандады» деп ап-анық-ак жазған. Сонда қалай, оның бұл айтып отырғаны қате ме?

— Меніңше, қате, ғалымның бұл айтып отырған оқиғасы 711 жылы емес, 708 жылы болған және Болучудағы соғыста өлген түргештің қағаны (ханы) Сақал емес, оның әкесі Учжилэ. Бірақ үлкен танымал ғалымның жазғанын былайша бірден қате деп, жағасына жармасқандай болмай, онан да фактіге жүгінейік.

— Дұрысының өзі де сол ғой.

— Жақсы. Алдымен Болучудағы соғыс жөнінде. Бұл соғыс бізге негізінен Орхон ескерткіштері, атап айтқанда Тоңюкөк пен Күл-тегиннің бейітінің басына қойылған ескерткіштерге жазылған көне жазбалардан белгілі. Өткеннің ақиқатын деректерді салыстыру арқылы ғана анықтауға болатынын ескеріп, енді осы тас кітаптардағы біздің әңгімемізге қатысты оқиғаға байланысты жерлерді ғана есіңізге түсірейін.

«Қырғыздан қайттық. Түргеш қағанынан жансыз келді. Сөзі мынау: «Алдынан қағанға әскер жүргізем»,— деген екен. (Әскер) жүргізбесек, бізді, қағаны алып, ақылшысы дана емес пе, қанша біреу болсаң да бізді өлтірер-ақ»,— деген екен (Ол жансыз:) «Түргеш қағаны (жолға) шықты»,— деді. Табғач қолы да бар екен»,— дейді тас-кітап авторы. Әрі оқылық: «Ол сөзін естіп қағаным: «Мен үйге түсейін (барайын)»,— деді. «Қатын қайтыс болған еді, соны қойғызайын (жерлетейін)»,— деді. «Әскер (сендер) барындар»,— деді. «Алтынжыста отырындар (күтіндер)!»,— деді. «Әскер басы (болып) Инел қаған, Тардуш шад барсын!»,— деді. (Ал) Білге Тоңюкөк — маған айтты: Бұ әскерді (соңына) ерт!» — деді. «Кесігінді көңіліңізше айт (жаса), мен саған не айтайын!» — деді. (Егер ерлер) келер болса, онда аруақты ерлер көбейер. Қелмес болса, онда тіл алып, сөз алып отыр!» — деді.

Алтынжысты ерулеп отырдық. Үш жансыз (шолғыншы) кісі келді. Сөзі біреу: («Түргеш) қағаны әскері шықты»,— дер. «Он оқ» әскері қалмай (түгел) шықты»,— деген.

Ол сөзді естіп, қағанға ол сөзді жібердім (айтып жібердім).

Қайтейін, сөз (жауабы) қайта келді: «Отырындар! (Күтіндер!) — деп айтыпты. Бөг қаған маған осылай деп айтқан екен. (сонымен бірге) Апа тарханға жасырып сөз

жіберген екен: «Білге Тоңюкөк қу ол, өзі-ақ байқар. Егер «қолды жүргізейік»,— десе, келіспе!» — деп.

Ол сөзін естіп, қолды (әскерді) жүргіздім. Алтынжасты жолсыз астық. Ертiс суын өткелсiз жерден өттік. Түн қаттық. Болчуға таң ата жеттік. Тiл келтірді (әкелді). Сөзі мынау: «Жарыс жазығында он түмен әскер жиылды»,— дер.

Ол сөзін естіп бектер: «Көтерілейік, қайталы. Ару ұят жақсы»¹,— деді. Мен былай дедім: «Мен — Білге Тоңюкөк, Алтынжысты аса келдік, Ертiс суын кеше келдік. Келген (кісі) алып»,— дедім. Түймеді (түсінбеді, айтқаныма көнбеді).

«Тәңірі, Ұмай, Ұйық жер-су жар берді емес пе, неге қашамыз. Көп деп неге қорқамыз, аз дейік. Неге басыналы (неге басылып қаламыз?) Тиелік!» — дедім. Тидік. Бытыраттық (қашырдық).

Екінші күні қайта келдік... Өртше қызып (лапылдап) келді. Соғыстық. (Жаудың) бізден екі-үш сыңары артық еді. Тәңірі жарылқағаны үшін қорықпадық. Соғыстық.

Тардуш шад ара барды (арадан кеп тиді). Бытыраттық. Қағанын тұттық, жабғуын, шадын сонда өлтірдік. Елудей кісіні тұтқын еттік.

Сол түні-ақ ел сайын (шақыншы) жібердік. Ол сөзді естіп, «он ок» бектері, елі өзі аяғымен көтеріле келді, жүгінді (бағынды). Тоңюкөк ескерткішіндегі жазудан).

Міне, осында баяндалған оқиғаны жоғарыда айтқан Чженнің тілегімен түргештерді шабуға барған Қапаған қағанның оқиғасымен салыстырыңыз. Сонда айырмашылық бірден көрінеді.

— Білмеймін, мен ештеме түсініп те, соған орай ешқандай айырмашылықты көріп те отырған жоқпын.

— Мән бермей отырған боларсыз, әйтпесе түсінбейтін мұнда ештеме жоқ. Қараңыз. Біріншіден, Тоңюкөктің айтуында (тас кітапта) екінші оқиғадағыдай түріктердің түргештерді шабуы арнайы жоспарлы іс емес, ойда жоқта тосыннан болған, қырғыздармен соғыстан шаршап шыққан түріктерді жасанған қолмен аттанған түргештердің өздері шабуыл жасауға мәжбүр етіп отыр. Жансыздары арқылы түргештердің әскерінің өздеріне қарсы аттанғанын естігеннен кейін егер бұрын қимылдап жаудың қапысын таппаса, он түмен, яғни жүз мың әскердің өздерін

¹ Ару ұят жақсы — босқа қырылғаннан қашқан аздаған ұяттың өзі көп артық деген мағынада. Ару — кішкене, аздаған

тапап кететінін талай шайқасты бастан өткерген жырынды Тоңюкөк білгендіктен де осындай көзсіз ерлікке, тәуекелге баруға мәжбүр болған. Ал екінші жағдайда қамсыз елге Қапаған қағанның өзі жиырма мың әскермен тіленіп барып, тиісіп отыр. Айырмашылық бар ма? Бар.

Екіншіден, Тоңюкөк баяндаған оқиғада Шығыс түріктеріне қарсы шыққан түргеш әскерлерімен бірге табғачтардың, яғни қытайдың да әскері бар. Ал бұл Тан мемлекетінің далалықтар арасында жүргізген саясатынан хабары бар адамға түргештердің осы жолғы шығыс түріктеріне қарсы өздерінің тіленіп шығуының өзі қытайлықтардың күшейіп келе жатқан Екінші Шығыс Түрік қағанатын әлсірету, немесе құлату үшін әдейі айдап салып отырған тірлігінің салдары екенін аңғартса керек. Есіңізде ме, түргештердің қағаны Учжилэнің баласы Чженді император сарайына жіберіп, Тан мемлекетімен одақ құратыны. Міне, Жарыс жазығындағы соғыс сол одақтастықтың «жемісі». Ал, екінші оқиғада — Чженнің тілегімен Қапаған қағанның жасаған шабуылында түргеш әскерінің арасында қытай әскері жоқ. Оны тан әулетінің шежіресі де, басқа ғалымдардың еңбегі де дәлелдейді.

Үшіншіден, Тоңюкөк баяндаған оқиғада түргеш әскеріне қарсы шығыс түріктерінің әскері басқарған Қапаған қағанның баласы Инел мен Құтылығ қағанның баласы — Тардуш шад Могилянъ және Тоңюкук пен Апатархан. Мұнда Қапағанның өзі жоқ, ол ордасына, қайтыс болған әйелін жерлеуге кеткен.

Ал екінші оқиғада бұлардың біреуі де жоқ (бар болса да шежіреде көрсетілмеген). Түргештерге әскерді Қапаған қағанның тікелей өзі бастап барады. Бұл айырмашылық па? Айырмашылық. Қалай, енді түсіндіңіз бе?

— Енді түсіндім.

— Түсінсеңіз мұны бір деп қойыңыз. Енді «Күл-тегін» ескерткішіндегі дерекке келейік. Онда түргештерге қатысты былай деп жазылған:

«Сол жылы түргеш тарапқа Алтынжысты аса, Ертіс өзенін кеше жорттық. Түргеш халқын ұйқыда бастық. Түргеш қаған әскері Болчуда отша, құйынша келді. Соғыстық. Күл-тегін Бошғу Боз ат мініп тиді. Бошғу Боз... екеуін өзі алдырды. Сол жерде (соғысқа) тағы кіріп, түргеш қағанын, бұйрықы (жабғу, шад, бектерін), аз тұтұқты (өз) қолымен тұтқын етті. Қағанын сол жерде өлтірдік, елін алдық»,— дейді тас кітап авторы. Одан

кейін ол шығыс түріктерінің Соғдыларды бағындырғанын, Сырдариядан өтіп, Темір қақпаға дейін барғандарын айта келіп, түргештермен тағы соғысқанын айтады.

Мұнда байқаған болсаңыз Тоңюкөк баяндауын толықтыратын екі дерек бар. Бірі — түргеш қағанының сол қолға түскен жерде өлтірілгені, екіншісі — шығыс түріктерінің түргештермен екінші соғысқаны. Ескертетін бір жай — бұл соғыс та Түрік-Білге қағанның емес, Қапаған қағанның тұсында, ол өлмей тұрғанда болған. Осы екі деректі Чженнің өтінішімен түргештерді шапқан Қапағанның соғысымен салыстырсақ, жоғарыда айтқан айырмашылық онан әрі айқындала түседі. Өйткені екінші соғыста түргештің қағанын сол қолға түскен жерінде өлтірмейді, керісінше ордасына тұтқындап алып келіп, Согэні осында қалдырған інісі Чженмен беттестіріп, екеуін бірге өлтіреді. Ал екінші дерек шығыс түріктерінің түргештермен Болчу өзенінің бойындағыдан кейін де соғысқанына куәлік береді.

Осы арада мына деректі де ескерген жөн. «Күл-тегін 27 жасқа келгенде қарлықтар бізге жау болды», — дейді Түрік білге қаған тас-кітапта. Бұл, яғни 711 жыл. Ал қарлық, хувушу және шуниши тайпалары Болчу соғысынан екі-үш жыл өткеннен кейін ғана Екінші Шығыс Түрік қағанатынан бөлініп, қытайдың қол астына кетті ғой. Міне, Күлтегіннің қарлықтарды Тамағ Ыдық Басты соғысында женетіні де осы кез. Демек, бұл да біздің жоғарыда айтқан ойымызды шындыққа шығарады.

Осының бәрін қорыта келгенде, шығыс түріктерінің түргештермен екі рет соғысқанын, оның алғашқысынан — Болчу өзені бойындағы Жарыс жазығында 708 жылы өткенін, екіншісінен — 711 жылы Қапағанның тікелей өзінің Согэні шапқанын білуге болады. Бұған Л. Н. Гумилевтің «Учжилэ 708 жылы өлді, оның артындағы қытаймен достасқан, арабтармен шабысқан елге баласы Согэ ие болып қалды», — деген дерегін де қосуға болар еді.

— Өткен тарих жайында сөз болғаннан кейін оның әр дерегінің жаңсақсыз нақты болғаны жөн ғой. Кейде байқалмай айтылған жаңсақ болымсыз бір пікірдің тарих үшін шешуші мәні бар басқа бір күрделі мәселеге салқынын тигізуі мүмкін. Сондықтан сіздің түргештер тарихына қатысты бір оқиғаға ерекше мән беріп, оны басқа деректермен салыстырып, өзіндік ой түйіп жатқаныңыз құптарлық іс. Меніңше, дәлеліңіз де орынды сияқты.

Енді мұны осымен түйіндеп әңгімеміздің негізгі арнасына қарай ойысқаныңыз жөн болар. Сонымен Қапаған қаған түргештерді талқандап, Учжилэнің екі баласын өлтірді ғой.

— Иә, Согэ өлгеннен кейін түргеш әскерінің аман қалғаны Дулу бірлестігіндегі чапыш тайпасынан шыққан белгілі қолбасы Сулудың¹ қарамағына қосылды. Сулу Согэ қаған болып тұрған кезде-ақ оның Чжун-цзімен, одан кейін інісі Чженмен арасындағы қырқысты пайдаланып, жеке билікке ұмтылған шоралардың бірі болатын. Ресми хан атағын алмағанмен іс жүзінде ол өз мақсатына қол жеткізіп жеке билікке ие болған адам. Сол Согэнің заманында-ақ түргештер екіге бөлініп, Согэнің қарауындағылар қара түргештер деп атала бастаған-ды. Сулуды қытайлықтар қолдап, оған гуна шуньго деген атақ та беріп үлгірген-ді.

— Бұл бөліну — кейбір ғалымдардың айтып жүргеніндей аксүйектер мен қара халықтың бөлінуі болмас, мұндағы «сары», «қара» атаулары дүниенің төрт құбыласына қарай түспен бөлетін түріктердің ескі дәстүрінен шыққан болар.

— Әрине, солай. Сары — орталық, яғни негізгі хандықтың жұртында қалғандар, ал қара — теріскей, яғни солтүстіктегі түргештер.

Осы орайда Л. Н. Гумилевтің «Байырғы түріктер» атты кітабындағы мына бір деректі келтіре кеткеннің артықтығы жоқ қой деп ойлаймын. Бұл ғалымның пайымдауынша этникалық жағынан алып қарағанда Сары түргештер негізінен Іле бойының байырғы тұрғындары — мукрийлер де, қара түргештер бұл өңірге кейінірек келген абарлар көрінеді. Бірақ олар уақыт толқынында өзара бірігіп, тұтас бір халықты құраған. Дегенмен олардың қай-қайсысы да шығу тегін ұмытпағанға ұқсайды. Түргештердің кейін екіге бөлінуінің де негізінде сол түбі бөлек — шикілігі жатыр ма деген ой келеді.

Қара түргештердің ханы Сулу өз заманының үлкен саясаткерінің бірі болған адам. Ол аз уақыттың ішінде шаңырағы шайқала бастаған Түргеш қағанатын қалпына келтірумен бірге екі бірдей майданда соғысып, дұшпандарына соққы беруге мәжбүр болды. Оның бірі — батыстағы мықты жауы — арабтар еді. Арабтардың жеңілу

¹ Сулу — қара түргештердің көсемінің қытайша аты. Біраз ғалымдар оның түрікше баламасын «Сұлық» деп атап жүр.

көрмеген әскеріне 714—715 жылдары осы Сулу әскерінің мықтылығының нәтижесінде Сырдариядан бірнеше рет өтіп, бірнеше шегінуіне тура келеді. Бәлкім, бұл күресте түргештер арты тыныш болып, арабтарға қарсы тұтас күшін жұмылдыра алғанда оларды Сырдариядан бері беттетпей қояр ма еді, қайтер еді. Бірақ оған ішкі қырқыстар тіпті мүмкіндік бермей қояды. Шығыста Тан мемлекетінің жандайшаптарына айналған Ашина әулетінің ханзадалары отарды андыған қасқырдай тиіп кетіп, жұлып кетіп, мазаны ала береді. Сондықтан да Сулу осы шығыстағы жауын тезірек тыныштандырып, арабтармен шайқасқа қолын босатып алуға ұмтылады. Оның саясаткерлік талантының жарқырай көрінген тұсы да осы кез еді. Ол Тан мемлекетінің астанасы Чаньанға өзі барып, қытай императорымен тіл табысып қайтады. Сулуды қолында ұстағысы келген император оны Чжун-шунь хан деп атап, оған Ашина Хуай-даоның қызын — «Чжоха-Хотас ханшасы» деген атпен әйелдікке береді. Ал бұл Сулудың өз билігін заңдандыруы еді. Ол осыдан кейін Шығыс Түрік қағанатының тағына отырған Түрік Білге қағанның қызын және Тибет патшасының қызын әйелдікке алып, үш бірдей мықтыға күйеу болып шыға келеді. Осылайша Сулу аз уақытқа болса да шығысы мен оңтүстігін тыныштандырып, бар күшін арабтарға қарсы бағыттауға мүмкіндік алады. Сөйтіп ол арабтарға қарсы күрескен жергілікті халықтардың көмегіне сүйене отырып, оларды Мауараннахрдан түгел дерлік қуып шығады. Арабтар өздеріне қырғидай тиген түргеш қағанына «Сүзеген» (әбу Музахим) деген ат береді.

Бірақ осындай қағанат үшін үлкен жұмыс істеген Сулу өмірінің соңғы кезінде өзім білем деген өркөкіректікпен қарамағындағыларға қатыгездік пен сараңдықтың небір түрін көрсете бастайды. Бұл ретте оның тағдыры Екінші Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапағанның тағдырына ұқсайды. Қағанынан қайыр көрмеген, күндік тірлігімен өмір кешкен даланың ру-тайпа басшылары енді біртіндеп одан бөлініп, қаша бастайды. Бұл Сулуға қатты әсер етеді. Осының салдарынан күтпеген тауқымет басына түскен Сулу ауырып, төсек тартып жатып қалады. Бір қолының жаны кетіп, ауыр жағдайда жатқан Сулудың Ордасына өзінің Баға тарханы мен Думочжы атты бір бегі түн ішінде басып кіріп, оны қылышпен шауып өлтіреді.

Осыдан кейін опасыздық жасап қағанын өлтірген Баға

тархан мен Думочжы бек иесіз қалған таққа таласып, бірі екіншісіне қимай, өзара таласқа түседі. Ақыры өзінің таққа ие бола алмасын сезген Думочжы Баға тарханды хан қоямыз деген бұрынғы уәдесін бұзып, Сулудың баласы Тухосьянды қолдап шыға келеді. Сөйтіп оны хан тағына отырғызады. Міне, тап осы күннен бастап, ақырында Түргеш қағанатын құлауға мәжбүр еткен, сары түргештер мен кара түргештердің арасындағы 20 жылға созылған тақ таласы басталады. Түргештер арасындағы мұндай қырқысты, әрине, Тан мемлекеті өз пайдасына пайдалануға күш салып бағары өзінен өзі түсінікті еді. Тан мемлекетінің әкімшілігі бұл іске әуелі өздеріне тәуелді болып келген қарлықтар мен «он жебе» халқына өздері қаған етіп қойған Ашина әулетінің соңғы өкілдерінің бірі — қуыршақ қаған Ашина Сяньді айдап салды.

Император Сюань-цзун (Чжун-цзунның мұрагері) түргештерді тез құрту мақсатында бұлардың сыртында Тан әскерінің де араласуын талап етті. Бірақ оны бұл ойынан бірінші министрі Цзин Чень-тин қайтарды.

— Түргештердің бізге бағынбай кеткені рас, — деді ол императорына бар жайды түсіндіріп. — Бірақ қазір олар қарлықтардың үш бірдей мықты тайпасымен соғысып жатыр. Бұл жабайылар бірін-бірі құртып жатыр деген сөз. Бұған біздің қатысуымыздың керегі қанша? Бұл соғыстан мықтысы әлсіреп шығады, ал әлсізі жеңіліп, құриды. Біз үшін мұның екеуі де тиімді. Сондықтан әскер жіберіп, олардың соғысына араласудың қажеті жоқ.

Шынында да Цзин Чень-тиннің айтқаны келді. Ұзақ шайқастан бірі жеңіліп, бірі шаршап шыққан кезде Қытай армиясы Жетісу жеріне ешқандай кедергісіз басып кірді. Шабуылмен олар 748 жылы Суяб қаласын, 749 жылы Шашты басып алды. Бірақ қытай әкімдерінің бұл өңірдегі билігі ұзаққа бармады. 751 жылы Шаш әмірінің баласының шақыруымен оған көмекке келген аббасидтің әскер бастығы Зияда Ибн Салих Таразға жақын жердегі Атлах қаласының түбінде қытай қолбасшысы Гао Сяньчжиді талқандап, оларды Жетісу жерінен кетуге мәжбүр етеді. Бес күнге созылған осы шайқастың шешуші сәтінде қытай тылында қарлықтардың бас көтеріп, арабтар жағына шығып кетуі басты роль атқарған еді.

Қарлықтар осы әрекетімен тек қытай әскерінің жеңілуіне ғана жағдай жасап қойған жоқ, сонымен бірге өздерінің де жағдайын түзеп алды.

— Ал түргештер не болды? Олар осымен тарих сахнасынан шығып қала ма?

— Жок. Оған әлі біраз бар еді. Сулудың баласы Тухосянь таққа отырғаннан кейін бар күшін ел бірлігін қалпына келтіруге күш салады. Бірақ оған шамасы келмейді. Рас, алғашында Живэй-ханмен бірігіп, әкесін өлтірген құныкері — Баға тарханның иелігіне жасаған шабуылы сәтті болған еді. Бірақ кейін Баға тарханды Ферғана түргештері, Ашинаның қытайланған әулеті, Тан әскерінің қолбасшысы Гай Гя-юнь, Нушиби бірлестігіндегі бірнеше тайпаның бектері қолдап, олардың біріккен күші Сүй-ие түбінде Тухосяньның әскерінің тас-талқанын шығарады. Тухосяньның өзі бас сауғалап қашқанымен, ұзамай інісі Шеху Тунь Абомен бірге қолға түседі.

Содан кейін иесіз қалған елге Тан мемлекеті қаған етіп бұл кезде біржола қытайланып болған Ашина әулетінің соңғы ұрпағы Ши Синьді жібереді. Бірақ оны жаңа иелігіне жеткен жерде Баға тархан ұстап алып өлтіреді. Әйелі мен баласы кейін қытайға қашып зорға құтылады.

Бұдан кейін көп ұзамай сары түргеш пен қара түргеш әрқайсысы өздеріне қалаған адамын хан сайлап алып, өзара соғысуды одан әрі жалғастырады. Ақыр соңында талай жылға созылған ұзақ шайқас екі жақты да титықтатып бітеді. Түргештер осылай өзін-өзі әлсіретіп біткен кезде күшейіп келе жатқан қарлықтар 766 жылы оларды жаулап алып, өздеріне біржола тәуелді етеді, Сөйтіп осы жылдан бастап түргештер өзінің қағанат ретінде жеке өмір сүруін тоқтатады.

Міне, елеулі оқиғаларын екшей айтып, қысқаша қайырғанда біздің халқымыздың өткеніне тікелей қатысы бар түргеш халқының тарихы осындай.

— Дұры-е-ес! «Бұл да бір біткен іс болды»,— деп, Қожанасыр айтқандай, білер дерегімің аздығынан көптен көңілді күпті еткен түргештер жөнінен де азды-көпті біраз мағлұмат алып қалған жәйім бар. Енді әйтеуір түргештер тарихын түбегейлі білмегенмен, олар жайында толық түсінігімің барлығына дау жок. Бұл үшін, әрине, сізге көп-көп рахмет!

ҒАШЫҚТАР ЖЫРЫ ҚАШАН ШЫҚҚАН?

— Түргештердің өзара екіге бөлініп, ұзақ уақыт бойы бір-бірімен жауласып келгенін айтқан сіздің жаңағы әңгімеңіз менің көкейіме көптен қонақтап, бірақ сыртқа шығар шешімді шешуін таппай, іштей мазалап жүрген бір ойды қозғап жібергендей жайы бар. Егер мақұл көрсеңіз ой бөлісу мақсатында қазір соны ортаға сала кетсем қалай болады? Бәлкім, оның сізге де пайдасы тиер.

— Бауырым-ау, ойды ой жетелесе ғана оның шалымы кең, шарпуы мол болмай ма. Келген ойға кедергі жасамай ортаға сала беріңіз, мен әрқашан тындауға құлдықпын.

— Олай болса, айтып көрейін. Менің айтпағым түп негізіне тартсақ біраз түркі халқына, айталық башқұрттарға, Алтай еліне, барабалықтарға, телеуіттерге ортақ, бүгінгі ұғыммен айтсақ, қазақ халқының көне әдеби мұрасы — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының төңірегінде еді. Бір-бірін құлай сүйген екі жас — Қозы мен Баянның арманды асқақ махаббатын аңызға айналдырып, сан ғасырлар бойы қиялында тербеп келген халқымыздың бұл күнде мақтанышы болған, әлемдік әдебиеттің асыл мұраларының біріне айналған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» лиро-эпосының ғылыми ортаның назарына ілігіп, зерттеле бастағанына, міне, қазір үшінші жүз жылдыққа қарай басады екен. Содан бергі осы тақырыпқа қалам тартқандардың пікірін айтпай-ақ, тек солардың есімдерін тізіп қана шығудың өзіне бірер бет қағаз керек болар еді. Ал олардың сан алуан пікіріне тоқталсақ, ол арнаулы бір күнгі әңгімеге азық боларлық. Қазір оның бәрін айтып жатудың қажеті де жоқ. Сондықтан мұның бәрін қоя тұрып, негізгі ой түрткі болған жайға көшейін.

— Соныңыз жөн.

— Олай болса, менің бұл орайдағы айтпағым, осы «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын түргештердің төл туындысы ма деген пікірден өрбиді. Рас, мұндай пайымдаудың дау туғызуы да мүмкін. Өйткені бұл жырдың қай кезде, қай ортада шыққаны, оның нақты авторының кім екені ғылымда әлі анықталған жоқ. Содан да болар, оның қай заманның туындысы екені жөнінде күні бүгінге дейін әр деректе әртүрлі мағлұмат жүр. Атап айтсақ, мысалы, өзіміздің Қазақ Совет Энциклопедиясында: «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» — қазақтың лиро-эпостық жыры. Шамамен XIII-XIV ғасырларда пайда болған» делінген. Бі-

рақ еліміздің көптеген ғалымдарының пікірі бұл түйіндеумен қабыса бермейді.

Осы арада басын ашып айтар бір жәй — жалпы ғылымда жырдың шығу мерзімін «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» кешенінің салыну мерзімімен орайластыруға ден қойылып келгені. Бұл, меніңше, бірден-бір дұрыс бағыт. Соның үшін айтылар жайға біз де осы бағыт тұрғысынан қарап, алдымен лиро-эпос туралы ой айтқан алғашқы ғалымдардың пайымдауларына ден қойғанымыз жөн болмақ. Бұл ретте, мысалы, осы «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының түрлі тілде айтылған нұсқаларын жинап, салыстыра зерттеген атақты ғалым В. В. Радлов бұл кешенді тұрғызған қалмақтар болуы керек деген болжам айтып, оның жасалу мерзімін үш-төрт ғасырға бері жылжытады. Бұл болжамды осы жырды ұзақ жыл зерттеген, оны алғаш 1913 жылы орысшаға әдемілеп аударған, Көкшетау облысының Шучье станциясында туып-өскен, қазақ балалары оқитын мектепте оқып, қазақ тілін жетік меңгерген Георгий Николаевич Тверитин де құптап «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» кешені XVII ғасырда салынған болу керек» деп нақты тұжырым жасайды. Бірақ бұл тұжырымдарды осы кешенді 1952 жылы арнайы экспедициямен шығып зерттеген белгілі ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұлан теріске шығарады. Оған: «...бұл кешен мен оның ішіндегі мүсін тастар¹ — ислам дінінен көп бұрын жасалған өте ескі дәуірдің белгілері. Олар Түрік қағанаты кезінде (VI-VIII ғғ.) шыққан. Адамның суретін салған мүсін тасты халық сол кезден ерекше қадірлеген. Мұндағы төрт мүсін тас кешеннің күншығыс жақ бетінде тұрған. Олардың үшеуі — әйел, біреуі — жас жігіт. Халық аңызы бойынша бұлар: Қозы Көрпеш — Баян сұлу, оның апалары Айтаңсық пен Айғыздың суреттері деп айтылады» деген уәжін айтады. Сөйтіп Әлекең «бұл күмбезді ерте уақытта, ислам дінінен көп бұрын, ғұн заманында, не Түрік қағанаты кезінде тұрғызылған белгі» деген тұжырымға келеді. Алайда осылай дей тұрып Әлекең «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының қай кезде шыққаны жөніндегі әлгі тұжырымын жырдың өзінде кездесетін «Шок терек» сюжетіне байланысты қолда бар археологиялық қазба материалдар негізінде, тіпті басқаша жаңа пайымдау жасайды, Бұған Ертістің күншығыс жағындағы байтақ даладан, Алтай тауына таяу жерден табылған «Шок теректі»

суреттеген әйгілі алтын бейнені (ілгекті) дәлел етеді. Ғалымдарымыз біздің жыл санауымыздан үш-төрт ғасыр бұрын жасалған деп анықтаған, бұл күнде Эрмитажда сақтаулы тұрған әлгі эпикалық алтын бейне, айтса айтқандай, кім-кімді болсын көне заманның аты беймәлім ұлы шебері осынау тарихи туындысын «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын даланың сұңғыла жыршысының айтуынан естіп барып жасаған болар деген ойға жетелердей.

Онда жапырағы қалың шоқ терек бейнеленген. Оның түбінде бір жас әйел мен ересек сақа кісі отыр. Олардың тізесін жастанып мезгілсіз мерт болған жас ұлан жатыр. Оның басы — жас әйелдің тізесінде, аяғы мен бөксе жағы — сақа адамның алдында, Жас әйел өлген жігітті құшағына алған. Сақа адам екі атты бір қолымен ұстап отыр. Ағашта ілулі садақ тұр. Өлген ердің қаруы болса керек. Қорамсағы толы жебе. Олардың адырнаға салар басы жоғары шығып, қауырсынына дейін көрінеді. Әлгі кісінің басына киген қазақы елтірі бөрік, белінде кәмар белбеу, мұрты өзімізге белгілі тас мүсіндердегі адамдардың мұртындай екі қияғы екі жағына созыла түскен. Әйелдің басында — қарқара, төбесі жоғары көтеріліп шошақтана шығып тұр. Үстіне кигені — кебенек, бір қолымен өлген ердің басын сипап, ауыр қайғы үстінде отыр.

Осыған қарап, өліп жатқанды Қозы, басында қайғырып жылап отырғанды Баян, қасындағы екі атты ұстап отырған егде кісіні Айбас деуге әбден болатын сияқты. Осыған орай «Шоқ терек» сюжеті бар туысқан халықтардың эпикалық шығармаларына талдау жасай келіп Әлекең біздің «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» мен Алтай елінің «Қозы Әркеш» жырларының сюжеті жаңағы алтын бейне жасалған кезде, яғни біздің жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасырларда туған» деген нақты қорытындыға келеді.

Көріп отырсыз ба, бір жырдың шығу кезеңі сонау жыл санауымыздан бұрынғы V-III ғасырлардан (Ә. Марғұлан) біздің жыл санауымыздың XVII-XVIII ғасырларына (В. Радлов) дейінгі аралықты қамтиды. Бұған қарасақ бір шығарманың шығу кезі артық-кемі жоқ тұтас 20-21 ғасырға созылады екен. Ал, бұл, меніңше, ғылыми тұрғыдан да, тарихи тұрғыдан да, тіпті қарапайым қисындық тұрғыдан да ешбір ақылға қонбайтын тірлік.

— Демек, бұл әлгі болжамдардың біреуі ғана дұрыста, басқасы түгелдей қате деген сөз. Меніңше, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жыры не өте ескі дүние болып,

біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғасырлардың еншісіне тиюі керек, не бергі заманның, яғни XVII ғасырдың мұрасы болып қалуы қажет. Әйтпесе әлгі тұтас екі аралықты бір шығарманың шығу мерзімі етіп көрсету, өзіңіз айтқандай шынында ақылға қонбайтын тірлік. Өйткені бұл далалық дарын иелерінің бір отырыста-ақ суырып салып, жырлап кетер шығармасының бірі емес пе?

— Дұрыс айтасыз. Нақты шығарылған ай-күнін, жылын білмеген соң шамалап бір ғасырдың төңірегінде болжам айту жөн, ал одан арғы долбардың бәрі артық. Осы тұрғыдан келгенде, мен жырдың жазылу кезеңін біздің жыл санауымыздың VIII ғасырының еншісіне бергенді жөн деймін. Неге дейсіз ғой, айтайын.

Менің түсінігімде бір «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жыры ғана емес, кезінде хатталып жылы, айы, күні көрсетілмеген, ауыздан ауызға көшіп, ғасырларды аттап бізге жеткен кез келген көне рухани мұрамыздың шығу мерзімін анықтағанда арқа сүйер бірден-бір айғақшымыз сол мұраның өзі болмақ. Сондағы баяндалған оқиға, кісі аттарын, жер-су атауларын және басқаларын ойға азық, қиялға тамызық ете отырып, оларды басқа өзімізге белгілі нақты тарихи деректермен салыстыру арқылы лайықты байлау жасауға тиістіміз. Олай болса, бұл арада бізге төреші де, кеңесші де — «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының өзі.

Жырға талдау жасамас бұрын басын ашып алар бір жай — жоғарыда айтқан «Шоқ терек» мәселесі. Шоқ терек — бір «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырында ғана емес, академик Әлкей Марғұланның әділ атап көрсеткеніндей, ол жалпы сақ, ғұн, үйсін дәуірінде эпикалық поэма шығарудың бір негізгі орны, оқиғаның молынан туатын жері, халық ойында ерекше орын алған сүюдің, махаббаттың мекені. Сондай-ақ ол ерен ерлердің келіп тынығатын, алып ұйқыға кететін, ғашығымен кездесіп, ләззатты күн кешетін де жері. Сондықтан түркі тілдес халықтардың көптеген эпостық жырларында кездесетін, бүкіл көшпелі далалықтардың тұрмыс-тіршілігіне тән ортақ қиялдан туған қасиетті де орын — Шоқ терекке қарап «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының шығу кезін біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғасырлардың беймәлім қойнауына жіберудің, меніңше, ешқандай реті жоқ. Алтай тауына таяу жерден табылған Шоқ теректі бейнелейтін алтын ілгектегі адамдар санының үшеу, аттың екеу болуы

да олардың Қозы, Баян, Айбас екеніне куәлік бере алмайды. Себебі кез келген көне жырларда, ғашықтық тақырыбына арналған ертегілерде сүйіскен жастардың оңаша кездесуінде қыз бен жігіттің және оларға тілектес үшінші біреудің болуы заңды жағдай. Аттың екеу болуында да осындай заңдылық бар. Әдетте көшпелі ел тірлігінде қалыңдығын алыстан іздеп келген батыр жігіттің қасында жан жолдасы, не жанашыр бір жақыны болатыны өмір шындығы. Осындай себептермен «Шок терек» «Қозы Көрпеш Баян Сұлуда» да елеулі роль атқарғанмен, оны жырдың шығу мерзімінің межесін белгілер айғақ етіп алуға болмайды ғой деп ойлаймын. Бұл бір. Енді негізгі ойыма көшейін.

Сонымен мен «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын неге түргештер заманында туған, он жебе халқының төл туындысы деймін. Енді соған келейін.

Өзіңізге белгілі, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» өте көне жыр. Сондықтан болар оның нұсқалары да көп. Ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың мәліметіне сүйеніп Әлкей Марғұлан бұл жырдың он алты нұсқасы болғанын және оған одан басқа онға жуық нұсқаның кірмегенін айтады. Мұның шындық екені дау туғызбайды ғой деймін. Өйткені осы жырды қанша ақын жырласа, сонша нұсқасы болғаны хақ. Ал қазақ даласында «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын жырлаған ақын саны, шүкір, біраз баршылық қой. Міне, осы көп нұсқаның өте көнелеріне көз салсаңыз, оқиға желісінің өрбуі бүгінгі біз білетін нұсқадан бөлек жатыр. Сондай көне нұсқаның бірі — түркі тайпаларының тарихын терең зерттеуге көп уақытын бөлген, орыстың әйгілі тарихшысы Николай Михайлович Карамзиннің жазып алған нұсқасы. Мұнда кісі аттары шатасып жүргенімен (бәлкім, ол жырды әңгімелеп берушінің сауатсыздығынан да болар) көңіл аударар бір деталь бар. Нақтылық үшін оны орыс тілінде келтірейін: «Вот большая четырехугольная могила с затейливыми бапеньками, она называется Баян Сулу — Козы Көрпеш, о ней рассказывают печальное предание. Прошло много лет, как жили, враждовали в этих местах два знаменитых рода ханов Купура Тимура», — делінген. Мұндағы Купурдың Қарабай, ал Темірдің Сарыбай екенін өзіңіз де аңғарып отырған боларсыз. Кісі аттарындағы мұндай шатастыруды, әрине, атақты тарихшының жібермегендігі, оны оған осы Қозы мен Баянның оқиғасын әңгімелеп берушінің (жырлап беруші емес! Олай болған күнде мұндай қателік

кетпейді) білместігі екені кімге болсын түсінікті ғой деймін. Бірақ осыны айтушының, яғни әңгімелеп берушінің білместігі деуге бола ма? Меніңше, болмайды, Өйткені бұдан, аңдап қарасаңыз, әңгімелеушінің айтылмыш оқиғаға деген көзқарасы байқалады. Менің жеке өз пайымдауымша, бұл арада әңгімелеуші өзі жек көретін Қарабайды әдейі Кәпір деп, ал өзінің іші бұратын Сарыбайды — Темір деп, жарты әлемді жаулап алған, Шығыстың ақсак барысы атанған кәдімгі әмір Темірге теңеп отыр. Осыған, әсіресе, «кәпір» деген сөздің көне оқиғаға кіруіне қарап, Н. М. Карамзинге Қозы мен Баян оқиғасын әңгімелеп беруші қазақ даласына миссионерлік мақсатпен келген татар молдаларының бірі ме деген ой келеді.

Бірақ бұл арада менің назар аудармағым бұл емес, әлгі келтірілген үзіндінің «Бұл жерлерде өзара жауыққан екі елдің (рудың) хандары Кәпір мен Темір ұзақ жылдар бойы мекендеп келді» деген соңғы сөйлемі еді.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі эпостық жырларда сол сөз болып отырған кезең болмысын белгілі бір есім төңірегіне топтап, тарихи нақты деректер аясынан тысқары халықтың танымдық ауқымындағы жиынтық кейіпкер жасайтыны өзіңізге де белгілі. Мысал үшін айтсақ атақты «Едіге», «Шора батыр» жырларындағы Едіге мен Шораның іс-әрекеттерінің өмірде болған Едіге мен Шораның тарихқа танымал нақты іс-әрекеттерімен үнемі дәл келмей жататыны да осыдан.

Міне, біз әңгімемізге арқау етіп отырған «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырына осы тұрғыдан келсек, жыр кейіпкерлері — Сарыбай мен Қарабайдың өмірде болған нақты адамдар емес, кезең болмысын бойына жиған жиынтық (нарицательный) есімдер екенін аңғаруға болатын секілді. Бұлай ойлауға жырдың кейін жырлаушылардың өз жанынан қосқан қосымшалары кірмеген, жетілдіріп түлетпеген көне нұсқаларында және осы «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын өздерінің рухани төл мұрасы санайтын басқа түркі тілдес халықтардың (башқұрттардың, алтайлықтардың, барабалықтардың, телеуітердің) жырларында Сарыбай, Қарабай есімдерінің жоқтығы, олардың орнына Ақ хан, Сары хан, Ақ бөке, Қара хан, Қараты хан тәріздес кісі есімінен гөрі жауласқан екі елдің билеушісін ғана мезгейтін жалпылама аттың жүретіндігі де мүмкіндік береді. Түсінікті болу үшін бұған Х ғасырдың орта шеніндегі Қарахан мемлекетін мысалға

келтіруге болар еді. Мұнда да Қара хан ұлыс билеушілерінің лауазымнамасында «басшы» деген мағынада қолданылатын «қара» («қара — қаған») сөзіне негізделген ғой. «Қараханид» терминін тарихқа ХІХ ғасырдың орта шенінде орыстың белгілі шығыс зерттеуші ірі ғалымдарының бірі — В. В. Григорьев енгізгені белгілі.

— Сөз саптасыңызға қарағанда сары және қара атауларын, шамасы сары түргештер мен қара түргештерге қарай бейімдеп келе жатырсыз-ау. Бірақ жаңағы өзіңіз айтқан жырдың көне нұсқасындағы бір халықтың екіге бөлініп, ұзақ жауласуының ғана ұқсастығы болмаса, мұнда сол деуге негіз берер басқа ортақтық жоқ қой. Сондықтан бұл арада халықтық атаулар мен кейіпкерлер аттарындағы түстік (цветовой) ұқсастық көне жырды түргештердікі деп телуге негіз болып жарытпаса керек.

— Қорытынды жасауға асықпай сәл сабыр етіңіз. Біріншіден, мен әлі түйінді ойымды айтқамын жоқ. Екіншіден, бұл түстік ұқсастықты мен дәлел негізі етіп алудан аулақпын. Бұл тек әлгіндей ойдың оралуына, яғни Сары хан мен Қара ханның бір-бірімен жауығып бірнеше жыл өзара соғысқан сары түргештер мен қара түргештердің билеушілерінің балама жиынтық аты емес пе екен деген ойдың тууына себепші ғана.

Ал енді «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын, сіз айтқандай, түргештерге теліп, он жебе халқының төл туындысы екенін анықтауға дәлел керек десеңіз, оны осы көне жырдағы баяндалатын оқиғаларды сары түргештер мен қара түргештер тарихындағы нақты деректермен салыстыру арқылы іздеген жөн.

Өйткені мұнда назар аударуға тұратын, меніңше, біраз ортақтастықтар бар.

Мысалға жүгінелік: «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырында ауылы аралас, қойы қоралас жатқан екі елдің бір-бірінен ірге ажыратып, бөлінуіне басты себеп — сараңдық. Маңдайына мыңғырған мал бітіп, тоқсан мың жылқысы өріске сыймай жатқанына қарамастан пейілі тар, тас сараң Қарабайдың Сарыбайға берген антын бұзып, жетім балаға қызымды бермеймін деп сылтауратып, ысырыла көшіп, шығандап шетке шығып кетуінің себебі де «балам жетімге тұрмысқа шығып қор болады» деп Баянға жаны ашыған әкелік қамқорлықтан туындап жатқан тірлік емес, баяғы сол сараңдық қой.

Батысында арабтардың, шығысында табғаштардың

(қытайлықтардың) шабуылына тегеурінді тойтарыс беріп, ішкі тартыстың ырқында кетіп, ыдырамай тұрған қуатты ел — түргештердің екіге бөлінуінің негізі де сараңдықта жатыр. Түргештердің ханы Сұлу (кейінгі ғалымдардың оқуында Сұлық) жаугершілікпен түсірген олжаны қарамағындағылармен бөліспей өз бауырына баса беруінің салдарынан ел басшылары арасында іріткі туады. Сөйтіп тұтастыққа жарықшақ түсіп, ел екіге айрылады. Мұны Қытайдың Тан әулетінің шежіресінде келтірілген «Ол (Сулу) соңғы жылдарда сараңдық таныта бастады. Талаудан түскен байлықты үлеске салмай біртіндеп өзі ала беретін болды. Соның салдарынан қарауындағы ел одан бөлініп шыға бастады» — деген нақты тарихи дерек те дәлелдей түседі. Осы бөлінудің ақырында Согэ хан билеген елдің сары түргештер, Сулу билеген елдің қара түргештер атанып, олардың ұзақ жыл бір-бірімен соғысқаны белгілі. Оны жоғарыда айттық та. Енді осыған зер сала қарасаңыз, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырында да, түргештер тарихында да екі елдің ірге ажырасуына сараңдық негізгі желі екенін көресіз.

— Оның жәй сырт ұқсастық және кездейсоқ болуы да мүмкін ғой.

— Жақсы, солай-ақ болсын. Тек мұны бір деп қойыңыз. Енді әрі кеттік.

Екіншіден, жырдағы «жетім ұлға қыз бермеймін» деп қалың елден бөліне қашқан Қарабайдың болған жерлеріне ойша көз жүгіртіп көріңізші... Есіңізге салайын, ол тұс «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырында былайша баяндалады:

«... Тыншу жоқ Қарабайда, көзі терлеп,
Жүре алмай өзге жақпен малы кернеп.
Дамыл жоқ та тыным жоқ көше берді,
Шұбыртып елін, малын Ертіс әрлеп.

Қарабай тоқталмады арам терлі,
Көше-көше тауысты талай жерді.
Бір тоқталмай Ертісті өрлей беріп,
Судың басы үлкен бір көлге келді.

Талай жерге ол көшіп барып қалды,
Барғанменен, бақадар таба алмады.
Көр-Қарасу бойына онан барып,
Кұм жағалап қайқайып қайта салды.

Алатаудың ол өрлеп ар жағымен,
Іле басы Құлжаға және барды.

Және көшер бастаса мал тойына,
Сірә, тоқтау кірмейді еш ойына.
Іледен тау жағалап Шыршық барып,
Одан көшіп барады Сыр бойына.

Аз ғана Сыр бойында дамыл етті
Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті.
Токсан атқа бір белбеу сатып алып,
Не қыласың дегенге шұлғау депті.

Көшеді қысы-жазы дамыл бермей,
Біраз ел қала алмады бұған ермей.
Сарыарқаны сағынып қайта көшті,
Ел ішінде тыныштық тағы көрмей.

Көрмейсің Қарабайдан жарыместі
Азын-аулақ өзінен қатыны есті.
Қырық күн шілде ыстықта қарсы көшіп
Бетпақтың сар даласы келіп түсті...»

Міне, осы жыр шумақтарындағы Қарабай көшінің жолын өзіңіздің географиялық түсінігіңізді тіреніш ете отырып ойша шолып шығыңызшы. Шу өзенінің сарқылар тұсынан шыққан Қарабай көші әуелі Балқаш көлінің теріскей жағалауын ала Арқаның күнгеі белдеуін көбелей қуалап Ертіс өзеніне барады. Бірақ онда да көп кідірмей «судың басы үлкен бір көлге келеді». Бұл көлдің Зайсан екеніне дау болмаса керек. Бірақ ол Зайсанға да кідірмейді. Көлдің батыс жақ жағасын жайлай көшкен Қарабай енді Орталық Азияның батыс шекарасына еніп Көр-Қарасуға барады.

— Сөзіңіз аузыңызда, бұл Көр-Қарасуыңыз сонда баяғы Батыс Түрік қағанатындағы Нушиби бірлестігіне қарасты асиги тайпасының бегі Аскел Құл-еркін Түменнің қытай әскерінің қолбасшысы Су Динфанның әскерімен соғысып, ойсырай жеңілетін жері — Көр-Қарасу ма?

— Иә, дұрыс айтасыз, сол Көр-Қарасу. Қарабай көші осы Көр-Қарасуға барғаннан кейін құм жағалап «қай-қайып» кері қайтады. Бірақ бұрынғы ізімен емес. Жоңғар Алатауының сыртымен Құлжаға құлайды. Одан шығып тау бөктерлей көшіп Шыршыққа соғып, содан әрі Сыр-

дарияның бойына барады. Біраз уақыт Қоқанда болады. Онда сауда-саттық жасайды. Сөйтіп жүргенде Сарыарқаны сағынып сонда көшеді. Бірақ ол жақта да тұрақтай алмай атаңыз Бетпақдала шөлін кесіп өтіп баяғы алғашқы көшкендегі көш ізімен Аягөз өңіріне ат басын тірейді.

Ал енді былай, ойлап көріңізші, қаншама эпостық әсірелеу болғанымен, еш жерге ерулемей үдере көшумен жүрді дегеннің өзінде, ұзақ күнге қозыкөш қашықтықтан әріге баруға мүмкіндік бермейтін қозылы қойын былай қойғанда (қойы барын жырда Қозы Көрпештің тазша болып Қарабайдың қойын бағатынынан білеміз ғой), тоқсан мың жылқысы бар тұтас ауылдың осынша жерді (бұл жерлердің және ел-жұртсыз қаңырап бос жатпағанын да ескеріңіз) аралап шығуы мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес. Ал осының мүмкін еместігін осынау тарихи жырды өмірге келтіруші аты-жөні бізге беймәлім автор білмеді дей аласыз ба?

— Кім білсін?!

— Жоқ, кім білсін емес, білген. Оған аты-жөні белгісіз автордың жер атауларын дәл беруі және аталған өңірлердің географиялық орналасу тәртібімен, оларға қалай, қандай жолмен барғанын білгірлікпен тура суреттеуі бұлтартпас дәлел бола алады. Өйткені жер жағдайын, жол жөнін білмеген адам мұндай дәлдікке бара алмайды.

— Иә, мұныңызға қосылуға болады. Жыр авторының жағырапиядан сауаты бар екені анық байқалады. Бірақ олай болса, осыншалық білікті жан неге өз шығармасында жұрт сенбес жалғандыққа барып, Қарабай көшін жарты әлемді жалпағынан бастырып, шығанды шеңбер бойымен шыр айналдырады?

— Міне, міне... мәселенің өзі осында ғой. Манадан бері мен неге әңгіменің түйінін айтпай, сіздің уақытыңызды алып, осыдан сан ғасыр бұрынғы Қарабай көшінің соңынан ойша салпақтатып отыр дейсіз? Айтқаныма ой көзін жеткізер орай таппай орағытып келіп түйін шешер тұсқа жаңа тірелдім ғой.

— Қызық екен... Мұныңызды қалай түсіндік?!

— Мұны түсінудің ешқандай қиындығы жоқ. Ол үшін түргештердің көне тарихына көз жүгіртсеңіз жетіп жатыр. Сонда жаңағы Қарабай көші жүріп өткен жолдың артық-кемі жоқ, тұп-тура Түргеш қағанатына Сулудың (Сұлықтың) билік құрып тұрған кездегі қағанат құра-

мына енген территорияның шекарасы екеніне көз жеткізесіз. Сөйтіп белгісіз автордың ақындық қиял қуатымен поэтикалық бейнелеу арқылы қара түргештерді Қарахан (жырдың көне нұсқасында және басқа туысқан халықтар жырында Қарабай деп айтылмайтынын, оны кейінгі жыршылар өз кезеңінің ұғымына бейімдеп өзгертіп алғанын тағы еске сала кеткен жөн) арқылы беріп, қағанат шекарасын оның көш жолы етіп көрсеткенін аңғару қиын емес. Шекара шеңберін толық айналып өткен Қара ханды автордың Аягөз өңіріне қайта көшіруі — Қара түргештердің әлсіреп, оларды арабтардың Шу бойынан ығыстырған кезіне келетін секілді. Егер осы болжамымыз дұрыс болса, онда «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын 756 жыл мен түргештерді қарлықтар жаулап алған 766 жылдың арасында шығарылған деуге болады ма деймін. Өйткені, бұл кез қара түргештер мен сары түргештердің, жоғарыда айтқанымыздай, өздері қалаған бір адамын хан сайлап алып, өзара қырқысып жатқан кезіне дәл келеді. Сөйтіп бұл тарихи дерек ретінде «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының атақты тарихшы Н. М. Карамзин нұсқасындағы кездесетін «жауласқан екі елдің» кімдер екеніне куәлік береді.

— Мұныңыз жаңалыққа жол ашар ойдың томағасын сыпыруға мүмкіндік беретін тосын пайымдау секілді екен. Дегенмен көне жырлардың көбесін ашып, көптің көзінен тыс қалған құпия сырларын зерттеп жүрген ғалымдарымыз бұған әлі не дер? Өзің жете біліп тұрмаған соң баға беріп, бірдеме деу де қиын.

— Иә, соңғы сөз кашанда білікті де білімді мамандарымыздікі ғой. Оған дауым жоқ. Менікі тек оралған ойға өріс беріп, өз пайымдауым арқылы өзгелер ойына қозғаушы болсам дегендік қана. Пікірге пікір қосылса, қателік жолы қысқара түспек. Осы үдеден шығу мақсатында «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын түргештер заманының туындысы ма деуге негіз беретін тағы біреу пікірімді, егер хош көрсеңіз, біржола айта кетсем бе деймін.

— О, не дегеніңіз, айтыңыз, хош көргенде қандай...

— Айтсам, өзіңіз де білесіз, жақында «Жазушы» баспасынан «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының ұлы ақынымыз Абай жинаған бір нұсқасы жарық көрді. Көркемдігі өзге нұсқаларынан ерекше бұл жырдың тағы бір артықшылығы басқаларда жоқ, өте көне нұсқаларда ғана, айталық, В. Радлов нұсқасында бар деректерді

беретіні дер едім. Мысалы, осында «Сақалы» деген ел аты жиі кездеседі. Қарабай іргелі елден жырыла көшкенде Ай мен Таңсық қалған жұртпен «Балталы мен Сақалы ел аман бол»,— деп қоштасады, көшпейік деген әйеліне Қарабай: «Балталыңды ұрайын Сақалыңмен» деп бұрқан-тарқан болады, Айбас өзін Баянға: «Сарыбайдың жұрты деп естуші ме ең, Балталы мен Сақалы елден келдім» деп таныстырады, осылай жалғаса береді.

— Иә, ондай бар. Оны мен де аңғарған едім. Өйткені бұрынғы бәрімізге таныс нұсқада «Сақалының» орнына «Бағаналы» деген атау жүретін.

— Дұрыс айтасыз. Бұл ретте академик Әлкей Марғұлан: «Мұхтарға (Әуезовті айтады) айтушы ақын Уәйіс, одан бұрын Бейсенбай ескі мотивті өзгертіп, «Балталы, Бағаналы ел аман бол» деп жаздырған. Бірақ дұрысы Абайдың нұсқасы. Ол Теріскейді ерте кезде қоныстанған елдің бірі — Балта-керей, олар осы жерде моңғол дәуірінен бұрынырақ отырды, оларды «Балталы» деп атаған. Сол Балталыдан шығып Айбас Аягөзге келеді дейді. Бірақ Сақалының қай ел (ру) екенін айтпайды. Ал, меніңше, осы Сақалы — сары түргештер ме деймін.

— Неге? Қалайша?

— Өзіңізге белгілі, жоғарыда айттық, түргештер өзара екіге бөлінгенде Түргеш қағанатының негізін қалаған Учжилэнің үлкен ұлы Согэнің ұрпағы кейін сары түргештер, ал Чалыш тайпасынан шыққан атақты бек Сулудың ұрпағы қара түргештер атанған болатын. Міне, осындағы сары түргештердің атасы іспеттес болған кісінің әлгі Согэ деген аты қытай жылнамасынан алынған есімі. Ал көне қытайлықтардың далалықтардың есімін әдейі бұзып, бұрып жазатынын бұрын талай айтқанмын. Қазір көптеген білікті ғалымдарымыз, айталық Л. Н. Гумилев, А. Г. Малявкин, С. Г. Кляшторный және басқалар Согэнің түрікше атын Сақал деп алып жүр. Біздің Қазақ ССР тарихында да (1980 ж.) осылай алынған.

Міне, осыдан келіп, тарихи жырдағы «Сақалы ел аман ба?» деген тіркесті «Сақалдың елі аман ба?» деп түсінуге, түсіндіруге негіз бар секілді. Өйткені мұндағы «Сақал» сөзіне жалғанған «ы» жалғауы ілік септігі жалғауының өте көне түрі. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Қазақы бала» (қазақтың баласы), «қалмақы ер» (қалмақтың ері) тәріздес бірнеше сөз тіркестерінде сақталып қалған. Сондай-ақ бұл қазір өзге туыстас тілдерде де кездеседі.

Ал елдің атының бір кездегі мықты билеушісінің атымен атала беретіні тарихта бар. Оған бір кездегі Көк Орданың ханы Өзбектің атымен байланысты шыққан «өзбек»; Алтын Орданың бегілербегі Ноғайдың атымен аталған «ноғай» этнонимдері толық дәлел бола алады. Осындай нақты тарихи жағдайларды салыстыра келіп, мен «Сақалы» сөзін Сақалдың, яғни Сақал ханның елі деп түсінген жөн ғой деймін. Ал егер осы «Сақалымыз» шыныменен Сақал (Соғэ) болса, онда бұл елдің Сары түргештер екеніне дау болмайтыны хақ. Әрине, бұл да әлі зерттеуді, қосымша салыстырма деректерді керек етеді.

— Мұныңыз шынында да қызық ой екен. Егер сіз айтқандай, Сақалы — Сақалдың елі деген мағына берсе, онда тарихымыздың бір беті ашылып, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырының қай кезде шығарылғаны ғана емес, қай елдің төл мұрасы екені де айқындала түсер еді.

Халқымыз сәл қисайғанды түзеп жіберер демеу күшті түйенің ауған жүгін салмақпен басып, теңестіріп жіберумен теңеп, «ауған түйені басқандай» деп жатады ғой, сол айтқандай ізденіс жолына сәуле түсіруге септігі тиер деген үмітпен осы орайдағы тағы бір ойымды ортаға сала кетейін. Ол — «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырындағы кездесетін, арнайы назар аударуды тілейтін бір дерек жайында. Менің түсінігімде бұл да әйгілі жырдың түргештер заманында өмірге келген дегенге өзіндік куәлік береді ғой деп ойлаймын. Есіңізде болар, жырдың басында белгісіз автордың өз кейіпкерлерін тыңдаушыларына таныстырып өтетін жолдары бар еді ғой. Міне, ол былай басталады:

Шешендер білген сөзді гулетіпті,
Сөз бастап бұрынғыдан тербетіпті.
Кешегі о бір қатар заманында,
Қарабай хан, Сарыбай бай өтіпті.

Кемел ақын келтірер сөздің нұрын,
Оған да заман өткен бір ықылым.
Қарабай хан, Сарыбай өткен екен,
Олар да о бір қатар бізден бұрын.

Соларда көп сөз болған, өткен жандар,
Мінеки, құлақ қойып, сөз тыңдаңдар.
Аз ауыл --- қарашасы халқы менен
Қарабайдың тоқсан мың жылқысы бар.

Әңгіме солар болған бірталай кеп,
Басына құдай берген дәулеті көп.
Жылқы айдаған тоқсан мың бай болса да,
Үйінде сайманы жоқ бойына еп.

Сексен үш жасқа келген сол күнінде,
Сүйер оның бір жалғыз перзенті жоқ.
Оның тегін, кім десең, айтады екен,
Бұрынғы өлеңшілер түрікмен деп.
Нәсілі Сарыбайдың ноғайлы емес,
Оның тегі кондыкер кобаң жұрт деп...

Міне, осындағы соңғы шумақтағы екі жолға назар аударыңызшы.

«Оның тегін, кім десең, айтады екен,
Бұрынғы өлеңшілер түрікмен деп...»

— Пәлі, бұл дерек шындық болса, онда жоғарыда айтқан пікірлеріңіздің бәрін жоққа шығарады ғой.

— Неге?..

— Оның не негесі бар. Бәрі анық емес пе? Жырды айтушының өзі «Қозы Көрпеш — Баян Сұлудың» ертеден жырланып келе жатқандығын, сол бұрынғы жырлаушылардың айтуынша Қарабайдың шыққан тегінің түрікмен екенін ашып-ақ айтып тұрған жоқ па?! Сонда деймін-ау егер Қарабайдың тегі түрікмен екені рас болса — сіздің манадан бергі дәлеліңіз өз-өзінен жәй сөз болып қалмай ма? Өйткені түргештер қайда, түрікмендер қайда? Керек десеңіз, сіз тілге тиек етіп отырған VIII ғасырда тіпті одан бұрын да, кейін де Жетісу өңірінде түрікмендер болған жоқ қой.

— Міне, бар пәленің бәрі осында, дәлірек айтсақ, осылай деп ойлауда. Бұл — біздің баршамыздың ортақ қатеміз. Әлі күнге санамызда кез келген халықтың шығу тегінің тамыры тереңде жатқанын мойындаймыз да, ал іс жүзіне келгенде әр халықтың ғұмырнамасын сол халықтың халықтық атауының шыққан, дәлірек айтқанда, тарихқа танылған кезінен бастаймыз. Соның салдарынан күні бүгінге дейін осынау ұлы даланың тұрақты аборигендерінің кім екенін білмей, кілең бір олай-бұлай жөңкіліп көшкен тұрақ-мекені белгісіз көшпелі тайпалардың

ерулеп өткен жері санап келеміз. Ал бұл шындыққа да, тарихқа да қиянат қой.

Осы орайда айтпағымыз түсінікті болу үшін жаңағы түрікмендерді-ақ алайық. Әу бастағы түпкі құрамының қалыптасуына сак, дай, массагет, сармат, алаң тайпаларының және ежелгі Маргиан, Парфия тұрғындарының да ықпалы болды, дегенмен бүгінгі түрікмен халқының негізін құрауда оғыздардың үлкен роль атқарғанын басқа білмесе де сіз білсеңіз керек. Ал осы оғыздар ежелгі түрікмен жеріне қайдан келді? Олар бұл жердің байырғы тұрғындары емес еді ғой?

— Е-е, мәселе қайда?! Ойыңызды енді түсіндім, жеңілдік танытқанымға кешірім өтінемін. Бұрын бұл тұрғыда ойласпағандықтан ба, тіпті бұған мән бермеппін ғой. Өте дұрыс айтасыз. Оғыздардың Жетісу өңірінде болғаны, одан VIII ғасырдың орта шенінде Қаратау бөктері мен Сырдарияның төменгі ағысы алқаптарына келгені, мұнда олардың кенгар-печенег бірлестігімен ұзақ жылдар бойы соғысып, ақырында Арал теңізінің батысы мен Каспий теңізінің солтүстігіндегі біраз жерлерді басып алғаны шындық. Ол жөнінде Қазақ ССР тарихында да, Қазақ Совет Энциклопедиясында да айтылған.

— Міне, осы оғыз тайпаларының Жетісу жерінен өкше көтерген ізіне үңілсеңіз, олардың басқа емес, кешегі Түргеш қағанатының құрамындағы халықтар екенін көресіз. Ал олар бауыр басқан ата-мекенінен ығысуына 766 жылы түргештерді жаулап алған қарлықтардың тегеуріні себепші болғаны даусыз. Бірақ оларды енді тарихшылар түргештер де, он оқ халқы да, тіпті түріктер де демейді, оғыздар дейді. IX-XI ғасырларда олар құрған феодалдық мемлекетті — оғыздардың саяси бірлестігі деп атайды. Көшпелілердің жұрт ауыстырып барған жерінде басқа жаңа халықтық атаумен аталуы, әлі күнге ғылымда оның неге бұлай болуының себеп-салдарының жан-жақты ашылмауы, сабақтастықтың үзілуі түркі тілдес көне тайпалардың талайының тегін танудағы қиындықтарға кездестіріп жүргенінің осындай сыры бар.

Жаңағы «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырындағы Қарабайдың түп тегі түрікмен дегенде сіздің де ой ағысын бірден түсінбей, дау айтып жатқаныңыздың да, меніңше, төркіні осында жатыр. Егер тарихшыларымыз түп тамыры бір туыстас халықтардың өсіп-өркендеуі, қалыптасу жолдарын сабақтастыра саралап көрсетіп, кімнің қайдан шыққанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берсе, біз бұл

әңгімені айтпаған да болар едік. Өйткені Қарабайдың тегі түрікмен дегенде, ойымызға бірден түрікмен халқының этникалық құрамын оғыздардың құрасқанын, ал олардың VIII ғасырдың екінші жартысының алғашқы жылдарында Жетісудың батыс бөлегінен ығысып келген Түргештер екені орала кетер еді. Сонда «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын Абайға айтып жаздырған ақынның: «Қарабайдың тегін бұрынғы өлеңшілер түрікмен деп айтады» деуінің мәнін де бірден түсінер едік. Бірақ ондай талдау жоқ та, біз қысқа қайырап сөзді ащы ішектей шұбалтуға мәжбүр болып жатырмыз.

— Сонымен, менің ұққаным: Қарабайдың шыққан тегі де сайып келгенде түргештер болды ғой. Оғыз деген атты олар Қаратау бөктері мен Сырдарияның төменгі ағысына келгеннен кейін алған. Осында оғыздар түркі тілдес басқа халықтардың, атап айтқанда, қазақ, өзбек, татар, азербайжан, түрік халықтарының этникалық құрамына енген сияқты түрікмен халқының қалыптасуына негіз болған. Солай ма?

— Дәл солай.

— Олай болса, Сарыбайдың тегін кім дейміз? Жыр авторы оны «Қондыкер қобаң жұрты» депті ғой.

— «Қондыкер қобаң жұрты» дегеннің не ұғым беретінін, егер тайпа аты болса, оның қандай көне тайпаға жататынын білмедім. Осылай болуы мүмкін-ау деген ойға бағыт берер ешқандай дерек те кездестіргенім жоқ. Егер жоғарыдағы менің болжамдарым тарихи шындыққа келер болса, онда Сарыбай елінің сары түргештер, ал «Қондыкер қобаң жұрты» соның іргелі ірі тайпаларының бірі болуы мүмкін. Бұл, әрине, анықтай түсуді керек етеді.

— Менің есіме енді түсіп отыр. Қаншалықты шындық екенін өзі білсін, әйтеуір осы «Қондыкер қобаң жұрты» жөнінде Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінен бір дерек кездестіргенім бар. Ол кісінің айтуы бойынша қазақта ертеде екі Қотан болған. Оның біреуін Қондыкер қобаңның Қотаны десе керек, яғни қыпшақтың Қотаны. Екіншісі — арғынның Қотаны. Арғынның Аргүл деген әйелінен Ботан, Қотан деген екі бала туады. Ботан жасында өлгендіктен одан ұрпақ қалмаған.

Мәшһүр Жүсіп «Қондыкер қобаң қазақ жұртшылығы үш жүзге бөлінбей тұрғанда бар атау еді» дегенді айтады. Ол кісі бұдан әрі Шортанбай қажы дегеннің дерегіне

сүйеніп, «Қондыкер қобаң жұрты» ерте кезде халифа еліне қоныс аударған» деген деректі де хабарлайды.

Мәшһүр Жүсіптің осы деректеріне қарап, Қондыкер қобаң жұртының кімдер екенін, меніңше, шамалауға болатын сияқты. Бұған Жүсекеңнің «Қондыкер қобаң жұрты» ерте кезде халифа еліне қоныс аударған» деген хабарламасы бағыт сілтесе, В. Г. Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жиынтығы» деген еңбегіндегі Рокнедин Бейбарыс пен ибн Халдунның берген дерегінде қыпшақтың: «тоқсаба, жете, боржоғлы, бөрлі, кангороғлы, анжоғлы, дурут, қарабөрккі, қотан, жерсак, күнік» секілді ру-тайпа атауларының арасында «қотан» атының кездесуі «Қондыкер қобаң жұртының» қыпшақ екенін айқындап түседі. Осыдан кейін тарихи оқиғалар желісіне назар аударсаңыз, қазақ хандығының құрамына енген тайпалардың ішінде халифа әскерімен соғысқан да, солармен алғаш байланысқа шыққан да түргештер екенін көресіз. Қарлықтар түргеш қағанатын құлатқан кезде қағанаттың батысындағы сары түргештердің бір бөлегінің халифа иелігіне өтіп кетуі әбден мүмкін ғой. Кейінгі тарихи деректерде «Қондыкер қобаң жұрты» дегеннің айтылмайтыны да осы ойға нәр тамызғандай. Мұның бәрі, әрине, тек жорамал ғана. Сондықтан мұны әлі де анықтай түсу керек.

— Кім білсін, солай болуы да мүмкін. Ел аузында Кубаньді «қобаң» дейтіні де бар, бәлкім «Қондыкер қобаң жұрты» сол Кубаньнан шыққандар болып жүрмесін. Бірақ олай болса да, бәрібір олар қыпшақ емес пе. Кубань атауының өзі құба қыпшақтардан шыққан ғой. Осы орайда ой түрткі ретінде Орынбор ведомствасының жеріндегі қыпшақтардың орналасуы жөніндегі мәліметінде қыпшақ руларының арасында «Сақал қыпшақ» деген ру атының барлығын да қоса айта кеткім келеді. Мұнда Ақмола аймағындағы алты болыстың бірі сақал-қыпшақ болысында он екі ауылдың бар екені, оның жалпы түгін саны 2827-ге жететіні айтылған. Осындағы сақал этнонимі біз айтып отырған сақалдан тамыр тартып жатпағанына кім кепіл.

Сондай-ақ Н. А. Аристовтың ботпай тайпасынан шыққан Диқанбай батырдан жазып алған шежіресінде Үйсіннен Ақсақал және Жансақал деген екі баланы туғызады. Осыған қарап, бұл екі атаны түргештің Сақалының Жетісу өңіріндегі тармақтары емес пе деген ой келеді.

Өйткені Түргеш қағанатының уыз ұясы осы Жетісу жері ғой.

Қалай дегенде де табанды зерттеу нәтижесінде басын ашып, анықтарлық мәселе көп-ақ. Әзірге осы айтқандарымызға ой тоқтатып, мүмкіндігінше түйін жасасақ, меніңше, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын жауласқан екі ел — сары түргештер мен қара түргештердің бір-біріне ғашық болған ұлы мен қызының махаббатының ескерткіші ме деймін. Ал олар кімдер? Кімнің балалары — ел билеген қағанның ба, әлде қағанға қараған қалың елдің қарасының ба? Ол жағына куәлік беріп нақтылау қиын. Әйтеуір халықтық жырдың жарық дүниеге келуіне себепші болған, атаның ежеқабылымен (іште жатқанда атастыруымен) бар үміт-мақсатын, арман-тілегін қосқан махаббаттың адал перзенттері — қос ғашықтың сонау түргештер елінде өмір сүргені хақ, олардың өзгеге ой салардай, өнеге алардай мөлдір сүйіспеншілігі кезінде бауырластарының көңілін еріксіз тербегені хақ. Одан арғысы ақын қиялының жемісі. Ең кереметі-мәңгі бірлік, мәңгі тұтастық үшін ғана жаралған жандардың ұрпақ көңіліне ұялар бейнесін жасау үшін даланың сұңғыла жыршысы олардың жүрегіндегі махаббат отын тұтатып, жандырған ортаны — ел мен ұяны, жалпы жағдайды тұтас қамтып, махаббат жырын көшпелі өмір салтының жөргегіне орап жетілдіргені еді.

Екі ғашықтың махаббатының қуатын арттырып, тереңдетіп, ішкі қызуларын асқынту үшін жыршы қиялы не бір қиын кедергілерді, ауыр кешу, азапты өткелдерді жасайды. Қарабайдың мінезсіздігі, тас сарандығы, оның малын қуып жер түбіне қашуы, сезімнен ада дүлей күш иесі Қодар, қыз құмар, қызық құмар даланың серілері — бәрі-бәрі іңкәр жүректердің табысу жолындағы кедергілер. Өмір жақсылық пен жамандыққа негізделген. Әлгі кесапатты кедергілерді алуда екі жастың достық көмегін ұсынар ақ ниет адал тілекшілері де бар. Олар: Айбас, Ай, Таңсық және басқалар. Міне, өзара шарпысқан екі күштің — жарық күн мен қара түннің тартысының ішінде ежеқабыл қосқан екі жастың махаббаты туады. Ол махаббат, — заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің аса әділ тұжырымдағанындай, — белгісіздігімен күшті; әсіресе, тұман ішінен келетін тәтті түстей, көмескі келешегімен күшті. Сол себепті бұлар бір-бірін өлердей сүйеді. Сондықтан, Баян Қозы өлген күнде соның көрінісін

ішіне кіріп, жарын құшақтап, қара пышаққа жығылып өледі».

Міне, махаббаттың сұлу жыры мен сол махаббатты туғызып, өсірген жағдайды ой елегінен өткізе келіп мен осындай түйінге келемін. Бәлкім, бұл пайымдауым дұрыс та емес шығар. Бірақ мұның осы төңіректе ой қозғап, бұл шаруамен тікелей айналысып жүрген мамандар зерттеуіне жаңа арна тартуына септігі тиеді ме деген сенімім берік. Ал олар ғылыми негізделген дәлелдермен анықтап, бұл мәселенің басын ашып берсе, басқаны былай қойғанда, қазіргі таңда «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жырын өзіміздің төл туындымыз деп ортақтасып жүрген халықтардың бір кезде Батыс Түрік қағанатының құрамында болғанының басы ашылар еді. Осының өзі тарих үшін де, біз үшін де аз олжа емес.

КАРА ЕРТІС ҚАПТАЛЫНДА ҚАЛЫҢ ҚАРЛЫҚ

— Ұғынықты деген ойыңның өзін белінен бір-ақ басып, «қой, олай болуы мүмкін емес» дейтін беделдінің дәлелден жұрдай тоңмойын кесіп тастауынан зәрезап болған көңілдің пікірлестен қолдау, жебеу күткен тілегімен көптен мазалап жүрген ойды ортаға саламын деп негізгі әңгіме арнасын сәл бұрып кеттім-ау деймін. Жарайды, «Қозы Көрпеш — Баян Сұлу» жыры төңірегіндегі әңгімені осымен доғарып, ой желісін тарих арнасымен қайта тартайық.

Сонымен, Түргеш қағанатының орнын қарлықтар басты дедіңіз ғой. Сонда бұл қарлықтарыңыздың өзі кімдер? Сіз неге оларды қарлықтар дейсіз? Мен білетін деректерде оларды тек «қарлұқтар» дейтін ғана сияқты еді. Басқаны қойғанда, Қазақ ССР тарихында осылай, «қарлұқ» деп жазылған ғой?

— Жақсы, онда мен сөзімді сіздің соңғы сұрағыңызға жауап беруден бастайын. Сонда байқасам, біраз жәйдің басы өз-өзінен ашылатын да тәрізді.

Қазақ Совет Энциклопедиясының мәліметіне қарағанда қарлықтар біздің жыл санауымыз бойынша екінші ғасырда-ақ гректің жазушысы Птолемейдің атақты «Географиясы» арқылы белгілі болған секілді. Онда қартайпасын Алтайды мекендеуші халық деп көрсетеді. Солай дей тұрғанмен біздің қарлық этнонимімен жақынырақ,

нақтырақ танысуымыз өзіңізге белгілі атақты Орхон ескерткішіндегі руна жазуы берер деректерден басталатыны шындық. Ондағы төрт таңбамен (ҚРЛҚ) деп берілген көне түрік жазуын В. В. Радлов, одан кейін В. Томсен, ал олардан да кейінірек, бертінде С. Малов — бәрі бірдей «карлук» деп оқиды. Осыны біз өз тіліміздің айтылу үндестігіне жақындатып «қарлұқ» деп кеттік.

— Әуелі Томсен, сонсоң Радлов шығар. Көне түркілердің құпия жазуының алғаш кілтін тауып, сырын ашқан адам басқа емес, Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры осы Вильгельм Людвиг Петер Томсен екені жалпак әлемге аян ғой.

— Иә, руна жазудың кілтін тауып, тұңғыш құпиясын ашқан адамның Томсен екені рас. Бірақ соның тапқан кілтін пайдаланып Орхон жазуларын оқып, оны орыс тіліне аударып тұңғыш шығарған адам Василий Владимирович Радлов. Ал Томсен өз аудармасын одан кейін, бір жыл өткен соң, яғни 1895 жылы ғана жариялаған ғой.

— Солай ма еді, мен мұны білмейді екенмін. Иә, сонымен қарлұқ жөніндегі ойыңызды жалғастыра беріңіз.

— Міне, осындай мүйізі карағайдай-карағайдай ірі ғалымдардың бір-бірін қолдап құпия төрт таңбаны қарлұқ деп оқуы оның ғылымда дәл сол күйінде орнығуына негіз болды. Осыдан келіп араб, тәжік-парсы шығармаларындағы кездесетін қарлұқ атауы да әр түрлі жазылуына қарай «харлук», «харлуж», «халлук» деп оқылып кете барды.

— Ал сонда сіздіңше дұрысы қалай?

— Мұның дұрысы былай деп нақты жауап беру үшін алдымен бұл атаудың шығу тегін, төркінін білу керек. Онсыз айтылған сөз тек көзжұмбайлық болмақ. Ал ғылымда әзірге «қарлұқ» этнонимінің этимологиясын жан-жақты дәлелдеп, анықтаған ешкім жоқ сияқты. Әйтеуір өзім кездестірмеппін. Сондықтан дұрыс болар, бұрыс болар тәуекел деп қалайда өзімізге сонылауға тура келеді. Бұл ретте көне түрік жазуының оқылу заңдылығы бойынша таңбаларын «қарлук» деп те, «қырлық» деп те, «қарлық» деп те оқуға болады. Мұның қайсысы дұрыс, оны білу үшін алдымен осылайша аталған көне халық (тайпа) жөніндегі қолда бар деректерді зерделей талдап, ой елегінен өткізу парыз. Ал менің ғылымда қалыптасқан «қарлұқ» атауын сәл де болса өзгертіп «қарлық» деп

алуым қазақы ұғымға жақын, түсінікті болсын деген жалаң тілектің өтеуі емес, мен мұнда осы мәселемен тікелей айналысқан белгілі өзбек ғалымы Кәрім Шаниязовтың келтірген дерегіне сүйендім. Өзіңізге белгілі қарлықтар да өзбек ұлтын құрайтын көптеген тайпалардың бірі ғой. Міне, осы өзбек қарлықтарын жан-жақты зерттеген К. Шаниязов олардың өздерін қазір солай атамағанмен қарлық атауының солардың ата-бабалары мекендеген жер-су атауларында, қышлақтардың атында сақталып қалғанын, олардың «қарлық» немесе «қаллық» болып аталатынын айтады. Ал белгілі орыс ғалымы Н. А. Аристов қарлықтардың ертеден мекені болған Чарыш өзенінің бір саласының Қарлық деп аталатынын мәлімдейді. Сондай-ақ Күлтегін жазуындағы қарлықтарды да қарлық атайды. Демек, көне түркі тайпасының кезінде қалай аталғанына күәлік берер бірден-бір айғақшы да осы жер-су, қышлақ атаулары болуға тиіс қой. Менің «қарлықты» «қарлық» деп алуымның себебі де осыдан.

Жалпы қарлық, меніңше, нақты бір тайпаның аты болмауы керек, сөз мағынасына бақсақ жалпылама (нарицательный) атауға мегзейді. Бұл ретте ол далалық, қырлық деген атаулармен мағыналас. Ал қарлық сөзінің шығу төркініне, яғни этимологиясына үнілсек, онда көне заманда «тау, биік шың» деген мағына беретін «қар» сөзінен пайда болғанын, яғни таулық деген ұғымды беретінін көреміз. Тіл білімінде ностратикалық теория шығарған ғалым В. М. Иллич-Свитыч семит-хамит, кертвель, үнді-европа, урал, дравид және алтай семьясы тілдерінде қар (кер), кр формадағы сөздер «тау, тас, шың» мағынасында тарағандығын айтады. Мұны араб саяхатшысы Ибн Қалдунның мұзтауды «мұзқар» деп атайтыны расқа шығарғандай. Олай болса, біздің көне түркі тайпасының атын қарлық деуіміз тіл заңдылығына да тура келеді екен. Бұған және қарлық аталатын тайпалардың әуелде Алтайдың таулы аймақтарын — Қара Ертістің екі жақ бетін мекендегендіктерін қоссақ онда біздің болжамымыз ақиқат аулынан онша жырақ та кетпейтін секілді. Дегенмен болжамның аты болжам. Оның дұрыс-бұрыстығына күәлік беру қиын. Сондықтан пікір тұжырымын арнайы мамандар үлесіне қалдырып, жоғарыдағы сіздің сауалдарыңызға жауап берейін.

Қарлықтар жөніндегі алғашқы нақты дерек Қытайдың Тан әулетінің шежіресінен гэлोलу, кейде ол гэло, гэлу

күйінде де кездеседі. Мұның қытай тілінде нендей мағына беретіні белгісіз. Арғы-бергі аудармашылардың ішінде гэлोलу атауына тоқталып, оның мән-мағынасын ашқан ешкімді өз басым кездестіргенім жоқ. Осы Тан әулетінің шежіресінде қарлықтардың шығу тегі жөнінде «гэлोलу произошло из тукюеского Дома» деген жалғыз сөйлем бар. Бұл қарлықтарды Түрік үйінен (қағанатынан) шықты деген ұғымды білдіреді. Бірақ бұған қарап қарлықтардың тегін Түрік қағанатының негізін қалаған түрік-сыр халқынан екен деуге болмайды. Егер түп төркінін қусаңыз қарлықтар теле бірлестігіне енетін көп тайпалардың біріне жататын сияқты. Мұны көне қытай шежірелерінен бағзы замандарда Орта Азияны мекендеген көшпелі халықтардың тарихын сүзіп аударған белгілі ғалым, орыстың алғашқы синологтарының бірі — Н. Я. Бичуриннің гэлолуді (қарлықтарды) түріктерден бөліп, гаогюй (теле) ұрпақтарының тобында беруі де дәлелдейді. Ал көне қытайлықтардың қарлықтарды Түрік үйінен (қағанатынан) шықты деуінің мәнісі олардың көне түріктерді ел ретінде танып, қатынас жасай бастаған кезде қарлықтардың түріктердің құрамында жүргендігінен болса керек. Есіңізде ме, теле тайпаларының бірігіп Жужанның ханы — Анахуанға қарсы соғысқа аттанғанда түріктің алғашқы ханы Бумынның (қытай жылнамасында Тумынь) оларды жолдан күтіп алып, тосыннан шабуылдап талқандайтыны. Жылнама сол жолы «түріктер 50 мың түтінге дейінгі халқы бар бүкіл аймақты өздеріне бағындырып алды» деген мәлімет береді. Солардың ішінде қарлықтардың болуы әбден мүмкін ғой. Моңғол Алтайының күнгей қойнауын мекендеген түріктерге жер жағдайының орайлас келуі де бұл ойымызды онша теріске шығармайды.

— Бұл пікіріңіздің жаны бар сияқты. Дегенмен мұсылман тарихшыларының арасында қарлықтарды түріктер дейтін нақты ұғым бар екенін де жоққа шығара алмаймыз ғой. Мысалы, «Қитаб ахбар әл-буданның» авторы Ибн әл-факих «Қарлықтар ежелгі түріктер» деп анық-ақ жазған.

— Мұны меніңше нәсілі түрік деген ұғымда емес, түркі тілдес деген мағынада түсінген жөн сияқты. Ал нәсілі деген мағынада түсінсек онда VI ғасырдағы қағанат негізін қалаған түріктерді емес, солардың түпкі шығу тегімен ортақтастықты ұғынған жөн. Бұған мұсылман

тарихшыларының оғыздарды да, печенегтерді де, торктарды да, кыпшақтарды да түріктер деп атайтынын еске алу арқылы түсінуге болады.

Жалпы қарлықтар түріктерге жеке империя болып дүрілдеп тұрғанда бағынып, кейін Шығыс және Батыс қағанаттарының құрамына енген. Жер жағдайының ретіне қарай осы екі Түрік қағанатының арасына орналасқан қарлықтар олар күшейгенде амалсыз бағынып, ал әлсірегенде тәуелсіздік алуға ұмтылып отырған. Қалайда жауынгер ел өзінің тәуелсіздігі үшін күресін кашанда тоқтатпағанға ұқсайды. Осы мақсатта олар Шығыс және Батыс түрік қағанаттарымен бірнеше рет ашық шайқасқа шығып та отырған. Сондай шайқастарда ойсырай жеңілген кездерінде бас сауғалап қашып барып Қытайды паналаған кездері де болған. Мұның бәріне Тан әулетінің шежіресінің мәліметтері де, Орхон ескерткішінің жазуларына да куәлік бере алады. Мысалы, Тан әулетінің шежіресі Шығыс түрік қағанатының хандары Чебидің және Қапағанның тұстарында гэлолудің (қарлықтардың) қағанаттан бөлініп, Қытайға бағынғанын, ал 742 жылы қарлықтардың хойхулармен, басимилармен бірігіп, Шығыс Түрік қағанатына шабуыл жасап, оның ханы Усумишиді (Озмысты) өлтіргенін айтады. Мұндай жағдайлар және аз болмаған. Сондай-ақ Күлтегін ескерткішінің жазуында бұл ретте мынандай дерек бар: «Күлтегін жиырма жеті жасқа келгенде қарлық халқы өз бетімен жүріп жау болды. Тамағ Ыдық Баста соғыстық. Күлтегін... Алып Чалчы Ақ атын мініп, ебіне тиді. Екі ерін қуа барып шанышты. Қарлықты қираттық, алдық» дейді көне жазбаның авторы. Міне, осының бәрі жоғарыда айтқанымызға дәлел.

— Сіз жаңағы әзірде қарлықты жалпылама атау дедіңіз. Бірақ сол ойыңызды тарқатпадыңыз ғой.

— Ғылыми еңбектер дерегіне баксақ қарлықтарды халық деп те, тайпа деп те атай береді. Ал қытай жылнамасынан қарлықтар жөніндегі мәліметтерді аударған Н. Я. Бичурин оны үнемі «поколение гэлолу» деп алады. Шындығында қытай жылнамасында қарлықтарды тайпаны белгілейтін «бу», руды белгілейтін «цзу», тіпті атаны белгілейтін «син» иероглифiмен де көрсете береді. Осыларға қарағанда менiңше, бұл атау тектес, тiлдес, дiндес бiрнеше туысқан тайпалардың басын қосқан үлкен бiрлестiктiң атауы болса керек. Олай дейтiнiм қазiр соңғы кезде қытай жылнамалары бойынша зерттеу жүргiзiп

жүрген ғалымдардың ортақ пікірі — қарлықтардың үлкен-үлкен үш тайпадан — моуло (Бичуринде мэуло, немесе мэули); чисы (Бичуринде чжисы, немесе пофу) және таши (Бичуринде ташили) — тұрады дегенге саяды. Шынында да, жылнамалар дерегінде осы үш тайпаның қай-қайсысын да нақты бір ерекшелеп бөліп көрсету керек болмаса, бөлмейді, бәрін ортақ атпен гэлолу (қарлық) деп атай береді. Мұның бәрі қарлық атауының жеке бір рудың, немесе бір тайпаның аты емес, тұтас бірлестіктің атауы деп түйін жасауымызға мүмкіндік беретін сияқты.

Ал жаңағы қарлық бірлестігіне қарады деген үш тайпа жөнінде біз не білеміз? Енді соған келейін.

Бұл ретте бізге әзірге нақты белгілісі осы үш тайпаның қытайша аталуы және олардың Қапаған қаған тұсындағы билеушілерінің есімдері. Олар: Дэуцзиньчжус, Мулофуги және Хуби деген кісілер. Бұл есімдер де өкінішке орай қытайлық ұғымда.

Өзіңізге белгілі, Шығыс Түрік қағанаты Чеби ханнан кейін жеке дербес қағанат ретінде өмір сүруін тоқтатып, үріктер қытайдың шекаралық боданына айналып, олардың қарамағындағы жер екі басқақтыққа, бірнеше губерния мен аймақтарға бөлшектенген болатын. Ол жөнінде, қытай императоры Гао-цзунның бұл ретте ұстанған саясатын бұдан бұрынғы әңгімемізде толық айтқанмын. Міне, осыған байланысты бұрынғы қағанат құрамындағы қарлықтарға тиесі жер 657 жылы Қытайға тәуелді үш әкімшілік орталығына бөлінді. Атап айтқанда моулолардың мекені — Инь-шань, чисылардікі — Дами, ташилардікі — Сюань-чи аймақтары деп аталады. Кейінірек чисылар жерінен тағы бір аймақ құрылды, оны Гин-фу (А. Г. Малявкинде Цзинь-фу) деп атайды. Бұл аймақтардың аттары да жоғарыдағы тайпалар мен олардың көсемдерінің аттары секілді түгелдей қытайлықтар берген, солардың ұғымындағы атаулар болатын. Олардың түркілік ұғымда не мағына беретінін және қайсысының қазіргі қандай ру-тайпалардың атымен шендесетіндігін тауып, анықтай қойған әзірге ешкім жоқ. Бірақ ізденістер бар. Мысалы, осы үш тайпаның үлкені — моулоны біраз ғалымдар К. Цегледи мен Лигетидің пікіріне сүйеніп, түріктің «бұлақ» деген сөзімен шендестіреді. В. Карлгрениң еңбегіне сүйенген Қазақ ССР тарихының авторлары, тіпті Моулоның бұлақ тайпасы екеніне шәк келтірмейді. «Бірінші тайпаның аты моула «Моуло» бұлақ деп қалпына келтіріледі» — деп сендіреді.

— Ендеше Қазақ Совет энциклопедиясы олардан да асып түсіп, бұл тайпаның бізге белгілі қытайша атын да келтірместен, не мұның қайдан алынған, кім айтқан дерек екенін көрсетпестен оның атын «Болат» деп кесіп айтады және бұлар Орта жүз қазақтарының этникалық ата-бабалары болған арғындар еді дейді.

— Асылы, дәлелсіз кесіп айтудан көмескіміз ашылып, көне тарихымыз қалпына келмесе керек. Қытайдың әулеттік шежірелерінде кездесетін Моуло тайпасының түркілердің қай тайпасы екенінің басы әлі ашылған жоқ. Оған қытай ғалымы Чень Чжунмяньнің Моуло түрікше бойла деген сөздің баламасы дейтін пікірі де айғақ. Ол бұл ойына дәлел ретінде Тоңюкөк ескерткішіндегі жетінші жолда Тоңюкөктің титулы жазылған — бойла баға тарқан деген тіркесті келтіреді. Осындағы алғашқы сөзді түріктердің атағы не аты дейді де, осыдан келіп ол «бойла» сөзін Моуло этнонимінің иероглифтік оқылуы деп түсіндіреді. Сөйтіп бұған түрік хандарының әйелдерінің не шешелерінің рулары қызметі дәрежесіне қарай тайпалық атауға ие болатынын айғақ етеді. Чень Чжунмяньнің бұл пікірін дәлелдеп теріске шығарған әзірге ешкім жоқ. Демек, осының өзі-ақ «Моулоны бұлақ деп, немесе болат деп қалпына келтірілді» деп түйін жасауға әлі ерте екенін көрсетсе керек. Сондай-ақ Махмуд Қашғари айтатын бұлақ тайпасын да қарлықтарға қиюластыра қою қиын секілді.

Қарлықтардың екінші тайпасы чисы, немесе чжусы жөнінде де осыны айтуға болар еді. Қазақ ССР тарихында бұл тайпаның шігіл деп қалпына келтірілгенін айтады. Бірақ бұған да көңіл жұбатуға әлі ертерек сияқты. Себебі бұл реттегі ғалымдардың пікір таласы әлі бір пәтуаға келген жоқ. Басқаны қойғанда бұл тайпаның атының транскрипциясының әр түрлілігінің өзі көп қиындық туғызуда. Мысалы, қытай жылнамалары осы тайпаның атын бір жерде чисы десе, енді бір жерінде пофу деп жазады. Ал осы чисы мен пофудың транскрипциясының өзі әр қилы: чисы, чжисы, чжусы, немесе пофу, посо, помо, сопо, софу болып кете барады. Мұны осымен қоя тұрып, енді иероглифпен әр түрлі таңбаланған осы тайпаның атының қытайша атауларының (чисы, чжисы, чжусы) түрікше баламасы чигиль (шігіл) деген пікірге тоқталайық.

Чисы этнонимін чигил деп оқуды алғашқы ұсынғандардың (1929 ж.) бірі Г. Пельо болатын. Этноним этимологиясын шығарудағы оның дәлелдерінің көңілге қоным-

дылығы сондай күні кешеге дейін білікті ғалымдардың көбі-ақ оны мақұлдап келген болатын. Бірақ осыдан он жылдай бұрын түрік ғалымы И. Эчеди П. Пельоның бұлайша оқуына күдік келтірді. Оның пікірінше чисы этнонимінің екінші түрі, атап айтқанда чжусы чигил этнонимінің транскрипциясын бере алмайды. Сондықтан чисы тайпасын чигил деу қате, оның шығу төркінін әлі іздеу керек дейді. Ал бұл жаңа ізденіске жол ашпақ.

Енді осы этнонимнің пофу болып оқылатын түрі туралы бірер сөз.

Бұл этнонимнің түркілік баламасы жөніндегі көңіл ұйытын пікірді де алғашқылардың бірі болып жаңағы П. Пельо айтқан көрінеді. Ол бұл этнонимді көрсететін қытай иероглифі «пофу» деп қате оқылып келген, дұрысы «софу» дейді. Осыдан келіп софудың түркіше баламасын «сәбег» деген пікірге тоқтайды. Бұл пікір күні бүгінге дейін теріске шығарылған жоқ.

Осы орайда А. Г. Малявкин бір қызық дерек келтіреді. Ол «Тан мемлекетінің көне хроникасындағы (ЦТШ) «ұйғырлар туралы әңгіме» деген тарауда «сәбег» сөзінің транскрипциясы басқа емес, тек «помо» түрінде кездесетінін, осы текте ұйғыр қағаны Бююдің (Итигәннің) әйеліне берілген жаңа титулдың «помо гуанцин лихуа бильгэ катун» деп аталатынын және «помо» сөзінің қытай тілінде «ілтипатқа ілігу, немесе сүйікті» деген мағына беретінін айтады. Ал Чэнь Чжунмянь осы Хроникаға берген түсініктемесінде помо сөзінің мағынасы түріктің сәбегіне жақын екенін айтумен бірге осы помо этнонимінің екінші бір шығармада (Цзычжи тунцзянь) сомо түрінде кездесетінін де айтады. Қалай болғанда, егер көптеген ғалымдардың қытайдың «по» және «со» сөздерін көрсететін иероглифтері басқа тілге бергенде көп ажыратыла бермейтінін, сондықтан оларды шатыстырудың жиі болатынын айтқан пікірін ескерсек, пофу, помо, софу, сомо этнонимінің түрлерінің түріктің «сәбег» деген сөзінен мағыналас келеді деген пайымдауға тоқтауға болатын сияқты. Бұған сәбег сөзінің этимологиясы да куәлік береді. Ол «сәб» және «бег» деген екі сөзден құралған. Сәб — көне түрікше сүю, сүйікті, бег — бек деген сөз. Сонда сәбегіміз сүйікті бек деген ұғымды береді.

— Осы арада мен жаңағы сіз айтқан пайымдаулардан жоғарыдағы Чэнь Чжунмяньнің моуло тайпасын бойла дейтін жорамалының дұрыстығына дәлел тапқандаймын. Чэнь Чжунмянь онда өз болжамын түріктердің ханда-

рының (қағандарының) әйелдерінің, немесе шешелерінің рулары олардың алған атақ дәрежесіне қарай тайпа атауына ие болатынымен дәлелдеп еді ғой. Енді байқадыңыз ба, мында «помо» тайпа атауы ұйғырдың Бюгю қағанының әйелінің титулының негізінде шығып отырғанын. Демек, бұл Чэнь Чжунмяньнің Моуло этнонимін бойламен шендестіруінің жаны бар.

— Иә, оны дұрыс аңғарыпсыз. Бұл ретте оның пікірі қолдауға тұрарлық. Дегенмен оны соңғы пікір деуге де болмас. Мұның бәрі сайып келгенде ақиқатқа жеткенше ізденісті тоқтатпау керек деген байламға негіз ғана.

— Оныңызға мен де қосыламын. Ғылымның сан саласының (этнография, тарих, лингвистика, география және т.б.) мамандарының жан-жақты зерттеу нәтижесі бір арнаға тоқайласып, ғылыми зерде мойындар тыңғылықты пайымдауын айтқанша ізденіске өріс бере беру парыз. Бұған дау да болмасқа керек. Сондықтан ой шашыратпай, негізгі әңгімені сабақтай түселік. Ендігі кезек — қарлықтардың үшінші тайпасы хақында.

— Үшінші тайпаны қытай жылнамасында таши, немесе ташили деп айтады дедік қой. Бұл атаудың түрікше баламасын таслық, яғни тастық деп ғалымдар сонау ХІХ ғасырдың аяғында-ақ бір пәтуаға келген. Содан бері бұл пікірге өзгеріс кіргізіп, өзіндік пайымдауын айтқан ешкім жоқ. Тастық та қарлық деген секілді таулықтар, тауды жайлайтындар деген мағына береді. Таши тайпасының таулы алқаптарды мекендейтінін ескерсек, олардың «тастық» аталуының дұрыстығына көз жеткізе түсеміз.

Міне, осы үлкен-үлкен үш тайпа бір-ақ атаумен қарлықтар деп аталады. Менің оны тайпалар бірлестігінің аты болар дейтінім де осыдан.

Қарлықтардың ел ретінде (атының емес) еленіп, тарихқа танылған кезі Түрік қағанаттарының әлсіреген, құлауға бет алған тұсымен орайлас келеді. Бұл кезде Батыс және Шығыс Түрік қағанатының ішкі талас, сыртқы соғыс салдарынан титықтаған кезін пайдаланып, тәуелсіздік тізгініне ие болған біраз тайпалар қағанат құлағаннан кейінгі шекара аймақтарындағы бейбіт тыныштықпен өткен отыз жыл ішінде едәуір күш жинап үлгірген еді. Солардың ішінде түргештердің қалай нығайып, өз қағанатын құрғанын, бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жеріне ие болғанын жоғарыда айттым. Міне, осы кезде түргештермен иық тірестіріп, Жетісу жерінде

оған тегеурінді қарсылық көрсететін бірден-бір тайпа қарлықтар болатын.

— Токтаңыз, жаңа ғана қарлықтарды Алтай тауының батысында Қара Ертістің екі жақ жағалауында көшіп жүрді демеп пе едіңіз. Енді аяқ астынан Жетісу жерінде деуіңіз қалай?

— Қарлықтардың әуелде Алтайдың батысында, Тарбағатайда болғаны рас. Бірақ кейін олар оңтүстікке, оңтүстік шығысқа қарай жылжып, Батыс түрік қағанатының жеріне енген болатын. Бұл жылжуды әр ғалым өзінше түсіндіреді. Біреулері оның себебін бүкіл көшпелілерге тән рәсіммен соны жайылым, кең өріс іздеуінен десе, біреулері ру-тайпа көсемдерінің шапқыншылықтан түсер мол олжаға қызығуынан дейді. Ал енді біреулері қарлықтардың жұрт өзгертуін олардың Батыс және Шығыс түрік қағанаттарымен болған тынымсыз қақтығыстарының салдары деп біледі. Менің байқауымша, олардың қоныс аударуына ұйғырлар себеп болған секілді. Ол жөнінде кейін айтамын. Әйтеуір қалай болғанда да қарлықтардың VII ғасырдың аяғына қарай көш бағытын оңтүстікке қарай түзегені шындық. Мұнда олар бұрынғы Батыс түрік қағанатының жеріне еніп, аймаққа өз қожалығын еркін жүргізу үшін түргештермен күреске түседі. Түркі тектес бұл екі халықтың арасындағы жанжал өрті, әсіресе VIII ғасырдың басына қарай өршіп, біреуі жеңіліп тынбай, тоқтамас дәрежеге жетеді.

Міне, осы мақсатта түргештерді біржола талқандап бүкіл Жетісу өңіріне өз үстемдігін орнату үшін қарлықтар осы алқаптың байырғы тұрғындары Хуву және Шуниси тайпаларымен астыртын одақ құрады. Есіңізде болар, бұлар осының алдында Қапаған қағанның заманында оның қатыгездігіне қорқып, қытай империясының қаруына өтерде де ауыз бірлік танытып, бірге қашатын еді ғой. Олар сол ынтымақтастығын осы жолы да пайдаланып қалғысы келеді. Қарлықтардың мұндай батыл шешімге баруына Екінші Шығыс түрік қағанатының ханы Қапағанның осының алдында түргештерге тосын шабуылдап, оның атақты ханы Сақалдың әскерін талқандап, өзін өлтіруі себепкер болған еді. Қапағанның жойқын шабуылынан үлкен қырғын тауып, әлсіреген әрі басшысынан айрылып сансырап қалған елге ес жиғызбай үстемелете қайыра соққы берсек, толық жеңіске ие боламын деп ойлаған қарлық ябғуы жаңа одақтастарының біріккен

күшімен 712 жылдың жазында түргештерге келіп тиеседі. Бірақ шабуыл нәтижесі қарлық яғбуының ойлағанындай болмайды. Ханы өліп, әскері талқандалған түргештердің қалғанын Шу бойын мекендеген түргештердің басқа бір тайпасының бегі — Чеби Шичжо Сулу деген кісі өз қарамағына қосып алып, сырттың тосын қандай бір шабуылына болсын тойтарыс беруге дайын отырған болатын. Бұл — кейінірек Түргеш қағанатын дәуірлеу биігіне көтерген, Орта Азияға өңмеңдей енген араб әскерлерінің бетін қайтарған, соған орай олардан «сүзеген» деген ат алған түргештің Учжилэден кейінгі мықты ханы болған — Сұлық хан еді. Міне, осылайша қарлықтар өздері ойлағандай берекесі кетіп, бірлігі тозған елге емес, жасанып жау күткен осы Сұлықтың жасақты қолына келіп тиісті. Екі жақтан да шығын көп болды. Алайда түргештер өз үстемдігін сақтап қалды. Содан қарлықтар қашан Сұлық хан өлгенше түргештерге жолаған жоқ.

Бірі әлсіресе екіншісі нығая түсетін көшпелі өмірдің шапқыншылыққа негізделген тірлігіне сай бұл кезде Қаратал, Буксүй, Эдер, Цилутугол, Уркатай — гол, Ақзирга — гол және Селенганың үш саласы — Хасуй, Экэ, Орхон өзендерін мекендеген тоғыз оғыз тайпасының басын біріктірген ұйғырлар дәуірлеп келе жатыр еді. Ұйғырлар мұндай жағдайға бұрынғы одақтасы сеяньтоны қиын сәтте опасыздықпен сатып, түріктердің талауына дара тастап кетуімен қоймай, өзі бірге таласып, оларды жуық маңда енді бас көтере алмайтындай етіп соққыға жыққаннан кейін ие болған-ды. Олар мұндай одаққа опасыздықты кейін басмылдар мен қарлықтарға да жасайды. Бұл ретте ұйғырлар әуелі қарлықтар мен басмылдармен (қытайша Басими, кей еңбектерде бұларды Бисмал деп те атайды) одақ құрып, Екінші Шығыс түрік қағанатының ханы Озмысқа бірігіп шабуыл жасайды. Нәтижесінде түрік әскерін талқандап ханын өлтіреді. Содан кейін олар қарлықтармен жасырын келісіп, екеуі өздерінің бұрынғы одақтастары басмылдарға қарсы күресіп, оларды талқандайды.

Бұл арада, әрине, далалықтардың күшейіп кетпеуі үшін олардың арасына от жағып, өзара қырқыстырып қоятын қытайдың жегіқұрт саясатының да ықпалы болғанын айта кеткен жөн. Өйткені ұйғыр, қарлық, басмыл одағының біріккен күшінің Екінші Шығыс түрік қағанатқа қарсы күресінің тамаша жеңісінен кейін, Тан империясы үштік одақтың билік тізгінін осылардың ең әлсізі бас-

мылдың көсемі — Ашина Шидің қолына ұстатып, оны Ильтериш (Елтөресі) Хэла-білге деген атпен хан тағына отырғызды. Ал бұл түп мақсаты байтақ даланың дара қожасы өзім боламын деп күресіп жүрген ұйғырларға да, олардың мықты одақтасы қарлықтарға да ұнаған жоқ. Сондықтан да олар өзара оңай тіл табысып, басмылға жабыла кетті. Өзі әлсіз, әрі қамсыз басмылдардың тыпырлауға да шамасы келмеді, күресті ұйымдастырып, қарсы тұрар ханы Ашина Шидің өзі бас сауғалап, Бешбалық қорғанына қашты. Бірақ одан да пана таба алмай Тан империясының астанасы Чаньанға кетті.

— Ғафу етіңіз, осы арада әңгімеңізді сәл бөліп, бір мәселенің басын ашып алу қажет болып тұр. Сіз ғой жаңа үштік одақ бірігіп, Шығыс Түрік қағанатының ордасын шауып, ханы Озмысты өлтірді, сөйтіп қытай дипломатиясының көмегімен үштік одақтың ханы басмыл Ашина Ши болды дедіңіз. Сонда қалай? Ашина Түрік қағанатының негізін қалаушы тайпадан хан болғандардың фамилиясы іспетті атау еді ғой. Ол неғып басмылдың ханының фамилиясы болады? Басмылдар кезінде Түрік қағанатына бағынып, құрамына енгенмен, олар Ашина түрік емес қой.

— Қағандар әулеті атанған билеуші тайпа түрік-сыр халқынан шыққан хандар мен бектердің ғана атына жалғанатын Ашина атауының қалайша басмыл ханының атына қосақталғаны жөнінде кейінгі кезде түрлі пікірлер айтылып жүр. Мысалы, қытай ғалымы Ху Саньсин Ашина Шидің мұндай фамилияға ие болуының себебін, оның шыққан тегінің түрік болғандығынан деген ой айтады. Ал жапон ғалымы Х. Оногава жаңағы ойды өзінше дамытып, басмылдар түріктерге бағынып, солардың құрамында жүргенде, оларға сол билеуші тайпаның өкілінің әмірші болуы мүмкін екенін еске салады. Ал белгілі совет ғалымы А. Г. Малявкин бұл пайымдаулардың бірімен де келіспейді. Ол басмылдың көсемі билеуші түрік тайпасынан шықпаған дейді. Бұл ғалымның ойынша Ашина аты басмылдың көсеміне оның Түрік қағанатының алдында сіңірген еңбегі үшін берілген. Бұған мысал ретінде ол қытай империясына сіңірген еңбегі үшін далалықтарға қытайлықтардың Ли фамилиясын беретінін алға тартады.

Ал, менің өз пайымдауымша А. Г. Малявкиннің пікіріне қарағанда Ху Саньсин мен Х. Оногаваның түйіндеулері шындыққа жақындайтын сияқты.

— Неге?

— Себебі, бұл арада А. Г. Малявкиннің қытай империясының дәстүрін далалықтарға телуі онша көңілге қонбайды. Даланың өз заңы бар. Бұған түсінікті болу үшін мысалды сол көшпелі елдің бел баласы өзіміздің қазақ халқының өткенінен-ақ келтірейін. Өзіңіз де білесіз, қазақ халқын үнемі төре тұқымынан шыққан сұлтандар билеп келді. Хандар да солардың арасынан шықты. Сонда қазақтың құрамындағы іргелі ірі тайпалар өздерін билер адам болмай қалғанда үлкен ханға кісі салып, өздерін билеуге баласын сұрап алдырып, ақ киізге салып оны хан көтермеуші ме еді. Олар сол өздері басқарған тайпаларға сіңісіп, солардан шыққан болып саналатын. Халқымыздың аңыз-әңгімелерінен естіп, білген әлгі үйсін Тезек төре, найман Қамбар төре, керей Мәмбет төре және басқалар осының дәлелі емес пе. Ендеше Түрік қағанатының құрамында ұзақ жылдар бағынышты болып жүрген басмылдарды түрік қағандарының тұқымынан шыққан бектердің біреуінің билеуі әбден мүмкін ғой. Олай болса басмыл ханы Ашина Шидің тегі түрік деген пікірдің шындыққа алыстығы бар ма?!

— Шынында да жоқ сияқты. Дегенмен, мұндай тарихқа қатысты мәселеде бәрінің нақты дерекке негізделіп жатқаны жақсы. Бұл арада бар қиындық атаулардың қытайша бұрмаланып алынатынында болып тұр ғой. Егер қытай жылнамалары ру-тайпа және адам аттарын түркілік мағынасында берсе, мұндай қиындықтар тумас еді.

Жарайды, біз негізгі әңгімеміздің арнасынан тағы да шығып барамыз. Енді соған оралайық. Сонымен ұйғырлар мен қарлықтар бірігіп, басмылдарды талқандады.

— Қарлықтардың көмегімен басмылды талқандағаннан кейін ұйғырлар қаруды енді олардың өзіне бағыттады. Сөйтіп олар қарлықтарды өзіне бағындырып, Екінші Ұйғыр қағанатының құрамына кіргізіп алды. Бірақ бұл бүкіл қарлықтар Ұйғыр қағанатының құрамына енді деген сөз емес еді. Ұйғыр қағанатының құрамына енгендер Хангай жоталары мен Танну тауының (Танну — Ола) бөктерлерін мекендеген қарлықтар болатын. Ал Алтай тауы мен Бешбалық төңірегіндегі қарлықтар өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Олар күшейіп келе жатқан ұйғырлардан іргесін аулаққа салып, ішкі қырқыстан күн санап әлсіреп бара жатқан Батыс Түрік қағанатының жеріне басып кірді. 766 жылы түргештерді талқандап, ірі жеңіске жеткен қарлықтардың ябғуы Тон-Білге Жетісу өңіріне

бойлай кіріп, Шу өзені бойындағы Суяб қаласына өзінің ордасын көшірді. Көп ұзамай қарлықтар он оқ халқының жерін түгел иеленіп, Тараз бастаған бірнеше қаланы өзіне қаратты. Сөйтіп олардың көшінің алды Сырдарияға дейін жетті.

Бұлардың отаны алтын өндіретін Иун-С (Алтай) тауында болды. Халлуктар (қарлықтар) әуелде тоғыз оғыздарға (ұйғырларға) бағынды. Бірақ кейін оларға қарсы шығып, Түркістан (Жетісу өңірін айтады) жеріне басып кіріп, тіпті ислам еліне дейін барды,— дейді осы кездің жағдайын суреттеген XIII ғасырдағы Бұхар ғалымы Ауфи.

Ал осы деректі X ғасырдың басқа бір авторы одан да гөрі нақтылай түседі. VIII ғасырдың екінші жартысында қарлықтардың алып жатқан жерінің шекарасын «Худуд ал-әлем» атты әйгілі шығарманың белгісіз авторы: «Қарлықтар шығыста Тибеттің және ягма мен тоғыз оғыздардың жерімен, батыста — гуздардың жерімен, батыста — гуздардың (оғыздардың), оңтүстікке — ягманың біраз жерімен және Мавераннахрмен, солтүстікте — чигильдер мен тоғыз оғыздардың жерімен шектеседі»,— деп көрсетеді.

Мұндағы Тибет пен Мавераннахрдың қайда екенін өзіңіз білесіз. VIII ғасырдың екінші жартысында оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысын мекендегенін, орталығы Жанкент қаласы болғанын алғашқы әңгімемізде және Тоңюкөк пен Қорқыт жөнінде сөз болғанда жанжақты айтқанбыз. Ал кейін X ғасырдың орта тұсында олардың Каспий теңізінің шығысы мен теріскей жағалауына барғаны тағы белгілі.

Мұнда сізге түсініксіз ягма деген атау болар. Ол — түркі тілдес тайпалардың бірінің аты. Кейін қарлықтардың құрамына кірген. «Худуд ал-әлемнің» белгісіз авторының айтуы бойынша олар сол кезде Хатлам (Нарын) өзенінің оңтүстік жағалауын мекендеген. Сондай-ақ олардың территориясына Қашқарға дейінгі Ат-башы, Қанжағар-башы секілді көне қалалар да кіргенге ұқсайды. Ал Гардизи ягма тайпасын қарлықтар мен қимақтардың мекендерінің арасына орналастырылады. Оның бұл мәліметі қытай тарихшыларының дерегімен үндеседі. Мықты көршілерінің түртпегіне ұшыраған ягмалардың үлкен бір бөлігі ығысып кейін Іле өзенінің орта ағысына, одан да өтіп Ыстық көлге дейін барады.

Енді бірер сөз қарлықтардың солтүстіктегі көршілері — чигильдер (шігіл, жігіл, жиқыл) жөнінде. Олар да түркі тілдес тайпалардың бірі. В. В. Бартольд чигильдерді қарлықтардан бөлінген деген пікір айтады. Қарлықтар мен чигильдердің өзара қатынасын талдай келіп, олардың негіздерінің өте тығыз байланыста екенін Н. А. Аристов та, А. Ю. Якубовский де мақұлдайды. Сан жағынан алғанда чигильдер қарлықтардан кейінгі орында болған. Олар Іле өзенінің оңтүстік жағалауынан Сырдарияға дейінгі жерді мекендеген. «Худуд ал-әлемнің» белгісіз авторы оларды Ыстықкөлдің оңтүстік шығысына да орналастырады. Ал бұл Махмұд Қашғаридің дерегімен бір. Махмұд Қашқари чигиль атауы түріктердің үш тобының басын біріктіреді дей келіп, солардың бірі — көшпелі тайпасы — Ыстық көлдің оңтүстік шығысындағы Куяс қаласының төңірегін мекендегенін айтады. Ал екінші тайпаны Тараз қаласына жақын орналасқан Чигиль қаласында орналастырады. Махмұд Қашғаридің Куяс қаласы төңірегіндегілерді көшпелілер деп ерекшелеуіне қарағанда Чигиль қаласындағылар шамасы отырықшылар болса керек. Үшінші тайпаның қайда орналасқанын Махмұд Қашғари көрсетпейді. Бірақ Гардизидің «Ыстық көлдің төңірегін түгелдей жикильдер (чикильдер) мекендеген» дегеніне қарағанда олар да осы Ыстық көлдің төңірегінде болғанға ұқсайды.

Міне, осыдан кейін жаңағы аты аталған тайпалардың иеленген жерінің жағдайын білгеннен соң, «Худуд ал-әлем» авторы көрсеткен қарлықтар иеленген өңірдің мөлшерін шамалауға болатын сияқты. «Худуд ал-әлемнің» осы дерегін басқа мұсылман авторларының шығармалары толықтыра түседі. Мысалы, Истахри қарлықтарды «Исфиджабтан Ферғананың ең шеткі аймағына дейінгі жерге» орналастырады. Ал Масъудидың мәліметі бойынша қарлықтар X ғасырдың бірінші жартысында «бүкіл Ферғана өңірін және Шаш (Ташкент) пен оның төңірегін мекендеген. X ғасырдың тағы бір ғалымы Ибн Хаукал «қарлықтардың жерін батыстан шығысқа қарай кесіп өту үшін 30 күн жол жүргенін» жазады. Осы Ибн Хаукалның замандасы араб саяхатшысы Абу Долеф қарлықтар жерін кесіп өтуге 25 күн керек болғанын айтады.

— Осы арада бір сұрақ туып отыр. Әңгімеңізді сәл бөліп, соны сұрасам қалай болады?

— Сұраңыз. Оған несіне бөгелесіз? Біз әңгімеміздің басында келістік қой.

— Сұрасам, сіз жаңа араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларының дерегіне сүйеніп, Ферғана жазығын түгелдей қарлықтар иеленді дегенді айттыңыз. Ал мен В. В. Радловтың қарлықтар Ферғанада ешқашанда болған жоқ деген пікірін оқыған едім. Сонда бұл қалай?

— Оныыз рас. В. В. Радлов ұйғырлар жөніндегі еңбегінде қарлықтардың VIII-IX ғасырларда Ферғанаға кіргенін теріске шығарады. Ол Масъудидің Ферғана жөнінде жазғандарындағы «қарлық» деген сөз кездейсоқ түскен қателік. Шынында Ферғанада қарлықтар болған емес. Онда X ғасырдың ортасына шейін ұйғырлар тұрды» деген пікір айтады. В. В. Радлов бұл пікіріне қараханидтердің хандарының ұйғырлардан шыққанын айғақ етіп ұсынады.

Бірақ үлкен ғалымның бұл пікірінің жаңсақтығын, VIII ғасырдың басында-ақ Ферғананың үлкен бөлегінің қарлықтар еншісінде болғанын А. Ю. Якубовский «Өзбек халқының этногенезі жөніндегі мәселеге» деген еңбегінде дәлелдеп берді. Оның бұл пікірін қытай жылнамасының мәліметтері де нақтылай түседі. Батыс және Шығыс қағанаттарының екі жақты қысымына шыдамай VII ғасырдың ортасында Нарын өзенінің жоғары ағысының төңірегіне ығысқан қарлықтар бірте-бірте оңтүстік-шығысқа қарай қанат жайып, Қашқарды, Жаркентті, Хотанды иеленіп, тіпті одан асып Тохаристан жеріне барып енеді. Содан Батыс түрік қағанаты құрамындағы тайпаларды тықсыра қуып, Нарын өзенінің бойымен құлдилап, Ферғананың шығысынан енген қарлықтар VIII ғасырдың орта шенінде одан асып Орталық Ферғанаға табан тірейді.

Ферғана алқабына қарлықтардың бұлайша дендеп кіруі арабтарға кәдімгідей қауіп туғыза бастайды. Сондықтан қауіптің алдын алу мақсатында Махди халифаның әмірімен Мавераннахрдың басқаға Ахмед Ибн Асад басқарған араб әскері Ферғана жазығына басып кіріп, Ферғана патшасының астанасы — Қасан қаласын жаулап алады. Осы арада Махди халифа өзіне бірігіп қарсы шыққан Соғдының ихшидына, Ферғананың патшасына, қарлықтың ябғуына, тоғыз оғыздың қағанына, Шаштың билеушісіне, Тибеттің патшасына елшілер жіберіп, солар арқылы күресті тоқтатып, бағынуын талап етеді. Араб әскерінің даңқынан сескенген одақтастардың біразы халифа талабын орындап, өз еріктерімен оған тізе бүгіп, қол қусырып, бағынатындықтарын білдіреді.

Ал қарлықтар болса бұрынғысынша бағынбай арабтарға қатты қарсылық көрсетеді. Осыған байланысты «Мың бір түннің» әйгілі кейіпкері Харун ар-Рашид халифаның тұсында Мавераннахрдың жаңа басқағы Гитриф ибн Ата арабтың атакты қолбасшыларының бірі Әмір ибн Жемей басқарған армияны арнайы Ферғанаға жіберіп, оған қарлықтарды қуып шығуды тапсырады. Бірақ ол бұл тапсырманы орындай алмайды. Қарсы тұрған қарлықтардың тегеурінді шабуылына шыдай алмай, нәтижесіз кері қайтуға мәжбүр болады.

Демек, осының бәрі нақты қай күні, қай жылы екені белгісіз болғанымен қарлықтардың Ферғанада VIII ғасырдың басынан бастап иелік еткенін толық көрсетумен бірге академик В. В. Радлов пікірінің де жаңсақтығын дәлелдей алады ғой деп ойлаймын.

VIII ғасыр мен X ғасырдың аралығында қарлықтар құрамында көптеген ру-тайпалардың болғанын араб, парсы тарихшылары мен саяхатшыларының еңбегінен анық көруге болады. Бірақ, өкінішке орай, оларда ру-тайпа аттары берілмей тек саны ғана көрсетілген. Мысалы, жоғарыда сөз болған «Худуд ал-әлемнің» белгісіз авторы Түзкөлдің оңтүстік жағалауында қарлықтардың жеті руының, Құлан мен Меркенің арасында үш руының және бірнеше руының (нақты қанша екені еңбекте анық көрсетілмеген) Ганкасир мен оның төңірегінде көшіп жүргенін айтады. Ал Ауфидің дерегі бойынша қарлықтардың тоғыз руы болған. Енді біраз ғалымдар жоғарыда айтылған чигиль, ягма, сондай-ақ тухсы, аргу, лабан (албан болуы да мүмкін) тайпаларын да осы қарлықтардың құрамына кіргізеді.

Қалай болғанда да, осындай түрлі ру-тайпалардан құралуы және ру басшыларының, тайпа көсемдерінің өзара билікке таласып жиі қырқысуы қарлықтардың тұтастығын тұрақты сақтауға үлкен кедергілер келтіре бастайды. Араб саяхатшысы Абу Долефтің қарлықтар «Бірін-бірі көре алмаай, бірін-бірі жиі ренжітіп, өзара қақтығысып жатады» деуі де содан болса керек. Дер кезінде тізгін тартып, тежеп отырмаса ірі тайпалардың дербестікке күш салып, яғу қарамағынан шығуға ұмтылатыны көшпелі өмірдің заңды тірлігі іспеттес. Мұның сыртында оңтүстіктен бүйірге тікендей қадалып араб басқыншылары сұғынып келе жатты. Осының бәріне тосқауыл қоя алар мықты бір күштің қажеттілігі уақыт озған

сайын айқын аңғарыла бастайды. Міне, осы қажеттілік өмірге тарихқа белгілі Қарахан мемлекетін әкеледі. Ал мемлекет ісін басқаруға жетекші орын қарлықтардың еншісінде қалды.

ЕЛ АЙРЫЛҒАН

— Белгілі бір мәселе төңірегінде нақты дерекке негізделген өзіндік тұжырымың болмағандықтан «солай болар-ау» деген тұманды күнгі дүниедей әлдебір буалдыр ұғымға малданып жүре беретінің бар. Шынымды айтсам, туыстас өзбек пен қазақ халықтарының түбінің бірлігі төңірегіндегі менің ұғымым осындай. Ел аузындағы аңыздардан, көне қисса-дастандардан олардың кезінде бір халық болып, бір тудың астына бірігіп, бір әкімшілік орталыққа бағынғанынан, кейін араға жік түсіп, өмір жолдарының екіге айырылып, ірге ашысқанынан жалпы былай хабардармын. Ал енді осы жалпы түсінікті нақты тарихи дерек тіліне көшіріп, осы туыстас екі халық қай кезде бір шаңырақтың астында болды, қандай әкімшілік орталыққа бағынды, оның құрамына қандай ру-тайпалар кірді, олардың айрылысуына түрткі себеп не деген тәріздес тұтырлы сауалдар қоя бастасаңыз, шынымды айтайын, не деп жауап берерімді білмеймін. Бұл және жасыратыны жоқ, бір менің ғана емес, менің замандастарымның көбінің басындағы жәй.

— Бұл, әрине, өзіміздің төл тарихымызды жете білмейтіндігіміздің қырсығы. Біз үшін ұятқа батырар үлкен кемшілік. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, білімсіздік қырсығының да туыс-туғаны, ілік-жегжаты көп екенін қазір мынау жариялылық, демократия заманы туғаннан кейін ғана біліп жатырмыз ғой. Сол көп туыс-туғандардың, ілік-жегжаттардың «көмегімен» кезінде әсіре ауруына ұшырап, жалаң ұран, жандайшап тірлікпен өткенімізге өгейси қарап, қаншама асылымыздан айрылдық, төл тарихымызды танып білмедік. Әйтпесе әлгі өзіңіз айтқан өзбек пен қазақтың айрылысқан кезеңі уақыт шаңы көміп, ізін жасырған өте көне де тарих емес, бергі бес-алты ғасырдың төңірегіндегі ғана жағдай ғой. Өзге елдер мұндай кезеңдерінің ұлы жобасын ғана емес, нақты күн, ай, жылына дейін анықтап, қағазға түсіріп, хаттап қойғалы қашан.

— Амал не, ұят та болса мойындауға тура келеді, өз басым сол «мына тұрған жердегі» дегеніңіздің өзін әлі жете біле алмай жүрмін. Мүмкіндік болса, ел тарихының осы бір тұсын қаузай түссеңіз.

— Ол үшін сол кездің жалпы тарихына қысқаша болса да шолу жасаған жөн. Бұл айтар әңгімеміздің жүйелілігі үшін де, түсінуге тиімділігі үшін де қажет. Сондықтан әлқиссамызды әуелі монғолдардың Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алғаннан кейінгі кезеңнен бастағанымыз мақұл болар.

Салыстырмалы түрде алғанда, аз ғана мерзімнің ішінде оңтүстігінде Солтүстік Иран, терістігінде Оңтүстік Орыс жерін, батысында, Кавказ, шығысында Қытай елдерін жаулап, үлкен империя құрып үлгірген Шыңғыс ханның 1225 жылы Ертіс бойынан Монғолияға оралғаны белгілі. Ол осы жойқын жорық сапарында жаулап алған ұланғайыр байтақ өлкені иелігінде тұрақты ұстап тұруы үшін өзінің төрт ұлына бөліп, еншілеп береді. Осы бөлісте кіші ұлы Төлейге қара шаңырақ иесі — кенже бала ретінде өз жұрты — Монғолия, ал қалған ұлдарына батысқа қарай жаулап алынған елдердің жері тиеді. Атап айтқанда, Шағатай — Шығыс Түркістанды, Жетісу мен Мауараннахрдың денін, Үгедей — Батыс Монғолияны, Жоғарғы Ертіс пен Тарбағатай аймағын; Жошы — Ертістен батысқа қарай Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, Төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Деңізі-Қыпшақты иеленеді.

1227 жылы Шыңғыс хан өлгеннен кейін сегіз жылдай уақыт өткен соң Қарақорымда монғол ақсүйектерінің бас қосқан құрылтай жиналысы өтеді. Онда Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасау жөнінде шешім қабылданады. Оны басқару Шыңғыс ханның сүйікті немересі, Жошының жауынгер баласы Батуға жүктеледі. Сөйтіп, сан шайқасты бастан кешіріп, заманының соғыс өнерін қапысыз меңгерген аталығы Сүбедейдей сұңғыла сардарды кеңесші еткен Бату монғолдың қалың әскерін Батысқа қарай қаптатады. Содан Еділ болғарларын, орыс князьдіктерін талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны, Валахияны, Трансильванияны ойрандап, Адриат теңізінің жағасына ат басын тіреген Бату хан 1242 жылы өзінің ордасы орнаған Еділдің сағасына қайтып оралады. Мұнда ол тарихқа «Алтын Орда» деген атпен танылған жаңа монғол мемлекетін құрады. Бұл 1243 жылдың басы еді. Жаңа мемлекеттің астанасы Сарай — Бату қаласы

болды, кейін ол Берке ханның тұсында Сарай — Беркеге көшірілді. Міне, өзбек және қазақ халықтары бөлінбей тұрғанда (әрине, онда олар халық болып қалыптаспаған) осы Алтын Орданың құрамына енген түрік-моңғол тайпалары болатын.

— Осы арада мына мәселенің басын ашып кетсеңіз. Алтын Ордамыз сонда бұрынғы Жошы ұлысы ма, жоқ әлде Батудың соңғы жаулап алған жерлері ме?

— Бұған нақты жауап беру қиын. «Алтын Орда» ұғымы әр деректерде әртүрлі берілген. Сондықтан болар Қазақ ССР тарихында бұл орайды «Алтын Орда ұғымы біртекті емес: бір жағдайда Алтын Орда деп Бату мен оның мұрагері Беркенің жеке иелігіндегі жерлерді, яғни Поволжье мен Кавказды айтқан, ал енді бір орайда түгелдей Жошы ұлысы айтылады» деп ашық жазылған. Асылы, «Алтын Орда терминінің өзі кейінірек шыққан болуы керек. Өйткені орыс жылнамаларында бұл атау XVI ғасырдың аяғына дейін кездеспейді, оның орнына Бату хан негізін қалаған мемлекетке байланысты сөз болғанда жалпылама «татар» деген атау, не ханның өз аты қолданылады. Ал одан да кейінірек әлгінің бәрі тек бір ғана «Орда» деген сөзбен алмастырылады. Тарихшы В. Л. Егоров «Алтын Орданың мемлекеттік және әкімшілік құрылымы» деген еңбегінде Жошы ұлысы хандарының әуелде Еділдің төменгі ағысының сағасына Бату салдырған Сарай қаласын ғана «Алтын Орда» деп аталғанын айтады. Содан бертін келе бұл бүкіл Жошы әулетінің мемлекетін білдіретін ортақ атауға айналып, бірте-бірте географиялық ұғымнан саяси терминге көшкенге ұқсайды. Мұнысы дұрыс та сияқты. Өйткені көне деректерде «Алтын Орда» атауының өзі моңғолдың ұлы ханының ордасының сән-салтанатына байланысты шыққан деген сөз бар. Мысалы, моңғолдар тарихының аса білгірі Рашид-ад-дин бұл орайда «Онда (Қаракорым маңында) мың адам сиятын үй тігілген... Оның уықтары алтын, ішіне айнала мата ұсталған. Оны «Алтын Орда» деп атаған», — деп жазады. Мұны Европа саяхатшысы П. Карпинидің Гуюкті (Күйікті) хан көтеру рәсімін баяндаған, араб саяхатшысы Ибн Батутаның Өзбек ханның үйін суреттеген жазбалары да дәлелдей түседі.

Орыстың жазба деректерінде «Алтын Орда» атауы XVI ғасырдың екінші жартысында ғана кездеседі. Ал бұл Қазан жылнамасында «Златая Орда» және «Великая Орда Златая» деген түрде ұшырасады.

— Орда дегеннен шығады, сөз реті келген соң айта кетейін, меніңше, осы біздің тарихи тақырыпқа қалам тартып жүрген жазушыларымыз «Хан ордасы» деген ұғымды қате түсініп, «хан үйі» деген мағынада қолданатын тәрізді. Өйткені олар ханды Ордада үй ішімен жатып-тұрғызады, тамақ ішкізеді, тағы басқа тірліктер жасатқызады.

Менің түсінігімде орда ханның жататын үйі болмауға керек. Ол — ханның қарамағындағы елдің ру басылары мен тайпа көсемдерінің басын қосып, кеңес өткізетін, елші қабылдап, мемлекеттік іс атқаратын орны, бүгінгі түсінікпен айтқанда әкімшілік үйі, кеңсесі.

— Дұрыс айтасыз. Орданың әкімшілік үйі екені даусыз. Жоғарыда айтқан Рашид-ад-диннің сыпаттамасы да орданың сондай қызмет атқаратынын дәлелдейді ғой деймін. Әйтпесе, күнделікті тұрмыс тірлігі үшін ешбір көшпелі елдің ханы мың кісі сыятын үй жасатпаса керек-ті.

Бірақ Орданың әуелгі мәні сол болғанымен оның кейін уақыт оза келе біздің жазушылар суреттеп жүргендей мағынаға көшуі, яғни ханның үйін орда деп атауы да мүмкін ғой. Олардың мың кісі сыятын ордасы болды деген дерек еш жерде кездеспейді. Өзіңіз де білесіз. Біздің қазақ жазушыларының қаламына әзірге ілігіп жүргені кейінгі кездің — XVI — XVIII ғасырларда өмір сүрген хандардың тірлігі емес пе?

— Мәселе бұл арада орданың ордалығын таныту үшін оған қанша кісі сиятындығында болмаса керек. Хандық барда, ханның ел билеудегі заң-тәртібі бар да, Орда қалайда ордалық рәсімін сақтауға тиіс. Мысалы, жаңағы сіз айтқан мерзімнің соңғысын-ақ алалық. XVIII ғасырда ел билеген Абылай хан ордасына келген орыс, қытай, жоңғар елшілерін жататын үйінде, бала-шағасымен бірге қабылдады деп ойлайсыз ба? Болмаса үш жүздің баласының игі жақсыларының басын қосып, жоңғар шапқыншыларына қарсы шабуылды ұйымдастыруды келіскен келелі жиынды далада өткізбеген болар. Оның үстіне Шоқанның мәліметі рас болса Абылайда ұлдарының өзі ғана жетпіс бірге жеткен, ал оның қыздары қаншама?! Демек сонша балалардың аналары да біреу болмағаны ғой... Ендеше Абылай ханның сонша үйінің бәрі Орда деп аталмаса керек.

— Иә, мұныңыздың жаны бар сияқты...

— Бәлкім, мұнда тұрған пәлендей ештеме де жоқ

шығар. Менікі де сөз реті келген соң, жәй әншейін айтып жатқан ғой.

— Дегенмен ірінің өзі ұсақтан құралады. Жәй дүние деп мұндайларға мән бермей кете беруге де болмайды.

— Әрине, Бірақ мұны осымен доғарып, негізгі әңгімеміздің арнасына қарай ойысайық.

— Сонымен негізін Бату хан қалаған Алтын Орда мемлекеті құрылды дедік қой. Міне, осыдан кейін бірте-бірте, уақыт озған сайын моңғол шапқыншылығы кезіндегі ел басына түскен ауыр зардаптардың уыты қайтып, жергілікті тұрғын халықтар есін жия бастайды. Оңтүстік аймақтарда қала мәдениеті өркен жайып, егіншілік, қол өнері қайта дамиды. Осыған байланысты шаруашылықтың қайта өрлеуі, феодалдық қатынастардың нығаюы нәтижесінде жергілікті түрік және түріктенген феодалдардың үстемдік позициялары нығая түседі. Халық бұқарасының моңғол езгісіне қарсы наразылығын өз мақсаттарына тиімді пайдаланған олар енді Жошы мен Шағатай ұлыстарындағы жерлерде өздерінің саяси өкіметін орнатуға күш салып бағады. Осындай жеке билікке ұмтылушылардың күресі нәтижесінде қазіргі Солтүстік-шығыс, Орталық және Оңтүстік Қазақстанның территориясында Ақ Орда (Қазақ ССР тарихында осылай аталған. Бұл қате. Оған кейін ораламыз) деп аталатын жаңа хандық Алтын Ордадан бөлініп шығады.

Сөйтіп Қазақ ССР тарихының (1983 ж.) деректері бойынша «XIV ғасырдың басында Поволжье даласын, Волгадан батысқа таман жерлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік жағын қамтыған Жошы әулетінің иеліктерінің батыс бөлігі (оң қанаты) бұрынғысынша Алтын Орданы құрайтын; қазіргі заманғы Жайық өзенінен шығысқа қарайғы және Арал теңізі мен Сырдариядан солтүстікке қарайғы ұлан-байтақ территориясын (Жетісуды қоспағанда) алып жатқан Жошы ұлысының шығыс бөлігі (сол қанаты) Ақ Орданың құрамына енді. Алтын Ордада негізінен Тоқа-Темірдің ұрпақтары, Ақ Ордада Орда-Еженнің ұрпақтары билік жүргізді», — делінген.

Міне, осыншама жерді алып жатқан Ақ Орданың құрамына сол алқаптарды бұрыннан мекендеп келген және моңғол шапқыншылығынан бұрынғы қыпшақ бірлестігіне енген түркі тілдес тайпалар кіргенге ұқсайды.

Сондықтан да мұны моңғол шапқыншылығынан кейінгі жергілікті этникалық негізде құралған алғашқы ірі мемлекет деп санауға болатын еді. Сол кездегі аты әйгілі ірі-ірі тайпа бірлестіктері — қыпшақтардың, наймандардың, үйсіндердің, қарлықтардың, керейіттердің, қоңыраттардың, маңғыттардың бұлайша бір мемлекет құрауының өзі Ақ Орданың қуатын, оның ханының билік дәрежесінің қандай болғанын аңғартса керек. Бірақ соған қарамастан сол кездің деректері мен кейінгі зерттеушілердің айтуынша Ақ Орда хандары Алтын Ордаға тәуелді немесе жартылай тәуелді болғанын көреміз. Тек XIV ғасырдың алпысыншы жылдарында Алтын Ордада басталған аласапыраннан кейін ғана Ақ Орда шын мәніндегі тәуелсіздікке жетіп, өз тізгінін өзі қолға алады.

— Сонда Ақ Орданың бөлініп шыққан кезі қай жылдарға келеді?

— Нақты жылын айту қиындау. Бірақ Алтын Орда тарихына қатысты деректерге қарағанда бұл кезді шамамен XIII ғасырдың аяғы XIV ғасырдың басы деп шамалауға болатын тәрізді. Мысалы, парсы тарихшысы Муьин-ад-дин Натанзидің (көне шығармаларда бұл көбіне «Ескендірдің анонимі» деген атпен белгілі) 1415 жылы жазылған еңбегінде Ақ Орданың бөлінуін Алтын Орданың ханы Тоқтаның тұсында болған еді дегенді айтады. Ал оның хандық құрған кезі 1290 жыл мен 1312 жылдың аралығы.

Бірақ осы арада айта кететін бір жай, оның басқа дерегі бұл пікірін теріске шығарады. Мысалы, ол Ақ Орданың алғашқы ханы Ноғай ханның баласы Сасы-Бұқа еді дейді. Бұған қарасақ, Ақ Орданың бөлінуі мерзімі біраз жылға кейіндеп кетеді. Себебі, мұсылман әулеттерінің хронологиялық кестелері бойынша Сасы-Бұқа Ақ Орданың бесінші ханы. Демек, парсы тарихшысының соңғы дерегімен келісу қиын.

Бұл орайда Ақ Орда хандарының атасы — Жошының баласы, Бату ханның бауыры — Орда-Ежен еді деген басқа тарихи деректің шындыққа келетінін мойындау керек сияқты. Совет тарихшысы П. П. Ивановтың «Орта Азия тарихы жөніндегі очерктер» деген еңбегінде келтірген дерек бойынша Орда-Ежен таққа 1226 жылы отырған. Егер осы дерек шындық болса, онда Ақ Орданың Алтын Ордадан бөлініп, енші алған жылы да нақ осы — 1226 жыл болуға тиіс. Өйткені, жеке хандық болмаса оның ханы да болмас еді және ол таққа отырмас та еді.

— Осы орайда мен тағы бір мәселенің басын ашып алсам деп едім, бірақ негізгі ойыңызды бөліп кетемін бе деп іштей ыңғайсызданып та отырғаным.

— Қысылмай айта беріңіз. Айтқан әңгіме тыңдаушысына толық мәнінде жетпей, кей жері көмескі, түсініксіз болып жатса, онда ондай әңгімеден нәтиже жоқ. Ұғым шала, пайым таяз болмақ. Сондықтан ой бөлмейін деп өзіңізді тежегеннен гөрі әңгіме барысында білгіңіз келгенді анықтап, нақтылап отырғаныңыз жөн. Бұл екі жақ үшін де пайдалы. Егер айтушы мен тыңдаушы айтылмақ, тыңдалмақ сөзге бірдей ынталы болса, онда әңгіме қанша, қалай үзілсе де өз жалғасын тауып, негізгі арнасына қайта түсе бермек.

— Онда, жақсы, мұныңызға рақмет. Ендеше келген ойға кедергі жасамай-ақ қояйын. Білейін дегенім мынау еді, Менің түсінігімде, Алтын Орда екіге бөлініп, «Ақ Орда», «Көк Орда» деп аталатын сияқты еді. Ал сіз Алтын Ордан Ақ Орданы бөлдіңіз де қойдыңыз. Сонда Көк Орда қайда қалады? Сіз әлде Ақ Орда территориясынан кейін Қазақ хандығы бөлініп шыққандықтан соған ғана арнайы тоқтап, Көк Орданы әдейі назардан тыс қалдырып отырсыз ба?

— Орынды сұрақ. Бұған өзім де кейінірек тоқталамын ғой деп отыр едім. Бұл орайда шынына келсек талас мәселелер көп-ақ. Мен жоғарыда өз ойымды қазіргі қазақ оқырмандарына тән жалпы түсінікте қалыптасқан ұғым ағымымен тарқаттым. Егер өйтпей, өзімдік жеке пайымдауымның ыркымен кетсем, онда сізге біраз мәселе түсініксіздеу болар еді. Оның үстіне тарихшы ғалым болмағандықтан өз пайымдауымның дұрыс, бұрыстығына кепілдік беру де қиын. Сондықтан бұл реттегі сөзді тек пікір түрткі, ой қашыртқы ретінде ғана қабылдағаныңыз ләзім.

Алтын Орданың бөлінуі жөніне келсек менің пайымдауымда жаңағы сіздің айтқан ойыңызбен өрістес. Алтын Ордан Ақ Орда бөлініп шықты деу шындығында тарихи нақтылыққа жатпайтын секілді. Дұрысында Алтын Орда Ақ Орда, Көк Орда болып екіге бөлінді деу қисынға келе ме деймін. Бұған осы «Ақ Орда», «Көк Орда» терминдерінің пайда болуының өзі-ақ дәлел.

Ал енді неге Көк Орда Ақ Ордамен бірге аталмайды дегенге келсек, оның басты себебі, меніңше, бұрынғы Алтын Орда мемлекеті астанасының Көк Орда хандығының астанасы болып қалуында. Осыған байланысты көне

тарихшылар Көк Орданы бұрынғы әдет бойынша Алтын Орда деп атап кете берген.

Бірақ осы арада арнайы басын ашып алар тағы бір принципті мәселе бар. Ол — әлгі «Ақ Орда», «Көк Орда» атауларын кейбір тарихшылардың жаңсақ қолдануы, оны кейінгі ғалымдардың електен өткізіп сараламауы себепті орындарының өзара алмасып кеткендігі. Осыған байланысты Ақ Орданың орнына Көк Орда, бұған керісінше Көк Орданың орнына Ақ Орда қолданылып, ресми шығармаларға солай еніп кетті. Біздің Қазақ ССР тарихында да солай. Ал шын мәнінде Орда-Ежен мен оның ұрпақтарының иелігі бүгінгі қалыптасқандай Ақ Орда емес, Көк Орда болуы керек те, Тоқа-Темір мен оның ұрпақтарының иелігі Көк Орда емес, Ақ Орда деп аталуға тиіс. Түпкі негізгі материалдардың дерегіне сүйене отырып ой түйген бірқатар зерттеушілер, атап айтқанда М. Г. Сафарғалиев, Г. И. Сұлтанов, Г. А. Федоров-Давыдов, міне, тап осындай қорытындыға келеді. Әсіресе, бұл мәселені толып жатқан деректерді салыстыра отырып, арнайы зерттеу жұмысын жазған Г. А. Федоров-Давыдов мұндай шатыстырудың Муьин-ад-дин Натанзидің қате көрсеткен дерегінен бастау алғанын ашып көрсетіп береді. Муьин-ад-дин Натанзи кезінде Алтын Орданың Ақ Орда, Көк Орда болып бөлінуін, кейінгі Бату хан иелігінің екінші рет оң қанат, сол қанат болып бөлінуімен шатыстырып алған. В. Г. Тизенгаузеннің «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағы» деген еңбегіндегі араб деректерінен біз мұндай бөліністің болғанын, Менгу-Темірдің кезінде сол қанатты Маву, оң қанатты Тайра дегендердің басқарғанын білеміз. Демек, Муьин-ад-дин Натанзидің «Көк Орданы» «Ақ Орда» деп шатастырғаны анық. Сондықтан да болар ең соңғы деректерге сүйеніп жазылған В. Л. Егоровтың жоғарыда аталған еңбегінде «Алтын Орда қашаннан да Ақ Орда деп аталған»,— деп, бұл орайда ешқандай күдік болмасын деген ыңғайда түйіп айтуында осындай негізділік бар.

— Шындығында да осы соңғы зерттеушілердікі дұрыс қой деп ойлаймын. Себебі бұған, басқаны былай қойғанда, бүкіл түркі тектес халықтардың дүниенің төрт құбыласын түспен белгілейтін ежелгі дәстүрі-ақ бұлтартпас дәлел. Құлаққа сіңісті болып қалыптасып кеткенге мән бермейміз, әйтпесе, осыған ешқандай зерттеусіз-ақ оқыған сәтте-ақ кез келгеніміздің күдікпен қарауымыз керек қой. Өйткені көне түріктердің шығыс жақты — көк,

батыс жақты — ақ (құба), терістікті — қара, оңтүстікті — қызыл түстермен белгілейтіні қазір бүкіл көпке аян. Өткенде байырғы көне қыпшақтардың түске бөлінетіні жөнінде әңгімелегенде оны өзіңіз де айтқан едіңіз ғой. Шығыс жақ қашан да көкпен белгіленген. Ендеше Алтын Орданың шығыс жақ бөлегін иеленген Орда Ежен ұрпақтарының өз иеліктерін түспен атағанда сол қалыптасқан ұғымды бұзып, Ақ Орда деп атауы мүмкін бе? Әрине, жоқ. Демек, олардың иелігінің атауы — Көк Орда.

— Бұл пайымдауыңыз шындыққа келеді. Расында да Орда-Ежен мен оның ұрпақтарының иелігі осылай аталуы керек. Бірақ бұл арада, бүйректен сирақ шығарғандай болмай-ақ, сол бұрынғы қалыптасқан атаумен кете берелік.

— Жоқ, ол жарамайды. Шындық орнығуы үшін жазғанда болсын, жәй әңгімеде болсын, әр нәрсені өз атымен, тарихи нақтылықпен атау керек. Бұрынғы Ақ Орда деп келгеніміз кате, дұрысы Көк Орда ма? Ендеше, қашанда оны Көк Орда деу керек.

— Жарайды, солай-ақ болсын. Сонымен бұрынғы Ақ Орда аталып жүрген Көк Орданың дәуірлеген кезі, Алтын Орданың атакты ханы — Өзбектің (1312—1340) замандасы Эрзен ханның таққа отыруымен тікелей байланысты еді. Эрзеннің қашан таққа отырғаны белгісіз. Ол туралы нақты дерек жоқ. Бірақ қосымша деректер арқылы оның қашан таққа отырғанын анықтауға болатын секілді.

Тарихи деректердің мәліметі бойынша Эрзен мұрагерлік жолымен әкесі Сасы-Бұқа ханның тағын иеленген адам. Ендеше Сасы-Бұқаның өлген жылы Эрзеннің таққа отырған жылы болуға тиіс. Бірақ өкінішке орай, Сасы-Бұқаның да нақты қай жылы өлгені белгісіз. Жоғарыда аталған Муьин-ад-дин Натанзидің (Ескендірдің анонимінің) мәліметі бойынша ол 1321 жылы Сауран қаласында өлген. Ал Стэнли Лэнь-Пульдің дерегінде оның өлген жылы — 1315. Қайсысы дұрыс? Оны тап басып айту қиын.

Осы орайда Муьин-ад-дин Натанзидің шығармасындағы тағы бір дерек назар аударуды қажет етеді. Онда Эрзен Ақ Орданы 25 жыл билеп, 1344 жылы Сығанақта өлді делінген. Егер Эрзеннің Натанзи айтқандай, 25 жыл хан болғаны рас болса, онда Сасы-Бұқаның өлген жылы да, Эрзеннің таққа отырған жылы да 1319 жыл болып шығады.

Тағы бір дерек. Стэнли Лэнь-Пульдің «Мұсылмандар әулетінің кестесінде» Эрзен ханның аты мүлде жоқ. Оның

орнына ол бұл кезде, яғни 1320 жыл мен 1344 жылдың аралығында Ақ Орданы Мұбарак-қожа деген біреу биледі дейді. Муьин-ад-дин Натанзидің дерегінде Мұбарак — Эрзеннің үлкен баласы. Академик Б. Д. Греков пен А. Ю. Якубовский Натанзидің осы дерегін құптап, Мұбарактың хан тағында небары алты ай (1344—1345) ғана отырғанын айтады. Тарихшы П. П. Иванов Мұбаракты Эрзеннің баласы емес, керісінше оның мұсылманша аты дейді. Меніңше, шындығы да осы соңғы пікір болуы керек. Мұбарак — араб сөзі. Оның мағынасы Алим Гафуровтың «Есімдер және тарих» деген кітабында «бата алған» (благославенный) деп түсіндіріледі. Осыған қарағанда Эрзеннің Мұбарак деген ат алуы шындыққа келеді. Өйткені Эрзен таққа Алтын Орданың атақты ханы Өзбектің көмегімен отырған, өмір бойы оған бағынышты болып, оның жолын қуған адам. Ал Өзбектің түркі халықтарына ислам дінін таратушы діндар хан болғаны белгілі. Эрзен де Өзбек хан сияқты елінде ислам дінін таратып, Сауранда, Отырарда, Жентте және Сырдарияның төменгі сағасындағы басқа қалаларда мешіттер салып, медреселер ашады. Өзіне бағынған жерлердің бәрінде Өзбек хан сияқты феодалдық негіздегі мемлекеттік тәртіп орнатады. Осының бәрінен оның Өзбек ханға тек ресми бағынышты ғана емес, оған рухани жақын, тілектес болғанын аңғару қиын емес. Оны мұсылман тарихшыларының дәріптеп Мұбәрак (алладан бата алған) деп, атауы әбден мүмкін.

Сонымен Мұбәрак шынында Эрзеннің мұсылманша аты болса, онда жоғарыда айтқан Лэнь-Пульдің «Мұбәрак қожа Ақ Орданы (Көк Орданы) 1320—1344 жылдар аралығында биледі» деген дерегі ақиқатқа келеді. Сонда біздің Эрзеннің таққа отырған және Сасы-Бұқаның өлген жылдарын шамамен 1319—1320 жыл деп жобалауымыз дұрысқа шығады.

Эрзен өліп, оның орнына баласы Шымтай таққа отырып, хандық құрып тұрған жылдарда Алтын Ордада билікке таласушылардың ұлы дүрбелеңі басталған еді. Бас-аяғы жиырма жылдың ішінде 14 ханның таққа отыруы мұрагер ханзадалардың арасындағы кескілескен күрестің бұл жылдарда қандай дәрежеде болғанынан хабардар етсе керек.

Шымтай сол кездің мықты ханы болса да Алтын Орданың ісіне араласпайды, тіпті Бердібек хан өлгеннен кейін өзара ымыраласа алмаған ханзадалар мен тайпа

көсемдері өздерін билеуге арнайы кісі салып шақырғанда да ол бармай қояды. Алайда оның осы кезде ер жетіп, билікке ұмтылған баласы — Орыс сұлтан Алтын Орданың ішкі ісіне батыл араласа бастайды. Осының нәтижесінде әкесі өліп, Көк Орданың тағына ие болған Орыс хан көп ұзамай-ақ Алтын Орданы өзіне қосып алады. Сөйтіп Орыс хан бұдан бір жарым ғасыр бұрын Ақ Орда, Көк Орда болып бөлінген Алтын Орданы қайта біріктірген тұңғыш билеуші болып тарихқа енеді.

Бірақ оның бұл табысы ұзаққа бармайды. Алтын Орданың батыс бөлегі шонжарларының қолдауымен билікке қол жеткізген Мамайды бағындыра алмаған Орыс хан Еділ бойынан амалсыз Сырдария жағасына кетуге мәжбүр болады. Өйткені онда Орта Азияның әйгілі билеушісі Ақсақ Темірдің шабуылы өрістеп келе жатыр еді.

Әмір Темірдің Көк Орда жеріне жорық жасауына кейін Алтын Орданың атақты ханының бірі Тоқтамыс себепші болғаны тарихтан өзіңізге де белгілі. Оның әкесі — бұрын Маңғыстау өлкесінің билеушісі болатын. Әмірін тыңдап, өзіне бағынбағаны үшін Орыс хан оны өлім жазасына кескен-ді. Әкесінің өлгенін естіген жас Тоқтамыс Самарқандқа қашып барып, Темірдің сарайын паналайды да, одан әкесінің кегін алуға көмек сұрайды.

Міне, осыдан, яғни XIV ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап Орыс хан және оның мұрагерлері мен Темір қолдаған Тоқтамыс арасында қырғын соғыс басталады. Ақыры Тоқтамыс жеңіп Алтын Орданың тағына отырады. Бірақ көп ұзамай Темір мен Тоқтамыстың арасында соғыс өрті лап ете қалады. Сөйтіп 1395 жылы Солтүстік Кавказда Терек өзенінің жазығындағы соңғы айқаста Тоқтамыс Темірден күйрей жеңіледі. Уақытша болса да Ақ Орда мен Көк Орданың басын біріктірген Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыс амалсыз бас сауғалап Сібірге қашуға мәжбүр болады. Темір Алтын Орда тағына Тоқтамыспен соғыста өзін жақтаған Орыс ханның баласының бірін отырғызады.

Темірдің әскері Алтын Орда шекарасынан шығысымен Тоқтамыс қайта бас көтереді. Бірақ енді оның қалай жанталасқанымен де бұрынғы қауқары жоқ еді. Оған алдымен өзіне бағынбай қарсы шыққан маңғыт тайпасының атақты биі Едігені жеңуге тура келді. Бірақ алғашқы қақтығыстардың өзі-ақ Едігенің оңай шағылар жаңғақ емес екенін көрсетті.

Едіге — Темір — Мелик ханның бегілербегі (бектердің

бегі), атақты Балтышақ батырдың баласы. Балтышақты Тоқтамыс өлтірген. Ол туралы парсы тарихшысы Муьин-ад-дин Натанзидің шығармасында мынадай дерек бар. Тоқтамысқа қарсы күресте ханы өліп, әскері жеңілсе де Балтышақ батыр қолға түспей ұзақ шайқасады. Ақыры «көп қорқытады, терең батырады» деген емес пе, қалың әскер жабылып, Балтышақты қолға түсіреді. Екі қолын артына қайырып байлап, оны Тоқтамыс ханның алдына сүйреп алып келеді.

— Батырлығыңды көзім көрді, шын ер екенсің. Бабам Шыңғыс хан шын ерлікті бағалай білгені аян. Мен де сенің бағанды біліп, бас еркіндігіңді берейін. Тек мені ханым деп мойындап, адал қызмет қыл. Сонда көрсетер құрметімнің сыртында бұрынғыша өз ұлысыңның билігін өзіңе қалдырам,— деп Тоқтамыс батырға өз шартын ұсынады. Бірақ Балтышақ батыр оған иілмейді:

— Егер қолым мынандай байлаулы болмаса, мен саған лайықты жауабымды берер едім,— дейді ол ызалана айбат шегіп,— Қайтейін, қолда бұғау, аяқта кісен, бұлқынарға дәрмен жоқ. Қадірменді ханымның қасиетті тағында қарақұстай қалқиып сенің отырғаныңды көргенше, екі көзім ағып түсіп, суқараңғы болсамшы.

Сен мені жарылқаймын деп отырсың ғой. Қолыңнан бірдеме келсе, бер әміріңді, тезірек басымды алсын! Сөйтсін де ханымның басын менің басымның үстіне, денесін менің денемнің үстіне қойсын! Ханнан бұрын өлуім керек еді, өле алмадым, енді жерге одан бұрын енейін.

Балтышақтың иілмесін көрген Тоқтамыс оның тілегін орындауды жөн көрді. Жендет қолындағы айбалта өз қызметін қалтқысыз орындады. Балтышақтың басы денесінен бөлініп, жерге түсті.

Міне, осылайша арманда кеткен әкесінің кегін қуған Едіге Тоқтамыстың алдына кесе-көлденең тұрып алды. Осы текетіресте біреуінің тізе бұғуі хақ еді. Ақыры Едіге дегеніне жетіп тынды. Соңғы айқаста ол Тоқтамысты жеңіп, сарай тағына Темір-Құтылығыты отырғызды. Бірақ іс жүзінде бар билік ханның емес, Едігенің қолында болды. Тарихшылардың айтуынша Едіге он бес жыл бойына Алтын Орданың шын мәніндегі билеушісі болған көрінеді. Тек кейін өзі таққа отырғызған Темір-Құтылығытың баласы Полад оны қуғындап, Хорезмге қашуға

¹ Едігенің әкесі туралы әр деректе әр түрлі пікір айтылады. Қазақ совет энциклопедиясында оның әкесінің аты — Құтлу-Қаба, ал халық аңыздарында — Баба-түкті Шашты-Әзиз.

мәжбүр етеді. Содан ол онда Темір ұрпағы келіп қуғанша әмірші болады.

— Қоғамның даму заңдылықтарына сай қайталанып отырар ұқсастықтан ба, байқап отырсаңыз жекелеген тарихи тұлғалардың тағдырлары да араға ғасырлар салып барып қайталанып жататын сияқты. Жаңағы сіз айтқан Едігенің тағдырын тұп-тура төрт жарым ғасыр өткенде Қоқан ханы Құдиярдың аталығы болған қыпшақ Мұсылманқұл да бастан кешіреді. Былай, қарап отырсаңыз қызық өзі.

— Иә, тарихта ондай қайталаулар, ұқсастықтар болып тұрған, оның біразын бұрынғы әңгімемізде айттық қой.

— Ғафу етіңіз, бұған назар аудармай-ақ қойыңыз. Менікі жәй ойға оралған соң айтып жатқан. Негізгі әңгімеңіздің желісін үзбеңіз. Сонымен Алтын Орданың біржола әлсіреп, түрлі хандықтарға бөлінетін кезі де осы тұс қой.

— Дұрыс айтасыз, дәл осы кез.

Ақсақ Темірдің XIV ғасырдың тоқсаныншы жылдары Дешті-Қыпшақ даласына жасаған бүліншілік жорықтарынан кейін Алтын Орда бұрынғы айбынды құдіретінен біржола айрылып, сүзектен тұрған науқастай құр сұлдері қалған болатын. Бұл кезде сонау Қырымнан бергі иінтіресе мекендеген ызғындай елге, өріске сыймай ыңырысып өрген төрт түлік малға толы кең дала Ақсақ Темірдің қанды жорықтарынан кейін өртке оранған ормандай селдіреп, көрген көзге аяныш тудырар күйге жетеді. «Қазір,— деп жазады сол кездің куәгері, Ақсақ Темір жорықтарын хатқа түсіруші тарихшы Ибн Арабшах,— бұл жерлерде — Хорезмнен Қырымға дейінгі бұрынғы елдің бірі жоқ. Өйткені олар мұнда тұрмайды. Олардың орнына қаңғыған қарақұйрықтар тобы мен түздің табанды түлігі түйелер ғана көзге түседі».

Міне, осылайша елі сүргінге, малы қуғынға түскен мемлекетте қандай қуат, береке қалсын. Алтын Орданың осынау мүшкіл халін аңғарған жеке билікке жерік Шыңғыс ханның тұқымдары тізгіні босағанын сезісімен тұра қалып шөпке ауыз салатын ашқарак аттай шұғыл әрекетке көшеді. Сөйтіп XV ғасырдың ортасына таман Алтын Ордадан Қазан және Астрахан хандықтары бөлініп, өз алдарына жеке-жеке отау тігеді. Хорезм Темір ұрпағының қол астына кетеді. Терістік батыста Москва мемлекеті

Алтын Ордадағы осынау аласапыранды пайдаланып, біртіндеп тәуелсіздікке қол жеткізе бастайды.

Темірдің жаугершілік жорықтары салдарынан Көк Орда да айтарлықтай әлсіреп, соның қырсығынан XV ғасырдың алғашқы ширегінде екіге — Ноғай ордасына және Әбілхайыр хандығына бөлініп тынады. Бірақ соған қарамастан Темірдің ұрпағы мен өзбектердің арасындағы соғыс тыйылған емес, ол тұтас ғасырға созылады.

— Сөзіңіз аузыңызда. Мен соңғы сөздің ой түйініне түсіне алмай қалдым. «Темір ұрпақтары мен өзбектер арасындағы соғыс тұтас ғасырға созылды» дегеніңізді қалай ұқтық. Ой ағынына бақсам өзбектерді сіз көкортадылықтардың орнына қолданып отырған сияқтысыз. Егер олай болса, олар неге өзбектер деп аталуға тиіс. Бүгінгі өзбектер керісінше Темірдің ұрпақтары иеленген жерде емес пе? Әлде қателесіп айтып жатырсыз ба?

— Жоқ. Ешқандай қателік жоқ мұнда. Мен айтып отырған өзбектер бүгінгі өзбектер емес. Бірақ ол кездегі өзбектердің құрамында бүгінгі өзбектердің ата-бабаларының да болғаны рас. Жалпы ерте кезде Алтын Орданың көшпелі елін, оның халқы қай ру, қай тайпаға жататынына қарамастан бұрын ортақ бір атаумен «өзбек» деп атаған ғой. Алғаш рет өзбек атауы жалпы этникалық термин ретінде Хамдуллах Қазвинидің шығармаларында қолданылады. Ол өзінің «Тандамалы тарихында» (Тарих-и-Гузидэ) Өзбек ханның 1335 жылы Иранның шекарасына басып кіргенін баяндағанда оның әскерін өзбектер, ал Алтын Орданы Өзбек мемлекеті (Мемлекети-и-Узбеки) деп атайды. Ал Ақсақ Темірдің тарихшысы Низам-ад-дин Шами 1337 жылы Темірдің екі әмірінің Алтын Ордаға қашқанын әңгіме еткенде оларды «өзбектер еліне кетіп, Орыс ханды паналады» — дейді. Мұндай дерек парсы шығармаларында да кездеседі. Мысалы, жоғарыда айтқан Муьин-ад-дин Натанзи Алтын Орда туралы айтқанда оны үнемі «өзбек ұлысы» деп көрсетеді. Сондай-ақ Алтын Орданың ханы Темір-Құтылығтан 1397 жылы келген елшілер туралы сөз болғанда оларды «өзбек елшілері» деп даралайды. Осында маңғыттың атақты биі Едігені де өзбек деп атайды.

Міне, осы деректерді саралай сараптағанда Иран мен Орта Азия тарихшылары XIV және XV ғасырдың басында-ақ Алтын Орданың түркі тілдес көптеген тайпа бірлестіктерін жалпылама бір-ақ атаумен «өзбек» деп ата-

ғанын пайымдауға болады. Демек бұл бұрынғы бүкіл Жошы ұлысы «өзбек ұлысы» деп аталды деген сөз.

Ал «өзбек» деген атаудың өзінің қайдан шыққанына келсек, ол жоғарыда аты аталған Алтын Орда ханы Өзбектің есімімен тікелей байланысты. Заманының мықты хандарының бірі болған Өзбек кезінде Алтын Орданың бағын біраз көтерген хан. Осыдан да болар әуелде «Өзбек ханның елі», «Өзбектің елі» деп атаған көршілері Алтын Орда халқын кейін біржола «өзбектер» деп кеткенге ұқсайды. Мұны Гаффаридің «Әлемді жаратушының тізіміндегі» (1565 ж.), Хайдар Разидің шығармасындағы (1619 ж.) келтірілген Әбілғазының «Түріктер шежіресіндегі» (1664 ж.) мәліметтер де дәлелдей, анықтай түседі. Сондықтан да ғалым П. П. Иванов өзінің «Орта Азия тарихы жөніндегі очерктер» деген еңбегінде «Ирандық және ортаазиялық тарихшылар XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында Алтын Орданың түркі тілдес тайпалар бірлестіктерін жалпылама өзбек деп атай бастаған. Осыған байланысты бұрынғы бүкіл Жошы ұлысы енді «Өзбек ұлысы деп аталды» деген нақты байламға келеді. XV ғасырдың басынан бастап өзбектердің Ақсақ Темір ұрпақтарының иеліктеріндегі жерге басып кіріп, олармен жиі жанжалдасып отырғаны белгілі. Бұл шамасы Едігенің Хорезмді жаулап алуынан басталған тәрізді. Өйткені Едіге Хорезмнен қуылып, Сары-Аркаға кеткен 1413 жылға дейін сонда болған ғой.

Бірақ тарихшылардың айтуынша өзбектер мен Темір ұрпағы арасындағы күрес Ұлықбектен басталады. Нәтижесінде тұтас бір ғасырға (XV ғ.) созылған күреске мұрындық болған бұл әрекетке Ұлықбек өзбек ұлысының тақтан дәмелі мұрагерлерінің біреуіне көмектесіп, оны билікке жеткізу арқылы терістіктегі шекарасында үнемі қауіп туғызып келген көшпелілермен тату көршілік қатынас орнатамын ғой деген үмітпен барған секілді. Бірақ онысынан ешқандай нәтиже шықпайды. Ұлықбектің көмегімен қарсыластарының бәрін жеңіп хан болған Барак әлденіп ес жиып алған соң, атасы Орыс хан билеген бұрынғы өңірге, әсіресе Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларға өзінің дара билігін жүргізгісі келеді. Сөйтіп ол енді Ұлықбектің өзіне қарсы шығады. Сығанақтың маңындағы шайқаста Ұлықбектің әскері Барақтың әскерінен ойсырай жеңіліс табады. Өзбектер бұдан кейін Орта Азия территориясына бойлай еніп, көптеген елді мекенді талауға салады.

Осы кезеңдегі өзбектердің әлеуметтік құрылымына зер салып қарасак, әрбір жекелеген тайпалардың басында би, бек, оғлан, тархан деп аталатын аристократияның мұрагерлік өкілдері тұрғанын көреміз. Олар өз тайпаларына жан-жақты билік жүргізе алған. Қөшпелі өмір жағдайында әрбір тайпаның бірнеше руға бөлінетіні, оны ру басылардың билейтіні белгілі. Міне, осы рубасылары жер дауы, жесір дауы секілді түрлі сылтаулармен көп ретте өздері құрамына енетін тайпаларды ірі қақтығыстарға, өзара соғысуға мәжбүр етіп отырған. Осындай қақтығыстарда жеңген тайпа жеңілгендердің мал-мүлкін талауға салып, оны баю көзіне айналдырғаны аңғарылады. Осының нәтижесінде белгілі бір тайпа күшейіп, ал екіншісі әлсіреп, кей жағдайда ыдырап, басқа қуатты тайпалардың құрамына еруге мәжбүр болған.

Осындай жағдаймен күшейген тайпалардың көсемдері көршілерінен өздерінің беделдерін арттыра түсу әрі бұдан да ірі билікке қол жеткізу мақсатында хан тұқымына жағынып, өздеріне билік жүргізуге Шыңғыс ханның ұрпағынан біреуді шақыруды дәстүрге айналдырған. Сұлтан деп аталған Шыңғыс ханның мұндай тұқымдары (чингизидтер) өзбек даласында өте көп болған. Жергілікті тайпалардың шенқұмар аристократиясының қалауымен билікке қол жеткізген сұлтандар әрқайсысы өздерінің үстемдігін асыру үшін енді бұлар өзара қырқысып, тақ таласына түскен. Осындай қырқыстарда жеңіске жетіп бірнеше тайпаның басын біріктіріп, саяси бірлестік құра білген сұлтанды тайпа көсемдері ақ киізге салып хан көтерген. Өзбек даласында ханның көп болу себебі де осында жатқан сияқты. XIV-XV ғасырлардың кей кезеңдерінде өзбек ұлысында екі-үш, тіпті одан да көп хан болған ғой. Мұндай хандардың билігі сол өзіне қараған тайпалардың шеңберінде ғана болған және олар өзін қолдаушы ірі тайпа көсемдеріне арқа сүйеген. Соған орай тайпалар арасындағы негізгі билік бәрібір хан беделін өз мүддесіне пайдалана білген тайпа көсемдерінің қолында қалған. Сол себепті, осындай тайпа көсемдерінің жаппай қолдауына ие бола алмай, билік таласында жеңіліс тапқан хан-сұлтандардың көрші мемлекетке қашып барып, паналап, оның ханынан (әміршісінен) кеткен кегін қайтаруға көмектесуін сұраған кездері аз болмағанға ұқсайды. Ондай кезде көрші елдің хандары да жәбірлік көріп, көмек сұрап келушінің тілегін көбіне қабыл алып, оған жәрдемдесіп отырған. Оған себеп,

мұндай жағдайда көмектесуші хан екі бірдей көмектесу мақсатындағы шапқыншылықтан көп олжа табады — жеңілген елді тонайды, көмектескен елінен мол сыйлық алады. Екіншіден, өзі көмектесіп хан тағына отырғызған адамы бұған тәуелді болып, алдағы уақытта боданы (вассалы) ретінде күшті жауына қарсы соғыста сенімді одақ құрайды, айтқанын істейді. Атақты Ақсақ Темір өзіне қашып келіп паналаған Маңқыстау билеушісінің баласы Тоқтамысқа көмектесіп, оны Алтын Орданың тағына отырғызғанда да, одан кейінгі Ұлықбектің Барак сұлтанға көмектесуінде де осындай мақсат болған.

— Бірақ мұның екеуі де кейін қиыншылық кезеңде қол ұшын берген құтқарушыларына қарсы шығып, олардың үмітін ақтамады емес пе. Өздері күшейіп алғаннан кейін олар бұрынғы «жарылқаушысына» қарсы бас көтерген ғой.

— Иә, ондай да болған. Міне, осындай тәуелді хандардың опасыздығы, қарауындағы тайпа көсемдерінің тұрақсыздығы дала хандарының алдына жаңа міндетті — қашанда сеніммен арқа сүйей алатын, өзіне қалтқысыз берілген тұрақты адамдар тобының болу қажеттілігін тартады. Осыдан келіп әлгі өзіміз қисса-дастандардан көп естіген «төлеңгіт» дейтін, тайпа көсемдеріне тәуелсіз, тек ханға ғана бағынышты топ пайда болады. Ең әуелде ханның нөкері, күтушілері деп қана аталған осы топ келе-келе әскери күшке — ханның төл гвардиясына айналған тәрізді. Жоғарыда айтқан Барак ханның орнын басқан, кезінде оның мықты бақталастарының бірі болған Шейбанның ұрпағы Дәулет-Шейхтың баласы Әбілхайыр хан өз тұсында мықты тайпалармен бірге осындай төлеңгіттерге де арқа сүйеген. Содан да болар ол аз ғана уақыт ішінде ұланғайыр жерді өзіне бағындырып, оны қырық жыл (1428-1468) бойына ұстап тұрған.

Әбілхайыр ханның өмір жолының кейбір тұстары Абылайға ұқсайды. Орта жүздің ханы Әбілмәметтің қарауында жүрген Абылай сұлтандай Әбілхайыр да алғашында Шейбан тұқымы Суфи-оғлан баласы Жұмадық ханның қарамағында сұлтандық лауазыммен оның әскерінің бір бөлегін басқарады. Кейін Жұмадық хан Ноғай ұлысының ішкі ісіне орынсыз араласамын деп маңғыт және өзбек тайпалары көсемдерін өзіне қарсы қойып алады. Сөйтіп жүргенде Ноғайдың атақты биі, Едігенің баласы Қазы өлтіріледі. Оның өлімін қарсыласы Жұма-

дықтан көрген өзбек пен ноғайдың шонжарлары күш біріктіріп хан әскеріне қарсы шығады. Осы соғыста Жұмадық хан мерт болады.

Осынау аласапыран айқаста жеке ерлігімен бірге саясатшылығымен де көзге түскен Әбілхайыр сұлтан Жұмадық ханның қарсыластарымен тез тіл табысып, көп ұзамай ноғайдың биі, Едігенің немересі Уақастың қолдауымен Батыс Сібірдегі Тұра қаласында хан тағына отырады. Бұл баяғы негізін қазақ даласынан шыққан Тайбұға батыр қалаған Тұра немесе Чимги-Тұра қаласы болатын. Осы Тұра қаласы Әбілхайыр қашан ордасын Орда-Базарға көшіргенше Әбілхайыр хандығының астанасы болды. Бұдан кейін астана Сығанақ қаласына көшірілді.

Көшпелі қоғамның заңы бойынша Әбілхайыр да өзін қолдап хан көтерген шонжарлардың мүдделеріне сай саясат жүргізіп, көрші елдерге қарсы жорық жасап, жаңа жерлерді жаулап алуға тиісті болды. Мұның сыртында ол өз ұлысындағы билікке таласқан саны көп Жошы әулетімен табанды әрі шиеленіскен күрес жүргізуге тура келді. Ол осы күресте алдымен Тобыл бойын мекендеген Шейбанның ұрпағы Махмуд қожа ханды, содан кейін көп ұзамай Сырдария бойында Тоқа-Темірдің ұрпағы Махмұд хан мен Ахмет ханды талқандады.

Әбілхайыр Сырдарияның төменгі ағысындағы қалаларды жаулап алуға ерекше мән берді. Сөйтіп ол қырғын шабуыл жасап Сырдария мен Қаратау бауырындағы бірқатар қалаларды: Созақ, Сығанақ, Аққорған, Үзкент қалаларын жаулап алды. Ол бұл өңірдің мал қыстатуға ерекше қолайлылығымен бірге Орта Азияның отырықшы елдеріне жорық жасауға стратегиялық жағынан тиімділігін де көре білген еді. Оның кейін Ақсақ Темір ұрпағына қарсы жасалған жорықтарының осы өңірден басталуының сыры да осында.

Жоғарыда айтқанымыздай, Әбілхайыр қырық жыл хандық құрды. Өз заманында жеңістен жеңіске жетіп дүркіреп тұрған даланың осындай қаһарлы ханының бағын жойқын күшпен шабуыл жасаған сыртқы жау — ойраттар қайтарды. Үз-темір тайшы басқарған ойраттармен Көк-Кешен тұсында болған шайқаста Әбілхайырдың әскері ойсырай жеңілді. Ханның өзі қашып барып, Сығанақ қаласына тығылды.

Осы жеңілістен кейін-ақ бұрын Әбілхайырдың қаһарынан қаймығып келген, бірақ іштей оған бағынғысы жоқ

Жошы әулетінің ұрпақтары көнекті сыртқа сала бастады. Солардың алғашқыларының бірі болып Барақ ханның балалары Керей мен Жәнібек өздеріне қараған елмен Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Моғолстанның ханы Есенбұғаға барады. Есенбұға оларды қуана қарсы алып, олардың иелігіне Шу және Қозыбас өзендерінің бойын бөліп береді.

Есенбұғаның Керей мен Жәнібекті бұлайша қуана қарсы алуының да өзіндік себебі бар еді. Бұл кезде ол інісі Жүніспен соғысып жатқан. Осындай сындарлы шақта Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуі Есенбұғаға көктен түскен жақсылықтай көрінді. Бұлардың бөлініп келуі, біріншіден інісі Жүністі қолдап отырған Әбілхайырдың күшін азайтса, екіншіден, Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңына ерген батыр жауынгерлерін Жүніске және Моғолстанға сол кезде қысым жасай бастаған ойраттарға қарсы нақты тойтарыс берер әскери күш ретінде пайдалануға мүмкіндік туғызды. Сөйтіп Есенбұға ханның иелігі мен Жүніс ханның иелігі арасындағы жерден үлес алған Керей мен Жәнібек осында өз хандықтарын құрады. Ол өзіңізге тарихтан белгілі Қазақ хандығы болатын. Мұндағы «қазақ» атауының шығу тегін, оның нендей мағына беретінін ана жолғы бірінші кездесуімізде жан-жақты айтқанмен.

Міне, түпкі тегі бір екі халықтың өзбек және қазақ болып ресми түрде екіге бөлінуінің тарихы қысқаша шолып айтқанда осындай. Бірақ бұл кезде Моғолостанға қоныс аударған қазақтар не этникалық, не әлеуметтік-тұрмыстық белгісі жағынан өздері бөлініп шыққан өзбектерден ешқандай айырмашылығы болмайтын. Сондықтан да болар XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басындағы оқиғаларды баяндаған Шығыс тарихшыларының шығармаларында қазақтарды өзбектер деп, керісінше өзбектерді қазақтар деп сапырылыстырып айта беру тән болған. Мысалы, XVI ғасырдың басында жазылған Мұхаммед Салықтың «Шайбани-нама» атты тарихи поэмасында өзбектер көп ретте қазақтар деп аталады. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати Моғолстанға келген қазақтарды кейде өзбектер дейді. Мұның бәрі — ол кезде өзбектер мен қазақтардың жоғарыда айтқанымыздай, не этникалық, не әлеуметтік-тұрмыстық тұрғыда ешқандай айырмашылықтың жоқтығын көрсетеді.

— Олай болуы заңды да ғой. Өйткені ол кезде қазақтардың да, өзбектердің де құрамындағы сол баяғы

Әбілхайыр хандығындағы түркі тілдес туыстас тайпалар емес пе?

— Дұрыс айтасыз. Сол баяғы түркі тілдес тайпалар: қыпшақтар, қоңыраттар, керейіттер, наймандар, үйсіндер және басқалар. Ал кейінірек қазақтардың құрамында өзбектерде жоқ, мысалы, арғын, дулат, әлімұлы, байұлы және басқалар, сондай-ақ керісінше өзбектердің құрамында қазақтарда жоқ, мысалы, қошшы, ұйғыр, дүрмен және басқа этникалық топтар болса, олар — соңғы кездің жемісі, уақыт керуенінде басқа ұлыстардан бөлініп келіп қосылғандар.

Өзбек пен қазақтың шын мәнінде ажырасып, тарихи тағдырларының өзгешеленіп, дамып, өркендеу жылдарының екі айырылуы XVI ғасырдың алғашқы онжылдығынан басталады. Бұл кезде өзбектер жаппай отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналыса бастайды да, қазақтар бұрынғы сол көшпелі тіршілігін сақтап, мал шаруашылығын өрістете береді. Сөйтіп осыған байланысты өзбектер мен қазақтардың арасындағы бұрынғы туыстық және мәдени-тұрмыстық қатынастар да бұзыла бастайды.

— Күні бүгінге дейін тыңдасаң көзге жас, көңілге шер ұялататын «Ел айрылған» деп аталатын күйлер мен жыр-аңыздардың өмірге келген кезі де сонда шамамен осы тұс болғаны ғой.

— Тарихшыларымыз нақты тарихи деректермен салыстыра саралап мәселенің басын ашып бермегеннен кейін шешімін тілер түрлі сұрақтар мен басы артық әңгімелер туындай бермек. Ол және нақты білмегендіктен ілгеріде болған оқиғаны кейінгі ұқсас оқиғамен шатастырудан өріс алады. Шапқыншылықсыз күні жоқ жаугершілік заманда көшпелі елдің басы бірігіп, бақытқа кенелген кезі де, бұған керісінше қырық пышақ болып қырқысып, тоз-тоз болып бөлінген кезі де аз болмаған. Мұндай жағдай көшпелі тірлікпен еншілес біздің халқымызға да ортақ. Сондықтан бүтін елдің бүлініп, екі айрылғанын көріп, қайғыдан қан жұтып, қапаланған ерлердің мұң-зары сан рет жыр болып төгілген, күй болып шертілген. Сондай зарлы жырдың бірі 1496 жылы естіледі. Ноғайдың Орақ батыры қыпшақтың атақты батыры Қобыландыны өлтіріп, туысқан екі ел екі айрылды. Көкіректі қайғы торлады. Қазақтың байырғы тарихшыларының бірі — Жалайыри келтірген мына бір өлең жолдары сол кездің шерлі кейпін көз алдыңызға елестетеді.

Қазақ пен ноғай айрылды,
Қазақ сыртқа қайрылды.
Ноғайлының ну елі,
Күңіренді, қайғырды.
Қаракыпшак Қобыланды
Қара орнынан айрылды.
Ел қанаты қайрылды.
Зор күн туды, зор күндер,
Кетті күлкі мол күндер.
Келер ме қайтып сол күндер?
Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй...

Осындай «жылау күйлер» көп болған. Уақыт мерзімімен алғанда оларды бір-бірімен шатыстырып жүретініміз де содан.

Токтаңыз, сонда қалай, бір Қобыландының өзі елдің екі рет айрылуына себепкер болғаны ма? Жаңылыстырмасам, Әбілхайыр хандығынан кейін Қазақ хандығының шаңырағын көтерген ру-тайпаларының бөлініп шығуына да осы Қобыландының Ақжол биді өлтіруі себепші болмаушы ма еді?

— Жаңылыстырып отырған жоқсыз, ел ішінде сондай бір әңгіменің бары рас. Қобыландының Ақжолды өлтіруін кезінде ішкі билік таласында өз мүдделеріне тиімді пайдалана білген Барақтың екі баласы — Керей мен Жәнібектің өз ықпалындағы ру-тайпаларды Әбілхайырдан бөліп әкетіп, Моғолстан жерінде өз алдарына отау тіккені тарихи шындық.

— Олай болса, марқұм Ілияс Есенберлинді кезінде басы Ғабен, Ғабит Мүсіреповті айтамын, болып, Қобыландыны «Алмас қылыш» романында ұр да жық, есер етіп көрсетті деп күстәнәлауының бәрі бекершілік екен ғой. Ағайын арасын ала тайдай бүлдіріп, тұтас елдің бөлінуіне бір өзі екі рет себепкер болса, ондай адамды басқаша қалай көрсетуге керек?! Жазушыға, әсіресе тарихи тақырыпқа қалам тартып отырған жазушыға ақиқаттан айналып кет, бүгінгі көңілдің қалауын тап деу қиянат болмай ма? Келер ұрпаққа тарих тағылымын танытып, өнеге беремін деген қаламгердің адастырмас темірқазығы — шындық, тек қана шындық болуға тиіс қой.

— Мәселенің өзі осында, сол темірқазық — шындықтың пенделік сезім бұлтымен бүркемеленіп, қаламгердің

тура жолдан көз жазып, ауытқып кетуінде болып отыр-ау. Габендей ардақ азаматымыз кезінде замандас қаламдасына бұл орайда кейістік білдірсе, ол Қобыландыға жаны ашығандықтан болмас, сол өзіңіз айтқан ақиқатқа ақау түскендігінен болар.

Жә, сәл сабыр... Жалаң сезім жетегінде өнеш созысып, өткенге өктемдік жасамай, дерекке жүгінелік.

Бұл ретте, алдымен, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ», — деп, екіталай сындарлы шақта күбежектеп шындық бетіне шіркеу түсірмей қасқиып тұрып турасын, әділін айтқан халқымыздың қашан, қай заманда болсын «жанын арының садағасы» еткенін еске алған жөн. Себебі басқа түгілі қаһарлы ханның өзіне «хан емессің, қасқырсың» деп, қасқалдағын айыра қарсы айтып жүрген турашыл халықтың шоқпарын шолтаңдатқан бір тентектен жасқанып, жаңағы сіз айтқандай, «елді ала тайдай бүлдіріп жүрген» адамға «қой» демеуі мүмкін емес. Ал «қой» десе, оның ел құлағына шалынбауы, ілікпеуі мүмкін емес. Өзіңіз де білесіз, Қобыланды туралы ондай сөз жоқ. Баска-баска, қазақ хандарының арасында «әз» деген атақты тұңғыш иеленген Жәнібектің өзіне:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

.....

Қымыз ішіп, кызарып,

Мастанып, қызып терлейсің.

Өзіңнен баска жан жоқтай,

Елеуреп неге сөйлейсің! —

деп, баласындай жекіп тастап отырған Асан Қайғының көз алдында қайта-қайта елдің бөлінуіне себепші болып, бүлдіріп жүрген тентекке бірдеме айтпауы мүмкін бе? Алайда Асан Қайғы айтыпты деген ондай сөз тағы жоқ. Мұның есесіне халық Қобыландыны елге қорған, ерлік намыс қуған айтулы батыр деп біледі, ардақтайды, атын жырға қосып, ұрпағына үлгі етеді. Халқымыздың ерлік дастандарының ішінде көркем де сүйектісінің бірі — «Қобыланды батыр» жыры соның айғағы. Егер халық Қобыландыны ел бүлдірген ұр да жық, есер десе, оған мұндай құрмет көрсетпес еді, керісінше қарғысын арнап, қарғанды етіп шығарар еді. Бұл, меніңше, қия тартып, қиыс кетуге көнбейтін өмір шындығы. Мұны бір деп қойыңыз.

Енді жаңағы сіз айтқан, «елдің екі айрылуына Қобыланды себепші болды» деген тарихи оқиғаның өзіне келелік. Мұның алғашқысы Қобыландының Ақжолды өлтіруіне байланысты. Бұл реттегі халық жадында сақталған әңгімені Шәкәрім ақсақал өзінің «Шежіресінде» былай деп жазады: «Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы екен. Әділ айтқандықтан «Ақжол» атаныпты. Және Қаракыпшак Қобыланды батыр да сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Мұны Әз-Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілхайыр берейін десе, көп қыпшак бұзылатын болған соң, бере алмай, үш кісінің құнын алып, бітік қыл деген соң, Ән-Жәнібек хан өкпелеп (бөлініп) кеткен».

Міне, І. Есенберлиннің қаламына іліккен оқиғаның бар болмысы осы. Бұдан басқасы жазушының өз қиялы. Енді жаңағы Шәкәрім ақсақал әңгімелеген оқиғаның алып-қоспасыз өзін ғана ой елегінен өткізіп көрелікші. Сонда бұдан не білуге болар еді? Көшпелілердің, оның ішінде қазақ халқының тарихынан аз да болса хабардар адам бұдан, алдымен, ішкі билік таласына түскен таққұмар сұлтандардың халықтың екі ардақ перзентін бір-біріне айдап салып, бірін біріне өлтірткен, сол арқылы мақсатына жеткен сонау Шыңғыс хан заманынан келе жатқан ежелгі сұрқия саясатын көрер еді. Көрер еді де, сол саясаттың құрбаны болған азаматтарын айыптаудан іркілер еді, халқының қадірлеген қаһарман ұлына қара бояуды жақпас еді. Бұл арада мен айтар едім, тап осыны түсінуде бүгінгі институт, университет бітірдік деп көкірек керген біздің талайымыздан сол кездің оқымаған тоқсандағы шалы — Қотанның (Құтан, Қыдан, Қодан) таным зердесі жоғары тұр. Қараңызшы, үміт еткен ұлынан айрылып, қайғы жұтып, қан жылаған қарт баласының өлі денесін айналып жүріп:

«Қаракыпшак Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып, таяғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным.
Адасканын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының,
Аққан бұлақ, жаққан шырақ жалғыз күнде құрыдың.
Қаракыпшак Қобыланды да нең бар еді, құлыным?! —

деп күйіне зарлайды, бірақ баласын мерт қылған Қобыландыны қарғамайды. Неге? Себебі, заманының ахуалын тамыршыдай тап басып, танып отырған дана карт анық айыптының кім екенін біледі. Ел жақсысын бір-біріне айдап салып, атыстырып-шабыстырып отырған аяр саясаттың залалын өз ғұмырында талай көрген зерделі ақын ұлының соның қармағына ілігіп, Қобыландыға жауыққанына назалана аһ ұрады. «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным»,— деп, қайталай қақсап, қамыға зарлаған Қотан қарттың көмейіндегі «жауығар дұшпаның, ұстасар жауың Қарақыпшақ Қобыланды ма еді, басқа еді ғой, қайтейін» деген өкінішті өксікті сезесің. Сезесің де саңылақ жыраудың сұңғыла тереңдігіне, қайғы үстінде де қалыптан таймас парасат пайымына тәнті боласың. Еріксіз ойға қаласың. Кәрі тарихқа қайта үңілесің. Сонда Керей мен Жәнібектің Ақжол бидің жыртысын жыртып, Әбілхайырдан сол үшін кетіспегенін, мұның жәй сыныққа сылтау екенін аңғарасың. Басты себеп ойраттардан ойсырай жеңілген Әбілхайырдың енді жеке билікке ұмтылған сұлтандарға қарсы бұрынғыдай тегеурінді қатты қайрат көрсете алмайтындығында жатқанын көресің. Міне, біз іздеген тарих шындығы да осы болатын.

Елді елмен, ерді ермен атыстырып-шабыстырып қойып, содан өзі пайда көздеген хан тұқымдарының осы бір жебір саясаты сіздің Қобыландыны елдің бөлінуіне екінші рет себеп болды деп кінәлайтын оқиғадан да анық байқалады. Мұның бар айырмашылығы бұл жолы Қобыландының өзі Ақжолдың кебін киіп, Орақ батырдың қолынан қаза табады. Ал осыған Қобыландыны кінәлау әділеттілік бола ма?

Асылы, мұндайда дана халықтың өзіне жүгінген жөн. Осы сұрапылдардың бәрін басынан өткеріп, зардап-залалын өзі тартқан халық соған кінәлі адамды қанша жерден батыр болса да атын ардақтап, жырға қосар ма, оны уақыт тозаңының астында қалдырмай ұрпақтан ұрпаққа қасиеттеп жеткізер ме?! Мұның сыртында қазақ халқы өткен қай заманда да жауына жасқанбай барып найза тірер жүректі ұлға кенде болған емес. Бірақ солардың бәрінің бірдей есімін есінде сақтай бермеген. Санаулылары ғана қалған халық жадында.

— Иә, мұныңыз шындық. Халық қалаулысын ғана қадірлеген. Оған дау жоқ. Қобыландының сондай құрметке бөленген тарихи тұлғалардың бірінің бірегейі екені

рас. Мен сізді түсіндім. Бәрі сол тарихымызды егжей-тегжейлі танып, білмегеніміздің қырсығы ғой. Ағат сөйлеп арандап жататынымыз да содан.

Енді мұны осымен түйіндеп, негізгі әңгімеміздің арнасына оралайық. Сонымен, атақты «Ел айрылған» күйі де осы кезде туған ғой?

— Менің пайымдауымша халқымыздың мұңлы кезеңінің бір ескерткішіндей болып бүгінге жеткен «Ел айрылған» күйінің кіндігі біз әңгіме қылып отырған кезеңнен көп кейін кесілген тәрізді. Бұл — ішкі өзара қырқысқа сыртқы жау — қалмақтардың жойқын шабуылы қосылып, халық басына тудырған қаралы күннің ескерткіші болса керек. Ол жөнінде Шоқан Уәлихановтың «Қазақ шежіресінде» анық-ақ жазылған.

«XVIII жүзжылдық¹ шапқыншылықтың ауыр зардабы мен ішкі қырқыстың қайғылы заманы болды. Осы кезде туған аңыздардың мазмұны қасіретті шерге толы. Мейірімсіз жау оларды ата мекеннен тықсырып, қазақ пен ноғайды екі айырды. Қалмақ ханы Хоурлық шапқынынан соң ноғайлар Жайық пен Еділдің арғы бетіне өтіп, қазақтар 1636 жылы оңтүстікке ығысады. Қазақтың өзі екіге бөлініп — Есім хан Түркістанды мекендесе, Тұрсын хан Ташкентке табан тіреді. Қазақтар мен ноғайлардың жылап айрылысуы сол кезде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің кобызда ойнаған күйлерінде өшпес ізін қалдырды. Ол дастан-жырларды, күйлерді тыңдаған кәрілердің сақалдарынан тарам-тарам жас ағып, мұңшерге батады. «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бүлген күн» деп жырлайды дала жыраулары»,— деп жазады Шоқан. Міне, біз білетін «Ел айрылған» күйінің туған кезі осы тұс.

— М-м, солай деңіз... Ал сонда осы Орманбет биіміз кім? Батырлар жырларында айтылғанмен халықтың төл тарихына қатысты әңгімелерде мұндай бидің аты аталмайды ғой.

— Орманбет биді тарихшыларымыз Өзбек ұлысының ханы — Ұлығ Мұхаммед еді дегенді айтады. Соны халық Орманбет деп атап кеткен дейді. Шәкәрім ақсақал да өз «Шежіресінде» осы тұжырымды мақұлдайды.

— Меніңше, осында жаңсақтық бар ма деймін. Себебі, біріншіден, қазақ қарадан шыққан мықты билерді хан деп

¹ Бұл арада жаңсақтық кеткен, «XVII жүзжылдық» деп түсінген жөн.

дәріптегенімен, ал шын ханды ешқашан би деп атамаған секілді. Біздің далада хан дегеніміздің өзі тек Шыңғыс ханның тұқымдары ғой. Ал олардың хан болмағандарының өзін сұлтан деп атаған.

Екіншіден, егер шынымен ноғайлының Орманбет биі Ұлығ Мұхаммед хан болса, ол XV ғасырдың алғашқы жартысында жасаған адам. Онда жоғарыдағы Шоқан айтқан XVII ғасырдағы «қазақ пен ноғайдың жылап айрылысуына» Орманбет биді әкеп араластырудың реті жоқ. Өйткені ол кезде Қазақ хандығы өмірге келмеген болатын. Сондықтан «Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бүлген күндегі» Орманбеттің кім екенін тарихшыларымыз да, әдебиетшілеріміз де әлі күнге дәл тауып, анықтап берді дей алмаймын. Өкініштісі, осындай жыр-аңызымыздағы айтылатын тарихи тұлғалардың нақты кім екенін білгің келіп іздей қалсаң, Қазақ Совет Энциклопедиясынан іздеп көбіне ештеме таба алмайсың. Құрт-құмырсқа, бақа-шаянның небір түрлеріне кәделі орын берілген төл энциклопедиямыздың ел тарихында елеулі із қалдырған ірі тұлғаларға бес-он жол орын бермей, ескерусіз қалдырғанына өкінбеске не амал?

— Иә, ондай кемшіліктер бар. Мысалы, жоғарыда сөз болған Қобыланды батырды-ақ алыңыз. Жыры туралы, күмбезі туралы дерек бар, ал өзі туралы, «ол кім өзі? Әдеби туындының кейіпкері ме, әлде өмірде болған нақты адам ба?» — бір ауыз сөз жоқ...

— Мәселенің өзі сонда ғой. Мысалы, екі елдің айрылуына себепкер болған елеулі тұлға осы Орманбет би секілділер жөнінде жазуға болады ғой. Сонда ел тарихын білгісі келген кез келген азамат энциклопедияны ашып жіберіп, қалағанын тауып алып оқыр еді, кім екенін білер еді. Амал не... ол жоқ. Дегенмен энциклопедияда болмағанмен, іздеген жанға азды-көпті деректі басқа еңбектерден табуға болатын секілді. Бұл ретте, меніңше, М. Тынышпаевтың берер мәліметі ерекше назар аударарлықтай. Бұл кісі «Орманбет би өлген күн, оны сан ноғай бүлген күндегі» Орманбетті маңғыттың атақты биі Едігенің алтыншы ұрпағы, Дінахмет баласы Орманбет би дейді. Айтылар сөз түсінікті болуы үшін әңгімені Едігеден тартар ұрпақ шежіресін шеше отырып өрбітелік.

Едігенің өз кіндігінен бес бала. Олар: Нүреддин, Қазы, Мансұр, Қағбад, Наурыз. Осының соңғы екеуінің ұрпағы белгісіз. Бәлкім, ұрпақ қалдыра алмай ерте көз жұмды ма, ол жағы маған беймәлім. Ал Нүреддиннен Оқас (Уақас).

Қазыдан Қожас, Мансұрдан Темір атты балалар туады. Осының Оқасы атасына тартқан атақты би болған. Жоғарыда айтқан, Әбілхайырды Турада хан көтерткізетін Оқас би осы Оқас. Оқастан Мұса, Жаңбыршы деген екі ұл туады. Жаңбыршының Ағыс, Қоғыс деген екі баласы болған, шамасы бұлар әкесіндей емес, билікке пәлендей араласа қоймаса керек. Өйткені олардың есімдері тарихи шығармалардан көп ұшыраспайды. Оның есесіне Мұсаның балалары Әлшағыр, Шағым, Сейдақ, Шахмамай, Жүсіп (Сары-Жүсіп осы), Алшы Смайыл (орыс тарихында Измайл) ел берекесін алып, өзара билікке таласып, қым-қуыт болады. Әлшағырдан Келмұхаммед және жоғарыда айтқан Қара Қыпшақ Қобыландыны өлтіретін Орақ батыр туады. Осы Орақтан қазақ қауымына есімдері «Қарасай-Қази» атты дастанынан белгілі Қарасай мен Қази. Ал Алшы Смайылдан бес бала — Дінахмет, Мұхаммед, Тінәлі, Тыныбай, Өріс. Осының Дінахметінен үш бала — Орманбет (Сөз болып отырған Орманбетіміз осы), Дінмұхаммед және Естерек дүниеге келеді. Естерек кәдімгі «Ер Тарғын» жырындағы Тарғын батырдың әкесі. Өрістің ұрпағы орыс патшасына бағынып, кейін шоқынып кеткен. Тарихтан белгілі князь Урусовтар әулеті, міне, осы Өріс мырзаның ұрпақтары.

М. Тынышпаев Едіге ұрпақтары арасындағы билік таласы жарты ғасырға созылды дейді. Тек Дінахмет балаларының Шахмамай және Өріс, Тыныбай балаларына қарсы күресінің өзі он сегіз жылға созылады. Міне, осы күрес Орманбет бидің өлуімен аяқталады. Әлгі халық дастандарындағы «Орманбет би өлген күн» дейтін күні осы күн, Орманбет би осы Орманбет. Орманбет бидің орнына Борис Годунов патшаның бұйрығымен көмекке келген Астраханның воеводалының жәрдемімен Ер Тарғынның әкесі Естерек би болады. М. Карамзин Естеректің ноғайлардың бас биі болған кезін 1604 жыл деп көрсетеді. Міне, шамамен Орманбет бидің өлген кезі де осы.

— Дұры-ыс...

Бұл да бір мағылұматы мол пайымды әңгіме болды. Біраз мәселенің басы да ашылған секілді. Дегенмен білмегенге дүниенің бәрі жұмбақ болып көрінетін әдеті ғой. Нансаңыз, осы «ноғай» деп аталатын халық та мен үшін жұмбақ. Бала кезімде ноғайдың татардың туғаны деп отырар еді. Мысалы, біздің елде Самих деген татар жігіті болды. Соны ауыл адамдары бірде татар, бірде

ноғай деп атай беретін. Бертін келе хат танып, білім алдык. Бергі айтушылардың таным-түсінігіне қарай азды-көпті өзгерістерге ұрынғанымен, негізі сол көне заманның адамын, солардың тірлік-тынысын арқау еткен ескінің көзі — жыр-дастандарды оқыдық. Көкіректері жыр қоймасына айналған даңғыл жүйрік жыраулардың толғауларын тыңдадық.

Солардан ертеде ноғайлы деген елдің болғанын, Қырымды жайлап, Еділ мен Жайықты бойлап көшіп-қонғанын білдік. Ескі кездің иісі қазаққа тән ерлерінің бәрін «ноғайлының ерлері» дейді жыраулар. Ажыратпайды, енші бөліп, ен салмайды. Көне өмірді көп зерттеп, көп білген Шоқан да оларды бөлмейді. Қазақ және Ноғай ордаларын ол «туысқан екі орда бірге өмір сүрді» деп атап көрсетеді. Қазақ ССР тарихында Хакназарды «қазақтар мен ноғайлардың ханы» деп атайды. Міне, көрдіңіз бе, осының бәрі бала кезден санада қалыптасқан ұғымды теріске шығарып, ноғайды татарлардан гөрі қазақтарға қарай бейімдейтін сияқты. Шындығында өзі солай ма? Жалпы ноғайлардың кімдер? Түркі тілдес көшпелі елдің бірі руы ма, әлде іргелі тайпасы ма? Егер ондай болса неге тарихшылар оларды Қазақ ордасымен біріктірмей жеке Ноғай ордасы деп атайды.

— Бұл сұраққа жауап беру үшін, меніңше, алдымен «Ноғай» деген атаудың қайдан шыққанын білген жөн. Бұл ретте ол жоғарыда сөз болған «өзбек» атауымен өзектес. Бұл да кісі атынан әуелі ұлыс атына, содан келе-келе этнонимге айналған атау. Ноғай-Бату ханның түменбасысы болған адам, кейін бегілербегі атағына ие болады. Бұл билігі жөнінен ханнан кейінгі ордадағы екінші лауазым.

Европа саяхатшылары П. Карпини мен Г. Рубрик деректерін басқа да мәліметтермен толықтыра отырып тарихшылар Бату ханның тұсындағы «XIII ғ.» Алтын Орданы табаны күректей 12 ұлысқа бөледі. Осыны батыстан шығысқа қарай орналасу ретімен нақтылай атасақ олар мыналар: Бірінші, Ноғай ұлысы — Алтын Орданың Днестрден арғы Батыстағы шекарасына дейінгі кең өлке; екінші, Құрамса (Коренца) ұлысы — Днепрден Ноғай ұлысына дейінгі жер; үшінші Мауци ұлысы — Днепрдің сол жақ беті; төртінші, Қартанның (Батудың күйеу баласы, қарындасын алған) ұлысы — Дон өзенінің оң жағалауынан батысқа қарай, яғни Мауцидің ұлысына дейінгі алқап. Тарихшылар бұл екі ұлыстың арасын Терістік

Донец өзені бөліп жатты дегенді айтады; бесінші ұлыстың бегінің аты белгісіз. Оның иелігіне бүкіл Қырым түбегі енген. Кейін Токта хан Ноғайдың Алтын Ордаға сіңірген еңбегін ерекше бағалап, Қырымды Ноғайға сыйлаған. Сөз реті келгенде айта кетейін. Мұның алдында Батудың баласы Менгу-Темір де осы Ноғайға Еділ бойындағы едәуір жерді сыйға тартқан болатын. Оның түменбасылықтан бегілербегі атағына ие болған кезі де осы тұс болса керек; алтыншы, Сартақтың (Батудың үлкен ұлы) ұлысы — Еділ мен Донның арасы; жетінші, Беркенің (Батудың інісі) ұлысы — Терістік Кавказдың кең даласы. Осы ұлыстың жерін басып Дербент асуы арқылы керуен жолы өткен. Сондықтан да Бату кейін бұл ұлыстың жерін Беркеден алып, оны шығысқа қарай жылжуға мәжбүр еткен; сегізінші, Батудың өзінің ұлысы, оған Еділдің сол жағалауы қараған. Тоғызыншы, оныншы ұлыстардың бектерінің аты белгісіз. Олар Жайық өзенінің бірі сол, екіншісі оң жағалауларын иеленген; он бірінші ұлыс — Хорезм жері; ал соңғы он екінші Шибанның (Жошының бесінші баласы, Батудың інісі) ұлысы — қазіргі Солтүстік Қазақстанның және Ертіс пен Чулымға дейінгі өлкені алып жатыр.

Міне, осы он екі ұлыстың ең батыс жақ шетін иеленген Ноғай Берке ханның тұсында Византия мен Болғарияға жасалған сәтті жорығынан кейін ең байлыққа белшесінен батты, өз иелігін едәуір кеңейтіп үлгерді. Көрші жатқан мемлекеттер мен князьдіктер оның боданына айналып, тұрақты салық төлеп тұрды. Астанасын Дунай бойындағы Исакчи қаласына көшірді.

Географ ғалымдардың айтуына қарағанда, XIII ғасырдың жетпісінші жылдарының өзінде-ақ Ноғайдың иелігіндегі жер шығыстан батысқа қарай Дунайдың жағасындағы венгерлердің Турну-Северин қорғанынан бастап Днестр өзеніне дейін, оңтүстігінде Дунай бойының жағалауымен шектеліп, терістігінде Қарпаттың таулы белдеулеріне тіреліп жатқан. Болгария мен Венгрияның өз ішіндегі билік үшін өзара қырқысуы бұл мемлекеттердің монғол феодалдарына тәуелді болуын тездетіп жіберді. Тегеурінді қарсылық көрсетер күштің болмауы монғолдардың Европаның бұл аймақтарына толық қожаболуына мүмкіндік берді.

Европа елдерінің жаулап жерін, тонап мал-мүлкін алу Ноғайдың жағдайын бұрынғыдан да түзеп, оның ендігі жерде, ешкімге бағынбай дара билік жүргізуге деген

ынтасын арттыра түсті. Оған осы кезде Берке ханның өлуі де себепші болған еді. Беркенің өз кіндігінен бала болмағанға ұқсайды. Ханнан қалған нақты мұрагер ұл болмағаннан кейін тақ таласы басталары өз-өзінен түсінікті еді. Олай болса, мұндай таластан сарай ақ-сүйектері арасында үлкен беделі, тіресе қалса арқа сүйер өзіндік мықты әскері бар бегілербегі қалай тыс қалмақшы? Сөйтіп қызу таластың қайнаған ортасына Ноғай да көзді жұмып қояды да кетеді.

Алайда ол дегеніне жете алмайды, бірақ тақ үшін таласуын да тоқтатпайды. Ноғай енді хан тағына отырған Тулабұғаны орнынан тайғызудың қамына кіріседі. Сарай ақсүйектерінің сатқындығы оның бұл ойының ешқандай әскери қақтығыссыз-ақ жүзеге асуына жағдай жасайды.

Нақты жағдай осындай болғанымен мұрагер ханзада емес Ноғайға мынандай қолайлы сәт туғанның өзінде қолбайлау кедергілер көп еді. Оны тақтың тікелей мұрагерлері тиімді пайдалана білді. Соның нәтижесінде сарай тағына Бату ұрпағының көп үміткерлерінің бірі — Тоқта отырды. Ал Ноғай болса бұрынғысынша Алтын Орданың бүкіл батыс бөлігінің дара билеушісі болып қала берді. Оның бұл кезде күшейгені сондай, Алтын Орда ханының өзіне тікелей ықпал жасап, өз саясатын жүргізе бастады.

Әкемшілік жөнінен өзіне тәуелді бегілербегінің әмірін тыңдамай, хандық ішінен хандық құрып, жеке билік жүргізуі, әрине, Сарай ханына ұнаған жоқ. Соның үшін де Тоқта хан билік тізгінін қолға толық алғаннан кейін Ноғайды тәртіпке шақырып, өзіне бағынуды талап өтті. Бірақ қуат-күшін ханнан бір де кем деп есептемеген Ноғай оның әмірін тыңдаудан біржола бас тартты. Мұның ақыры хан мен бегілербегі әскерлерінің қақтығысына әкеп соқты. Ноғай мен Тоқта арасындағы алғашқы әскери қақтығыс 1298 жылы Яса (кей деректе Яксай, Ақсай) өзенінің аңғарындағы кең жазықта өтті. Бұл соғыста талай шайқасты бастан өткеріп шыныққан Ноғай үстем шықты. Ашық майдандағы тең айқаста жеңіліс тапқан Тоқта хан қашып, Тана (Дон) өзеніне жетіп, одан жедел арғы бетке өтіп кетуі арқасында әскерін үлкен қырғыннан аман сақтап қалады.

Ноғайдың бұл жеңісі оның есімін бүкіл Алтын Ордаға жайды. Ұлыстың халқы өздерінің қай ру, қай тайпаға жататынына қарамастан «Біз Ноғай ұлысының адамымыз» дегенді мақтаныш сезіммен айтатын болды. Міне,

осы «Ноғай ұлысы», «Ноғай елі» деген атау бертін келе-келе «ноғай», «ноғайлы» деген халықтық атауларға айналды.

Жалпы көшпелі халықтар тарихында үлкен тайпа бірлестіктері ыдырауға ұшырағанда одан бөлініп шыққан ірі рулар өзінің бұрынғы төл атауын сақтап қалатыны, шағындарының керісінше өз атын жоғалтып, әлгі бөлінген бірлестіктің ортақ атымен аталып кете баратыны бар. Бүгінгі ноғай этнонимінің шығу тегін осындай тарихи заңдылықтан іздеген жөн.

— Біздің көне жырауларымыздың өз толғауларында ноғайлыны бәрімізге тән ортақ атауға айналдырғанына қарағанда, сонда оның құрамында кейін қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың да болғаны ғой. Мұндай еншілестіру түп негіздің бірлігінен болса керек.

— Әлбетте. Ноғай ұлысына ол кезде Дешті-Қыпшақтың біраз рулары мен тайпаларының кіргені анық. Мысалы, Қазақ ССР тарихында оның құрамында маңғыт, қоңырат, арғын, найман, қаңлы, алшын, қыпшақ, кенгерес, қарлық, тама және басқа рулардың болғанын айтады. Ал М. Тынышпаев ноғайлардың қазақ хандығының құрамына қалай өткенін кезең-кезеңімен көрсетіп береді. Мұндай өтудің басты себебі Едіге ұрпақтарының билік үшін жасаған өзара соғыстары болғаны сөзсіз. Мәнсіз қырғыннан мезең болған елдің адамдары ру-руымен көрші хандыққа өтіп кетіп отырған. Сондай өтіс, әсіресе, Алшы Смайылдың кезінде көбірек болғанға ұқсайды. Орыс шежірелері Мұсаның екі баласы Алшы Смайыл мен Сары-Жүсіптің арасындағы соғыс кезіндегідей қырғын, ноғай ноғай болғалы болған емес дегенді айтады. Ал Алшы Смайылдың өзі орыстың Иван патшасына жазған хабарламасында «Мені туғандарымның бәрі тастап, қазақ патшасына (ханына) өтіп кетті. Олар маған жиі-жиі шабуыл жасап, маған үстемдік етер күнді іздейді»,— деп жазады.

Мұның сыртында, «ноғайлы» деген атаудың жаратылыс болмысына да мән берген жөн сияқты. Өйткені Өзбек ұлысына қараған ел кейін «өзбек» атанады, ал Ноғай ұлысына қараған ел кейін неге «ноғай» атанбай, «ноғайлы» атанады?

— Неге? «Ноғай» деген де атау бар ғой.

— Мәселенің өзі сонда ғой. «Ноғай» деген атау бар, оның сыртында «ноғайлы» деген атау тағы бар. Не, сонда

екеуі бір атау ма? Бір атау болса ол неге түрліше аталады? Өйткені тап осындай жаңағы «өзбек» атауына біз ешқашанда жарыстырып «өзбекті» деп атамаймыз. Оны айтасыз, сіз байқайсыз ба, тарихта «Ноғай ордасы» делінеді, бірақ еш жерде «Ноғайлы ордасы» деп жазылмайды, не айтылмайды. Неге олай? Кездейсоқтық па, жоқ әлде мұнда сырын ашуды тілейтін заңдылық бар ма? Бар болса, ол қандай заңдылық?..

— Меніңше, бір-бірінен туындап жатқан осы сан алуан сауалдардың өзі-ақ ондай заңдылықтың барын дәлелдесе керек. Ал ол неғылған заңдылық дегеннің өзіне келетін болсақ, онда жоғарыдағы сіз қойған сауалдардың бәріне ғылыми негізделген жауап берілуі қажет. Онсыз сөзде бәтуа жоқ.

— Иә, негізсіз сөз — бос сөз. Үміт алда. Тарихқа бет бұрылып, ескі оқиғалар ескеріліп, әділ бағасын ала бастаған шақта ғылым да бұл сауалдардан аттап кетпес, нақты жауабын берер. Ал қазір сол игілікті ізденіске септігі тие ме деген мақсатпен дұрыс-бұрыстығын талдап жатпай-ақ өз ойымызды ортаға салсақ, мен өзім «ноғай» мен «ноғайлы» атаулары арасында елеулі айырмашылық бар деп есептеймін. Оған және тарихқа «Ноғайлы дәуренінің әдебиті» деген атпен енген, көненің көзіндей болып бізге жеткен аса мол әдеби мұраларды куәлікке тартамын. Осы мұраларды зер қоя оқысаңыз, ноғай, өзбек, қазақ өз алдына үш ел, үш халық. Бірде-бір шешен не жырау бұл халықтарды шатастырмайды, жіктеп, саралап, басын ашып отырады. Ал осы үш халықтың бастау тұста тоқайласып, тағдыр тауқыметін бір көрген кездерін суреттегенде даланың саңылақ жыраулары оларды бөлмей тұтас қамтып «Ноғайлы» деп бір орам аясында қарайды. Сондықтанда түркі тілдес біраз халықтарға ортақ кейіпкерлер ертегілердегі — «Ертөстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе», батырлар жырындағы — «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Орақ — Мамай» және тағы басқалардың бәрін ноғайлының батыры деп есептейді. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында Қамбардың тегін: «Қазақ емес, сарт емес, Қамбардың түбі ноғайлы», — деп шегелейді қарт жырау. Бұл арада «сарт емес» дегеннің «өзбек емес» деген мағынада екенін байқап отырған шығарсыз.

Асылы, «ноғайлы» XIII ғасырдың аяғында Ноғай ұлысының ыдырай бастаған кезінде шыққан атау. Өзі-

нізге тарихтан белгілі 1300 жылы Куканлық өзенінің бойындағы соғыста Ноғай мерт болғаннан кейін оның ұлысы ұзамай ыдырап кетті. Оған әкеден қалған мұра мен билікті бөлісе алмаған Ноғайдың өз балалары да себепкер болды. Ноғайдың тегеурінді қолының күшімен құрамына енген бажак (бодан) елдер ішкі тартысты пайдаланып, өз тізгіндерін өз қолдарына алады. Ру басылары мен тайпа көсемдері жырыла бөлініп, көрші мықты ұлыстардың құрамына барып енді. Бұл кездегі олардың мықты көршісі Жошы ұлысы еді. Ал бұл ұлыстың кейін қалай «Өзбек ұлысы» аталғанын жоғарыда айттық. Міне, осы Өзбек ұлысының жеріне Ноғай ұлысынан бөлініп келіп қосылған ру-тайпалар енген бөлегін (Қырым, Еділ бойы т.б.) ұлыстың басқа жағындағылар ноғайлы, яғни ноғайы көп, солармен көбірек араласқан жақ деп атаған секілді. Кейін келе-келе ноғайлы жақ бөлектің үстем болуына (хандардың бәрі Едіге ұрпағының көмегімен хан болған) байланысты бұл атау бүкіл Өзбек ұлысына ортақ болғанға ұқсайды. Оған әлгі көне мұрадағы жыраулар айтқан:

«Алаштан казак тараған,
Ноғайлыға караған.
Жауға алдырмай ноғайлар,
Бір-біріне жараған.
Ноғайдан казак бөлініп,
Үш жүз болып тараған...» —

деген жыр жолдары да куә. Тарихқа танық Өзбек ұлысынан; яғни Оқас бидің көмегімен хан болған Әбілхайырдың хандығынан бөлінген қазақты жырау ноғайлыдан бөлінді десе, ол, меніңше, жыраудың шатастыруы емес, тарихи шындықтың болмысын толық танып, сол кездің ұғымын жыр жолында өрнектеуі деп түсінген жөн бе деймін. Дегенмен соңғы сөз ғылымдікі ғой, оны естен шығаруға болмайды.

— Енді бір сұрақ. Жаңағы сіз айтқан ноғай ұлысы мен біз білетін тарихтағы Ноғай ордасының арасында айырмашылық бар ма?

— Саяси құрылым жағынан бұлар бір-бірінің заңды жалғасы болғанымен территориялық — әкімшілік жағынан өзгешілігі бар, әрине. Мысалы, Ноғай ұлысының иелігі Алтын Орданың ең батыс шебі болса, Ноғай ордасының негізгі территориясы Еділ мен Жайықтың арасында жат-

ты. Бұл түптеп келгенде баяғы Меңгу — Темір ханның Ноғайға сыйға (сойырғал) берген жері болатын.

Осы арада бір айта кететін жай, ұлыс ыдырағаннан кейінгі жерде Ноғай атында қалған елдің өзі екіге бөлінген секілді. Әлгі тарихшыларымыздың Сары Ноғай, Қара Ноғай дейтін атаулары осы кезде шыққан. Мұндағы сары мен қара ноғайлардың түсі емес, бұл жалпы көшпелілерге тән дүниенің төрт құбыласын түспен белгілейтін дәстүрінен шыққан атау. Сары — орталық, қара — терістік. Сары ноғайлар Қырымды, Еділдің құйылар сағасын иеленді. Кейін олар Қырым хандығын, Қасым хандығын құрды. Қара ноғайлар — бізге тарихтан белгілі, әлгі өзіңіз айтып отырған Ноғай ордасының негізін қалаушылар. Олар Еділ мен Жайық арасын иеленді. Біздің көне жырауларымыздан қалған дастандарда айтылатын он сан ноғайлар осылар. Кейбір тарихшылар ноғайларды төртке бөліп, Жоғарыда айтылғандарға маңғыт ноғай, Кавказ ноғайы дегенді қосады. Менің пайымдауымша бұл дұрыс емес сияқты. Соңғы екеуі соқтықпалы соқпақты өмір жолында тағдыр айырған сары ноғай мен қара ноғайдың жекелеген тармақтары.

Едігенің заманында қара ноғайлар едәуір дәуірледі. Ноғай ордасының иелігіндегі жер шеңбері оның кезінде Еділ мен Жайық арасынан шығып, Арал өңірі мен Каспий теңізінің терістік жағалауларына, Манқыстау түбегіне дейін жеткенге ұқсайды. Кейін онша ұзақ болмаса да, Хорезм де Ноғай ордасының құрамына енгені белгілі. Оның қалай болғанын жоғарыда айттық та. Жалпы Едігенің он бес жыл (1396—1411 жж.) бойына Алтын Орданың бүкіл билігін өз қолында ұстауы Ноғай Ордасының құрамына кіретін тайпалар арасында оның өзі шыққан маңғыт тайпасының үстемдігін ерекше арттырып кеткен секілді. Ноғай ордасының кей деректе Маңғыт ордасы деп аталатынының өзі де осыны мегзейді. Осы үстемдік оның кейінгі ұрпақтарының кезінде де сақталып қалған. Едіге ұрпақтарының зор беделге ие болғандары сондай Алтын Ордадан бөлектенген иеліктерге хан көтеру тек Едіге ұрпақтарының келісімімен ғана жүзеге асырылып отырылған. Мұның тарихи шындық екеніне Едігенің кейінгі ұрпақтары Уақас бидің, Мұса мырзаның, Жаңбыршы бидің іс-әрекеттері куәлік береді. Жоғарыда Едігенің немересі Уақас бидің Әбілхайырды қалай хан көтергенін айттым да ғой.

ҚАЗАҚТЫҢ АЛАША ХАНЫ КІМ?

— Төл тарихыңды тануға ұмтылып, оның ғасырлар қойнауында қалған құпиялы қалтарыстарына үңіліп, өз бетіңше бірдеме білген сайын үнемі екі ұдай сезім құшағында болады екенсің. Оның бірі кеш те болса өткеніңнің өрісіне шығып, іздегеніңді табудың жүрек бұлқынтқан қуанышы да, екіншісі, ес біліп, етек жабысымен-ақ табысып, содан тұшынған түйсік пайымын тіршілік тіренішіне тұтынып, нәтижесін көруге тиісті игілікке енді, сақалың сапсыған шал болғанда барып кездескеніне деген өзек өртер өкініш. Осы екі сезім кезек алмасып, бірі алға бағыт сілтеп, білмекке құмарлығыңды оятса, екіншісі жан күтер шақта енді архив ақтарып, шаң жұтып, әуреге түсудің қажеті не, бәрібір енді неге үлгіре алмақсың деген ой сыңайын танытады. Бір өзің екіге бөлініп, арпалысты күй кешесің. Сондайда «жарайды, қойсам қояйыншы» деп, қалам қаңтарып, ойсыз көңілді топқа араласайын десең, кішкентайыңнан санаңа сіңіп, көкірегіңнен қоныс тепкен «түстік ғұмырың болса, кештік мал жина» деген ата өсиеті алдыңнан шығып, жол бөгейді, ізденіс соқпағына қайта әкеп салады...

— Бұл бәріміздің басымызда бар тірлік. Данышпан Абайдың өзі «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінгенде, бізге бармақ тістемеске не шара.

— Бар қырсықтың өзі сонда, естіміздің айтқанын кезінде ескермей, камсыздықтың камалында қарабасып қапы қала беретінімізде ғой. Әйтпесе, жаңа өзіңіз айтқандай Абай:

« — Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім»,—

деп, жар салып, айтпады ма?! Естімедік, көрмедік, білмедік, оқымадық деп қай қазақ айта алар осыны. Бірақ бәріміз бірден содан нәтиже шығардық па? Жасымыздан ғылым соңына түсіп, ел тағдырын ойлап, ертеңге байлап, көптің көкірегіне сәуле түсіріп, кателіктен қағып, айқын жолын табуына септесін бола алдық па? Тіпті «ғылым бар деп ескеріп», соның соңына түсті дегеніміздің өзінің саналы бірен-сараңы болмаса, көбісі оны нан табудың ғана амалына айналдырып кетсе, оған не лаж. Соңғы жыл-

дардағы қорғалған не құдайға, не өкіметке, не ғылымға, не адамға тигізер пайдасы жоқ диссертациялар тасқыны осыны дәлелдейді.

— Ең өкініштісі сол, осындай тасқынды жасаушылар мен жасатушылар өзара ауыз жаласып біріге қалады да, үміт күттірер ғылымдағы әлгі бірен-сарандардың жабылып жолын бөгейді, адымын аштырмайды.

— Е-е, ол ертеден бар, ескі тәсіл ғой. Күн шықса, көп жұлдыз көзден таса болмақ. Көрінемін деген жұлдыздардың күн шығуын қаламайтыны бесенеден белгі жәй емес пе. Осындай мысық тілеуліктің үстемдік алуынан болар, қазір елде жаппай сауаттылықтың кезінде де төл тарихымыздың көз жетер жерден арғысын білмей, тегін іздеген жұрттың әлі күнге әркімге көз сүзіп жүргені.

— Япыр-ай, десеңізші, өзінің жетпіске келгенін тойлаған республикамыздың атына ие халықтың этногенезін құрайтын, ең болмаса, жеті тайпасының көне тарихын дау тудырмастай анықтыққа жеткізіп, ашып бере алмағанымыз, тіпті естір құлаққа ұят-ақ тірлік-ау. Оның өзі және «Қазақ ССР Ғылым академиясы» деп аталатын ғылым ордасы бар да!

— Сіз жеті тайпаны айтасыз. Түбегейлі зерттеліп, түп төркіні танылған біреуі бар ма десеңізші әуелі. Содан да болар, халқымыздың тарихына қатысты басы ашылып, анықтыққа жеткен мәселе жоқтың қасы. Бірдемені білгің келіп, қолда бар тарихқа үңілсеңіз болды, сан сауалдың қоршауында қаласыз. Өйткені онда көңіл тояттар, түбіне жеткізе зерттеліп, бұлттартқысыз дерекпен негізделіп басы айқындалған тарихи түйіндеу жоқ. Тіпті тайпаларды былай қойып жекелеген тұлғаларды алсақ, олардың жағдайы да осы тәріздес екенін көреміз. Мысалы, аңыздар мен кейбір жазба деректерде қазақтың алғашқы ханы деп жүрген Алаша ханды алайықшы. Ал осы кісінің кім екенінің басы ашылды ма? Халық аузындағы аңыздарға қарасаң Алаша хан дегеннің өзі бірнешеу болған сияқты. Бір аңызда «Алты алаш» деп аталатын байырғы тайпалардың атасы делінсе, енді бір аңызда VIII—IX ғасырлардың мұрасы Тасақырды салуға қатысқан батырдың аты. Енді бір аңызда ол дәулеті асқан бай ретінде аталады. Бір ғажабы, ғалымдардың айтуынша, Алаша хан туралы аңыз тек қазақтарда ғана емес, Алтай мен оңтүстік Сібірді мекендейтін халықтардың көбінде бар көрінеді. Қазақ шежірешілерінің кейбірі Алаша ханды кіші жүздегі бай-

ұлы тайпасын құрайтын он екі атаның бірінің аталығы деп те есептейді. Сондай-ақ Қазақ Совет энциклопедиясының дерегіне бақсақ, Рашид-ад-Дин мен Әбілғазы Баһадурдың еңбектеріндегі Аланча-хан осы Алаша ханның тарихтағы аты дегенге саяды.

Ал өзім оқыған жазба деректердің мәліметіне жүгінсем, оның бәрінде Алаша ханды Моғолстанның ханы Жүністің кісі баласы Сұлтан Ахмет-хан дейді және ол оған қалмақтар берген лақап ат делінген. Бұған қарасақ, Сұлтан Ахмет-хан XV ғасырдың аяғы XVI ғасырдың басында өмір сүрген адам болып шығады. Көрдіңіз бе, бір Алаша хан жөніндегі деректер арасының өзінде қаншама кереғарлықтар бар. Осының қайсысы шындықты айғақтай алады? Былай, өзімше ой толғап, аңыздың аты аңыз ғой, жазба деректердің мағұлматы дұрыс шығар дейін десем, Жүніс ұлы Сұлтан Ахмет Қазақ хандығының емес, Моғолстанның ханы ғой деген түйткіл оны мойындауға ырық бермейді. Расында Қазақ хандығы — Қазақ хандығының негізін қалаған сұлтандар өздеріне ерген елмен сонда Моғолстанға барып, шаңырақ көтерді десеңіз, Моғолдардың қазақтарға қандай қатысы бар? Егер қатысы болмаса, онда қазақтың Алаша ханы кім? «Алаша хан мазары» деп аталатын Қара-Кеңгір өзені бойындағы мазар кімдікі: Әлгі Сұлтан Ахметханның мазары ма?

— Қашанда сұрақты қою оңай да, оған жауап беру қиын. Ол және көне заманның күңгірт жәйларынан болса, тіпті қинайды. Өйткені әр сауалдың жауабы өзіндік ізденісті, білімділікті тілейді. Сондықтан сіздің сауалдарыңыздың бәріне қанағаттанарлық дәрежеде жауап беру маған ауыр. Дегенмен, меселіңіз қайтпасын, өз білігім деңгейінде жауап беріп көрейін, кейін жетпеген кемісі болса, толтырып, қатесі болса, түзей жатарсыз,

Соңғы сауалдардан басталық. Жазба деректе Жүнісханның баласы Сұлтан Ахмет-ханды қазақтың ханы деп алғаш жазған адам, меніңше, Абай. Ол өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген әйгілі еңбегінде былай дейді: «Әмір-Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы белгілі Бабыр патшаның шешесімен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол аз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр

жүздің халқы өз ынтымағымен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтуғыны сол.

Ахмет хан қазақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті — жан алушы дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты, «Бабырнамада» солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой, енді сіздер шапқан уақытта, «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда, көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылып едік» деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен».

— Абайдың өзі айтып отыр ғой, «Бабырнамада» солай жазылған» деп. Демек, Ахметті Алаша хан деп бірінші жазушы Абай болмағаны ғой.

— Жоқ, сіз түсінбедіңіз, мен Ахмет-ханды Алаша хан деп бірінші жазған Абай деп отырғамын жоқ, керісінше осы Алаша хан атанған Сұлтан Ахмет-ханды қазақтың ханы деп алғаш жазушы Абай деп отырмын. Әйтпесе, Сұлтан Ахмет-ханды Алаша хан деп жазылған дерек тек «Бабырнамада» ғана емес, ол Мирхондтың, Хондемирдің, Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің, Камал-ад-Дин (Шир) Али Бинаидің тарихи шығармаларында да кездеседі. Ал бірақ Сұлтан Ахмет-ханды қазақтың ханы еді, ол қазақтарды билеп еді деген дерек ол шығармаларда кездеспейді. Неге бұлай? Бұл айырмашылықтардың мәні неде? Абай неге Ахметті қазақтың ханы деген?

Міне, бұл сұрақтарға жауап беру үшін, алдымен Сұлтан Ахмет-хан дегеніміздің өзі кім, шыққан тегі қайдан, қай жерде болған дегеннің басын ашып алғанымыз жөн сияқты. Онсыз айтылар әңгімеміздің ұғынықтылығына ақау түспек.

Жоғарыда «Ел айрылған» жөнінде сөз болғанда Шыңғыс ханының өзі жаулап алған жерге иелік жасап тұруы үшін, оны төрт ұлына бөліп бергенін айтқан едік қой. Тарихи шығармаларда айтылатын «Төрт ұлыс» Шыңғыс ханның сол төрт баласының еншісіне тиген жердің жалпы атауы. Соның бірі — Шағатай ұлысы, Бұл ұлыс кейін келе екіге бөлінеді, оның бір бөлігін — моғолдар, екіншісін — шағатайлықтар деп атаған. Кейін осы екі бөлек өзара жауығып, бір-бірімен әбден өшігіп алған кезде бірін бірі кемсіту үшін Мавераннахрдағы отырықшылыққа үйрен-

ген шағатайлықтар моғолдарды «жете» яғни «бұзақылар», «қаңғыбастар» деп атаса, моғолдар оларғы байырғы көшпелі ата дәстүрін ұмытып, отырақшы елмен араласып, соларға сіңісіп кеттіндер деп айыптап, «караунас», яғни «будандар», «таза моғол еместер» деп мазақтаған. Тарихи шығармаларда осы мазақ атаулар кейде халықтық атау ретінде айтылып та қалады. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің әлгі «жете» атауын кейде Моғолстанның синонимі ретінде қолданылатыны бар. Бұлай атау Шоқанда да кездеседі. Осыдан-ақ жетелер, яғни моғолдар мекендейтін бөліктің Моғолстан деп аталатынын аңғаруға болады.

Моғолстанның территориясының жалпы көлемі жөнінде нақты дерек жоқ. Мирза Мұхаммед Хайдар Дулатидің жұрттың айтуынан естіп жазуы бойынша Моғолстан жері шығысында қалмақтардың мекенімен, ерістігінде Балқаш көлімен, Қаратал өзенімен, батысында Түркістанмен, түстігінде Ферғанамен шектескен.

Тарихи шығармалар берер дерекке жүгінсек, осы Моғолстан жерін доғлат (дулат), кончи («Бабыр-намада» Сағараш), арлат, Чорас, калучи, булгачи, барин, бекчик секілді тайпалар бірлестіктері мекендеген. Мұхаммед Хайдар Дулати қырғыздарды да моғол тайпасына жатқызады.

Реті келгенде ескерте кетеін бір жәй, сол бір аумалы-төкпелі заманда жоғарыда аталған жерлер Моғолстан деп аталғанмен оның бәрі барлық кезде бірдей моғолдардың екіншісінде бола бермеген. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Бірінші дәптерінің» соңында «Отыз мындай моғолдар Турфан мен Қашғардың төңірегінде ғана қалды, ал Моғолстанды қазақтар мен қызғыздар басып алды» дейтін дерегі осы айтқанымыздың дәлелі болса керек. Мұндай жағдайлар және бір рет қана болмаған, қайталанып отырған.

Міне, осы Моғолстанды Шағатай әулетінен шыққан хандар билеген. Солардың бірі Уәйіс хан (Вайс) еді. Бұл ата жолынан қуғанда Шығыс ханның он бірінші ұрпағы. Шерәлі-оғланның баласы осы Уәйіс-хан билікке таласта ағасы Шир-Мұхаммед-ханның жеңіліп, Түркістанның әмірі қыпшақ Шайх Нұр-ад-Динге барып паналайды. Ол Ақсак Темірдің атакты әмірлерінің (эмирлерінің) бірі болатын. Уәйістің мұнда келуінің себебі Шайх Нұр-ад-Дин мен Шир-Мұхаммедтің арасында ертеден

келе жатқан өшпенділікті пайдаланып, оны өз қарсыласына қарсы одақтасы ету ниетінен еді. Оның бұл ойы дұрысқа шықты. Шығыстағы қатерлі дұшпанын жойып, қауіпсіз көршілікті орнатуды көздеген Нұр-ад-Дин Уәйісті жақсы қарсы алып, оны өзінің қызы Дәулет-Сұлтан Сақанжға үйлендірді. Сөйтіп ол Уәйіспен біріге отырып, Шир-Мұхаммед ханға бірнеше рет соққы береді. Ақыры Шир-Мұхаммед өз ажалынан өлгеннен кейін, ол Моғолстанның хан тағына Уәйісті отырғызды.

Уәйіс Түркістанда жүргенде мұсылман дінін қабылдаған-ды. Соған байланысты ол өзі хандық құрып тұрған кезінде мұсылман еліне бірде-бір рет шабуыл жасаған жоқ. Оның есесіне кәпірлерге қарсы ғазауат соғысын ашты. Үнемі жеңіліп, тіпті екі рет тұтқынға түскеніне қарамастан қалмақтарға қарсы соғысумен болған. Тарихшылардың айтуынша, ол қалмақтармен алпыс бір рет соғысып, соның тек біреуінде ғана жеңіске жетіпті. Ақыры ол 1428 жылы Сатук ханмен болған соғыста қаза табады.

Уәйіс өлгеннен кейін, оның балалары Сұлтан Жүніс пен Сұлтан Исан-Бұғаның арасында таққа талас басталады. Моғолстандағы тайпа көсемдерінің қолдауымен таққа Исан-Бұға отырады. Жеңіліс тапқан Жүніс Мавераннахрға кетеді.

Әуелгі кезде жастық тәжірибесіздікпен билігін әлсіретіп алған Исан-Бұға хан кейін әкесінің сенімді Саид — Алидің (Мұхаммед Хайдар Дулатидің бабасы) көмегімен қайтадан тізгінді қолға алып, бүкіл Моғолстанға әмірін жүргізе бастайды. Күшейе келе ол Сайрам, Түркістан, Ташкент өңіріне шабуыл жасап, оларды тонап мол олжамен еліне қайтады. Осыдан дәндеген ол келесі жылы тағы шабуыл жасап, тағы тонайды. Бірақ бұл жолы оларды Мавераннахрдың билеушісі Сұлтан Абу-Сайд-мырза (Бабырдың атасы) Ианги¹ қаласының тұсында қалың қолмен қуып жетіп, тарпа бас салады. Моғолдар соғыспай, бас сауғалап, қашып кетуге мәжбүр болады.

Сұлтан Абу-Саид-мырза Исан-Бұға ханды әлсірету мақсатында Шираздан Жүністі алдырып, Моғолстанға жібереді.

Осы тұста Моғолстанға Әбілхайыр ханнан қашып, Керей мен Жәнібек те келеді. Исан-Бұға хан оларды

¹ *Ианги* — көне Тараз қаласының (қазір Жамбыл) Моңғол шапқыншылығынан кейінгі аты.

қуана қарсы алып, олардың иелігіне Шу бойы мен Қозы-басы жайлауын бөліп береді. Оның бұларды қуана қарсы алуының себебі де бар еді. Бұл кезде Исан-Бұға хан екі оттың ортасына қалғандай күйде-тін. Терістік шығыстан Моғолстанға қалмақтар шабуыл жасаса, оңтүстік батысынан Сұлтан Абу-Саидқа арқа сүйенген ағасы Жүніс аш бүйірінен қадалды. Осындай қиын сәтте Керей мен Жәнібек бастаған Дешті-Қыпшақтың жауынгер жігіттерін өзіне үлкен медеу болады деп үміттенді. Ол үміті ақталды да. Қашан өзі көз жұмғанша Жүніс хан иелігіне олардың ешқайсысы да ене алған жоқ.

Моғолдар өз ортасынан бөлініп келіп, Моғолстанның батыс бөлегіне орналасқан Керей мен Жәнібектерді «қазақтар» деп атайды. Соған байланысты олардың құрған хандығы да Қазақ хандығы деп аталады.

Реті келгенде есте болу үшін айта кетер бір жәй, моғолдар оларды әуелгі кезде «қазақтар» десе, кейін Әбілхайыр хан өліп, оның ұлысы ішкі қырқыстың салдарынан ыдырап, екі жүздей үй көшіп келіп, Керей мен Жәнібектерге қосылған соң, енді оларды өзбек-қазақтар деп атаған. Бұл қосақталған атау Қасым хан бүкіл Дешті-Қыпшақты өз иелігіне алғанға дейін аталып келеді де, одан кейін қайтадан бәрі «Қазақтар» деп аталып кетеді.

Жүнісхан Моғолстанның хан тағына Исан-Бұға өлгеннен кейін барып отырды.

Жүніс хан өз заманының білімдар адамдарының бірі болған. Кезінде Ұлықбектің алдын көрген, белгілі тарихшы Шараф-ад-Дин Әли Иаздимен он жыл бірге болып одан дәріс алған.

Әйелі көп болғанмен Жүніс хан тек екі әйелінен ғана перзент көрген. Оның бірі — Жүніс хан Сұлтан Абу-Саид-мырзаның көмегімен Шираздан Моғолстанға келгенде алғашқылардың бірі болып көмегін берген көнші (Бабыр-намада Сағараш) тайпасының көсемі Мир Қажының (Бабыр-намада Шир Қажы) қызы Исан-Дулат-Бегім. Бұдан үш қыз туады. Оның үлкені Михр Нигар-ханым, оны Сұлтан Абу-Санд-мырзаның үлкен ұлы Сұлтан Ахмет-мырзаға ұзатады. Екіншісі — Құтлық Нигарханым, оның Сұлтан Абу-Сандтың екінші баласы Омар Шейх-мырзаға қосты. Бабыр — осы Құтлық Нигар ханымнан туады. Үшінші қызы — Хуб Нигар ханым, оны Мұхаммед Құсайын гурханға атастырады. Белгілі тарихшы Мырза

Мұхаммед Хайдар Дулати осы Хуб Нигар-ханымның баласы.

Жүніс ханның екінші әйелі — Бадахшанның билеушісі Сұлтан Мұхаммедтің қызы Шаһ-бике. Ханның бұл әйелінен екі ұл, екі қыз болған. Ұлының үлкені — Сұлтан Махмұт, кейін Ташкентті билеген. Оны Самарқанд пен оның төңірегіндегілер Ханике деп атаған. Жоғарыда Абайдың Ташкентті билеген Жәнке хан дегені осы Сұлтан Махмұт-хан. Екінші баласының аты — Сұлтан Ахмет. Абай айтатын Алаша хан осы Ахмет.

Жүністің осы әйелінен көрген қызының үлкені — Сұлтан Нигар-ханым, оны әуелі Сұлтан Абу-Санд-мырзаның баласы Сұлтан Махмұт-мырзаға берген еді. Ол одан Сұлтан Уәйіс деген ұл көреді.

Сұлтан Нигар — ханым Сұлтан Махмұт-мырза өлген соң, ұлын алып Ташкенттегі бауыры Сұлтан Махмұт-ханға кетеді. Сонда Жәнібек-сұлтанның баласы Әдік-сұлтанға тұрмысқа шығады. Әдік-сұлтан өлгеннен кейін оны қазақтың ханы Қасым алады.

Жүністің кенже қызы — Даулет Сұлтан, оны Шайбани ханның баласы Темір-сұлтанға ұзатады.

Жүніс ханның өз басы Моғолстанның басқа хандары секілді Соғысқұмар болмағанға ұқсайды. Жас кезінен қалада өсіп, қала тәрбиесінде болғандықтан аңсары үнемі қалаға ауып, дала тірлігін онша ұната бермейді. Оның осы мінезі далалықтарды әбден мезі еткені сондай, моғолдары оны бірде жалғыз тастап кетеді. Сөйтіп ол бар биліктен жұрдай болып, бір жыл Ташкент билеушісі Саих Жамал Хардың тұтқыны болып, қамауда отырады. Кейін оны одан Кәрімберді доғлаттың баласы Абу ал-Куддус құтқарады. Жүніс Моғолстан хандығының билігін қайта қолына алып, өзін қолдайтын мықты тайпа көсемдеріне енді қалада тұрмасқа уәде береді.

Бірақ сол кезең жағдайы оған бұл уәдесін орындауға толық мүмкіндік бере қойған жоқ. Екі күйеу баласы — Сұлтан Абу-Саид-мырзаның екі ұлы Сұлтан Ахмет-мырза мен Омар Шейх-мырза екеуі жиі жанжалдасып қалып отырды да, солардың арасында соғыс өрті тұтанып кетпес үшін Жүніс хан үнемі араға түсіп, оларды табыстырып отырды. Мұндай жанжалдың бастаушысы көбіне тентек мінез Бабырдың әкесі Омар Шейх-мырзадан басталатын да, Самарқанды билейтін ағасының әскери күшінің көптігінен қорқып, пәлені өзі бастағанына қарамай Жүністі көмекке шақыратын және шақырған сайын оған келгеніне

арнап бір жер сыйға беретін. Мысалы, Ферғана өңірінің басты қалалары Ахсикет пен Маргинан Жүніс ханның қарауына осындай жолмен өткен-ді. Әр келген сайын Жүніс хан ағайынды екеуін татуластырып, ашулары арнасына түсіп, екпіндерінің басылуын күтіп, жаңадан тиген иелігінде айлап жатуға мәжбүр болатын.

Соңғы шақырыста ағайынды екеуінің, яғни Сұлтан Ахмет-мырза мен Омар Шейх-мырзаның таласы Ташкент үшін болған еді. Жүніс хан Омар Шейх-мырзаға көмекке отыз мың әскермен үлкен ұлы Сұлтани Махмұтты аттандырады. Екі жақтың жасақты қолы түйіліп келіп, беттесер сәтке жеткенде араға Хазрет-и Ишан Қожа Насир ад-Дин Убайдаллах келіп килігеді. Ол арнайы адам жіберіп Жүніс ханды алдырады. Даудың шығуына себепкер болған Ташкентті Жүніс ханға береді. Ал ол өз тарапынан Ташкентті билеуді үлкен ұлы Сұлтан Махмұтқа тапсырып, оны ресми түрде хан деп атайды. Абайдың «Жүніс ханның үлкен ұлы Жәнке хан Ташкентті билепті» дейтіні осы себептен.

Мұның алдындағы бір шақырыста Омар Шейх-мырза Жүніс ханға Сайрамды берген болатын. Хан жаңа жерде көбірек тұрып қалғандықтан, қала тұрмысына көндіге алмай, даласын аңсаған моғолдар Жүністің кіші баласы Сұлтан Ахметті үгіттеп, оны Моғолстанға кетуге көндіреді. Әкесіндей емес Сұлтан далалық өмірді жақсы көреді. Өзі де даласын сағынып жүрген ол тез келісіп, моғолдарын ертіп, әкесінен бөлініп Моғолстанға қашып кетеді.

Жүніс хан оны кумайды. Өйткені бұл кезде Моғолстанда хан тұқымына қарсы шыға қоярлықтай күш жоқ-тын. Сондықтан баласының Моғолстанға иелік етуге кеткеніне қуанбаса, ренжіген жоқ. Өзі алаңсыз Сайрамда тұрып жатты.

Бірақ Моғолстандағы жағдай Жүніс хан ойлағандай емес еді. Сұлтан Ахметтің хан атанып, Моғолстан моғолдарына толық билік жүргізуіне табаны күректей күреске толы он жыл керек болды. Бірнеше тайпа көсемдері оған қарсы шықты.

Бірде Моғолстандағы ең ірі тайпалардың — калучидің көсемі Сұлтан Ахметтің шатырына түнде шабуыл жасап, оны өлтіріп тастай жаздады. Тек Сүтемген-баһадурдың дер кезінде көмекке келуінің арқасында аман қалды. Бірақ ол бірнеше жерден ауыр жарақаттанған еді.

Осы жарасы жазылысымен Сұлтан Ахмет қарсыластарына қырғидай тиді. Қалучилерді қалмақтарға қашып кеткен жерінде соңынан қуып барып қырғынға ұшыратты.

Содан кейін ғана ол Моғолстанның толық қожасына айналады. Бұл кезде өз иелігінде оған қарсы тұрарлық ешкім де жоқ еді.

Моғолстанда тәртіп орнатып, нығайтып алғаннан кейін Сұлтан Ахмет хан қалмақтарға қарсы бірнеше сәтті жорықтар жасап, еліне мол олжамен оралып отырды. Екі рет қалмақтардың басшысы Исан-Тайшының (Эсэн-тайшы) өзімен соғысып, екеуінде жеңіске жетіп, қарсыластарын аса көп қырғынға ұшыратты. «Бабыр-нама» дерегіне сүйеніп, Абайдың атап көрсеткеніндей, Сұлтан Ахмет-ханның Алаша хан аталатыны осы кез болса керек.

Сұлтан Ахмет-хан тек қалмақтарға ғана емес, қазақтарға да қырғидай тиеді. Исан-Бұға хан заманынан бері қаймағы бұзылмай келе жатқан моғол — қазақ достық одағының бұзылып, Сұлтан Ахмет-ханның қазақтарға жауығуына мынандай жағдай себеп болған еді.

Жүніс ханның үлкен ұлы Сұлтан Махмұттың Ташкенттің ханы болғанын жоғарыда айттық қой. Сол Сұлтан Махмұт хан әкесі өлгеннен кейін Ташкентті өзінен тартып алмақ болған Сұлтан Абу-Сандтың баласы Сұлтан Ахмет-мырзамен Сырдарияның бір саласы Шыршық (Аб-и Парак) өзенінің бойындағы соғыста өзіне үлкен көмек көрсеткен Шахибек-ханға ризалық білдіріп, кейін өзі жаулап алған Түркістанды оған сыйлаған-ды. Бұл Шахибек-хан кәдімгі атақты Әбілхайыр ханның немересі, Шах-Будаг-оғланның баласы еді. Осыған байланысты Керей мен Жәнібектің балалары Сұлтан-Махмұт-ханға арнайы елші жіберіп; «ханның бұл не қылғаны; Шахибек-хан біздің ежелгі жауымыз еді, оны Түркістанды билетіп, бізге қарсы қойғаны қалай? Атадан балаға мұра болып келе жатқан достық бұзылмасын десе, бұл райынан қайтсын», — деп сәлем айтады. Хан бұған иілмеді. Осыған кектенген Керей мен Жәнібек балалары Сұлтан Махмұт-ханға қарсы аттанады. Сөйтіп ұзынырғасы хан әскері мен қазақтар екі рет соғысып, екеуінде де Керей мен Жәнібек балалары жеңіске жетеді.

Кезінде қалмақтармен соғысып жүріп ағасына көмек бере алмаған Сұлтан Ахмет-хан енді күшейіп, ес жиып алған соң, Сұлтан Махмұт-ханның кегін қуып, қазақтарға үш рет жойқын шабуыл жасайды. Үшеуінде де жеңіске жетіп, мол олжамен еліне оралады. Мұхаммед хайдар Дулатидің жазуы бойынша, бұдан кейін «жеті-сегіз айлық жолға тең бүкіл Моғолстанның шекарасының бойында

қалмақтар мен өзбек-қазақтар үшін Сұлтан Ахмет-ханның иелігіне енетін мүмкіндік болмады».

Алайда Сұлтан Ахмет-ханның бұлайша дүркіреуі ұзаққа бармады. Ол Яркендтің билеушісі Мырза Абу-Бакрмен болған соғыста ойсырай жеңіліп, Моғолстанға еңсесі түсіп оралды. Келесі жылы Шахибек-ханның ағасы Сұлтан Махмұт-ханға қалың қолмен аттанғанын естіп, соған көмекке Ташкентке аттанды. Өз орнына хан етіп баласы Мансұрды қалдырды.

Сұлтан Махмұт-хан мен Сұлтан Ахмет-ханның біріккен әскері Шахибек-ханның әскерімен Ахсикеттің жанында кездесті. Сұрапыл соғыс болды. Ақырында Шахибек-хан жеңіп, ағайынды екі жанды бірдей тұтқынға алды. Бірақ Шахабек-хан Сұлтан Махмұт-ханның өзіне кезінде жасаған жақсылықтарын ескеріп, екеуіне бірдей құрмет көрсетіп, лайықты тарту-таралғысымен Моғолстанға шығарып салды. Екі хан сол жылғы қысты Ақсу қаласында өткізді. Сұлтан Ахмет-хан осында яғни Ақсуда аурудан қайтыс болды. Бұл — 1504 жыл еді. Кей деректе 1503 жыл деп көрсетілген.

Міне, өзім қолым жеткен тарихи деректерден жинақтай түйіндегенде Сұлтан Ахмет-хан мен ол билеген Моғолстан жайындағы қысқаша мәлімет осындай.

Көріп отырсыз, Қазақ хандығы Моғолстан жерінде шанырақ көтерді демесеңіз, әкімшілік иелік ретінде екеуі бір-біріне қатысы жоқ, өз алдына жеке-жеке хандықтар. Былайша айтқанда, Қазақ хандығы бір басқа, моғол хандығы бір басқа. Соған орай олардың билік еткен хандары да өз алдына жеке-жеке болғаны белгілі. Олардың арасында жер ыңғайының көршілестігі мен сырт жауларының ортақтастығына байланысты біраз жылға созылған достық одақ болғаны да рас. Бірақ ол одақтастың өзі осы Сұлтан Ахмет-хан мен Сұлтан Махмұт-ханның тұсында бұзылып, Сұлтан Абу ар-Рашидханның тұсында біржолата үзілген. Екі хандықтың территория ортақтастығының және құрамындағы тайпалардың біразының этникалық жағынан туыстық жақындығының болуы, әсіресе Ахметтің Алаша-хан аталуы Абайды Сұлтан Ахмет-ханды қазақтың ханы деп тануға мәжбүр еткені секілді. Әйтпесе ол қазақ ханы болған емес. Бұған жоғарыда келтірген тарихи деректер де, қазақ хандығының Керей-ханнан басталып, Шыңғыс Уәлихановпен аяқталатын хронологиялық тізбегінде Сұлтан Ахмет ханның

атының жоқтығы да кепілдік бере алады. Бұл — сіздің Қазақ хандығына моғолдардың қандай қатысы бар, Моғолстанның ханы Сұлтан Ахмет-хан қалай қазақ хандығының ханы болады деген сауалыңызға жауап.

Енді осыған байланысты «Алаша-ханның мазары» деген мазар кімдікі? «Ахмет-ханның мазары ма?» деген сауалыңызға жауап берейін. Өзіңізге белгілі, Алаша-ханның мазары бастауын Ұлытаудан алатын Қаракеңгір өзенінің бойында Жошы ханның мазарының терістік батыс жағында орналасқан аралары онша алыс емес.

Ғалымдардың анықтауында, қараханидтер дәуірінің сәулет өнерінің стилінде салынған әсем құрылыс. Ескерткіштің жалпы аумағы Қазақ Совет Энциклопедиясының дерегі бойынша, 9, 73 x 11, 9 метр, биіктігі 10 метр. Алаша хан мазарының әсем де берік болуы оның айрықша жобасына, архитектуралық бітіміне де байланысты. Кірпіштерінің мейлінше мінсіз үйлесіммен қаланған, сыртқы бетіне, бүйіріне ру таңбалары мен түрлі ою-өрнектер басылған. Ою-өрнектер қазіргі қазақ қол өнер шеберлерін қолданатын таңдай, қиықша, жұлдызша, үшкіл тәрізді түрлеріне бай. Түпкі салыну тәркінінде ұқсастық болғанымен сырт салтанаты Жошы мазарынан басым. Былайша айтқанда Жошы мазарының жетілдірілген, ою-өрнекпен байытылған түрі. Осыған қарап Алаша хан мазарының Жошы хан Мазарынан кейін салынғанын аңғаруға болады. Біздің бұл ойымызды осы Ұлытаудан басталып, қазіргі Торғай облысының жеріндегі Сары-Торғай совхозының орталығына дейінгі аралықта кейінгі салынған үлкенді-кішілі мазарлардың бәрінің Алаша хан мазарының үлгісінде салынуы да дәлелдей түскендей.

Алаша хан мазарының Кеңгір өзені бойындағы Қамыр-хан, Домбауыл, Бұлғын-ана секілді басқа көне ескерткіштерден өзгеше екенін Шоқан Уәлиханов та «Қазақ молалары мен жалпы көне ескерткіштері жайында» деген мақаласында атап өтеді. «Алашахан (Мовзелейі) біршама өзгешелеу; оның күмбезінің кернеуі бейіттің өзінен кіші, сондықтан оның айналасы тегіс төбемен жабылған, ал жоғары қарай жалғаса түскен қабырғалар ішкі жағынан бұрама баспалдақ арқылы шығатын балкон тізбегін жасайды».

Мазардың Алаша хан атымен аталуы нақтылық белгісі, яғни бұл жерге Алаша хан жерленген, денесі (сүйегі) осы мазардың ішінде жатыр деген сөз. Егер осы шындық болса, яғни Алаша хан атымен аталатын мазар ішінде

жатқан оның өзі болса, онда оған сонау Моғолстанның оңтүстік шекарасындағы Ақсу қаласында қайтыс болған сұлтан Ахмет-ханды бір-бірімен атысып-шабысып жатқан сол кездің жағдайында осынау қиырдағы Ұлытауға әкеп қоюы мүмкін бе деген заңды сұрақ туады.

Меніңше, бұл сұраққа «жок, мүмкін емес» деп бірден кесіп жауап беруге болатын секілді.

— Қалайша? Дәлелсіз бірден олай кесіп айту ағаттық болар.

— Әрине, солай. Бірақ бұл жерде менің бұлай деуіме нақты себебім бар. Біріншіден, шетіндегі Ақсудан Ахмедтің сүйегін Ұлытауға жеткізу сол кез жағдайында қиынның қиыны екенін ескеру керек. Сол заманның білгірі Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати бір-біріне ең жақын орналасқан деген «Ақсу мен Қашғардың арасын салт атты үшін он бес күндік жол» дейді. Оның өзі де бұл екі араны салт атпен сан рет жүріп өткен адам. Сонда есептеп көріңіз, Сұлтан Ахмет-ханның денесі салынған арбаның Ақсудан қазіргі Алаша ханның мазары тұрған жерге жетуі үшін қанша күн жол жүру керектігін. Ең кем дегенде үш-төрт ай. Демек осындай мойны қашық, ит арқасы қиянға өліктің денесін сүйреу сол кезең жағдайында еш қисынға келмейді.

Екіншіден, Алаша ханның мазарындай сәулетті де алып құрылысты салу үшін аса көп қол күші, оларға сойыстық мал және басқа тағам қажет. Ол және бір күнде бітетін шаруа емес, қыруар уақыт тілейді. Мұның қандай жұмыс екенін нақты ұғыну үшін ғалым Ақселеу Сейдімбеков «Күмбір-күмбір күмбездер» атты еңбегінен Алаша ханның мазарының үлгісінде салынған Дүзеннің мазарын жылына алпыс жігіт көмекші ерткен Сералы шебер екі жаз дайындалып, үшінші жазда қалап шыққанын айтады. Жаңағы айтқан Сұлтан Ахмет-ханның денесін жеткізу қиындығына енді осынша адам мен малды, құрылысшыларға қажетті үй мен оның мүлкін өздерімен жауласып жатқан елдің жерінің үстімен өткізу ауыртпалығын және солардың ортасында үш жыл жазы-қысы болу машақатын қосыңыз. Сонда Алаша хан мазары Сұлтан Ахмет-хандыкі болу мүмкін еместігіне көзіңіз жете түседі.

Үшіншіден, моғолдар, тіпті бұл қиындықтардың бәріне төзіп, өлік денесінің бұзылмай жету тәсілін тапты дегеннің өзінде, олардың бұлай істеуіне, соған мәжбүр етерліктей ешқандай негіз жоқ. Бір әкенің балалары билік үшін

бір-бірін қойдай бауыздап жатқан сол заманда Шағатайдың он екінші ұрпағы Сұлтан Ахмет-ханның денесін өзінің Моғолстан жеріне жерленген ата-бабасының аруағын аттатып, ұрпағы өздерімен жауығып, күнде соғысып жатқан Жошының қасына әкеп қоюы қай қисынға да келмейді.

Міне, осындай нақты жағдайларды ой елегінен өткізіп, сол кездің мүмкіндігімен сараласақ Сұлтан Ахмет-ханның денесін сонау ит өлген жердегі Ақсудан Жошының қасына әкеп қоюдың ешқандай қисыны жоқ.

— Оның үстіне егер Сұлтан Ахмет-ханды, шынында сондай бір мақсатпен әкеп қойса, онда оны Жошының әлі қасына жерлер еді ғой.

— Дұрыс айтасыз, орнап әкелген болса, Жошының дәл қасына жерлер еді. Өзіңіз де көрдіңіз, екі мазардың арасы онша алыс болмағанмен ежәптеуір жер. Мұның бәрі, қорыта келгенде, Алаша хан мазарына жерленген Сұлтан Ахмет-хан емес, басқа адам екенін көрсетеді. Олай болса бұл басқа адам кім?

— Шынында ол кім? Мазардың «Алаша хан» аталуына қарағанда, шамасы, мұнда жерленген адам да кезінде Алаша хан атанған біреу ғой. Олай болса, бәлкім, қазақтың Алаша ханы осы мазардың иесі шығар.

— Мәселенің өзі осында, осы сауалдарға жауап беруде ғой. Бірақ ол оңай шаруа емес. Өйткені бұған мынандай жерде былай деген деп нақты көрсетіп, жауап берерлік дерек жоқ. Сондықтан өзіңше сонылап, жол іздеуіңе тура келеді. Осы тұрғыдан қарағанда мына бір деректерден іздегеніңе бағыт сілтер жанама мағлұматтар алуға болатын секілді.

Оның бірі — Шокан Уәлихановтың «Қазақ шежіресінде» келтірілген Алаша хан жөніндегі аңыз.

«Ерте-ерте, ертеде Тұранда Абдолла атты хан өтіпті. Оны кейде Абдул-әзиз-хан деп те атайды екен. Сол ханның бір алапес баласы болады. Соған байланысты оны Алаша деп атапты. Мұндай жұкпалы аурулы адамды елден аластататын ескі салтты сақтаған әкесі баласын елден қуады. Осы кезде Абдолла ханның қаталдығы мен алқымнан алған аштыққа шыдамаған оның қарауындағы жұрт Сырдарияның терістігіндегі далаға, Қаракұм мен Барсық құмына кетіп, қазақылық жасай бастайды. Жаужүрек алғыр батырлардың саны үш жүзге жеткеннен кейін, көп ұзамай ерліктерімен де, байлықтарымен де төңірекке танымал болады. Арада бірнеше жыл өткенде

қазақтар тобы көршілерінен жаппай жеңіліс тауып, күйзеліске ұшырайды. Сөйтіп, аштық азабын шеккен даланың, еркебуландарының бағынар дара басшысы жоқтықтан әрі өзара келісе алмаушылық салдарынан бір-бірімен қырқысып, туыстық туы жығылуға айналады. Осы жағдайды пайдаланып, титықтағандарды біржолата құрту үшін Абдолланың өзі оларды іздестіре бастайды, тек құдіретті күштің арқасында ғана олар бұл қырғыннан аман қалады. Осындай мүшкіл халге жеткен үш жүз (Шоқанда екі жүз деп қате жазылса керек. к.с.) батырдың арасында Алаш атты (жатжұрттық) дана қарт пайда болып, оларға жүрек тербетер өнегелі сөз айтады. Қашақтар Алашты өздеріне ру басы және би етіп тағайындайды және соның ақылымен Абдолла ханның алапес баласын шақырып алып, оны хан көтереді. Осылайша кей мағынада ұлт (егер көшпелі ұлысты осылай атауға болса) деп атауға болатын жөндемді қоғамын құрып алған дала кезбелер өздерінің тәуелсіз жеке шыққандарын есте қалдыру үшін Алаша хан мен Алаш бидің құрметіне өздерін Алаш немесе жүздердің санымен үш Алаш деп атады. Алайда олардың сыртқы қайта өзгерісіне қарамастан көршілері де, Абдолла хан да оларға баяғы кезбе-қарақшылар деп қарап, оларды бұрынғысынша «қазақ» деп атады. Алаш пен Алаша хан үш жүз батырымен Абдолла еліндегі аштық пен індетті пайдаланып, ханды жазбаша өздерінің тәуелсіз ел екенін мойындатуға мәжбүр етті. Сөйтіп Алаш халық болды, Алаша оның ханы болды».

Енді **екінші аңыз** дерегін келтірелік. Бұл Шоқан Уәлихановтың «Қырғыздар туралы жазбалар» деген еңбегінде келтірілген.

«Кейбіреулер ноғайлының ханы, ал енді біреулері қазақ ханы деп келген Жәнібек ханның Алатай деген баласы туралы, яғни Алатау қырғыздарының ең алғашқы және соңғы ханы Жошы хан туралы аңыз осы тұста пайда болған. Аңыз бойынша Жәнібек хан Шыңғыс пен Жошы хан әулетінен шыққан тұңғыш ханы» Әбілғазы бұл аңыздарды растай отырып оның балаларын қазақ хандары деп атайды.

Үшінші аңыз А. И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» атты әйгілі еңбегінде келтірілген. Бұл аңыз бойынша қазақтар әуелде Алашпен немесе сібір татарларымен (ноғайлармен) бір болып, кейін ішкі келіспеушілік салдарынан олардан бө-

лініп кетеді. Әуелгіде бірнеше сұлтандар билік жүргізеді де кейін бар билікті Алаша өз қолына алады. Ол үш жүз жауынгермен Бұхарға шабуыл жасайды. Сол жолы қолға түсіп, Түркістанға жіберіледі, сонда дүние салады.

«Аңыз түбінде ақиқат бар» деген халық даналығына жүгініп, осы келтірілген үш аңыздан кезінде осылардың тууына негіз болған, кейін ауыздан-ауызға көшкенде айтысушысының таным-түсінігіне, ой өрісі мен қиял қуатының қарамына қарай өзгеріске ұшыраған әуелдегі өмір шындығын табу үшін оларды халқымыздың ғұмырнама-сынан өзімізге мәлім тарихи деректермен салыстырып, содан түйгенімізді зерде таразысына тартып көрелік. Ол үшін алдымен осы келтірілген үш аңыздың құпиясын ашар кілті іспеттес соңғы, А. И. Левшин келтірген аңыздан бастаған жөн. Аңыз дерегі бізге әуелі қазақ хандығының ноғайлармен бір болып дәуірлегенін, бірақ бұл дәуірлеудің ұзаққа бармай, кейін билікке таласып, өзара қырқысқан сұлтандардың әрқайсысы өзінше хандық құрып, елді бөлшектеп жеке-жеке басқарғанын, мұндай жағдайдан тек Алаша хан бар билікті өз қолына алғаннан кейін ғана құтылғанын хабарлайды. Енді осы аңыз дерегінің өмір шындығымен қаншалықты қиысатындығын білу үшін оны Қазақ хандығы тарихының дерегімен салыстырып көрелік. Сонда аңыздың жай қиялдың жемісі емес, жазба деректің көшірмесіндей нақты тарихи оқиғаны өзек еткенінің куәгері боласыз.

Аңыздың «қазақтар әуелде сібір татарларымен (ноғайлармен) бір болып дәуірлепті» деп айтып отырғаны Қазақ хандығының билігін Қасым ханның өз қолына алған кезінде дәл келеді.

Расында да Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы өзінің дәуірлеу биігіне көтерілді. Бұл кезде хандықтың даңқы артып, ол туралы дерек Еуропаға белгілі бола бастады. Халқының саны бір миллионнан асып кетті. Сол заманның куәгері, белгілі тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің сөзімен айтсақ: «Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшақтың дара билеушісіне айналды. Жошы ханнан кейін бұл әулетте мұндай атақ-абыройға және құдіретті күшке қол жеткізген бірде-бір адам болған жоқ. Оның қисапсыз көп, сан мың әскері болды.»¹

¹ «Бабырнамада», «Брокгауз — Эфрон» энциклопедиясында Қасым ханның 300 мыңға дейін әскері болды делінген.

Тарих деректеріне зер салып қарасаңыз, Қасым ханның мұның бәріне хандық кемеңгерлік пен қолбасшы батырлықты шебер үйлестіріп, көршілерімен билікті дипломатиялық бейбіт саясат жүргізе білуі арқылы ие болған. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын қазақтардың алғашқы бітім-бітігін шығарған да осы Қасым хан болатын. Академик Әлкей Марғұланның атап көрсеткеніндей, мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы сияқты бес хақиқаттан тұратын бұл құжат кейін атакты «Жеті жарғыға» негіз болған көрінеді.

Міне, осы Қасым хан өлгеннен кейін Қазақ хандығы өзінің бұрынғы даңқынан айрылып, аңызда айтылғандай, өзара бірлікке қорып, пәтуаласа алмаған әр сұлтан өзінше хан болып, жеке-жеке билік етуге ұмтылады. Сөйтіп Қасым ханның Ханық-сұлтан-ханшадан туған ұлы Хакназар (Ақназар) таққа отырғанша Қазақ хандығында хан болған Мамаш та, Тахир да, Бұйдаш та, Қожа-Махмед те, Тоғым да бұрынғы атак-даңқын қайта оралта алмады. Әрқайсысы жеке билікке ұмтылудың салдарынан тұтас күшті ыдыратып, ақырында алды бірер жыл арты бірер ай ғана хан болып, мықты көршілермен қақтығыста қаза тауып жатты. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «1523 жылы қазақтар бір миллион болса, 1537 жылы бұлардан жер бетінде із де қалмады»,— деп жазатыны осы кез. Тарихшының мұндағы қадап көрсетіп отырған екі мерзімінің алғашқысы Қасым ханның өлген жылы, ал кейінгісі Әдік сұлтан ұлы Тоғым хан бастаған қазақтардың Моғолстан ханы Сұлтан Саид-ханның баласы Рашидпен болған соғыста жеңіліп, Тоғым ханның өзі 37 сұлтанымен бірге майдан даласында қырғын табатын жылы. Осы аралықтағы он төрт жыл аңыздағы «Әуелгіде Сұлтандар билік жүргізді, одан кейінгі бар билікті Алаша хан өз қолына алды»,— делінетін кезеңге дәл келеді. Сонда аңыз айтып отырған Алаша ханымыз басқа емес, Қасым ханның баласы Хакназар хан болып шығады. Тарихи деректерде, атап айтқанда, «Брокгауз — Эфрон» энциклопедиясында осы кезең туралы былай деп жазылған. «Қасым хан өлгеннен кейін билікті мұраланған оның балалары мен інілері қырғыз-қайсақ еріктілерін қол астында бұрынғыдай ұстап тұра алмады. Орда ыдырай бастады, көптеген сұлтандар өздерінің жақын туғандарын алып, бас сауғалап, көрші хандықтарға қашып кетті. Тек арада жиырма жылдай уақыт өткенде таққа Қасым хан

баласы Ақназар (Хақназар) отырғаннан кейін ғана хандықтың тірлігі бұрынғы арнасына түсті».

Көріп отырсыз, аңыз дерегі мен тарих дерегі арасында айырмашылық жоқ. Бәрі бір кезеңдегі оқиғаны дәл баяндап отыр.

— Тоқтаңыз, мынау өзі қызық болды ғой. Сонда қалай, аңыздағы атақты Алаша ханымыз қазақтың кәдімгі тарихқа белгілі Хақназар ханы болғаны ма?

— Иә, солай деуге болады. Аңыз дерегін айтақтаған тарих дерегі осындай байлам жасауға мәжбүр етеді.

Адалдығына жүгінсек, бұл мен ашып отырған жаңалық емес. Аңыздағы Алаша ханмен тарихи нақты тұлға Қасым ұлы Хақназарды шендестірген ақыл иелері болған. Өкініштісі сол, олардың пікірлері назардан тыс қалған. Нақтылық үшін атап айтсақ, Алаша хан мен Хақназар хан арасындағы бірлікті алғаш аңғарған адам — Мұхаммеджан Тынышпаев. Сол кезең оқиғаларына көне тарихи деректер мәліметіне сүйене отырып талдау жасаған ол қазақтың Алаша ханы басқа емес, осы Хақназар (Ақназар) деген байламға келеді.

М. Тынышпаевтан кейін совет ғалымдары арасында Алаша ханның Хақназар болуы мүмкін деген ойтүрткі пікірді Ұлытау төңірегіндегі ескерткіштерге алғаш назар аударған академик Қаныш Сәтбаев та айтады. Ол 1941 жылы «Жезқазған аймағыдағы тарихтан бұрынғы замандар ескерткіші» деген еңбегінде: «Халық аңызындағы Алаша хан дегені 1569 жылы көрші жатқан Ташкент хандығымен сәтті соғыса білген Ақназар сияқты белгілі адам болуы әбден ықтимал», — дейді.

— Бірақ аңызда Алаша хан Ташкентке емес, Бұқарға шабуыл жасаған деген ғой.

— Иә, аңызда солай. Бұл арада мынандай тарихи шындықты мойындау керек. Ташкент ол кезде Бұхардың билеушісі Абдоллах ханға бағынышты, соған тәуелді иелік болатын. Кейін Ташкенттің билеушісі Наурыз-Ахметтің баласы Баба сұлтан бағынғысы келмегенде оны одан қазақ сұлтандарының көмегімен қуып шыққаны белгілі. Бұл жөнінде Хафиз Таныштың (Тыныштың) «Шарафнамеи Шахи» («Шах даңқының кітабы») атты еңбегінде айтылған. Демек аңыздың «Алаша хан Бұхарға шабуыл жасады» дегенін Бұхардың өзіне емес, Бұхар хандығына деп түсінген жөн. Мысалы, өзіңіз Самарқандқа барып келсеңіз, қайда барғаныңызды нақа бір дәл айту қажет

болмаса, көбіне Өзбекстанға барып келдім дей бересіз ғой. Бұл да сол сияқты.

Сонда байыптап қарсаңыз, аңыз берген дерек тарих дерегімен түгелдей дәл келіп, Алаша ханның Хақназар хан екеніне куәлік береді.

Енді мәселеге осы тұрғыдан келіп, жоғарыда келтірілген Шоқан жазып алған бірінші аңыз дерегіне зер салайық. Сонда Алаша ханның әкесінің Тұран елінің ханы Абдолла болуының сырын да түсінуге болады. Жоғарыда аталған Хафиз еңбегінен Абдаллах ханның қазақ сұлтандарымен бір одақта болғанының, яғни Хақназардың өзінен бұрынғы сұлтандар билеген кезде ыдырап, тоз-тоз болған қазақтардың басын қайта құрып, тұтас ел қылуда сол кездің мықты ханы Абдоллахқа арқа сүйегенінен көреміз.

Мұны Қазақ совет энциклопедиясында келтірілген «Хақназар (XVI ғасырдың) жетпісінші жылдардың аяғында Абдолла ханмен одақтасып, Ташкентті билеуші Баба-Сұлтанға қарсы күресті» деген дерегі де анықтай түседі. Осы одақтастықтың әуелгі кезінде Абдолла ханның Хақназарға өте жақсы қарағаны, оған өкіл әкедей болғаны тарихтан белгілі. Осы тұрғыдан келіп, аңыздың Абдаллах ханды Хақназардың әкесі деп алуында осындай өмір ақиқаты жатқанын аңғаруға болады. Шамасы Шоқан да осындай ойда болғанға ұқсайды, өйткені ол аңызда ханның атын әуелі Абдолла десе, кейін оны Абдаллах деп көрсетеді.

Сондай-ақ Шоқан келтірген екінші аңыздағы Жәнібек ханның Алатай деген баласының болуы да Хақназарды Алаша хан деуге негіз бергендей. Өйткені авторы белгісіз «Таварих-и Гузида-и Нусрат-наме» атты көне шығармада Жошы әулетінің шежіресі беріліп, сонда Жәнібек ханның балаларының бәрінің аты түгел келтірілген. Олар мыналар: Иренжі, Махмұд, Қасым, Әдік, Жаныш, Қамбар, Тыныш, Ұсынақ және Жәдік. Мұның ішінде Алатай аты айтылмайды. Жәнібектен кейін мықты хан болған оның баласы Қасым хан екені белгілі. Соған орай Қасымның баласы Хақназарды аңыздың Жәнібек баласы деп алуы әбден мүмкін. Себебі, көшпелілер дәстүрінде немересінің атасының бауырында өсіп, соның баласымын деп кететіні ежелден бар дәстүр. Қалай болғанда да бұл арада Алатай, Алаша аттарының Хақназар ханға қатысты айтылуы тектен-тек емес.

Мұның сыртында осы аңыздағы Жәнібек ханның ба-

ласы Алатайды кейбіреулердің ноғайлының, ал енді біреулерінің қазақ ханы деп атайтындығы да назар аударарлық дерек. Өйткені аталған кезеңдегі, Қазақ хандығында қазаққа да, ноғайға да хан болды деп ортақтастырарлықтай Хақназардан басқа ешкім болған жоқ. Ыдырап, құлауға айналған хандықты, жоғарыда айтқанымыздай, қалпына келтірген, көршілерін бағындырып, өз хандығының құрамына кіргізген тек осы Хақназар ғана. Мұны орыс ғалымы Л. И. Рычковтың «Орынбор тарихы» атты еңбегіндегі мына бір деректер де нақтылай түседі, «Осы Ақназар хан болғаннан кейін хандық айтарлықтай нығайды. Ол тек қана ноғайлар мен Башкирияны құрамына енгізіп қойған жоқ, Соның сыртында Қазан, Сібір, Астрахан хандықтарын, Бұхар, Хиуа, Ташкент және басқа көптеген қалаларды өзіне бағындырып, олардан салық алып тұрды»,— дейді ғалым.

Оның бұл пікірінің қаншалықты дұрыс-бұрыс екенін таразылау мен үшін, әрине қиын. Себебі ғалымның бұл түйіндеуін растар басқа дерек кездестіргем жоқ. Бірақ осылай дей тұрғанымен, бұдан Хақназардың (Ақназардың) ғалым айтқандай, аталған иеліктердің бәріне бірдей билік жүргізбегенімен оларға белгілі дәрежеде ықпал етерліктей қуаты болғандығын аңғару онша қиын емес. Менің бұл ойымды Қазақ Совет энциклопедиясының «...Маңғыт (ноғай) мырзаларының арасындағы алауыздық жойылып, олар Ақназарға бағынды... XVI ғасырдың елуінші жылдары бұрынғыша Ташкентті Қазақ хандығына қаратты», және Хайдар ибн Али әл-Хусаин Разидің «Тарихи-и Хайдари» атты еңбегінде Хақназарды «Қазақтар мен қырғыздардың патшасы» деп атап көрсеткен нақты деректері де қуаттай түскендей.

Осыған байланысты назардан тыс қалдыруға болмайтын тағы бір дерек — аңыздарда «үш жүз» атауының Алаша хан атымен орайластырыла айтатындығы. Қазіргі жұрттың бәріне мағлұм тарих деректеріне зер сала пайымдап қарасаңыз, бұл да Алаша ханды Хақназар деген жорамалымыздың шындыққа айналуына қол ұшын беретін тәрізді. Өйткені қазақ жүздерінің қалыптасу кезеңі басқа емес, дәл осы Хақназар ханның тұсында болғанын еш дерек жоққа шығара алмайды. Қазақ аңыздарының өзі де қазақтардың үш жүзге бөлінуін осы Хақназар хан атымен байланыстырады.

— Сонымен «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» Алаша хан дегеніміз Хақназар дейсіз ғой.

— Иә, менің пайымдауымша солай.

— Сонда сіздіңше Қаракенір өзенінің бойындағы Алаша хан мазарын да Хақназардікі дейсіз бе?

— Әрине.

— Қой, мұныңыз болмайтын шығар.

— Неге?

— Не негесі бар? Өзіңіз ойлаңыз, Алаша ханның мазары, ғалымдардың анықтауы бойынша, XI—XII ғасырда салынған, ал Хақназар XVI ғасырда өмір сүрген кісі. Сонда, қалай, мазар жарық дүниеге табаны күректей төрт ғасырдан кейін келетін адамға арнап салынған ба?

— Иә, мұныңыз шындық. Мұндай мерзім алшақтығы болса, Хақназарды Алаша хан деудің еш қисынға келмейтіні рас. Бірақ мен ғалымдардың бұл құрылыстың салыну мерзімін анықтауында жаңсақтың бар деп есептеймін. Өйткені Алаша ханның мазары Жошы ханның мазарынан кейін салынған.

— Дәлеліңіз?

— Оған айтқандарымның сыртында келтірер бір ғана дәлелім бар. Ол — сол кездің куәгері Хафиз Таныштың (Тыныштың) «Шарафнаме-ий Шахи», басқаша айтқанда «Абдаллах-нама» атты еңбегі.

Хафиз Танышбен Мир Мұхаммед әл-Бухари — Абдаллах II ханның Ұлытау төңірегіне жасаған жорықтарына тікелей өзі қатысып, бар оқиғаны көзімен көріп, бәрін ай-күнімен көрсетіп, жазып отырған сарай тарихшысы.

Міне, осы Хафиз Таныш Абдаллах ханның қазақ сұлтандары Шығаймен және Тәуекелмен бірігіп, Баба сұлтанға қарсы жасаған жорығын жазғанда, оның Қаракенгір өзен бойымен жүрген жолын тәптіштей суреттейді. Сонда Жошы ханның мазары үш жерде (М. Тынышпаевта екі жерде деп қате көрсетілген) атап өтеді. Ал Жошы мазарына «әй» дейтін жерде тұрған одан сырт көрінісі әлдеқайда айбынды да сәулетті Алаша хан мазары туралы бір ауыз сөз жоқ. Мысалы, Жошы хан мазарын соңғы атағанда Хафиз Таныш: «Аталған айдың 5-жұлдызында жұма күні ерлігімен даңқы шыққан Абдаллах хан өзінің жеңілуді білмейтін әскерімен Сарайлы мен Тұрайлыда болды.

Осы айдың алтыншы жұлдызында сенбі күні¹ хан Жошы хан мазарының алдындағы Сарайдың маңына

¹ Жаңаша 30 сәуір 1581 жыл. Кітаптың түсініктемесінде 1582 жыл деп қате көрсетілген.

тоқтады», — деп жазған. Бүгінгі жергілікті қарттар Хафиз айтқан сарайлардың біреуінің үйіндісі Жошы мазарынан гөрі Алаша ханның мазарына тақау жатқанын айтады. Олай болса осы Сарайдың маңына келіп тоқтаған хан нөкерінің ішіндегі Хафиз Таныштың Алаша ханның мазарын көрмеуі мүмкін бе? Көрсек, болған жерінің атын, елеулі ерекшелігін тәптіштей баяндайтын автордың Алаша хан мазарындай әсем құрылысты атамай кетуі мүмкін бе? Меніңше, мүмкін емес. Бұлай деуіме Хафиз Таныштың мұның алдында өзі көрген Алаша хан мазарынан әрі кіші, әрі жұпыны Талмас-ата, Болған-ана мазарларын да назардан тыс қалдырмай жазып отырғаны толық кепілдік береді.

Бұдан шығар қорытынды сол, 1581 жылы Хафиз Таныш Абдаллах ханмен бірге Қаракеңгір бойын жағалағанда Алаша ханның мазары жоқ, әлі салынбаған.

Бұл арада Алаша ханның Хафиз Таныш еңбегінде айтылмау себебі жөніндегі тарихшы Мұхамеджан Тынышпаевтың «осының алдында бір жыл бұрын Баба сұлтан өлтірген¹ Хакназарға уақыттың қысқалығы әрі жаугершілік шапқыншылықтың салдарынан әлі мазар орнатылмаған болуы керек», деген пікірмен келісуге тура келеді. Өйткені құрылысшының көлемі мен күрделілігі жөнінен Алаша хан мазарынан әлдеқайда төмен, жоғарыда айтқан, Дүзеннің мазарына үш жаз керек болғанын ескерсек, Хакназарға арналған мазардың Абдаллах ханның Ұлытау өңіріне жасаған жорығы алдында салынуына ешқандай негіз жоқ. Ол одан кейін, нақтырақ айтсақ, 1582 не 1583 жылдары салынған деп жобалауға болады. Бұл да біздің қазақтың Алаша ханы Хакназар деген болжам пікіріміздің дұрыстығын бекіте түседі.

Бұл әңгімені осымен тамамдап, енді осыған байланысты халықтың аңыз әңгімелеріне түйген бір пайымдауымды да ортаға сала кетейін. Бізге жеткен халық аңыздарындағы, оның ішінде қағаз жүзін көрген А. Диваев, К. М. Федоров, Г. Н. Потанин, Ш. Уалиханов, А. Янушкевич, А. И. Левшин, Мәшһүр Жүсіп Қопеев және басқалар жазып алған аңыздардағы Алаша хан жөніндегі деректерге қарағанда тарихта «Алаша хан» деп аталған адам жалғыз болмаған, әр заманның өз Алаша ханы болғанға ұқсайды. Әр аңыздың астарына үңіліп, олардың

¹ Хакназарды өлтірген Баба-сұлтанның өзі емес, оның жіберген адамы — Бұзахур-сұлтан.

шығу негізіне зер салсаңыз, белгілі бір орталықты аңғаруға болады. Ол — Алаша аталатын баланың денесінің ала болып тууы және оның өскеннен кейін батыр болып танылып, біріктірушілік роль атқаратыны. Осыған қарап, мынадай ой түюге болатын сияқты.

Алдымен, қай заманда туып, өмір сүргені нақты белгілі болмағанмен Алаша хан түркі тілдес халықтардың тарихында болған нақты тарихи тұлға. Бәлкім, оның Рашид-ад Дин мен Әбілғазы атап көрсеткеніндей, ежелгі тайпалардың бір атасы Көкханның баласы Аланча болуы да ғажап емес. Сондай-ақ Әбілғазының «Оны жазда Ұлытау мен Кішітауда жайлады, қыста Сырдарияның сағасын, Борсық құмы мен Қарақұмды қыстады» дегеніне қарағанда әлгі ежелгі тайпалар қазақ халқын құраған тайпалардың арғы тегі болу мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды. Қалай дегенде де, кім болса да, аңызға өзек болған баланың денесінің ала болып тууы, соған орай оның Алаша есімін иеленуі осы Бірінші Алаша ханға тән. Кейінгі Алаша хандар осы Бірінші Алаша ханға ұқсатудан туған. Олардың қай-қайсысының да туғанда берілген төл аттары болған. Бірақ кейін ерлік ісі, тозған елді біріктірудегі еңбегін Бірінші Алаша ханға ұқсаған соң (бәлкім, денесінің алапестігінен ұқсауы да мүмкін, бірақ ол, меніңше, басты көрсеткіш емес) оларды да Алаша деп атаған. Айтқанымыз түсінікті болу үшін бұл арада қазақтың Аблай ханын мысалға алуға болады. Жекпе-жекке шыққан батырдың жеңіп, шыдатпайтыны атасы Абылайға ұқсағандықтан Әбілмансұрды халқы кейін Абылай атандырып жіберген жоқ па еді. Міне, Алаша атанушылар да осы тәріздес. Мәселен, біз білетін тарихтағы соңғы Алаша хан аталған Сұлтан Ахмет-хан да, менің түсінігімде осылайша аталған. Шын мәнінде, Моғолстан моғолдарының басын біріктіріп, көз алартқан мықты көршілеріне қарсы тұрып, ерлік көрсеткен осы Сұлтан Ахмет-хан ғой. Біз сөз етіп отырған қазақ ханы Хақназар жөнінде де осыны айтуға болады. Сондықтан да халық оларды Бірінші Алаша ханға ұқсатып Алаша хан атандырып жіберген.

— Жақсы, онда Сұлтан Ахмет-ханды қалмақтар өздеріне күн көрсетпей қыра берген соң, мынау бір қанішер жан алғыш болды ғой деп, оны Алашы атандырып жіберіпті. Содан ол Алаша хан аталған екен деген деректі қайда қоямыз. Бұлай деп және аңыз емес, сол Сұлтан

Ахмет-ханның білімдар замандастары Бабыр мен Мұхаммед Хайдар Дулати жазған ғой. Ал «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде монғолша алаш? алач? — жендет, қанішер деген мағына береді деп түсіндіреді.

Нақтылық үшін алсақ «Этимологиялық сөздік» бұл жерде жаңсақтық жіберген. А. Дамба-Ринчинэ мен Г. Мүпкиннің «Орысша — монғолша сөздігінде» жендет — зандалч (ин), қанішерцус сорогч, ал Б. Базылханның «Қазақша — монғолша сөздігінде» жендет — яргачин, хядагч, қанішер — харгис деп көрсетілген. Сондай-ақ сөздіктерден монғолша алач, алагч сөздерінің кісі өлтіруші, жаналғыш деген мағына беретіндігін көруге болады.

Бұл «сөздік» дерегі жөнінде. Енді жоғарыда аталған тарихшылардың сұлтаны Ахмет-ханның Алаша атануын монғолдың жаңағы «алач, алагч» сөздерінен шықты деп жазуы «Алаша» атауының осы сөздерге сырт ұқсастығына байланысты ма деймін. Әйтпесе, ғылымда Сұлтан Ахметханды Алаша хан атандырған қалмақтар ма, әлде қазақтар ма, әлі басы ашылмаған даулы мәселе, Өйткені Сұлтан Ахмет-хан кезінде қазақтарды да қалмақтардан кем қан қақсатқан жоқ. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің өзі Ахметханның қазақтарға үш рет шабуыл жасап, адамын өлтіріп, малын айдап кеткенін айтады.

Енді өзіңіз ойлаңыз, егер бұл атты Ахмет-ханға қалмақтар берсе, олар неге өздерінің «алач» «алагч» сөзін «алаша» деп өзгертіп атайды? Олардың Ахметті Алаша емес, не Алаш не Алақшы атауы керек қой. Бірақ олай емес, ол Алаша хан аталады. Осы орайда ел аузындағы «Алаш-Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп айтылатын қазақтардың мақтанышы оралады. Өзінің адамын өлтіріп, малын айдап кеткен адам үшін қазақ осылай мақтана алар ма? Мұның үстіне Моғолстан ханы Сұлтан Ахмет-ханның қазақтарды қалмақтарға қарсы соғысқа бастап бармағанын, оның қазақтарға ешқашанда хан болмағанын еске алыңыз.

Міне, осындай жағдайларды ой елегінен өткізе келіп, Моғолстанның ханы Сұлтан Ахметке Алаша атын беруші қалмақтар емес, қазақтар болар деген ой келеді. Көшпелілердің дұшпанының да ерлігін бағалай білер мәрттігін ескерсек, қазақтардың бұл атты Сұлтан Ахмет-ханға бар тірлігімен Алаша ханға ұқсатқандықтан бергенін аңғару онша қиынға түспейді.

Сондай-ақ Қасым ханнан жеке сұлтандар иелігіне бөлініп, ыдырай бастаған елдің басын біріктіріп, сыртқы жауларына соққы үстіне соққы берген Хакназар ханды да халықтың Бірінші Алаша ханға ұқсатып, «Алаша хан» деп атауы әбден мүмкін ғой. Сонда қазақтың «Алаша хан болғанда қалмаққа не қылмадық» деп мақтануы да қисынға келіп, өз мәнін анықтай түсер еді. Ал мұның дұрыстығын Хафиз Таныштың «Абдаллах-намасында» атап көрсетілгендей, Хакназардың қалмақтарды Жетісу өңірінің батыс бөлігінен қуып шыққаны да дәлелдеп берері анық.

Енді Абайдың Ахмет-ханды неліктен қазақтың ханы дегені жөнінде бірер сөз.

Менің пайымдауымша, бұл арада Абайдың Моғолстанның ханы Ахметті қазақтың ханы деуіне Шыңғыс хан ұрпақтарының өз балаларына ат қойғанда басқа есім таппағандай бірінің атын екіншісіне қайталап қоя беруі бірден-бір себепші болған секілді. Өйткені бір есімнің осылайша бірнеше адамға қатар қойылуы және олардың бір заманда өмір сүріп, белгілі бір оқиғаларға бәрінің бірдей араласуы кім-кімді болсын шатастырмай қоймас еді. Айталық, осы Моғолстанның Ахмет-ханы өмір сүрген XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында ғана сол кездің тарихи оқиғаларына араласатын ондаған Ахмет, болмаса Махмұт есімділерді кездестіруге болады. Оны айтасыз, тіпті осы Махмұт пен Ахметтің бір кісінің екі баласының аты болып келетінінің өзі бірнешеу. Нақтылық үшін соңғыларын атап айтсақ, мысалы, Жошынның ұрпағы Кішік-Мұхаммед ханның, Шағатай ұрпағы Жүніс ханның, Ақсақ Темірдің ұрпағы Мырза Әбу-Саидтың балаларының есімдері Махмұт пен Ахмет. Осының және бәрі бір кезеңде өмір сүрген, бәрі ел басқарған. Сонда бір-бірімен одақтасып жатқан, бір-бірімен соғысып жатқан қаптаған Махмұттар мен Ахметтердің қайсысы кімнің баласы, қайсысы кімнің ханы екенін нақа бір Шыңғыс хан ұрпақтарының таралу шежіресін және олардың қайсысы қайсысымен соғысып, қайсысымен одақтас болғанын арнайы зерттеп жүрген адам болмаса айыру аса қиын шаруа болып қалады.

Меніңше, Абайды шатастырған да, міне, осы Ахмет хан атаулының көптігі. Өз оқығандарының бәрін ой таразысынан өткізіп сараптай қарайтын сыншыл Абайдың Жүніс ханның баласы Ахметті қазақ ханы деп батыл айтуына қарағанда, шамасы ол сол кезде Масыд бен

Осман Кухистанидің «Тарих-и Әбілхайыр-ханиін», Махмұт пен Уәлидің «Бахр әл-Асар фи манакиб әл-Ахиарын» (Қайырымды жандардың танымына қатысты сан алуан кұпиясын), Камал-ад-дин (Шир) Әли Бинаидің «Шайбани-намасын», болмаса осылардың бәрі болмағанымен біреуін оқыған болуы керек. Өйткені бұл шығармаларда Махмұт-хан мен Ахмет-ханның Әбілхайыр ханмен соғысқаны, Ахмет-ханның Айбақ-ханмен, маңғыт Аббас-бекпен бірігіп, Әбілхайыр ханның баласы Шейх-Хайдар-ханға шабуыл жасап, оны өлтіргені жөнінде жан-жақты айтылған. Осында ағайынды Махмұт-хан мен Ахмет-ханды Жошының ұрпағы, қазақ хандары деп ашып айтқан. Бірақ олардың кімнің балалары екені жөнінде бұл шығармаларда сөз болмайды. Міне, осыдан келіп, Абай қазақ хандары ағайынды Махмұт-хан мен Ахмет-ханды «Бабыр-намадағы» Жүніс ханның екі баласы ағайынды Махмұт-хан мен Ахмет-хан деп түсініп, жоғарыда айтқан байламын жасаған болуы керек. Бұған «Бабыр-намада» Жүніс ханның баласы Махмұт-ханның Ташкенттің ханы қалай болғаны жөнінде ашып айтылмауы да өз ықпалын тигізген сияқты. Өйткені Ташкент үнемі Қазақ хандығының құрамында болып келген қала ғой. Абай оның қазақтарға бағынудан бұрын аз уақыт Моғолстанның құрамында болғанын білмеген не ескермеген сыңайлы. Ал істің нақты шындығына келгенде, қазақ хандары Махмұт-хан мен Ахмет-хан Жошының ұрпағы жоғарыда айтқанымыздай, Жошының ұрпағы Кішік-Мұхаммед ханның балалары болатын. Мұның Ахмет-ханы қазақ ханы болғанымен, Алаша хан деп аталған емес. Ол өзінің Алаша хан деп аталған аттасынан отыз жыл кейін, баяғы Едігенің ұрпағы Әлшағырдың баласы Орақ батырдың қолынан қаза тапқан. Бұл баяғы Қара Қыпшақ Қобыландыны өлтіретін Орақ.

Ал Жүніс ханның балалары Махмұт-хан мен Ахмет-хан Шағатайдың ұрпақтары. Олар Моғолстанның хандары, ешқашанда қазақ хандығының хан болған емес. Мұның Ахмет-ханы Алаша хан атанған, Ол жоғарыда айтқанымыздай, 1504 жылы Моғолстанда, Ақсу қаласында аурудан қайтыс болған.

Сонымен тарихи деректер берер мәліметтерді қорыта келіп, айтылғандардан ой түйсек, қазақтың Алаша ханы деп Қасым ханнан кейін ыдырап кеткен елдің басын біріктіріп, ноғайларды өзіне қаратқан, Моғолстан хандарымен ұзақ уақыт соғысып, XVI ғасырдың елуінші жыл-

дарында бұрынғыша Ташкентті Қазақ хандығына қосқан, жетпісінші жылдары Бұхар ханы Абдаллахпен одақтасып, Баба сұлтанға қарсы күрес жүргізген Хақназар ханды айтуға толық негіз бар. Ал бұл қазіргі Жезқазған облысы жеріндегі Қара-Кеңгір өзенінің жағасында салынған көне сәулет өнерінің тамаша бір үлгісіндей болып бізге жеткен, бірақ кейінгі ұрпақтың өткеніне өгейсіп, немқұрайды қарауынан азып-тозып құлауға айналған атақты Алаша хан мазарын осы Қасым хан баласы Хақназар мазары деуге мүмкіндік береді.

БІЗДІҢ ЖЫЛНАМАМЫЗ — ШЕЖІРЕ

— Мен ауылда өстім. Балаң кезім. Онда бүгінгідей күнде қойылар киносы, бар қызықты үйінде отырып, көріп, тамашалайтын телевизоры жоқ ауылда сылтауы табылып анда-санда бір бас қосу бола қалса, ол — үлкен мереке. Жас-кәріміз бірдей желпінісіп, бір жасап қаламыз. Әсіресе ауыл ақсақалдары өзара қауқылдасып, әңгіме-дүкен құрады дейсіз келіп. Олардың сондай сәттерде сөзден сөз суыртпақтап шығарып, өткеннің өнегесін өзек еткен небір келелі әңгімеге оп-оңай арна тартып әкелер шеберліктерін көрсеніз ғой... ғажап! Әуелі өрнекті әзіл, өтімді қалжыңмен бірін-бірі ұтылай қуып, біраз өзара қауқылдасып, «бума терлерін» шығарып алады да, сонсоң келіп, бабы табылып, бағы ашылған бәйге жүйріктеріндей бауыр жаза көсіліп, кестелі сөздерді нәсерлете төгеді дейсің бір. Тіпті қайран қаласың. Тамырын тапқырлықтан тартқан қаншама танымдық білік жатыр мұнда. Олардың негізгі салмақты сөз біледі деген дарасына ғана салмай, арасына салып, қауымдаса көтеріп, бірін-бірі қанаттаса демеп, қапталдаса сілтейтіні қандай жарасымды. Не ғыласыз, әйтеуір ұғар құлақ, татар зерде болса мұндай отырыстарда бұрынғы-кейінгі замандарды осы өңірде өмір сүрген игі жақсылардан қалған аталы сөздің, жоталы істің қайта жаңғыртылып көңіл-қазыға тартылмайтыны кем де кем.

— Дұрыс айтасыз. Шын мәнінде ғажап,.. өз алдарына бір мектеп еді ғой олар. Әділін айтсақ, біздің қатарымызды туған ел мен жердің тарихымен ауыздандырып, ескіге есірік көзбен қарамауға үйретіп, езулерінен енші

бөліскен рухани ұстаздарымыз да сол ауыл қарттары ғой. Кемсітері жоқ, көкіректерінде сөз көмбесі жатқан шежіре-тарих еді шетінен. Өз басым сол кісілердің жадыларының беріктігіне таңмын. Қаншама есім, қаншама атау — бірінен жаңылыспайды. Осы қазір көріп, араласып жүргендей-ақ мүдірмейді. Соған қарағанда біз жадқа сақтау жағынан кері кетіп бара жатқанға ұқсаймыз. Байқайсыз ба, біз өзі қазір қызық болып бара жатырмыз — не жадқа ұстап жарытпаймыз, не хатқа түсіріп қарық қылмаймыз, құнтымыз аз. Соның салдарынан ақырындап асыл қазыналарымыздан да айрылып келеміз.

— Айрылып, келеміз емес, айрылып біттік-ау деймін. Өзімізді өзіміз алдарқатқаннан не пайда?! Жақында мен өзім туған ауылда болдым. Сонда әдейі сұрастырдым, баяғы қарттардың біреуі де жоқ.

— Әне, көрдіңіз бе?! Төл тарихымызға қажетті қаншама материалды өздерімен бірге қара жердің қойнына әкетіп жатыр қазыналы қарттарымыз. Әр ауылда қанша еді олар! Не деген бейқам жанбыз, тәңірім-ау...

— Бірде қазанат түйеден сұрапты: «Түйе-аға, осы сіздің мойныңыз неге қисық?» — деп. Сонда түйе: «Ей, қазанат бауырым-ай, менің неге қисық емес деп сұрайтындай түзу жерім бар ма еді?» — депті налып. Сол түйе айтқандай, өзін күтуге қолы тимей, өзгеге жалтақтаумен күн кешкен жұрттың өкінбейтін, бармақ тістемейтін жері бар ма? «Дәрменсіз жан, тәңірісін қарғайды», — дегендей, бүгінгі жариялылық жарыққа шығарған жағдаяттарды біліп, демократия әперген еркіндікті көріп, «біз неге өйтпедік, неге бүйтпедік» деп өзімізді өзіміз қаншама кінәлап, жанымызды шыжықтай шыжғырғанмен, меніңше, дәл қазір түсер пайда жоқ. Өйткені бұл бойкүйез бейқамдық дерттің тамыры тереңде жатыр. Ендігі мақсат сол тереңдегіні танып, дерт тамырын жалаңаштау болмақ, ем-домы сонсоң жасала бермек.

— Бізаның дыз етпесі ғой ішті жалап, тілге үйіріліп, жатқан. Әйтпесе құр байбалам құт болмасына көз жетті емес пе. Бұл ойыңызға мен де қол қоямын. Мынау дала-теңізді ғасырлар дауылы сапырып, толқын-толқын болып өткен қытайландырудың, арабтандырудың, орыстандырудың өріс алған отаршылдық ортақ саясатының қатпар-қыртысын ашып, жергілікті жұрттың санасына олар еккен ұрықтың өнген «жемісін» танып-білмей тұрып,

халықтық танымды қалыптастыру, ұлттық сананы ояту мүмкін емес. Өйткені таным-түсінігі жоқ үнемі ұйқыда, ал ұйқыдағының көзі жұмулы, құлағы — саңырау.

— Осы орайда оглала-сиу тайпасынан шыққан Америка үндістерінің қазіргі кездегі ел таныған көсемдерінің бірі — Россел Чарльз Минстің біздің бір ғалыммен жасаған сұхбатындағы мына бір сөзі ойға оралады. «Ұлттық санасы оянған, өзіндік қасиеті мен намысы бар бірде-бір халықты құлдықта ұстау мүмкін емес,— дейді ол. Осы рас сөз. Оның шындығына отаршылық мүддедегі үлкен мемлекеттік саясатты жүзеге асыру барысында көздері жеткен отаршылардың бұратана халықтарды, ең алдымен, осы үш қасиеттен айыруға күш салатыны байқалады. Соның ішінде бірінші кезекте отыршылықтың істе сыналған «бөлшекте де билей бер» деген ортақ қағидаға орай олар отарланушы халықтарды этникалық-территориялық тұтастығынан айыруға ұмтылған. Көне қытайлықтардың көшпелілердің жаулап алған жерін бірнеше басқақтықтарға, ал басқақтықтарды бірнеше тұтықтарға бөлуі немесе орыс патшалығының губернияларға, губернияларды уездерге, уездерді болыстарға, болыстарды ауылдарға бөлшектеуі осының дәлелі. Туыстық тұтастыққа тат түсіріп, ағайын жандарды бір-бірінен араздастыру арқылы өз үстемдіктерін камтамасыз етіп алған отарлаушы елдер өкілдері сатылы биліктің сан амалын қолданып, жергілікті халықтың жадына жарықшақ түсіріп, елдік салтынан, халықтық қалпынан айыруға күш салғаны, дәл солай істегені ақиқат қой.

Соның салдарынан бұрынғы тұтас ру-тайпаның бірлігін мақсат тұтқан ұрпақ орнынан «Аталастың аты озғанша ауылдастың тайы озсын» дейтін ұрпақ келді. Енді ауыл-ауыл болып енге таласты, шекпенге қырқысты. «Жарлыққа» деп ұлығына көз сүзді. Осылайша мүдделі бір шаруасын тындырған отаршылдар енді, келер ұрпақтың туған топырағындағы төл мәдениетінің рухани нәрінен қорек алып, еркін жетілуіне мүмкіндік бермес үшін сол халықтың ғасырлар бойы пайдаланып келген альфавитін өзгертіп, жаңа жазу тәсілін күштеп ендірді. Сөйтіп жас ұрпақты ата-бабасының өмір бойы жиған-терген кісілікке тәрбиелер бай тәжірибесінен өнеге мұрасынан оп-оңай бөліп тастады. Көне түріктер қолданған төл қарпінің соғды қарпіне, соғдының көне ұйғыр қарпіне, көне ұйғырдың араб қарпіне, арабтың латын қарпіне, латынның орыс қарпіне көшірілуі отарлаушы елдің отарланушы елдің

санасына кезең-кезеңімен жасалған қиянатшыл қатыгездігінің айғақ болар куәгері, қалдырған ескерткіш іспеттес. Ең өкініштісі, осынау отаршылық атты анықтауышты арқалаған саясаттың бүкіл халыққа, оның санасына жасалған қиянатының совет өкіметі тұсында, «бүкіл халықтар көсемінің» тікелей нұсқауымен жалғасын табуы еді.

— Иә, оның бәрін енді мынау жариялылық заманның арқасында біліп жатырмыз ғой. Орталық баспасөзде жарық көрген кейбір материалдарды оқығанда төбе шашың тік тұрады. Нансаңыз, соның бәрі біздің заманда, совет өкіметі тұсында болды дегенге сенгің келмейді. Бірақ шындыққа не шара. Бұлтартпас дерек мойындауға мәжбүр етеді. Жалаң ұранның жандайшабы болғанына ұяларсың. Жаңағы Сіздің ойыңыздан еске түседі, мен жақында ғалым Мекемтас Мырзахметовтың, Мұхтар Әуезовтың бір автоцензурасы бойынша ой толғағы «Патшалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты» деген «Қазақ әдебиетінде» жарияланған мақаласын оқыдым. Білікті ғалым отаршылық саясаттың қатпаршақ қыртысын жазып, оны миссионер ғалымдардың іс-әрекеті арқылы оқушысына тәуір-ақ ашып берген екен. Сонда сіздің ойыңызбен өзектесіп жатқан біраз пікірлер бар. Ғалым халыққа идеологияның бет пердесін сыпырып, патша отаршылдарының аса зиянды, мүлде құпия ұстаған миссионерлік саясатының түп тамырын жалаңаштап терең ашып беруге жазушыға жеке басқа табынушылық заманының ырық бермегенін, егер оны ашып айтса отаршылдардың арманы болып, көкейін тескен саяси мақсаттардың Сталин тарапынан қайталанып, жүзеге асып жатқаны әйгіленіп қалатынын айта келіп, өзіндік ой түйеді. «Мысалы,— дейді автор.— Түркі тілді халықтардың бір кездерде зорлықпен таңылып, сан ғасырлар бойы біртіндеп дендеуі арқылы қалыптасып кеткен жазуын өзгерту, православия дініне шоқындыру арқылы біртіндеп орыстандыру, немесе Қырымды қырым татарларынан тазарту туралы Екетерина патшаға ой салған адмирал Потемкин идеясы мен Кавказды мұсылман халықтарынан тазарту жайындағы генерал Ермоловтың ұсынысы, отарланған жерлерді қоныстандыру арқылы түпкілікті нелену, тағы сол сияқтылардың бәрі де Сталиннің тікелей нұсқауымен отызыншы жылдардан бастап жүзеге асып жатуын еріксіз ойға оралтар еді...»

— Мен айтып отырған, опық жегізер өкініштің сыры да осында жатыр ғой. Отарланған елдердің санасына рухани құлдық психологиясын егу жолындағы қолданып келген саяси тәсілдердің ерекшеліктерін танып, сол ой танымына терең талдау жасап, жан-жақты зерттеуден кейін барып байлаған ой қорытындысын халқына ашып айта алмай, бір Әуезов қана емес, талай зиялымыз кетті емес пе қор болып. Жазықсыз жазалауға ұшырады: атылды, шабылды, түрмеге тығылды. Репрессияның реңсіз дауылынан аман қалғандар біржола үрейге беріліп, үн шығармай бұғып қалды. Үрейлі саясат үстемдік жасау арқылы мақсатына жетті. Айт десең алып-ұшып тұрған, ойлануға жоқ, ойнауға құмар; кісілікті кісімсу деп түсінген, ақылдасуды айғайласу деп ұққан, бауырмалдықты жікке бөлу деп білген, тектілікке теріс қарайтын ұрпақ өсіп жетілді. Олар өткеннің бәрін ескіліктің апанына сырып тастап, өздерінше жаңа өмір жасап жатырмыз деп өзеуреді. Осы күнгі нигилистер, мәңгүрттер деп ат қойып, айдар тағып жүрген жастарымыз, міне, тап осы ауылдан.

Өз басым ондай жастарды түйеқарын дейтін шөп сияқты көремін. Құмайтты, далалы жерде өсетін осындай бір сүйекті шөп бар. Тойған түйенің қарынындай шеңбірек атып дөңгеленіп өсетін болғандықтан да осылай аталған болар. Осы шөп туған топырағынан нәр алып, өсіп тұрғанда хауыздың көрік берер бұтасындай жұмырланып, көз тартады. Әсіресе өзіне түйе жерік. Міне, осы түйеқарын күзде қурап, даланың өкпек желінің тегеурінімен тамыры үзіліп, туған топырағынан ажырасып қалады. Дәл сол сәттен бастап енді ол түйеқарын емес, ұшарын жел, қонарын сай білер кәдімгі қаңбаққа айналады. Біздің әлгі жоғарыда айтқан түрлі саясаттардың салдарынан ата салтынан, дәстүрінен, ана тілінен ажыраған «алды жөн, арты сокпақ» жастарымыз тап осы қаңбаққа айналған түйеқарын тәрізді. Олардың кез келген саяси ағым өкпегінің өтінде қалбаң қағып алдымен кететіні де содан. Оларды туған елдің, өскен жердің мұң-мұқтажы, қайғы-қасіреті толғантпайды, мансабы болса, қалтасы толса, жетіп жатыр.

— Сол мұңсыздық салдары ғой, ата-бабаларымыздың сан ғасырларды асып, қилы-қилы замандарды бастан өткеріп, тағдыр тауқыметін арқаласа да жоғалтпай санасына сақтап ұрпақтан ұрпаққа жеткізген шежіре тарихын шетімізден сауатты бола тұрып біздің бас-аяғы

елу-алпыс жылдың ішінде жоғалтып үлгіргеніміз. Есіңізде ме, бұрын ауылда кез келген азамат бір рулы елдің қайдан шығып, қалай өсіп өнгенін геометрияның теоремасын дәлелдеген шәкірттей жіліктей жіктеп, саралай таратып беруші еді. Қазір арнайы бір осыған ден қойған бірен-саран зерделі адам болмаса ешкім білмейді.

— Қайдан білсін, жалпы, адамзаттың өсіп-өркендеу жолындағы соқпай өтуге болмайтын қоғамдық даму са-тыларының бірі әрі күрделісі капитализмге соқпай соци-ализм алаңына топ етіп, десант болып түскен қазақтар-дың аттыға еріп таңын айырған жаяудай тыраштанып, артына қарап ойлануға мұршасы болды ма? Театрға билетсіз кіргенін сезіп қалса, шығарып жіберетінін біліп қыпық қаққан баладай, өзінің күні кеше рулық-тайпалық құрылыстан шыққанын айтса, социализм сарайынан шы-ғып қалатындай көріп, өткенін еске алмауға тырысты. Сөйтіп ата-анасының малшы, кедей шаруа адамдар екенін жасырып төренің қызына үйленген тыраш күйеуден күн кешкен байғұс сіздің тарихыңызды қайтеді, шежіренізді қайтеді?! Оның жаны, бүкіл болмысы кімнің болсын малшының баласы деп шындықты айтқанды емес, төренің баласы деп өтірік айтқанын қалайды. «Сезікті секіреп» дегендей, өтірігім ашылып қала ма деп қыпылықтаған ондайлар кез келген саяси науқанның алдында болуды көздейді. Күні кеше Н. С. Хрущев аузымен: «Біз бәріміз неғұрлым тезірек орыс тілінде сөйлесек, солғұрлым ком-мунизмді тезірек орнатамыз»,— деп ұран тасталғанда, «жеңіл тулақ желге ұшады» дегендей жаңағылар «ком-мунизм жарысының» алдыңғы ілегінде кетті. Коммунизм болатын болса, онда төл тарихыңның, ана тіліңнің керегі не? Қайта олардан тезірек құтылып, ара жікті ашып «тазарып» алу қажет қой. Осы ойға мықтап бекінген «батырларың» аз жылдың ішінде жеті жүзден астам қазақ тіліндегі мектепті жауып тастады. Бірақ олар қаншама жан ұшырап жанталасып, тезірек жетеміз дегенімен коммунизм жеткізбеді, қайта алыстай берді, алыс-тай берді. «Көріпкелдерінің» айтуынша жиырма жылда баруға тиісті меженің жетпек түгілі қарасын көре алма-ған, жетуден күдерін үзе бастаған жарыскерлер енді старт алған жері — социализмнің өзіне күдік келтіре бастады. Социализмнен шыққанымыз рас болса, ендігі жетуге тиісті едік қой десті. Сөйтіп өткеніне құрметі, ертеңіне сенімі жоқтар енді келіп күндік тірлігінің күлшелі болуына күш салды. Тоқыраудың төл перзенттері еді бұлар.

— Ой өзегінде шындық жатқаныменен бұлайша жалпылама түйін жасау — көпке топырақ шашқандық болмас па екен...

— Жұрттың бәрі солай еді десек, әрине қиянат. Көптің ішінде бәрі бар: кемел ойлы кемеңгері, аттан шықса, айқай қосып, ал босқа делеңдері де табылады ғой. Бұл дәлелдеуді тілемейтін ақиқат. Сөз — соңғылар, делеңбайлар жөнінде. Бұлар, шындығын айтсақ, академик Амоношивили айтатын «ұлттық рухы, ұлттық ерекшелігі жоқ, қазіргі кезде айыпталып отырған, ұлттық тамырынан қол үзген нигилистік пиғылдағыларды шығаратын жарымжан мектептердің», яғни орыс, қазақ балаларын араластырып оқытатын аралас мектептердің түлектері. Бұған бір орысы жоқ ауылда ашылған «орыс мектебі» деп аталатын мектептерден өзі орысша шала сауатты ұстаздардан дәріс алып, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс меңгере алмай шыққан дұбараларды да қосуға болады.

— Алайда «Қақбай ашуланған екен деп, Қамбар аш жатпайды,» — дегендей, делеңбайлар мен дұбараларды солай болды екен деп, өзгелер өткенін өзекке тепкен жоқ қой.

— Әрине бұл күнде туған елдің, өскен жердің тарихынан азды-көпті хабардар болсақ, солардың арқасы. Қазіргі заман өзгеріп, заң өзгеріп, халықты тарихпен тәрбиелеп мән бере бастағанда да игілікті ортақ істің дұрыс шешімін табуына мұрындық болып отырғанда да солар.

— «Ашыққанның амалы мол» дегендей, осы орайда тегін білуге ұмтылған елдің тілегін қанағаттандырамыз деп, қазіргі жариялылық пен демократия берген мүмкіндікті пайдаланып, осы тарихшыларымыз бен жазушыларымыз, әсіресе жазушыларымыз тым тереңге сүңгіп кеткен жоқ па деген ой келеді. Әзірге әріге бармай-ақ қазақ аталған кезімізден бергі тарихымызды егжей-тегжейін қалдырмай біліп алсақ та аз шаруа емес қой.

— Жоқ, бұныңызға қосыла алмаймын. Байқап қарасаңыз, қазіргі демократияға кең өріс беріліп отырған шақта әр халықтың өзінің шығу тегін білуге ден қойып, ізденіс танытуында және санының азды көптігіне қарамастан олардың өздерінің ғұмырнамасының бастауын тым әріден, ғасырлар қойнауының беймәлім түпкірінен тартуға ұмтылуында тарихи заңдылық бар. Өйткені ғалымдарымыздың бүкіл адамзаттың түпкі атасын сонау-сонау көне

замандағы сүт қоректілердің ең жоғарғы отряды — приматтардан енші алып шыққан гомонидтерге телитіні және оларды Жер-ананың бір нүктесінде¹ пайда болған дейтіні рас болса, онда сол қасиетті нүктеден (жерден) өсіп-өніп, келе-келе дүниенің төрт бұрышына бірдей тарап, бұл күнде бес миллиардты құрап отырған адамзат ұрпағының қай-қайсысының да тіршілік керуенінің бүгін қай тұсында қандай дәрежеде жүргеніне қарамастан, өзінің шығу тегін әлгі ГОМОНИД — атадан таратуға хақысы барлығына ешқандай дау болмаса керек.

Адами эгоизм шындықты қаншама бүркеуге тырысып, асыл тегін маймылға ұқсатуды мойындатқысы келмесе де, табиғаттың артықша сыйы — саналылық адамзат баласына өздерінің түп негізінің, жаратылыс тегінің бар екенін танып-білуге мәжбүр етті. Соның нәтижесінде адамзат баласының қиялы құдайдың қолымен Адам ата, Хауа ананы жаратып, оларды пенделікке бейімдеу үшін жеміс жегізіп, жұмақтан қуғызып, жерге әкелді. Сөйтіп, ақырында өздерінің шығу тегін солардан — Адам ата мен Хауа анадан шығарып, ғұмырнама шежіресін жасады. Ал бұл ел-жұрт тарихына негіз болар ешбір ұлттың да, халықтың да, тіпті ұлыс пен рудың да бір күнде жарқ етіп көктен түспегенін, дүр етіп жерден көктеп шықпағанын, осылардың қай-қайсысы да дамудың объективті заңы бойынша ұлт халықтан, халық ұлыстан, ұлыс рудан, ру адамдар тобынан құралып, белгілі бір экономикалық-қоғамдық формацияларды бастан өткіріп қалыптасқанының айғағы. Осынау қалыптасудың ұзақ жолындағы ұланасыр оқиғаларды әр ұрпақ өз таным түсінігіне қарай қорытып, ізбасарларына шамасы келгенше соны қаймағын бұзбай бар қадір-қасиетімен жеткізуге тырысып отырған.

Кейін жазу-сызу өнері пайда болып, оны еркін меңгерген елдің халықтары өздерінің осынау шежіре-тарихтарын қағазға түсіріп, хаттап, ұрпағына рухани мұра етіп қалдырып отырса, ал жазу-сызу дамымаған елдің халықтары ұрпақ санасына өздері бастан кешірген тағдыр талайын бұрынғысынша ауызша айтып сіңіріп, келер күнге жеткізген. Сондай халықтардың бірі — қазақ халқы. Сондықтан қазақ халқы үшін шежіре — «Қазақ ССР тарихының» 1957 жылы шыққан бірінші томында жазылғанындай: «XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басын-

¹ Ғалымдардың бірі ол нүктені — Лимурия, енді бірі — Сивалик, ал үшінші бір тобы — Неандерталь деген болжамдар айтады.

да... мұсылман дін басыларының шығарған қазақ руларының тұқым қуалау шежіресі» де, 1983 жылы шыққан осы тарихтың екінші томында көрсетілгендей: «Қазақ хандары мен сұлтандарының ата-тектерінің генеалогиясы» да емес, халықтың ғұмырнама тарихы, сол тарихты ұрпақтан ұрпаққа көркемдіктің көрпесіне орап жеткізген шежіре-шешендердің, ақын-жыраулардың әдеби шығармасы. Рас, олар кезінде тасқа басылып, хатқа түспегендіктен, ауыздан ауызға көшкенде айтушының білім өресіне, таным-түсінігіне, арман-аңсарына, ұстам қабілетіне қарай азды-көпті өзгерістеріне ұшырап; алысы жақындап, жақыны алыстап кетіп те отырған.

— Мұның сыртында ел билеушілер де, дін басылары да өз мақсат-мүдделеріне қарай «түзетулер» кіргізіп отырғанын да жоққа шығара алмаймыз. Жаңағы өзіңіз айтқан «Қазақ ССР тарихының» «Мұсылман дін басылары шығарған қазақ руларының тұқым қуалау шежіресі» деуінің де себебі осында жатқаны тағы даусыз.

— Дұрыс айтасыз, кезінде ру мен руды, тайпа мен тайпаны бір-біріне айдап салып, өзара қырқыстыру арқылы әлсіретіп, олардың өзіне әркез тәуелді болуын қамтамасыз етуді көздеген отарлаушылардың саясатын жүргізушілер бір рудың не тайпаның тегін қорлап, намысына тию, сонымен жанжал өртінің шығуына тамызық ретінде түрлі аңыз-әңгімелерді ойдан шығарып, шежіреге кіргізіп отырған. Көбіне олар ондай ру не тайпаның аталығын құлдан, болмаса некесіз қатынастан туғызады, немесе сырттан ауып келген кірме, құл етіп шығарады. Сондықтан қазір ондай аңыз-әңгімелерге тексеріп көз жеткізбей тұрып, оған шындық деп қарау тарихқа қиянат болмақ. Бірақ қалай дегенде де, осы тәріздес көптеген өзгерістердің кезіндегі әсері шежірелердің түрлі нұсқаларының өмірге келуіне себепші болғаны анық байқалады.

Ауызша жеткізудің салдарынан кеткен ауыс-түйістер, жаңылыстар мен бірін-біріне шатыстырудың барын аңғарған кейінгі жазу-сызуды меңгерген шежірешілер әлгі түрлі нұсқаларды жинақтап, олардағы деректерді өз қолдарына түскен тарихи құжаттармен салыстырып, содан түзіп шығарғанына өз дәуірінің айрықша мәнді деген оқиғаларын қосып жазып отыратын болған. Бұлар негізінен өз деңгейінде тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды іспеттес. Осы арада назар аударатын бір жай,

олардың бұрынырақ жазылған көнелері тек қазақ халқының ғана емес, тағдырлас көптеген түркі тілдес халықтардың ортақ шежіре тарихы болып келеді. Мәселен, осы ретте қазіргі қанаттас отырған қазақ, қырғыз, өзбек және басқа халықтардың көне тарихын көркем де нақты баяндайтын Захираддин Бабырдың — бұл күнде ғалымдарымыздың бір ауыздан энциклопедиялық шығарма деп мойындап жүрген — «Бабырнамесін», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашидиін», Осман Кухистанидің «Тарихи-и Абул-Хайр-ханнын,» Бейбарыс пен Халдунның «Қыпшақ шежіресін», Абулғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресін», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресін» және басқаларды айтуға болар еді. Өз заманының ғұламалары атанған осынау ойлы азаматтардың бастаған игі дәстүрі кейін де жалғасын тауып жатты. Алдыңғыларынікі хұсанихатшылардың (кітапты қолмен көркем етіп көшірушілердің) қолымен жазылып, бірнеше дана болып оқушысына жетсе, кейінгілерінікі баспаханаларда теріліп, кәдімгі кітап болып шықты. Революциядан бұрын, 1903 жылы Қазанда басылып шыққан Нұржан Наушабаевтың «Манзумат казакиясы», 1911 жылы Орынборда басылған Шәкәрім Құдайбердиевтің «Түрік-қырғыз, қазақ, һәм ханлар шежіресі». 1914 жылы Уфада жарық көрген Ғұсманғали Сыдықовтың «Тарихи қырғыз-қазақ шадманиясы» және басқалары, міне, осындай шежіре тарихтар. Осылардың қатарына 1925 жылы Ташкенттен шыққан Мұхамеджан Тынышпаевтың «Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалын» да қосуға болар еді.

Өздерінен бұрын жазылған бірнеше жылнама-шежірелерді жинақтап ой қорытқан, оны басқа жалпы жұртқа мәлім емес тарихи деректермен байытқан зиялылардың мұндай шежіре-тарихтарымен бірге қазақтың ауызша шежірелері де дамып, өркендеп отырғанын да айтқан жөн.

Шежірені ауызша айтып елге таратушыларды шежірешілер деп атаған. Ондай атқа ие болушылар қазақ арасында көп болған. Кейін келе белгілі ақын-жазушылар осы шежірешілердің айтқан материалдарын пайдаланып, шежіре тексін тарихи жырға айналдырып, өздері айтып жүретін дәстүр қалыптасқан. Мұндай дәстүрді тек қазақ халқы ғана емес, басқа түркі тілдес халықтардың өмірінен де көруге болады. Мысалы, карақалпақ халқының ұлы ақыны Бердақ (Бердімұрат) Қарғабайұлының «Шежіре» деп аталатын поэмасы осы айтқанымызға толық кепілдік

бере алады. Бұлайша шежірені өлең-жырға айналдыру оны тек арнайы шежірешілер ғана емес, жалпы жыр құмар қауымның жаттап алып айтып жүруіне мол мүмкіндік ашқан. Содан да болар күні бүгінге дейін халқымыздың арасында өз ата-тегін, болмаса өзінің шыққан ру-тайпасын ғана емес, бүкіл қазақ халқының шығу тегін, өсіп-өркендеу жолын жіліктеп бөліп, тармақ-тармаққа салалап таратып беретін адамдар сирек те болса кездесіп отырады.

Осы орайда қысқаша болса да «шежіре» сөзінің шығу төркініне де тоқтала кеткен жөн сияқты. Бұл ретте шежіре де басқа атаулар секілді екі бағытта төркіндетіледі. Оның бірі — халықтық этимология. Бұл бойынша, шежіре — «шеш» және «іре» деген екі сөзден құралып, халықтың шығу тегін тарата шешіп, бөлшектей саралайтын атауды жасаған секілді. Ал кейін шешіре айтылуы, естілуі заңдылықтарына қарай «шежіреге» айналғанға ұқсайды.

Екіншісі — ғылыми тұжырым. Ол бойынша, «шежіре» сөзінің шығу төркіні арабтың бұтақ, тармақ деген мағына беретін «шад-жарат» дейтін сөзі көрінеді. Мұның қайсысы дұрыс? Оған төрелік беру маған қиындау.

Жалпы, осы айтқандарды тұжырымдай келгенде жалпы қазақ шежіресін ресми түрде жазбаша шежіре және ауызша шежіре деп екіге бөлуге болатын сияқты. Жазба шежіренің ауызша шежіреден айырмашылығы мұнда тарихи оқиғалар, тарихта болған жеке қайраткерлердің өмір жолдары, тұтас ру-тайпалардың шығу тегіне байланысты тарихи деректер кеңірек қамтылады. Бізге жеткен жазба шежірелердің көбісінің тақырыбында «шежіре» сөзінің орнына «наме», «тарих» деген сөздердің жиірек жүретіні де осыны дәлелдейді. Ал ауызша шежіреде халықтың жалпы тарихы емес, тек ұрпақтардың тарамданып, өсіп-өркендеу жолындағы генеалогиясы баяндалады. Оның жазба шежіредей емес, түрлі нұсқалары да көп. Ауыздан ауызға көшу арқылы ұрпақтан ұрпаққа берілгендіктен, бұл нұсқалардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар. Бұл айырмашылықтар негізінен өз дәуірінің перзенті болуға ұмтылған шежірелердің әр кездегі саяси-әлеуметтік ағымдардың ықпалымен өзіндік қосымшалар, түзетулер енгізуінен болғанға ұқсайды. Шежіренің ұзын ырғағын бұзып, жаңсақ кіргізілген тармақтардың көп болатыны да содан ба деймін. Сондай-ақ шежіре бастауларының түрлі кезеңнен өріс тарататыны да біраз жайды

аңғартқандай. Одан, әсіресе жаңағы өзіңіз айтқан діни ұғымның ықпалы молырақ байқалады.

Ауызша шежіренің түрлі нұсқаларын өзара салыстырып, екшеп келгенде, олардың негізгі денінің бастауын тарихи үш кезеңнен тарататынын көреміз. Атап айтар болсақ, оның әуелгісі — бүкіл адамзат баласының жаратылуы дейтін кезеңнен, яғни Адам ата мен Хауа анадан бері қарай таратылатын шежіре. Екіншісі — дүние жүзілік топан су тасқынынан кейінгі жаңа тіршілік кезеңінен, яғни сол топан су тасқынынан аман қалған Нұх пайғамбар мен оның әйелінен тараған ұрпақтар шежіресі. Үшіншісі — көшпелілер даласына жаңа діннің — исламның кіру кезеңінен, яғни әнес сахабадан басталатын шежіре. Осының соңғы екеуі, әсіресе Әнес сахабадан таратылатыны қазақ халқының арасына кеңінен тараған.

— Бірақ қалай дегенде де түркілер мен арабтарды бір туғызудың қисыны жоқ қой.

— Иә, оныыз рас. Шежірелерде түркілер мен арабтарды бір кісінің екі баласынан тараған ұрпақтар етіп көрсетілуінің өзі-ақ тарихтан хабары жоқ жан үшін де қисынсыз болып көрінері сөзсіз. Солай дей тұрғанмен, осынау қисынсыз дүниенің қисынды болып қазақ шежірелерінің кей нұсқаларына кіріп жүргенін жоққа шығара алмасақ керек. Бұл факт. Сондықтан оның себебін анықтау қажет. Бұл ретте ғылымға белгілі екі дерек бар. Соның бірі, марқұм Әлкей Марғұлан атап көрсеткеніндей, мамлюк-қыпшақтардың билік құрған кезімен байланысты. Египетке сұлтан болған Бейбарыстың (1260—1279 ж.ж.), Қалаунның (1279—1290 ж.ж.) кезеңдерінде олар Иранға, Византияға қарсы күресте Алтын Орда қыпшақтарымен одақтасып, біріге күш жұмсаған. Жауынгер қыпшақ арабтарға жақындату мақсатында сол кезде-ақ бұлардың түп атасы бір деген әңгіме таратқан болатын. Осының нәтижесінде уақыт оза келе әлгі әңгіменің құлақсінді болып кеткені сондай, «түркілердің түп атасы арабтан тарайды» деген жаңсақ шежіре нұсқасы болған. Әйтпесе түп негізінің кім екені белгісіз (әлі күнге арабтар өзіне, еврейлер өзіне тартады) Ибрагимнің (Аврамның) екі баласы Сқақ пен Смағұлдан түркі халқы мен араб халқы тарады дегеннің дін әсерінен, саясат ықпалынан туғаны болмаса, тарихи ешқандай негізі жоқ. Мұны Шоқан Уәлиханов та қуаттайды. Бұл орайда ол: «Қазақтардың ата-тегін арабтар бастауы ойдан шығарылған, жалған әңгіме. Оны бұлай айтудың себебі болған еді. Қырда

әкімшілік жүргізген кезде патша ұлықтары олардан шежіре аңыздарын сұрай берген соң, бізді атты қазаққа (солдатқа) қосайын деп жүр ме деп сезіктеніп, өздерінің шын туысын (шежіресін) айтпай, біз Мұхаммед пайғамбардың ұрпағымыз, арабыз деп көрсеткен», — дейді.

Кейбір шежіре нұсқаларының әр заманның жүргізген саясатының ықпалымен өзгеріп отыратынын, жоғарыда айтылған деректердің шындығын қазақ жүздерінің одан кейінгі аталықтарын Шыңғыс ханның ұрпағы Әбілхайырдан таратуы да дәлелдей түседі. Мұнда да қазақтармен бірігіп, оларды өздерінің дұшпандарына қарсы жұмсар қаһарлы күш ретінде пайдалану үшін қазақтардың түпкі тегін төрелерден шыққан, яғни үлкен Әбілхайырдың (1428—1468 ж.ж. хан болған) ұрпағы етіп көрсетеді. Ал мұның тарихи шындыққа ешбір қатысы жоқ екенін қазақ халқының тарихынан сәл хабары барлардың бәрі біледі.

Міне, осы айтылған шежіре-жылнамалардан басқа халқымыздың арасында сырттың ықпалынсыз жасалынған төл туындысы іспеттес «Үш жүздің шежіресі», «Ұлы жүздің шежіресі», «Орта жүздің шежіресі», «Кіші жүздің шежіресі» дейтін генеалогиялық шежірелермен бірге қазақтың ел болып еленіп, халық болып қалыптасуына негіз болған іргелі ру-тайпалардың да өз шежіресі бар. Олар сол ру-тайпаларының өз атымен, мысалы, «Қыпшақ шежіресі», «Арғын шежіресі», «Үйсін шежіресі», «Алшын шежіресі» және осылар секілді болып тарамдалып кете барады. Өкініштісі сол, осының бәрі әлі күнге дейін ел ішінен толық жиналып алынған жоқ. Қазақ ССР ғылым академиясы жанындағы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар бөлімінде санаулы ғана түрлері бар көрінеді.

— Соның бәрі шежіреге мән бермеудің, оған тарих ғылымының бір саласы деп карамаудың қырсығы. Жазу-сызуы кенжелеп дамыған ұлтымыздың ғасырлар белесін басып өтіп келіп, бүгінге ерулеген ұлы көшенің кешегісі осы шежірелерде екенін түсінетін кез жеткен сияқты. Өйткені бүкіл тірлігі белгілі бір территорияда судың тұнығын, жайылымның шұрайлысын іздеп. тайпатайпа, ру-ру болып көшіп жүрген халқымыздың көне тарихы сол әлгі ру-тайпалардың тарихынан, солардың ру басылары мен тайпа көсемдерінің, сыртқы жауымен күрескен жаужүрек батырлары мен бірлік, ынтымақ үшін тер төккен көшпелі билерінің, елеулі кезеңдерде ел тізгінін

ұстаған қағандары мен хандарының іс-әрекетінен құралады ғой. Бұл ретте біздің ру-тайпа шежірелері көне қытайдың әулеттік шежірелерімен мәндес секілді. Ал көне қытайдың әулеттік шежірелерінің (ханьши, танши, вэйши, суйши және басқа шилерінің¹) сол елдің жалпы тарихын (Ганмуды) жазуға негіз болғаны белгілі. Демек біздің де бір кездегі сауатсыз ағаларымыздың кешегі әсіребелсенділік үстемдік алған шақта жалаң ұраншылдықпен ағаш атқа мінгізіп, «әй, кәпір» еткен ру деген ұғымға бүгінде сол түйсіксіздікпен үрке қарамай, оған ғылым мен тәжірибе тұрғысынан келіп, халық болып қалыптасуымызға, ұлт болып танылуымызға негіз болған жалпы халықтық тарихымыздың бастау сатысының жанды бір бөлшегі деп қарауымыз қажет. Өйткені кез келген ру шежіресі кезінде өзі құрамына енген тайпаның бастан кешкен жалпы тарихын білуде тарихи маңызы бар қосымша бірден-бір дерек екенін ұғатын кез жетті. Жекелеген рулар мен тайпалардың этногенезін анықтамай тұрып, қазақ халқының тайпалық құрамын анықтау мүмкін емес. Осы мәселені дұрыс шешпей тарихшы халықтың өзінің қайдан шыққанын, ал тілші (лингвист) оның тілінің қайдан пайда болғанын анықтай алмайды. Өйткені халық пен оның тілінің шығу мәселесі бір-бірімен және тайпаның пайда болуы мен дамуы тарихымен тығыз байланыста, бір тұтастықта. Егер біз халқымыздың этникалық құрамына енген тайпалардың есте жоқ ескі заманда қай жерлерді мекендеп, кімдермен қоңсылас болғанын білгіміз келсе, айтқан сөзі, еткен ісі ұрпағына үлгі-өнеге батағөй абыз қарттарымыз, жеңілмес батырларымыз, шалдырмас шешендеріміз, бал бармақ күйшілеріміз, жезтандай әншілеріміз қай заманда, қай ортада өмір сүрді және олар ел басына түскен қандай қырғын-сүргінді көрді дегенді дұрыс ұғып, түсінгіміз келсе, осы рулар шежіресіне жүгінуіміз, содан ой өрбітуіміз керек. Біздің бұл ойымызды халқымыздың этникалық құрамы жөнінде өткен ғасырда-ақ «қазақтың ұлы жүзі мен қырғыздардың этникалық құрамын анықтау тәжірибесі» және «Түрік тайпалары мен ұлыстарының этникалық құрамы туралы хабар және олардың саны жөніндегі мәлімет» деп аталатын екі бірдей еңбек жазып қалдырған Н. Аристовтың мына бір тұжырымы да дәлелдей түскендей: «Қазақ шежіресі маған

¹ *Ши* — Қытайша тарих деген ұғым береді. Мысалы, ханьши — ханьтарихы, яғни хань әулетінің тарихы.

казак тайпасының тарихын зерттеп жазуда көп пайдасын тигізді. Сондықтан да мен казактың тарамданып өсу жолындағы генеалогиясына тоқталмай кете алмадым, онсыз маған казак тайпасының өткен өмірін зерттеп білу қиын болар еді»,— дейді ғалым. Мұндай пікірді бір осы Н. Аристов қана емес, көптеген орыс ғалымдарынан кездестіруге болады. Кезінде Н. И. Гродеков, П. Н. Рычков, А. И. Левшин, Г. С. Саблуков, В. В. Григорьев, Г. Н. Потанин, Н. Н. Березин және басқалардың казак шежіресіне мән беріп, жинап, олардың кейбіреулерін баспаға ұсынғанын, енді біреулері орыс тіліне, тіпті Европа елдері тілдеріне аударғанын білеміз. Бірақ біз өзіміз, өкінішке орай, осыларды көріп, біліп отырсақ та ру шежіресіне тарихи дерек деп қарамадық. Ру десек, құру деп түсіндік, жікке бөліну деп қабылдадық. Осыдан келіп адамдардың өмірбаянының бір-біріне ұқсамайтынындай халықтардың да өмірбаянының бір-біріне ұқсамайтынын біліп тұрып, халықтың өзі бастан кешірген кейбір тауқыметтерге қарамастан ғасырлар бойы сары алтындай сақтап бүгінге жеткізген тарихи материалдарын алдын ала дайындаған қалыпқа салып, сонымен өлшеп-піштік: сыймағанын алып тастадық, жетпегенін керіп-создық. Сөйтіп тарих жасадық.

— Әйтеуір, қалай десек те, мұның бәрі арттағы іс, өткен тірлік қой. Былайша айтқанда, болары болып, бояуы сіңген дүние. Қазір бәріне басқаша қарайтын болдық. Көп затты ашып айтуға мүмкіндік туды. Енді не істеу керек?

— Меніңше, өйте алмадық, бүйте алмадық деп өткенімізге өкіне бергеннен енді пайда жоқ. Енді шама келгенше сол өкініштерді тағы қайталамаудың жолын көп болып қарастырғанымыз жөн. Осы тұрғыдан келгенде, өз басым, ең алдымен, облыс-облысқа арнайы экспедиция шығарып, ел ішіндегі шежірелердің көзі барларының өзінен, өзі жоқтардың балаларына қалдырған, бұл күнде өлі дүниеге айналып, сандық түбінде жатқан шежіре атаулының бәрін жинап алуды міндет дер едім.

— Сөзіңізді бөлгеніме кешірім өтінемін. Жалпы маған осы орайда мынадай ой келеді. Қазактың шежіресі туралы казактың өзінен артық ешкім білмейтін болса керек. Өйткені ол халықтың атадан баласына қалған асыл мұрасы, қасиетті тарихы. Сондықтан жазба дерек екен деп, болмаса білікті ғалымның айтқаны екен деп, бұрынғы орыс және шетел ғалымдарының шежіре жөніндегі де-

рекерін зерттеу объектісінің бірден-бір негізі етіп алуға болмайды. Оларға да бары-жоғы жаңағы өзіңіз айтқан: жиналған, жиналатын шежіре нұсқаларының бірінің деңгейінде ғана қарап, оны өзге нұсқалармен салыстыру үшін ғана пайдалану қажет. Әйтпесе тарих ғылымында қазірге дейін қолданылып жүргендей бұл жөнінде «ана ғалым анандай деген, мына ғалым мынандай деген» деп, Европа мен орыс ғалымдарының ғана еңбектеріне жүгініп, сол арқылы ой түю қателікке ұрындырады ғой деп ойлаймын. Себебі, ол ғалымдар да қанша тәжірибелі, білімді болғанымен кезінде шежірені, мысалы не қытай, болмаса орыс жылнамалары сияқты белгілі бір тарихи документтен, архив материалдарынан көшіріп алған жоқ қой. Олар да кезінде шежіре жинаған өзіміз сияқты біреуден естіп, (көбісі тілмаш арқылы сөйлесіп), жазып алды емес пе? Мысалы, халқымыздың этногенезін тануға елеулі еңбек сіңірген ғалым атақты Н. А. Аристовтың шежіре дерегін Диканбай батырдан, ал «Сырдария облысының қырғыздары (қазақтары) мен қарақырғыздары (қырғыздары) атты еңбектің авторы Н. И. Гродековтың Қанай бидің баласынан жазып алғанын білеміз ғой. Бірақ біз осындай жазып алушылардың сол халықтың тілін қандай дәрежеде білетінін және оған жаздырушының таным-түсінігінің, білім-бірлігінің қандай деңгейде екенінен таза хабарсызбыз. Бұл арада не айтпағымды ежіктеп түсіндіріп жатпас үшін бір ғана мысал келтірейін. «Орынбор тарихының (1730—1750)» авторы П. И. Рычков қазақтың ұлы жүзінің руларын таратқанда былай жазады: «Знатнейшие в ней роды: Янышский, Зыкымский, Томарский, Зюйский, Калынский, Чаны-чиндинский, Обмансуинский, Слынский...» Ал түсініп көріңіз. Мұнда және бір П. И. Рычковта ғана емес қой. Алайда соған қарамастан біздің ғалымдарымыз (Сәрсен Аманжоловтан басқасы) әлі күнге қазақтың өз шежіресіне, оның айталық, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхамеджан Тынышбаев секілді және басқа ел ішінде танылған аса білгірлеріне жүгінбейді, қате бұрмаланған болса да осындай еңбектерге арқа тірейді, соларды бедел тұтады, сол арқылы ой қорытады, соны ғылыми түйін ретінде мойындауға мәжбүр етеді. Менің жеке түсінігімде бұлай істеу ғылымға да, халыққа да қиянат сияқты көрінеді.

— Осының бәрі қалай дегенде де, гүптеп келгенде ұлт саясатының бұрмалануының кесірі ғой. Енді заң өзгеріп,

заман өзгеріп, демократия үстемдік алған кезде кеткен кемшіліктің орнын тезірек толтыруға күш салу керек емес пе. Жаңағы менің облыс-облысқа экспедиция шығарып, шежіре атаулының бәрін түгел жинап алу керек деп жатқаным осы саладағы атқарылар жұмыстың алғы шарты. Бұл мәселені түбегейлі жүзеге асыру үшін Қазақ ССР Ғылым академиясынан арнайы ғылыми комиссия құрылуы қажет. Бұл комиссия әлгі экспедициялардың жинап әкелген материалдарын бұрыннан қолда бар шежірелерге қосып, әр нұсқаны саралай зерттеп, білгірлікпен екшеуі керек. Осы зерттеу мен екшеудің нәтижесінде мәнді деп іріктелініп алынған нұсқалар санының көп-аздығына қарамай, анау қалдырылған нұсқалардағы айтылған деректердің бәрін қамтуы шарт. Онсыз болмайды. Тарихи көне әр дерек тарих атты сарайдың қабырғасын қалар бір-бір кірпіш екенін ескермеске хақымыз жоқ.

Бұдан кейін әлгі іріктеліп алынған нұсқалар саны мен көлемінің мөлшеріне қарай том-том болып республика баспаларының бірінен жарық көруі міндет. Көлем мен санына шек қоюға болмайды. Орыс жылнамаларының қанша том болып шыққаны баршаға аян. Шежіре де біздің жылнамамыз. Олардың нұсқалары өз алдына том-том кітап болып шықса, онда оның игілігін жекелеген ғылым адамдары ғана емес, өз халқының тарихын білсем деген жалпы көпшілік бірдей көре алады. Бұл және талапкер білімді жастардың өзіндік ізденісіне де жол ашар еді.

— Бар жұмыс мұнымен бітпесе керек.

— Әрине. Әлгі арнайы құрылған ғылыми комиссия өз жұмысын жалғастыра береді. Менің өз пайымдауымша олар енді жаңағы өздері іріктеген нұсқаларды баспадан кітап болып шыққанша қайтадан өзара салыстырып, бірінде жоғын екіншісімен толықтырып, шежірелердің бар нұсқаларындағы деректерді түгел қамтитын, «Қазақ шежіресі» деп айтуға болатын арнайы жаңа нұсқа дайындауы қажет тәрізді. Міне, осы нұсқа жүргізілер негізгі ғылыми жұмыстың басты арқауы болуға тиіс. Ол үшін осы жаңа нұсқаның әр дерегіне жан-жақты ғылыми түсініктеме беріліп, ондағы жер-су аттары, кісі есімдері, үлкенді-кішілі оқиғалар тарихи документтер мәліметімен, археологиялық қазба материалдар деректерімен, этнография мағұлматтарымен, антропология, лингвистика зертеулерімен, әр кезеңдегі әр ел ғалымдарының осыларға қатысты еңбектеріндегі айтқан тұжырымдарымен салыстырылып, қыс-

қасы ақиқатты анықтауға көмегі тиеді дегеннің бәрін пайдалану арқылы халқымыздың шынайы төл тарихын жасауға қажетті шикізатты түрлі кезеңдер енгізген қоспалардан тазартып аршып алуымыз қажет. Сонда бүгінгі жұртшылық көңілін аландатып, шешуін таппай жүрген «Адам ата, Хиуа ана болған ба?», «Бүкіл адамзат баласының Нұхтан тарайтыны рас па?», «Түріктердің арабқа қандай қатысы бар? Қатысы жоқ болса, шежіреміз арабтың бір сахабасынан басталуының себебі не?» тәріздес жүздеген сауалдарға да жауап берілер еді. Сонда шежірешілер арасындағы «анау анадан емес, мынадан тараған», «жоқ, мынау мынадан емес, анадан тараған» деп жататын ғылыми негізі жоқ, пайдасынан зияны басым таластар да тыйылар еді. Сонда тегін білгісі келген текті жұрт өзінің қайдан шығып, қалай тарағанынан хабардар болар еді. Ал мұның бәрі бүгінгі жұрт болып жұмылып, халықтық артық мүддені ойлап, соның мұң-мұқтажын жоқтар сындарлы шақта кейбіреулердің бірлік берекесін алып, жүзге, руға бөліп, бөлініп жүруінің білімсіздіктен туған көрсоқырлық екенін тануына, қазақтың үш жүзге бөлінуінің этникалық бөліну емес, көшпелі өмір салты тудырған әкімшілік-территориялық басқару құрылымының көрінісі ғана екенін білуіне көмектесері сөзсіз. Сондықтан да қазақ шежірес жан-жақты зерттеліп, тезірек көпшілік игілігіне асуы қажет-ақ.

— Иә, бұл қазіргі уақыт талабы тудырған қажеттілік. Қалай болғанда да халқымыздың тарихында шежіре шешер түйін көп. Ал ол түйіндер шешілмейінше, меніңше, толық қанды қазақ тарихын жасау да мүмкін емес. Осы орайда маған бір ой келіп тұр. Рас, жаңағы сіз айтқандардың бәрі жүзеге асуы қажет, тіпті қажет емес, міндет. Бірақ бұл қанша жерден қажетсінгенімізбен бір күнде біте қалар шаруа да емес. Оған тиісті уақыт керек. Сондықтан деймін-ау, осынау игілікті іске біз де өз үлесімізді қосып, хал-қадір білім өреміз жеткенінше жоғарыда өзіңіз айтқан ұсыныстарға орай шежіре жөнінде, ондағы айтылатын іргелі ру-тайпалар жөнінде ой толғап көрсек қайтеді. Бәлкім, нақты ғылыми еңбек жасап тастамағанмен бірімізді біріміз толықтыру арқылы осы салада еңбек етіп, ізденушілерге ой саларлық бір жүйеге келерміз.

— Ол бір игілікті шаруа болар еді. Қайдам, шамамыз келсе, жиған-тергенімізді ортаға салып көрелік.

— Олай болса, байырғы діни кітаптардан алынып, жалпы жұртқа таралған бүкіл адам баласының ата тегі

жөніндегі мәліметтерді тізбелеп, әріге барып әлек болмай-ақ, беріден, қазақтың үш жүзінің шежіресі төңірегінен ой тарқатқанымыз жөн болар.

— Оныңызға да мақұл. Өйтпесек шама келмеске шашылып, ой жүйелілігінен айрылып қауымыз да кәдік.

— Жүз дегенде оның қайдан шыққанын және қандай мағынаға ие болатынын, үш жүздің неге өзара ұлы, орта, кіші болып бөлінетіндігін алғашқы әңгімемізде шамамыз жеткенше біршама айттық қой. Енді оны қайталап жатудың қажеті болмас. Сол айтылған жайларға қосар бір мәселе — қазақтың үш жүзге бөлінуінің тек қазақ хандығына тән құбылыс емес, көшпелі өмір салты туғызған ел билеудің табиғи жалғасы екендігі.

— Ұмытпасам, бұл төңіректе де әңгіме қозғағанбыз. Сонау хунну заманынан бастап елді әкімшілік-территориялық жағынан үшке бөліп басқару дәстүрінің сабақтастығын сөз еткенсіз. Меніңше, онда айтылмаған мәселе — қазақ хандығының дәл қашан, қай ханның тұсында үш жүзге бөлінгендігі сияқты. Шамамен, қазақ жүздерінің құрылуы XVI ғасырдың екінші жартысы деген пікір айтқанбыз. Ал осы пікір дұрыс болса, бұл кез шамамен Хакназар ханның билік құрған кезіне келетін секілді. Өйткені ол 1538 жылдан 1580 жылға дейін билік жүргізді ғой.

— Меніңше, мұның бәрі әлі болжам ғана. Қазақ жүздерінің қашан құрылғаны жөнінде нақтылыққа қол жеткен жоқ. Менің өз пайымдауымша, көшпелілер тарихында елді үшке бөліп билеу — хандықтың айтарлықтай күшейіп, иелігіндегі жерді бір ханның дара билеуге мүмкіндігі болмай, билікті аға-іні, балалары арқылы жүзеге асыру қажеттілігі туған кезде ғана пайда болып отырған. Қазақ жүздері пайда болған кезінде бөлінуге осындай тарихи жағдай туды ма? Егер Хакназар ханның тұсында осындай болды десек. Онда оның ордасы қайда болды — ұлы жүзде ме, орта жүзде ме, әлде кіші жүзде ме? Әдетте байырғы көшпелілердің осындай әкімшілік-территориялық бөлінісінде үлкен хан (Ұлығ хан) өз ордасын орта бөлікте ұстап, жалпы билік тізгінін өзінде қалдырған ғой. Хакназар да осылай істеді ме? Олай істесе, ол ұлы жүзді кімге басқартты, кіші жүзді кімге басқартты? Міне, осы сауалдардың бәріне нақты жауап берілуі керек. Онсыз тарихи шындыққа жету қиын.

— Иә, сондай нақты тарихи деректерге сүйеніп, жан-

жақты зерттеу нәтижесінде жасалған ғылыми түйін болмаса, қазақтың көп нұсқалы аңыздарында айтылғанындай түрлі пікірлердің бола беруі мүмкін. Мәселе солардың қайсысы дұрыс екенін айыруда ғой.

— Иә, мәселе сонда. Ақиқатқа жету үшін білімнің мен білігінді егіздеп жеккен, жан-жақты талдауға негізделген зерделі зерттеу қажет, салыстырмалы ойдың салмақты түйіні қажет. Осы арада жоғарыда сіз айтқан Шәкерім ақсақалдың шежіресіндегі қазақтың үш жүзге бөлінуі Ахмет ханның тұсында болды дегенді ескерсек, ол мерзімдік жағынан Хакназар заманынан ілгері кетеді. Өйткені XV ғасырдың сексенінші жылдарындағы ханымыз Бұрындық қой.

— Иә, сол. Керей ханның үлкен ұлы Бұрындық (кей деректе Мұрындық) 1480—1511 жылдары аралығында Қазақ хандығының ханы болған. Ол өз заманында елу мың жасақ ерткен күшті хандардың біріне саналған. Өзі билік құрған кезде кейін тарихқа «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен кірген ел билеудің өзіндік заңын шығарған, Қазақ хандығын құрушылардың ішіндегі атактыларының бірі — Қасым осы Бұрындық ханның атты әскерінің басшысы болған.

— Қасым ханды айтқаннан ойға оралады, Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-и Рашиди» атты еңбегінде Бұрындық ханды жоғары хан деп атайды. Бірақ сөйте тұрып, Қасымды бүкіл қазақтың падишаһы деп суреттейді.

— Бұл тарихшының Қасым сұлтанның Мұрындыққа бағынышты болғанымен хандықта ықпалының ханнан бір де кем еместігін білдіргені болар. Ақыры Қасым 1511 жылы Мұрындықты Самарқандқа қуып жіберіп, өзі хан тағына отырады ғой... Мұхаммед Хайдар Дулатидің Мұрындықты «жоғары хан» дегенінен еске түсіп отыр, осы орайда М. Тынышпаев тіпті нақтырақ дерек беретін секілді.

«Бас хан болып есептелінетін Бұрындық (Мұрындық) Сарайшықта тұрды. Жәнібектің ұлы Қасым хан шығыс жақта хандық құрды. (1512 жылдың қысын Қаратал өзенінің бойындағы жазықта өткізеді). Шағатай ұрпағы Махмұт пен Ахметтің қарындасы Сұлтан Нигар-ханымға үйленген Жәнібектің екінші баласы Жәдік хан 1503 жылы Шейбаниге қарсы соғысқа қатысты. Осы шайқаста Махмұт пен Ахмет қолға түсті. Мұхаммед Хайдар бұдан Жәдікті қазақтарға кетті дейді. Ол сонда ноғайдың Мұсасының (Едігенің шөбересі) үлкен ұлы Шағым-мырзамен

соғыста 1503 жылы өледі. Осы мәліметтерге қарап, қазақтардың XVI ғасырдағы мекенінің шекарасын шамамен анықтауға болады: Сарайшықтан Жоңғар тауына және Ұлытаудан Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерді алып жатыр»,— деп жазады.

Егер осы дерек шындық болса, қазақтардың үш жүзге бөлінген кезі, жоғарыда айтқанымыздай, Мұрындық (Бұрындық) ханның тұсына тура келеді. Мұндағы ерекшелік, Мұрындықтың бас хан екенін айтумен бірге Қасым аға хан, Жәдіктің кіші хан екенін ашып көрсетуі.

Қазақ халқының көне тарихына ой көзін жүгіртсек, М. Тынышпаевтың осы дерегі жөнге келетін де сияқты. Жалпы қалай болғанда да қазақ жүздерінің бөлінуі осы Мұрындық ханның тұсы, 1490 жылдардың шамасы болса керек.

— Менің пайымдауымша, бұл дерегінің нақтылығы жөнінен М. Тынышпаев қазақ жүздері туралы қалам тартқан ғалымдарымыздың қай-қайсысынан болсын мойын оздыратын секілді. Жалпы мен оның тарихи мәселені талдау тәсілінің өзгелерден басқаша екенін айтар едім. Дегенмен ол өз алдына жеке әңгімелеуді керек ететін мәселе, сондықтан бұл орайдағы өз пікірімізді ірке тұрып, әңгімеміздің арнасын негізгі тақырыпқа — жүздер шежіресіне бұрайық. Шежіре бойынша біз де қазақты Алаштан таратамыз ғой баяғы...

— Иә, кейбір нұсқалардағы өзгерістерді ескермесек, шежірелердің денінде қазақ Алаштан тарайды. Алаштан Сейілхан, Жайылхан атты екі бала туады. Соның Сейілханынан сегіз арыс түрікмен таратылады да, Жайылханының ұрпағына келгенде шежірешілердің берер деректері бір-біріне қайшы келіп, негізінен екі нұсканы алға тартады. Оның біріншісі бойынша Жайылханнан Қазақ, Созақ және Ұзақ деген үш бала өмірге келеді. Оның Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздар мен хақастардың түп атасы деп есептеледі. Ал қазағынан кейін үшеуі үш жүздің аталары болған Ақарыс (ұлы жүз), Жанарыс (орта жүз), Бекарыс (кіші жүз) деген балалар тарайды.

Екінші нұсқа бойынша Алаштың баласы Жайылханның жоғарыда айтқандай, үш баласы емес, Майқы деген жалғыз ғана ұлы болады. Осы Майқыдан Өзбек пен Сабиян деген екі бала туады. Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Қазақ пен Созақ, Созақтан Қарақалпақ тарайды. Ал Қазақтан жаңағы айтқан Ақарыс, Жаңарыс,

Бекарыс таратылады. Сөйтіп бұл арада Майқы өзбек, қазақ, қарақалпақ халықтарының түп атасы деп есептелінеді.

— Сіз оны айтасыз қарақалпақ халқының ұлы шайыры Бердақ өз шежіресінде Майқыны Алаштың орнына шығарады, сөйтіп ол Сейілхан мен Жайылханды Майқыдан туғызады.

«Майқының ұлы Жайылхан,
Және бірі — Сейілхан.
«Жайылхан» аты ұран болған,
Қоңыраттар ұран қылған екен»,—

дейді ұлы шайыр.

— Қағазға түсіп, қатталмаған шежіреде айтушының таным-түсінігіне, білім-білігіне байланысты осылай алысты жақындатып, жақынды алыстатып, шатастыратыны болады. Бұл ретте ұзынсонарда шиырдан қажетті ізін шығарып ала білер тәжірибелі аңшының көзқарақтылығындай біліктілік керек-ақ. Онсыз қиын. «Арғыннан әрі ассаң адасасың»,— деп Мәшһүр Жүсіп Көпеев айтқандай, шежіренің бергі кезеңі болмаса, арғы кезеңіне аяқ басқан сайын адасасың, шатасасың. Жоғарыда менің шежіредегі әрбір атау мен есімге ғылыми түсініктеме берілуі қажет деуімнің де мәнісі осында.

Ғылыми түсініктеме берілсе, сол арқылы жалпы жұрт шежіре ықпалымен пәленшеден түгенше туыпты деп желдіртіп кете бермей, жаңағы пәленше мен түгеншенің кім екенін, оның атаулық (этнонимдік) мағынасын білер еді. Сонда шежіренің жалаң генеалогиялық тізбектен гөрі жылнамалық мәнге ие екенін де жұрт түсінер еді. Мысалы, жаңағы айтқан қысқа қайырым — шежіре үзіндісінің өзінде ауызша нұсқаларға тән шатастырулар болғанымен, қаншама мәлімет бар. Осындағы деректер арқылы, алдымен шежіреде көрсетілгендей бәрі бір кіндіктен тарамағанымен¹ өзбек, қазақ, қарақалпақ, түрікмен халқының түпкі тегінің бірлігін және түрікмен халқының басқалардан ертерек ірге ажыратқанын аңғаруға болар еді.

¹ Ғылыми түсініктеме берілген қазақ шежіресіні осы кезге дейін жасалмағанының салдарынан басқаны қойып, тіпті оқыған, сауатты азаматтарымыздың өзі қазақтың жүздерін Қазақтан туған үш кісінің кіндігінен тараған деп түсінеді. Ал бұл ғылыми тұрғыдан да, қисындық жағынан да қате түсінік. Кейбіреулердің жүзге бөлініп, жүз жырттысатындары да осы қате түсініктің салқынынан.

(VIII ғасырдың екінші жартысында түріктерден бөлініп, Сырға келген оғыздарды еске алыңыз). Сонан кейін осындағы кісі аттарының жалқы есімнен жалпы есімге айналғанын, әрқайсысы жекелеген ұлыстардың атауы екенін, айталық, өзбек халқының Қарақалпақ, қазақ халқының Қазақ деген кісілердің кіндіктерінен жаратылып, өсіп-өнгенін ажырата бастар еді.

— Сіз бұларды айтасыз, мен осы қазақ жүздерінің түп атасы деп есептелінетін Қазақтың үш баласы — Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстарды да жеке кісі есімі емес, атаулық мәндегі жалпылық мағынадағы аттар ма деп ойлаймын. Оған бұл үшеуінің есімінен әр шежіреде әр түрлі айтылатыны да мүмкіндік беретін секілді. Мысалы, оларды бірде жоғарыда айтқандай, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс десе, енді бірде Бейшора, Жаншора, Қарашора деп атайды. Ал басқа бір шежірелерде «арыс» пен «шораның» орнын қожамен алмастырып, Аққожа, Сарқожа, Қарақожа десе, екінші біреуінде Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақкелімбет деп жатады. Меніңше, осының бәрі тегін емес. Мұны шежірешінің ауызша айтқаннан шатастыруы деуге де болмайтын сияқты. Сондықтан үш жүздің ата тегіне ие болар есімдердің бұлайша өзгеріп отыруына ерекше мән беріп, оның өзгеру себебін ашып, әр атаудың шығу төркінін зерттеу қажет. Сонда, меніңше, біраз жайдың сыры да ашылатындай көрінеді.

Ал әзірге осы тұрғыдағы өз пайымдауымды ортаға салсам, мен мынаны аңғарамын. Шежірешілердің қазақтың үш жүзін таратуда мұндай әр түрлілікке баруы, меніңше, олардың білместігі, не әдейі шатастыруы емес, қайта, керісінше, сол кезеңдегі әлеуметтік-қоғамдық жағдайдан хабар беруі. Қазақ хандығы күшейіп, көшпелі өмір салтының қажеттілігіне байланысты әкімшілік-территориялық тұрғыдан үш жүзге бөлінгенде әр жүздің құрамына енген ру-тайпалардың бірлігін, тұтастығын сақтап қалу мақсатында тер төккен елдің өмір көрген дана қарттары ертеңгі күннің де камын ойлап, кейінгі ұрпақ бір-бірін бөтенсіп өзара жауығып жүрмес үшін, олардың ата-бабасын, яғни әлгі қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың түпкі шығу тегін бір жерден шығарып, бәрін бір кісіден өсіп-өнген ұрпақ етіп көрсетіп, бұрынғы шежіре бастауын әдейі өзгертіп отырған секілді.

— Сонда мұны қандай негізге сүйеніп айтып отырсыз? Дәлеліңіз бар ма?

— Әрине бірдемеге табан тіремей, бос қиялдануға

бола ма? Мен бұлай дегенде, алдымен, көшпелі өмірдің тәжірибесіне сүйеніп отырмын. Байыптап қарасаңыз, көшпелілер тарихында, бұрын басы бірігіп, іргелі ел болып еленіп қалған ру-тайпалардың жаугершілігі мол, аумалы-төкпелі заманда не сыртқы жаудың шабуылының, не ішкі талас-тартыстың салдарынан сол іргелі елден ірге ажыратып бөлініп қалуы жиі болып отырған ғой. Міне, сол ру-тайпалар өздеріне тарих тегершінінің бір айналымында қолайлы жағдай туып, қайта бас көтеріп, қатарға қосылғанда өздерінің өмірбаяндарын бұрынғы көне тарихтан емес, керісінше соңғы жаңа дәуірлеу кезінен бастайтын болған. Бұған көшпелілер тарихында мысал көп. Бұл арада солардың бәрін тізіп жатпай-ақ ең елеулілерінің бірі ретінде Екінші Шығыс түрік қағанатының тарихынан дерек берер «Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуынан» қысқа үзіндіні еске сала кетейін.

«Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаралғанда, екі арасында кісі оғлы жаралған екен. О Кісі оғлының үстінен билік жүргізуге менің арғы бабаларым Бумын қаған, Естеми қаған таққа отырған екен», — деуші еді ғой ескерткіш иесі. Көрдіңіз бе, Түрік қағанатының негізін қалаушылар, тіпті әлемнің жаралуын өздерінен бастайды. Бұлар сонда өздерінен бұрын тіршіліктің болғанын, алдарында ғана әлемді дүр сілкіндірген хуннулардың өткенін және өздері солардың бір бұтағы, нәсіл-жұрағаты екенін білмегендіктен айтып тұрған жоқ. Әдейі осылай, шежірені жаңа кезеңнен бастау үшін айтып отыр. Міне, үш жүздің шежіре бастауында да осындай заңдылық бар. Мұнда да шежірешілер осыдан барлы-жоғы ғасырға да жетпейтін уақыт бұрын ғана іргелі елден ірге ажыратып, Керей мен Жәнібектің соңынан еріп келіп, Есен-бұғадан сойырғалға жер алып, Шу мен Қозыбасыны мекен еткен түрлі ру-тайпалардың қазақ атанып, өз алдарына жеке хандықтың шаңырағын бірлесіп көтергенімен, бәрі бір кісінің баласы емес екенін білмей айтып отырған жоқ. Өйткені қазақ үш жүзге бөлінген кезде бір-бірінен амалсыз айрылған ағайындардың жүректі сыздатқан сағынышы әлі басылып, көкіректі шерге толтырар «Ел айырылғанның»¹ мұң-зарының әсері әлі тарқап үлгірмеген болатын. Ру-тайпаны, тіпті былай қойғанда екі ел айрылғанда пәленше атамның балалары аңда қалды.

¹ Бұл арада қазақтардың өзбек ұлысынан ажырасуы айтылып отыр. Сондықтан «Ел айрылған» дегенде ноғайлымен бөлінгендегі «Ел айрылғанмен» шатыстырмау керек.

біздің атамыз мұнда келіпті» деген секілді, емшектес бауырлардың бір-бірінен қалай ажырасып қалғандығы жөніндегі әңгімелердің де ізі суыған жоқ-тын. Соған қарамастан шежірешілер қараорман қалың жұрттан бөлініп келіп Қазақ хандығын құрған ру-тайпалардың бәрін бір кісіден туғызып, қандас туыс етіп шығарады. Олардың бұлай істеуіне сол заманның қоғамдық-әлеуметтік жағдайы мәжбүр еткені сөзсіз. Қалайда хандықты сақтап қалу керек болды. Туыстық, бауырмалдыққа негізделген бірлік, тұтастық болмаса, ол заманда тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кете беруі онша қиындыққа түспейтін. Бұл ретте шежірешілерді, дәлірегінде шежіре жасаушыларды өз заманының білікті идеологтары десек керек. Ал шежіре — олардың жағдайға бейімдеу тудырған туындысы.

— Жақсы, бұл солай-ақ болсын, Бір халық әкімшілік-территориялық жағынан үшке бөлінген соң, араларына жаттық салқыны түспесін деп «бәріміз бір Қазақтың баласымыз ғой» деу үшін шежіре жасаушылар әдейі солай істеді делік. Ал қазақ жүздерінің аталары деп есептелінетін үш кісінің атын есімдік мәнінен айырып, атаулық мәндегі аттар деуіңізге не себеп? Қалай болғанда да бір Қазақ хандығының құрамына кірген тайпалардың өзара үш жүзге бөлінгені тарихи шындық қой.

— Дұрыс айтасыз. Қазақтың үш жүзге бөлінгені тарихи факт. Оны мен де теріске шығарып отырғам жоқ. Ал сол үш жүздің құрамына кіретін ру-тайпалардың түп атасы делінетін үш кісінің жеке есімдеріне келсек, онда бұлардың мағынасы да жаңағы Қазақ атауы тәріздес. Әйтпесе, өзіңіз қараңызшы, бұрыннан бар байырғы тайпалардың Қазақ хандығы иелігіндегі жер әкімшілік қажеттілікке байланысты үшке бөлінді екен деп, мекен-тұрағының ыңғайына қарай сол бөліктердің құрамына ендік деп, бәрі бір кісінің баласы бола қалуы қай қисынға келеді? Сондай-ақ осы орайда өзіңіз зер салып, байыптап бақсаңыз, орта жүз бен кіші жүз шежірешілері үш жүздің генеалогиясын таратқанда олардың түп аталары Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деп, ал ұлы жүз шежірешілері Байшора, Жаншора, Қарашора деп атайтынын көресіз. Неге бұлай? Егер қателесуден, не шатыстырудан болса, неге орта жүз бен кіші жүздің шежірешілерінің біреуі қазақтың үш жүзін Байшора, Жаншора, Қарашорадан таратпайды, немесе ұлы жүздің шежірешілерінің бірі Ақарыс,

Жанарыс, Бекарыстан таратпайды. Демек, олардың өйтпеуінде бір заңдылық бар болғаны ғой. Ол қандай заңдылық?

— Солай ма өзі? Нансаңыз, мен бұған назар аударып көрмеймін. Сондықтан өзіңіз айтпасаңыз, оның қандай заңдылық екенінен, тіпті де хабарым жоқ.

— Оның қандай заңдылық екенін мынау деп айта қою маған да оңай шаруа емес. Бұл көп ізденуді, зерттеуді керек етеді. Дегенмен, өз пайымдауымша осылай болар-ау деген топшылаудан да құр алақан емеспін. Енді соны ортаға салайын.

Тілдік қорымызда түркі тілдес халықтардың біразына ортақ «арыс» деген сөз бар. Қазақ тілінде оның негізгі арбаның арысы деген ұғымнан басқа ауыспалы бірнеше мағынасы кездеседі. Соның көнелерінің бірі арыс сөзін ру, тайпа, ел, халық және елдің тұлғасы, тіреніші деген мағынада қолданылатындығы. Осыдан алынған болуы керек, байырғы Дешті Қыпшақ жерін мекендеген ру-тайпалар елдің тіреніш азаматын, ірі атаның бөлінген тармағын да арыс деп атаған. Мысалы, арыс азамат, сегіз арыс түрікпен, бес арыс қыпшақ және сол сияқты болып кете береді. Кейде жеке тайпаны да, тұтас халықты да айтады. Мысалы, «Мен арғын деген арыспын, Аузы алты қарыспын», болмаса «Қазақ арысының мақтанышы болған ер еді» және басқа. Міне, қазақ хандығы үш жүзге бөлінгенде орта жүз бен кіші жүз шежірешілерінің әр жүздің түп атасының аттарын осы тармақ, тіреніш, халық деген ұғымды білдіретін арыс сөзін негіз ету арқылы жасағаны байқалады. Осыған орай арыс сөзінің алдына басқа емес, ақ, жан, бек деген сөздердің қойылуы неліктен дегенге келсек, оның мынандай мәні бар. Ақ (сүт) — көшпелі халықтар үшін ырыздық басы, үлкендік, молшылық. Бүкіл көшпелілер тәңір тұтқан қасиетті жақ — Шығыс жақ бөлегін ұлы жүз деп атаған қазақтың төл перзенті — шежіреші осы ұлы жүздің түп атасына Ырыздық басы — аққа арыс сөзін қосып Ақарыс деген ат береді. Сонда Ақарыс — бас тармақ, үлкен, киелі тармақ деген ұғымды береді. Жан — көшпелілер ұғымында кеудеде сақталады, ал кеуде адам денесінің ортасы. Демек Жанарыс — орта тармақ, кеуде тұс деген мағынада. Бек билік белгісі. Өзіңізге тарихтан белгілі қарадан шығып хандыққа таласып, Алтын орданың билік тізгінін ұзақ жыл қолында ұстаған Едігенің ұрпағы өздері хан болмағанымен бері келгенше олардың келісімінсіз Жошы

ұлысындағы, кейін Көк Ордадағы Шыңғысхан ұрпағының бірде-бірі таққа отыра алған жоқ. Соған орай хан тағына отырған немесе оған үміткер сұлтандардың бәрі оларға тәуелді болды. Сондықтан да ел арасында мырза деп аталынғанымен Нұриденнің де Қазидың да, Мұсаның да, Жанбыршының да билігі ханнан артық болмаса бір кем болмаған. Ал осылардың бәрі қазақ үш жүзге бөлінгенде кіші жүздің еншісіне тиген өңірде өмір сүрген, билік еткен. Демек, Бекарыс билікті тармақ.

— Сонда бәрін қорыта келгенде, Ұлы жүз — бас бөлік, Ақарыс; орта жүз — орта бөлік, Жанарыс, кіші жүз — билікті бөлік, Бекарыс болды ғой. Ал Байшора, Жаншора, Қарашораларға жол болсын?

— Бұл да дәл жаңағы сияқты. Ұлы жүз шежірешілерінің арыс сөзінің орнына шора сөзін қолдануының да өзіндік себебі бар. Жетісу өңірінде елді әкімшілік-территориялық тұрғыда бөлгенде әр бөлекті, тармақты билеушісінің лауазымымен атайтын сонау Батыс Түрік қағанаты заманынан бері қалыптасқан дәстүр болған. Ол дәстүрді Батыс Түрік қағанатының тоғызыншы ханы — Хилишидің 634 жылдары енгізгенін он оқ халқы жөнінде әңгіме болғанда бұрын айттық та ғой. Есіңізде ме, он оқ халқын бөлгенде бес шора дулу, бес тегін нушиби деп атайтыны. Осындағы дулуды ғалымдарымыз дулаттар деп жүр. Сол бес шораға бөлінген дулаттар ұлы жүз құрамындағы ең ірі тайпаның бірі екені белгілі. Міне, қазақтың жұрты үш жүзге бөлінгенде, Ұлы жүз шежірешілерінің әр бөлектің атауына шораны қосуы сол дәстүрдің заңды жалғасы болса керек. Ал шораның алдында тұрған бай, жан, қара сөздері сізге былай-ақ түсінікті ғой деп ойлаймын.

— Бай мен жан сөздері түсінікті. Бұл арада Байшора Ақарыспен, Жаншора Жанарыспен мағыналас болып тұр. Ал Қарашораны қалай түсінеміз. Бұл мағына жағынан жаңағы сіз айтқан Бекарыспен, тіпті, жақындаспайды да ғой. Қара деген түстің түрі емес пе? Әлде кіші жүздерді қара түстілер бөлегі дегені ме? Ондай бөле-жара айтардай олардың өзге қазақтан айырмасы жоқ қой.

— Жоқ, бұл арада қара — түстің түрі емес. Қара да жаңағы бек тәріздес, билік деген ұғымды білдіреді. Қазақ ССР тарихында Қарахинидтер мемлекеті туралы сөз болғанда «қараның» жоғары билеуші деген мағынаны білдіретіні айтылған ғой. Тараздың билеушісі болған

Қара-ханның да «қара» деген аты емес, осы жоғары билеуші хан деген ұғымдағы сөз болатын.

— Иә, есіме енді түсті, қара сөзінің сондай да мағынасы бар. Жетісу жерін қарлықтар билеп тұрған кезде ел билеушілер лауазымына қара сөзі қосылып отырған. Бұл, шамасы, сол кезеңде Орта Азия мен Қазақстан жеріне сұғына кірген қарақытайлармен байланыстың әсерінен болуы керек. Әйтпесе, таза түркі тілдес халықтар арасында бұған дейін де, кейін де қараның лауазымдық мәні болмаған секілді...

Жақсы, мұны түсіндік. Ал енді Аққожа, Сарықожа, Қарақожа, Ақкелімбет, Сарыкелімбет, Қаракелімбеттерге келейік. Бұлар не мағына береді?

— Жоғарыда айтқанымыздай, талдауды атаудың екінші компонентінен бастасақ, алғашқы үшеуіне «қожа» сөзінің тіркелуі, ол енді қазақ даласына еркін еніп, үстемдік ала бастаған ислам дінінің ескерткіші. Қожалардың қазақ даласында исламды уағыздаушы — миссионерлік қызмет атқарған араб нәсілділер екенін өзіңіз де білесіз ғой. Ал соңғы үшеуіне бірдей тіркескен «Келімбет» сөзінің не мағына беретінін, қандай себеп-салдармен тіркесіп тұрғанын өз басым түсіне алмадым. Бірақ қалайда бір мәні болуы керек. Себебі қазақ үш жүздің түп атасы деп қасиеттеп отырған есімге мән-мағынасыз бірдемені әкеп тіркей салмауға тиіс. Сондықтан оған мән беріп, мүмкіндігінше жан-жақты зерттеген дұрыс. Ғалым Сәрсен Аманжолов бұл шежірені 1927 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында тұратын, шыққан тегі шүршіт Темірбай Бектасов деген 85 жасар қарттың аузынан жазып алдым деп көрсетіпті ғой. Бәлкім, «Келімбет» сөзінің сырын сол өңірден іздеген жөн болар ма?

Бұл мәселені осымен доғарып, енді осы атаулардың алғашқы компоненті ақ, сары, қара сөздерінің мәніне келсек, мұның басқа емес, дүниенің төрт бұрышын, яғни төрт құбыланы түстік белгімен атайтын бүкіл көшпелілерге тән көне дәстүрдің жалғасы екенін аңғару онша қиындыққа түспейді. Мұнда ақ — батыс, сары — орта, қара — терістік. Қазақ жүздерінің қазіргі ұғымдағы территориялық орналасуы тұрғысынан қарағанда, бәлкім, бұл атаулардың шындыққа келмеуі де мүмкін. Бірақ қазақ жүздерінің бөлінісімен бірден қалыптаса қалмағанын, түрлі-түрлі үргін-сүргінді, қилы-қилы замандарды бастан кешкенін де ескермеске болмас. Сондықтан мұның

бәрі елдің тарихын, халықтың өткенін зерттегенде аса ден қойып, мұқияттылықпен қарайтын мәселелер. Мынау жариялылық өріс алып, демократия қанат жайған кезде халық тарихын қайта жазуды қолға алған зерделі ғалымдарымыз бұл атаулардың да мән-мағынасын ғылыми тұрғыдан жан-жақты ашып берер. Ал біздікі жалпы жұртқа ой салып, пікірлер қозғалысына түрткі болу ғана ғой.

— Әрине оған дау бар ма. Түпкі мақсат, көздер нысанамыздың өзі де сол ғой.

Дегенмен біз атау мағынасына көбірек үңілеміз деп, негізгі әңгіме арнасынан ауытқып кеткен сияқтымыз. Шежіре жайында сөз қозғауға келіскен секілді едік.

— Бұл да сол шежіренің шаруасы ғой. Мұны айтпай болмайды. Кезінде ауызша тарап, қағазға кейін түскен шежірелердің бір нұсқасын ала салып, пәленшеден түгенше тарайды деп тізбектей бергеннен ешкімге ешқандай да пайда жоқ. Олай дейтін себебім, жасыратыны жоқ, бізде мынандай бір жаман әдет бар. Егер орайы келіп, бір жерде шежіре жөнінде әңгіме бола қалса, әркім өзінің білетін, ауылының ақсақалының аузынан естіп өскен шежіре нұсқасының дерегін алға тартып, «жоқ, сенікі дұрыс емес, оның шындығы былай, пәленшеден түгенше туған» деп таласып отырып алады. Ондайлар және сіздің қисынды сөзіңізге «олайда болуы мүмкін-ау» деп құлақ аспайды бейне Үйсіннің, немесе Қыпшақтың, болмаса Алшынның кіндігін өздері кесіп, қолымен туғызып алғандай-ақ өзеуреп таласып бағады. Ал мұндай даудың ортақ мүдделі іске зияннан басқа мысқалдай да пайдасы тимесі хақ. Сондықтан біздің шежірені тарата отырып, ондағының бәріне болмағанымен ішіндегі жұртқа елеулі, танымал деген есімдер мен атауларға тоқталып, соған шамамыз келгенше тарихи деректерге негіздей нақты пікір білдіруіміз қажет. Сонда ғана жұртшылықты мүмкіндігінше ойлануға итермелеп, олардың да өзіндік пікірінің қалыптасуына аз да болса түрткі бола аламыз.

— Әй, қайдам, оған шамамыз жетер ме екен. Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған шежіресіне бір әңгімелесуде талдау жасаймыз деудің өзі әбестік болмай ма?

— Неге, қайта керісінше, көп ісіне үлес қосудан тайқып, кежеге тартқызып кергісек, міне, әбестік сол болмақ. Игілікке ұмтылу, хал-қадарыңша тырмысып ниет білдіру, меніңше, кісілік белгісі.

— Жарайды, онда мақұл.

— Сонымен шежіре бойынша Қазақтан үш жүзді тараттық қой. Ендігі әңгімеміз жүйелі де түсінікті болуы үшін әр жүзге жеке-жеке тоқталайық.

— Жаксы, сол дұрыс болар.

ҰЛЫ ЖҮЗ

— Жоғарыда айтқанымыздай шежірешілер ұлы жүзді Ақарыстан (Байшорадан) таратады. Ақарыстан Жұманбай (кей нұсқада Түменбай), Жұманбайдан Кейкі, Кейкіден Төбей туады. Бұдан кейінгі шежіре деректерінде қайшылық бар. Мысалы, Шоқан Уәлиханов ұсынған нұсқада Төбейден тек Үйсін ғана туады десе, басқа нұсқалардың денінде Төбейден төрт бала тарайды делінеді. Бұлар Үйсінді Төбейдің немересі Бактиярдан туғызады.

— Бұр арада Шоканның нұсқасы дұрыс болар. Өйткені шежіре материалдарына сүйене отырып халықтың төл тарихына алғашқылардың бірі болып барлау жасаған тамаша ғалымымыз Сәрсен Аманжолов «Ұлы жүз дегеніміз Үйсін» дейтін тұжырымның бар екенін айтады. Олай болса басқа шежірелердегі Төбейден тарайды деген төрт баланы Шоқан Төбейден емес, Үйсіннен таратса, ол өмір шындығына келеді ғой.

— Шындық деген үлкен сөз-ау, бауырым. Оның қай жерде жатқанын бір тәңірім білсін. Жаңа айттым ғой, шежіредегі есімдер де, атаулар да шартты ұғым деп. Сонау есте жоқ ескі заманнан келе жатқан көне тайпалар атауын бір кісінің есіміне теліп, соның кіндігінен ғұмырнамасы сол көне тайпаның өзіндей басқа тайпаларды тарату, мысалы қай шындыққа келеді? Айталық жаңағы Үйсіннен тарайды дейтін төрт бала: Майқы, Қоғам, Құйылдар, Мекірен болса, соның Майқысынан Бактиярды, Қоғамынан Қаңлыны, Құйылдырынан Шанышқылыны, Мекіренінен Жалайырды таратады. Басқаны былай қойғанда осындағы Қаңлы тайпасы көнелігі жөнінен Үйсін тайпасынан кейін деп кім айта алады. Беймәлім әрісіне куәлік бермегенмен екеуінің көне қытай тарихына мәлім болған кезі бір ғой. Олар туралы алғашқы деректі Қы-

тайдың батыс еліне¹ барған тұңғыш саяхатшысы Чжан Қян (Цянь) бермей ме?

Болмаса, осы төрт баланың үлкені делінетін Майқыны алайық. Егер бұл біз білетін, тарихқа мәлім Майқы би болса, ол кешегі Шыңғыс ханның замандасы, оны хан көтеруші билердің бірі. Ал Шыңғыс хан, өзіңіз білесіз, 1155—1227 жылдарда өмір сүрген кісі. Сонда кешегі XIII ғасырда өмір сүрген кісіні тарихқа біздің жыл санауымыздан бұрынғы III — II ғасырда бар көне тайпалардың түп атасы деуге бола ма? Сондықтан шежіре атауларын жан-жақты зерттеп, тарих деректерімен салыстырусыз, қисынға келеді екен деп, өмір шындығы осы деу үлкен қателік болмақ.

Сонсоң өз басым көне қытай тарихындағы атаулардың мәнінің бүгінгі ғылымда қабылданып, қолданылып жүрген баламаларының бәрінің бірдей дұрыстығына да күмәнім бар. Бәлкім, қазақстандық ғалымдарды былай қойғанда одақтық, әлемдік дәрежедегі мүйізі қарағайдай-қарағайдай ғұламалардың ден қойған атауына күдік келтіру, менің тарапымнан бүйректен сирақ шығарғандай әбестік те шығар. Бірақ патша көңілім халық тарихына қатысты мәселеде иненің жасуындай дәлдік болмады деп тапсам, оның ерсілігіне, әбестігіне қарамастан ортаға салуды қалайды. Кім біледі, шындыққа бастар жол сонда жатқан шығар. Міне, осы тұрғыдан келгенде мен қытай тарихындағы усуньді біздің бүгінгі ұғымымыздағы үйсін тайпасының аты еді дегенге келіскім келмейді.

— Неге? Бұл, шынында да, ғылым мойындаған, тарихта қалыптасқан этноним ғой. Оның дұрыс екені сондай, бұған бүгінге дейін тіпті ешбір ғалым күдіктенген емес.

— Бола берсін. Ғылым мойындаған атау екенін мен де білем. Соған қарамастан қытай тарихындағы усуньның баламасы үйсін екеніне өз басым құлай сене алмаймын, күдігім бар.

— Қызық екен... Сонда күдіктенетін себебің не?..

— Мен өзім халықтың өткеніне қатысы бар қандай бір ірілі-уақты мәселе болсын, қисыны осылай-ау деп айта салуға қарсымын. Жан-жақты зерттеп, қатысты кезеңнің сол тектес жағдайларымен салыстырып барып айтуды қалаймын. Үйсін жайына келгенде өзім оқыған шығар-

¹ Көне қытайлықтар өздерінің батысынан арғы шет елдіктердің бәрін «батыс елі» деп атаған.

малардан мен тап сондай зерттеуді де, салыстыруды да байқағам жоқ. Мұнда қытайдың усуньның түріктің Үйсін-іне айналуына тек екі атаудың дыбыс үндестігі, яғни сырт ұқсастығы және усунь иелігінің кейінгі үйсін тайпасының мекендеген территориясымен үйлес келетіндігі ғана басшылыққа алынғанға ұқсайды. Әйтпесе усуньның үйсін екені ғылыми жолмен дәлелденген жоқ. Рас, ғалымдар арасында бұл жөнінде таласты пікірлер болды. Айталық, үйсін сөзінің шығу төркінінде Гинь, В. В. Григорьев, Т. Кингемилл, С. П. Толстов секілді ғалымдар «асиан», Э. Пуллибланк «асман», яғни «аспан», Ю. Зуев «ашина», І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов «ой-зон», А. Н. Кононов «ог-сун» сөздерінен іздеп, болжамдарын өз мүмкіндіктеріне қарай дәлелдеп баққанын білесіз.

— Ұмытпасам, «Усуньдардың этникалық тарихына» деген еңбегінде Ю. Зуев «усуньдардың Ордостағы У-шуй өзенінің бойын мекендеген, оларға «ушун» деген атау осы өзеннің атына қарай қойылған. У-шуй — қытайша «қарғалы өзен» деген мағынаны береді. Көне тарихта усуньдарды қарғаның ұрпағы дейтін аңыз бар деген де пікір айтатын секілді еді.

— Иә, Ю. А. Зуевтің ондай да пікірі бар. Бірақ осылардың қай-қайсысы болса да этнонимнің этимологиясын көз сеніп, көңіл тояттарлық дәрежеде анықтап бере алған жоқ.

Бізге белгілі көне қытай тарихында, өзіңіз білесіз, көшпелілердің бірде біреуінің нақты төл аты аталмайды. Көбі әдейі бұрмаланып, мазақтау, қорлау есебінде айтылады. Ал тіпті дәл берілді деген атаудың өзінің алғашқы буыны беріледі де, қалғанына қытайлық мағынадағы сөз тіркестіріледі. Сөз дәлелі үшін не ілгері, не кейінгі емес түп-тура усуньдардың қытайға белгілі болған біздің жыл санауымызға дейінгі 114 жылғы қытай тарихындағы көшпелі тайпалардың аттарын салыстырып көрелік. Хунну — хун-кекшіл, ну-кұл, Дунху — дун-шығыс, ху-жабайы, Да-вань — да-үлкен, вань — мекеннің қытайша берілген аты, жалпы бұл арада Давань деп қытайлар Ферғананы айтып отыр. Қан-гюй — Қан-қаңлының алғашқы буыны, гюй — қытай сөзі, не мағына білдіретінін білмеймін. Да-юечжи — да-үлкен, юечжи — хуннулардың тосын шабуылмен талқандап батысқа қоныс аудартып жіберген көшпелі тайпасының қытайда аты, не мағына білдіретіні белгісіз.

Міне, қытайдың бір кездегі Солтүстіктегі және солтү-

стік-батысындағы көрші көшпелі тайпаларға берген аттары. Бәлкім, сіздің мұның бәрі көшпелі тайпалардың бір кезеңдегі атауы болғанмен оларды жазған тарихшылары әр түрлі болған шығар, сондықтан осылай әр түрлі жазылуы мүмкін ғой. Усуньді — жазған тарихшы атаудың транскрипциясын дәл беруге тырысқан болар деп ойлауыңыз да мүмкін. Бірақ олай ойлауға негіз жоқ. Себебі бұл атаулар бір ғана тарихшының — қытайдың Геродоты атанған Сыма Цянның бір ғана шығармасы — әйгілі «тарихи жазбаларынан» алынып отыр. Ол аз десеңіз, бұл атаулар сол Сыма Цянның шығармасындағы қытайдың батыс елдерге барған тұңғыш саяхатшысы Чжан Кянның берген дерегінен алынып отыр. Бұл атаулардың Сыма Цянның бұзып жазбағандығын, одан кейінгі көне қытай тарихшысы Бан Гудың сол деректерді сол күйі, ешқандай өзгеріссіз қайталауы да дәлелдейді. Сонда деймін-ау Чжан Кян кунну (монғол), дунху (татар), даюечжи (бактрия), Давань (Ферғана), Дахя (Грекобактрия), Кангюй (қаңлы) Аньси (Парфия) атауларын осылай бұзып беріп, тек үйсінді ғана бұзбай «й» әрпінен басқасын түк қалдырмай усунь деп дәл берді деуге сенуге бола ма? Көшпелілердің атын әдейі бұзып жазған көне қытайлықтар түгілі тарихқа қиянат жасауға болмайтынын түсінген бүгінгі қытайлықтарыңыздың өзі үйсін сөзін дәл осындай дәлдікпен бере алар ма екен? Ендеше неге бұған көз жұмып қарауға тиістіміз? Дыбыс үндестігінің сырт ұқсастығына қарап қытайдың «усунь» дегені қазақтың «үйсіні» деп, ешқандай дәлелсіз тарта беру бұл тарихымызға деген адалдыққа, қалды ғылыми сауаттылыққа жата қояр ма екен?

— Шынында да мынауыңыз ойласатын мәселе екен. Ұят та болса мойындауға тура келеді, кейде «көп айтса көнді, жұрт айтса болды» деп Абай атамыз айтқандай, ештемеге мән бермей құр дақпыртпен кете береміз ғой. Нансаңыз, өз басым усуньның үйсін болмауы да мүмкін-ау деп тіпті ойлап көрмеппін. Сонда сіздің ойыңызша қытайдың усуні бізше не мағына береді?

— Сіздің бұл сұрағыңызға жауап бермес бұрын, алдымен мына мәселенің басын ашып алу керек сияқты.

Бұл жерде әңгіме этнонимнің тек атаулық мәні жөнінде, яғни көне қытайдың усуньның қазақтың бүгінгі үйсін деген атауының дәл баламасы бола алмайтындығында ғана. Әйтпесе халықтың өз шығу тегіне келсек, бүгінгі үйсіндердің тарихқа сонау біздің жыл санауымыз-

дан бұрынғы II ғасырдан-ақ белгілі болған Усунь мемлекетін құрған ру-тайпалардың ұрпағы екеніне ешқандай дау болмаса керек. Көне тарихи деректер байырғы усуньдардың Орталық Азиядан батысқа қарай екі жүз жылдың ішінде үш дүркін ірге көтеріп, біздің жыл санауымыздан бұрынғы 178—160 жылдары осы Жетісу өңіріне келіп, қоныс тепкенін айтады. Содан бері олар бұл жерден қоныс аударған жоқ. Сондықтан қай кезде, қалай аталғанына қарамастан бұл өңірді мекендеген ру-тайпаларды сол баяғы Усунь мемлекетін құрушылардың жұрағаттары деуге толық негіз бар.

Сонымен бірге бұл арада әр кездегі саяси оқиғаларға байланысты сырттан қоныс аударып келген ру-тайпалардың болғанын да жоққа шығаруға болмайды. Өйткені бір кезде Орталық Азияның тұрғындары болған абарлардың, оғыздардың, қарлықтардың осы Жетісу өңіріне келіп, жергілікті жұртпен бірігіп, бір мемлекет құрып, бір әкімшілікке бағынғаны осы халықтардың тарихынан аздаған хабары бар жанның бәріне белгілі ғой. Соның үшін де мен осы өңірде болған ру-тайпалардың әр кезде әр түрлі аталған атауларының мағынасына мән беріп, сол арқылы олардың әрқайсысының шыққан тегін анықтау керек деймін. Әйтеуір әуелдегі түбі бір ғой деп, бір кезде көне қытайлықтар берген атауын да, кейін қазақтың өзі берген атауын да, әрқайсысының шыққан тегін, төркінін анықтап алмай жатып, тек дыбыс ұқсастығына қарап, усунь дегеніміз «үйсін» дей салу, меніңше, абырой әпермес тірлік. Кім біледі, бәлкім, қазақтың үйсін деген атауы аузы дуалы көне қарттардың бірінің Жетісу өңіріне қоныс аударып келген түрлі халықтардың бас қосқан, бір хандыққа бірігіп, елдік құрған ру-тайпалардың бірлік-татулығын ойлап: «Енді бәрің бір үйсін, ынтымақты тірлікте болыңдар» деген аталы сөзінен шыққан таза түркілік ұғымдағы сөз болар. Бірақ осының осылай болуы мүмкіндік себебін ашып, талдап көрсетпей жалаң қиял еркімен солай дей беруге бола ма? Ең болмаса, халқымыздың ауыз шежіресінің дерегіне неге көңіл аудармасқа? Жоғарыда айтқанымыздай, Үйсін Майқының әкесі болса да, немересі болса да, ол әрі кеткенде XII ғасырда өмір сүрген адам ғой. Ендеше ол біздің жыл санауымыздың да бұрын бар тайпаның қалайша аты болмақ? Өйткені сол тайпаның аталығы болуы үшін оның оданда бұрын болуы шарт. Осы сәйкессіздіктің өзі-ақ ойласуды, неге бұлай екенін дәлелдеуді қажетсінеді емес пе? Әрине бұл арада үйсін ата-

уының да түрік этнонимі секілді қайта шығу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ олай болса, оны неге ашып айтпаймыз? Қашан, қалай шыққанын неге нақты дерекпен дәлелдеп көрсетпейміз?

Болмаса, осы байырғы Усунь мемлекеті жерінде тарихи мәні бар сан оқиға өтті. Айталық, VI ғасырдың орта шенінде мұнда Батыс Түрік қағанаты құрылды. Оның құрамына енген бес тайпа елді дулу, бес тайпа елді нушиби деп, бәрін бір қосқанда он оқ халқы деп атадык. Кейін осы иелікте 704—766 жылдарда Түргеш қағанаты, 766—940 жылдарда Қарлық қағанаты үстемдік етті. Бұдан соң бұл өңір қараханидтер әулетінің иелігінде болды. 1129 жылы Жетісу жеріне қарақытайлар басып кіріп, өз үстемдігін орнатты, Баласұған қаласын астанасына айналдырды. Егер деймін-ау, көне қытайлықтардың «усунь» дегендері тайпа атауы болса, осы арада өмір сүрсе, әлгіндей мәні бар елеулі-елеулі кезеңдердің тарихи баяндалған шығармалардан неге ол усунь не үйсін күйінде кездесіп отырмайды? Өйткені бұл кезеңдер оқиғасы жазылған шығармаларда үйсін түгілі одан әлдеқайда мәнсіз шағын рулардың да аты аталады ғой.

Ал осылар ой бөлмейтін, дәлелдеуді тілемейтін мәселелер ме? Міне, менің айтпағым да, ой бөлісуім де тек осы мақсатта ғана.

Енді жаңағы сіздің сұрағыңызға келсек, көне қытайлықтар берген усунь атауының не мағына білдіретінін мен де тап басып айта алмаймын. Менікі тек өзімдік болжам ғана. Ал болжамның бәрі бірдей ақиқат аулына тура апаруы екіталай дүние. Усуньнің дәл баламасын табу, меніңше, келешек ісі.

— Дегенмен ойласа жүру үшін сіздің сол болжамыңызды білсем артық болмас еді.

— Көне қытай тарихы берер деректерге зер салсақ, Хань мемлекетінің хуннулармен соғыста жеңіске жете алмайтынын білген соң, талай сыннан өтіп сыналған «жабайыларды жабайылардың қолымен құрту» саясатын іске қосу ниетімен хуннулардың батысындағы елдермен байланысқа шығып, оларды өздеріне одақтастыққа тартуға арнайы тапсырмамен белгілі жиһанкез Чжан Қянды елші етіп жібергенін білеміз. Міне, осы Чжан Қянның хуннулардың тұтқынынан шығып барып, Қытайдың батысындағы бұған дейін өздеріне белгісіз болып келген елдер ішінде алғаш көргені Усунь болатын. Усунь — Чжан Қянның суреттеуінше — рудың да, тайпаның да аты емес,

жеке дербес мемлекеттің (хандықтың) аты. Усуньді және қытай иероглифінің оқылу заңдылығы бойынша ус-унь деп оқысақ керек. (Мысалы, хун-ну, дун-ху, кан-гюй және осылар сияқты). Көне қытай тарихшыларының түркілік атаулардың тек алдыңғы буынын ғана алып, соңына қытайша мағына беретін басқа сөз тіркейтіні бұрынғы әңгімемізден белгілі. Сонда, менің пайымдауымша, ус-унь сөзі бүгінгі Жетісу деген ұғыммен мағыналас болып шығады. Менің бұл орайда онша теріс кетпегенімді Цянь-ханьшу әулеттік хроникасындағы «Іле — байырғы усунь жері»,— деген дерек те дәлелдей түсетін тәрізді.

— Сонда қалай, усунь жетісу деген сөз бе?

— Жоқ, тіпті де олай емес. Усунь — сулы өңір, сулы аймақ, немесе су елі деген секілді ұғымдарды білдірсе керек. Мен мұны түркі тілдес елдердің біразына «ус» деген сөздің су деген мағына беретіндігіне сүйеніп айтып отырмын. Бұл, әрине ғылыми дәлелденген тұжырым емес, сондықтан соңғы сөз бола алмайды. Бұл тек осылай болса керек деген менің жеке өзімнің өзгелерге ойтүрткі болжамым ғана. Соңғы сөзді қашан да ғылым айтады ғой.

— Әрине оған дау бар ма. Бірақ ғылым дегенмен оның өзі ерекше бір күшпен болатын құбылыс емес, ол да жекелеген адамдардың ізденісі мен зерттеулері нәтижесінде айтылар пікірлерден қорытылып жасалса керек. Осы тұрғыда таласу үшін емес, пікірге пікір қосу мақсатында мен де жаңағы сіздің пайымдауыңыздан туындаған бір ойды ортаға салсам ба деп отырмын. Сіз жаңа қытай иероглифінің оқылу заңдылығы бойынша усуньді ус-унь деп оқыған дұрыс дедіңіз. Ал меніңше, оның ус-унь емес, у-сунь болып оқылатын секілді. Сіз, әрине ус-унь деп оқығанда сөздің қытайша не мағына беретінін түсінгендіктен емес, тек алдыңғы буынның түркі тілдес біраз халықтарда су деген мағына беретінін білгендіктен айтып отырсыз ғой.

— Жоқ, тек қана ол емес. Менің олай дегенде негізгі арқа тірерім, қажет десеңіз, осындай ой түюіме себепші болғанда көне қытай тарихшысының пікірі. Цинь дәуірінің тарихшысы Сун Юнь деген кісі, сонау IV ғасырдың өзінде-ақ Усунь сөзінің шығу тәркісіне үңіліп, оны монғолдың су деген сөзінен шыққан деп пікір айтыпты. Ал монғолдардың суды «ус» дейтіні белгілі. Тек монғолдар ғана емес, түркі тілдес халықтардың да ішінде суды «ус» дейтіндер бар ғой. Мысалы, якуттар.

— Япыр-ау, мынауңыз ғажап қой, «Қарыстан сүйем жуық» дегендей, сол кезге, көне қытайлықтардың усунь атауын тарихқа енгізген заманына тақау тұрған ескі көз тарихшының пікірі араға анау-мынау емес, түп-тура он алты ғасыр түсіріп барып айтқан біздің пікірімізден гөрі шыйдыққа бір табан жақын болса керек және мұны көне қытай тіліне жетік сол кездің маманы айтып отырса... Өз басым осындай құнды пікірге ғалымдарымыздың көңіл бөлмей келгеніне таң қаламын. Меніңше атаудың шын мәні де осы болуға тиіс. Дегенмен ізденіске түрткі болсын, мен де әлгіндегі айтпақ ойымды ортаға салайын. Мен де «Усуньді» у-сунь деп оқылатын секілді» — дегенде оның не мағына беретінін білгендіктен айтып отырғаным жоқ. Бірақ менің бұлай деуіме себепші, көненің көзі болып бізге жеткен атақты Тоңюкок ескерткішіндегі тарихи жазулар. Онда мынандай сөйлем бар: «Усын бунтату йуртда йату қалур ерті». Осыны ғалым Құлмат Өмірәлиев «Усын бұрынғы жерінде жайлап қалған еді» деп түсіндіреді. Тоңюоктің баяндауындағы оқиғаның барысына қарағанда даланың дана қартының айтып отырған усыны да көне қытайлықтардың усунь деген жұртына дәл келетін тәрізді.

— Нансаңыз мен Тоңюкөк жазуында усунь деген халықтық атаудың бар екеніне назар аудармаппын. Егер бұл шынында да осылай болып, көне қытайлықтардың усунь мен көне түріктердің усунь бір халық болып шықса, онда кәдімгідей ойласуға тура келеді. Сонда көне түріктер усунь деп аталатын елмен өздері тікелей қатынасқа шықпаған, яғни оларды өздері білмейтін болғаны ғой. Егер олай болмай, өздері байланысқа шығып, тікелей араласқан болса, онда көне түріктер ол жұртты қытайша атаумен атамас еді. Бұл арада тағы да қайталап айтайын, көне қытайлықтардың сол кездегі басқа көрші ел-жұрттың бәрінің атын бұзып жазып, тек усунь атын дұрыс жазды дегенге өз басым сенгім келмейді. Бұл — бір. Егер көне түріктер усуньдарды бұрыннан білген, араласқан болып, соған қарамастан олар бұл халықты усунь деп жазса, онда да бәрібір менің жоғарыда айтқан усунь үйсін емес деген болжамым өз-өзінен шындыққа айналады. Себебі көне қытайлықтар секілді басқа ел жұрттың атын бұзып жазу әдетінде жоқ түріктердің үйсін дейтін атты усунь деп бұзып жазуы мүмкін емес. Демек бұл халықтың

сол кездегі аты усын болғаны және сол кезде көне түріктердің айтуында түсіп қалған тұрақсыз «и» дыбысы кейін қазақтар айтқанда да қайтадан қосылмайды. Ал бұл ескерілмей қалар факті ме?

— Жаңағы сіздің Орхон жазуында бұл халықтық атауды усын деп атады дегеніңізден шығады, XVI ғасырдың атақты шығармаларының бірі — «Абдаллах-нама» атты еңбектің авторы Хафиз Таныш бен Мир Мұхаммед әл-Бухари Абдаллах ханның қолбасшыларын атағанда олардың есіміне өздерінің шыққан руының атын қоса жазып отырады. Мысалы, Айбас найман, Ибраһим кенегес деген секілді. Сонда осындай баһадурлардың қатарында Жанболат ушын деген батырдың да атын атайды. Осыған қарап, VIII ғасырдың тас ескерткішіндегі усын мен XVI ғасырдың тарихи шығармасындағы ушын екеуі бір атау емес пе екен деген ой оралады. Егер бұлар бір атау болса, онда қытайша усунь аталған халықтың түрікше атауы ол кезде де, кейін де үйсін емес, усын болғаны ғой.

— Әбден мүмкін. Бірақ қалай болғанда да осының бәрі әлі де көп болып ойласуды, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қытай тілін жетік білумен бірге көне қытайлықтардың ескі заманда өздеріне көрші ел-жұрттың аттарын қалай атап, қалай жазғанын салыстыра зерттеп, ортақ орнықты пікір айта алар білікті мамандардың білім бірлігі керек бұл істе. Әйтпесе, табан тірер тіреніші жоқ жалаң болса болжам нақты шындыққа жеткізе қоймас.

Осы орайда маған бір ой келіп тұр. Боса да көне усунь жұрты әңгіме өзегіне айналды ғой. Мынау Қытай Халық Республикасындағы қазақ бауырлар көне қытай жұртының белгілі тарихшысы Бан-гудың шығармасының «Батыс өңір және усунь мемлекеті» деген тармағын қытай тілінен тікелей қазақ тіліне тәржімалап жеке кітап етіп шығарған екен. Аудармашылары Байдәулет деген қазақ жігіті мен Гу-уынчин деген қытай азаматы көрінеді. Осында біз үшін біраз қызық та тосын жайлар бар. Мен соның «Усунь мемлекеті» деген шағын тараушасының аудармасын Н. Я. Бичурин тәржімасымен салыстыра отырып көшіріп алып едім, Соны оқып берсем қалай болады.

— Мынауыңыз, тіпті тамаша болды ғой. Шамасы, бұл кітапты Шинжиан халық баспасы шығарған ғой. Ол кітап біздің қолымызға түсер дейсіз бе?! Тіпті түсе қалған күнде

араб харпімен басылған оны біз оқи алармыз ба? Оқыңыз, қуана тындаймын.

— Жарайды, оқып берейін. Тек бір ескертетін жай, мұнда да олар «усуньді» біздің тарихшылар секілді үйсін деп алыпты. Мен де солай қалдырдым.

ҮЙСІН МЕМЛЕКЕТІ

Ұлы Күнбидің¹ астанасы Қызылқорған² қаласы Чаннаннан 8900 шақырым³ шалғай, түтін саны 120 мың, жан саны 630 мың, әскері 188800. Уәзір⁴, мәртебе қазына істер бегі⁵ оң-сол қолбасы қатарлылардан екіден адам⁶, бас бақылаушы екі адам⁷ орда төребегі бір адам⁸, орда төресі екі адам⁹ атты әскербасы бір адам¹⁰ Шығысындағы тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 1721 шақырым, батыс жағындағы Қаңлы¹¹ елінің астанасы Бониға¹² баратын жолы 5000 шақырым. Жер ұланбайтақ кең әрі жазық, жауын-шашыны көп. Ауа райы суық. Тауларында қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Малмен бірге жайылым, суат жағдайына қарай көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы хондарға¹³ ұқсайды. Бұл елде жылқы көп. Байларында 4—5 мыңнан жылқы болады. Халқы Қайсар батыр келеді. Сенімсіздік істегендерге қатты өшігеді. Ұры-қарысы көп. Ең күшті мемлекет¹⁴. Бұрын хонға бағынышты болған, кейін күшейді де, оның бұғауынан құтылып, оған бағынбайтын болды. Шығыс жағы хондармен, батыс-солтүстігі Қаңлымен, батыс жағы Ферға-

¹ Н. Я. Бичуринде: Гуньмо. Усуньдер өз көсемін осылай атаған.

² Н. Я. Бичуринде: Чигу.

³ Н. Я. Бичуринде: Ли. Аудармашы бұл арада лиді шақырым деп аударып ептеп жаңсақтық жіберіп отыр. Ли шақырым емес, шамамен 450 метрге тең.

⁴ Н. Я. Бичуринде: Сян-да-лу.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Цзо-да-лу.

⁶ Н. Я. Бичуринде: Гян. Бичурин екі гян деп алыпты.

⁷ Н. Я. Бичуринде: Хэу. Бичурин үш хэу деп алыпты.

⁸ Н. Я. Бичуринде: Да-ли.

⁹ Н. Я. Бичуринде: Да-гян.

¹⁰ Ки-гюнь. Бичуринде бұлардан басқа Ду-юй, Ше-чакун да-ли, ю-да-лу секілді лауазымдар көрсетілген.

¹¹ Н. Я. Бичуринде: Кангюй.

¹² Н. Я. Бичуринде бұл жоқ тек «Батыста конгюйдің шекарасына дейін 5000 ли» деп көрсетілген.

¹³ Аудармашы Хуннуды хон деп алған. Мен де сол күйі қалдырдым.

¹⁴ Н. Я. Бичуринде: «Усунь күшті мемлекеттердің бірі саналатын» делінген.

намен, оңтүстігі қалалық мемлекеттермен¹ шектеседі. Бұл жер асылы сақтар² қоныстанған орын еді. Яушылар³ сақтарды жеңгеннен кейін, сақ ханы оңтүстік жағындағы Шуандуды (болар)⁴ басып өтіп, көшіп кетті. Ал яушылар сақтардың жеріне ірге тепті. Кейін үйсін күнбиі яушыларды соққымен жеңді. Яушылар батысқа көшіп барып, Бактрияны⁵ бағындырды. Үйсін күнбиі оның жерін иеленді. Сондықтан үйсін елінің құрамында сақтар мен яушылар да бар деп айтылады.

Ең алғаш Жан Чян⁶ былай деген болатын: «Үйсін елі асылы яушылармен бірге Духуаң өңірін мекендеген. Қазір Үйсін күшті елге айналып отырғанымен, мол тарту-таралғы ұсыну арқылы оларды шығыстағы бұрынғы мекеніне көшіріп әкелуге болады. Егер бір ханшаны оған әйелдікке беріп, құда болсақ, олармен бірге отырып һондарды бағындыруға болады⁷.

У-ди патшалық орынға отырғаннан кейін Жаң Чянды алтын ақша алып, үйсін еліне баруға бұйырды. Күнби Жаң Чянды Тәңірқұтқа жасалатын мәмле бойынша қабылдаған⁸. Жаң Чян бұған қынжылған. Ол күнбиге: «Патша ағзам⁹ сізге мол тарту-таралғы ұсынды. Егер сіз оған құрмет білдірмесеніз, бұл тарту бұйымдарын қайтарып алып кетем», — деген. Сонда күнби орнынан тұрып құрмет білдірген. Ал басқа істер әуелгідей жалғаса берген.

Асылы күнбидің он неше ұлы болған¹⁰. Екінші ұлы

¹ Н. Я. Бичуринде: «Қаңлы — Кангюй, Ферғана — Даван» деп көрсетілген. Сондай-ақ осындағы Усунның оңтүстіктегі көршісін «қалалық мемлекеттер» деп бөліп айтуына қарағанда, осындағы басқа көршілерінің бәрі көшпелі болғаны ғой. Бұл назар аударарлық факті.

² Н. Я. Бичуринде: Сэ.

³ Н. Я. Бичуринде: Үлкен Юечжы.

⁴ Н. Я. Бичуринде: «Аспалы асудан әрі», — делінген.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Дахя.

⁶ Н. Я. Бичуринде: Чжан Қянь. Мен ғылымға көбірек тарағаны осы ат болған соң, әңгімеде осылай атап жүрмін.

⁷ Бұл «Чжан Қянь (Жаң Чян) шежіресінде» баяндалады.

⁸ Бұл арада аудармашы жаңсақтық жіберген. Н. Я. Бичурин: «Гуньмо оны шаньюй секілді қабылдады» деп аударады. Ал Шы-гу: «Гуньмо өзін шаньюймен теңестірді» деп жазып, сөйлем мағынасын аша түскен. Дұрысы: «Күнби Жаң Чяньды қабылдағанда бейне тәңірқұт секілді пандық танытты». «Жаң Чянь бұған қынжылған» деген сөйлем осының дұрыстығын құптайды. Аудармашы шаньюйді тәңірқұт деп алыпты. Осы дұрыс балама болса керек.

⁹ Н. Я. Бичуринде: «Тақсыр, Көктің ұлы сізге» делінген. Мемніңше патша ағзам» дегеннен осы дұрыс секілді.

¹⁰ Н. Я. Бичуринде: «Гуньмонның оннан астам ұлы бар еді», — делінген.

Дару¹ аса қабілетті әрі қосынға қолбасшылық етуге шебер еді. Ол он мыңнан астам атты жасақпен басқа жерде тұратын Дарудың ағасы хан² мұрагері еді. Оның Санзар³ атты ұлы болған. Мұрагер ханзада ерте дүние салды. Ол қайтыс болар алдында әкесі күнбиден: «Санзарды мұрагер ханзада етіңіз»,— деп тілеген. Күнби қайғы-қасірет ішінде оған мақұл болған. Дару бұған қатты ашуланып, інілерін ертіп, қосынын бастап, күнбиден бет бұрды да, Санзарға соққы беруге әзірленді. Күнби Санзарға он мыңнан астам атты жасақ беріп, оған басқа жерге барып тұруға бұйырды. Кейін өзі жанына қорғаныс үшін он мыңнан астам атты жасақ алып қалды. Сөйтіп мемлекет үшке бөлінді. Бас қолбасы Күнбидің жанында қалды. Жаң Чян тарту-таралғы алып, дәл осы кезде келді. Ол күнбиге: «Үйсін егер шығыстағы көне мекеніне қайта көшіп баратын болса, Хань хандығы⁴ бір ханшасын сізге береді. Туыстас бола отырып, һондарға бірлікте қарсы тұрамыз. Оны жеңбей қоймаймыз»,— деген. Үйсін елі Хань хандығы бізден өте алыс, оның күшінің қаншалық зор екенін білмейміз. Ал біз һондармен көршіміз, оған ұзақ уақыт бағынышты болғанбыз деп қарады, уәзірлері көшуді қаламады. Күнбидің жасы ұлғайып қалғандықтан, оның үстіне мемлекеті бөлшектеніп кеткендіктен дара өктемдік істей алмады. Ол Жаң Чянды жеткізіп салуға елші шығарды. Сонымен неше ондаған жылқы тарту етіп, алғыс айтты. Оның жіберген елшілері Хань хандығының жан саны көп, әрі бай ел екендігін көздерімен көріп қайтты. Елшілер еліне қайтып келген соң олардың мемлекеті Хань хандығына біртеп құрмет білдіре бастайды.

Һон үйсіннің Хань хандығымен қарым-қатынас жасағандығын естіп кеткенді және оларға соққы бермек болды. Ал Хань хандығы үйсінмен және оның оңтүстік жағындағы Ферғана Яушы елдерімен толассыз барыс-келіс жасап тұрды. Бұдан үйсін елі үрейленді де елші жіберіп, жылқы тарту етіп, Хань хандығының ханшасын алып, олармен құдандалы болатындығын білдірді. Патша (Көктің ұлы) уәзірлерімен ақылдасқанда, уәзірлер: «Ал-

¹ Н. Я. Бичуринде: «Орғаншы ұлы Далу» делінген.

² Усуньдардың билеушісін Гуньма деп атаған. Аудармашы оны күнби деп алыпты. Сондықтан қалай болғанда да бұл арада «хан», «ханзада» деген терминдердің алынуын ойласқан жөн секілді.

³ Н. Я. Бичуринде: Сэньцзу.

⁴ Аудармашы бұл арада да жаңсақтық жіберген сияқты. Хан хандық көшпелі елдерге тән. Сондықтан бұл арада Хань мемлекеті деп алған жөн бе деймін.

дымен олар қалыңмалын әкелсін, онан соң қызды ұзатамыз»,— деп кеңес айтты. Үйсін қалыңмал үшін мың жылқы берді. Хань хандығы Юань жылдарында (біздің заманымыздан бұрынғы 105—106 жылдар)¹ Жяндун бегінің қызы Шижунды ханшалыққа белгілеп, оны үйсінге ұзатпақшы болды. Қыздың күймесі-көлігі, киім-кешегі, сән-салтанат бұйымдары толық әзірленді, Қасына мал-мүлік басқарушылар, орда мансаптылары және қорғаушы нөкерлер бөліп, жиыны бірнеше жүз адам қосылды. Сонымен ол асқан салтанатпен ұзатылып салынды. Үйсін күнбиі оны оң тізесін басар бәйбішесі етті. Гондар да бір қызын Күнбиге әйелдікке ұзатты, оны сол тізесін басар бәйбішесі етті.

Ханша үйсін еліне барғаннан кейін өзі тұратын орда ішін өзі меңгерді². Әр жылы мереке күндерде күнбимен бірге қонақасы өткізіп, ханның оң-сол қанат мәртебелі адамдарына ділдә және торғын-торқа тарту етіп тұрды. Күнбидің жасы ұлғайып кеткендіктен әрі онымен тіл ұғыса алмағандықтан, ханша қатты мұнайды және мынандай өлең шығарып, әнге қосты:

«Мені ұзатты әлемнің бір жағына,
Алыстағы жат елге — үйсін ханына.
Дөңгелек үй, турлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына
Туған жерді сағынып сарғаямын.
Акку құс боп қайтсам деп ауылыма».

Патша бұдан хабарланған соң, оны аяды. Жыл аралатып елші жіберіп, оған шымылдық және торғын, торқа, кестелі бұйымдар беріп тұрды.

Күнби жасы ұлғайып, қартайып қалғандықтан ханшаны өзінің немересі Санзорға қосуды ойлады. Ханша бұған риза болмады және хат жазып, бұл жәйтті жоғарыға³ мәлімдеді. Патша оған: «Сол елдің салтына ба-

¹ Н. Я. Бичуринде: «Юань-Фын билік еткен кездің ортасында, Иса пайғамбар туғанға дейінгі 107 жылы» деп көрсетілген. Сонсоң аудармашылардың 105—106 жылдар деп көрсетуі де дұрыс емес. Иса туғанға дейінгі жыл санауды шегеріп көрсету арқылы беру ғылымда қалыптасқан жайт. Сондықтан оны «106—105 жылдар» деп жазу керек.

² Н. Я. Бичуринде: «Ол (қытай қызы) Үш айда Гуньмомен бір рет кездесетін»,— делінген.

³ Аудармашы Қытай Сарайын дегенді осылай алыпты.

ғынуың керек. Бұл үйсіндермен бірігіп һондарды жоюымызға пайдалы», — деп жауап қайтарды. Сонымен ханша Санзорға атастырылды. Күнби өлгеннен кейін Санзор хандық орынға отырды. Санзор — «мансап аты, өз аты Жөнші би¹, Күнби хан атағы, өз аты Елжу би², кейінгі кітаптарда Куньми деп жазылған. Санзор Жанду бегінің ханшасын (Шижунды) алғаннан кейін одан Шәпу³ атты бір қыз туды. Шижун ханша өлгеннен кейін Хань хандығы тағы да Чу бегі Удың⁴ немере қызы Жиеюды ханша етіп белгілеп, Санзорға әйелдікке берді. Санзордың һоннан алған әйелінен бір ұл туған, оның аты Най би⁵ болатын. Ол әлі кішкене бала еді. Санзар қайтыс болудың алдында мемлекет билігін өзінің үшінші ағасы Дарудың ұлы Уынгуй⁶ биге тапсырды және оған Най би есейген соң, билікті соның қолына беруді бұйырды.

Уынгуй таққа отырғаннан кейін Семіз хан⁷ деп аталды. Ол да Жиею ханшаға қосылды. Одан үш ұл, екі қыз туды. Үлкен ұлы Оңғай⁸ би, екінші ұлы⁹, ол кейін Жаркент¹⁰ елінің ханы болған. Кенже ұлы Дале, ол кейін сол қанат қолбасы болды. Үлкен қызы Диші, кейін ол Қушар¹¹ ханы Шяңбиінің әйелі, ал кіші қызы Сучуаң, кейін ол Роху-жабхүнның зайыбы болды.

Жауди¹² патша тұсында Жиею ханша патшаға былай деп хат жазды: «һон атты жасақтарын Чышы¹³ өңіріне аң аулауға жіберіп, Чышы мен һон бірлесті де, үйсінге шабуыл жасады. Бұдан бізді патша өзіңіз ғана құтқара аласыз», Хань хандығы жасақтарын, ат-көліктерін әзірлеп, һонға жорық жасау үшін ақылдасты. Дәл осы кезде Жауди патша қайтыс болды да. Шуанди патшалыққа мұрагерлік ете бастады. Ханша мен Күнби тағы елші жіберіп, хат жолдап былай деп мәлімдеді: «Һон арт-ар-

¹ Н. Я. Бичуринде: Гюньсюйми.

² Н. Я. Бичуринде: Лйегяоми.

³ Н. Я. Бичуринде: Шофу. Аудармашы бұл арада кісі есімін дыбыс үндестігіне қарай қазақыландырған сияқты.

⁴ Н. Я. Бичуринде: Мэу.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Ними. Аудармашы бұл арада да дыбыс үндестігін басшылыққа алған тәрізді.

⁶ Н. Я. Бичуринде: Унгуйми.

⁷ Н. Я. Бичуринде: Фейван.

⁸ Н. Я. Бичуринде: Юань-гуйми.

⁹ Н. Я. Бичуринде: Ваньянь

¹⁰ Н. Я. Бичуринде: Ярянь

¹¹ Н. Я. Бичуринде: Гянбинь

¹² Н. Я. Бичуринде: Чжао-ди.

¹³ Н. Я. Бичуринде: Чезы.

тынан үлкен қосын шығарып, үйсін еліне шабуыл жасады. Жұйян, Ушы өңірін басып алды. Халқын айдап кетті. Сонымен бірге елші жіберіп, үйсін елін Жиєю ханшасы ұстап беруге зорлады. Хань хандығымен болған қатынасымызды үзіп тастамақ болды. Күнби бүкіл елдегі жасақтарының тең жарымын шығарып, өз елінде 50 мың атты жасақ қалдырып, қалған барлық күшімен онға тойтарыс беруге әзірленуде. Патша ағзамның жасақ жіберіп, ханша мен күнбиді құтқаруын тілейміз!»

Хань хандығы 150 мың адамдық үлкен атты жасақ шығарды. Олар бес қолбасшының бастауымен әр бағытқа бөлініп, жолға шықты. Бұл жағдай «он шежіресінде» толық баяндалады. Хань хандығы жасақтар бегі Чаң Жұйды хань хандығының белгісін алып, үйсін жасақтарын қорғауға аттандырды. Күнби өз жанына жабхұларын ертіп¹ және қол астындағы жасақтарынан елу мың атты жасауыл бастап, һондарға батыс жақтан шабуыл жасап, оның оң қанаты хан ордасына басып кіріп, тәңірқұттың әкесін және жеңгесін, ханшасын, орда төрелерін, Линуйтұтық бегін, мыңбасыларын, атты жасақтар қолбасыларын және одан төменгілері болып, жиыны 40 мыңнан астам адамын тұтқындады. Жылқы, сиыр, қой, түйе қатарлы 700 мыңнан астам малын олжаға алды. Үйсіндер өздері қолға түсірген тұтқындар мен малдарын түгелдей алып кетті. Соғыстан қайтқан соң патша Чаң Хұйға Чаңли сұлтаны деген атақ берді. Бұл Баншының үшінші жылы (жаңа эрадан бұрынғы 71 жыл) еді. Хань хандығы Чаң Хұйды қайта жіберіп, үйсіннің еңбек сіңірген мәртебелі адамдарына алтын-күміс тарту етті.

Юань Қаңның екінші жылы (жаңа эрадан бұрынғы 64 жыл) үйсін күнбиі Чаң Хұй арқылы Хань хандығына хат жолдап мынандай ұсыныс қойды; «Хань хандығының жиен немересі, Онғай биді ханның мұрагері еткелі отырмыз. Оған Хань хандығының тағы бір ханшасын жар етіп беріп, қайта сүйек жаңғыртуыңызды талап етемін. Сонда һонмен болған қарым-қатынас бүкілдей үзіледі, қалыңмал үшін мың жылқы, мың қашыр жібермекпіз». Патша уәзірлеріне бұл жайлы кеңесуге бұйырды. Бас мұрасым істер бегі Шяууанжы²: «Үйсін елі өте шалғайда. Оларда

¹ Н. Я. Бичуринде: «бектерін (князьдерін)» деп жазылған.

² Н. Я. Бичуринде: «Сяо Ван-чжи».

оқиға тумайды¹ деп айту қиын. Қыз беруге болмайды»,— деді. Ал патша үйсіннің жаңа еңбек сіңіргенін мадақтады және бұрынғы құдалық байланысты оп-оңай бұза салғысы келмеді. Чисін еліне емші жіберіп, олардың бермек болған қалыңмалын қабылдап алды. Күнби және ханзада оң-сол қолбасы, тұтықбегі жаппай елші шығарып, жиыны 300-ден астам адамды Хань хандығына барып, ханшаны алып қайтуға аттандырды. Патша үйсін еліндегі² Жиеюдін сiңiлiсi Шаң ұуды ханшалыққа белгілеп, қасына орда мансаптары және қорғаушы нөкерлері болып, жиыны жүзден астам адамды қосты. Олар Шаңлинге (қазіргі Шаншы өлкесі, Чаң-ан ауданының батысы) барып, уақытша тоқтап, Үйсін тілін үйренді. Патша шаттық Сарайына келіп, һонның елшілерімен және шетел хандары жіберген серікшілермен бірге салтанатты саз әуені ішінде оларды ұзатып салды. Чаңлы сұлтаны, данышпан бек³ Чаң Хұйды орынбасар елшілікке тағайындады. Ол Хань хандығы ордасы берген белгіні алған төрт елшімен бірге ханшаны Дун-хуаңға дейін ұзатып берді. Олар шекарадан шықпай жатып, Үйсін шонжарлары бұрынғы белгілеме бойынша Санзардың ұлы Най биді күнби етіп отырғызып, оны «Айбынды хан⁴ деп атағандығы жөніндегі хабарды естіді. Чаң Хұй патшаға хат жазып: «Ханша Дун-хуаңда уақытша қала тұрса, мен үйсін еліне тез барып, олардың Оңғай биді неліктен күнби етіп қоймағандығын айыптайын, одан соң ханшаны елге жеткізіп салайын»,— деп талап қойды. Патша бұл іс жөнінде уәзірлерімен ақылдасқан кезде Шиау Уаңжы тағы да былай деді: «Үйсін елі екі жақпен бірдей байланыс жасап отыр, келісім бойынша істеуі өте қиын. Алдыңғы ханшаның үйсін елінде тұрғанына 40 жылдан астам уақыт болды. Сүйіспеншілігі әлі де тереңдей қойған жоқ. Шекара өңірі де тыныштала қойған жоқ, іс жүзіндегі жағдай мұны растайды. Қазір Оңғай бидің хандық орынға отырмағанына байланысты ханшаны қайырып алғалы отырмыз. Иидилерге⁵ шынайы сенім артқан емеспіз. Бұл Жұнғонның бақыты, ханша бармаса да,

¹ Бұл арада аудармашы «оқиға тумайды» деп қытай сарайы әкімінің үйсіндердің уәдесінен кейін танып кетеді деген күдігін білдіріп отыр. Н. Я. Бичурин бұл жолды: «олардың тұрақтылығына кепілдік беру де қиын»,— деп аударған.

² Орда ұғымы көшпелілерге тән ұғым. Бұл арада аудармашы оны қытай Сарай деген мағынада қолданады.

³ Данышпан бек — мәслихат ісін басқаратын төре.

⁴ Н. Я. Б и ч у р и н д е: Куанван.

⁵ Батыс өңірдегі аз ұлттар (көшпелілер) сол кезде осылай аталған.

алым-салығымыз арта береді. Оның себебі осы»,— деді. Патша оның бұл сөзін қабыл алып, ханшаны қайтарып әкелдірді.

Айбынды хан да Жиею ханшаны әмеңгерлікке алды. Одан бір ұл туды. Оның аты Диби болды. Бірақ Айбынды хан ханшамен отаса алмады, қатал мінезі салдарынан маңындағылардан қол үзді. Хань хандығының елшісі, қорғаушы жасақтар басы Уый Хи¹ мен орынбасар бақылаушы Рын Чаң² кепілдікке қойылған ханзаданы еліне жеткізіп салған кезде ханша оларға: «Айбынды хан үйсін еліндегі апат, оны өлтіру оп-оңай»,— деді. Сонымен олар құпия айла-шарғы жасады да, бір қонақасы өткізіп, қонақасы аяқтала бергенде алдын ала әзірлеп қойған әскерлеріне қанжар жұмсатып, күнбиді өлтірмек болды. Нәтижеде олар қанжарды дәл сала алмады. Айбынды хан жараланды да, атқа мініп қашып кетті. Оның ұлы Шешенсу³ әскерлерін жиып, Уый Хи-и мен Рын Чанды және ханшаны Қызылқорған қаласы ішіне қамап алды. Бірнеше айдан соң тұтықбек Жың Жи⁴ әр елден әскер жиып жүріп, оларды әрең құтқарды. Хань хандығы орда нөкерлер қолбасы Жаң Зұнды⁵ жіберді. Ол дәрігер еді, дәрі ала барып, Айбынды ханды емдетті және оған 20 жың алтын, торғын-торқа ұсынды. Сонымен бірге Уый Хи мен Рын Чанды қолға алып, қапасқа салып, Уыйли (Лобнор-Қарақұм) елінен Чаң-анға әкелді. Екеуі де өлімге бұйырылды. Арбалы-атты жасақтар қолбасы, орда төресі Жаң Уың үйсін елінде қалып, ханша мен елшілердің Айбынды ханға қастандық жасау ахуалын тексерді. Ханша оған мойылсал болмады және оған бас қойып, кешіруді өтінді. Жаң Уың ханшаны басына нұқып тұрып манаттады. Ханша мұны патшаға шағым етуге әзірленді. Жаң Уың қайтып барған соң, өзін-өзі өлтіру жазасына үкім етілді. Орынбасар елші Жи Ду басқа бір дәрігер апарып, Айбынды ханды емдетті. Айбынды хан оған он неше атты жасақ қосып, жеткізіп салды. Жи Ду қайтып келген соң, Айбынды ханды өлтірудің қажеттілігін айқын біле тұра, оған кезіккенде қол жұмсамады деп айыпталып, орда түрмесіне қамалды. Алғашынды Семіз хан Уын Гуй

¹ Н. Я. Бичуринде: Вэй Ха-и.

² Н. Я. Бичуринде: Жень Чан.

³ Н. Я. Бичуринде: Сисэньсэу. Аудармашы бұл арада мағыналық жағынан емес, дыбыс үндестігіне ден қойған секілді.

⁴ Н. Я. Бичуринде: Чжен Ги.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Чжан Вун.

бидің һон әйелінен туған баласы Өжет¹ Айбынды хан жаралы болған кезде сасқалақтап бір топ жабғуларымен бірге солтүстік жақтағы тауға (69) барып бекінген еді. Ол: «Шешемнің төркіні — һондардың қалың жасағы қаптап келе жатыр, сондықтан бұхара маған бағынуы керек», — деп жар салды. Кейін ол тұтқиыл шабуыл жасап, Айбынды ханды өлтірді де, өзін күнби деп атады. Хань хандығы Чяндарды (70) жоюшы қолбасшы Шин Ушянды 15 мың жасақпен Дун-хуаңға жіберді. Олар елші шығарып жер жағдайын болжап, Битиху қарізінің² батыс жағынан құдық қазды да, оның суын тоғанға шығарып, егін салды. Қоймаға астық жиып, жаза жорығын жасауға әзірленді.

Кезінде Чу бегінің ханшасы Жиеюдін күтушісі Фың Ляу тарих жөнінде білімі бар, жағдайға қанық адам болатын. Ол Хань хандығының белгісін алып, Жиею ханшаның елшісі деген атпен қалалық мемлекеттерге барып, тарту-таралғы ұсынды. Барған жерлерінде құрметке, сенімге ие болды. «Фың ханым» деп аталды. Ол үйсіннің оң қолбасысының әйелі болатын. Оң қолбасы Өжетпен жақын еді. Тұтық бек Жың Жи Фың ханымға «Өжетке айтып қойыңыз, Хань хандығы әскер шығаратын болса, оны сөзсіз жояды, тізе бүккені абзал», — деп ескертті. Өжет бұдан үрейленіп: «Мен кіші күнби болсам да болады», — деді. Шуан-ди патша Фың ханымды шақыртып алып, бұл жағдайды өзі тікелей сұрап ұғынды. Патша орданың қонақ күту ісін басқарушы төресі Жу-сы мен қарауылшы Ган Янсуды оған көмекші елші етіп қосып, Фың ханымды еліне қайтарды. Фың ханым әшекейлі күймеге отырып, Хань ордасы берген белгіні алып келді де, Өжетті Чаңлы сұлтаны тұрған Қызылқорған қаласына шақырып келіп, Оңғай биді үлкен күнби, Өжетті кіші күнби етіп белгіледі. Оларға шашақты таңба ұсынды. Чяндарды жоюшы қолбасы шекарадан шықпай қайта оралды. Кейін Өжет қарауындағы жабғулары мен бұқараны толық қайтарып бермеді. Сондықтан Хань хандығы Чаңлы сұлтаны Чаң Хұйды қайта жіберіп, тың игеруші үш жасақ бегін жасауылымен бірге Қызылқорғанда тұрғызды. Ол бұл елдің бұқарасы мен жер шекарасын ажыра-

¹ Н. Я. Б и ч у р и н д е: Уцзюту. Аудармашының мұны неліктен өжет деп алғаны белгісіз.

² Н. Я. Б и ч у р и н д е: Би-тьхи-хэу-цзин. Мын Қхан: «Бұл алты каналды құрайтын үлкен тоған, оның Төменгі жағының ағысы қатты. Құмды белестен шығып, шығысқа тау сілемдерін бөктерлей ағады», — деп жазады.

тып, үлкен күнбиге 60 мың түтін, кіші күнбиге 40 мың түтін бөліп берді. Бірақ жұрттың көңілі жаппай кіші күнбиге ауып кетті.

Оңғай би мен Диби қайтыс болғаннан кейін Жиєю ханша патшаға хат жолдап, өзінің жасының ұлғайып қалғандығын, ауылын сағынғандығын, еліне қайтып барып, сүйегін Хань хандығы жерінде қоюына жол беруін өтінді. Патша оған жанашырлық білдірді және қайтып келуін күптады. Ханша үйсін елінен ер-әйел үш адамды¹ ертіп Чаң-аяңға қайтып оралды. Бұл Ганлудың үшінші жылы (жаңа эрадан бұрынғы 51 жыл) еді. Сол жылы ол 70 жаста болатын. Ханшаға тұрар жай, күнше берілді. Бағып-күтуге мол қаражат ажыратылды (бөлінді). Фибадат қылу мұрасымдарында оған ханшалар қатарында мәмле жасалды. Айтылуға қарағанда ол екі жыл өткен соң, қайтыс болған. Бірге барған үш немересі оның қабірін күзетіп қалған.

Оңғай бидің баласы Шын² би кейін үлкен Күнби болды. Бірақ ол әлі жас еді. Фың ханым жоғарыға хат жазып, үйсінге елші жіберіп, Шын биге сүйеніш болуды талап етті. Хань хандығы елші жіберді және жүз әскер берді. Тұтықбек хан Шуан-ди патшаға хат жазып үйсіннің төре бегі, мәртебе-қазына істер бегі, бас бақылаушы қатарлы мансаптыларына қызыл шашақты алтын таңба таратып, үлкен күнбиге медет беруді ұсыныс етті. Хань хандығы бұл ұсынысты қабылдады. Осыдан соң тұтық бегі хан Шуан патшаға тағы да хат жолдап; «Шын би жас әрі әлжуаз, оның орнына әкесінің екінші інісі сол қолбасы Далені күнби қып қойған жақсы деп ұсыныс қойды. Хань хандығы мұны қабылдамады. Кейін Дуан Хұйзуң тұтық бек болды. Ол сыртқа қашып кеткендерді шақырып әкеліп жағдайды тыныштандырды.

Шын би өлгеннен кейін оның орнына ұлы Силі³ би отырды. Ал кіші күнби Өжет өлген соң, оның орнына ұлы Фули⁴ отырды. Бірақ оны інісі Ер⁵ қастандықпен өлтірді. Хань хандығы елші жіберіп; Фулидің ұлы Анрыны⁶ кіші күнбидің орнына қойды. Ер қашып отырып Қаңлы еліне

¹ Жиєю ханша үш немересін ертіп келген. Бұл арада осы үшеуі айтылып отыр.

² Н. Я. Бичуринде: Синми.

³ Н. Я. Бичуринде: Цылими.

⁴ Н. Я. Бичуринде: Юли.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Жини.

⁶ Н. Я. Бичуринде: Аньжи.

барды. Хань хандығы ортаншы жасақтар бегінің әскерлерін Ақсуға жіберіп, орайы келгенде оған соққы беруге әзірленді. Анры гумони қатарлы мәртебелі үш адамды Ердің сонынан қашып келдің деген жалған атпен Қаңлыға жіберіп, Ерді өлтірді. Тұтықбек Лан Бау¹ Гумони қатарлы адамдарды 20 лан² алтын, 300 топ торғын-торқамен сыйлады.

Кейін Анры өзіне қарасты бұқара жағынан өлтірілді. Хань хандығы оның орнына інісі Момынжанды³ отырғызды. Бұл кезде үлкен күнби Силі би әлі де қуатты еді. Жабхұлар қорыққанынан оған бағынышты болды. Олар бұқараларына малдарын басқалардың (Күнбидің жеріне демекші — ауд.) жайылымына апармауды ұқтырды. Оның тұсында мемлекет ісі Оңғай бидің тұсындағыдай мейлінше тыныш болды. Кіші күнби Момынжан Силі бидің өзін басып алуынан қорқып, мәртебелі адамы Урылинді⁴ тізе бұгу деген жалған атпен жіберіп, оны өлтіртті. Хань хандығы әскер шығарып оған соққы беруге әзірленсе де жүзеге асыра алмады. Сонымен орда нөкер басы Дуан Хұйзұнды⁵ алтын-күміс алып барып, тұтықбекпен ақылдасуға жіберді де, Силі бидің әкесінің екінші інісі, ханшаның немересі Еже⁶ биді⁷ күнбилік орынға отырғызды. Хань хандығы кіші күнбидің кепілдікке жіберген баласын ордаға кіргізбеді. Көп жылдар өткен соң үлкен күнбидің жабғусы Нанчи Момынжанды өлтірді. Момынжаңнан ағасы Анрының баласы Әнли⁷ би кіші күнби болды. Хань хандығы Момынжанды өздері өлтіре алмағанына өкінді де Дуан Хұйзұнды қайта жіберіп, оның ханзадасы Панзорды⁸ өлтіртті. Дуан Хұйзұң келген соң оған қорған ісі сұлтаны⁹ деген атақ берді. Бұл Юанмаңның екінші жылы) жаңа эрадан бұрынғы 12 жыл) еді.

Дуан Хұйзұң: «Жабғу Нанчидің Момынжанды өлтіруі Хань хандығына қаратылған іс емес. Сонда да бұл қарақшының сазайын тарттыру деп қарады да, тұтықбекті күшейту жайында жоғарыға ұсыныс қойды. Айтуларға

¹ Н. Я. Бичуринде: Лянь Бао

² Н. Я. Бичуринде: лан. көне қытайдың салмақөлшемі.

³ Н. Я. Бичуринде: Мочженьгян

⁴ Н. Я. Бичуринде: Учжилян.

⁵ Н. Я. Бичуринде: Дуань Хой-цзун

⁶ Н. Я. Бичуринде: Ичими

⁷ Н. Я. Бичуринде: Аньлими

⁸ Н. Я. Бичуринде: Панцю

⁹ Қорған іші сұлтаны — ол кезде ұлы қорғанның ішкі жағы Гуанни (қорған іші) аталған. Н. Я. Бичуринде: Гуань-нэй-хэу.

қарағанда ол мәртебе-қазына істер бегін¹ төрелер бегін², бас бақылаушыны³ Силі бидің өлтірілгенін көре тұра шара қолданбайды»,— деп айыптап, олардың қызыл шашақты алтын таңбасын тартып алып, қайтадан күміс таңба берген. Момынжаң інісі Биюанзор асылы үлкен күнбиді өлтіру ойында болған еді. Сондықтан ол 80 мың бұқараны бастап Солтүстігіндегі Қаңлы еліне бағынды да, олардан көмекке әскер алып, үлкен-кіші екі күнбиді біріктірмекші болды. Ал екі күнби одан қорыққаннан тұтықбекке жанасып, арқа сүйей берді.

Ай-ди патшаның Юаньшу 2-жылы (жаңа эрадан бұрынғы бірінші жыл) үлкен күнби мен Еже би тәңірқұтпен бірге Хань хандығы ордасына барды. Хань хандығы мұны атақ-абырой деп сезінді. Юаньшы жылдарында Биюанзор Ұрылинді өлтіріп, көрсеткен еңбегі үшін Хань хандығынан әділетке қайтқан сұлтан⁴ деген атақ алды. Екі күнби де жас болғандықтан Биюанзор оларға соқтыға берді. Сондықтан тұтықбек Сүн Жян тұтқиыл шабуыл жасап, оны өлтірді. Үйсін екі күнбиге бөлінгеннен кейін Хань хандығы оларға кейде бейбіт-тыныштандыру тәсілін, кейде зорлық күш тәсілін қолданса да тыныш ете алмады.

(Бан ГУ. «Батыс өңір және үйсін мемлекеті». 44—60 беттер).

— Міне, күні бүгінге дейін нақты негізделген бір ғылыми дәлелі болмаса да, өзіміз Үйсін деп малданып келген көне қытай тарихындағы Усунь мемлекеті жөніндегі бар дерек осы. Мұнда өзіңіз көріп отырсыз, Усунь мемлекетін қандай ру-тайпаның құрайтыны жөнінде ештеме айтылмаған. Тек мемлекеттің саяси құрылымы, оны кімдердің билегені, басқа елдермен қандай қатынаста болғаны туралы ғана деректер бар. Бұл деректердің қытайдың байырғы тарихшылары Сыма Цянь мен Бан Гудің шығармаларында сөзбе-сөз, жолма-жол бірдей қайталауына қарағанда олардың екеуінің де атақты саяхатшы әрі саясатшы Чжан Қянның (Жаң Чянның) жазбаларын пайдаланғаны анық аңғарылады.

Мен мана аударманы оқыр алдында біз үшін біраз қызық та тосын жайлары бар дедім ғой. Мұндағы тосындық концепциялық тұрғыда емес, бұл ретте ол өзге аудармалармен үндес. Мұндағы тосындық жекелеген сөздерде. Бұрын бізге қазақша мәні белгісіз, тек қытайлық

^{1,2,3} Н. Я. Бичуринде: бұл атаулар: Да-лу, Да-ли, Да-гянь деп көрсетілген.

⁴ Н. Я. Бичуринде: Гуй-и-хэу.

ұғымда беріліп келген, мансап иелерінің лауазымдары мұнда аударылып берілген. Ал мұның төл тарихымызды жете тануымызға үлкен септігі бар. Тек өкініштісі, әлгі лауазымдардың, сондай-ақ адамдар мен жер-су аттарының қытайша оқылуы қоса беріліп отырылмаған. Сондықтан арнайы ден қойып, зерттеп жүрген жан болмаса халқымыздың өткен тарихынан мағлұматы аз жалпы көптің оны бұрынғы өзі оқыған шығармалармен салыстырып бірден түсініп кету қиын. Соның салдарынан тым қазақшаланып кеткен кейбір атаулар көңілге күдік оралтады. Бұл орайда қытай тілінен тәржімелеудің бұрынғы қалыптасқан тәжірибесін ескеру керек еді. Олар алдымен атаудың қытайша оқылуын беріп, сонсоң оның не мағына беретінін түсіндіретін. Мысалы, қытай тіліндегі «Дунху» атауын олар «дун-шығыс, ху-жабайылар, яғни шығыстағы жабайылар» деп талдап береді. Ал мына аудармада ол жоқ. Сондықтан аудармашының кісі аттары «Синмиды — Шын би, Уцзютуды — Өжет, Жиниді — Ер деп алғанына және сол тәріздес басқа кісі есімдері мен жер-су атауларының да қазақша баламасына күдікпен қарайсың. Сонда аудармашы нені негіз еткен, қытай сөзінің аударғандағы мағынасы солай ма, әлде дыбыс ұқсастығына қарап осылай болар-ау деген бопсамен алынған жобалау ма? Алдыңғысы болса бұл әрине ғылым үшін үлкен табыс, ал соңғысы болса онда ол халық тарихына жасалған үлкен қиянат, көп сенімін алдау. Бұлай істеуге әсте болмайды.

— Бұл аударма жөніндегі өз пікіріңіз ғой. Менің байқауымша аудармашының сөз саптауында да бізге қарағанда ептеп өзгешелігі бар сықылды. Бірақ қалай дегенмен де, аударма тәуір шыққан. Халқымыздың өткен тарихынан мол деректер беретін осындай шығармалар әлі күнге қазақ оқырмандарына жетпей жатыр ғой. Қараңызшы, мұнда халық тарихына қабырғалы үлес боларлық, Усунь деп аталатын елдің сол кездегі жағдайынан толық хабар беретін қаншама деректер бар. Бұл ел де, усуньдарды айтама-ау, көне қытайлықтардың қызбен алдап, алтынмен арбап өзіне тәуелді ететін сұмырай саясатының құрбаны болған екен ғой.

— Е-е, бұдан кең қолтық көшпелілердің аман қалғаны бар ма? Усуньдар да солардың бірі ғой.

— Біз осы Усунь мемлекеті жайында айтамыз деп, үйсінді ұмыттық қой. Негізгі әңгімеміздің арнасына қайта түсейік. Сонымен қытай дерегіндегі көне усуньдарды

үйсіндер емес деген күдік айтыңыз. Сонда усуньдарымыз кімдер, үйсіндеріміз кімдер?

— Усунь, меніңше, ру-тайпаның, не тайпалар бірлестігінің аты емес, мемлекеттің, яғни хандықтың аты. Хандық құлады, тарихтан усунь аты да өшті. Тарихи шығармаларда VI ғасырдан бастап «усуньның» этноним ретінде кездеспейтіндігі содан.

Ал үйсінге келсек, ол қазақтың ұлы жүзінің құрамындағы түп қазық — ірі тайпаның бірі. Кейін оның құрамына Қазақстанның оңтүстік-шығысын мекендеген өзге де ру-тайпаларды біріктірген үлкен бірлестіктің атауына айналуы да мүмкін. Бірақ ол тайпа бірлестігі ретінде қашан, қалай қалыптасқаны жөнінде ешқандай дерек жоқ. Шежірешілердің бір тобының Үйсінді Төбейден, енді бір тобының Төбейдің немересі Майқы баласы Бахтиярдан туғызуына қарағанда оның тайпа, не тайпа бірлестігі болып қалыптасуы онша алысқа, ғасырлардың беймәлім қойнауына кетпейтін секілді сол беріден, тіпті әрі кеткенде Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін қалыптасқан болса керек. Сондықтан шежірешілер мен кейбір ғалымдардың пайымдағанындай үйсіндер бүкіл ұлы жүз тайпаларының түп аталығы болып шыға алмайды ма деймін. Қолда бар шежірелер берер деректерді салыстыра саралағанда, менің жеке пайымдауымша, ұлы жүз тайпаларын терезесі тең төрт топқа бөлген жөн. сияқты.

Бірінші топ — манадан сөз етіп отырған Үйсіндер. Шежіре мәліметі бойынша оған Сары Үйсін, Албан, Суан, Дулат, Шапырашты, Ошақты, Ысты секілді іргелі рулар жатады. Үйсіннің өзі шежіре бойынша бидің төрт баласының үлкені Майқы биден тарайды.

Екінші топ — қаңлылар. Шежіре мәліметі бойынша олар қарақаңлы, сары қаңлы болып екіге бөлінеді. Қарақаңлыдан: Тоғызбай, Онбай, Еңке, Қаспан, Қараманас. Сары қаңлыдан: Миялы (миям), Омыртқа, Әлсейіт, Ақпарак, Ешкілі (Сұлтаным), Шоқпарлы (Сыбаным). Ал Қаңлының өзі шежіре бойынша Табей бидің (Ш. Уәлихановта Үйсіннің) төрт баласының бірі Қоғамнан туады.

Үшінші топ — Шанышқылар. Оған Дархан, Саңырау, Балық (Құрбақа), Күртік (Бекбау) секілді рулар жатады. Шежіре бойынша Шанышқылының өзі Төбей бидің төрт баласының бірі — Құйылдырдан туады. Шежірелердің кейбір нұсқаларында Шанышқылыны Қоғамнан туғызып, қаңлының бауыры етіп көрсетеді. Бірақ осы тайпаның

ұрпағымыз дейтін бүгінгі көзі тірі жан білетін қарттардың әңгімесіне қарағанда бұл дұрыс емес секілді. Олардың айтуынша Қаңлы мен Шанышқылының бұлайша бір аталуы олардың бір кіндіктен тараған бауырластығынан емес, керісінше, екі елдің аулы аралас, қойы қоралас үнемі көрші отырғандықтарынан. Осындай жақын көрші отырғандықтан олардың жауы да ортақ болған, бірлесіп оған қарсы тұрған, бірлесіп жорыққа шыққан. Сондықтан олардың жауға шапқанда «Айрылмас» деп үн қосар ортақ ұрандары да осы тату көршіліктен, өзара түсініскен ынтымақ-бірліктен туған секілді.

Сондай-ақ шежіре қарттар Шанышқылының түпкі тегі Қатаған еді, елге шанышқылы атау кейін, тұтынған құралына байланысты пайда болған дегенді айтады. Олардың бір тобының айтуынша Қатағандар су бойын мекендеп, балық аулауды кәсіп еткен. Шанышқы — судан балықты шаншып ұстайтын құралы болса керек. Екінші біреулерінің айтуына қарағанда Қатағандар шетінен ер жүрек, жауынгер ел болған. Соғыста найза секілді шанышқы құралды өте шебер пайдаланады екен. Ал үшінші біреулерінің айтуына қарағанда бұл қатағандардың тайпалық таңбасы көрінеді. Бұл нұсқаның қайсысы дұрыс болса да, ұлы жүз бірлестігінің құрамындағы Шанышқылы деп аталатын елдің атауының негізі осы «шанышқы» сөзінен шыққанға саяды. Бұлар осы атаумен беріде XVII ғасырдан белгілі бола бастағанға ұқсайды. Ал қатағандар, Әбілғазы ханның шежіресінің дерегіне жүгінсек, V ғасырдан белгілі. 1627 жылы Есім хан Тұрсын ханды өлтіргенде қатағандардың үлкен бір тобы қаңлыларға келіп қосылады.

Төртінші топ — жалайырлар. Бұл шежіре бойынша Төбей бидің төртінші баласы Мекіреннен (Мекіре, Мекірайыл деп те атайды) тарайды. Ал кей шежіреде Жалайырды Үйсіннің екінші баласы Жансақалдан туғызады. Шын есімі Құдайберген еді. Кейін «Жалайыр» атанып кетті дейді. Ол жөнінде ел ішінде мынандай аңыз бар: Құдайберген ер жүрек батыр кісі болады. Бірде аулына тосыннан жау тиіп, үйден қолына қылышын ұстай жүгіре шыққан батыр қапелімде мінер аты болмай, желі басында тұрған айғырға жүген-ноктасыз жайдақ міне шауыпты. Содан жау алдынан шығып, арындап келе жатқан айғырдың шабысын ірікпек болып, кекілінен ұстап жұлқа кілт тартып қалған екен, сұрапыл күшке шыдамаған жылқы терісі жыртылып кетіп, жал таспадай тілініп, шоқтығынан

бір-ақ шығыпты. Кейін Құдайбергеннің ерлігін мақтаған ауылдастары оны «Жалайырған батыр» атап кетіпті. Содан келе-келе осы «Жалайырған» «Жалайырға» айналса керек. Бұл, әрине этнонимнің халықтық этимологиясы. Шын мәнінде «Жалайыр» атауының шығу төркінін ғылым әлі анықтаған жоқ. Шежіре бойынша жалайырлар Сырманақ, Шуманақ болып екіге бөлінеді. Сырманақтан: Арықтыным, Байшегір, Қайшылы, Сиыршы, Балғалы, Күшік (кей шежіреде күшікті Шумақтан тудырады). Шуманақтан: Орақты, Андас, Маңғытай (кей шежіреде оның орнында — Мырза), Ақбұйым, Сыпатай, Қарашаштан (кейде Қарашапан), Кәлпе.

Ғылымда Жалайырлардың тегінің кім екені жөнінде талас көп. Олардың бір тобы: Рашид-эд-Дин, Махмуд Қашғари, Джувейни, В. Бартольд, Ш. Уәлиханов, Г. Е. Грумм-Гржимайло және басқалары жалайырларды моңғол тілдес халық десе, Н. А. Аристов, Н. Румянцев, Н. А. Абрамов, С. Аманжолов, В. В. Восторов, М. С. Мұқанов және басқалары түркі тілдес халық деп дәлелдейді.

Біздің қазақ ғалымдары жалайырлардың шежіре бойынша сырманақ және шуманақ болып бөлінетініне қарап, оларды осы Сырдария мен Шу өзендерін мекендеген байырғы жұрт етіп көрсетеді. Бұл қате түсінік. Шын мәнінде жалайырлар ІХ ғасырда енесейлік қырғыздарығыстырып жіберген ұйғырлардың иесіз қалған жеріне келіп, қоныс тепкен татандықтардың құрамына енген іргелі тайпалардың бірі.

Шыңғыстың жалпы моңғол (хамаг монғол) хандығына жеке хан болуға ұмтылған күресінде оны татандықтар арасында алғашқы қолданушылардың бірі осы жалайырлар болды. Кейін жалайырлар Шыңғысханның Қытай Тибет, Түркістан және Персияға жасаған жорықтарына қатысады. Жалайырлардың бүгінгі қазақ жерінің байырғы тұрғыны емес екеніне Шыңғыстың Қытайды жаулап алуына жалайырлардың қатысуы толық дәлел. Өйткені бұл жорыққа Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың бірде-бірінің қатыспағаны тарихтан белгілі. Ал жалайырлар бұл жорыққа қатысқан және олардың арасынан шыққан ірі қолбасшылар да болған. Әбілғазы Баһадүр-ханның айтуына қарағанда сондай қолбасшының бірі Жалайыр Мұқа-ноян деген кісі көрінеді.

Мұхамеджан Тынышпаевтың дерегіне қарағанда жалайырлар Шыңғысхан заманынан кейін негізінен төртке

бөлінгенге ұқсайды. Бірінші бөлегі негізгі ата жұрты — Орталық Азияда қалған. Екінші бөлігі бүкіл мал-мүлкімен Жошы балаларының қарамағына өтіп, Шу өзенінің орта ағысынан шығысқа қарай орналасады. Шежіредегі шуманақтар, міне, осылар. Санжеевтің «Монғол — орыс сөздігі» бойынша «Манақ», «Манақа» сөздері монғолша бағушы, қорғаушы, сақтаушы деген мағына береді екен.¹ Сонда шуманақ — шудық бақташылар деген ұғымға келеді. Үшінші бөлегі — Шыршық жазығына келіп орналасады. Бұлар «сырманак» аталып, кейін нығая келе Жалайыр Ордасының негізін қалайды. Жалайыр ордасы алғашқы кезде Ақсақ Темірдің жақтасы болып, жағдайларын едәуір түзеп алады. Алайда олардың бұл одақтастары ұзаққа бармай, жалайырлар 1370 жылы Темірдің қарсыластары жағына шығып кетеді. Мұндай опасыздықты кешіре алмаған Темір шұғыл шабуыл жасап, олардың тас-талқанын шығарып, шілдің тезегіндей шашыратып жібереді. Төртінші бөлегі — атақты Гулагу-ханмен бірге Персияға кетеді. Мұнда жалайырлар әжептәуір үстемдікке ие болады. М. Тынышпаевтың айтуынша жалайыр әулеті Терістік Персияға, сондай-ақ Бағдадта біраз уақыт патша болған көрінеді.

Оннан сұлтанның ұлы Оразмұхамедтің уәзірі болған жалайырдың атақты перзенті Қадырғали Қасымұлы Жалайыридің дерегіне қарағанда Жошы ұлысындағы жалайырлар XVI ғасырдың аяғында Ұлытау мен Көкшетау аралығында мекендеген секілді. Содан олар ол жақтан «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» алдында ғана Шу бойына қайта оралады да, 1723 жылғы жоңғарлардың жойқын шабуылының өтінен қашып, Бетбақтың даласына шығып кетеді. Сөйтіп сұрапыл қырғыннан аман қалады. Кейін бүкіл қазақ бірігіп, жоңғарларға соққы беріп, оларды туған жерден қуғындап, жалайырлар да бұл жорықта белсенді роль атқарады. Жаудан босаған жерге жылжып қонып, 1757—58 жылдары Аягөз өзенінің төменгі ағысына келіп қоныс тебеді. Осыдан өсіп-өне келіп Балқаш көлінен Жоңғар Алатауына және Іле мен Қаратал өзендерінің аралығына дейін қанат жаяды. Патшалық самодержавиенің 1868 жылғы реформасынан кейін жалайырлар әкімшілік жағынан Қапал және Жаркент уездеріне қарайды.

¹ Базылханның «Қазақша — монғолша сөздігінде» бақташыны «маллах» деп көрсетеді.

Тағы бір басын ашып айта кететін мәселе — жалайырлар тек қазақ халқының ғана құрамында емес, сондай-ақ өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарының да құрамында бар. Бұлар, атап айтқанда, жалайыр тайпасының балғалы, күшік, сыпатай, мыңқытай (маңқытай) секілді руларының шашыраған тармақтары. Оларды кейде бұлай нақтылап бөліп жатпай-ақ, ортақ жалпы атаумен жалайырлар деп те атай береді.

Міне, қысқаша түйгенде, ұлы жүз деп аталатын тайпалар бірлестігін құрайтын іргелі тайпаларды осылайша топтастыруға болатын секілді. Осы арада мына бір жайдың басын аша кеткен жөн ғой деймін. Біраз шежіре дерегі он екі ата сіргелі тайпасында осы жоғарыдағы аты аталғандармен терезесі тең етіп көрсетеді. Бірақ менің жеке пайымдауымша бұлай ету шындықпен онша қиын-ласа бермейтіндей көрінеді. Себебі, қазақ шежірешілері шежіре таратқанда бұрыннан бар іргелі ірі тайпалардың атын белгілі бір кісінің есімі етіп көрсетіп, бүкіл бір тайпа елді соның кіндігінен өрбітуді дәстүрге айналдырғанымен, олардың өмір сүрген кезеңдеріне қиянат жасамаған. Былайша айтқанда, бір кезде қатар көрші өмір сүрген тайпаларды бір кісінің баласы етіп көрсетіп отырған. Ал оларға ортақ әкеге айналған кісінің аты — сол кезде үстемдік еткен ірі тайпаның, не бәрінің басын біріктірген бірлестіктің, болмаса хандықтың аты екенін аңғару онша қиындық туғызбайды. Міне, Ұлы жүз шежіресінің бастауындағы бірлестікке негіз болған аталық — тайпалардың топтамасына осы ой тұрғысынан келсек, Сіргелі есімінің Төбейдің төрт баласының қатарында айтылмауының өзі-ақ, оның кейін қалыптасқан ірі рулардың бір екенін көрсетеді. Осы орайда шежіренің кейбір нұсқасында сіргеліні үйсіннің бір тармағы деп көрсететіні шындыққа бір табан жақын сияқты.

— Солай болуы да мүмкін... Бірақ осы арада мен сіздің ойыңызды бөліп, бір нәрсе сұрағалы отырмын. «Ойды ой оятады» деген ғой, бәрі жаңағы сіздің Усунь туралы айтқандарыңыздан шығып жатыр. Сіздің айтуыңызша, біздің ғалымдарымыздың қытайдың усынының баламасы «үйсін» деп жүргені қате екен. Сонда деймін-ау, егер сіздің айтқаныңыз дұрыс болса, онда біздің ғалымдарымыздың көне қытайдың кангюйін қаңлы деп жүргені де қате болады ғой. Әлде олардың бұл реттегісі дұрыс па?

— Сіздің бұл сұрағыңызға жауап бермес бұрын әуелі

бір мәселенің басын ашып алалық. Алдымен, мен сол кездегі көне қытайлық атаулардың қазіргі ғалымдар тапқан баламаларының біреуіне күдік келтірсем, ол басқа атаулардың бәрі де солай дұрыс емес деген ойды тудырмауға тиіс. Екіншіден, қате деп кесіп айтардай менікі ғылыми тұжырым емес, «олай болмауы керек» деген күдік, «әлі де ойласайықшы» деген тілек қана. Сондықтан қазіргі қаңлы жөнінде айтылар пікірлерімді де тек осы тұрғыдан қабылдауыңызды өтінер едім.

Шынымды айтсам, өз басым кангюйдің қаңлы дегенге де онша сене қоймаймын. Бұл да жеріне жеткізіле зерттелмеген этнонимнің бірі сияқты көрінеді маған.

— Неге?

— Неге дейсіз бе?.. Жарайды, ойымды дәлелдеп көрейін. Алдымен, қаңлы атауының шығу төркіні жайында. Қаңлы өте көне атау болса керек. Өйткені Н. А. Аристов бұл атаудың «Авеста» мен «Махабхаратада» кездесетінін айтады.

— Бірақ оларда кездесетін қаңлы емес, «канка» деген атау ғой.

— Иә, дұрыс айтасыз. Оларда солай аталады. Н. А. Аристов қаңлыны сол канкадан шыққан болар дейді. Өзге ғалымдар соны құптайды. Сондықтан да қаңлыны көне атау қатарына жатқызып жүрміз ғой. Міне, осындай көнелігінен де болар, атаудың шығу төркіні меніңше, әлі нақтылы танылған жоқ. Қазіргі ғылымда айтылып жүрген екі тұжырымның әлі күнге қайсысы дұрыс екенін біле алмай жүргеніміз де осының айғағы.

— Ол қандай тұжырымдар?

— Бұл екі тұжырымның бірі халық аңызының дерегінен тамыр тартады. Түрлі тарихи шығармаларда, атап айтқанда, Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында». Әбілғазы Баһадур-ханның «Түрік шежіресінде» Махмуд Қашғаридің «Диван лұғат ат-түрікінде» және атақты «Оғыз-намеде» кездескенімен бәрінің айтары — бір ғана оқиғаға байланысты. Ол мынау: «Оғыз қаған шүршіттерге (джуржуттерге) көрші татарларға қарсы соғысып, олардың тас-талқанын шығарып, мол байлық көп дүниемүлікті олжалайды. Жаудан түскен осы ересен көп дүниені елге жеткізу қиынға түскенде, әскердің ішіндегі бір шебер жігіт («Оғыз-намеде» оның аты Бармаклук) бүгінгі арбаның алғашқы түрін жасап шығарады. Бұған дейін арбаның өзі де, соған орай оның аты да болмаған екен.

Сондықтан оның атын да ол кезде ешкім білмеген. Жүкті арбаға тиеп, оны өгізге жегіп, жүрген кезінде доңғалағы сықырлай қажалып, «қаңқ, қаңқ» деген дыбыс шығарады. Осыны көріп, дыбысын естіген Оғыз қаған арбаны жа-саушыға қарап: «мынау қаңқылыны жасаған сенсің ғой, бұдан былай сенің атың Қаңқылы болсын»,— депті. Содан әлгі Қаңқылы есімі келе-келе Қаңлыға айналып, одан ұрпақ қаңлы деген елге айналыпты-мыс».

— Токтаңыз, мынауыңыз баяғы Мүде ханның оқиға-сымен бірдей ғой. Онда да Мүде хан шығысындағы көршілері дүнкуды тосын шабуылмен жаулап алып, қолға түскен мол олжаны еліне қалай жеткізерін білмей то-сылғанда, әскерінің ішінен бір шебер жігіт осылай арба жасамайтын ба еді.

— Дұрыс айтасыз. Онда да тап осындай. Азия та-рихшыларының Мүдені Оғыз қағанмен салыстыратыны да осындай ұқсастығының көптігінен ғой. Содан ба, осы қытайдың Мо-дэ деп аталатын тәңірқұты маған расында Оғыз қаған сияқты көрінеді де тұрады.

Бір ғажабы моңғол ғалымы Ісләм Қабышұлы өзінің «Керейлер керуені» деген монографиясында хуннулар жасаған арбаның осы үлгісі кейін тарихқа «қазақ ар-басы» деген атпен енді деген ой айтады. Оның бұлай деуінің жаны да бар секілді. Өйткені «Монғолдың құпия шежіресінде» Шыңғыс ханның қайын атасы Дэй-шешен-нің Есухэй құдасына айтқан сөзінде:

«Басқаның жерін жауламай,
Қоздырмай, сірә, дау-даумай,
Дидар сұлу қыздарды,
Қазақ күйме мінгізіп,
Жетелетіп біз нарды,
Ежелден хан жаралған,
Қасиетті кара орман,
Құтты қосақ етеміз! —

дейтін жолдар бар.

«Монғолдың құпия шежіресі» 1240 жылы жазылған ғой. Демек, бұл кезде қазақ деп аталатын халық та, хандық та жоқ. Бірақ моңғолдар «қазақ күйме», яғни, «қазақ арбасы» дегенді біледі. Бұл да біздің бұрынғы әңгіме-міздегі «қазақ» сөзі Қазақ хандығынан бұрын бар, ежелгі көне сөз дегенімізді дәлелдей түседі.

— Сонымен қалай болғанда да Қаңлы атауының шығу тегі осы арбаның жасалуына байланысты болды ғой.

— Иә, аңыз бойынша солай. Мұны, яғни сөз төркінін бұлай шығаруды ғылым тілінде «халықтық этимология» деп атайды. Сүйенер негізінде ғылыми дерегі жоқ, жай қисынға, аңызға құрылғандықтан халықтық этимология ғылымда онша мойындала бермейді. Сондықтан да ғалымдар атаудың шығу төркінін қаңлы сөзінің түбірінің мағынасын анықтау арқылы табуға ден қойды. Бұл ретте алғашқы сөзді орыстың атақты ғалымы Н. А. Аристов айтты. Ол қаңлы атауы Шарыш өзенінің саласы Қанның атынан шыққан. Осы өзеннің бойын жайлаған тайпаны түркі тілдес көршілері қаңлы деп атап кеткен болар дегенді айтады. Сондай-ақ ол дулат атауын да Тулати өзенінің атынан шығарады.

Басқа ғалымдар Н. А. Аристовтың бұл пікіріне қосыла қоймағанмен, олар жалпы қаңлы атауының негізі өзен деген мағынаны білдіретін «қан» сөзінен шыққанына таласпайды. Ал «қан» сөзінің өзен деген мағына беретінін Ғ. М. Мурзаев та, А. П. Дульзон да, Қим Чер Лен де, Қ. Ф. Грицко мен Л. И. Калинин де өз еңбектерінде нақты деректер арқылы дәлелдейді. «Қан» сөзінің шынында, өзен деген мағына беретінін басқаны қойып, Талдықорған облысындағы «бас өзен» дегенді білдіретін Басқан, «сары өзен» дегенді білдіретін Сарқан атты өзендер атынан-ақ көруге болады. Бұл орайда ғалымдар арасындағы пікір алшақтығы тек «қаңлы» атауының екінші компоненті «лы» төңірегінде ғана байқалады. Мысалы, С. П. Толстов, С. Г. Кляшторный «лы-ны» «Оғлы» сөзінің өзгеріске түскен түрі деп есептейді. Сонда көне қаноғлы формасының қазіргі қаңлы түріне көшуін қысқаша мынандай сабақтастықпен түсіндіруге болады: қаноғлы — қанұғлы — қанұлы — қаңылы-қаңлы. Қаноғлы — өзен баласы, яғни өзен бойындағы адамдар деген ұғымды білдіреді.

Ал Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Қайдаров «лы-ны» жұрнақ деп таниды. Атаудың этимологиясы жөнінде ол: «Осы негізде қаңлы (кейбір тілдерде қанны, қанды) Қаң өзенінің атына — лы жұрнағын (лық формасының қыпшақ тобына тән нұсқасын) жалғау арқылы жасалып, «Қаң бойындағылар», «Қан өзенін мекендеушілер» немесе «өзенді ел» деген ұғымды аңғартқан», — дейді. Ә. Қайдаровтың түсінуінде: «Қан» өзенінің аты (бұл арада ол Н. А. Аристовпен пікірлес), ал, «лы»

жұрнақ. Ғалымдар І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов та түсіндіруіндегі ептеген айырмашылығы болмаса, осы Ә. Қайдаров пікірімен ортақ тұжырымға келеді.

Қалай дегенде де осының бәрі ғалымдардың бірінің ойын бірі дамытып, қисынға негізделген болжам ғана. Нақты тарихи, болмаса археологиялық деректерге сүйеніп жасалған тұжырым емес. Айталық жаңағы ғалымдардың бәрі де қаңлы этнонимінің алғашқы компонентін «қан» деген өзен аты дейді. Бірақ солардың ешқайсысы қаңлы жұртының «Қан» деп аталатын өзеннің бойын қашан жайлағанын айтып, делелдеп берген жоқ. Сондықтан тіпті «Қаң» өзен аты дегеннің өзінде оның осы аттас өзендер мен өзен салаларының қайсысы екенін білу қиын. Өйткені Қан аттас немесе қан сөзі қосылып жасалған гидронимдер көп-ақ. Осыдан келіп Қаңлы атауының негізі қан болғанның өзінде, ол қай «қаң» деген сұрақ туады? Расында қайсысы? Н. А. Аристов айтқан Шарыш өзенінің саласы Қан ба, әлде Енесейдің оң саласы Қан ба, болмаса өзіміздің Талдықорғандағы Басқан (бас өзен) мен Сарықан (Сары өзен) бе? Әйтпесе, Хабаровскіден Якутияға дейінгі аралықта кездесетін гидронимдер құрамындағы толып жатқан қандардың бірі ме? Ал бұл сауалдарға нақты жауап Қаңлы тайпасының қай қаңның бойын мекендегенін анықтауға тікелей байланысты. Оны анықтамасак шындыққа жете де алмаймыз.

— Оның сыртында Н. Я. Бичуриннің «Көне заманда Орта Азияда мекендеген халықтар туралы мәліметтер жиынтығы» атты еңбегінің екінші томында «Қан» деген ел жөнінде айтады ғой. Осы қаңлы атауының негізі, бәлкім, осында жатқан шығар. Өйткені Қан елінің билеушісі түріктермен қатынаста болған, түрік ханының қызын алып, күйеу баласы атанған.

— Жоқ, бұл арада оны өзен атымен шатастырмау керек. Қан иелігі — Кангюйдің бір бұтағы ғана. Кейін Батыс өлкенің Ми, Шы, Цао, Хэ, Кіші Ант, Нашебо, Унахэ, Му (бәрі де қытайлық атау) секілді иеліктерді жаулап алғаннан соң жеке мемлекет болған. Олардың түріктермен қатынасқа шыққан кезі осы тұс болса керек. Қалайда бұл да ойласуды қажетсінеді. Кангюйдің бұл тармағының басқа емес, Қан атаулының себебі не? Әлде мұның да өзенге қатысты жері бар ма? Тіпті, мұны да өзен деген мағынаға ие десек, онда осы «Қаң» деген сөз қай тілдің еншісі? Егер В. А. Никоновтың «Қысқаша топонимикалық сөздігіне» бақсак, ол тунгус-манчжур тілдеріне

жатады екен. Онда Қаңлы жұртының тунгус-манчжурларға қандай қатысы бар? Осылардың басын ашпай тұрып, «қаңлы» сөзінің түбірі «Қан» сөзіне келеді екен деп, оған «лы» жұрнағын жалғай салып, этноним этимологиясын анықтадық деу, меніңше, ағаттық болатын сияқты.

Міне, осылардан шығар қорытынды — сол, қаңлы атауының этимологиясының басы әлі ашылған жоқ, бұл әлі де жан-жақты зерттей түсуді қажет етеді.

— Иә, бұл пайымдауыңыздың жаны бар секілді. Бірақ мен бұл арада негізгі ойдың ұштығын ұстай алмай отырмын-ау. Қаңлы атауының шығу төркіні аңыздағыдай «қаңқ» деген арбаның дыбысынан ба, болмаса өзен деген мағынаны білдіретін «қан» сөзінен бе, бәрібір қалай болған да, бұлар сіздің қаңлыны кангюй емес дегеніңізге куәлік бере алмайды ғой.

— Неге бермесін. Егер осы атаудың шығу негізі ғалымдар айтқандай «Қан» өзені атынан болса, ал өзенді «қан» деу Оңтүстік Сібір, Алтай жағында кеңінен етек алса, онда бұл өңірлерде болғаны не аңызда, не ғылымда айтылмаған Кангюйлерді Қаңлы деуіміз дұрыс бола ма? Кангюйлердің біздің жыл санауымыздан бұрынғы екінші ғасырда Іле бойын мекендеген усуньдардың батысындағы көршісі екенін Сы-ма Цянь мен Бан Гудың тарихынан белгілі ғой. Демек, бұл да ойласуды қажет етеді емес пе?!

Сонсоң Кангюйдің қаңлы емес екеніне менен бұрын да талай ғалым күдік келтірген болатын. Мысалы, Т. А. Жданко «Қарақалпақтардың этнографиялық тарихының очеркі» деген еңбегінде «біздің жыл санауымыздан бұрынғы екінші ғасырда өмір сүрген кангюйлермен ең ерте дегенде XI — XII ғасырда пайда болған түркілік ру-тайпалар бірлестігі — қаңлыны бір деу дұрыс емес» екенін айтады. Оның пайымдауынша кангюйдің этногенезінің негізін қаңлылар емес, кангар-печенегтер құрайды. Өз басым осы пікірді құптаймын. Кангарлар біздің жыл санауымыздың VIII ғасырының екінші жартысында Жетісу бойынан келген оғыздар ығыстырғанға дейін көне қытайлықтар тарихында айтылатын кангюлердің мекендеген жерінде болғаны тарихтан белгілі. Олай болса, қытайдың кангюі осы кангарлар десек керек.

— Сонда қалай, сіз баяғы кангар-печенег бірлестігін құратын кангарларды қаңлыдан бөлек тайпа деп қарайсыз ба?

— Әрине Сіз өзіңіз ойлаңызшы, қалай, шығыстан қоныс аударған түркі тілдес халықтар қазіргі Қазақстан

даласына келгенге дейін осы жерде ел-жұрт болмаған дейсіз бе?

— Неге болмасын, болған.

— Дұрыс айтасыз, болған. Бірақ өкініштісі сол, біздің тарихшыларымыз олар туралы айтпайды. Тек тарихқа, анығырақ айтсақ жазба деректерде барларын сөз қылады да, ал аналар туралы жақ ашпайды. Солардың бірі осы Қангарлар. Олар қашан ата мекенінен оғыздар келіп ығыстырғанша тарихқа белгілі қытайлық «кангюй» атымен, өз алдына жеке мемлекет болып, өзіндік ғұмыр кешкен. Сондықтан бұл да тарихшыларымыздың қалыптасқан белгілі бір болжам ізімен кетпей, жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Менің пайымдауымша қаңлылар Шығыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін батысқа қарай Алтайдан жылжыған қыпшақтардың үлкен бір бұтағы ма деймін. Тарих деректеріне зер сала қарасақ, кимактардан бөлініп, оңтүстік батысқа қарай жылжыған, қалың қыпшақтардың құрамындағы бұл тайпа «қаңлы» атымен жеке атала қоймаған сияқты. Оған қаңлының этноним ретінде XII ғасырдың басында ғана айтыла бастауы да, соған дейін қаңлының орнына қыпшақ, қыпшақтың орнына қаңлының сапырылыстырылып бірге айтылып жүруі де дәлел болатындай. Сондай-ақ мұны әл-Нувейри мен ибн Халдунның: «Қаңлы қыпшақтың бір тайпасы ретінде оның құрамына кірді»,— дейтін тұжырымдары да, Рубруктың Жайық өзенінің шығыс жағындағы даланы мекендеушілер туралы: «Онда бұрын қаңлы деп аталатын командар (қыпшақтар) мекендейді»,— деп жазуы да куәландыра түседі. Мұның кездейсоқтық деп қарамай тарихи шындыққа жол сілтер бағыттаушы дерек деп қараған жөн секілді. Өйткені бұл орайда түрік тарихының аса білгірі академик В. В. Бартольд: «Қыпшақтар мен қаңлылардың жақын туыстығына күдік келтіруге болмайды, XII ғасырдың және XIII ғасырдың басындағы мұсылман жазушылары қаңлы мен қыпшақ сөздерін бір-біріне синоним ретінде пайдаланады»,— деп өз тұжырымын айтады. Дәлел ретінде Мұхаммед Хорезмшахтың шешесі Теркен-қатынның төркінін бір ғалымдардың қаңлы, енді бір ғалымдардың қыпшақ деп жазатынын алға тартады.

— Сөзіңіз аузыңызда. Ойыңызды сәл бөліп, осы Теркен-қатын жөнінде айта кетпейсіз бе? Тарихшылар жаңағыдай Мұхаммед Хорезмшахтың шешесі дейді де өте шығады. Басқа ештеме айтпайды. Ал өзінің іс-әрекетіне

қарағанда заманында мемлекет ісіне араласқан үлкен саясаткер болғанға ұқсайды. Бұл өзі кім? Не қылған әйел?

— Теркен-қатын — мемлекет ісіне араласқан Шығыстың атақты әйелдерінің бірі. Нәсілі — кыпшақ, дәлірек айтсақ, кыпшақтың ұран атты тайпасынан шыққан атақты Алып Қара Ұранның үлкен ұлы Қыран батырдың қызы. Жалпы Хорезм мемлекетімен кыпшақтардың достық қарым-қатынасы Алып Қарадан басталады. Ол — Хорезм шахы Иль — Арслан өлгеннен кейін оның отырған Текеш пен інісі Сұлтан-шахтың арасындағы таққа таласқан күресті пайдаланып, Текешке өз көмегін ұсынды. Кейін қарсыласының бәрін жеңіп, құдіретті шахқа айналған Текеш Алып Қараның немересі осы Теркенге үйленіп, бұрынғы ресми жақындықты енді туыстық жақындыққа айналдырады. Теркеннің әкесі Қыран Қадыр-хан деген атпен Сығанақ пен Женттің билеушісі болады.

Текеш өліп, оның орнына Теркен-қатыннан туған баласы Мұхаммед отырғанда, ұлының тақ тартысының құрбаны болып кетпеуін көздеген анасы оны қорғауды өз төркінінің ер жүрек жігіттеріне тапсырады. Осылайша кыпшақ жігіттері Мұхаммед шахтың жеке гвардиясына айналады, кыпшақ бектері билікке араласады. Теркен-қатынның әмірінің Хорезмде күшті болғандығы сондай, ол шах баласының бұйрығын орындатпай тастай алатын дәрежеге жетеді. Мысалы, Мұхаммед шах кыпшақ Низам әль-Мүлікті уәзірліктен босатып, сарайдан қуса, Теркен-қатын оны қайтарып алып, ұлының қарсы болғанына қарамастан уәзір етіп қайта тағайындайды. Сондай-ақ осының алдында бүлік шығарып, Хорезмшах Мұхаммедтің алдында кінәлі болған інісі — Қыранмен бірге туған Иахафтанның баласы Алып-Деректі жазадан құтқарып қана қоймай, Отырардың билеушісі етіп тағайындатқызады. Бізге тарихтан белгілі, Шыңғыс хан әскеріне берілмей Отырарды қорғайтын атақты Қадырханамыз осы Алып-Дерек. Қадыр-хан — мұсылман билеушілерінің өздеріне бағынышты әмірлерге беретін лауазымының аты. Теркен-қатынның әкесі Қыран да Сығанақты билеп тұрғанда Қадыр-хан атанған болатын.

Мұхаммед ән-Несевидің хабарына қарағанда, Хорезмдегі және оған бағынышты кыпшақтар Мұхаммед шахтың емес, тек Теркен-қатынның әміріне ғана бағынған көрінеді. Осыған қарағанда оның билігінің зорлығы осы-

дан, дүмпуі күшті жауынгер төркіндеріне арқа сүйегендіктен болса керек.

Міне, осы Теркен-қатынның дәуірлеп тұрған кезінде қаңлылар Батыс Түркістан жеріне қожалық етеді. Менің жеке пайымдауымша, қаңлылардың тарих сахнасына өз атымен шығуы ұран қыпшақтарының әлсіреуінен, Шыңғыс ханның Алып-Дерек — Қадырханның шыққан тегін қырғынға ұшыратуынан кейін болған сияқты. Менің бұл ойымды кейбір тарихшылардың «қаңлы этноним ретінде XII ғасырдың басында пайда болды», — деуі де нақтылай түседі. Осы орайда Шығыстың атақты тілші ғалымы Махмұд Қашғаридің «Қаңлы — қыпшақтың тақты адамдарының бірі», — деген дерегі де ойға оралады. Ұран тайпасының тізгін ұстары — Алып Қараның тұқымы біткен соң, болмаса биліктен ысырылған соң Қаңлы ұрпағының атқа мінуі, соған орай елде «қаңлы» атауының аңызға жиі алынуы, жалпы алғанда мұндай дәстүрдің тек қыпшақтар ғана емес, бүкіл көшпелілерге тән заңды құбылыс екені белгілі ғой.

— Ғафу етіңіз, осы арада ойыңызды бөліп, өзіме түсінікті тағы бір нәрсенің басын ашып алсам ба деп отырмын. Біздің ру-тайпаларымыздың ертеде өздеріне тән ен-таңбалары болғаны аян. Н. А. Аристов осы таңбалардың ұқсастығына қарап, ертедегі ру-тайпалардың туыстық жақындығын айыруға болады дейді. Мысалы, ол көсеу (I) таңбалы қаңлы мен қос әліп (II) таңбалы қыпшақтарды осы таңба ұқсастығына сүйеніп, өзара туыс тайпалар деген қорытынды жасайды. Сондай-ақ ол іргелі ірі тайпадан бөлініп шыққан басқа ұсақ тайпалар сол іргелі ірі тайпаның таңбасына қосымша сызық қосу арқылы өз таңбасын белгілейді деген ой айтады. Осыған сүйеніп ол қыпшақты қаңлыдан бөлінген, яғни қаңлыдан бөлініп шыққан қыпшақ оның көсеу (I) таңбасына тағы бір таяқша қою арқылы өзінің таңбасын (II) жасаған деген байламға келеді. Н. А. Аристовтың бұл пікірін кейін В. В. Бартольд те қолдайды. Ол да қыпшақтар қаңлылардан бөлінген деген пікірге келеді. Ал сіздің жаңағы айтқандарыңыз бұларға керісінше болып отыр. Сіз қаңлыны қыпшақтан бөлінген деген жоқсыз ба?

— Иә, солай дедім. Есіме түсіргеніңізге рақмет. Мен, тіпті таңба жөнінде ұмытып барады екенмін. Иә, Н. А. Аристов пен В. В. Бартольдта да, олардан кейін бұл төңіректе пікір айтқан кейбір қазақ ғалымдарына да ондай пікірдің бар екені рас. Жалпы қисындық (логи-

калық) тұрғыдан алғанда олардың бұл пікірін мен де теріске шығармаймын, құптаймын. Бірақ бұл арада жағдай сіз айтып отырғаннан басқашалау.

Бұл таңбалар жөнінде біз бұдан бұрынғы әңгімемізде, қыпшақ сөзінің этимологиясын анықтағанда сөз еткенбіз. Соған карамай тағы сұрақ қойып жатқаныңызға қарағанда түсінбей қалған болуыңыз керек. Әйтпесе бұл мәселе онда біраз айтылған еді. Бұл арада бізге, алдымен, бір нәрсенің басын ашып алу керек сияқты. Бұрын да айтқанмын, қазір де қайталауға тура келеді, қыпшақ атауы этноним ретінде түрік, славян деген атаулармен мәндес, терезесі тең атау. Бұған бүкіл түркі тілдес халықтардың этногенезіндік құрамында қыпшатардың барлығы да дәлел бола алады. Оларды біразы бұл күнде бұрынғы атауын жоғалтып, өзі барып құрамына кірген тайпаның, не сол бөліну кезіндегі ру-тайпа көсемдерінің есімімен аталады, ал енді біразы сол баяғы қыпшақ атын сақтап қалды. Солардың бірі — қазақ халқының құрамына енген, орта жүз ішіндегі қыпшақтар. Менің бұл арада айтайын дегенім осы қыпшақ атауының жалпыламалық мәні мен жекелік мәнін шатастырып жүргендігіміз еді.

— Енді түсіндім. Сіз жаңа «қаңлылар қыпшақтан бөлінді» дегенде байырғы қыпшақтарды, яғни олардың жылпыламалық мәнінде айттым дейсіз ғой. Сонда Аристоттар «қаңлыдан қыпшақ бөлінді» дегенде, олардың айтып отырғаны жекелік мәніндегі, яғни қазақ халқының құрамына кіргендері ғана ма?

— Әрине солай. Қос әліп (II) таңбасы бүкіл қыпшақ атаулының таңбасы емес, ол тек қазақ халқының құрамындағы қыпшақтардың ғана таңбасы. II Оның қаңлының таңбасындай көсеу (I) яғни қос көсеу аталмай, қос әліп аталуы да содан, кейін бөлінгендіктен. Жайық бойынан келген қыпшақтардың мұсылман дінін қабылдауы өзгелерден кейін болғанын өзіңіз де аңғарған боларсыз.

— Токтаңыз, сонда қалай, сіз жаңа ғана бұл қыпшақтарды Алтайдан келді деген жоқсыз ба?

— Иә, дұрыс айтасыз. Олардың Алтайдан шыққанына дау жоқ. «Шынында да, қаңлылар Алтайдан шығып, Талас пен Сырдарияның бойындағы далаға келіп қоныс тепті», — дейді, сіздің тап осылай сұрайтыныңызды біл-

¹ Кейін осы қыпшақтардың үлкен бір бөлегі башқұрт халқының құрамына енді. Соған орай қос әліп таңбасы оларда да бар.

гендей-ақ атақты ғалымымыз Сәрсен Аманжолов өзінің «Қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихының мәселелері» деген әйгілі еңбегінде. Ал Рашид ад-дин болса, «қаңлылардың жайлары Ертістің жоғарғы жағында наймандармен шектесіп жатты»,— деп жазады. Одан кейінгі ел тарихын жазған Әбілғазы Баһадур-хан: «қаңлылар тюрколандармен (қыпшақтармен) бірге өмір сүрді, кейін олар тюркмен (қарлық) жерін басып өтіп, Ыстық көл жағалауына, Жауда мен Телешке келіп, қоныстанды. Осы арада ұзақ жылдар бойы тұрды»,— дейді.

Міне, мұның бәрі қаңлылардың Алтайдан шыққанына куәлік береді. Ал олардың Алтайдан жылжығаннан кейінгі жолын да жоғарыда айтылған ғалымдар еңбегінен аңғаруға болады. Мысалы, қаңлылардың Ертіс бойынан Жайық жағалауына келгенін Рубруктың оларды осы өзеннің бойынан көргені жөніндегі жазбасынан білеміз. Ал XI ғасырда олар Сырдарияның төменгі ағысының теріскейі және Арал теңізінен Солтүстікке қарайғы жерді мекендейді. Бұл өңірлерді Джүзджани «Сахара» деп, Джувеини «Құм қыбчак» деп атайды.¹ Кейін Хорезмшах Мұхаммедтің, дәлірегінде оның анасы Теркен-қатынның қолдауымен қаңлылар жоғарыда айтқанымдай Түркістанға билік жүргізеді. Олардың Әбілғазы Баһадур-ханның айтқанындай Ыстық көл жағалауына баруы осыдан кейін болса керек.

Осы орайда, егер сіз қарсы болмасаңыз, өзіңіздің салыстыра ой толғауыңыз үшін жоғарыда айтқан қытай тарихшысы Бан Гудың «Батыс өңір және үйсін мемлекеті» деген кітабынан «Қаңлы мемлекеті» деген тарауында жазып алып едім, соны оқып берейін. Өзі онша көп те емес. Мұны да Н. Я. Бичуринмен салыстырып оқығам. Бірақ уақыт алмас үшін бұл жолы екі арадағы айырмашылыққа тоқталмай-ақ қояйын. Сондай-ақ бұл аудармашылар да «Қангюйді» қаңлы деп алған екен. Мен де сол күйі қалдырдым.

— Неге қарсы болайын, оқыңыз. Білсем деген көңілдің тоят табуына сәл де болса себі тисе, одан артық маған не керек.

¹ Бұл Арал теңізінің теріскейіндегі Қарақұмның көне атауы болуы керек.

ҚАҢЛЫ (КАНГЮЙ) МЕМЛЕКЕТІ

Ханның қыстық астанасы Лиүениди еді, кейін Битян қаласына көшті. Чаң-аннан 12300 шақырым (ли) шалғай. Тұтық қарауыл мекемесіне қарамайды. Лиүенидиден шығып, атпен жеті күн жол жүргенде ханның жаздық астанасы Бониға барады. Бұл аралық 9104 шақырым келеді. Түтін саны 120 мың, жан саны 600 мың, әскері 20 мың, шығыс жағындағы тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 5550 шақырым. Әдет-ғұрпы ұлы яушылармен ұқсас. Шығыс жағы һондардың басқаруында.

Шуанди патша дәуірінде һондардың ішкі бөлегінде алауыздылық туылды. Бес тәңірқұт өзара соғысты. Хань хандығы Құғышар тәңірқұтты қолдап, оны хандық орынға отырғызды. Бұл іске Құтиұш тәңірқұт ызаланып, хань хандығының елшілерін қырып тастады да, батыс жағындағы қаңлы еліне барып тасаланды. Бұдан соң тұтықбек Ган Яншу мен орынбасар жасақтар бегі Чын Тандар батыс өңірдегі ортаншы жасақтар бегіне қарасты мемлекеттердің жасауылдарын жиып, Қаңлы еліне аттандырды да, Құтиұш тәңірқұтты жойды. (Бұл оқиғалар Ган Яншу, Чын Таң жөніндегі шежреде егжей-тегжейлі баяндалған). Бұл іс Юаньди патшаның Жанжау 3-жылында (Жана эрадан бұрынғы 36 жылы) болған еді.

Чынди патша дәуіріне келгенде, Қаңлы елі бір ханзадасын хань хандығына кепілдікке жіберді және Хань хандығына тарту ұсынды. Асылы олар аралық қашық деп қарап, мейлінше аспансып қарап, басқа елдермен қарым-қатынас жасамай келген болатын. Тұтықбек Гошұн патшаға жолдаған бірнеше реткі хатында былай деді: «Һондар бұрынғы құдіретті болған кезінде Үйсін, Қаңлы елдерінің байырғы мекендерін иелеп ала алмаған еді, ал ол бізге бағынышты болған кезде де осы екі мемлекеттен де айрылып қалған жоқ. Хань хандығы олардың кепілдікке жіберген ханзадасын қабылдап отыр. Бірақ бұл үш мемлекеттің арасында өзара тарту ұсыну, барыс-келіс жасау өткендегідей болып келеді. Сонымен бірге олар жағдайды бақылап, өздеріне тиімді орай туыла қалса болғаны, дереу әскер шығарады. Әрине олар біріге қалғанда өзара жақындасып, бір-біріне сенеді деуге, аралары бөліне қалған кезде қайсысының бағындырушы, қайсысының бағынушы екеніне көз жеткізуге болмайды. Қазіргі жағдайға негізделгенде үйсінмен (усуньмен) құдаласу еш-

қандай жақсылық әкелген жоқ. Қайта Жұңғо үшін әурешілік әкелді. Біздің үйсінмен құда болғанымыз ертедегі іс еді. Олар қазір һондар тәрізді бізге бағынышты болып отыр. Әділет тұрғысынан ойлағанда олармен болған байланысты үзуге болмайды. Бірақ қаңлы елі тәкаппар әрі айлакер, тіпті елшілерімізді де қабылдамай қойды. Тұтықбек жіберген лауазым иелері олардың еліне барғанда оларды үйсін қатарлы бірсыпыра елдердің елшілерінен төмен отырғызған, өз ханы мен игі жақсылары тамақтанып болған соң, тұтықбек жіберген елшілерімізді тамаққа шақырған, бұдан олардың Хань хандығын сыйламайтындығын, өзіне көрші елдерді жоғары бағалайтынын көруге болады. Егер олар үнемі осылай істей бермек болса, неліктен ханзадасын кепілдікке әкеліп отыр? Олар саудаласуға әуес, сөздері астарлы, һон жат ұлттардың ішіндегі ең ірі мемлекет, қазір әрбір істе Хань хандығына құрмет етеді. Ал қаңлы елінің Хань хандығын сыйламайтындығын байқаған соң тәңірқұт өздерін қор санады. Сондықтан біз олардың кепілдікке қойған ханзадасын қайтарып жіберіп, олармен қатынасты үзіп, ендігәрі елші жібермейміз, осы арқылы Хань хандығының мұндай әдепсіз мемлекеттермен қарым-қатынас жасамайтындығын білдіруіміз тиіс. Дунхуаң мен Жиу Чуан аймақтары және оңтүстік жол үстіндегі 8 мемлекет әрлі-берлі жүрген елшілер мен олардың ат-көлігін, азық-түлігін, жем-шөптерін қамдап отыр. Бұл оларға үлкен қиыншылық туғызуда. Біздің көп дүние-мүлік жұмсап тәкаппар әрі айлакер шалғай елдің (қаңлының) елшілерін күтіп алуымыз, шығарып салуымыз әсте ұзақ болашақтық жоспар емес. Хань хандығы қаңлы елімен болған қарым-қатынастың жаңа ғана басталып отырғандығын ескеріп және осы атаққа құрмет етіп, олармен болған қатынасты бастан-аяқ сақтады және үзбеді.

Қаңлының батыс-солтүстік жағында алаңдар бар. Әскері 100 мыңнан асады. Әдет-ғұрпы қаңлымен ұқас. Биік жары жоқ, жағасы жайдақ үлкен көлдің бойында тұрады. Айтуларға қарағанда Солтүстік теңіз (Аралды айтып отыр. ауд.) делінеді екен.

Қаңлы елінде 5 кіші бектік бар. Оның бірі Сушие бектігі¹ бектіктің орны Сушие қаласы. Оның тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 5776 шақырым Яңгуанға дейінгі аралығы 8025 шақырым: екіншісі Фумо

¹ Қазіргі Самарқанд қаласының оңтүстігіндегі Шақыри-сібір өңірі.

бектігі, бектік орталығы Құшания қаласы¹ тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 5767 шақырым, Яңгуанға дейінгі аралығы 8025 шақырым; үшіншісі, Гіңние бектігі², бектік орны Гіңние қаласы, тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 5266 шақырым; төртіншісі, Жиуан бектігі³, бектік орны Жичың қаласы, тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 6296 шақырым; Яңгуанға дейінгі аралығы 8555 шақырым; бесіншісі, Южуан бектігі⁴, бектіктің орны Южуан қаласы, тұтық қарауыл мекемесі қарауына дейінгі аралығы 6906 шақырым, Яңгуанға дейінгі аралығы 8355 шақырым. Бұл бес бектік ел түгелдей қаңлы мемлекетіне қарайды.

(Бан Гу. «Батыс өңір және үйсін мемлекеті» 31-35 беттер).

— Міне, ғалымдарымыздың қаңлы деп жүрген қытай тарихындағы «Қангюи» жөніндегі бар дерек осы. Мұнда да ру-тайпа жөнінде ештеме айтылмайды. Қытай елшісі Чжан Қянъ кангюйді мемлекет аты деп түсінеді. Тікелей қытай тілінен аударушылардың да оны «қаңлы тайпасы» демей, мемлекеті деп аударуы да осыны дәлелдейді. Осыған қарап енді сіз жоғарыда мен айтқан жайлармен осы көне дерек берер мәліметті ойша салыстырып, өзіндік түйініңізді жасай беруіңізге болады.

Ал мен негізгі ой желісін үзбей әңгімемді одан әрі жалғай берейін. Сонымен ұлы жүзді құрамына кіретін ірі-ірі тайпа бірлестіктеріне қарай топтастырып төртке бөлдік қой. Енді солардың ішінде үйсіннің шежіре бойынша таралуына назар салып көрейік.

Бұл ретте ел ішіне тараған шежірелердің көп нұсқаларының бәрін бірдей анада олай, мынада бұлай деп сараптап жату мүмкін емес. Сондықтан жекелеген өзгешеліктері болмаса, негізгі аталықтар жөнінде басқа көптеген шежірелер дерегімен үндесетін өзімнің ақсақалдар аузынан естіп құраған нұсқа бойынша сөз қозғауды жөн көрдім.

Шежіре бойынша Үйсіннен екі бала — Ақсақал, Жансақал туады. Осының Ақсақалынан үш бала — Бабырәлі,

¹ Самарқант қаласының батыс-солтүстігінен 60 ағылшын миліндегі шалғайдағы Пейшембі өңірі.

² Қазіргі Ташкент маңы.

³ Қазіргі Бұхара қаласының аумағы.

⁴ Орта Азиядағы байырғы қала. Үргеніш қаласының маңы. (Бұл түсініктеменің бәрі аудармашынікі).

Сабырәлі, Қарашаби. Қарашабиден — Бәйдібек. Бәйдібектен үш бала — Сарыүйсін, Жалманбет (кей деректе Жоланбет), Жарықшак. Соңғысын кей шежіреде Жарышак деп те атайды.

Осының сарыүйсіні, менің жеке пайымдауымша, көне қыпшақтардың «Сары» деп аталатын орта бөлігінің Жетісу жеріне келіп қоныстанған бір бұтағы ма деймін. Есіңізде ме, академик В. В. Бартольдтың «Половцетер туралы жаңа еңбек» деген мақаласында «Сарылар елі» жөнінде сөз болатыны. Қыпшақтың осы сары деп аталатын бөлігі қазіргі түркі тілдес халықтардың біразының құрамында кездеседі. Олар өзі құрамына кірген тайпаның атына тіркесіп, мысалы сарыүйсін, сарықаңлы түрінде де, болмаса сары, сегізсары, бессары, үшсары, қоссары күйінде де атала береді. Осыған қарап Сарыүйсіндерді Батыс түрік қағанаты кезінде, бәлкім, одан да бұрын Жетісу жеріне Алтай жақтан келіп, кірісіп кеткен сары қыпшақтар ма деген ой келеді. Әрине мұның әлі тыңғылықты зерттеуді қажет ететіні сөзсіз. Менікі тек ой түрткілік мән де ғана.

Шежіре бойынша Сарыүйсіннен: Жақып, одан Қалша мен Қайқысопы. Қалшадан: Болас, Жүнбас; ал Қайқысопыдан: Бөрі, Бура, Тайлак, Қошқар туады.

Жалмамбеттен бес ата Шапырашты, екі ата Ысты, төрт ата Ошақты тарайды.

Бәйдібектің үшінші ұлы Жарықшақтың халық арасына Домалақ-ене деген атпен танылған екінші әйелінен туған Албан, Суан, Дулат есімді үш баладан өніп-өскен ұрпақ кейін үш рулы елге айналады.

— Тоқтаңыз, сонда бұл мерзім мөлшерімен алғанда қай кезге келеді?

— Қай кезге дейсіз бе?.. Шежіре дерегіне жүгінсек, бұл сол Жетісу жерінде Қазақ хандығының құрылу кезеңімен тұспа-тұс келетін тәрізді.

— Мұныңыз тым бері емес пе?

— Неге?.. Өзіңіз есептеп көріңіз. Жаңағы Жарықшақтың үш баласының бірі Дулаттан Жаныс туады. Одан Жантобы, одан Жайылмыс одан Қожамберді, одан Құдайберді, одан Әлібек, Әлібек атақты үйсін Төле бидің әкесі. Ал Төле би 1663 жылы туып, 1756 жылы қайтыс болған тарихқа белгілі нақты тұлға. Сонда Дулат Төле бидің жетінші атасы. Ғылымда анықталғандай, үш атаны бір

ғасыр деп есептегенде Дулат пен Төленің арасы екі-ақ ғасыр. Олай болса Дулаттың өмір сүрген кезі Қазақ хандығының құралған кезеңі болмағанда қайтеді?

— Жақсы, солай-ақ болсын, бірақ онда ғалымдарымыздың дулаттар көне тайпа, тіпті біздің жыл санауымыздан бұрын өмір сүрген дейтін пікірін қайда қоясыз?

А-а... бұл басқа мәселе. Мұның мәнін түсіну үшін алдымен бұл аталған кезең шежіреде көрсетілгендей, ру аталықтарының туған кезі деп емес, керісінше олардың жеке тайпа ретінде қазақ хандығының құрамына кірген кезі деп ұққан жөн. Ал олардың көнелігіне көңіл бөліп, ескі атаудың қайта жаңғыруының сырын білгіңіз келсе, онда көшпелілер тарихының сабақтастығына зер салу қажет. Сонсоң кез келген этнонимнің тағдыры сол өзін өмірге әкелген этностың тіршілік керуеніндегі тарихи-әлеуметтік болмысына тәуелді екенін есте ұстаған ләзім. Сонда халықтық атаулардың (этнонимдердің) тарихтың бір кезеңінде пайда болып, кейін өзгеріске түсуінің, болмаса жоғалып кетіп, бір кездерде қайта тірілуінің сырын да ұғынуға болады. Бұған біздің жыл санауымыздан бұрын Туран жерінде өмірге келген «Түрік» атауының кейін тарих бетінен жоғалып кетіп, тек біздің жыл санауымыздың VI ғасырында Алтайда қайта тірілуі, одан түрлі өзгеріске ұшырап барып, IX ғасырда Анатолий түбегінде қайта жаңғырып бой көрсетуі айқын мысал бола алады ғой деп ойлаймын. Ал мұндай тағдырға шындап келсе үлкенді-кішілігіне қарамай көшпелі көне тайпалардың бәрі де ортақтас. Этноним тарихына, оның шығу төркініне ерекше мән беру қажеттілігі де осында. Өйткені этноним тарихы сол этнонимді өмірге әкелген этностың ғұмырнамасының бастауы, өркен жайған ұрпағы тарихының іргетасы.

Міне, дулат атауына да осы тұрғыдан қарап, оның тарих тегершігі айналымның бірінде қайталанып отыруын көшпелі өмір салтының кезекті бір заңдылығы десек керек.

Зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне қарағанда дулат өте көне тайпаның аты. Көнелігі сондай ғалымдар оның шығу тегінің өзіне кезінде үлкен талас тудырған болатын. Олардың бір тобы дулаттарды түркі тектес десе, енді бір тобы Монғол тектес деп дәлелдейді. Мысалы, Рашид-ад-дин дулаттарды моңғол тайпасы деп есептейді. Тіпті Шоқан да осы пікірді қолдап, дулатты монғолдың

он тайпасының бірі ретінде атайды. Академик В. В. Бартольдта осындай тұжырымға келіп, ол, тіпті Батыс Түрік қағанаты құрамындағы он оқ халқын құрайтын бес аймақ дулуды қазақ халқының құрамындағы дулаттарға ешқандай қатысы жоқ деп шығарады.

— Иә, Бартольдта ондай пікір бар. Бірақ оны ғалым Сәрсен Аманжолов нақты дәлелдер арқылы теріске шығарды ғой. Жалпы дулатты монғол тайпасы деушілерге Рашнд-ад-диннің «Жылнамалар жинағындағы» монғол тайпаларының ішінде аталатын дуглат (доколат) атауы негіз болғаны белгілі. Соған сәйкес олар қазақтың дулатын осы монғолдың дуглатынан шыққан деп дәлелдеп келді. Сөйтсек, бұл қате екен. Академик Б. Я. Владимирцов өзінің «Монғолдардың қоғамдық құрылысы» деген еңбегінде мұның керісінше екенін, монғолдың дуглаты қазақтың дулатынан шыққанын, яғни дуглаттар тұтқынға түсіп монғолданып кеткен дулаттар екенін дәлелдеп берді. Содан бастап кейінгі ғалымдар дулаттар көне түркі тайпасы деген Н. А. Аристов пен Г. Е. Грумм — Гржимайлоның бұрынғы тұжырымдарын мойындап, ғылымда «дулаттар түркі тілдес тайпа» дегенді орнықтырды.

— Оныңыз рас. Қазір дулаттың тегі түркі дегенге ешкім таласпайды. Сондай-ақ қытай жылнамасындағы дулу атауының баламасы дулат екеніне де ешкім күдік тудырмайды.

— Солайы солай ғой. Бірақ осы орайда менің іштей келіспейтін бір жәйім бар. Ол — біздің кейбір ғалымдарымыздың, жасыратыны жоқ бұл негізінен қазақ ғалымдарына тән, этноним этимологиясын іздегенде тарихи дерекпен санаспай, оларды жан-жақты салыстыра зерттеп қорытпай, тек сөздің сыртқы түріне, дыбыс ұқсастығына ден қойып кететіні жөнінде. Бұл тарих үшін қиянаттығымен бірге ақиқатты ашу жолындағы ізденіске кедергі болатын, қырсығын тигізетін тірлік. Нақтылық үшін айтсақ, мұндай жәйді осы дулат атауының шығу төркінін зерттеуден де байқауға болады. Мысалы, ғалым С. Аманжолов «дулу» атауын Батыс Түрік қағанатының Дулу атты ханының атынан шыққан деп тұжырым жасайды. Рас, тайпа көсемінің, хандар мен қағандардың есімдерінің халықтық атауға айналуы тарихта бар, сирек те болса кездесетін шындық. Бірақ солай екен деп, оны тарих болмысындағы нақты дерекке сүйенбей, тек сырт ұқсастыққа нақты дерекке сүйенбек, тек сырт ұқсастыққа қарап, тұжырым жасай салуға болмайды ғой. Біз оны

ескермей, кейде көз жұмып кете береміз. Айталық, осы арада тарихи дерек шындығы, Мысалы С. Аманжоловтың әлгі заңдылықты ескермегенін, тек сырт ұқсастыққа ой алдырғанын көрсетеді. Өйткені «дулу» тайпа атауы ретінде Батыс Түрік қағанатының осы атқа ие болған бірінші ханы — Нишу Дулу-ханнан (633—634) да, екінші ханы — Ирбис Дулу-ханнан (638—653) (қытайша Ибн-Дулу-хан. С. Аманжоловтың айтып отырғаны да осы ханда бұрын бар атау ғой. Ендеше бұрыннан бар дүлу атауын одан кейін өмірге келген ханның атынан шыққан деу қай қисынға келеді. Бұл арада ғалым А. Әбдірахмановтың»... дулулардың ханының аты керісінше тайпаның атынан қойылған» деген тұжырымының дұрыстығын мойындаған жөн.

Дулат этнонимінің этимологиясы жөнінде ғалым Ғ. Мұсабаев: «Дулу — осы күнгі дулат. Өйткені олар ерте кезде Дулу атауына көптік жұрнағы «т» қосылмай айтылып, бертін «келе көптік жұрнағы «т» қосылып, дулат болған,» — деген пікір айтады. Меніңше, бұл тарихи негізділіктен гөрі сөздің сыртқы түріне, дыбыс ұқсастығына қарап жасалған түйін. Себебі, біріншіден, дулу бізге көне қытай жылнамалары арқылы жеткен қытайлық атау. Ал көне қытайлықтардың көрші көшпелі тайпалар мен хандықтардың атын жазғанда тек оның алғашқы буынын алып, соңына қытайлық мағына беретін басқа сөз тіркейтінін бұрынғы әңгімелерімізде сан рет айтқанмын, мысалдар келтіргенмін. Сондықтан оны қайталап жату артық. Демек, бұл арада көне қытайлықтарды бүкіл далалықтардың атауын бұзып жазған да, тек дулаттарға келгенде бұрынғы дәстүрін өзгертіп, түзеле қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Бұған көне қытай дерегіндегі осы бес тайпа Дулумен бірге аталатын бес тайпа нушибидің кімдер екенін әлі біле алмай жүргеніміз де толық дәлел. Олай болса, «Ду-лу» атауындағы «ду» — түркі тайпасының атының алғашқы буыны да, «лу» — қытайлық мағына беретін сөз. Енді осыған, яғни түркі тіліндегі атаудың алғашқы буыны мен «лу» деген қытай сөзінің қосындысына бертін келе көптік жұрнағы «т» қосылып «дулат» шықты деу қандай ой қисынына, қандай тіл заңдылығына келеді? Осындай қисынсыздықты Ғ. Мұсабаев та іштей сезген болар, әлгі жоғарыда айтқан тұжырымын сенімді ету үшін, ойын: «Бұлар (дулаттарды айтады) көне заманда дұғылық (туғылық екен де, берірек дулу) дулат атанған, соңындағы — т дыбысы көпшесі», — деп қоры-

тындылайды. Алайда ойда сенім ұялатар негіз, табан берер деректі талдау болмағандықтан, ғалым қанша жерден «осылай» деп түйіндегенмен оның айтқанына ұйи қою қиын. Өйткені кез келген оқушының бұл ретте ғалымнан «дулаттар көне заманда неге дұғалық (тұғылық, атанған, сонсоң неге бертін келе дулу дулат атанған» деп сұрауына хұқы бар. Ал оған берілген жауап жоқ.

Тағы бір мысал. Қазақ Совет энциклопедиясында дулат атауының шығуы жөнінде былай делінген: «Үйсіннің гуньмосы қартайған шағында он ұлының үлкенін өз орнына тағайындайды. Бірақ ол көп ұзамай дүниеден қайтады. Өлерінде ол орнын **өзінің тұңғыш баласына** беру туралы әкесіне тілек білдіреді. Әкесі **оның** әрі батыр, әрі тапқыр **ортаншы баласы Далуды** қойғысы келсе де, көңілін қимай уәде етеді. Қарт би тақ үшін **немересі** Далуды мерт етер деп ойлап, екеуіне де елімен қоса он мыңнан атты әскерді еншіге беріп, ордасы Ханқорадан (қытайша Чугу-чень) біреуін Ыстықкөлге, Далуды Іленің бойына қондырады. Содан Далудың еншісіне тиген ел Далу (Дулу, көне формасы Далуғ, Далуғ) болып аталып кетеді».

Міне, бұл да тарихи дерекке негізделмеген, үйсіннің гуньмосының немересі. Далу мен тайпаның қытайша аты Дулудың, сырт түрі, дыбыстық ұқсастығына қарап, осылай болар-ау деп ойдан шығарылған бопса болжам ғана. Ең өкініштісі сол, мақала авторы өзінің осынау бопса болжамына жұртты сендіру үшін тарихи деректі өз мақсатына қарай өңдеп пайдаланып, өңін айналдырып жіберген. Автор келтірген бұл деректі үйсіндер жөнінде сөз болғанда, біз де келтірген болатынбыз. Есіңізде болар, әйтпесе, сөзбе-сөз оқып беруіме де болады онда: «Мұрагер ханзада ерте дүние салды. Ол қайтыс болар алдында әкесі Күнбиден (гуньмодан) «Санзорды үлкен баласы мұрагер ханзада етіңіз,» — деп тілеген. Күнби қайғы-қасірет ішінде оған мақұл болған. Дару бұған қатты ашуланып, інілерін ертіп, қосынын бастап Күнбиден бет бұрды да, Санзорға сокқы беруге әзірленді. Күнби Санзорға он мыңнан астам атты жасақ беріп, оған басқа жерге барып тұруға бұйырды»,— делінген. Көріп отырсыз. мұнда энциклопедияда айтылғандай «қарт би тақ үшін немересі Далуды мерт қылар деп, елімен қоса он мыңнан атты әскерді еншіге беріп» отырған жоқ. Керісінше, Далу үлкен баласының ұлы Санзорды мерт қылар деп қауіптеніп, соған беріп отыр әскерді. Мұның сыртында Далу, энци-

клопедияда көрсетілгендей, гуьнмонның немересі емес, өзінің ортаншы баласы, он ұлының бірі. Сондай-ақ бұл арада автордың «Далудың еншісіне тиген ел далу болып аталып кетеді», — деп мәлімдеуін айғақтар да ешқандай дерек жоқ. Сонда бұл не? «Қазаншының еркі бар, қайдан құлак шығарса» деп, ескінің көзіндегі болып жұрнағы жеткен онсыз да мардымсыз аз деректі әркім өз киялының ыңғайына қарай өзгерте берсе, онда шындықта не қасиет, тарихта не қадір қалады?

Орайы келген соң айта кетейін, энциклопедиядағы осы мақалада «Академик С. Е. Маловтың баяндауығша, Күлтегін құлпы тасындағы көне түркі жазуында ағайынды Бумын қаған мен Естеми қаған дулу болған» деген тұжырым бар. Бұл да «осылай болса керек» деген жалаң ойдан туған жаңсақ пікір, өз дегенін мойындату үшін шындықты бұрмалап жеткізудің бір түрі. Нанбасаныз өзіңіз оқып шығыңыз, Күлтегін ескерткішіндегі «Үлкен жазудан» да, «Кіші жазудан» да сіз «Бумын қаған мен Естеми қаған дулу болған» деген деректі таба алмайсыз. Өйткені ондай дерек жоқ. Демек С. Е. Маловтай ірі ғалымның жоқты бар деп айтуы да мүмкін емес. Ендеше бұл не?

— Энциклопедиядағы мақала авторы, меніңше, бұл арада «Бумын қаған мен Естеми қаған дулу болған» дегенде жылнама дерегін түріктердің шығу тегі жөніндегі басқа аңыз дерегімен шатастырып алып отыр. Есіңізде ме, Бірінші Түрік қаған атының негізін қалаушыларды Надулу Ичжи Нишиду деген кісінің он әйелінен туған балалардан өсіп-өнген ұрпағы дейтін аңыз бар еді ғой. Осы аңызға талдау жасаған С. Кляшторный «Надулу өлгеннен кейін оның көп балаларының ішінен тоқалдан туған Ашино деген ұлы жеңіске жетіп, Асянь-шад деген атпен тайпа көсемі болады. Ал ол өлгенде оның орнын баласы Туу басты. Осы Туудың баласы — Тумынь. Бұл кәдімгі Түрік қағанатының негізін қалаушы, Күлтегін ескерткішіндегі жазудағы Бумын еді» деген пікір айтқан болатын. Ал ғалым Ю. А. Зуевтің «Қытай деректеріндегі көнетүрік этнонимикасынан» деген мақаласында дулуды жаңағы аңыздағы түріктің түп атасы деп аталатын на — дулу есімінің екінші компонентінен шығаратыны бар. Кейбір ғалымдар осы пікірді дұрыс шешім деп тауып өз еңбектерінде ғылыми түйін ретінде қолданып та жүр. Меніңше, міне, осыларды энциклопедия «Күлтегін» құл-

пытасындағы көне түркі жазуында» деп шатастырып отырма деймін.

— Бәлкім, солай да шығар. Ау, бірақ бұл басқа емес, энциклопедия ғой.

Қайтесіз, амал қанша... Бұл және біреу ғана емес. Нақтының нақтысы ғана жазылып, талас мәселеде қазылық роль атқарар ғылыми анықтамалық құралдың өзінен осындай ақаулар жиі кездесіп отырады. Ал дұрысында энциклопедияға енген әр тұжырым ол біз екеуміздің жұрт ойына қозғау салу үшін айтқан пікірқашыртқы жеке пайымдауымыз емес, жан-жақты зерттеліп дәлелденген, ғылым мойындаған ғылыми анықтама болуға тиісті ғой.

— Осының бәрі, меніңше, төл мәдениетімізге, тарихымызға жан ашымаудан шығады. «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деген немкеттерліктің қырсығы бұл. Әйтпесе, жаңағы сіз айтқандай сан ойдың сарабынан шығып қорытылған ғылыми түйін ғана енер энциклопедияға жаңсақ пікір, жалған дерек жіберілер ме. Халқымыздың ғұмырнамасын анықтауда, алдымен, халық болып қалыптасуымызға негіз болған байырғы ру-тайпалардың аттарының шығу төркінін, яғни этноним этимологиясын табудың маңызы ерекше екені мәлім. Осы маңызы ерекше мәселеге де атүсті қарап, оған жан-жақты ғылыми талдау жасамай, жоғарыда айтқанымыздай, тек сыртқы ұқсастыққа негіздеп ой қорыта салудың астарында да осы жаны ашымастық жатыр. Әйтпесе жан-жақты зерттеп танымай, жеке тарихи деректермен салыстырып сараламай жатып, сөздің сыртқы түрі, дыбыстық үндестігі келеді екен деп, бұл арада «дулат» атауының шығу тегін Батыс Түрік қағанатының ханы Дулуға, Үйсіннің гуньмосы Далуға, болмаса көне түріктердің түп аталығы — Надулуға апарып телігеннен не ұттық, қандай ақиқатқа қол жеткіздік?!

Ең жаманы және осыларды айтқанда осылай болуы мүмкін деп оқушының өзіне ой тастамаймыз, керісінше «бұл мәселе осымен шешілді, енді ізденіп әуреленудің қажеті жоқ» деген пиғыл танытып, біржолата кесіп-пішіп айтамыз ғой. Сөйтіп сонымызбен болашақ зерделі жастардың ізденісіне кедергі қоямыз. Өз басым төл тарихымыздың көне тұстарының әлі айқындыққа жетпей көмескі болып жатуын осындай бейғылыми тұжырымдарды малданып, «е-е, ол туралы жазылды ғой»,— дегенге саяр керенаулығымыздан көремін. Бұған, әрине, бүгінге дейін халқымыздың көне тарихына тиісті мән берілмей, жалпы

жұртшылық назарынан тыс қалып келгеніне де өзінің кері ықпалын тигізгені даусыз.

— Ойды ой жетектеп тағы да негізгі әңгіме арнасынан ауытқып барамыз-ау... Сонымен өзі дулат атауы қайдан шыққан болды? Шын төркінін біле алдық па?

— Өз басым ғылыми нақтылық тұрғысынан дулат атауының қайдан шыққаны әлі анықталды деп айта алмаймын. Әлі де ізденуді, зерттеуді керек етеді. Ал бар зерттеулердің болмысы жоғары айтқанымыздай, ғылыми тұжырымнан гөрі бопса болжамға бейім.

— Бәлкім, онда белгілі ғалым Н. А. Аристовтың дулат атауын Шарыш өзенінің бір саласы Тулати өзенінің атынан шығаратын пікірі шындыққа келер.

— Мұны да өз басым шешімді пікір дей алмаймын. Жалпы Аристов тайпа атауын өзен-су атынан шығаруға бейім. Есіңізде ме, оның қаңлыны Қаң, найманды Найма өзендерінің атынан шығаратыны. Бірақ мұның бәрі бірдей көңілге сенім ұялата бермейді. Асылы, жер-су атынан ру-тайпа аты емес, керісінше ру-тайпа атынан жер-су аты шықса керек. Өйткені жер-суға ат беретін сол жерді мекен еткен халықтың өзі ғой. Тіпті сол жер-суды тұрақты мекендеуші байырғы тұрғындарды былай қойып, сырттан қоныс аударып келушілердің өзі бұрынғы атауларды өзгертіп, жаңадан өз атауын қойып алатынына тарихта мысал аз ба? Архив қазып, әріге бармай-ақ республикаға сырттан эшелон-эшелон болып келген кешегі тың көтерушілердің өзі байырғы атауларды жойып, қазақ даласын өңшең «Ковыльный», «Целинный», «Южный», «Северный», «Юбилейный» секілді атауларға тоғытып жібергені айтқанымызға айғақ емес пе?

— Ол дұрыс қой. Бірақ өмірдің аты өмір. Сондықтан онда белгілі заңдылыққа бағынбайтын жайлардың да бола беруі мүмкін емес пе? Мысалы, Шығыс ханның ата тегі шыққан қарамөрендік Мохэлерді алайық. Олар «қарамөрендік» деген атауды Қарамөрен (қазіргі Амур) өзенінің бойына келген соң алды ғой. Сол сияқты дулаттардың да осы атқа Тулати өзенінің бойына келген соң ие болып, кейін келе-келе тулатылықтан дулаттар атанып кетуі ғажап емес қой.

— Иә, олай болуы да мүмкін. Бірақ мұндай жағдайда әлгі жердің атымен аталып кеткен тайпаның сол жерге қашан келгенін, оған дейін қандай атпен аталғанын анықтау керек қой. Мысалы, дулаттар Тулати өзенінің бойына қашан келді, олар келгенге дейін де бұл өзеннің

аты Тулати ма еді? Осы жерге келгенге дейін дулаттар кім деп аталушы еді? Міне, осы мәселелердің басын ашып, нақты тарихи деректермен негіздемей тұрып, дулат сөзі тулати сөзіне ұқсайды екен деп, дулат атауын Тулати өзенінің атынан шыққан деп тұжырым жасай салу шындыққа қиянат болмай ма?

Осыларды сараптай келгенде, дулат атауының шығу тегі әлі анықталған жоқ деп айтуға негіз бар. Сондықтан оның нақты шешімін табуды ғалымдар үлесіне қалдырып, енді шежіре берер дерекке үңілетік.

Шежіре бойынша Дулаттан Сиқым, Жаным, Ботпай, Шымыр атты аталықтар тарайды. Сиқымнан он бала туады. Олар: Бораш, Тоғас, Буас (бұл үшеуін қарақойлы деп те атайды), Ескелді, Есбол, Қара (бұл үшеуін Аққойлы деп атайды), Шуылдақ, Құспырақ, Ақылбек, Құттыбай.

Жаныстан жеті бала: Жантобы, Жарылқамыс, Жәнтен, Қапал, Шегір, Оймауыт, Бөгежілі.

Дулаттың үшінші аталығы — Ботбай. Одан үш бала: Құдайқұл, Қоралас, Шағай, Шағайдан батырлар көп шыққан.

Осы арада Н. А. Аристов келтіретін мына бір қызық дерекке назар аударған жөн. Ғалым онда Ботбай есімінің император Константин IV кезінде Ұлы Болғарияның ордаларға бөлінуі жөнінде жазған Византия тарихшысы, патриарх Никифордың жазбасында кездесетінін айтады.

Болгар ханы Куврат өлгеннен кейін оның балалары атадан қалған мемлекетті беске бөледі. Үлкені Ботбай өз еншісіне тиген елмен Азау теңізінің жағалауы мен Кубань өзенінің бойын, екінші ұлы Котрага (тарихқа мәлім Котригур, немесе Котургур жұртымен салыстырыңыз) Дон өзенінен өтіп, соның арғы бетін, үшінші ұлы Панионияны, төртінші ұлы — Еділ бойын (бұл екеуінің аты белгісіз) иеленеді. Ал бесінші ұлы — Аспарух бүгінгі Бессарабияға барып, сонда қоныс тебеді.

Осы деректі Эллин жылнамасындағы Болгар бектерінің тізіміндегі есімдермен салыстырғанда Аспарухтың аты Есперих деп берілген көрінеді. Н. А. Аристов осы Есперихты қазақтың Еспер батырмен шендестіреді. Қазақтың өз шежіресінде Еспер Ботбайдың баласы Құдайқұлдан туады. Одан Есей, Бөгей, Үмбетей, Қағыбай, Тоқабай, Тоқбанбет, Қожанберді, Сиыршы және басқалар тарайды.

Егер жоғарыдағы жылнамадағы Есперих пен Болғар ханы Аспарух бір адамның аты болса және оны қазақ

шежіресіндегі дулаттың Есперімен шендестірсек, онда кейбір ғалымдарымыздың: «Дулулардың (дулаттардың) бір бөлігі ғұн (хунну) тайпалар одағының 434-453 жылдардағы көсемі Моншак ханның баласы Атиланың (Еділдің) басқаруымен Азияны басып өтіп, Европаның біраз жерін басып алуға қатысады. Атты әскерінің негізгі күші дулулар мен қыпшақтар болды,— деген тұжырымдарында шындық болғаны ғой деген ой келеді. Бір қызығы мұны жоғарыдағы Эллин жылнамасындағы Болгар бектерінің тізіміне жасаған ғалым Н. А. Аристовтың талдауы да мойындата түскендей.

«Болгар бектерінің тізімі 300 жыл өмір сүрді деп көрсетілетін Авитохолдан басталады, одан кейін 108 жыл жасаған Ирник, одан әрі 2 жыл жасаған басқақ Тостун, 60 жыл жасаған Курт, 3 жыл жасаған Безмер, сосын барып Есперих. Егер Есперихтен бұрынғы бес бектің өмір сүрген жылдарының бәрін қоссақ, 473 жыл болады. Сондай-ақ жылнамада Болгардың осы бес бегі Дунай өзенінің екі бетін 515 жыл биледі деген дерек бар. Жылнамашы бұған 66 жыл хандық құрған Аспарухтың алғашқы 42 жылын да қосқан тәрізді. Аспарух Дунайдың оңтүстік бетіне 679 жылы өткен. Егер біз осы саннан жаңағы 515 жылды алып тастасақ, қорытындысында 164 қалады. Ал бұл Солтүстік Хуннулардың Юебаньнан, басқаша айтқанда Шығыс Тянь-шаньның теріскей етегінен Қангюйге кеткен кезіне тұспа-тұс келеді». Осы арада бір ескерте кететін жәй Н. А. Аристов Есперді Албанның батыры деп көрсеткен ғой.

— Бұл жерде ол ешқандай роль атқармайды. Мәселе, меніңше, бұл арада, аталған деректердің дулат руының аталығы деп шежіре көрсететін Ботбаймен, Еспермен аттас тарихи нақты тұлғалардың болғанын анықтайтындығында ғой. Ал мұны жәй кездейсоқтық деп қарауға болмас. Сондықтан оны зерттей түсу керек әлі де. Егер осы айтылған Ботбай мен Еспер шынымен Дулат руының аталықтарының аты болса, онда дулу тайпасының дулат екеніне және оның өте көне тайпа екеніне дау болмас еді. Бұл және төл тарихымыздың талай көмескі жерін ашуға да көмектесер еді.

Дулаттың төртінші аталығы — Шымыр. Одан үш бала: Бекболат, Шынқожа және Темір. Бұлардың әрқайсысынан шежіре дерегі бойынша бес-бестен бала тарайды. Жарықшақтың Дулаттан кейінгі екі баласының аты Албан және Суан деп аталады. Бұл екеуінің есіміне атаулық

тұрғыдан қарасақ, онда олардың дулат атауымен қатарлас тым көне атаулар екенін байқауға болады. Себебі «Албан» мен «Суан» сөздерінің жаратылыс болмысы соған меңзейді. Бұл атаулар «Алб-тау» және «Суб — су» деген екі сөзге «үңгір», «үй», «мекен» деген ұғымды білдіретін көне түркілік «ан» сөзі қосылу арқылы жасалған. Сонда «алб-ан» — тау елі, яғни таулықтар; «суб-ан — су елі, яғни су, өзен бойындағы деген мағына береді.

Осындағы «алб» «суб» «ан» сөздерінің тым көнелігіне қарап (тіл білімінде ностратикалық теория шығарған ғалым В. М. Иллич — Свитыч еңбегіне қараңыз), албан, суан атауларының туран, албан, қазан және осы тәріздес басқа атаулармен терезесі тең байырғы атау екенін білумен бірге, осы атауларды иеленушілердің әлімсақтан таулы, өзенді жерлердің тұрғындары екенін де байқауға болады. Міне, біздің жыл санауымыздан да бұрын бар осынау көне атауларды қазақ шежірешісі біздің жыл санауымыздың XV ғасырында қайта тірілтіп, Жарықшақтан туған үш баланың екеуінің есімі етіп беріп жатса, оны кездейсоқтық деп қарауға бола ма?! Бұл атаулар халықтың «санасында сақталып, жалғасын үзбей келе жатқан тарихи сабақтастықтың куәгері емес пе. Ендеше этникалық құрамына еніп, қазақ халқының халық болып қалыптасуына үлес қосқан бүгінгі албан, суан тайпаларын қашаннан осы Жетісу жерін мекендеп, өзара «таулықтар», «өзендіктер» болып екіге бөлінген байырғы көне тайпалардың заңды мұрагерлері деп ой түйсек шындыққа қиянат жасай қоймаймыз ғой деймін.

— Бұл ойыңыз қисындық тұрғыдан алғанда көңілге қонатын да секілді. Бірақ ғылымның түсіндіруінде бұлай емес қой. Ғылым академик Б. Я. Владимирцевтің албан моңғолдың бағыну, әскери қызмет деген мағына беретін «алба» деген сөзінен шыққан деген пікірін қолдайтын ыңғай танытады. Түсіндіруде ептеп ерекшелігі болғанымен В. В. Радловтың пікірі де осы тұжырымды құптайтын сыңай танытады.

— Иә, ондай пікірдің бары рас. Бірақ оны ғылым мойындаған тұжырым деуге болмас. Өйткені албан сөзінің моңғолдың «алба» сөзінен дыбыстық ұқсастығы болмаса, оның дәл осы сөзден шыққанын дәлелдеген тарихи талдау жоқ. Албан тайпасының негізін қалаушылар қашан, кімнің әскери қызметінде болыпты және олар қай кезде, қандай жағдайда бөлініп шығыпты? Бұл сауалдарға

жауап берілуі керек. Содан кейін албан мен суан этнонимдерін, бір-бірінен бөлмей, тарихи тұрғыдан да, тілдік тұрғыдан да тұтас бірге алып қараған жөн. Себебі бұл екеуінің тайпа ретінде тарихқа танылған кезі де, мекен еткен өңірі де бір, ал этноним ретінде жасалу жолдары да ортақ. Сондықтан оларды бөліп қарап, анау анаған ұқсайды, мынау мынаған ұқсайды екен деп, көршілес халықтардың сөзінен шыққан деп дәлелсөз түйін жасау ғылымға бедел әкелмейді.

— Қайдам. Менікі өзім білген деректі алға тартып жатқаным ғой. Қалай болғанда да дәлелі жоқ жалаң қисынға құрылған болжам ақиқатқа апармасы хақ.

— Жақсы, бұл реттегі пікірімізді осымен аяқтап, шежіренің өз дерегіне келейік.

— Шежіре дерегі бойынша Албаннан Сегізсары мен Шыбыл, ал Суаннан Бекарыс, Тоқарыс, Бағыс аталықтары тарайды. Қазақ Совет энциклопедиясында бұл үшеуінің орнына Суаннан Байтүгей мен Тоқарыстан тарайды деп көрсетілген. Сондай-ақ мұнда Албаннан Сары мен Шыбылды таратады да, Сегізсарыны Сарының баласы Сүйеркұлдан туғызады. Бұл, меніңше, қате секілді. Өйткені осындағы Сегізсарының кісі аты емес, сегіз ру не тайпаның құрамы екенін жоғарыда сөз реті келгенде айтқанбыз. Шежірешінің де Сегізсарыдан — басқа емес тұп-тура сегіз аталықты (Сүйеркұл, Сүйменді, Қожамбет, Жарды, Досал, Шоқан, Әлжан, Қалжан) таратуы да сол айтқанымыздың дұрыстығына куәлік бергендей.

ОРТА ЖҮЗ

Шежіре дерегі бойынша алты арыс елді құрайтын бүкіл орта жүз Қазақ деген кісінің ортаншы баласы Жанарыстан тарайды. Ел арасындағы аңыз әңгімеге қарағанда, Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бірақ екі әйелі де көпке дейін бала көтермей, Жанарыс өмірден перзентсіз өтемін бе деп уайым жеп жүргенде, бір күні үйіне ел аралап жүрген алты қожа келіп қонады. Үй иесі қонақтарын барынша құрметтеп күтіп, ізетпен қызмет етеді. Бұған қатты риза болған қожалар аттанар алдында үй иесі мен оның әйелдерін шақырып алып, баталарын беріп, жаратқаннан осындай ақ ниетті адал жандарға перзент беруін тілейді. Содан соң қожалардың тілегі қабыл болып, Жанарыстың әйелдері жыл артынан жыл

өткеріп барып, арыстай алты ұлды өмірге әкеледі. Қу мазардай құлази бастаған құтқаналары сәбиге толып, базарға айналғанына қуанған ата-ана сәби балаларына баяғы қожалардың құрметіне орай Қарақожа, Аққожа, Ақтанбердіқожа, Дарақожа, Смағұлқожа, Қасымқожа деген есімдер береді. Бұлардың алғашқы төртеуі бәйбішеден, кейінгі екеуі тоқалдан туған еді. Соған орай олардың алғашқыларын бәйбіше балалары, кейінгі екеуін тоқал балалары деп атаған көрінеді.

Міне, ел аузындағы аңыз мазмұны осындай. Бұған қарап Жошы ұлысына ислам дінінің орныға бастағанын, миссионерлік мақсатта ел аралаған қожалардың үстемдік алып, халық шежіресіне түзетулер енгізер ықпалға ие боларлық дәрежеге дейін көтерілгенін аңғару онша қиынға түспейді. Әңгімедегі баласызға бала беретін жарылқаушы роліндегі қожалар осының айғағы. Қазақ хандығының құрамына кірген ру-тайпалар әкімшілік-территориялық орналасу жағдайына қарай үш жүзге бөлінгенде ел тұтастығын сақтап қалуды мұрат тұтқан шежіре жасаушылар орта бөліктің түп атасын Қазақтан туған үш баланың бірі етіп, оған Жанарыс деген атты қалай бергенін жоғарыда айттық. Бұл ел басқарудағы далалық идеологияның жемісі еді. Енді осыған, яғни ұрпақ тегім деп таныр аталықтар есіміне дін насихатшыларын білдіретін қожа сөзі келіп тіркессе, мұны көшпелілер өміріне көктей енген ислам ықпалы деп түсінген ләзім. Бұл да өз идеологиясын алға тартады: «Түп нәсілің қожа, ислам ол дінің, мұсылмандықты мойында — көкейдегісі осы. Мұны сол кездің оқымаған қазақтары түгілі бүгінгі күннің ғылым ордасының құрметті тұрғындары — ғалымдарымыздың кейбіреулері солай түсініп қалған сыңайлы. «Қазақ ССР тарихының» 1957 жылы жарық көрген бірінші томында қазақ шежіресіне «XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында... мұсылман дін басыларының шығарған қазақ руларының тұқым қуалау шежіресі», — деп анықтама беруіне қарап осындай ой түюге мәжбүрміз.

Сондықтан да мұның бәріне сын көзбен қарау керек. Өйткені осы идеологияның арбауына іліккен шежірешілер енді келіп, Қарақожадан Арғынды, Аққожадан Найманды, Ақтамбердіқожадан Қыпшақты, Дарақожадан Қоңыратты, Смағұлқожадан Керейді, Қасымқожадан Уакты таратады. Басқа ғылыми негізде дәлелдеуді былай қойып, жәй қара есепке салып, үш атаның ғұмырын бір ғасыр

деп есептеп көрсек, бұлардың қай-қайсысы да, ең әрі дегенде, XI ғасырда өмір сүрген жандар болып шыға келеді. Ал тарих деректері бұл атаулардың ру-тайпа аты ретінде тым ертеден, тіпті кейбіреулерінің біздің жыл санауымыздан да көп бұрын болғанын куәландырады. Мұның бәрі тындырымды сараланып, ғылыми негізделген, әр атауына нақты түсініктеме берілген шежірені жедел жасаудың қажеттілігін көрсетеді. Онсыз жалпы көпшіліктің жаңсақтық шылауынан ақиқатты ажыратуы қиын. Соның үшін мұны келешекте кемеліне келтіріле тындырылатын игілікті істің бірі деп санап, оған дейін жұртшылық алдындағы әлгі қиындықты аз да болса жеңілдеті түсу мақсатында «Орта жүз» деп аталатын тайпалар бірлестігінің шежіресі деректерін тарата отырып, оның кейбір атауларына білім өреміз жеткенше түсінік жасап көрелік.

Орта жүзге жататын жаңағы алтаудың: арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, керей, уақтың ішінде, ғалымдар мәліметіне сүйенсек, иеленген жер көлемі жөнінен де, түтін санының көптігінен де кезінде арғындар алда болғанға ұқсайды. Кейінгі деректерге қарағанда арғын тайпасы негізінен Ертістен Торғай даласына, Көкшетау облысы жерінен Балқаш жағалауына дейінгі территорияны мекендейді.

— Арғындарды «аға баласы» дейтін де сөз бар ғой. Соған қарағанда ағайынды алтаудың ішіндегі жасы үлкені болмағанмен жолы үлкені де осы Арғын сияқты.

— Бұл — басқа мәселе. Оған кейін арнайы тоқтаймыз. Содан кейін осы арада басын ашып алатын бір жай, ол жаңағы сіздің «ағайынды алтау» дегеніңізде ағайындылықтың шартты ұғым екендігі. Өйткені жаңағы айтылған арғын да, қыпшақ та, қоңырат та, найман да, керей де, уақ та нақты кісінің аты емес, тайпа бірлестіктерінің аты. Неге бұлай дейтініміздің себебін түсіндіру үшін осылардың аталығы деп есептелінетін Жанарыстың өзі кісі аты емес, «орта тармақ» «орта ел» деген жалпылық мәндегі атау екенін, болмаса бүкіл түркі тілдес халықтардың құрамында жүрген қыпшақтардың бәрін бір адамның кіндігінен өрді дегеннің ешқандай қисынға келмейтінін және қыпшақ атаулының біздің жыл санауымыздан да бұрын барлығын айтсақ та жеткілікті ғой деп есептеймін.

Сондықтан бұл арада ой қайталап, сөз көбейтпес үшін алдымен «Арғын» атауының қайдан шыққанын анықтап

алайық. Бұл орайда әр кезде әр түрлі пікір айтқан ғалымдардың зерттеу еңбектері баршылық. Олардың бәріне тоқталып, әрқайсысына өз пікірлерімізді білдірсек, оған қыруар уақыт керек. Сол себепті біз уақыт үнемдеу, әрі ой қайталамау үшін, алдымен атаулар сырына көптен үңіліп, арнайы зерттеп жүрген қазақстандық ғалым Айтым Әбдірахмановтың «арғын» этнонимінің этимологиясын анықтаған еңбегіне талдау жасап, айтар ойымызды сол арқылы өрбітіп көрейік. Өйткені арнайы зерттеу болғандықтан бұл ғалым «Арғын» этнонимі жөнінде өзінен бұрынғы ой айтқан ғалымдардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталып талдау жасайды. Ал бұл арғын этнонимі жөнінде бұдан бұрын пікір білдірген ғалымдарды да назардан тыс қалдырмай, қоса қамтимыз деген сөз. Енді солардың басты-басты түйінділеріне тоқталсақ. А. Әбдірахманов әуелі Н. А. Аристов айтқан, кейін оны академик В. В. Бартольд қолдаған «арғын» да, «басмыл» да бір тайпаның аты, екеуі де «будан», «қоспа» деген мағынаны білдіреді, сондықтан әуелі басмыл аталғандар кейін «арғын аталған» деген пікірлерін теріске шығарады. Ғалымның бұл ретте профессор С. Аманжолов пікіріне сүйене отырып келтірген дәлелдері көңілге қонады. Меніңше осы дұрыс пайымдау.

Сондай-ақ А. Әбдірахманов ғалым Ғ. Мұсабаевтың «арғынды» арабтың «мал баққыш» деген мағына беретін «аргуй» деген сөзінен шығарған пікірін де мақұлдамайды. Бұл ретте ол: «Арғулар Алтайдан осы атпен көшіп келсе, оның аты қалайша араб тілінен алынады. Арабтар VIII ғасырда Талас өзенінен бері аспағаны белгілі емес пе. Сол себептен арғу араб сөзі деудің қисыны келмейтін сияқты», — деген уәж айтады. Меніңше, уәжінің жаны бар. Бірақ ол үшін арғудың арғын екенін әлі дәлелдеу керек.

Бұдан кейін А. Әбдірахманов А. Н. Кононовтың еңбегіндегі «Арка поколение», «где- гун- аффикс множественности, собирательности» деген пікіріне сілтеме жасай отырып, арғынды «аркагун» деген сөзден шығарған. І. Кенесбаев пен Т. Жанұзақовтың болжамдарын мақұлдап, дәлірегінде «қызықты деп есептеп», өз тұжырымын алға тартады. Оның ойынша арғын «ар» және «ғын» деген екі компоненттен тұрады. Ал М. Қашқари жазатын «арғу» сөзін осы арғынның негізі деп біледі.

Мұның «ар» деген алғашқы компоненті белгілі тюрколог (А. М. Щербак берген түркі тілінің бір түбірлі

сөздерінің тізімі бойынша екі мағынаға ие: біріншісі — таза, жақсы, қасиетті, сұлу; екіншісі — арт жақ, арқа жақ, қарсы жақ. Ғалым осының екінші мағынасын алады.

Екінші компоненті — гун // гун-ғын. Мұның мағынасы анықтауда ғалым моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде хун сөзінің «кісі», «адам» дегенді білдіретінін еске салып, А. Н. Кононовтың «халық», «ру» деген мағынадағы көне түрік сөзі «кун» арқылы түрік төр-кун атауының этномологиясын табатынын айғақ қып алға тартады. Сөйтіп, А. Әбдірахманов арғын атауын «сыртқы гун», яғни «батыс гун» деген мағына беретін «ар» және «ғун» сөздерінің бірігуінен шыққан деген тұжырым жасайды.

Осы арада бір ескерте кететін жай, ғалымның мұндай тұжырым жасауына кезінде шығыстанушы ғалым Г. Е. Грумм-Гржимайло айтқан, кейін С. Аманжолов құптаған көне қытайлықтардың «алунь» деп атайтын тайпасына арғын дейтін болжамның негіз болғандығы. Г. Е. Грумм-Гржимайло біздің жыл санауымыз бойынша V ғасырда қарлықтардың оңтүстік батысында Шығыс Тарбағатайда алуныдардың өмір сүргенін айтады. Міне, осы деректен А. Әбдірахманов мынандай қорытынды шығарады: «Арғындар (алуныдар) V ғасырда және одан бұрын Тарбағатай маңында болса, онда олар көне гундардың батысында болады. Сонда ар-ғын//ғун-«батыс гун // ғун-ғын// деген болып шығады», — дейді. Бұған кейін де ораламыз, бірақ реті келген соң түйіп айта кетейін. Ғалымның бұл түйіндері де дұрыс емес. Өйткені V ғасырдағы алуныдар «батыс ғун» бола алмайды. Басқаны қойғанда біздің жыл санауымыздан бұрынғы I ғасырдың отызыншы жылдарында хуннудың тәңірқұты Чжичжы үйсін мен қаңлы мемлекеттерімен соғысып жүрген жок па? Оның бер жағында тап осы ғалым айтып отырған V ғасырда Европаны дүр сілкіндіріп жүрген Аттиланы қайда қоямыз.

Бірақ А. Әбдірахманов мұндай нақты тарихи дерекке назар аудармайды. Көне қытайдың алунынан «батыс ғунды», ал «батыс ғуннан» арғынды шығарып алады да, өз болжамын одан әрі жалғастыра береді.

Біздіңше, М. Қашқари заманында арғын этнонимінің «батыс гун» деген мағынасы ұмытылған дейді. Өйткені арғулар бұл кезде Шығыс Тарбағатайдан Оңтүстікке келіп қоныстанған болатын... М. Қашқари кезінде арғын этнонимінің арғу түрінде қолдануының себебі сөз сондағы сонар Н дыбыстың түсіп қалғыштығынан болса

керек... Сол себептен де этноним арғұн түрінде емес, арғу түрінде қолдануы әбден заңды»,— деп өз тұжырымын нығарлай түседі.

— Бірақ ғалым қанша нығарлағанымен, шынын айту керек, бір түсіп қалып, талай ғасыр «арғу» күйінде айтылып келген атаудың соңына кейін «н» дыбысы қайта жалғанды дегенге сену қиын екен. Дегенмен А. Әбдірахмановтың бұл пайымдауы да әлгі арғынды Амурға құятын Арғұн өзенінің атынан шықты деушілердің пікірімен қабысады ма деймін. Олардың айырмашылығы бірақ арғунды «сыртқы өзен» деп түсіндіретін сияқты еді. Мұнда «гунды» қытайдың хуннуының баламасы етіп алыпты ғой.

— Иә, солай. Әйтеуір салыстыра салмақтап, тиянақты зерттеп өзіндік ой түюдің орнына ойыншыққа еліккен баладай сыртқы ұқсастыққа мәз болудан құтылмай-ақ қойдық. Моңғолдың «адам», «кісі» деген мағына беретін «ғұн» деген сөзіне ұқсайды екен деп, «ғын» деген жұрнақты да, хунну деген халықтық атаудың алғашқы буынын да «адам» деп түсіндіре береміз. Ал бізден басқа бүкіл әлем халқының айта алғаны оны «хунну», айта алмағаны «гунны» дейді, мағынасы көне қытайдың көрші көшпелілерге берген «хун — злые, ну — невольники» деген қорлық атауы екен деп түсіндіреді.

— «Злой», «невольник» дегеннен гөрі «адам», «кісі» деген дұрыс қой. Бұл біздің ғалымдардың білмегендігінен емес, кекшіл құлдың ұрпағы болғысы келмегендігінен шығар. Намысқа шапқаны болар...

— Намыстанған жақсы ғой. Бірақ шындыққа шымылдық құруға бола ма? Шын намыстанады екенсің, шынайы атыңды тап. Жоқ, мен ол емеспін, мынауым деп дәлелде. Әйтпесе, жалған намыс жарға жығады, өтіріктің арты ашылады. Қазір, қас қылғандай, ғалымдар 15-20 жылдың шамасы болды, хуннуды берер мағынасы сол баяғы «кекшіл құл» болғанымен оқылуын «сюнну» деп оқып, солай деп айтып жүр. Енді не істейміз? Бұрынғы «ғұнды» енді «Сюнге» өзгертеміз бе? Өзгертсек оны не деп түсіндіреміз? Енді ол моңғолдың «кісі», «адам» деген мағына беретін ғұнына ұқсамайды ғой...

Солай, бауырым, ақиқатқа анық табан тіремеген соң, кез келген тұжырым тайғанақ. Бір «арғын» сөзінің «ғын» деген жұрнағын халыққа байланысты болғанда «ру», «тайпа», «адам» деп, ал суға байланысты болғанда «өзен» деп түсіндіріп жатқанымыз да соның белгісі.

— Хош, бұны осымен доғарып, «арғын» атауының шығу тегі жөніндегі А. Әбдірахмановтың соңғы пікіріне оралайық.

Шынымды айтсам, ғалымның арғын этнонимін «ар» және «ғын» деген екі сөздің бірігуінен шыққан деген пікірін, онда да этноним емес, топоним ретінде құптағанменен, дәлелдеуін мақұлдай алмаймын. Ғалым Этноним ертеде жасалғандықтан, оның тілдік негізі де көне заманда жатыр» деп зерттеу бағытын дәл белгіленгенімен, соны енді іздеп табуға келгенде атақтының атына жығылып, беделге бел бүккен тәрізді. Әйтпесе сөздің мәнін түсініп, тынысын сезе алатын кез келген адам А. Щербак ұсынған ар сөзінің «таза»және «арт жақ», «арқа» деген екі мағынасын да құптай алмаған болар еді. Өйткені ар сөзінің көне мағынасы мұның екеуін де білдірмейді. Оның мәні басқаша. Ол жөнінде даланың дана қарттары былай дер еді:

Сонау ерте замандағы көне тайпалардың адамдары сыртқы басқыншы тайпалардан қорғану үшін тұрақ-мекенін айналдыра ор қазып, оны қорғаушылардың әрқайсысына бөліп беретін болған. Осы әр адамға тиесілі ордың бөлігін «ар» деп атаған. Әр қорғаушы өз арын жауға бермей қорғауға, қажет болса сол үшін жанын қиюға тиіс. Егер қорғаушы қорқақтық танытып, арын тастап кетсе, ондай адам бүкіл қауым алдында айтыпталып, масқараланған. Ондай адамды, «бір сынаған жаманды екінші қайтып сынама»,— деп әлгі жыраулар айтқандай, ар қорғауға енді қайыра жіберілмеген. Сөйтіп ол қарғанды болып, арсыз атанған, яғни қорғар жері жоқ, ел қорғауға жарамсыз адам қатарына шығарылған.

Міне, қазіргі тілдік қорымызға ұят пен намыс ұғымының қоспасындай болып енген «Ар» сөзінің әуелгі негізгі мәні, шығу тарихы осындай. Халқымыздың бұрынғы амандасу рәсіміндегі «Армысыз» деген сөздің мәні қазіргі кейбір ғалымдарымыз түсіндіріп жүргендей «аурудан тазасыз ба, амансыз ба» емес, «арыңызды қорғай алып жүрсіз бе», яғни ел қорғайтын қуатыңыздамысыз деген ұғымды білдіреді. «Бар бол» деген жауаптың мәні де осындай, әрқашан арыңнан табыл, яғни жұртыңа қорған болға саяды. Бұл ұғым кейін өзгерген. Бертін келе-келе басқа түбір сөздер сияқты ар да жалғау, жұрнақтар жалғанып, немесе басқа сөздерге тіркесіп түрленген, ауыспалы мағынаға ие болған. Мысалы, жоғарыдағы әр адамға тиесілі ардың ұзындық мөлшерінен

аршын деген өлшем атауы шыққан. Сондай-ақ ұзындығы қысқа жеке орларды да кейін халқымыздың «ар» деп атап кеткенін қазіргі тілдік қорымызда бар «арық» сөзінен анық көруге болады. Осындағы «ар» — ұзындығы қысқа, шағын ор да, «ық» — су деген сөз. Екеуінен қосылып су жүретін ор деген ұғым шығып тұр.

— Токтаңыз, мұныңыз қалай болар екен?! Көне түркілерде су әлімсақтан бері су ғой. Рас, тым әріректе «суб», «.ус» деген түрлері болған көрінеді. Бірақ «ық» дегеннің су деген мағына беретінін естіген де, еш жерден оқыған да емеспін.

— Ау, бауырым-ау, қашанғы әзір асқа тік қасық бола береміз.

Біреудің айтуын, жазуын күтіп жүрмей-ақ сол тілді жасаған халықтың төл перзенті ретінде өзің иеленген мол мұраның тұтынушысы ғана болып қалмай, оның қайдан пайда болып, қалай жасалғанын танып, білу әркімнің мұрагерлік те, азаматтық та парызы емес пе. Осы мақсатта өзіңше ізденіп, әр сөздің тегіне зер қоя үңіліп көріңізші, бұрын андамай, байыбына бармай жүрген небір ғажайыпқа кездесесіз. Әр сөз өз шежіресін шертеді. Нанбасаңыз, көне осы «ық» қосылып жасалған бірер сөзге ғана талдау жасап көрелік. Сонда бәрі түсінікті болады. Айталық, құдық-құд-ық — құтсу, яғни микробсыз таза су; қайық — қай-ық. Қай — көне түрікше кебіс, сонда қайықтың мәні — «су кебісі» деген ұғымды танытады. Жайық — жай-ық, жай ағатын су деген мағынаны білдіреді. Осылай кете береді. Бұлардың сыртында бұл сөздің «ық», «ығу» секілді етістік түрінде қолданылатын кездері де бар. Бұл арада сөздің ауыспалы мағынаға ие болып тұрғанын, ызғарлы жел өтіне шыдамай малдың ыққа қарай жөңкіле жылжысқанын аққан, не төккен судың еңіске қарай жосыла сырғуына теңеуден шыққанын дәлелдеудің қажеті болмаса керек. Міне, осыларды ой елегінен өткізіп, сараптағаннан кейін, кім-кімде болсын, атакты ғалымның куәландыруынсыз-ақ, ықтың су деген мағына беретініне күдіктене қоймас деймін. Олай болса, арықтың ар және ық деген екі сөзден құралғанын, оның «ары» — қолдан қазылған тұрқы қысқа шағын ор да, «ық» дегені су екенін пайымдау да онша қиындық туғызбайтын тәрізді.

Сондай-ақ бұл арада тілдік қорымызда «арық» сөз ауыспалы мағынада сын есім түрінде де қолданылады. Мысалы, арық мал. Зерделей қарасак, бұдан ақынжанды халқымыздың мал етінін жылтырағының (майының) арық

суындай аз екенін поэтикалық тілмен баламалап айтқанын көреміз.

— Жаксы, солай-ақ болсын. Бірақ сөз жаңағы А. М. Щербактың ардың екі мағынасы бар деген пікірін дұрыс емес дедіңіз де, неге олай дейтініңізді дәлелдемедіңіз ғой. Шындық үшін айтар уәжі, берер дерегі, ұсынар дәлелі жоқ, өзім білемнің кесіп түспе «дұрыс емесінің» кеселмен тең екенін өзіңіз де білесіз. Меніңше, ардың екі мағынасы бар дегенде А. М. Щербак та көктен алып отырған жоқ. Оның белгілі ғалым В. В. Радловтың сөздігін пайдаланғаны көрініп тұр. Жарайды, бұл екеуін түркі тілінің қанша білгірі дегенмен сол тілмен ауызданбаған, кей сөздің шынайы нарқын, бояуын ажырата алмай, нәрін тұшынбай қалады дерсіз. Бірақ оларды төл ғалымдарымыз да құптап, мойындап отыр ғой.

— Несіне жасырамыз, бүкпесіз турасын айтайық та. Мұнда құптау да, мойындау да жоқ қой. Бар болғаны өзіне беймәлім жәйдің сырын ашпаққа беделді бетке ұстап, олардың айтқанын талғамсыз тұтыну ғана. Иә, талғамсыз тұтыну ғана... әйтпесе, қазақ үшін қазақ тілінде ғылыми еңбек жазып отырған ғалым «ардың» «арт жақ», «арқа» деген мағына беретінін дәлелдеуіне дәйек етіп «В. В. Радлов арқа сөзіне «спина» деп түсінік береді»,— дегенді алмас еді ғой. Шет ел халықтарына арнап, ағылшынша, французша, не немісше жазып отырса сөз басқа. Сонда қазаққа өз арқасын білуі үшін Радловтың «мынаны арқа дейді» деп түсіндіруі керек болғаны ма?.. Бұл өзі ойланатын мәселе. Қалай дегенде де қазақтың қазаққа өзі білетін сөзін өзге тіл арқылы ежіктеу жетіскен тірлік емес.

Жарайды, сөз ыңғайы келген соң айтып жатқаным ғой. Негізгі әңгімемізден ауытқыңқырап кеттік-ау деймін. Жаксы, енді жаңағы сіздің сөзіңізге жауап берейін.

Алдымен, ар сөзінің «таза» деген мағынасы жайында. Бұл ретте А. Әбдірахманов өз ойының дұрыстығына айғақ етіп «ару қыз» деген тіркесті алып, оның мәні, «таза қыз» деп түсіндіреді. Бұған келісе алмайтын себебім, біріншіден, ару «таза» деген ұғымды бергеннің өзінде ол ар сөзі емес, керісінше одан «у» жұрнағы арқылы жасалған туынды сөз. Мұны басқа сөзбен салыстыру арқылы оңай түсіндіруге болады. Мысалы, «қар» сөзін алайық. Ол жеке тұрғанда «кол» деген мағына береді. Ал осыған, яғни қарға «у» жұрнағын қоссақ, қолға ұстар құрал-қару

деген ұғымды беретін басқа жаңа сөз жасалады. Бірақ біз қару сөзі қар сөзінен шыққан екен деп, қол мен құралды бір сөз, бір мағына деп түсіне алмаймыз ғой. Сол секілді аруды да ар сөзінен шыққан екен деп, оны да «таза» деп ұғына алмасақ керек. Ар бір сөз де, ару басқа бір сөз ғой. Бұл бір.

Екіншіден, «ару қыз» ғалым айтқандай, «таза қыз» дегенді емес, «ұятты қыз, беті ашылмаған қыз» дегенді білдіреді.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» дегендей, біздің ғалымдардың аруды «таза» деп түсіндіруінің басы, меніңше, В. В. Радлов пен С. Е. Маловтың «Тонюкок ескерткішіндегі тас жазудың «Арығ обуты иіг тіді» деген сөзін «стыд чистых хорош»,— деп аударғанынан басталған секілді. Шын мәнінде «арығ» сөзі бұл арада ару да, таза да емес, «аздаған, кішкентай» деген мағынаны береді. Он оқ халқының өздерінен сан жағынан әлденеше есе көп әскеріне шабуылдауға жүрексінген түріктер Тонюкөкке: «Соғыспай кейін қайталық, қалың қолға тиісіп қырғын тапқаннан гөрі, қорықты деген ептеген, азғантай ұяттың өзі артық»,— дейді.

Енді ардың екінші омонимдік мәні — «қарама-қарсы жақ» «арт жақ», «арқа» дегеніне келсек, мұнда, меніңше, А. Әбдірахмановтың жоғарыда айтқан В. В. Радловтың «арқаны — «спина» дегені мен «кісі шығысқа қарап тұрғанда арқасы батыс жақ болады» дейтінінен басқа көңілге ұяларлық ешқандай дәлелі жоқ. Сондықтан өз басым ардың неліктен «қарама-қарсы жақ» болатынын түсінбедім. Оның мәнісі былай деп А. Әбдірахманов та түсіндірмейді. Оның мұнысы шамасы «В. В. Радлов осылай деген, басқасында менің шаруам қанша» дегендіктен болса керек. Ал «арт» және «арқа» сөздерінің негізінде «ар» бар демесек, оның түп мағынасына түк қатысы жоқ. «Арт» та, «арқа» да жасанды сөздер.

Бір ғажабы, осы ғалымдардың біреуі де ардың қазіргі қолданысымыздығы «ұят», «намыс» дегенді білдірер мағынасын айтпайды. Басқа болмағанмен қазақ ғалымдары бір ауыз айтуы керек еді. Шамасы бұл да өзінше ізденбей, тек бұрынғы ғылымдар ізімен кете беруден бе деймін.

— Жаксы, ар сөзінің жайы белгілі болды делік, ал оған қосылған «ғын» сөзінің мәнін не деп түсіндіреміз. Мұның өзі жұрнақ емес, жеке көне түрік сөзі болды ғой. Жоғарыда айтқандарыңызға қарағанда, ғалымның бұл орайдағы пікіріне де келіспейтін сыңайыңыз бар сияқты.

— Мәселе менің келіскен, келіспегенімде емес. Мәселе қалай болғанда да тарихи ақиқатқа көз жеткізіп, тарих ақтаңдақтарының орнын толтыруда. Айтар ойға осы мақсаттан келгенде, А. Әбдірахмановтың ғынды «халық» деп түсіндіруі де көңілге қонбайды. Ғалым гун // кун элементтерін бір деп алады да, өз пайымдауының дұрыстығына көрнекті тюрколог А. Н. Кононовтың түрік этнонимінің этимологиясын тур-кун сөзінен шығарғанын дәлел етіп ұсынады. Мұнда кун А. Н. Кононовтың айтуынша, көне түріктің кун дегеніне келеді, ал кун С. Е. Маловтың түсіндіруінде «халық», «ру» деген мағына береді.

Сонда А. Әбдірахмановтың түсіндіруінше ғын да, гун да, ғун да, кун да, күн де «халық», «тайпа», «кісі» деген мағынаны білдіретін сөздің айтылуға қарай өзгеріске түскен түрленуі ғана. Сондай-ақ олар көне қытайлықтардың терістік батысындағы көшпелі көршілеріне берген «хунну» деген халықтың атауын да білдіреді. Бірақ неге олай? Оған ғылыми негізделген дәлелді талдау жоқ. Сондықтан негізсіз сөзге сену де қиын. Тіпті сенейін-ақ дегеннің өзінде өмір шындығы оған қарсы өз дәлелін ұсынады. Өзіңіз салыстырып көріңіз.

А. Әбдірахмановтың айтуынша, арғын батыс деген мағынадағы «ар» және «халық» деген мағынадағы гун // ғын сөздерінің қосылуынан жасалып, батыстағы халық, яғни батыс гундары дегенді білдіреді.

Ал күнделікті өмірде Амур атты өзенге келіп құятын екі өзен бар екенін білеміз. Оның бірі — Аргунь, екіншісі — Амгунь деп аталады. Ғалымдар осының Аргунын — сыртқы өзен (дұрысы Ор өзен, яғни жарқабақты өзен болуы керек), Амгунын — «Қорған өзен» деп түсіндіреді. Амгуньның қорған өзен деген ұғым беретініне географиялық картаға қараған адам да бірден сенеді. Шынында Амгунь — арнайы өзеннен жасалған қорған секілді. Амгуньның алғашқы буынының «қорған» деген мағына беретінін көне түрік сөзінен де көруге болады. Осы сөзден кейін шеше деген мағына беретін «ана» сөзі жасалған. Ал Гунь-тунгус — манчжур тілінде жылға бойымен аққан суды, арнасы тар өзенді білдіретін көрінеді. Қалай дегенде де бір өзенге келіп құятын екі сала — Аргунь мен Амгунь атауларының екінші компоненті «гунь» сөзінің бір мағына беретіні даусыз. Егер Әбдірахмановша арғынды — батыс ғун деп алсақ, онда амғунь — қорған ғун болып шығады ғой. Сонда олар неғылған ғундар, өздері қиыр шетте жатып кімге қорған боп жүр?

Енді өзіңіз ойлаңыз, осы екі болжамның қайсысы дұрыс? Қайсысы қисынға келеді? Меніңше, соңғы тұжырымның хұқы басымдау сияқты. Манағы менің А. Әбдірахмановтың арғын сөзінің төркінін ар және ғын сөздерінің қосылуынан шығарғанда, оны этноним емес, топоним ретінде құптаймын дегенім де осыдан болатын. Арғын атауы меніңше, әуелде осы өзен атынан шыққан. Кейін осы өзен аты кісі есіміне берілген. Жағасында туған балаға сол өзеннің атын беру көшпелілер тірлігінде бар дәстүр. Мысалы, Толу, Есіл, Торғай, Еділ және басқа осы секілді есімдер толып жатыр. Ал осы кісі есімінен барып кейінірек әлгі өзбек, ноғай этнонимдері сияқты арғын этнонимі пайда болған ба деймін. Бұлай ойлауыма Шәкәрім ақсақалдың «Шежіресіндегі» менің ойымша Орта жүздегі Арғын Әбілғазы ханның шежіресінде айтылатұғын Ойрат Арғын-аға деген кісінің нәсілі болса керек. Оның мәнісі мынау — Шыңғысханның кенже баласы Толу үлкен қаған болған кезде, ойрат атанған елден Арғын-аға деген кісіні Хорасан деген жерге хан қойған. Сол мұсылманша 440 жыл, орысша 1261 жыл еді. Он жылдан соң Арғын-аға өлген соң, Толудың баласы Мөңке Арғын-ағаның орнына өзінің інісі Хилләку, яғни қазақша Әлеке ханды жіберген... Орта жүз ішіндегі арғындар осы Арғын-ағаның нәсілі болар. Себебі Арғын-аға деген аты да дәл келеді және біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы Арғын-аға хан болған кісі екен деуші еді», — деген пайымдауы себепші болды. Сіздің жоғарыдағы «арғындарды аға баласы дейді ғой» деген сауалыңыздың жауабын да осыдан табуға болатын секілді.

Әрине, бұл арада Шәкәрім ақсақалдың жалпы тұжырымына келіскенмен, оның бүкіл арғын тайпасын «Арғын-аға деген кісінің нәсілі» деген, яғни бір кісінің кіндігінен тарады деген пікірімен қосылуға болмайды. Бұл да бұрынғы өзбек, ноғай этнонимдерін талдағанымызда айтқанымыздай, Арғын хан билік жүргізген, ұлыстың «Арғын ұлысы» аталуынан, кейінгі айтылуда «ұлыс» сөзінің түсіп қалып, арғын аты ұлыс құрамына енген түрлі тайпалардың ортақ атауына айналып кетуінен пайда болған этноним.

— Тоқтаңыз, мен түсіне алмай қалдым. Сонда қалай, ойрат Арғын-аға мен Арғын хан екеуі бір кісі ме? Біздің ұғымымызда хан лауазымы тек Шыңғыс ханның тікелей өз тұқымынан шыққандарға ғана берілмеуші ме еді?

Азияның ақсақ барысы атанған Әмір Темірдің өзі бұл лауазымға ие бола алмай кетті емес пе?..

— Иә, оныңыз рас. Хан атану үшін Шыңғыс ханның өз тұқымы болуы міндет. Шәкәрім ақсақал айтқандай, ойрат Арғын-аға хан болмаған Сондай-ақ Арғын-аға мен Арғын хан екеуі екі адам, тек аттастар ғана.

Рашид-ад-дин, Захираддин Бабыр, Қайырғали Жалайыри деректерінен менің бір байқағаным моңғолдарда Шыңғыс хан тұқымының қыздарынан шыққан ел анасы дәрежесіне көтерілген ақыл иелерін де «ақа» (аға) дейтін болған тәрізді. Мысалы, Толудың үшінші ұлы Құтұқтудың қызы Кәлмішті, болмаса Хулагу ханның жеті қызының үлкені Гүйік-қатыннан туған Нулунғанды «ақа» деп атайды және бұлай аталатындар аз болмаған. Осыған қарап, мен Шыңғыс хан тұқымынан қыз алып, жеке удельдердің билеушісі болған ордаға сыйлы адамдарға «ақа» деген құрмет ілтипаты білдірілген бе деймін. Мұны жоғарыда айтқан, Персияда моңғол әулетінің негізін қалаушы, Шыңғыс ханның кенже ұлы Толудың баласы Хулагудың құдаларының атына үнемі ақа сөзінің тіркеле айтылуынан анық аңғаруға болады. Мысалы, жоғарыда сөз болған Арғын-ақа, болмаса Сүйіншақ-ақа, Ғабдолла-ақа, Соңыратын-ақа, Болат-ақа, және басқалар, міне, осындай кісілер. Нақтылық үшін осылардың ішінен ойрат Арғын-ақаны жекелеп алсақ, Хулагу ханның өзінің сүйікті тоқалы Олжай-қатыннан туған Баба атты қызын ойрат Арғын-ақаның Лакзай гүрген деген баласына, ал немересі Тағаншақ-бикені (Абақа ханның Кәуік-қатын деген әйелінен туған) оның кіші баласы Наурызға бергенін көреміз. Хулагу секілді құдіретті ханның сүйек жаңғыртып, қайталай құда болуына қарағанда ойрат Арғын-ақа дегенің де хан болмағанымен, заманында дәуірлеген, үлкен билік иесі болғанға ұқсайды.

Ал Арғын ханға келсек, ол Шыңғыс ханның өз тұқымы, оған шөпшек болып келеді. Анықтық үшін шежірелей таратсақ, Шыңғыс ханнан Толу, одан Хулагу, одан Абақа, одан осы Арғын. Бұл Хулагу әулетінен шыққандардың ішіндегі мықты ханның бірі, жеті жыл (1284-1291) хандық құрған. Әкесі Абақа хан болып тұрғанда он жеті жасар Арғын Хорасанның әмірі еді. Ол осы шалғай өлкеде тұруы салдарынан әкесі өлгенде қасында бола алмай, мұрагерлік жолмен хан тағын иеленуге тиісті болғанына қарамастан бұл орынға отыра алмады. Хан тағын әкесінің інісі Тагудар Ахмет иеленіп кетті. Көне тарихи деректерде

мұны Сұлтан Ахмет деп те атайды. Бірақ мұны Жүніс ханның баласы Сұлтан Ахметпен шатыстырмаған жөн.

Кейін осы Тағудар Ахмет пен Арғынның арасында таққа таласудан туған қырғын соғыс басталады. Әуелі Арғын жеңіліс тауып, тұтқынға түседі. Бірақ әкесінің көзін көрген бектер мен қолбасылардың арқасында тұтқыннан босап, бақталас ағасы Тағудар Ахметті өлтіріп, хан тағына отырады. Өзінің орнына баласы Ғазанды Хорасанның әмірі етіп тағайындайды. Менің ойымша, осы Арғын ханның иелігінде болған ұлыстың халқы кейін арғын аталып кеткен болса керек.

— Бұдан бұрын айтылған Өзбек, Ноғай хандардың есімдерінің халықтық атауға айналып кеткені тәріздес демексіз ғой.

— Иә.

— Жарайды, солай-ақ болсын. Бірақ менің осы арада түсінбей отырған жәйім бар.

Халықтық атау Шәкәрім ақсақал айтқандай, ойрат Арғын-ағаның атының негізінде, болмаса сіз айтқандай, Арғын ханның есімінің негізінде шықсын, бәрбір осы екі кісі де XIII ғасырда өмір сүрген адамдар ғой. Арғын-аға Хулагудың замандасы, ал Арғын хан оның немересі. Сонда деймін-ау, егер халықтық атау осылардың біреуінің аты негізінде шықты десек, онда Арғын этноним ретінде бұлардың билік жүргізіп тұрған кезінде аталып, кейін атаулық мәнде қалыптасады емес пе?

— Әрине, солай. Өзбек, Ноғай атаулары да осылай аталған хандардың кезінде аталып, кейін халықтық атауға, яғни этнонимге айналған.

— Онда сіздің арғын этнонимін Арғын хан есімі негізінде шықты деген түйіндеуіңізбен келісуге болмайды. Себебі, этноним ретінде арғын атауы бұлардан да бұрын болған. Бұған дәлел ретінде басқаны былай қойғанда Қадырғали Жалайыридің атақты «Жамиғат ат-тауарихында» айтылған мына бір деректі келтірсем де жеткілікті ғой деп ойлаймын. Қадырғали Хулагудың жеті ұлығ қатыны болғанын айтып, олардың шыққан тегінен хабар береді. Сонда Хулагудың екінші әйелі «арғын қауымынан шыққан Қозы Қошқардың қызы Арғын-текин қатын еді» деген жолдар бар. Демек, бұл арғын тайпасы (қауымы) Арғын хан түгілі оның атасы Хулагудан да бұрын бар деген сөз.

— Сіз бұл арада шатастырып отырсыз. Сіз айтып отырған Хулагу Арғын ханның атасы емес, басқа Хулагу.

Ол Шыңғыс ханның Жошыдан тарайтын ұрпағы. Оның шежіресі былай: Шыңғыс ханның тұңғышы Жошының он төрт ұлы болған. Соның үлкенінің есімі Орда. Жаңағы сіз айтқан Хулагу осы Орданың жетінші ұлы. Бұл Шыңғыс ханға шөбере болып келеді. Ал Арғын ханның атасы Хулагу — Шыңғыс ханның Толу деген ұлының баласы. Тұқымдық жақындығы жөнінен бұл Хулагу Шыңғыс ханға немере. Демек, сіз айтып отырған Хулагу жас жағынан да, туыстық жолы жөнінен де Арғын ханнан үлкен бола алмайды. Сол себепті де бұл келтірген дәйегіңіз арғын этнонимін Арғын хан атынан шыққан деген пікірді терістеуге негіз болмайды...

Бір ғажабы арғын тайпасы Орта жүз құрамына енген тайпалардың ішіндегі сан жағынан көбі бола тұрып, көне шығармалардың бірде-біреуінде де оның аты айтылмайды. Егер ғалымдар айтқанындай, көне қытайдың алуны шынымен арғын болса, онда оның аты бірнеше ғасыр бойы көрші тұрған түркі тілдес қарлықтар жөнінде әңгіме болғанда неғып бір рет аталмайды. Сондай-ақ алуьндар гаогюй тайпа бірлестігінің негізін құрайтын он екі тайпаның бірі. Бірақ соған қарамастан осы тайпалардың негізінде құрылған Ұйғыр қағанаты кезінде де, немесе одан бұрын көшпелі тайпалардың бәрін бағындырып құрамына енгізген Түрік қағанаты кезінде де арғын атауы кездеспейді. Қытайлықтардың р-ға тілі келмегенмен түркі тілдес қарлықтардың да, түріктердің де, ұйғырлардың да тілі келетін еді ғой. Алайда еш жерде арғын аты аталмайды.

Г. Е. Грумм-Гржимайлоның айтуынша, алуьндар кейін оңтүстікке қарай, Шығыс Тянь-Шаньның етегіне қоныс аударған көрінеді. Ал бұл нағыз тарихи небір ірі оқиғалардың куәгері болған өңір. Бірақ сол оқиғаларды баяндаған шығармаларда да арғын аты кездеспейді. Меніңше, мұның бәрі ескерусіз қалдырар жәй емес. Осының бәрі, меніңше, арғын атауының кейін шыққанына куәлік береді. Оны халық шежіресінің айтулы білгірі Шоқанның «арғын тайпасы өте кейінгі кездерде ғана моңғолдың Шағатай ордасына қарасты халықтардың қатарында кездеседі» деуі де растай түседі.

— Иә, айтқандарыңыздың жаны бар сияқты. Қалайда ойласуға тұратын мәселе. Бірақ менің осы арада бір түсінбей отырған нәрсем, арғындар Шағатай ордасында қайдан жүр. Сіздің айтуыңызша, олар Арғын хан ұлысынан емес пе еді. Ал Арғын хан моңғолдың атақты

Хулагидтер әулетінің негізін салушы, ильхан атанған Хулагудің немересі ғой.

— Дұрыс айтасыз, Шағатай ордасына қарасты халықтардың қатарында жүрген бұл арғындар шамасы бұрынғы Арғын хан ұлысынан бөлініп келгендер болуы керек. Өйткені Арғын хан өлгеннен кейін оның орнына хан болған інісі Қиаскатуді (Марко Полода Қиакату, Жалариде Кечату) төрт жылдан соң ағасы Байду тұншықтырып өлтіріп таққа отырғанда, бұған қарсы шыққан Арғынның үлкен ұлы Қазан екеуінің арасында қырғын соғыс болып, ел бүліншілікке ұшырайды ғой. Міне, осы кезде арғынның біраз рулары Шағатай Ордасына өтіп кеткен болатын.

— Сонда Марко Полоның кездестіретін арғындары да осы Шағатай ордасының арғындары ғой.

— Жоқ, олар басқа. Егер Қазақ Совет Энциклопедиясының дерегіне сенсек, олар Жошының үлкен баласы Орда — еженнің ұлысынан. Бірақ бұған менің күдігім бар. Күдігімді айтпас бұрын, әңгімеміз түсінікті болу үшін әуелі осы туралы энциклопедия материалының үзіндісін келтірейік:

«Қашқария өлкесін, Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп, ол (Марко Полоны айтады. Қ. С) былай дейді: «Бұл жерде Арғон дейтін ел бар. Ол екі атаның араласуынан құралған. Ислам дінін қолданады. Түрі сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді. Керей Уан ханның жерін қоныстайды». Автордың айтып отырған жерлері — Ертіс бойы, Шыңғыстау, Қарқаралы даласы, Аягөз, Алакөл төңірегі».

— Түк түсінсем бұйырмасын. Марко Поло «Қашқария өлкесін, Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп, «бұл жерде Арғон дейтін ел бар» десе, неге ол жер Ертіс бойы, Шыңғыстау, Қарқаралы даласы, Аягөз болуға тиісті? Бұл не, энциклопедияның шатастыруы ма, әлде Марко Полоның өзі солай жазған ба?

— Жоқ, Марко Поло олай жазбаған. Бұл энциклопедияның өз «жаңалығы». Алдымен, Марко Поло энциклопедия айтып отырғандай, Қашқария өлкесін, Жетісу, Алакөл төңірегін аралап жүріп емес, Тендук (Сендук) облысының жерін аралап жүріп: «Бұл жерде Арғон дейтін халық бар» дейді. Тендук облысының қай жер екені белгісіз. Рашид-ад-Дин онгут халқының елін Кендук деп атайды. Егер Марко Полоның Тендугі осы Кендук болса, ол Сарыөзен (Хуанхэ) жағалауы мен Қытай қорғанының

маңында. Марко Полоның Тендуктың алдында болған Барғу жазығы (Обь бойы), Ергинул (Гань-чжау), Егрегайа (Иргай) секілді жерлердегі сапарының бағытына зер салсақ, оның айтып отырғаны да осы Кендук сияқты.

Енді Марко Полоның өзін тыңдаңыз: «Бұл арада арғон деп аталатын халық бар. Французша оларды жасмыл деп атайды. Олар екі тұқымнан — тендук арғондарынан және Мұхаммедке табынатын, өзге тұрғындардан көріктірек, ақылдырақ, саудамен де көбірек айналысатын тендуктардан құралған. Мұнда поп Иоан негізінен татарлар мен көрші патшалықтарға билік жүргізіп тұрғанда келіп-кетіп жүрген-ді. Оның ұрпақтары да, жоғарыда мен айтып кеткен Жор (Георгий) де осында тұрды. Ол осы поп Иоанның тұқымы, поп Иоаннан кейінгі алтыншы патша».

Міне, энциклопедия келтірген Марко Поло жазбасының орыс тіліндегі тексінің аудармасы осындай.

Енді осындағының бәрін ежіктеп уақыт алып жатпай-ақ, ішіндегі біз үшін де, оқушы үшін де, жалғы ғылым үшін де аса қажетті, маңызды ең түйінді бір ғана сөйлем еді салыстырып көрелік:

Марко Поло: «Ол екі тұқымнан — тендук арғон тұқымынан және Мұхаммедке табынатын, өзге тұрғындардан көріктірек, ақылдырақ, саудамен де көбірек айналысатын тендуктардан құралған»,— дейді. Энциклопедия: «Ол екі атаның араласуынан құралған. Ислам дінін қолданады. Түрі сымбатты, өздері ақылды, сауда істейді».

Кәне, не түсіндіңіз? Марко Поло не дейді, энциклопедия не дейді?

— Иә, қазақтың әлгі «мен не деймін, домбырам не дейді» дегені сияқты болған екен. Өз өреміз жетпегенде жүгінер төбе биіміз — энциклопедия жоқты тауып беру орнына барды бұлай бұрмалап жатса, оған не шара!..

— Мен де соны айтам-ау. Жарайды, жоққа жүйрік жетпейді, жоқты тауып бермей-ақ қойсын. Бірақ онсыз да сараң үйдің қазанындағы астай тақұл-тұқыл мардымсыз деректі бұзбай, бұрмаламай дәл беруге болады ғой. Жәй бір мағынасыз қосалқы жүрген дерек болса сөз басқа. Мына арада Марко Полоның айтып отырғаны ең өзекті де түйінді мәселе. Ол арғын аталатын халықтың екі түрлі сенімдегі жұрттан — христиан-несторияндар мен мұсылмандардан құралғанын айтып отыр. Ал энциклопедия олардың бәрін мұсылман етіп жіберген. Бұл оқушы жұрт-

шылықты жаңылыстырар ірі қателік. Өйткені біздің ғалымдарымыздың арғындарды басмылдармен екеуі бір халық дегенде негіз етер тірегінің дәлелінің өзі олардың бірыңғай мұсылмандар болғандығынан емес, тек осы Марко Поло көрсеткеніндей, христиандар мен мұсылмандардан құралғанынан, қоспа халық болғандығынан ғой.

— Дұрыс айтасыз. Мәселенің өзі сонда, басмылдың да, арғынның да сенімдері екі басқа халықтардан құралғанында ғой. Бұл өзі ойласарлық мәселе. Жалпы сіз жоғарыда бұл орайда А. Әбдірахманов пікірін құптадыңыз ғой. Мысалы, мен өз басым оған қосылмас едім.

Мен арғын мен басмылды бір халық деген Н. А. Аристов пікірін құптаймын. Асылы, осы дұрыс болжам. Себебі, басмыл сөзінің де, арғын сөзінің де «қоспа», «будан» деген мағына беретінін кездейсоқтық деп қарауға болмайды. Осы орайда түркі халықтарының тарихын тыңғылықты зерттеген Н. А. Аристовтың бұл екі халықтық атаудың мағынасының бірлігін дәлелдей келіп, әуелде басмыл деп аталғандар кейін арғын деп аталған деуіне қисын бар. Арғын атауының тарихқа кеш танылуының да себебі осында жатқан сияқты. Өйткені арғын сөзінің мәні де осыған келеді екен. Мысалы, Махмұд Қашқари арқун сөзінің мағынасын: «Арқун — жабайы жылқының айғырынан туған үй байталының құлыны; ол бәйгеге шабар ең жүйрік ат болады» деп түсіндіреді. Ал Мұхаммеджан Тынышпаев: «арғын сөзінің өзі қырғыз тілінде «будан» деген мағына береді. Қодас пен кәдімгі сиырдан туған бұзауды «арғын» деп атайды»,— дейді. Сондай-ақ арғын сөзі ұйғыр тілінде де дәл осы мағынада қолданылатын көрінеді.

Міне, осының бәрін ой елегінен өткізіп, сарапқа салсақ, арғын атауының мәнін, жоғарыда ғалымдар жазғандай, ар және ғын сөздерінің қосылуынан іздеудің қажеті жоқтығын, оның «будан», «қоспа» деген түркілік төл ұғымды білдіретін өз алдына жеке түбір сөз екенін көреміз. Сонда арғын сөзі қазақ халқының өз ұғымында «құрама» деген түсінікті білдіреді. Ал құрама атауының қазақ шежіресінде кездесетінін өзіңіз де білесіз. Осыдан кейін арғын этнонимінің этимологиясын анықтауда Н. А. Аристов айтқан, В. В. Бартольд қолдаған «басмыл мен арғын бір халық» деген пікірді басқалармен салыстырғанда шындыққа бір табан жақын десем, қателеспеймін ғой деймін.

— Кім білсін, маған салсаң, жаңа айттым ғой, арғын

атауын Арғын ханның есімінен шығарған шындыққа жақын сияқты. Бұл арада кімнің пікірі дұрыс, оған баға беру мен үшін қиын.

Жалпы осы айтылғандардан қандай қорытынды шығаруға болады? Меніңше, бұдан шығар қорытынды біреу. Ол — арғын этнонимінің этимологиясының әлі нақты анықталмағаны, бар пайымдаулардың жан-жақты зерттеумен негізделіп, бұлтартпас фактімен бекітілмегендігі. Сондықтан бұл арада «сенікі дұрыс емес, менікі дұрыс» деп босқа таласпай, өз пайымдауларымызбен ең болмағанда арғын атауының төркінін іздеген жас талап зерттеушілердің ескі сүрлеумен кетпей өзінше ізденуіне аз да болса септігіміз тиер деген үмітті медет тұтып, сөзді осымен доғарайық та, енді негізгі әңгімеге — шежіре дерегіне оралайық.

— «Ойнасақ та біраз жерге шаптық» дегендей, онсыз да біраз жәйдің басын шалып тастадық-ау...

— Шежіре дерегіне жүгінсек, Арғынның екі әйелі болыпты. Оның бәйбішесі Ергүл деген кісіден Мейрам деген ұл және бір қыз туады. Ұлдан, яғни Мейрамнан: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек туады. Бұларды топтап «бәйбіше балалары», немесе, «бәйбіше арғын» дейді. Ал қыздан — Таракты туады. Қыздан туғанның қиығы жоқ деп оны Арғын өз бауырына салады. Тарактыны арғынның «ноқта ағасы» дейді.

Арғынның тоқалы Момын деген кісіден Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Тәнбісопы деген төрт ұл туады. (Ғалым М. С. Мұқанов бесінші бала етіп Темірсопы дегенді қосады). Осының Ақсопысынан — Қанжығалы, Тобықты; Қарасопысынан — Бәсентиін, Қарауыл; Сарысопысынан — Атығай (Шәкәрім Атығайды Қарасопыдан туғызады); Тәнбісопысынан — Сарыжетім, Шақшақ тарайды. Бұларды топтап «жеті момын», кейде «тоқал балалары», немесе «тоқал арғын» деп те атай береді.

Шежіре нұсқаларының біразына ортақ осы деректер Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Шежіресінде» ептеп өзгеріске ұшырайды. Оның айтуынша Арғынның тоқалы Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Арықсопы, Нәдірсопы. Соңғы екеуінен ұрпақ қалмаған тәрізді. Ал Тәнбісопы Арғынның қартайғанда алған тоқалы Айнагөзден туады. Одан Үсенбай, одан Ерман, одан Шағыр, одан Ақай, Жолдыбай, Тағыш, Аманжол. Осының Аманжолынан Көшей, одан Шақшақ, одан Қошқар, одан атакты Жәнібек батыр. (М. С. Мұқанов Шақшақтан Қырықмылтық, Әйдерке) М. Тыныш-

паев та Әйдерке Сомжүректің баласы (Қараман, Төлек руларын таратады).

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Мейрамның әйелдері мен балалары жөнінен де біраз мағлұмат береді. Оның айтуынша, Мейрамның қайын жұрты кіші жүз Алшын екен. Қалыңдығының аты Нұрқия — алшынның ішінде аты шыққан Досбай деген кісінің қызы көрінеді. Мейрам осы қалыңдығын алуға қыс ішінде барады. Сол жолы «бикешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін» деп жеңгесі Қарқабат және қызметшісі болып бір жетім қыз қалыңдықпен бірге келеді. Кейін Мейрам Нұрқияның осы жеңгесін еліне қайтармай, оған өзі үйленеді. Сондай-ақ әлгі жетім қызды да тоқалдыққа алады. Сөйтіп Мейрамның бәйбішесі Нұрқиядан Қуандық, Сүйіндік, жеңгелей алған әйел Қарқабаттан Бегендік, Шегендік, ал жетім қыздан Болатқожа туады. Осы Болатқожа кейін қаракесек атанып кетеді.

Жүсекеңнің айтуынша оған мынандай оқиға себепші болған көрінеді.

Қуандық пен Сүйіндік бір атадан жаратылып, бір анадан туғанмен, Қуандық Сүйіндіктің кенжелеп барып туғанын пайдаланып, ылғи үстемдік жасай береді екен. Осыдан қауіптенген Сүйіндік енші бөлісер кезде әкелес ағасы Болатқожадан көмек сұрайды. «Қуандық алты баласына (Шәкәрімде төрт бала) арқа сүйеп, еншімді дұрыс бермейтін түрі бар, соған жәрдемдес»,— дейді. Болатқожа келісімін береді. Ақыры енші бөлісер күні Қуандық үйреншікті әдетімен әлімжеттілік жасап, Сүйіндіктің үлесін толық бермей кететін болады. Бұған күйінген Сүйіндік жанжал шығарған екен, Қуандық балаларымен оған жабыла кетеді. Сол кезде Сүйіндікке берген уәдесі бойынша, қоржынына шымкесек толтырып алған Болатқожа көмекке ұмтылып, Қуандық балаларын шетінен кесекпен ұрып жығады. Қуандыққа төніп келгенмен «бәрімізге аға едің» деп, оған тимейді, кесек атпайды. Бұған риза болған Қуандық енші бөлудің билігін Болатқожаға береді.

Болатқожа атқа мінеді де: «алған жағым Қуандықтікі, қалған жағы Сүйіндіктікі» деп, жайылып жатқан жылқыны ортасынан бөліп, молдау жағын алдына салып айдай бастайды.

Сол кезде Сүйіндік шауып келіп, «Мұның не, Болатқожа? Қуандыққа неге көп жібердің, маған көмектескенің осы ма?» — дейді.

— Әй, Сүйіндік, әуелі аптықпай қарасаңшы. Мәселе көлемде ме екен. Шашылған сүйек-саяк секілді селдіреп жатқан жағын ол алды, ұйыған қатықтай тұтасқан жағы сенде қалды. Тіпті көп кетсе, бір айғыр үйірі шығар артығы. Сондық ол ағаң емес пе,— деп, Сүйіндікті тыйып тастайды.

Осы оқиғадан кейін Болатқожаның ақылдығына, ерлігіне риза болған жұрт оның шым кесекпен қарсыласын ұрып жыққан өнеріне таңқалып, оны былайғы жерде Қаракесек атандырып жіберіпті. Одан шежіре бойынша шұбыртпалы, камбар, майқы, бошан рулары тарайды.

Халқымыздың тарихында өзіндік елеулі орны бар, кешегі елді «актабан шұбырындыға» ұшыратқан жоңғар шапқыншылығы кезінде бірліктің үш тағанының бірі болған Қаздауысты Қазыбек осы Қаракесек — Болатқожаның ұрпағы.

Арғынның ұрпақтарын шежіре бойынша таратқанда ерекше көңіл бөлетін тағы бір дерек бар. Ол — белгілі жазушымыз Сәбит Мұқановтың баласы, қазақ халқының тайпалары мен руларының шығу тегі жөнінде арнайы зерттеу жұмыстарын (Республикада алғаш рет) жүргізіп, ғылыми еңбектер жазған Марат Мұқановтың дерегі. Оның «Қазақтардың ру-тайпа құрамы және орналасуы» атты кітабында арғын тайпасы аталықтарының кестесі берілген. Онда Арғыннан Мейрам, Момын, Тоқал-арғын дегенді таратады. Осының тоқал-арғынынан Жоғарғы шекті, Төменгі шекті деген ұрпақтар тарайды.

— Шынын айту керек, ғалым ұсынған бұл кесте дерегі орта жүз қазақтары арасынан кеңінен мәлім шежіре нұсқаларында не деспейді. Сондықтан мұны оқыған жанның «мынау өзі не айтып отыр» деп еңбек авторын кінәлай бастауы мүмкін. Өйткені сөз ұстаған, жөн білетін ауыл ақсақалдарынан шежіре жайында сұрап, олардың айтқандарын тыңдап болғаннан кейін: «Арғыннан жоғарғы шекті, төменгі шекті» деген рулар да тарайды екен ғой, сіз оны неге айтпадыңыз»,— деп сұрағанымызда олардың кәдімгідей кейіп, ренжіп қалғанын өзіміз де талай көргенбіз.

— Қой, шырағым, олай шатыстырма. Шекті арғын түгілі, тіпті орта жүзге жатпайды. Ол кіші жүздің Жаманак деген атасына жататын үлкен рулардың бірі,— деп өздері білетін шежіре дерегін алға тартады олар ондайда.

— Ата-ау, неге олай дейсіз. Кей шежіре нұсқасында



Қаракесек атанған Болатқожаның жеңгелей алған әйеліне Шұбыртпалы мен Шекті деген екі бала дейтін дерек бар ғой. Мысалы, қазақ шежіресінің білгірлерінің бірі атақты Мәшһүр Жүсіп те Қаракесектің «Сүйіндіктен қолқалап жеңгелей алған әйелінен Шұбыртпалы мен Шекті туады»,— дейді,— деп мен де оңай берілмей, өзім оқыған деректерімді алға тартам.

— Қайдам, шырағым,— дейді ондайда әңгімелесім маңағыдай емес, ептеп болса да ымыраға келіп. Шамасы Мәшһүр Жүсіптің аты кәдімгідей әсер ететін болуы керек.— Біздікі естігенді айту ғой. Кім ол жарықтықтардың қасында болып, бірге жүріпті.

Расы да осы. Хатталып қағазға түспеген соң, не қасында болып, өзің көзіңмен көрмеген соң, айтумен жеткен дүниенің ауыс-түйісі болары анық. Бірақ солай екен деп шежіре деректеріне қисынға келмеген кезде «жөк, бұл қате» деп, бірден үкім шығара салмай, алдымен оның неге бұлай болғанына зер салу, сараптау қажет. Осы талап тұрғысынан келгенде, мысалы, өз басым, шежірешілердің арғыннан шектіні таратуын, олардың қателігі, болмаса әлдеқалай шатыстыруы деп ойламаймын. Себебі, мен бұдан қазақ шежіресінің жасалу тәсілін, оны жасаушылардың, яғни шежірешілердің береке басы — бірліктің бұзылмауын тілеген ниетінен туған өзіндік саясатын аңғарғандай боламын.

Мен мұнымен не айтқым келгенін сізге түсінікті етіп жеткізу үшін Шоқан Уәлихановтың осыдан бұрынғы кездесуімізде айтқан «Қазақ шежіресі» атты еңбегінен мына үзіндіні тағы қайталағым келіп отыр. «Абылай хан 1757 жылы қырғыздарды шапқанда бірнеше жүз тұтқындарды ортасына алып келіп, арғын ішіндегі атығай (руының) арасына қоныстандырды. Келе-келе уақыт өте сол тұтқын қырғыздар атығайлармен араласып, өздерінің шығу тегін Атығайдың түп атасы Дәуіттің 12 баласының бірінен таратып, жаңа қырғыз, бай қырғыз деп аталып кетті».

Міне, кіші жүздегі шекті руының ерте кездерде ауылы аралас, қойы қоралас көрші болуының әсерінен кейбір бөлігінің арғындардың арасына кірігіп кетуі әбден мүмкін. Ұзақ жылдар араласып, құдандалы жекжат болып кеткен шектілерді кірме деп шеттетіп көңіліне қаяу түсірмес үшін шежірешілер оны да арғынның бір баласының ұрпағы деп кетуі әбден мүмкін. Мұндай жағдайды қазақтың кез келген іргелі ірі тайпаларының тарихынан кездестіруге болады.

Шежірешілердің жақсы ниетпен әдейі осындай жаңсақтыққа баратынын аңғарған ғалым Н. А. Аристов бір-бірімен араласып кеткен ру-тайпалардың туыстық жақындығын рулық таңбасына қарап анықтауға болады деген пікір айтады. Оның ойынша іргелі тайпаға сырттан келіп кіріккен, не одан бөлініп сыртқа кеткен рулар негізгі түпкі тайпаның таңбасына қосымша белгі салу арқылы өз таңбасын жасайтын көрінеді. Егер ғалымның осы пікірін шындық деп қарасақ, жоғарғы шекті арғынның «көз» деп аталатын екі дөгелек (OO) таңбасының бірінің жоғарғы жағынан, ал төменгі шекті төменгі жағынан шекіту арқылы өз таңбаларын жасайды. Сонда жоғарғы шектінің таңбасы () төменгі шекті таңбасы () болып есептелінеді. Міне, осының бәрі менің жоғарыда айтқан ойға келуіме себепші болды.

— Иә, ойласуға тұратын пікір сияқты. Дегенмен ақиқатқа жету үшін білікті ғалымдарымыздың бар шежіре дерегін салыстыра зерттеп, қазақ руларының қай кезде, қандай жерде болғанын, кіммен кімнің қалай араласқанын, бастарынан қандай тарихи-әлеуметтік жағдайларды өткергенін анықтап беруі қажет-ақ. Онсыз анау олай дейді, мынау бұлай дейді деумен шындыққа қол жеткізе алмасақ керек. Мұны айтып жатқаным, мысалы, қазақ шежіресі жөнінде білікті ой қозғаған М. Тынышпаев жаңағы сіз айтқанға керісінше арғынның белгілі біраз руларын, атап айтқанда, әйдерке мен шақшақты, сарыжетім мен әлімбетті, қырықмылтық пен қожамжарды, ақтажы мен байтажыны, өтей мен шымболатты және басқаларын әлгі жоғары шекті мен төменгі шектіден таратады. Ал осы аталған аталардың ұрпағы бұл күнде негізінен Торғай облысының территориясын мекендейді. Олар өздерінің аталарын Момынның баласы деп біледі, Шектіден таратқанбыз демейді.

Көріп отырсыз, әлі де басын ашып; анықтай түсер жәйлар баршылық. Бұл және тек арғын тайпасына ғана емес өзге қазақ тайпаларына да ортақ. Сондықтан бұл орайдағы ой-пікірлерімізді басқа тайпаларға байланысты айтқанда одан әрі ұштай түсерміз. Қазір арғындар жөніндегі әңгімемізді осымен аяқтап, ендігі сөзді қыпшақтар төңірегінен өрбітсек.

— Жақсы, ол да жөн екен.

— Қыпшақтар туралы екінші кездесуімізде егжей-тегжейлі біраз айттық қой. Енді оны қайталап жатудың қажеті болмас. Тек басталар әңгіменің бағытнама бас-

тауы ретінде сол айтылғандарға арқа тірей отырып, негізгі ой түйінін еске сала кетейін.

Менің өз пайымдауымша, қыпшақ атауы да түрік атауы тәріздес жалпылық мәнде, яғни жеке тайпаның, не халықтың аты емес, түркі тілдес көптеген халықтардың басын біріктіретін жиынтық атау. Кейбір тарихи шығармаларда қыпшақ атауы түрік атауының баламасы ретінде қолданылатыны да содан. Рас, оның тарих тегершігінің айналасында бірде сол жалпыламалық мәнін сақтаса, бірде жекелік мәнге айналған кездері де болған. Оның басты себептері осы атау шаңырағының астына біріккен тайпалардың бірігуі мен ыдырауы екені мәлім. Ашығын айтсақ, қазіргі ғылымда осы бірігулер мен ыдыраулардың тарихи сыры ашылмай, ғұмырнама сабақтастығы үзіліп қалуы салдарынан көне заман қыпшақтары жалпы назардан тыс қалып жүр. Жоғымызды іздеп есте жоқ ескі заманның қалтарыс, бұрылыстарына кідіре тоқтап ой көзін салу орнына дүрмектен қалмай дедектеп, өзгелер тапқанның жұқанасына жармасқанға мәз болып келеміз. Қыпшақтар тарихын Ертіс өзені бойындағы Қимақ мемлекетінің ыдырауына байланысты (IX-XI ғ.) олардың қайтадан тарих сахнасына шығып танылған кезінен бастауымыздың сыры да осында жатыр.

— Сонда Сіздіңше қалай, әріге баруға ой аяғы жетпей ме, әлде жеткізуге тиістілер ниет етпей ме?

— Соңғысы болар. Ниет болған жерде, ең құрығанда, талпыныс ізі танылып жатар еді ғой...

Ресми мәліметтерге қарағанда, қыпшақтар моңғол шапқыншылығы алдында «Орта Азияны, әсіресе Сырдария бойын, Еділ мен Дон арасын, Кавказ бен Қырым тауларын, Солтүстік Каспий даласын, қазіргі Қазақстанның орталық аудандары мен Солтүстік батыс аймағын» мекендеген. Жекелеген топтары XI ғасырда-ақ Дунай өңіріне жеткен, Византияға, Венгрияға, Киев князьдігіне мезгіл-мезгіл шабуыл жасаған, 1065 жылы Болғария жеріне, алты жылдан кейін Солтүстік Трансильвания арқылы Молдавия мен Валахия өткен. XIII-XIV ғасырларда Батыс Европа халықтары Молдавияны «Қара Кумания» деп атаған. 1253 жылы Моравияға басып кіреді. Балқан тауын көктей өтіп, Грецияға дейін жетеді. Оңтүстік бағытта да қыпшақтар атының тұяғы біраз жердің шаңын суырғанын көреміз. XI ғасырдың басынан-ақ Мысырға барып, Палестина мен Сирияға орын тебеді. Бағдад халифі харун

ар-Рашид пен оның ұрпағын қорғайтын әскердің құрамында арнайы қыпшақ гвардиясы болған...

Міне, көрдіңіз бе, тануға ұмтылған талапты ниет болса, осынау тарыдай шашылған қыпшақтардың қайдан шығып, қайда барғанын анықтар еді. Сонда бұл қыпшақтардың IX ғасырда Ертіс бойына көктен түспегенін, олардың да өзгелер сияқты өмірдің соқпақты жолында қилы-қилы оқиғаларды бастан кешіргенін білер еді. Білер еді де тарихының тамарына үңілер еді. Ал үңілген жан «менде жоқ, сенде жоқ, сенгір тауда жоқ, отта жоқ, суда жоқ, Қыпшақта жоқ» деп жұмбақ арқылы өздерінде құстың сүтінен басқаның бәрі барын емеурінмен танытқан ежелгі елдің ескі жұртына апарар көне сүрлеудің сорабын көрер еді. Бірақ, өкінішке орай, өйтіп жатқан кім бар. Басқаны қойғанда, тіпті IX ғасырда Махмұд Қашқари атап көрсеткен, қыпшақтардың рулық-тайпалық одағындағы йемек, сувар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, борілі секілді, болмаса Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жиынтығы» атты еңбегіндегі Рокнеддин Бейбарс пен ибн Халдунның берген дерегіндегі: тоқсоба, жете, баржоғлы, бөрлі, кангороглы, анжоглы, дурут, қарабөркі, қотан, жерсақ күнүк тәрізді толып жатқан ру-тайпалардың атын атағанымызбен түрін түстеп, олардың қашан, қайда кеткенін, бүгінгі ұрпақтарының кім екенін танып-біле алған жоқпыз ғой. Халқымыздың негізін құраған іргелі ірі тайпалардың құрамын анықтап, олардың басынан өткен қилы-қилы замандар ықпалымен болған өзгерістерді ашып көрсетіп, сарабдал ойдың сынына салмасак толық қанды төл тарихымызды жасау мүмкін бе? Қашанғы Бартольд олай деген, Левшин бұлай деген деумен күн кешеміз? Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті институттарының «былай деген» өз үні неге естілмейді? Басқаны қойғанда, Совет одағы құрамындағы жетпіс жыл ішінде, ең құрығанда жеті тайпаның тарихын тап-тұйнақтай қылуға неге болмайды? Қазақстан археологтарының экспедициясы осы жетпіс жыл ішінде неге жеті тайпаның ізімен жүріп өтіп, өз дерегін ұсынбасқа? Айталық, Дон қыпшақтарының тұрағын зерттеген С. А. Плетнева секілді Қазақстан археологтары да Ертіс, Орхон қыпшақтарының мекенін арнайы зерттеуіне болатын еді ғой. Содан кейін оның нәтижесін С. А. Плетнева тұжырымымен салыстырып неге ғылыми нақты қорытынды шығармасқа.

— Е-е, бұлай негелей бастасаңыз, жауыннан кейінгі

саңырауқұлақтай қаптаған жауабын таптырмас қалың сұрақтың арасында адасармыз. Көңілдің кірбінін білдіргеніміз болмаса, дәл қазір одан түсер пайда да жоқ. Сондықтан өткенге өкініп уақыт алмай, сол өкініштің орнын толтыруға себесіні тиер деген үмітпен шежіре төңірегіндегі әңгімемізді әрі жалғайық.

— Иә, оның рас. Өткен іске өкінгенмен пайда жоқ. Дегенмен солай екен деп өкінер ісіңе өкінбеу де зиян. Олай істеу опық жегізер ісіңе ой тоқтатып, кемшілігіңнен сабак алуға мүмкіндік бермейді. Ал, бұл меніңше, жіберген кемшілігіңді алда да қайталай беруге жол ашады.

Жарайды, мұны осымен доғарып, әңгімеміздің негізгі арнасына оралайық.

Қазақ шежіресі бойынша Қыпшақтан Сүлім-алып, одан Көбек-алып, одан Мүйізді, одан Сарыабыз, одан «бес таңбалы қыпшақ» деп аталатын Ұзын, Торы, Көлденең, Бұлтың, Қарабалық тарайды. Осы бесеуінен тараған ұрпақ орта жүздің құрамына кірген қыпшақтарды құрайды.

Шежіренің енді бір нұсқасында қыпшақ ұрпақтары былай таратылады: Қыпшақ, одан Ақтансопы¹, одан Құланқытай, одан Сүлімалып, одан Мүйізді Сарыабыз, одан Токтарбай, одан Қобыланды, одан Бөгембай, одан Қаншошай, одан Қарадөң аталып кеткен Қарамерген тарайды. Осы қарамергеннен жоғарыда айтылған «бес таңбалы қыпшақтың» ұрпағы өсіп-өнеді. Осы арада маған Мүйізді Сарыабыз деген кісі есімі Түргеш қағанатының атақты ханы Сұлықты еске салады. Есіңізде ме, Сұлық қаған жеңіліс көрмей Орта Азияға сумандай кірген араб басқыншыларының бетін қайтарып, Сырдариядан бері беттетпей қоюшы еді ғой. Сол үшін де оны арабтар «Мүйізді хан» атандырған болатын. Осы Мүйізді Сарыабыз сол емес пе екен деген ой келеді. Мүйізді дулыға кигені үшін қосмүйізді (Зұлқарнай) атанған Александр Македонскийден басқа тарихта адамды мүйізді деп атау жоқ сияқты. Әрине, бұл зерттеуді керек етеді. Менікі орайы келген соң ортаға салып жатқан жай ой ғана.

Ғалым М. Мұқанов ұсынған шежіре кестесінде Мүйізді Сарыабыздан Қарақыпшақ, Сарықыпшақ, Қытайқыпшақ, Құланқыпшақ, Торықыпшақ тарайды деп көрсетілген. Бұл, сөз жоқ, көне қыпшақтардың бөлінуі. Қате

¹ Бұл арада байқап қарасаңыз ептеп шатастыру бар. Жанарыстан Ақтанберді қожа, одан Қыпшақ туса, бұл жерде Қыпшақтан Ақтансопы аталды. Шамасы Ақтанберді қожа мен Ақтансопы бір адам болуы керек.

болар, дұрыс болар, бұл жөніндегі пікірімізді екінші кездесуде толық айтқанмын. Соның үшін оны қайталап жатпаймын. Мұндағы атауларға қыпшақ сөзінің тіркесуінің өзі-ақ бұл бесеуінің кісі аты емес, тайпа бірлестіктерінің атауы екенін дәлелдеп тұрса керек. Осылардың арасында бұрын айтылмағаны Қытайқыпшақ болса, оның Шығыс Түрік қағанаты кезінде қытай жақ шекарада болған қыпшақтарға қағанат құлағаннан кейін батысқа қарай қоныс аударғанда жергілікті тұрғындардың берген атауы екенін аңғаруға болады. Бәлкім, бұл атаудың қытайдың боданы болған қыпшақтарға берілуі де мүмкін. Бірінші Түрік қағанаты құлағаннан кейін де, Қапаған қағанның өмірінің соңғы кезінде түрік-қыпшақ тайпаларының кейбіреулері қытайға барып паналап, олардың боданына айналды ғой. Міне, солай қытайдан кетіп қайта үйірін тапқанда оларға мұндағы туыстарының осы атауды беруін де жоққа шығаруға болмайды. Бұған кешегі алпысыншы жылдары Қытай Халық Республикасы жерінен шекара асып келген қазақ туғандарды күні бүгінге дейін «қытай қазақтары» дейтініміз куә бола алады.

Енді бір сөз Торықыпшақ жөнінде. Торы атауы көне қыпшақтар бөлінісінде де және «бес таңбалы қыпшақтар» арасында да айтылады. Бұл атау мәнін анықтауда әлі бір ізділіктің жоқтығын көрсетеді. Ал әзірге бар зерттеу ішінде ғалым Сейтбек Нұрхановтың Торы этнонимі мен Торғай топонимінің шығу тәркінінің негізін бір деп қарайтын этнолингвистикалық этюдi, менің пайымдауымша, бірегей еңбек секілді. Ғалым орыс жылнамаларына сүйеніп жазылған П. В. Голубовский, Н. А. Аристов, С. А. Плетнева, Н. А. Баскаков, А. М. Хазанов зерттеулеріндегі көне торки тайпасын осы Торы атауымен байланыстырады.

— Тіл және тарих деректеріне жітірек үнілсек, X-XI ғасырлардағы Торық тайпасы мен қазіргі қыпшақтың Торы руының бір ел екеніне, тек этноним тұлғасының аздап қана өзгергеніне көз жеткізуге болады. Бұл өзгеріс Оғыз, Қыпшақ тілдеріне тән құбылыс»,— деп түйеді ол бұл орайдағы ойын. Этноним тұлғасының өзгеруіне «Ұлығ болсаң кішік бол» секілді бірнеше сөз тіркестерін мысалға келтіріп, ондағы «ұлығ», «кішік» сөздерінің қазіргі қазақ тілінде «ұлы», «кіші» сөздеріне қалай ауысқанын лингвистикалық заңдылық тұрғысынан дәлелдейді. Содан кейін XI ғасырда қыпшақтың торы тайпасы мен оғыздың қай тайпасының одақтасуынан құрылған бірлестік атынан

бүгінгі Торғай топонимі пайда болған деген пікір айтады. Оны былайша түзеді: Торық+кай — Торықкай — Торығай—Торғай.

Қисыны бар пікір. Ел тарихын жазушылар ескеріп есте ұстап, салыстырмалы зерттеудің сабақтастығына жаратып жатса құба-құп.

Ал, Торының «бес таңбалы қыпшақ» тобында кездесуіне келсек, шежірешілер оны бір анадан туған бес баланың бірі етіп көрсетеді. Соған орай осы бес баланың анасы: «Ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма. Торы бітті бойыма, зорлық кірді ойыма; Бұлтың бітті бойыма, билік кірді ойыма; Көлденең бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма; Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма»,— деп айтыпты-мыс дейтін аңыз-әңгіме де бар.

Бұл аңыз-әңгіме шамасы Ор, Аят, Тобыл, Торғай, Қабырға өзендерінің бойын мекендеген қыпшақ руларының кейінгі тірлік болмысынан алынған тәрізді. Шындығында да ұзын қыпшақтар арасынан батырлар мен алып күш иелері көп шыққан. Бұрынғыларын айтпағанның өзінде кешегі Амангелді Иманов, күш атасы Қажымұқан осы Ұзынның ұрпақтары. Шежіре бойынша Ұзыннан Алтыбас, Алтыс туады. М. Тынышпаев шежіресінде Алтынбастан Күшік, Көбек, Күрлеуіт, Алтыстан алты ата Қаз бар.

Торының ұрпағы көп болған. Көлеміне сенген елдің көршісіне зорлық көрсететіні ерте кезде болып тұрғанын тарихтан да, тарихи әдебиеттерден де кездестіруге болады. Бұл арадағы зорлық содан ба деймін. Осыны дәлелдегендей ел ішінде Торының өзі «Сен кімсің?» деп сұраған біреуге: «Торымын, құдайдан басқаның зорымын» деп айтыпты-мыс дейтін сөз де бар.

Шежіре бойынша Торыдан Әлпейіс, Құлпейіс деген екі бала, соның Әлпейісінен Қитаба мен Түйішке, Құлпейісінен Көкмұрын мен Шашты.

Бұлтындар мен Көлденеңдер орыстармен ертерек араласқан. Заң-зәкүнді біліп, сауда-саттықпен айналысқан. Ішінен елге танылған есті азаматтар шыққан. Ел аузында өнегелі сөздері қалған атақты Мұғал би осы бұлтыннан. Шежіре бойынша Бұлтыннан Өріс және Бегіс деген екі бала туады. Осының Өрісінен Төбет, Құлатай, Мадияр; Бегісінен Жоламан, одан Есенгелді мен Әбілқасым.

Осы арада бір ескерте кететін жай Мадиярлар жөнінде. Қазақ шежірелерінің біраз нұсқасы Мадиярды арғынға, оның ішінде тоқал-арғынға жатқызады. Қоңы-

раулы өзенінің бойын мекендеген мадиярлардың бүгінгі ұрпақтары да өздерін арғынбыз дейді. Ал кейбір ғалымдар (оның ішінде Венгрия ғалымдары да) Мадиярларды баяғы Моңғолдардан ығысып, Венгрия жеріне барған Қотан ханға ерген қыпшақтардың Дешті-Қыпшақ жерінде қалған бір бөлігі деп есептейді. Кейін олар арғындар арасына сіңісіп кеткен болар деген жорамал айтады.

М. Тынышпаев еңбегінде берілген кесте бойынша Көлененнен Қараспан және Шуманақ. Мұның соңғысы шамасы Жалайырлардан бөлініп келіп, қыпшақтар арасына сіңісіп кеткен ру болуы керек. Өйткені Шуманақ пен Сырманақты жалайыр тайпасының екі бірлестігі дедік ғой.

Қарабалық жөнінде анасы: «Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма» деп айтыпты десе, енді біреулер оны: «Қарабалық бітті бойыма, ойын-сауық кірді ойыма» деп айтыпты деп түзейді. Қайсысы дұрыс, оған төрелік айту қиын. Шежіре бойынша Қарабалықтан Жанатай, Танабұға, Сопы, Қарсақ, Жолжақсы деген балалар туыпты делінеді. Бәлкім, байлық деп шежірешілер осы балаларды мезгеген болар. Ойын-сауық жөніне келсек, үлкендердің айтуынша қарабалықта өнерпаздар көп болған. Атақты Өске ақын, сауықшыл Наурызбай билер Қарабалықтың Танабұға деген атасынан.

— Осы арада сөз орайына қарай сізге бір сұрақ қойсам.

— Сұраңыз.

— Сіз ғой екінші кездесудегі әңгімемізде түрік-қыпшақтар жөнінде айта келіп, көне түріктерді Алтайдың Эргене-көн деген жерінен шығарған едіңіз. Ал Рашид-ад-Дин мен Әбілғазының деректеріне жүгінсек, олар қоңыраттарды қият тайпасының ұрпағы етіп көрсетеді және қияттарды жаңағы айтқан Эргене-көннен шығарады.

«Қияттар Эргене-көнде 400 жылдан астам өмір сүрді. Кейін өсіп-өніп бұл жерге сыймайтын болған соң, амалсыз төменге түсіп, жайылым үшін татарлармен соғысып, оларды жеңгеннен кейін Моңғолияның жазық бөлегін иеленеді», — деп, нақты дерек береді.

Сонда деймін-ау, түріктер де, қияттар да бір Эргене-көннен шықса, онда олардың туыстас, қандас болғаны ғой. Бірақ біз қияттарды түріктерден бөліп қарап, Моңғолға жатқызып жүрген жоқпыз ба? Қияттар Шыңғыс ханның шыққан тегі емес пе? Сонда бұл қалай болғаны?

— Есіңізде болса, мен бұл туралы алғашқы кездесуімізде ашып айтқанмын. Эргене-көннен түріктер шыққан кезде олардан алғашқы бөлініп шығып, Қара-мөрен (қазіргі Амур өзені) бойына кеткен ханның аты Берте-чино болатын. Моңғолдың «Құпия шежіресінің» дерегіне сенсек, осы Берте-чино Шыңғыс ханның жиырма екінші атасы. Демек, бұл көне түріктерден бөлініп шыққан, Берте-чино басқарған елдің аты қияттар деген сөз. Ал Рашид-ад-Дин мен Әбілғазы хан қоңыраттарды қияттардың ұрпағы, ежелден моңғол тайпасының құрамында десе, оның да тарихи заңдылығы бар. Бұған нақты көз жеткізу үшін моңғолдың «Алтын товчысы» мен «Құпия шежіресінің» мына бір дерегін еске түсіріңіз.

Өзінің тоғыз жасар ұлы Темучинді үйлендірмек болып, құда түсіп қайту үшін баласын алып, Есугей-баһадур өзі шыққан Олхонут тайпасына баруға жолға шығады. Жолда хонхират тайпасының белгілі адамы Дай Сеченге жолығады. Дай Сечен Есугей-баһадурдан:

— Қайда бет алдың, Есугей құда? — деп сұрайды.

— Мынау ұлыма олхонут тайпасындағы нағашысының қызына құда түсуге барамын,— дейді Есугей-баһадур.

Бұдан кейін Дай Сечен өзінің түс көргенін айтып, «қияттың рухы болып менің түсіме еніп жүрген осы сен болуың керек» деп қызы Бөртені Темучинге беретін болады. Міне, осы айтылғандарға қарағанда, «олхонут» пен «хонхираттың» бір қият тайпасына жататынын аңғару онша қиын емес секілді. Осындағы хонхират деп отырғанымыз кәдімгі қоңыраттар. Бірақ олардың қоңырат атануы кейін, Шыңғысхан бізді жаулап алғаннан кейін болған.

Хонхираттың қалай қоңыратқа айналғанын, меніңше, ғалым Марат Мұқанов өте дұрыс көрсеткен ғой деп ойлаймын. Ғалымның пайымдауынша, бұл атаудың Дешті-Қыпшақ тайпалары арасына кеңінен тарауы моңғол қоғамындағы билеушілердің жеке нөкерлерінің хонхираттардан болуынан. Мысалы, Шыңғыс хан Иранда Шинку-гургенге хонхират тайпасынан төрт мың адам бөліп берген. Дәл осындай жайлар Дешті-Қыпшақ жерінде де болды. Міне, осы хонхираттар келе-келе түрік халықтарымен ассимиляцияға түсіп, араласып, олардың тілін, дәстүр-салтын қабылдап, түріктеніп кеткен, ал хонхират атауы айтылу ыңғайына қарай қоңырат атанған. Бүгінгі

казак, кыргыз, өзбек, каракалпак халықтарының құрамындағы осы түріктенген қоңыраттар.

Қазақ шежіресі бойынша қоңыратты Жанарыстың баласы Дарақожадан туғызады, Арғын, Қыпшақ, Найман, Керей, Уақ бесеуінің немерелес бауыры етіп көрсетеді. Қоңыраттан екі бала — Көтенші және Қөктіңұлы. Бұлардан тараған ұрпақты алты ата Көтенші (Саңғыл, Сүйімбай, Сүттібай, Аққошқар, Амантай, Жаманбай, алты ата Көктіңұлы (Байлар, Жандар, Оразгелді, Қарасирақ, Токболат, Құлжағыш, Алғы) деп, бәрін қосқанда он екі ата Қоңырат деп атайды.

М. Тынышпаев пен М. Мұқанов еңбектерінде берілген кестеде Көтеншіден үш бала — Жаманбай, Жетімдер, Қожбан туады. Көктіңұлының ұрпағы көрсетілмеген. Екеуіндегі деректердің ұқсастығына қарағанда, шамасы соңғысы алдыңғысынан көшірген сияқты. Шәкәрім Құдайбергенұлы осындағы «жетімдерді» арғынның Шақшақпен бірге туатын Сарыжетімнің ұрпағы емес пе деген болжам айтады. Оған Шақшақ балалары жөнінде дерек бар, ал Сарыжетім балаларының қайда екені белгісіз дегенді негіз етеді.

— Сонымен, жоғарыда айтылғандардан ой түйсек, түп негізі Эргене-көннен шыққан түріктермен бір болғанымен қоңыраттар ежелгі моңғол тайпаларының бірі болды ғой.

— Иә, бұл негізінен хонхират атауымен аталатындарға тән. Ал казак, кыргыз, өзбек, каракалпак халықтарының құрамындағы қоңыраттардың дені түріктер. Мұны хонхираттардың түріктер арасында жұтылуы, ассиляцияға түсуінің нәтижесі деп түсінген жөн.

— Меніңше, осы НАЙМАН тайпасының шығу тегі де осы қоңыратқа ұқсайды ғой деймін.

— Жоқ, ол, тіпті, басқаша. Рас, кезінде наймандардың тегі жөнінде біраз талас пікірлер болған. Оларды моңғол тайпасы деушілер негізінен атаудың моңғол сөзін дәлел негізі етті. Тіпті жекелеген болжамдармен пайымдауларды қорытып ғылыми байлам жасауға тиісті құжаттық мәні бар еңбектерде де наймандарды моңғол тілдес моңғол тайпасының бірі деген тұжырымдар болған. Мысалы, «ССРО тарихының очерктері» атты еңбектің авторлары: «Наймандар моңғол тілдес болатын және олар Хангай мен Алтайдың арасындағы кең далада көшіп жүрді», — деп жазуы. Бірақ көптеген ғалымдар бұған қарсы шықты. Солардың ішінде алғашқылардың бірі

болып Н. А. Аристов наймандардың адам аттары мен олар мекендеген жер атаулары ішінде бірде-бір моңғол сөзінің жоқ екенін көрсету арқылы олардың әуелден-ақ түркі тайпасы екенін дәлелдеп берді. Кейін оны ағылшын ғалымы Г. Ховарс құптады. Ал олардан да кейінірек чех ғалымы М. Поуха және жапон ғалымы С. Мураяма наймандардың түрік тайпасы екенін ғылыми ортаның көзін жеткізе жан-жақты дәлелдеп шықты.

Қытай тарихының дерегі наймандардың VIII ғасырда Байкал көлінің оңтүстігінде, ал IX ғасырдың орта кезінде Орхон өзенінің жоғарғы ағысынан Тарим жазығына дейінгі жерде, Қара Ертістің бойында болғанын хабарлайды. Қазақ совет энциклопедиясының мәліметі бойынша түркі тайпаларынан саяси-мемлекеттік бірлестік құрған наймандар XII ғасырда «Шығыс Қазақстан мен Батыс Моңғолстан алып жатқан Алтай мен Хинган таулы өлкесіне орналасты».

Жазба деректер бойынша, моңғол дәуірінен бұрын да наймандар күшті мемлекет болғанға ұқсайды. Рашид-ад-Дин өзінің атақты «Жылнамалар жинағы» атты еңбегінде наймандардың алғашқы хандары ретінде Нарқыш-Таян мен оның інісі Эниат-Қаан есімдерін атайды. Ал Шыңғыс хан шапқыншылығы алдында найман мемлекеттік бірлестігін Инаң Білгі Бұқа хан билеген. Бұл кез наймандардың ең бір дәуірлеген тұсы. Бірақ бұл дәуірлеу ұзаққа бармайды. Инаң Білгі Бұқа хан өлгеннен кейін үстемдікке таласқан оның екі баласы Тайбұқа (кей деректе Бай-Бұқа) мен Бұйрық тұтас елді екіге бөлді. Тарихи шығармалардың көбінде Бай-бұқаны Таян хан (С. Аманжоловта Даян хан) деп атайды. Бұл қытайдың Ван деген лауазымын оның атына тіркеуден шыққан: Тай-ван, осыдан Таян¹.

Міне, осындай бір елді екіге бөліп, өзара жауласқан Тай-Бұқа мен Бұйрықты Шыңғыс ханның қалай жаулап алғанын өзіңіз де жақсы білесіз. Оны айтып уақыт алмай-ақ қояйын.

— Жаңа сөз басында кей ғалымдардың наймандарды моңғол тайпасы деуге атаудың моңғол сөзі екені негіз болды деп едіңіз. Түркі тайпасы қалай моңғол сөзімен аталып жүр, осы жөнінде тоқтала кетсеңіз.

— Найман этнонимінің этимологиясы туралы әр ке-

¹ Мұны ғалымдар «ханның баласы» (М. Мұқанов) «бір аймақтың бегінің ұлы» (ҚСЭ) деп түсіндіреді. Керейдің Тоғрыл ханына қытайлықтардың беретін лауазымы осы «Ван» ғой.

зенде әр түрлі ғалымдар айтқан пікірлер негізінен екі арнаға саяды. Оның бірі — «найман» атауы Қатын (Катуни) өзенінің бір тармағы — Наймадан шыққан деген Н. А. Аристовтың пікірі де, екіншісі ленинградтық ғалым Л. Л. Викторованың сегіз оғыз аталған түркі тайпалары Х ғасырдан бастап найман аталды деген тұжырымы. Моңғолдар сегізді «наим» дейді. Жоғарыда айтылған екі пікірдің де негізінде моңғолдың осы «наймы» жатыр. Өзгелері осы пікірлердің бірін дұрыс, бірін бұрыс деушілер. Ал өз басым осы екі пікірдің екеуін де құптай алмадым.

— Неге?

— Алдымен, Н. Аристов пікірі жөнінде. Жалпы бұл ғалым осы найманды ғана емес, арғын, дулат, қаңлы руларының атын да өзен атауынан шығарады. Мұны көптеген ғалымдар құптайды да. Соның ішінде С. Аманжолов та бар. Алайда бұл өмір шындығымен онша қиюласа бермейтін секілді.

— Себеп?

— Себебі көшпелілердің, оның ішінде түркі халқының арғы-бергі тарихында далалықтар ешқашанда барған жерінің атымен аталмаған, қайта сол жерге өз атауын беріп отырған. Мекендеген жеріне ат беріп, айдар тағатын сол халықтың өзі ғой. Топонимдік атаудың этнонимдік атаудан кейін шығатынына В. А. Никоновтың «Қысқаша топонимикалық сөздігін» парактап шыққан адамның оп-оңай-ақ көз жеткізуіне болады. Бұл бір.

Екіншіден, Н. А. Аристовтың этностық атауға негіз болды деп отырған өзеннің аты Найма емес, Майма. Қатын өзеніне құятын бұл шағын өзеннің аты да, оның жағасында орналасқан поселкенің аты да Майма деп аталады. Ал майма — керей тайпасының бір руының аты. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген ақын Арғынбай Апашбаевтың «Жоғарғы майма, мұңал, боқай, қостай, Екі елді екі айырды құдай қоспай» деп келетін ұзақ өлеңіндегі «жоғары» деген сөз майма руының тауды, дәлірек айтсақ осы Майма өзенінің бойын мекендегенін көрсетеді. Мұны көне көз қарттар да дәлелдейді. Осы орайда тіпті бұл өзеннің аты бұрын Найма, кейін дыбыс өзгерісіне ұшырап Маймаға айналған шығар, керей руына содаң соң берілген болар деп қарасақ та аталған өзеннің Наймандарға ежелгі ата мекен болмағанын көреміз. Қытай жылнамаларының, моңғол шажірелерінің мәліметі бойынша наймандардың VIII ғасырда Байкал көлінің

оңтүстігінде, ал IX ғасырда Орхон өзенінің жоғарғы ағысынан Қара Ертіске дейінгі аралықта болғаны аян. Наймандардың Алтай асып кетуі, Сырдария бойына құлауы Шыңғыс ханның тұсында, оның Таян ханды жеңгеннен кейін басталған жоқ па? Ал бұл XIII ғасырдың басы, яғни 1204 жыл еді ғой. Демек, наймандар Найма өзенінің бойына «Найман» деген атпен жұртқа танылғаннан кейін барды. Олай болса, найман атауын қалай Найма өзенінің атынан шықты дей аламыз.

Енді ленинградтық ғалым Л. Л. Викторованың пікіріне келейік.

Өткеннің қандай бір оқиғасы жөнінде пікір түйгенде оны сол кезеңнің болмысынан алынған басқа мысалдармен, деректермен салыстыра, сабақтастыра қарап, тарихи дәлдікке қол жеткізу қажет. Осы тұрғыдан келгенде ғалым Викторованың найман этнонимін сегіз оғыз тайпасының атынан шығарған тұжырымы да, меніңше, ақиқат талабын ақтай бермейтін тәрізді.

Л. Л. Викторова пікірінше, VIII-X ғасырларда сегіз оғыз деп аталған түркі тайпалары X ғасырдан бастап найман аталған және бұл атауды оларға моңғолдар берген. Шындығында, аталған кезеңде Хингайдан батысқа қарай Тарбағатайға дейінгі жерді сегіз оғыздар иеленді, кейін осы өңірді наймандар мекендеді. 947 жылы моңғол тілді қидандар қазіргі Монғолия жерінен қырғыздарды қуып шығып, өз мемлекетін құрды. Міне, осы кезең оқиғаларын жазған Ляо империясының жылнамасында «найман» атауы алғаш аталады.

Осы тарихи деректерге талдау жасай келіп, Л. Викторова қидандар сегіз оғыздарды «найман» деп атады дейді. Мұндағы басты дәлел баяғы сегіз саны. Моңғолдар шын мәнінде сегізді емес, «сегізінші», «сегіз жерде» деген сөздерді найман деп атайды.

Жақсы, осылай-ақ болды дейік. Бірақ осы сол кезең шындығымен қабыса ма? Былай қарағанда, сырттан ауып келген елдің өздерінің жаңа көршілерін ескі атпен атамай, өздерінше атауы әбден мүмкін. Сол себепті Л. Викторованың сегіз оғызға шығыстан келген қидандардың найман деген ат берді деуін қисынсыз дей алмаймын. Алайда жалаң қисын жарға жықпас үшін оны тарихи дерекпен негіздеу керек. Сондықтан да моңғол тілдес қидандардың сол кездегі басқа көршілерін түгел анықтап және оларды қалай атағанын білу қажеттігі туады. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында тарих деректеріне зер салсақ, қидан-

дардың сол кездерде оңтүстік батысында сегіз оғыздармен, терістік батысында тоғыз және он ұйғырлармен, ал шығысында отыз татарлармен қатынаста болғанын көреміз. Міне, осыдан келіп, тарихи шындықтың беті ашылады. Егер қидандар көршілерін реттік санмен атайтын болса, онда олар, сөз жоқ, тоғыз және он ұйғырларды да, отыз татарларды да цифр тілімен атаған болар еді. Бірақ тарих ондай атауларды білмейді. Өйткені есон (тоғызыншы), арван (оныншы), чучудгаар (отызыншы) деген ел-халық атаулары жоқ. Олай болса моңғолдардың (қидандардың) осылардың ішінен тек сегіз оғыздарды бөліп алып, «найман» (сегізінші) деуі де мүмкін емес. Тіпті атады деген күннің өзінде ол Л. Л. Викторова айтқандай, «найман» болмай, «найман оғыз» деп аталған болар еді. Өйткені негізгі халықтық атаудың өзі бұл арада сегіз емес, оғыз ғой.

Осы орайда моңғол зерттеушісі Чулууны Далайдың осыдан біраз бұрын жарық көрген «Моңғолия XIII—XIV ғасырларда» атты ғылыми еңбегінде сегіз этникалық тайпадан тұратын бірлестіктің атын моңғолдардың өзі найман, немесе найман оғыз демей, дүрікше «секиз оғуз» деп атайтынын ашып көрсеткенін еске сала кеткім келеді. Демек, сегіз оғыздың сегізінші (найман) аталуына ешқандай қисын жоқ. Л. Л. Викторованың моңғол тілдес қидандар X ғасырда сегіз оғыз деген атауды аударып (онда да сегізін!), найман деп атай бастайды деген этимологиялық болжамына қосыла алмайтыным да осыдан.

— Ғылымда қабылданып, талай ғалымдар дұрыстығын мойындап қол қойған пікірлерді мақұлдамай, оларды теріске шығарғанда сонда өз тарапыңыздан айтар, ұсынар пайымдауыңыз бар ма?

— Әрине, бар. Көршілес найман атауын берушілер, менің ойымша да моңғолдар, яғни моңғол тілдес қидандар. Бірақ ол өзгелер айтып жүргендей, сегіз, не сегізінші деген мағынаны беретін емес, «сауда», «айырбас сауда» деген мағынаны білдіретін найман сөзінен шыққан. Моңғолдар сауданы «найман, наймааны», саудагерді «наймаачин» дейді.

Алыс-жақын көрші елдердің бір-бірін саудагерлер арқылы біліп, танысатыны ежелден белгілі дәстүр. Гректер де скиф халқын осы саудагерлер арқылы таныған. Скиф халқына «дарияның арғы жағындағылар», «хаума сусы-

нын ашытатындар», «шошақ бөріктілер» деген секілді ел-жұрт атауын бергендер де осы саудагерлер болатын. Тарихшылар оны кейін ғылымға ендірді. Сондай-ақ жергілікті жұрттың сырттан келген саудагерлерге берген атауының кейін халықтық атауға (этнонимге) айналатыны да бар. Бұған өзбек этнонимімен күні бүгінге дейін егіздің сыңарындай тіркеле айтылатын Сарт этнонимі жарқын мысал бола алады. «Өзбек өз ағам, сарт садағам» деген халық мәтелін еске алыңыз. М. Қашқаридың сөздігі бойынша, сарт — саудагер деген мағына береді.

Міне, найман этнонимін моңғолдың «сауда», «айырбас сауда» деген сөзінен шықты деуге осымен бірге, осы халықтың сол кездегі тарихи жағдайы да мүмкіндік бергендей. Наймандар сол кезде Орталық Азиядағы бірден-бір қуатты да мәдениетті мемлекет бірлестігі болған. Олардың билеушілерінің жазу-сызуы да сауатты ұйғырларды пайдаланғаны, оңтүстіктегі отырықшы елдермен тығыз байланыс орнатқаны Қазақ ССР тарихында да, МХР тарихында да айтылған. Ол кезде Орталық Азияда ақшаның болмауына байланысты бар сауда заттай айырбас түрінде болған. Наймандарда сауданың күшті дамуына Соғды қоныс аударушыларының да айтарлықтай ықпал еткені хақ. Соғды саудагерлері әкелген түрлі асыл бұйымдарды Алтайдың оңтүстігіндегі «орман адамдары» деп аталатын моңғол тілдес аңшы тайпаларға, үш өзендік моңғолдарға осы наймандар шығарып тұрған, олардан бағалы аң терілерін алған. Сондықтан да бұлардың осы аң терісін әкеліп, оны қажетті дүниесіне айырбастап алып отырған моңғолдар кезінде «наймаан, наймааны» деп атап кеткен секілді. Жалпы наймандардың өзге көршілерінен дәулетті де салтанатты тұратын моңғолдың «Күпия шежіресінде» де ашық жазылған.

Есіңізде ме, моңғолдарды (Шыңғыс ханды) шабуға «ыққалы жатқан найманның ханы Таянға шешесі Гүрбәсудің: «Моңғолдар қоңырсыған иісті, қомыт-қомыт киімді емес пе? Оларды әкеліп қайтесін, аулақ жүргенің жөн ғой»,— дейтіні. Гүрбәсудің бұлайша менсінбей сөйлеуінде құр жалаң мақтан емес, артық дәулет, жақсы тұрмыстың қызулы шарпуы жатыр.

Міне, осының бәрі найман этнонимінің «сауда», «айырбас сауда» деген мағына беретін моңғол сөзінен шықты деуіме негіз болатын сияқты.

— Бұрын ешкім айтпаған, байлауы жаңа, пікірі тосын болжам екен. Жалпы көптің, ғылыми ортаның не дейтінін

кім білсін. Меніңше, көңілге қонар қисын бар. Қалай дегенде де бұл «айттым, бітті; кестім үзілді» — соңғы сөз емес, тарихымызға жаңаша қарайық, көне шиырдан шығып, шындыққа жетер жолды іздейік деген ниеттен туған ізденіс нәтижесіндей жеке пікіріңіз ғой.

— Әрине, солай. Қанша қисынды дегенмен, бәлкім, менің бұл пайымдауым да дұрыс емес шығар. Қазылық қашанда білімді мен біліктінікі, солар айтар төрелігін. Жалпы «ақиқаттың айтыстан туары» шындық болса, ғылыми материалдар негізінде пікір қағыстырып, ой жарыстыру қазіргі таңның қажеттілігі деп түсінемін. Ойды ірікпей ортаға салуым да содан.

— Шежіремізде ғой найман атауының қалай шыққаны жөнінде ештеме жоқ.

— Кей атаулар жөнінде ел арасына тараған ауыз-әңгімелер бар болғанмен, дәл осы найман жөнінде ондай ештеме кездеспейді. Шежіреде Найман орта жердің түп аталығы — Жанарыстың алты баласының бірі Аққожадан туған баланың аты. Одан Кет бұға, Барыжомарт, Төлегетай. Осының кейін ұрпағы таңбасын жылқының теріс жағына салғандықтан Терістаңбалы атанып кеткен Кетбұғасынан Мәмбет пен Рысқұл; Сарыжомарттан Бағаналы, Балталы, Көкмарлы, Бура деген балалар тарайды. Халық Сарыжомарттың балаларын Ергенекті-найман деп те атайды. Төлегетайдан Қаракерей, Матай, Садыр. Осының Матайынан туған Қаптағай есімі бүкіл найманның ұранына айналады. Бір қызығы жекелеп алғанда Төлегетай балаларының өз ұраны бар. Мысалы, Қаракерейдің ұраны Қабанбай, Матайдікі — Бөрібай, Садырдікі — Алдияр. Ел ұранына айналған бұл үш есім де XVIII ғасырда өмір сүрген нақты тарихи тұлғалар.

— Мен білетін шежіре нұсқаларында Найманның ұрпағының тарауы бұдан басқаша секілді еді. Ауыл ақсақалдарының айтуымен жазылып, қолдан қолға көшіп жүрген әр атаның өз шығу тегін таратқан шежірелер деректерін былай қойғанда, кітап жүзін көріп, ғылыми айналымға түскен, ғалымдар С. Аманжолов пен М. Мұқанов ұсынған шежіре дерегі де жаңағы сіз айтқанға ұқсамайды. Шәкәрім Құдайбердіұлында да солай.

Мысалы, С. Аманжолов нұсқасы бойынша Найманнан бір ғана, кейін ел аузындағы Өкіреш деген лақаб атымен танылған, Белгібай деген бала туады. Одан Елте (Ел-ата деп те атайды), Бағаналы, Балталы, Сүгірше (Шәкәрімде Сүкіргі), Сүйініш деген бес бала тарайды. Елтеден Се-

рікбай, Қоңырат-найман; осының Серікбайынан Төлеген, одан Қелбұға, Кетбұға. Ал Сіздің айтуыңызша, Кетбұға тікелей Найманнан тарайды. Сондай-ақ Сүгіршеден Сарыжомарт, Төлегетай; осының Төлегетайынан Қытай, одан Қарагерей, Матай, Садыр, Төртуыл.

Көрдiңiз бе, мұнда да кереғар алшактық бар. Сiзде Төлегетай найманның бел баласы болса, мұнда шөбересi. Мұның сыртында оның балалары деген Қарагерей, Матай, Садыр Төлегетайдың өзінен емес, баласы Қытайдан туады және оларға Төртуыл деген тағы біреу қосылады. Ал М. Мұқановта әлгі Қытайдың баласы, Төлегетайдың немересі деген төртеуі тікелей Найманның өзінен тарайды.

Шәкәрім қажы Найманнан Софы мырзаны, одан Өкірешті, одан Домбауыш, Сүкіргі, Сарыжомартты тұғызады.

— Сонда сіздің ойыңызша осылардың қайсысы дұрыс?

— Бұл арада кезінде хатқа түсіп, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан қытай жылнамалары секілді нақты дерегіміз болып, солармен салыстырып тексермегеннен кейін, ананыкі, не мынаныкі дұрыс деу қиын, тіпті олай деу қателікке ұрындырады.

Мен де жоғарыда айтқан деректерді ойдан шығарғаным жоқ. Қазақтың алғашқы білімді зерттеушілерінің бірі Мұқамеджан Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихына материалдар» деген еңбегінен алдым. Ал қолда бар басқа деректердің ішінен қалаудың неге Тынышпаев дерегіне түскеніне келсек, оның мынадай сыры бар. М. Тынышпаев мамандығы басқа болғанмен тарихқа ден қойып, оны ғылыми тұрғыдан зерттеген білікті жан, оның сыртында осы Найманның Төлегетай аталығынан тараған ұрпақтың өкілі. Бұл ретте оның өзі: «Марқұм әкемнің сөзіне қарағанда, менің он алтыншы атам Төлегетай заманында өте белгілі адам болыпты. Өз тұқымына билігін жүргізген. Өлгенде Үзкенттегі Қожалардың бейітіне жерленіпті.

Шымкент облысының Шаян поселкесінің тұрғыны Мәді Мағзұм деген кісі әкемнің осы айтқанын тірілтіп, оның үстіне Төлегетайдың қожалардың бірінің қызына үйленгенін айтты. Оның айтуынша, Самаркандтың ханы Иманқұлдың атақты қолбасшысы, алшын руынан шыққан Жалаңтөс батыр да кезінде Үзкент қожаларының бірінің қызына үйленбек болыпты. Бірақ қожа оған пайғамбар тұқымының қызын қара қазаққа беруге шарифат қоспайтынын сылтау қылып, келісімін бермеді. Сонда Жалаңтөс

батыр осы Төлегетайдың қожаның қызына үйленгенін алға тартып, өзінің халық алдындағы еңбегінің Төлегетайдан кем еместігін айтыпты. Алайда Қожа бәрібір келісімін бермеген.

Мәді Мағзұм Төлегетай мен Жалаңтөс арасында екі ұрпақ, яғни елу жыл өткенін айтады. Жалаңтөс 1619 жылы Самарқантта медресе салдырады, ал 1643 жылы қазақтың Жәңгір ханымен бірге қалмақтармен соғысты. Осыдан Төлегетайдың Үзгенттің маңында XVI ғасырдың аяғында өмір сүргенін көруге болады. Бұны Төлегетайдың немересі, Қарагерейдің баласы Ерторыны Есімханның замандасы болды деген әңгіме де расқа шығарады. Бұл әдеттегі қазақ үшін төрт ұрпақты жүз жылға есептейтін есепке де дәл келеді.

Әбілғазы ханның мәліметі бойынша, найман Софы мырза 1604 жылы Хивада Араб-Мұхаммед ханды өлтіріп, орнына Харау деген біреуді (ол да Шайбани тұқымы) қоймақ болады. Бірақ оның бұл жасырын қастандығы ашылып қалады, «Софы мырзаны өзінің бауыры, Араб-Мұхаммед ханның жақтасы Баба мырза өлтіреді»,— деп жазады.

Тарихшының осы жазғандарына қарап, оның шындығына өз көзі жетпейтін ауызша шежіреде көрсетілген Найман мен Төлегетай арасындағы аталықтарды алып тастап, ұрпақ тарату кестесін бірден тарихқа белгілі нақты тұлғалардан Кетбұға, Сарыжомарт, Төлегетайдан бастағанын көруге болады. Сондай-ақ М. Тынышпаев ұсынған осынау аз деректен Шәкәрім қажының Найманнан Софы мырзаны туғызуының да мәнін аңғаруға болатын секілді. Міне, бұл орайдағы сіздің жаңағы сауалыңызға берер менің жауабым осы.

— Осы орайда Сіздің назарыңызды бір қызық дерекке аударғым келіп отыр. Ол осы Төлегетай ұрпағы жөніндегі ғалым Сәрсен Аманжоловтың пікірі. Ғалымның бұл пікіріне, бір ғажабы, осы кезге дейін ешкім назар аудармай келген сияқты.

— Жоғарыда айтылғандардан басқа ол қандай пікір?

— Сәрсен осы Төлегетайдың ұрпағы Қытайдан тараған дейтін жаңағы төртеуін — Қарагерей, Матай, Садыр, Төртуылды қарақытайдың яғни қаракидандардың тайпасы дейді.

— Иә, мынауың шынында қызық екен. Ау, ғалымдарымыз қарақытайларды моңғол тілдес тайпалар одағы деп жүрген жок па?

— Бұған С. Аманжолов басқаша қарайтын секілді. Жалпы ғалымның мұндай тұжырымға неге келгенін түсіну үшін әңгімені көпшілікке белгілі Шыңғыс ханның наймандарды жаулап алуынан бастаған жөн.

Өзіңіз де білесіз, 1203 жылы керейлерді талқандағаннан кейін көп ұзамай Шыңғыс хан наймандарға шабуылға дайындалады. Оның бұл пиғылын білген наймандар да қарсы әрекетке көшеді. Өздерінің көршілері меркиттермен, дүрбендермен, сальжюттермен, хатачиндермен, жажираттармен, Шыңғыс ханның соққысынан аман қалған керейлермен бірігіп, одақ жасайды. Сондай-ақ батысындағы қарлықтарға, қарақытайларға, хорезмдіктерге елші жіберіп, олардан көмек көрсетулерін сұрайды. Бірақ жем-жемге келгенде бұл одақтастықтан береке болмайды. Хорезмшах Мұхаммед уәдеден тайқып кетсе, жажират тайпасының көсемі Жамуха-сечен соғыстың нағыз қызған кезінде, майдан алаңын тастап кетеді. Осындай сатқындық әрекеттердің салдарынан наймандар Шыңғыс хан әскерінен жеңіледі, Таян хан қаза табады.

Алайда наймандар мұнымен күресті тоқтатпайды. Әкесінің орнын басқан Күшілік хан Алтайдағы ағасы Бұйрық ханға барып қосылып, екеуі бірігіп Шыңғыс ханмен екі жыл тынымсыз айқасады. 1206 жылы Тарбағатай тауының шығыс жақ беткейіндегі шайқаста Бұйрық хан қайтыс болады. Соған қарамай Күшілік хан наймандар мен меркиттердің бар күшін біріктіріп, Шыңғыс хан әскеріне қарсы шығады. Белгілі бір шайқастарда жеңіске жеткенімен қарақұрттай қаптанған моңғол әскерін тоқтату мүмкін емес еді. Күшілік амалсыз шегініп, Жетісу жеріне келіп, ондағы Қарқара өңірін мекендеген наймандар мен меркиттердің тың күшін біріктіріп, күресті қайтадан жалғастырады.

Бұл кезде бүкіл Орта Азияға қарақытайлықтар иелік ететін. Бірақ ел билеушілерінің арасында ауызбірлік жоқ еді. Осы ішкі ырың-жырың тыйылмай жатып, қарақытайдың гөрханы мен хорезмшахтың арасында соғыс басталады. Осыны пайдаланған қарақытайдың боданы болып келген шығыс тайпалары бас көтереді. Иелігіндегі елдің бірлік берекесі кеткен гөрхан Мұхамедтен жеңіліс табады. Өзі Күшілік ханға келіп паналайды. Көп ұзамай гөрхан әскері де Күшілікке бағынады. Осыны пайдаланған ол қарақытай иелігінің шығыс жағының билігін түгелдей өз қолына алады.

Күшіліктің бұлайша күшеюін қаламаған және оның

бүкіл Орта Азия мен Дешті-Қыпшақты өзіне қосып алуынан қауіптенген Шыңғыс хан сан айқасты бастан кешіріп, әбден шыныққан атақты екі қолбасшысын Құбылай мен Жебе-ноянды жер қайысқан қолмен жедел Күшлікке аттандырады. Қарлықтардың сатқындығын пайдаланған Жебе-ноян Күшліктің әскерінің қамсыз жатқан жерінде төбесінен түсіп, тас-талқанын шығарады. Күшліктің басын Шыңғыс ханға жібереді. Наймандардың моңғол басқыншыларына қарсы жиырма жылға созылған күресі осылайша аяқталады. Бірақ бұл найман халқы түгелдей қырылып кетті деген сөз емес. Олардың негізгі ұйытқы көпшілігі сол баяғы ата мекенінде өмір сүріп жатқанды. Олардың сол арада болғанын осыдан отыз жылдан кейін келген батыс елдерінің саяхатшылары Рубрук пен Карпинидің деректері де дәлелдейді.

Міне, С. Аманжолов осы тарихи оқиғаларды баяндай келіп, ал енді «осы қарақытайлар қайда кетті? Олар өздері кімдер? Түріктерге жата ма, әлде моңғолдар ма?» деп сұрақ қояды. Сөйтіп оған өзі жауап беруге тырысады.

Қарақытайларды моңғол шапқыншылығынан кейін бір жаққа қоныс аударып, ауып кетті деуге негіз жоқ екенін айта келіп, өзі тапқан екі дерекке назар аударады. Оның бірі Құрбанғали Халитовтың «Тауарих хамсасы», екіншісі шүршіт тайпасынан шыққан Темірбай Бектасовтың жаздырған шежіресі. Бұл екеуінің беретін дерегін жоғарыда С. Аманжолов ұсынған шежіре дерегі деп айттық та. Соны қайталап, қысқаша қайырсақ, ол мынандай: Найман, одан Белгібай, одан Елте (Ел-ата), Бағаналы, Балталы, Сүгірше, Сүйініш, осының Сүгіршесінен Сарыжомарт пен Төлегетай, Төлегетайдан Қытай, одан Қарагерей, Матай, Садыр, Төртуыл тарайды.

С. Аманжолов осындағы Қытайды тайпалар одағының аты деп қабылдайды. Т. А. Жданконың деректеріне сүйене отырып, XII ғасырдан бері олардың қазіргі Талдықорған облысының терістік шығысы мен Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік шығысын мекендегенін анықтайды. Сөйтіп қарақытайлар сол кезеңнен бастап қазіргі наймандардың бір бұтағы болып келеді деген тұжырым жасайды. Оған мынандай дәлелдерді негіз етеді:

бірінші, Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінде қазіргі ұғымдағы қытайларды табғаш немесе тавғаш деп атайды. Сонда басқа түркі тайпаларымен бірге, мысалы, усундармен, қырғыздармен, татарлармен, ашиналармен, үш

курыкандармен қоса қытай атауы да аталады. Бұл басқа емес, осы Садыр, Матай, Төртуыл және Қарагерейден тұратын тайпалар одағы. Қытайлар бұған дейін өз алдына дербес жеке болғанымен, XII ғасырдан кейін наймандар одағына қосылған;

екінші, Махмұд Қашқаридың «Диван Луғат-ат-түрк» (XI ғ.) атты шығармасында қытайлар түркі тайпаларына жатқызылады;

үшінші, академик В. Бартольд: «Мұсылман тарихшылары Хижраның 408 жылы (жыл санауымыз бойынша 1017-18 жылдар) мұсылман емес түріктер қоныс аударғанда арасында қытайлардың болғаны жөнінде айтады, басқа деректер бойынша тағы 403 жылы (1012-13 жылдар) мұсылман түріктерінің ханы оларға қарсы шыққанда жау Баласағұн қаласынан сегіз күндік жерде еді, Мәжүсилер шегінді, мұсылмандар оларды іздете қуып, толық жеңіліске ұшыратты», — деп жазады;

төртінші, Г. Е. Грумм-Гржимайлоның мәліметі бойынша Садыр тайпасының қытайша шато болып аталатынын көруге болады. Шатолар Шығыс түріктерінің өмірінде үлкен роль атқарады. Мұның сыртында Орхон-енисей ескерткіштерінде аталатын чуй тайпаларының бірі чуз қазіргі Садырлардың арасында бар. (М. Тынышпаев ұсынған кестеде Садырдан Тон, Чуе және Сарыжетім, осының Чуесінен Итемген, Дегенші және Шағыр тарайды).

бесінші, қытай деген тайпа атауы өзбектердің арасында да сақталған. Өзбектерде қытай атауы қосарланып (қытай-қыпшақ) аталатындықтан, олардың бүкіл Орта Азияға үстемдік етіп тұрған кезінде Қазақстанның шығыс облыстарынан келгенін аңғаруға болады. Осы орайда қытай тайпасы атауларының теңеулерінің мысалы, череуші-қытай, мәнжулі-қытай, аралбай-қытай, қайшылы-қытай, қазаяқты-қытай, қайын-қытай, екішейх-қытай болып келуі ерекше назар аударады. Қытай башқұрттар мен қарақалпақтардың арасында да бар.

— Расында да, мынау С. Аманжоловтың ғылыми айналымға түспей назардан тыс қалып жүрген пікірі екен. Байқасаңыз, қытай атауы тек наймандарда ғана емес, қазақтың біраз ру-тайпасында бар ғой. Айталық, жоғарыда айтылған қыпшақтар арасындағы қытай-қыпшақ, сары-қытай, құлан-қытай жалайырлардың шуманағындағы маңғытай, қоңыраттардың көтеншісіндегі маңғытай керейлердің абағындағы шереуші-қытай және басқалар.

Осының бәрін кездейсоқ ұқсастық деп қарауға бола ма? Тарих дерегіне қарасақ, батысқа не шығысқа қоныс аударып, ауып кеткен, болмаса қырғынға ұшыраған қарақытайлықтар және байқалмайды. Сонда бір кезде көшпелі империя дәрежесіне жеткен қарақытайлықтар қайда кетті? Қөкке ұшты ма, әлде жер жұтты ма? Егер осының бірі де болмаса, сөз жоқ, онда олар көрші тайпалардың құрамына кіріп, сіңісіп кеткен болады ғой. Ендеше бұл да халқымыздың көне тарихын уақыт талабына сай жаңа бағытта зерттейтін ғалымдардың назарды баса аударар бір үлкен мәселесі болуға тиіс. Бұл арада қарақытайлықтардың тегі қытай емес екенін де есте ұстаған жөн.

— Осы айтылған әңгімелерден менің бір байқағаным қазақ халқының құрамына енген қай тайпа туралы сөз қозғасақ та, әлі күнге біреуінің не атаулық мәні ашылмаған, не шығу тегі нақты көрсетілмеген, бәрі де шамасы осылай деген болжам төңірегінде. Сонда қазақ халқының көне дәуірінің нақты тарихы қалай жазылмақ? Бұл шамасы таяу уақытта бітпейтін шаруа болса керек?

— Неге?! «Көз — қорқақ, қол — батыр» деген емес пе. Дұрыс бағыт ұстанып, қолға алса бітпес іс болар ма. Айталық, Қазақ ССР Ғылым Академиясы тиісті институттарының айталық, этнограф, тарихшы, әдебиетші, тілші, археолог ғалымдардан арнайы бірнеше топ құрып, әр топқа қазақ халқының негізі болған ең ірі тайпаны бір-бірден бекітіп берсе, сөйтіп әр маман өз саласы бойынша әлгі тайпаға қатысты бүгінге дейін шет елде, одақта, республикада мәлім болған бар бүкіл деректі жинап, ортақ ойдың түйінін жасаса, белгілі дәрежеде жаңағы тайпаның тарихы айқындала, нақтылана түсері хақ. Ал бұның әрқайсысы халық тарихының жазылған жаңа бір-бір тарауы деген сөз. Әлгі топ одан әрі мақсатты зерттеу жұмыстарын жалғастырып, енді өздері жаңағы тайпа туралы жаңа құнды деректер тауып, тарихтың екінші, үшінші... қайта басылымында өздері жазған тарауды түзеп, толықтырып, жетілдіруге тиіс. Онысыз қазіргі «ана ғалым алай деген, мына ғалым былай дегенді» тізіп, оған әрқайсымыз өз білім дәрежемінде көзқарасымызды білдірген тұшынар, нақты дерегі жоқ аударма тарих деңгейінен жоғары көтеріле алуымыз, меніңше, екіталай. Бұған көз жеткізу үшін осы айтылған соңғы пікір тұрғысынан орта жүз құрамына кіретін өте ірі де

күрделі тайпаның бірі — ҚЕРЕЙлер тарихының бар дерегіне үңіліп көрелік.

Әуелі керей халқының шығу тегі жөнінде. Ол, әлі күнге даулы күйінде. Бірақ зерттеушілер (В. В. Бартольд, В. Я. Владимирцев, Н. Н. Поппе, С. В. Киселев) керейлерді моңғолдар десе, енді бір тобы (Рашид-ад-Дин, Әбілғазы Баһадур-хан, С. А. Козин, Н. А. Аристов, М. Тынышпаев, С. Аманжолов, Ә. Марғұлан, М. Мұқанов) түріктер деп дәлелдейді. Осы екі пікірдің біреуіне қосылғанмен, соның дұрыстығына көзі жетпей, күдікпен қарайтындары да (Г. Е. Грумм-Гржимайло) бар. Қайсысына сенерінді білмей дал боласың. Әрқайсысының да пайымдауында өзіндік дәлел бар.

— Ал Сіз өзіңіз қайсысы деп ойлайсыз?

— Шынымды айтсам, білмеймін, Керейлердің шыққан тегі түрік деушілердікі дұрыс дейін десем, моңғол тарихшысы Санан-Сесен Шыңғыс хан заманындағы моңғолдарды: еке-моңғол (ұлы моңғол), су моңғолы (маңғыт, үңгіт, шүршіт), керей деп үшке бөледі, сондай-ақ М. И. Иванин «Татар-моңғол және Орта Азия халықтарының Шыңғыс хан мен Темірдің тұсындағы соғыс өнерімен жаулап алуы» деген зерттеу еңбегінде татандарды моңғол, хэрэ (керей), тайчут және татар деп аталатын төрт халықтан құралады дейді «Моңғолдың құпия шежіресі» моңғол Есугей (Шыңғыс ханның әкесі) мен керей Тоғрулдың (Ван хан) анда¹ болып, бауырласқанын айтады. Керей түрік болса, оны неге моңғол шаңырағын көтерген үш тағанның бірі дейді. Неге ол моңғол тілдес татандарды құрайтын төрт халықтың бірі болады? Неге Есугей тегі бөлек Тоғрулмен бауырласады? Осылардың бәрін дәлелдеп теріске шығарар дәйекті дерек жоқ.

Осыған қарап Керейлердің шыққан тегі моңғолдар дейін десем, ғалымдар қазақтармен сапырылыс араласта болмай ежелден Алтайдың Оңтүстік-батысын, Қара Ертіспен Кендірлік өзендерінің жазығын, Сауыр жотасының оңтүстік-шығыс беткейін мекендеп тұтас жатқан керейлердің тілінде, не тұрмыс-тірлігінде моңғолдық іздің байқалмайтынын айтады. Неге олай? Бұған жауап беретін дәйекті дерек тағы жоқ.

Ғалымдар бір ауыздан керейлерді байырғы керейтердің (кераиттердің) ұрпағы дейді. Дұрыс делік, шын-

¹ Моңғолдарда бір туған емес адамдар көңілдері жарасып бір туған бауырдай жақын болғысы келсе, білектерін кесіп қанатып, қандарын араластырып, қандас туыс болатын дәстүрді осылай атайды.

дығы да сол болар. Бірақ байырғы керейттер қазір неге керейлер деп аталады? Оған да нақты жауап жоқ. Рас, себебі мынау деп ашып айтпағанмен, Шыңғыс хан қырғынынан кейін ығысып Қазақстан жеріне келгендер керей атанып кетті деген емеурін танытады. Солардың ішінде ғалым С. Аманжолов ептеп болса да керейттің неге керейге айналғанын нақтылай түсуге ұмтылады, тувалықтардың арасындағы убур-керейлер жөнінде әңгімеленгеніндегі жорамалы көңілге онша қонбағанмен «т» жалғауының түсіп қалуы жөнінде айтады. «Т» — көптік жалғауы. Онда тап солай келіп, әуелі ұлы жүздің, кейін Ташкент арқылы кіші жүздің жетіруінің құрамына кірген керейттер неге күні бүгінге дейін керей деп аталмай, керейттер делінеді?

Бұлар керейлердің көпшілігі емес, шашыранды шағын бөлегі ғой. Кейде ойды ой жетелеп, бәлкім, жағдай ықпалымен негізгі ұйытқы ұясынан бөлініп, осылай шетке шыққандар байырғы керейт атын сақтап қалатын шығар дейін десең, Арал төңірегіне қоңыраттар мен карақалпақтардан көп кейін келіп карақалпақ халқының құрамына енген керейлер де керейт аталмайды. Неге бұлай? Бұған да көңіл тояттар жауап таба алмаймыз. Сондай-ақ Г. Е. Грумм-Гржимайло Қытайдың бір кездегі Цзинь, Ляо және Юань әулеттерінің тарихтарының дерегіне сүйене отырып, олардың керейді «Цюи-линь», ал керейтті (хэрэ) деп бөліп көрсететінін айтады. Осыған қарап ол керейлерді байырғы керейттерден бөлініп шықпаған, бұл екеуі екі тайпа деген тұжырымға келеді. Сонда мұның қалай болғаны? Егер бұл тұжырым дұрыс болса, онда керейттің «т» — жұрнағы түсіп қалған деп дәлелдеп, керейттен керейді шығарған ғалымдарымыздың ғылымға енгізген ғылыми түйіндеулері қайда қалады? Міне, бұл сауалдарды да жауапсыз қалдыруға мәжбүрміз.

Жазған құлда жатыс жоқ, осылайша жауабы табылмай ашық қалған сұрақтар нөпіріне тосқауыл боларлық бірдеме іздеп, қазақ шежіресіне үнілесің. Бірақ мұндағы деректер де тоят бермейді, қайта «неге олайды» алға ұстаған жаңа сауалдарды қаулатады.

Мұнда Керей орта жүздің түп атасы Жанарыстың Смағұлқожа деген баласынан туады. Одан өсіп-өнген ұрпақ Ашамайлы және Абақ болып екіге бөлінеді. Шежіре дерегі бұл екеуін де Керейдің баласы, нақты кісі аты етіп көрсеткенімен, олардың егеменді тайпаның енші таңба-

сының атымен аталған тайпалар бірлестігінің атауы екенін айыру кімге болсын онша қиындық туғызбайды.

Ашамай — тайға салып, жас баланы мінгізетін және түйеге салып, ұзақ жолда шешілмейтін тең артатын ердің аты. Бір-біріне айқастырыла салынған қос көсеу таңбасын (X) осы ашамай ердің сүйгіне ұқсайтын болғандықтан ашамай атаған. Осыдан ашамайлы деген атау өмірге келген. Сонымен, ашамайлы деген атау шежіреде көрсетілгеніндей, кісі аты емес, ашамай таңбасы бар тайпа деген мағына білдіретін халықтық атау — этноним.

— Осыған байланысты мен бір ой айтайын ба?

— Оның несін сұрайсыз, айта беріңіз.

— Айтсам, осы ашамай деп отырған таңбаңыз, меніңше, жалпы керейдің ортақ таңбасы крестен /+ / шыққан.

— Оныңыз бола қояр ма екен. Өйткені ғалым С. Аманжолов керейдің крест таңбасы негізгі таңба емес, қосымша, кейін пайда болған таңба деп есептейді. Оған егер осы таңба христиан дінін қабылдауға байланысты болса, онда олардың көршісі христиан дініндегі наймандарда неге жоқ деген сауалды дәйек етеді.

— Бұл, меніңше, дәйек те, дәлел де бола алмайды. Себебі, мәселе бұл арада наймандардың, не керейлердің христиан болғандығында емес. Мәселе кімнің қашан христиан болғанында және крест таңбасын кімнің бұрын иеленгенінде. Міне, мәселеге осы тұрғыдан қарағанда керейлердің наймандардан христиан дінін бұрын қабылдағанын және соған орай крест таңбасын да алдымен иеленгенін көреміз. Бұған басқаны айтпағанда Марко Полоның Тендук өңірінде болғанда «Мұнда поп Иоан негізінен татарлар мен көрші патшалықтарға билік жүргізіп тұрғанда келіп-кетіп жүрді. Оның ұрпақтары да, жоғарыда мен атап кеткен Жор (Георгий) де осында тұрды. Ол осы поп Иоанның тұқымы, поп Иоаннан кейінгі алтыншы патша»,— деп жазғаны дәлел болады. Тарих дерегіне назар салсақ, бір дін басқа елге енгенде сол дінді таратушы миссионерлер арқылы өз елінің адамдарының есімін де әкеп енгізеді. Бұған көз жеткізу үшін түркі тектестер арасында иуда дінін алғаш қабылдаған Хазар қағанатының, болмаса алғаш мұсылман Дінін қабылдаған қараханидтер тарихын еске түсіріңіз. Керейлер тарихы да солай. Мұндағы Марко Поло айтып отырған поп Иоаны керейдің Ван-ханы екенін біз Сібірдің «Строганов жылнамасы» мен «Есипов жылнамасы» арқылы білеміз. Наймандар тарихында мұндай басқа атаудағы есімдер кез-


деспейді. Оларға дін, меніңше, керейлер арқылы барған болса керек. Ал керейлердің крест таңбасына ие болуы, сөз жоқ, олардың христиан дінін қабылдауынан. Көшпелілер дәстүрінде бір тайпаның таңбасын екінші тайпа қайталамайды. Наймандарда христиан болғандарына қарамастан крест таңбасының болмауы осыдан. Ал кейінгі көшпелі тайпаларда бір-бірінің таңбалары араласып жүрсе, ол кешегі шапқыншылықты заманда белгілі бір таңбаға ие тайпаның бөлшектеніп басқа тайпалардың құрамына кіруінен.

Енді бұл крест таңбасы неге ашамай аталды дегенге келейін.

1204 жылы Шыңғыс ханнан күйрей жеңілген керейлердің біразы батысқа қарай ығысқаны белгілі. Міне, осы жаңа қонысқа ауып келген керейлердің жылқысының крест таңбасын көрген мұсылман дініндегі көшпелілер оны өз түсінігіндегі ашамайға ұқсатып, таңбаны ашамай, елді ашамайлы деп атап кеткен болар деп ойлаймын.

— Ғажап емес. Солай болуы да мүмкін. Шынында ашамайлы деп аталатын керейлер Қазақстан мен Қарақалпақстанда ғана емес пе.

Сіздің бұл пікіріңізге тағы бір айғақ, байқап қарасаңыз, көптеген зерттеушілердің еңбегіне керейлердің таңбасы ретінде осы крест таңба мен абақ таңба ғана көрсетіледі, ашамай таңба пәлендей айтыла бермейді. Соған қарағанда жаңағы сіз айтқандай крестен ашамай таңбасының шығуы әбден мүмкін. Таңба ретінде айқастырылған қос көсеу, екеуінің жаратылыс болмыстары да бірдей ғой.

— Біз ашамай таңбаны айтамыз деп абақ таңбаны ұмытып кеттік қой. Зерттеушілер абақ атауының не мағына беретінін айтпайды, тек абақ-керей деп аталатын елдің таңбасының тік сызықпен ортасынан қаққа бөлінген параллелепипедке  ұқсайтынын көрсетіп өте шығады. Тек зерттеуші М. Мұқанов Б. А. Владимирцовтың «Моңғолдардың қоғамдық құрылысы» деген еңбегі мен «Шайбаниадада» айтылған деректерге сүйене отырып: «Түркі тілдерінде «омак», «умак», «обак» моңғол тілдерінде «обог», «обох» сөздері қандас туыстардың өзіндік одағы деген мағына білдіреді. Осыған қарап, абақ-керейді керейлердің қандас туыстар одағы деп тұжырымдауға болады», — дейді. Егер осылай болса, онда абақ-керей өзгелердей құранды емес, тек бірыңғай керейлердің өзінен тұратын тайпа болғаны ғой. Олай болса, найманның Чуе

аталығынан тарайтын итемген, сондай-ақ үйсіннің Ботпай аталығынан тарайтын жадық, байұлының Есентемір аталығынан тарайтын жастабан руларының абақ-керейлердің ішінде жүргенін қалай түсіндіреміз.


— Бұл рулар кезінде абақ-керейлерден бөлініп, жаңағы аталған тайпалардың құрамына кіруі әбден мүмкін ғой. Ондай араласу қазақ тайпалары құрамында аз ба? Меніңше, кез келгенінен табуға болады.

— Дұрыс айтасыз. Ондай шындықты жоққа шығаруға болмайды. Жаңағы аталған рулардың кезінде абақ-керейлерден бөлініп, басқалардың құрамына кіруі әбден мүмкін. Бірақ ерте кезден керейлермен көрші, олармен терезесі тең тайпа бірлестігі болған меркіттердің абақ-керейлердің құрамында жүргенін қайда қоясыз? Ғалымдарымыз меркіттерді қазақ халқының негізін құрайтын басты тоғыз тайпалар бірлестігінің қатарында айтады. Жоғарыда айттым, М. И. Иванов оны татандарды құрайтын төрт іргелі тайпаның бірі деп есептейді.

Мен, өз басым, осыларды ескере келіп, керейлердің бір тармағының халықтық атауы болған — абақты да сол жоғарыда айтылған ашамайлы секілді таңба атынан шыққан ба деймін.

Абақ — аңшы қарттардың айтуынша қасқыр, түлкі секілді аңдарды ұстауға арналған көне құралдың аты. Сырт порымы төрт бұрышты ұзынша шағын абдыраға ұқсайды, айырмашылығы мұнда қысқа қабырғасының бір жақ бетінен басқасы түгел бітеу болады және ортасынан бөлінеді. Сонда төрүйлі, ауызүйлі екі бөлме пайда болады. Төргі бөлмесінің қасқыр не түлкі кіргенде еркін сыятындай ауызғы бөлмеден үлкендігі болуы міндетті. Осының орта бөлігінен ішке кіргенде жоғарыға (төбеге) қарай ашылатын кепкен мықты да қатты ағаштан торкөз жеңіл есік жасалады. Осыны абақ деп атайды.

Аңшылар осындай абақты қысты күні ауылдан шалғайлау аң жүретін жерге апарып, түпкі төргі бөлмесіне ептеп иістенген етті қойып кететін көрінеді. Ет иісі аңды алыстан шақырады. Ашыққан аң иіскелеп жүріп, иіс мол келіп тұрған тор көз есікті тез тауып, оны тұмсығымен итеріп ашып, ішке кіреді. Қасқырдың, не түлкінің денесімен көтеріліп ашылып тұрған есік, аң ішке толық кірген кезде өз өзінен сарт етіп жабылып қалады. Кей аңшылар сенімді болу үшін есік салмағымен жабылғанда жіберіп, ал ашылуға кері жібермейтін серіппелі тиек те жасайды. Сөйтіп өз еркімен ішке кірген аң қайта шыға алмайды.

Міне, менің ойымша, абақ-керейлердің таңбасы осы абактан алынған. Оны таңбаның абақ аталуы да, формасының /  / аңшының абағына ұқсайтыны да дәлелдеп тұрғандай. Егенекті-найманның ергенек таңбасын еске алыңыз. Қазақтың түрме деген мағына беретін абакты сөзі де осыдан шыққан.

— Рас-әй, мынауыңыз шындыққа келетін сияқты... Токтаңыз, бірақ қазақ тайпаларының ішінде таңба атын халықтық атауға айналдырғандардың бәрі таңба атының нақты өзіне ты, ті, лы, лі жұрнақтары жалғану арқылы жасалмаушы ма еді. Мысалы, тарақты, ергенекті, сіргелі, ашамайлы деген секілді.

— Иә, оның рас. Бұл арада абактың неге абакты болып аталмауы, меніңше, әлгі абакты сөзінің түрме деген мағына беретінінен болар.

— Кім білсін. Солай да болуы ғажап емес қой. Сонда абақ керейлерге кім жатады.

— Жалпы абақ-керейден тарайтын ұрпақтарды он екі ата деп атайды. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шежіресінің» дерегі бойынша олар: Жантеке, Жәдік, Жастабан, Шұбарайғыр, Шеруіш, Айтелі, Итемген, Молқы, Меркіт, Сарбас, Қаратас, Кеңсадақ. Шәкәрім ақсақал осының «Кеңсадағын¹ Н. А. Аристов Шимойын деп жазады. Сол дұрыс болар», — дейді. Ал М. Тынышпаев бұл Шимойынды және Қарақасты ашамайлы-керейге жатқызады.

Ал ашамайлы-керейдің ұрпақтары төрт тайпаға бөлінеді. Марат Мұқановтың дерегі бойынша олар: Сибан, одан ерімсары, қортық, күнгене, жоқматар, жылыбай, қосай рулары; Балта, одан жадық, байғожа, қарасары рулары; Көшебе, одан жоламан, таузар, әлімбет рулары; Тарашы, одан ақсары, күрсары, тоқымбет, матақай, самай, еменәлі, нұралы, нұрымбет, ақымбет рулары тарайды.

— Сәрсен Аманжолов керейлерге уақ-керей дегенді қосушы еді. Ұмытпасам, ол кісі найманның ішіндегі қара-керейді бөлініп барып найманға сіңіскен керейлер деп есептейді. Осыдан шығарып, абақ-керейді аппақ-керей, уақ-керейді ұсақ-керей деп түсіндіретін сияқты еді.

— Ел ішінде ондай пікір бар. Уақ пен Керейді біріктіріп, уақ-керей деп атай береді. Бірақ бұған қарап бұл екі тайпа елді, яғни этнонимді бір атауға біріктіру дұрыс

¹ Кеңсадақ болуы да мүмкін. Өйткені М. Тынышпаев, М. Мұқанов «консадақ» деп алыпты.

болмаса керек. Өйткені қазақ шежірешілері оларды еш жерде біріктіріп, бір ата етіп көрсетпейді.

Шежіре дерегі бойынша УАҚ — орта жүздің атасы Жанарыстың Қосымқожа деген баласынан туады. Одан Жантелі және Жангелді туады. Осының Жантелісінен шұға, сарман, ергенекті-уақ. Ергенекті-уақтан баржаксы, шайказ, қараша, әжібек, абырой, малай, қытай, малай, құдайқұл, тоқай, самай, қурай, қытай, кіндікей рулары тарайды.

Ал Мұхамеджан Тынышпаевта бұдан басқаша. Оның мәліметі бойынша Уақтан: сарман, сарбағыс, шұға, байназар, әлімбет, сіргелі, бидалы, жансары, шайказ, баржаксы, ергенше батыр, есен, қазы, жауқашар рулары тарайды.

Зерттеуші ғалымдар уақ атауының көне деректерде кездеспейтінін айтып, оның кейін пайда болған тайпа екенін бір ауыздан мақұлдайды. Бірақ ол кейін қайдан болды дегенге келгенде пікірлері әртүрлі болып келеді. Атап айтсақ, Н. А. Аристов Мұса Шормановтың дерегіне сүйеніп, уақты арғын Ақжолдың некесіз әйелінен туғызады. Ал А. Левшин болса уақтарды Тәуке ханның тұсында уақ, керей, тарақты үшеуінен құралған деп есептейді.

Шәкәрім ақсақал уақты ұсақ ел деген мағынадан шығарады. Оның жорамалдауынша уақтар арғын, керей, найман тайпаларының бөліктерінен құралған.

Шоқан Уәлиханов Алтын Орданың әкелі-балалы батырлары Ер Көкше мен Ер Қосайды уақтардың атасы деп есептейді. Көне деректерде алғаш рет уақ атауының Тоқтамыс ханның бектерінің ішінде кездесетінін атайды.

Әлкей Марғұлан уақтарды керейлерден шыққан деген тұжырым жасайды. Олардың керейлерден бөлінуін ХІІІ ғасырға жатқызады.

Қазақтың аңыз-әңгімесі бойынша уақтың атасы Жаубасар. Ол өлгеннен кейін әйелі атақты батыр, кейін есімі елдің ұранына айналған Керейдің әкесі Онжыбайға тиеді. Сөйтіп Уақ пен Керей ағалы-інілі болып бірге өседі. Кейін олардың ұрпақтары да жайлауы ортақ, өрісі бір болып көрші қонып, аралас-құралас жүреді. Мұны тарихи деректер де теріске шығармайды. Олардың ашамай таңбасының ортақтастығы да осы айтылғанды құптайды.

Менің түсінігімде уақтар өз тайпасынан сиыспай шығып кеткен ер жүрек батыр жігіттерден құралған. Шә-

кәрім ақсақалдың уақ-ұсақ ел деген мағына береді деуінде шындық бар. Бұл ретте оларды баяғы көне түріктер талқандаған жужандармен салыстыруға болады. Уақтардың арасынан батырлардың көп шығуы да, оның тайпалық құрамында татардың сарман; қырғыздың сарыбағыс; кіші жүздің черкешіне жататын жауғашты; орта жүздің арғынына жататын Байназар, Әлімбет; ергенекті найманына жататын Бидалы, Жансары, Баржаксы, Шайкез; ұлы жүздің Сіргелі руларынан құрылуы да осы пайымдауымыздың дұрыстығына куәлік беретін секілді.

КІШІ ЖҮЗ.

— Халқымыздың халық болып қалыптасып, шаңырағын биік ұстап тұрған үш ұстынның бірі — кіші жүз туралы жазылған, тасқа басылған деректерге талдау жасамас бұрын әуелі ауызша шежіренің айтарына біраз назар аударғанды жөн көріп отырмын. Себебі мұнда жазбашаға ілікпеген жаңа деректер, елеулі өзгешеліктер бар. Тағы бір ескерте кетер жай, көп нұсқалы қазақ шежірелерінің дерегіне сүйенгенде басқаларынан гөрі әр жүздің өз ортасынан шыққан шежірешілерінің мәліметіне көбірек көңіл бөліп, айырмашылық ақиқатын іздегенде солардың айтқанына молырақ ден қойғанды дұрыс па деймін. Бұл, әрине, солардікінің бәрін бұлтартпас шындық деп қабылдау керек дегендік емес, тек өзгелерден гөрі сол ел мінезімен еншілес, тағдырымен ортақтас көнекөз қарттарынан ести-ести құлақсінді деректерді олардың бізге жеткізуіндегі жаңсақтығы аздау болар ма деген үміт.

Осындай мақсатта сараланған ауызша шежіре дерегіне жүгінсек, кіші жүз де басқа жүздер тәрізді Қазақ деген кісінің бір баласынан дәлірек айтқанда кенжесі Бекарыстан тарайды. Бекарыстан екі бала — Арғымақ пен Алау. Осының Арғымағынан кейін есімдері бір-бірі рулы елге атау болған: Телеу, Рамадан, Жағалбайлы, Тама, Табын, Кердері, Керейт деген балалар өмірге келеді. Бұлардан өсіп-өнген ұрпақты жұрт кейде жеке атын атап, түрін түстеп жатпай-ақ «Жетіру» деп топтап бір-ақ атаумен де атай береді. Алдағы әңгімемізде ру аттарын біліп отырудың қажеттілігі болатындықтан, осы бастан есте ұстай отыру үшін шежіре бойынша таратылуына орай,

жаңағы жеті баладан тарайтын ұрпақтарды да атай кетейін.

Телеуден: Керойлы (Керейлі болуы да ғажап емес), Ноғайлы, Әжахмет (Әз-Ахмет болуы керек), Самат; Рамаданнан: Алтай, Мусак, Қарқабат, Тасжарған, Ақбөрік, Қарабөрік; Жағалбайлыдан: Лез, Мырза; Тамадан: Жабал, Жабағы, Есенселді; Табыннан: Жаманкерей, Бозын, Бегім, Қайырқожа; Кедеріден: Жанбас, Жабағы, Ысмайыл, Бердімбет; Керейттен: Дәулет аталықтары тарайды.

— Жабағы аты екі рет қайталанды ғой.

— Иә, екі рет қайталанады. Бірақ бұл шежірешілердің шатыстыруы емес, аттастар болса керек. Өйткені олардың шежіре көрсеткен ұрпақтарының аттарында ұқсастық жоқ. Мысалы, Таманың Жабағысының Қалмақан, Қармыс, Есей, Жанак, Үсен деген балалары болды делінсе, Кердерінің Жабағысынан Күсүйек, Құтсүйек деген балалар туды делінеді. Сондай-ақ реті келгенде айта кетуге болады, он екі ата байұлының бір руының аты, мысалы, қызылқұрт. Ал осы қызылқұрт атауы Таманың үш баласының бірі Есенгелдіден тарайтын ұрпақтың біреуінің атында қайталанады. Сол секілді ұлы жүз Ыстының бір атасы да қызылқұрт деп аталады. Осының бәріне бажайлай қарап, байыптай зерделесеңіз, мұнда ел бірлігін ойлаған шежірешілердің тағдыр тауқыметімен кезінде өз тайпасынан бөлініп, өзге тайпаға кірме болып енген рулардың ата тегін уақыт пердесімен бүркеп, араға алалық түспесін деген мақсатпен сырттан келгендерді сол келген елінің ата-тегінен таратып, бір туғызып, бауырластырып жіберетін дәстүрлі тірліктерінің жатуы да әбден мүмкін екенін көресіз.

— Мүмкін емес, солай ғой. Оған қазақ рулары арасында мысал аз ба?! Сұрақ қоямын деп ойыңызды бөліп жібердім-ау. Иә, сонымен...

— Шежіре дерегі бойынша Бекарыстың екінші баласы Алаудан Алшын туады. Жазба деректерде Алшынды бүкіл кіші жүздің атасы деген пікір үстемдік алып жүргенін білесіз. Ал ауызша шежіре Алшыннан жалғыз Қыдуар есімді баланы ғана туғызады. Ел аузындағы аңыз әңгімеге қарағанда ол балаң жас шағында ерке, ұрыншақтау болып өскендіктен ел ішінде «Қыдуар-тентек» атанып кетеді. Міне, осы Қыдуар-тентектің Қыдырқожа деген екі баласы болады.

Осы арада орайы келген соң айта кетейін, байқап қарасаңыз, қай жүздің шежіресін таратсаңыз да түпкі

аталықтың (Ақарыс, Жанарыс, Бекарыстардың) не баласы, не немересі, тіпті болмаса шөбересі, не шөпшегі есіміне міндетті түрде қожа деген сөз келіп тіркеседі. Бұл арада, мысалы, Бекарыстың шөпшегінің аттарына қосылып тұр. Менің пайымдауымша, бұл, сөз жоқ, қазақ даласына мұсылман дінінің дендеп кіріп, үстемдік ала бастаған кезінің белгісі. Асылы, осы қожа сөзінің қазақ жүздерінің түпкі аталықтары ұрпақтарының, айталық, баласының ба, немересінің бе, әлде шөбересі мен шөпшегінің бе, әйтеуір, қайсысының болсын есіміне тіркесуіне қарап, мұсылман дінінің қай жүзге бұрын, қай жүзге кеш енгенін шамалауға болатын секілді. Мысалы, орта жүзде қожа сөзі Жанарыстың балаларының есіміне бірден тікелей тіркелсе, кіші жүзде Бекарыстың шөпшектерінің есімдеріне келіп тіркесіп тұр. Ал бұл орта жүз құрамына енген тайпаларға қарағанда кіші жүз құрамындағы тайпалар мұсылман дінін біраз кеш қабылдады деген сөз. Осы арада сәл алға жүгіріп айтсам, бұл ғалымдарымыздың кіші жүз тайпаларының дені бұрын Ноғай ұлысының құрамында болды деген пайымдауларының дұрыстығына да куәлік бергендей. Өйткені жаппай мұсылмандану Жошы ұлысында Өзбек ханнан басталды ғой.¹ Тарихи деректің ұсақ-түйегі болмайды дегенді ескерсек, меніңше, бұл да алдағы уақытта ел тарихын жаңаша жазар есті азаматтардың ескерер мәселесінің бірі ме деймін.

Міне кіші жүз аталықтары арасында қожа сөзін алғаш есімдеріне қосқан Қыдуар-тентектің екі баласының үлкені Қыдырқожадан шежіре дерегі бойынша он екі бала туады. Қыдырқожаның лақап аты Байұлы көрінеді. Содан да болар, одан өсіп-өнген ұрпақты ел ішінде он екі ата Байұлы деп атайды. Олар: Беріш, Байбақты, Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тана, Таз, Жаппас, Ыстық, Серкеш (Шеркеш, Черкес).

Ал Қыдырқожадан Байсары, Әлім, Шемен деген үш бала туады. Осының Байсарысынан Бозаншар, Майлыбай; Әлімінен Жаманақ (лақап аты Шекті), Қарамашақ (лақап аты Төртқара), Айнық, Ұланақ, Тегінболат, Тайқожа (Тоққожа); Шөменінен Шөмекей, Дойт тарайды.

Міне, кіші жүз бірлестігін құрайтын іргелі де ірі тайпалардың атаулық мәнін білдіретін аталықтар жөніндегі ауызша шежіре деректері осындай.

¹ Мұсылмандықты Берке хан бастағанмен бүкіл ұлысы мойындаған жоқ. Мұсылман дінін жаппай қабылдау Өзбектен басталған. Мешіт салып, медресе ашуды сол бастаған.

Енді жазба деректер берер мағлұматтарға келейік.

Кіші жүз құрамына кіретін кейбір тайпалар жөнінде көне қытай, орыс жылнамаларында азды-көпті деректер кездескенімен, әлі кіші жүз бірлестігінің өзі туралы еш жерде нақты ештеме айтылмайды. Бұл және тек кіші жүзге ғана емес, жалпы қазақ жүздеріне тән жағдай. Жүз жөніндегі алғашқы жазба дерек орыс патшасының қазақ даласына жіберген елшісі М. Тевкелевтің жазбаларындағы мәліметтерден басталады. Әбілхайыр ханның ордасында болған М. Тевкелев сол кездегі кіші жүз руларының құрамы және олардың әлеуметтік жағдайы жөнінде былай деп жазады: кіші жүздегі «мықты ру алшын, ол қаракесек және байұлы болып екіге бөлінеді. Қаракесек бәрінен де мықтырақ, алты атадан құралады, атап айтқанда чеклі (шекті), қаракесек, шөмекей, төртқара, қаракете, қарасақал... 12 атадан тұратын байұлы қаракесекпен салыстырғанда орташа, оны құрайтын рулар: адай жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таздар, есентемір, алтын, шихляр, шеркес, тана... Кіші жүздегі ең әлсіз ру — Жетіру, олар: табын, тама, көрдері, керейт, жағалбайлы, төлеу, рамадан».

Сонда М. Тевкелевтің дерегі бойынша кіші жүз екі тайпа бірлестігінен — Алшын мен Жетірудан құралады екен. Сондай-ақ сол М. Тевкелев келген кезде, яғни XVIII ғасырдың ортасында өзгелерге қаракесек бірлестігіне жататын тайпа руларының үстемдік жасайтынын және жетіру құрамына кіретін рулардың оларға тәуелді екенін аңғарамыз. Тарихшылардың жеке-жеке жүріп, мықты рулардан теперіш көре бергендіктен жетіру құрамындағы рулар өзара туыстас болмаса да, Тәуке ханның ақылымен бірігіп, бір тайпа бірлестігін құрады дегеніне қарағанда, асылы бұл жетеуі: табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан рулары жағдай ыңғайымен әрқайсысы әр кезде кіші жүз құрамына келіп енген өзге тайпалардың бөлшектері болса керек.

— Иә, жетіру деген атының өзі де соны аңғартып тұр ғой. Олардың түрлі жағдай ыңғайымен әр кезде кіші жүз бірлестігі құрамына енгені шындық болуы мүмкін. Қисынға келеді.

Бірақ мен бір нәрсеге түсініксіздікпен отырмын. Ол жаңағы Алшынның бір тармағы деп аталған қаракесектер жайында. Менің өз пайымдауымша қаракесек бірлестік атауы ретінде осы М. Тевкелевте ғана бар. Ол П. И. Рычковта да, А. И. Левшинде де, Н. А. Аристовта да кездес-

пейді. Сондай-ақ ол қазақтың өз шежіресінде де жоқ. Қазақ шежірешілері қаракесектің орнына «Әлімұлы» деген атауды қолданады. Олардың ұғымында қаракесек бірлестіктің емес жекелеген рудың ғана аты. Сонда деймін-ау, бұның қалай болғаны? Егер қаракесек кіші жүздің кейінгі жәй руларының бірінің аты болса, онда сөз басқа, кешегі алапай-толапай замандарда орта жүздің қаракесегінің бір бөлегі бөлініп келіп, кіші жүздің құрамына кіріп сіңісіп кеткен шығар деуге болар еді. Ал мұнда олай емес, тұтас бір тайпалар бірлестігінің аты ғой. Әлде бұл М. Тевкелевтің шатастыруы ма?

— Менің түсінігімде, шатастыру білетін адамның тірлігі. Өйткені адам өзінің бұрын білетін, кезінде жаттап есінде сақтаған жайларын уақыт оза келе ұмыту салдарынан бірін-біріне шатастырып, жаңылысып қалады. Ал М. Тевкелев ондай адам емес. Оның бұрын, бәлкім, башқұрт тірлігінен азды-көпті хабардар болуы мүмкін, ал қазақ руларының шежіресін ол тек Әбілхайыр ордасына келген соң ғана естіп, жазып алып отыр. Сондықтан мұны М. Тевкелев шатыстырды деу қисынсыз болмақ.

— Дұрыс қой. Бірақ М. Тевкелев те ол деректі көктен алған жоқ, Әбілхайыр ордасындағы шежірешілердің біреуінің айтуынан жазып алды ғой. Міне, сол М. Тевкелевке айтушы адамның шатыстыруы мүмкін емес пе?

— Иә, ол адамның шатастыруы мүмкін. Жалпы М. Тевкелев үш жүздің шежірелерін үш ханның — Әбілхайырдың, Абылайдың, Әлмәмбеттің, соларға жақын билердің аузынан жазып алған. Бірақ олардың да шатыстыруы мүмкін деп ойлағанмен, шынын айту керек, мұның өзі екіталай тірлік. Өйткені қазақ шежірешілерінің шежіре таратқанда, алысты жақындатып, немесе жақынды алыстатып жіберетін, сондай-ақ ағайынның татулық, бірлігін сақтау үшін кірме руларды негізгі тайпалардың құрамына төлтума етіп кіріктіріп отыратын әдеттері болғанымен, қазақтың үш жүзін құрайтын түп негіз тайпалардың атын шатастыруы көп нұсқалы шежірелердің бірінде де кездеспейді. Демек, ауызша айтылғанның әйтеуір бір жаңсақтығы болмай тұрмайды ғой, дегенмен бұл арада «шатастыруы мүмкінге» сүйейсалды жасау да артық сияқты.

Сондықтан қалай дегенде де, М. Тевкелев қазақ даласына келіп, ел тарихына ден қойып, оның шежіресін жазып алған кезде, яғни XVIII ғасырдың ортасында кіші жүзді құрайтын ірі-ірі үш тайпа бірлестігінің біреуінің

қаракесек аталатыны шындық. Мұнда жаңылыстыру да, шатыстыру да жоқ. Себебі егер ол кезде қаракесек атты тайпа атауы болмаса шежіреші оны айтпас та еді, М. Тевкелев жазбас та еді. Сондай-ақ шежіреші жаңылысты деуге де негіз жоқ. Хан ордасында тайпа көсемдері мен ру басыларының басы күнде қосылып, дау-жанжалды шешуде ата аттары сан қайталанып жатқан ортада жүріп, шежіренің негізгі үш тайпаның біреуінің атын шатастыруы, тіпті шатастырған күннің өзінде өздерінде жоқ, айдаладағы қаракесек атауын айтуы мүмкін емес. Бұлай істеу ешбір қисынға келмейді. Демек, сол кезде кіші жүзді құрайтын үш бірлестіктің бірінің қаракесек аталғаны даусыз. Қаракесектің кіші жүз құрамында болғанына және оның тура осы атаумен аталғанына М. Тевкелевтің еңбегіндегі мына бір деректер де анық айғақ болғандай: «Қашқардан оңтүстік-батысқа қарай Алай тауының шығыс жақ бөлегінде қазіргі уақытта қырғыздың қаракесек және тоит деген рулары мекендейді. Олар ерте кезден бірге тұрады және өздерінің әңгімелеріне қарағанда бірге туған туыстар». Мұның сыртында М. Тынышпаев қаракесек бірлестігінің байырғы ұраны доит (тоит) еді дегенді айтады. Қазақ шежіресінде Дойттың Шөменнің бір баласы деп көрсетілетінін жоғарыда айттым.

Осы орайда қаракесек бірлестік атауы ретінде қазір неге аталмайды деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Оның себебі, меніңше, Әлімұлы тайпасының кейінгі кезде үстемдік алуынан болса керек. Өйткені М. Тынышпаев ұсынған кестеде қаракесек Әлімнің алты баласының бірі ретінде көрсетіледі. Шежіре тарихына зерделей қарасаңыз, қазақ руларының аттары үстемдік еткен ірі тайпаның атындағы кісінің балалары делініп берілетінін көресіз. Кейінгі шежіреде қаракесекті алмастырып, Әлім есімінің бірлестік атауына айналуы осының айғағы болса керек.

— Жақсы, солай-ақ болсын. Бірақ Сіз жаңа М. Тевкелев жазбаларында шатастыру жоқ дедіңіз. Олай болса, осы бірлестіктің құрамы жөніндегі М. Тевкелев пен қазақтың төл шежіресінің деректері неге дәл келмейді? Мысалы, қаракесек тайпа бірлестігіндегілер құрамын М. Тевкелев алты ата десе, жоғарыда сіз келтірген ауызша шежіреде ол небары үш-ақ ата. Қаракете, қарасақал деген ру аттарына қоса, тіпті Әлімнің аты да аталмайды. Мұны немен түсіндіруге болады?

— Мен, есіңізде бар болар, қағазға түсіп, қатталма-

ғаннан кейін ауызша шежіреде алыстың жақындап, немесе жақынның алыстап кететінін әңгіме басында айтқанмын. Енді М. Тевкелевтің қазақ даласына келген кезін еске алыңыз, арада табаны күректей екі жарым ғасыр уақыт өтіп отыр. Бұл мерзім ішінде белгілі ру аттарының орын алмастырып, бірі ілгері, бірі кейін кездесіп отыруы, меніңше, заңды құбылыс. Жазбаша шежіредегі жаңағы ру аттары ауызша шежіреде негізгі аталықтардың ұрпағы деп көрсетіледі. Мысалы, ауызша шежіре он екі ата Байұлының түп аталығы Қыдырқожа десе, алты ата Әлімнің түп атасын Қадырқожа деп көрсетеді. Осы Қадырқожадан тараған, жаңағы сіз айтқан үш атаның бірі Байсары. Одан Бозаншар, Майлыбай. Осының Бозаншарының баласы Адамқожадан Қара, Сары деген екі бала туады. Міне, осы екі баланың Қарасының ұрпағын Қаракете, ал Сарысының ұрпағын ақкете деп атайды. Жаңағы сіз іздеп отырған жазба деректегі Қаракете осы.

Сол секілді жоғарыда ауызша шежіре таратқанда Әлімнен алты бала тарайтынын айтқанмын. Осы алты баланың екеуінің — Айнық пен Тегінболаттың ұрпағын ел ішінде «Қара сақал» деп атайды. Енді білдіңіз бе, Тевкелев дерегіндегі Қарасақалдың ауызша шежіреде қай жерден келіп қиысатынын.

Мұндай жағдайлар басқа жүздердің де шежіресінде бар. Олардың бәрін саралап жату бір әңгімеде мүмкін емес. Сондықтан әр жүзді құрайтын ірі тайпалардың шежіре дерегіндегі негізгі түпкі аталықтар есімін ғана айтып отырмын.

— Тағы бір мәселенің басын ашып алайық. Сіздің М. Тевкелев дерегін мақұлдап, жоғарыда айтқан әңгімелердің аңғарына қарағанда XVIII ғасырдың ортасында қаракесектер бүкіл кіші жүзге үстемдік еткен ірі бірлестік болғаны даусыз сияқты. Олай болса, ірі бірлестік ыдыраған кезде оның кейбір бөлшегі басқа тайпалардың құрамына сол бірлестік атымен барып енстіні тарихтан белгілі ғой. Сонда деймін-ау, орта жүздегі арғын тайпасының іргелі бір руы — қаракесекті де осы кіші жүздің қаракесегінен шыққан дегенге қарай ойысамыз ба қалай?

— Несі бар, солай болуы да әбден мүмкін. Есіңізде ме, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресіндегі Мейрам сопының әйелдері жөніндегі дерегі. Үш әйелді бірдей алшын руынан алушы еді ғой. Соның бірі Қарқабаттан кейін Қаракесек атанып кеткен Болатқожа тумайтын ба еді. Ал Қарқабат

кіші жүздің рамаданынан тарайтын белгілі бір рудың аты. Байқасаңыз осында шындықтың әлсіз жаңғырығы бар сияктанады маған. Нәті, орта жүздің қаракесегі ертерек кезде кіші жүзден бөлініп келіп, арғындар арасына сіңісіп кетсе керек. Мұндай жағдайлар қазақ рулары арасында көп қой. Бұған мысалға жоғарыда әңгіме болған керейттердің қалай кіші жүз құрамына енгенін айтсақ та жеткілікті. «Керейт тайпасы — қазақтардан бөлініп шығып, өзбектердің құрамындағы керейттерге барып қосылды. Кейін осылардың аз ғана тобы далаға қайта оралып келгенде енді кіші жүздің жетіруына қосылып, қазір соның бір тармағы ретінде өздерін Қарқабат бабадан таратады», — дейді Шоқан бұл жөнінде. Кіші жүздің қаракесектерінің бір бөлегінің осы керейттер секілді орта жүзге өтуіне таңдануға бола ма?

Әрине, қалай дегенде де бұл, осылай болуы мүмкін-ау деген болжам, бар қисынға сүйеніп айтылған ой ғана. Негізгі пікір, соңғы сөз ғылымдікі болмақ.

— Оған дау бар ма? Соның ішінде қорытынды пікірді ғалымдарымыздан күтіп, енді негізгі әңгімеміздің желісін әрі жалғастыралық. Менің пайымдауымша, әлі күнге алшын атауының да төркін жұрты анықталмаған секілді. Сондықтан да болар бұл реттегі ғалымдардың пікірі де түрлі-түрлі: біреулері оны бүкіл кіші жүздің баламасы ретінде түсініп, сол мағынада қолданса; енді біреулері оны тек Байұлы мен Әлімұлының басын біріктірген үлкен бірлестік атауы деп қана біледі. Ал қазақ шежіресі оны тек бір рудың, яғни Қыдуардың әкесі етіп қана көрсетеді. Ал М. Тынышпаевтың дерегі бойынша бүкіл қазақ халқының бестен екі бөлегін құрайтын кіші жүз тек алшын-дардан тұрады. Сонда деймін-ау, алшын шын мәнінде әлгі М. Тынышпаев секілді ғалымдарымыз айтқандай бүкіл бір жүздің құрамындағы ру-тайпалардың басын біріктірген ұлы бірлестіктің атауы болса, онда ол, мысалы, қыпшақ, үйсін және басқа ірі бірлестіктер сияқты көне тарихи деректерге неге кірмейді ең болмаса неге бір жерде бір рет аталмайды? Жарайды, қытай жазбаларында «алшын» атауының кездеспеуін заңды дейік, өйткені олар этнонимдерді өзгертіп транскрипциялайды ғой. Алайда ол көне түріктің тас жазуларында, не орыс жылнамаларында болмаса араб-парсы саяхатшылары мен тарихшыларының еңбектерінде неге жоқ?

Иә, оныңыз рас, алшын атауы ескі деректерде кездеспейді. Оның есесіне алшын бірлестігінің құрамына

енетін ру-тайпалардың атауы көне деректерде де, жер-су атауларында жиі ұшырасып отырады. Мысалы, М. Тынышпаев сонау Шығыстағы Алтайдан батыстағы Оңтүстік орыс жеріндегі кіші жүз тайпаларының атауларының қай жерде қалай айтылатынын географиялық нақтылықпен дәл де толық көрсетіп берген. Бірақ ол да, жаңағы сіз айтқандай, алшын атауының XVI ғасырға дейін еш жерде, ешкімнің не қытай, не парсы, не араб, не византия, не орыс, не жергілікті тарихшыларының бірде-біреуінің қаламына ілінбегенін айтады. Неге бұлай?

Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен алшын сөзінің төркініне барлау жасау қажет. Бұл өзі кімнің сөзі, қандай мағына береді?

Қазақ руларының кез келген көне атауларының шыққан төркінінің дәл танылмағаны секілді алшын этнонимінің этимологиясы да ғылымда толық шешімін тапты деп айту қиын. Рас, бұл этноним жөнінде де ғалымдардың болжау-пайымдаулары баршылық. Бірақ солардың бірде-біреуі меніңше, көңілге қонбайтын тәрізді.

Айталық, алшын этнонимінің этимологиясы жөнінде алғаш пікір айтқан Н. А. Аристов Қазанцев келтірген ауыз нұсқасына сүйеніп, алшын атауын түріктің «ала» деген сөзі мен моңғол тілінің «чин» жұрнағының қосылуы арқылы жасалған деген тұжырымға келеді.

Профессор С. Аманжолов моңғол тілінің «Чин» жұрнағының тек әйел жынысына байланысты сөзге қатысты (женский род) екенін, ал түріктің «ала» деген сөзі ондай мағынада еместігін айтып, Н. А. Аристовтың бұл тұжырымын теріске шығарады. Сөйтіп, ол алшын атауын «алтын» деген сөзден шыққан деген өз болжамын алға тартады. Бірақ С. Аманжолов алшын тайпалар бірлестігінің құрамында алтын атты рудың жүруі тегін емес дегеннен басқа өз пікірін дәлелдер ештеме айтпайды, «ш» әрпінің қалай «т» әрпіне ауысқанын дәлелдемейді, нақты салыстырмалы мысалдар келтірмейді. Сондай-ақ бір кезде алты ата Әлімнің, он екі ата Байұлының басын біріктіріп, үлкен бірлестіктің атына айналған алшынның қашан, қалай ыдырап құлдырағанын, сөйтіп, ақырында оның «алтын» деген атауға ие болып, қалай, қашан Байұлының он екі атасының бірі болып, оның құрамына енгені тарихи деректер арқылы көрсетпейді. Бұлар болмаған, әрқайсысы жүйе-жүйесімен көрсетіліп, дәлелденбеген жерде алшын мен алтын сөзінің ш мен т әріптерінен басқасы ұқсайды екен деп, ш-ны т-ға өзгерте салып, алшын атауының

төркінін сонымен анықтау ғылымға қиянат жасау секілді көрінеді маған.

Бұлардан кейін алшын этнонимінің этимологиясына қалам тартқан ғалымдар І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақов бұл атаудың төркінін тарих атасы атанған Геродоттың «Тарихында» айтылатын, ескіше V ғасырда Қара теңіздің жағасында өмір сүрген алозон тайпасының атымен байланыстырады. Бұл пікір бұлардан бұрын Ташкенттегі Қазақ Мемлекеттік баспасының Шығыс бөлімшесінен 1925 жылы жарық көрген М. Тынышпаевтың жоғарыда аталған «Қазақ халқының тарихына материалдар» деген еңбегінде айтылған-ды. Бұл ретте ол: «Түрік тайпасы «алшын» Алтай тауынан, шамасы, біздің жыл санауымызға дейінгі V ғасырдан бұрын кеткен болуы керек. Бәлкім, Геродоттың «алазоны» (б. ж. с. д. V ғ.) және Плинийдің «асокиі» басқа емес, осы алшын болуы да ықтимал. Түрік тайпалары берендей, торк және печенегтердің бір кезде алшын немесе қазақ атауының астына бірігіп, сол кездің өзінде шеркеш, беріш, адай, тама, тана, рамадан және басқа руларға бөлінген тәрізді. Косоғтар немесе қазақтар X — XI ғасырларда үш рудан құралғанына дау жоқ. Олар 1300 жылға дейін Қара теңіз бен Азов теңізінің және Кавказ тауының терістігін мекендеді. 1300 жылдың шамасында үлкен бір бөлегі Еділдің төменгі ағысына қоныс аударып, онда бұрынғы «қазақ» және жаңа ноғай (Ноғай ханның атынан шыққан) аттарын өздерімен бірге мұнда ала келді», — деп жазды. Бұл пікірдің де талас туғызатын баршылық. Бірақ қазір оны қоя тұрып, әуелі алшын атауын «алазон» сөзінен шығарған І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың дәлелдеу пікіріне назар аударалық. Олар алшынды алазоннан шығарғанда, оның алғашқы ала компоненті түркі тілдерінде «үлкен», «ғаламат», «ұлы» деген мағынада кездеседі, ал «зон» моңғол, тунгус-маньчжур және түркі тілдерінде «халық», «тайпа» дегенді білдіреді деп түсіндіреді де, алазонның алшынға айналу тізбегін былайша көрсетеді: алазон, > ализон, > алзон, > алсын, > алшын. Бұл жаңылтпаш тізбектері а-ның и-ге айналуын, содан и-дің түсіп қалуын, З-ның с-ға, сонсоң оның ш-ға айналуын ғалымдар түсіндірмейді. Мейлі, арада өткен жиырма бес ғасыр ішінде де неге айналмай жатыр, алазон да алшынға ретін тауып айналған шығар дейін десең, осы ойға негіз болып отырған алазонның «үлкен», «ғаламат» халық, не тайпа деген мағынаға ие екенінің өзіне сенім жоқ. Өйткені Геродоттың

«Тарихында» Қара теңіз жағалауындағы тайпалардың арасында алазонның ғаламат құдіреттілігін көрсететін еш дерек жоқ. Әуелі оның қандай халық, қай тілде сөйлейтіні де белгісіз. Сондықтан да бұл авторлардың болжамы да маған жоқтан бар жасаудың ілдәлдасы секілді көрінеді.

— Ал жаңағы айтқан М. Тынышпаевтың пікірінде қандай кемшілік?

— Шығыстан батысқа қарай толқын-толқын болып жылжыған тайпа бірлестіктері печенегтер, тюрктер (уздар) жөнінде біз өткен әңгімемізде шама келгенше егжей-тегжейлі айтқанбыз. Сонда қоныс аударып барған жерлерінде бір-бірімен соғысқаны, бірін-бірі күшпен бауыр басқан орнынан ығыстырғаны болмаса олардың бір одаққа біріккенін не археология материалдарынан, не тарихи деректен кездестірген жоқпын. Автор X, XI ғасырларда косоғтар үш рудан құралғаны даусыз деп, печенегтер, берендейлер, тюрктардың одағы болғанына күдік келтірмейді. Бірақ осы X ғасырда печенегтер ешкіммен бірікпей-ақ Шығыс Еуропаның оңтүстігіндегі бірден-бір күшті ел болып тұрды емес пе. Византиямен тікелей байланыста болып, оның русьқа, мадьярларға, Дунай болғарларына қарсы күрестегі одағы болды, тіпті іс жүзінде Византияны терістік шығыстан болар қауіптерден сақтар сенімді қорғанына айналды десек те артық айтқанға жатпайды.

Бәлкім, осы орайда «М. Тынышпаев пікірінде мерзімдік дәлдік болмағанмен тарихи шындық бар ғой, торктар Заволжьені басып алып, печенегтерді қуғанда олардың үлкен бөлегі өз еріктерімен солардың құрамына енген жоқ па» деген ойдың оралуы мүмкін. Иә, ондай деректің бары рас. Оны өткен кездесуде де айтқанмын. Бұл ретте сөз дәлелі үшін Константин Багрянродныйдың: «...Печенегтер өздері бауыр басқан жерлерінен қуылған кезде, олардың біраз бөлегі өз еріктерімен уздарға (торктарға) келіп бағынып, солардың құрамына енді»,— деген дерегін айтсақ та жеткілікті. Бірақ мұның бәрі М. Тынышпаев айтқан «алшын» бірлестігінің құрылғанына кепілдік бола алмайды. Өйткені торктардың құрамында сол кезде жаңағы печенегтермен бірге орыс жылнамасының Поросья тарихына байланысты жерінде атап көрсетілетін берендей, коуй (ковуй), каепичи, боуты тайпалары да болған. Бұлардан тек берендейлерді ғана бөліп алып, үштік одақтың бір тұғыры ету қисынға келе қояр ма екен. Оның үстіне торктар жайлаған жерден табылған археологиялық

материалдардың бәрі торктардың қырық рудан құралғанын дәлелдеп отырған қазіргі шақта олай деуге, тіпті болмаса керек.

Міне, осы айтылғандардан ой түйсек, М. Тынышпаевтың «торктар мен берендейлердің, печенегтердің бірігуінен алшын бірлестігі құрылды» деген тұжырымы тарихи деректер тұрғысынан да, зерделік қисын тұрғысынан да көңілге сенім ұялатпайды. Бірақ автордың «сол кездің өзінде беріш, черкеш, адай, тана, рамадан және басқа руларға бөлінді» деген байламындағы «сол кезіне» күдік келтіргенмен, аталған ру аттарының аталған тайпалардың құрамында болуы, болмаса кейінгі қыпшақтармен баруы шындыққа келеді. Оның ақиқаттығын басқаны қойғанда біздің заманымызға дейін сақталып келген солардың атымен аталатын жер-су атаулары да айғақтай алады. Бұған мысал М. Тынышпаевта жетіп артылады. Сондықтан оны сізге ежіктеп қайталап айтып жатпай-ақ қояйын.

— Жаксы, сонда алшын атауы қайдан шыққан? Дұрысы қайсы?

— Нақты жауапқа асықпаңыз. Әуелі қазіргі бардың байыбына барып алайық. Сонда «ананыкі дұрыс, мынаныкі бұрыс, немесе мынаныкі дұрыс, ананыкі бұрыс» деп үстірт пайымдамай салыстырмалы салмақты ой түюіңізге болады.

Осы тұрғыдан әңгімемізді әрі сабақтасак, ендігі бар назар аударып, арнайы ат басын тірерлік еңбек Ю. А. Зуевтің тұжырымдары. Бұл өзі қазақ халқының этногенезіне ден қойып, ру-тайпа атауларының шығу төркінін қытай шығармаларынан іздеп, одан тапқандарына өзіндік пікірін білдіріп жүрген ғалым. Оны ерекше бағалаған жөн. Өйткені бұл, шынын айту керек, қазақ ғалымдарының әлі тісі батпай жүрген саласы ғой. Халықтың келешегін, үлгі-өнеге алар тарихының камын ойлаған есті ел атабабасының бүкіл ғұмырнамасының бастау тарихын бауырына басып жатқан жұрттың тілін жетік біліп, ескі, жаңа иероглифтерін жаңылыспай жорға оқитын құрығанда бірер маманды ендігі дайындап алып, архив асылын ақтарып, ұрпақ игілігіне ұсынбас па! Амал не, бармак тістеп, бас шайқап, бейне біздің шаруамызды біреу бітіріп беретіндей-ақ жайбарақат отыра беруге үйреніп алдык қой.

— Өзге бітіріп жатса, қомашаулық кәні, Алайда олардың да тындырып жатқаны шамалы. Салт-дәстүріңнің уыз

дәмін татпаған, тіл бояуына көкірек көзі қанықпаған сырт адамы сыралғы мінезге ұйымай, сырт бітімге малданып қала береді екен. Оған өзім де куә болдым.

— Дұрыс айтасыз. Сол малдану сыртқа ғана емес, өзімізге де тән. Ең өкініштісі сол әлгі сырт малданғанды біз малданып әуреміз. Артық айтсам, алдын ала кешірім сұраймын, өз басым, жаңағы Ю. А. Зуевтің алшын этнонимінің этимологиясы жөніндегі пікірін «жәрәкімаллаға» айналдырған қазақ ғалымының тірлігін осы ойымның дәлелі деп білемін. Сөз жаңылтпаш, ой күңгірт болмас үшін мысал арқылы айтқан жөн болар.

Ю. А. Зуев жаңаша 652 жылы бома, гуй, яньмо және кэшидань аталған елдерге барған біреудің жолнамасының мазмұнын берген VIII ғасыр авторы Ду Юдың «Тун дьянь» деген еңбегін орыс тіліне аударып, осындағы «бома» деген ел атын «ала-ат» деген түркі этнонимінің калькасы деп қарайды. Сондай-ақ осы қытайдың көне деректерінде кездесетін «хэла» сөзін де «ала ат» деген мағынаны білдіреді деп түсіндіреді. Бұл атаудың кейін Тан мемлекетінің тұсында элочжи және сэл өзгеріске түскен гэлочжи күйінде берілгенін айтады. Осының элочжиін түрікше алачи, ал гэлочжиін алакчи деп аударады. Сөйтіп, осылардан ой қорыта келіп, алшын этнонимінің этимологиясын халық аңызындағы ала адамдардан шығарған Н. А. Аристов секілді Ю. А. Зуев те ала + ат сөзінен шығарады. Оның бұл пікірін Қазақстан этнотопонимикасы жөнінде зерттеулер жүргізіп, арнайы еңбек жазған ғалым А. Әбдірахманов та құптайды. Рас, А. Әбдірахманов ала аттың алшынға айналуын дәлелдеуде өзіндік ерекшелігі бар. Ол негізінен ала ат сөзіне тіркелетін жұрнақ жөнінде ғана. Атап айтқанда Ю. А. Зуев ала, ала ат сөзіне моңғол тілінің «чын» жұрнағы тіркеліп жасалды десе, А. Әбдірахманов: «біздіңше бұл Ю. Зуев айтқандай, «чын» моңғол тілінің ғана емес, ертедегі түркі-моңғол тілдеріне ортақ жұрнақ. Дәлелдер келтірейік. Қазіргі бурят тілінде — шан (шон, шэн) ең өнімді жұрнақ: мал + шан — малшы; сабхи (етік) + шан+сабхишан (етікші); сана (шаңғы) + шан-санашан (шаңғышы) және тағы басқа...» — деп, буряттың ала ат шан жұрнағы тіркесіп жасалғанын дәлелдейді.

— Ау, сонда қалай? А. Әбдірахманов чын (шын) Ю. Зуев айтқандай «моңғол тілінің ғана жұрнағы емес, ертедегі түркі-моңғол тілдеріне ортақ жұрнақ» деп, онысын бурят тілінің «шан» жұрнағымен дәлелдегенде бу-

ряттарды түркі тілдес деп отыр ма? Буряттар ежелден моңғол тілдес халық қой.

— «Моңғол тілінің ғана жұрнағы емес» деп, оның дәлеліне бурят тіліндегі жұрнақты алып отырғанына қарағанда А. Әбдірахманов буряттарды түркі тілдес деп түсінетін болғаны да. Бірақ бұл арада мәселе онда да емес. Мәселе қай тілдің жұрнағы болса да ала атқа «шын» жұрнағын тіркеу арқылы алшын этнонимінің шығу төркінін қалай анықтайтынында. Соны білу үшін тағы да А. Әбдірахмановты тыңдайық:

«Жоғарыда айтылғандардан алшын этнонимінің этимологиясын былайша көрсетуге болады:

ала + ат + чын (шын) ала (а) тшын > алачын > алашын // алшын.

Келтірілген этимология алшын этнонимінің өзгерісін тарихи және лингвистикалық жағынан дұрыс ашады деп ойлаймыз», — деп, Ю. А. Зуев екеуінің атынан ой қорытқандай болады. Бірақ автор қаншама «тарихи және лингвистикалық жағынан дұрыс ашады» деп сендіргенімен өз басым, алатчынның алшынға айналу процесінде «а» дыбысы мен «ат» сөзінің қандай заңдылық құдіретімен түсіп қалатынын тарихи жағынан да, лингвистикалық жағынан да түсіне алмадым. Сондықтан да болар, алшын атауының шығу төркіні ала-атчынды жатыр дегенге де өзімді сендіре алмадым.

— Нансаңыз, мен де сондай күй кешіп отырмын. Ау, ненің неге, не үшін өзгергенін дәлелдемей, қаламаған дыбыс пен сөзді алып тастап, белгілі бір атауды шығарғанша сөз тізбегін жасай берсек қазақ түгілі ағылшынның ұқсас сөзінен де атау жасауға болады ғой. Бірақ ол сөздің төркіні бола ала ма? Ондай тәсіл ғылым болып көгерте ме?

— Осының бәрі атаудың ішкі мәніне бармай, тек сыртқы түріне қарап, ұқсастыққа елігудің әлегі. Содан барып, ғалымдарымыз талдауға негізделген өзіндік ой айтудан қашқалақтап, бейне ауылдан шығуы қиын қарашыл аттай қағаз бетіне түскен деректен қара үзіп кете алмай, айналсоқтай береді. Сөйтіп бұрыннан бар мағлұматтар төңірегінде ғана пайымдаулар жасап, анау дұрыс, мынау бұрыс деген тұрғыда пікір айтқан болады. Соның салдарынан күні бүгінге дейін қазақ тайпаларының, ең болмаса, біреуінің қайда, қашан пайда болып, қай жаққа барғанын, қандай қоғамдық-элеуметтік жағдайларды бастан кешкенін, содан қашан, қалай қазақ халқының

этногенезін құрап, қазақ жүздерінің қайсысынын құрамына кіргенін талдай таратып, тайға басылған таңбадай айқын да анықтыққа жеткізілген жоқ. Әлі күнге бар түйіні анда анау алай деген, мында мынау былай дегенге ғана саятын, көне авторлардың жазба бетіндегі бар деректерін қайталай тізуден әріге бармай, бара алмай келеміз. Мұның негізінде, әрине, халық болып қалыптасып көкпен бірден түсе қалғандай-ақ өз жұртыңның кешегісін танып-білуге тыйым салып, тайпа десең талауға түсетіндей, ру десең құруға бет алғандай етіп көрсетіп, санаға үрей ұрығын еккен монархиялық саясаттың ызғары жатқаны да белгілі.

— Дұрыс айтасыз, бар бәле сол отаршыл озбыр саясатта жатыр. Жаңағы өзіңіз айтқандай ғалымдарымыздың аяқ басқан сайын «анау анандай деген, мынау мынандай деген» деп өзгелердің пікірін алға тарта беретіні де сол бүкіл болмысыңды баурап алған үрейдің сұмдығы ғой. Ертеңгі күні бір жерден ши шығып, айдар тағып, айып таға бастаса, «ойбай-ау, оны мен емес, Бартольд айтқан, не Левшин айтқан, болмаса тағы біреу айтқан» деп ақталу үшін де сөйткен. Олай етпей оқыған, көрген, естіген, зерттеген деректері негізінде өзінше бір жаңалықты ой айтса болды, ертесіне-ақ оған «ұлтшыл» не ұлттар арасында араздық туғызушы», не «ескілікті аңсайды» тәріздес неше түрлі айдар тағып, атой айқай қосады. Сондай жағдайда ғалымдарға не өкпе, не кінә! Тіпті басқаны былай қойғанда, қазақ жүздері мен оның құрамындағы тайпалары жөніндегі жазба деректерді жүйеге келтіріп, ананыкі алай, мынанікі былай дегеннен әрі асып кетер тосын дерегі, батыл байламы аз М. С. Мұқановтың еңбектерінің өзін күні кеше желтоқсан оқиғасын туғызушы фактор есебінде айғақтап, авторына айып таға бастамады ма?! «Балта көтерілгенше дөңбек жал табады» дегендей, әйтеуір, жариялылық келіп, жан қалды. Әйтпесе, бір құдай білсін, кімнің қайда, не істеп жүргенін?!

— Иә, мұныңыз да шындық. Мен де жаңағы сөзді ғалымдарды кінәлау мақсатында емес, ел тарихын танып-білудегі үстірттік пен салбөкселіктің себеп-салдарын үңілу орайында айтып жатырмын. Расында, еркін ойға ерік берер талдауға деген қатаң талаптың болмауынан ғой, әлгі «ала ат+чын» деген сөзден алшын атауын шығарып жүргеніміз. Егер нақты тарихи дерекке, лингвистикалық заңдылыққа негізделіп жасалған талдау

болса, ешбір ғалым мұндай атүсті тұжырымға бармас еді.

— Байқайсыз ба, осы біз бірімізді-біріміз қостап, өзгелерді жазғыру жағына қарай ойысып бара жатқан тәріздіміз. Кейде талдап дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат дүниелер де болады ғой. Сондықтан бәрінен бірдей талдауды талап ете беру жөн бола берер ме екен. Айталық, осы ала атчын — алшын жағдайында сізше қандай талдау жасауға болар еді?

— Жалпы жан-жақты талдаусыз шындыққа жету мүмкін емес. Талдау арқылы ғана жасалған түйінде шындық бар. Ал бұл арада нақты ала атчын — алшын мәселесін талдауға келсек, онда сөзді алдымен «ала ат» атауына негіз болған қытайдың «бо-ма» атауынан бастаған жөн.

«Бома» сөзін қытай тілінен аударғанда шынында да, Ю. А. Зуев айтқандай «ала ат» (бо — ала, ма — ат) деген мағына береді. Бірақ соған қарап, «бома» сөзі халықтық атауға айналғанда тек түркіше ғана «ала ат» деп аталады деуге бола ма? Өйткені «бома» қытай сөзі ғой. Сондықтан, өзіңіз ойлаңызшы, «бома» аталған көне халықтың әуелі қай тілде сөйлейтінін білмей тұрып олар өзін «ала атпыз» деп атады деген кесім жасауға бола ма? Егер ол түркі тілдес халық болса ғана солай дейді, ал басқа тілде сөйлесе, оның «ала ат» деуі мүмкін бе? Әрине, жоқ. Олар тек өз тілдеріндегіше айтады. Мысалы, олар орыс болса, «пегая лошадь», моңғол болса «алаг морь» және тағы сол сияқты. Олай болса, алдымен, талдауды қытай тарихындағы «Бома» деп аталатын халықтың қай тілде сөйлейтінін, қандай жерді мекендейтінің анықтаудан бастау керек болады. Ол үшін бұл халық жөнінде бірден-бір нақты деректер беретін қытай тарихының материалдарына үңілуге тура келеді. Сонда жаңағы Ю. А. Зуев жүгінген Ду Ю-дің «Тунь дянынан» мынаны оқимыз:

«Боманың жері Солтүстік теңіздің маңында, Чаннаньнан 14 мың ли жер... Жылқылары ала болып келеді, содан шығарып елдің атын да «Бома» дейді. Ол жылқыны мінбейді, тек сауып, қымызын ішу үшін ғана өсіреді. Бома мен қырғыздар бір-біріне жиі шабуыл жасайды. Олар түрлері жөнінен бір-біріне ұқсайды, бірақ бір-бірінің тілін түсінбейді».

Қытайдың екінші бір авторы Юэ Шидің «Ташпин хуаньюй цзи» («Тай-пин син-го билігі жылдарындағы әлемді бейнелеу») атты энциклопедиялық еңбегінде: «Бо-

ма қырғыздар елінен солтүстікке қарай орналасқан. Олардың жері Солтүстік теңіздің маңында, Чананьнан 14 мың ли жер. Жолаушылар оларға түріктердің бес ірі тайпасының жерін басып өтіп барып жетеді... Бома мен қырғыздар бір-біріне жиі шабуыл жасайды. Бомалықтардың түрі қырғыздарға ұқсайды, бірақ тілдерін түсінбейді»,— деп жазады.

Тағы бір автор Оуян Сюдің «Синь Тан шу» (Тан мемлекетінің жаңа хроникасы) атты еңбегінде жоғарыда айтылған деректерді сөзбе-сөз қайталай баяндап келіп: «... Бұл елде қашанда қар қалың жауады, ағаштар жапырағын тастап үлгірмейді... Қырғыздармен жиі соғысады, көпшілігінің сыртқы түрі қырғыздарға ұқсайды. Бірақ бір-бірінің тілін түсінбейді. Барлығы да шашын қырғызып тастайды, бастарына қабықтан тоқылған қалпақ киеді. Сырғауылдардың басын байлап, күрке жасайды да, оны қабықпен жауып, өздері осында тұрады»,— дейді.

Міне, осы келтірілген үш деректен алдымен «бома» аталатын елдің енесейлік қырғыздардың теріскейінде, Солтүстік теңіздің маңын мекендеген халық екенін анық көруге болады. Бірақ біз енесейлік қырғыздардың теріскейіндегі Солтүстік теңіздің (бэйхайдың) қытайлықтар түстігіндегі қай теңіз екенін білмегендіктен бомалардың мекенін дәл елестете алмаймыз. Сондықтан қытайлықтардың «Солтүстік теңіз» деп нені айтқанын білу қажеттілігі туады.

Бұл орайда ғалымдар пікірінде біртектілік жоқ. Мысалы, қытай зерттеушісі Дин Цянь бомаларды Ангара өзенінің жазығында мекендеді деп есептеп, «Солтүстік теңізді» Солтүстік Мұзды мұхит деп түсінеді. Бұл пікірді қытайдың екінші бір зерттеушісі Чэнь Чжунмянь да құптайды.

Ал жапон зерттеушісі Т. Мориясу «Солтүстік теңізді» Байкал көлі де, Солтүстік Мұзды мұхит та емес, Сібірдің батпақты аймағы деп көрсетеді. Совет ғалымы. А. Г. Мальякин осы пікірді дұрыс деп есептеп, оған бомалықтардың қиыр шалғайда болуына байланысты Тан мемлекетіне бір-ақ рет елші жібергенін, басқа қатынас-байланыстың болмағанынан дәлел етеді.

Осы айтылған зерттеушілердің қайсысының пікірі дұрыс болса да бомалықтардың шалғайда бүгінгі эвенкилер мен ханты-манси халықтарының жерін мекендегенін шамалауға болады. Бұған қарап бомаларды осы эвенкилер

мен ханты-мансилардың біреуінің арғы ата-тегі ме деген ой келеді. Соңғы үзіндідегі «сырғауылдардың басын байлап күрке жасайды да, оны қабықпен жауып, өздері сонда тұрады» деген дерек те осы ойымыздың дұрыс екеніне куәлік еткендей. Өйткені түркі тілдес көшпелілерді мұндай лашықтарда тұрды деген бірде-бір дерек қытай тарихынан кездеспейді. Олар киіз үйлерде тұрған. Мұның сыртында жоғарыда айтылған тарихи үш деректің бірдей куәландыруынан бома аталатын халықтың басқа тілде сөйлейтінін, басқаша айтқанда, түркі тілдес халық еместігін де көруге болады. Өйткені бомалықтар мен қырғыздардың бір-бірінің тілін түсінбейтінді осының бұлтартпас анық айғағы. Менің жоғарыда қытайдың «бомасы» түрікше «ала ат» деген мағына бергенмен оның дәл «ала ат» деп аталмауы да мүмкін ғой деуім де осыдан. Себебі, бомалықтар түркі тілінде сөйлемеген соң, оның ала жылқысын түрікше «ала ат» деп атамаса да хақ қой. Демек, көне қытайлықтардың «бома» деп ала жылқының түркі тіліндегі атауын емес, бома тіліндегі атауын аударғаны да даусыз. Ендеше, ала жылқының басқа тілдегі атауы (ол енді ала ат емес!) қалайша қазақтың іргелі тайпасының атауының шыққан төркіні бола алады? Оның енді «алшын» сөзіне сыртқы түрі жағынан да, дыбыстық үндестігі жағынан да ұқсамауы мүмкін. Мысалы, алаг морь — алшын. Сондықтан да мен Ю. А. Зуев ұсынған, А. Әбдірахманов құптаған қытайдың бомасының калькалық аудармасы тарихи тұрғыдан да, лингвистикалық жағынан да алшын этнонимінің этимологиясы бола алмайды деп есептеймін.

Енді бірер сөз жаңағы Ю. А. Зуев еңбегінде кездесетін «хэла» этнонимі жөнінде.

Ю. А. Зуев көне қытайдың «хэла» деген сөзін де «ала ат» деп аударып, осылайша аталатын елдің жылқысы бірыңғай ала болған, соған байланысты халықтың аты да «хэла», яғни «ала ат» болып аталып кеткен деп түсіндіреді. Сондай-ақ ол осы халықтық атаудың Тан әулетінің хроникасында «элочжи» және сәл өзгеріске түскен «гэлочжи» түрінде кездесетінін және алдыңғысының «алачи», соңғысының «алакчи» деп аударылатынын айтады.

Аталған бұл этнонимдерге тек Ю. А. Зуев қана емес, басқа да зерттеушілер назар аударып, зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Шындыққа көз жеткізу үшін енді осыларды бір-бірімен салыстырып көрелік.

Э. Шаванн «хэла», «хэлань» сөздерінің түркіше «ала» деген мағына беретінін айта келіп, сөзіне «Шаньси тун-чжи» шығармаларындағы: «Хэлань тауы Нинся гарни-зонынан батысқа қарай 60 ли жерде. Бұл тауда көк шөп пен боз шө көп. Алыстан карағанда ала жылқының терісіне ұқсайды. Терістіктің тұрғындары ала жылқыны «хэлань» деп атайды, осыдан таудың аты шыққан. Сәнби халқында ру-тайпалар атауларының тау атымен аталуы жиі кездеседі. Хэлань этнонимі де осы таудың атынан шыққан»,— деген деректі айғақ етеді. Ғалымның бұл пікірінде шындық бар сияқты. Расында да, дүнхудың (татарлардың) екі бірдей халқы Сяньби, Ухуань таула-рының атымен «Сәнби», «Ухуан» аталады ғой.

А. Г. Малявкин қытайдың хэла, эло, хэлань сөздерінің иероглифтік берілуін өзара салыстырып, олардың тек түркінің «ала» деген сөзінің баламасы екенін айтады. Ол да хэлань этнонимінің Хэлань тауынан шыққанын, ал Хэлань тауының өзіміз географиялық картадан көріп, оқып жүрген қазіргі Алашань екенін атап көрсетеді. Осы айтқанының дәлелі ретінде ол басмылдардың қағаны Ашина Шидің «Хэла-пицзя-кэхань» деген титулының «Ала-білге-қаған» болып аударылатынын алға тартады.

Т. Мориясу өз зерттеуінде К. Сираторидің «элочжи» сөзінің аудармасын «алакчи» (аласы аз) деп бергенін құптайтындығын білдіреді.

Міне, осы аталған пікірлерді салыстыра зерделесек, әр кезеңде хэло, эло (элочжи), хэлань аталған халықтық атаудың қытай тіліндегі мағынасының түркінің ала деген ұғымына келетінін пайымдауға болады. Бұл арада Ю. А. Зуевтің хэла сөзін түркіше «ала ат» деп түсіндіруі қисынға келеді.

— Қалайша, бәлкім, бұлар да түркі тілінде сөйле-мейтін халық шығар. Онда қалай ол түркіше «ала» болмақ?

— Орынды сұрақ. Оған жауап бермей тұрып, қытай-лық атаудың баламасы түркінің аласы деп байлам жасау баспәтәрелікке негізделген құр бопса болмақ. Сондықтан әр кезеңде әр түрлі атауға ие бұл халықтың түркі тілінде сөйлегеніне, оның атауының түркіше «ала» атанғанына дәлел қажет. Ол және, меніңше, баршылық.

Біріншіден, А. Г. Малявкин дерегінде көрсетілгендей, Хэлань атанған таудың екінші атауының Алашань (Ала-тау) атануы;

екіншіден, Тан мемлекетінің ескі хроникасында хэла

(бома) атанған халық Батыс Түрік қағанатының қағаны Долудың (Н. Бичуринде Дулу) қарамағында болғандығы; үшіншіден, Жапон зерттеушісі Т. Мориясудың хэларды түркі тілдес халықтардың ежелгі мекені Ертіс өзенінің бойын (Семейден терістікке қарай) мекендеді деп көрсетуі сіздің сұрағыңызға толық жауап бола алады.

— Сонымен аталуы өз тілдерінде «ала ат» делінгенімен бома мен хэла екеуі екі басқа халық болды ғой.

— Ә, солай.

— Бірақ сонда да түркіше «ала ат» болса да, бәрібір ол «алшын» атауының шығу негізі емес дейсіз бе?

— Дәл солай.

— Жақсы, бұл реттегі пікіріңізді түсіндім. Ал сіз мынаған қалай қарайсыз? VI ғасырда Алтайдан шығып тарихқа танылған, әйгілі Түрік қағанатының негізін қалаған көне түріктердің ұйтқы тайпасын «Ашина» деп атайтыны белгілі. Осы «ашинаны» біраз ғалымдар алшын деп атап, кейбір ғылыми еңбектерге енгізіп те жүр. Сіз осыны шындыққа үйлесетін пікір деп ойлайсыз ба?

— Бұл арада мәселенің басы ашық. Ашина жөнінде екінші кездесуімізде жан-жақты айтқанмын. Ашинаның бөрі деген сөз екенін әлем зерттеушілері бір ауыздан мақұлдаған, солай деп ғылым қабылдаған. Енді оны әкеліп алшынға телудің ешқандай реті жоқ. Бұл және ғалымдар айтты, енді оны қозғауға болмайды деген тоңмойындық емес, ашинаны алшын деушілердің дәлелдеу пайымының дәйексіздігін, ой түйіндеуінің тұшымсыздығын білгеннен кейін айтылып отырған пікір. Сондықтан бұл арада «ашина» сөзі алшын этнонимінің шыққан төркіні емес деп дәлелдеп жатуды артық жұмыс, босқа уақыт алу болмақ.

— Олай болса, онда алшын этнонимінің этимологиясы сізше қалай? Өзіңіз «алшынды» қайдан шыққан деп ойлайсыз?

Жоғарыда айттым ғой, алшын атауының жаңаша XVI ғасырға дейін ешкімнің қаламына ілікпей, аталмай келуін. Ал бұл этнонимнің ол кезде болмағанын, өмірге кейін келгенін көрсетсе керек. Демек, бұл атаудың төркінін бергі кезден іздеген абзал.

Мәселеге осы тұрғыдан келсек, өз басым, алшын сөзінің шығу төркіні көне қыпшақ тіліндегі, қазіргі қазақ тілінің сөздік қорында бар «алсын» (кей жерде «алшын» деп те атайды) сөзінде жатыр ма деп ойлаймын.

Халқымыз ертеңге немесе орылып алынған танапка жаңадан шыққан біркелкі көк өскінді алсын (алшын) деп атайды.

Ал «алшын» сөзінің шығу төркінін індетсек, ол, меніңше, ал және шын деген екі сөзден құралған секілді. «Ал сөзінің түркі тілінде бірнеше мағынасы бар. Соның жұртқа танымалысы «қызыл», «жалған өтірік», «бірыңғай» деген мағына беретіні. Алшын этнонимі осының соңғы, яғни «бірыңғай» деген мағынадағысы.

— Токтаңыз, әлгі ал-дың баламаларына түсінік бере кетсеңіз. Мен, мысалы, ал-дың қызыл деген мағына беретінін көне түрік сөздігінен білемін. Ал басқа мағынасын білмейді екем. Мүмкіндік болса, мысал арқылы түсіндіре көрсеңіз.

Мысал арқылы дейсіз бе? Жарайды... Алдымен «Жалған», «өтірік» мағынасына: «албаты сөйлемей отыр» Осындағы албаты-ның ал-ы — өтірік, жалған, баты-сы — ұят (көне түрікше абуы), сонда жоғарыдағы сөйлемнің мағынасы «жалған, ұят сөйлемей отыр». Немесе, «ал көңілім емес, шыным осы» деген тіркесті алыңыз, кейде «ал сөзім, ал тілім емес» деп те атайды.

Ал-дың «бірыңғай» мәніне мысал. «Алқаракөк ен жайлау...» Бұл — көктемде қар суымен шыққан көктің жетіліп, жайлаудың ала-құласыз бірыңғай көгеріп тұрған кезі. Бұл жерде «ал» бірыңғай деген мағынада. Бірыңғай қаракөк шөпті жайлау.

— Енді түсіндім. Ойыңызды әрі жалғай беріңіз.

— Алшынның екінші компоненті «шын»-ға келсек, меніңше, ол жаңа сөз сияқты. Сонда алшын — расында бірыңғай, шын бірыңғай деген мағына береді. Мұны, мысалы лашын сөзіне талдау жасау арқылы түсіндіруге болады. Ла — көне түрікше әбжіл, шапшан, ұшқыр деген мағына береді. (Лак сөзімен салыстырыңыз: Ла-ақ, басқа малдың төлінен шапшаң-ақ, пысық-ақ). Сонда Лашын шын шапшаң, шын ұшқыр, (күс) мағынасында. Немесе, баршын — бары шын, шын бар.

Басын ашып айта кетейін, бұл менің сөз мағынасына қарап жасаған өзімдік пайымдауым. Бәлкім, кате болуы да мүмкін. Олай болған күнде «шын»-ның жаңа сөз туғызатын жұрнақ ретінде талдаған жөн. Одан бәрібір алшын сөзінің мағыналық мәні өзгермейді.

— Жаксы, мұның бәрі түсінікті делік. Ал енді осы алшынның халықтың атауға айналғанын немен түсіндіресіз? Алсын сөзінің алшынға сырт ұқсастығынан алып

айтып отырсыз ба, әлде ойыңызға негіз болар тарихи дерегіңіз бар ма?

— Салыстырмалы талдау арқылы айтылған болмаса атаудың сыртқы құрылысына, дыбыс ұқсастығына қарап шығарылған қорытындының қателікке ұрындыратынын әр кездесудегі әңгімемізде айтып келемін. Сөйте тұрып, өзім ұқсастықтан пікір түйсем, сонда сөзде не пәтуа қалмақ. Рас, бұл арада сырт ұқсастықтың алшын атауы алсын сөзінен шықпады ма екен деген ойға түрткі болғаны шындық.

Өзіңізге белгілі XIII ғасырдың басындағы моңғол шапқыншылығы Қыпшақ даласы (Дешт-и Қыпшақ) тұрғындарын қасқыр тиген қойдай етіп, быт-шытын шығарады. Бас қорғалаған заман туды. Бір орталыққа бағынған мемлекеттік тұтастыққа жете алмай жекелеген хандықтардың жетегінде жүрген қыпшақ халқы дұшпанына қарсы тұрып, елдігін қорғап ерлік көрсете алмады. Телім-телім болып тентіреп кетті. Жағаласқан жауының жағасын жырта алмай жабыққан жұрттың бір тобы жанкештілікпен жат елдің жеріне асты. Қолға түсіп, қор болған енді бір тобы аяқ-қолы маталып құлдыққа сатылды. Жан сауғалаған және бір тобы жауына бас иіп, бағыныштылықты танытты. Не керек, бір кезде берекелі төсі ызғындай ел мен ыңырсыған малдан қайысқан Қыпшақ даласы санаулы жылдар ішінде өрт жалаған ормандай жұтап шыға келді.

Бірақ құрып кеткен жоқ. Өз ғұмырында «мың өліп, мың тірілген» қыпшақ халқы араға ғасырлар салып барып қайта тірілді, кемесін толтырып, кемеліне жетті. Алайда, бұл — кешегі қандастығына қарай қауымдасып, жеке-жеке хандыққа бөлініп, қым-қуыт тірлік кешіп жүргенімен қыпшақтың ортақтастығын сақтаған ел емес, басы — моңғол, жаны — қыпшақ жаңа ел — көкордалықтар еді. Соған орай ортақтастықтың ұстыны болған қыпшақ атауы да қолданыстан шығып, көңілден өше бастады. Ұлы сүргіннің кезінде сендей сапырылысқан Қыпшақ даласының ру-тайпалары Шыңғыс хан ұрпағы ата жұртын әкеден қалған мұрадай бөліске салып, елшілескеннен кейінгі ұлыстарда орнаған тыныштықты пайдаланып, ес жиып, елдігін ойлай бастады. Міне, тап осы кезде кешегі шапқыншылық кезінде шашырап кеткен ру-тайпалар кей жерде аралас ағайындықтарына, кей жерде әкімшілік-территориялық ыңғайына қарай қауым-

дасып, жаңа бірлестіктер шаңырағын көтерді. «Жыланды үш кессең де де кесірткедей қауқары бар» дегендей, қанша қуғын-сүргін көргенмен қара ормандық қалпын сақтаған бұрынғы іргелі тайпалар мұндай бірлестіктердің негізіне айналып, саяқтың үйіріндей шашау шыққан басқа шағын руларды төңірегіне тартып, құрамына енгізіп алды. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған алшын атты ру-тайпалар бірлестігі, менің ойымша, міне, дәл осындай жолмен өмірге келген. Алшын, былайша айтқанда, шапқыншылық өрті жайпап өткен кешегі қалың қыпшақ орманының орнында жаңадан өсіп, жапырақ жайған жае орман. Сондықтан алшын, менің түсінігімде, этноним ретінде Ноғай ұлысы мен Жошы ұлысының кешегі қыпшақ атанған біраз (бәрі емес!) ру-тайпаларына ортақ. Осы ретте ол кейде қыпшақ атауын алмастыра да алады.

Мен осы болжам пікірімнің қаншалықты дұрыс-бұрыс екендігіне деген төрелікті ғалымдар еншісіне қалдыра отырып, өз ойымды «осылай болуы керек» деген жалаң қиялдың жемісі емес, Қыпшақ даласында өткен XIII ғасырдан бергі тарихи оқиғалардың даму барысы негізінде түйілген пайымдау екенін айта кеткім келеді. Мұның сыртында бұлайша пайымдаудың шындыққа пәлендей шалғай еместігін ел ішіндегі этнографиялық деректер де теріске шығармайтын секілді.

Қазақ ру-тайпаларының ен-таңбаларын зерттеген ғалымдарымыз басы Н. А. Аристов болып, олардың таңбаларының ұқсастығы арқылы бір-бірімен туыстығын, кімге кімнің қосылғанын немесе кімнің кімнен ажырасқанын айыруға болады деген тұжырым жасайды. Егер осы тұжырым шынында дұрыс болса, онда алшынның қыпшақ жұртында шаңырақ көтергенін оның тайпалық таңбасы да дәлелдей түскендей. Өйткені алшынның \wedge таңбасының қыпшақтың қос әліп $////$ таңбасының басын біріктіру арқылы жасалғанына көз жеткізу онша қиындық туғызбайды.

Таңба дегеннен шығады, осы алшын бірлестігінің құрамына кіретін рулардың таңбасы да олардың біразының бұрын қыпшақтардың құрамында болғанын көрсетеді. Бұл ретте мысал үшін тана, тама руларының таңбасын алуға болады. Мұның сыртында тамалар байырғы қыпшақтардың ата мекенінде олармен бірге мекендеп жүрді. XV — XVI ғасырларда Шора батыр Нарықұлы бастаған тамалар Қыпшақ даласындағы Қазақ хандығы мен Ноғай ордасының саяси өмірінде елеулі орын алған. Міне,

мұның бәрі тамалардың қыпшақтармен этникалық туыстығын дәлелдесе керек.

Бір бұлар ғана емес, алшын бірлестігіндегі біраз тайпалардың қыпшақтармен этникалық бірлікте екеніне тарихи деректер арқылы көз жеткізуге болатын сияқты. Есіңізде болса, мен өткен кездесудегі әңгімеде оңтүстік орыс жерін мекендеген құба қыпшақтар мен ара қыпшақтар жөнінде айтып едім ғой. Сонда XV ғасырдағы орыс жылнамаларында, В. Г. Тизенгаузеннің «Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы» атты еңбегінде кездесетін қыпшақтардың іргелі ірі тайпаларының бірі — тоқсаба жөнінде әңгімелеп, оның этимологиясына тоқталғанмын. Міне, осы тоқсаба атауы алшын бірлестігіндегі он екі ата Байұлының бір атасы — Байбақтының құрамында кездеседі. Қазақтың ауызша шежіресі бойынша (М. Тынышпаев кестесі) Байбақтыдан Батақ, Жанбақты, Тынбақты¹ деген үш бала. Осының Батағынан Әйтімбет, Қара туады. Әйтімбеттен Шолан мен Акберді деген екі бала. Осының Шоланынан Дат, одан атақты Сырым батыр. Ал Қарадан бес бала — Тоқсаба, Сүгір, Бұғанай, Жаманбайбақты және Жарас.

Енді осындағы Қарадан туған балалардың алдыңғы екеуінің атына назар аударыңызшы. Сонда Тоқсабаның Қара қыпшақтардың үлкен руының аты, ал Сүгірдің Қара қыпшақтың атақты ханы Қончактың (Құлыншақтың) атасы Сарханның туған інісінің аты екенін көресіз. Сарыхан мен Сүгір қыпшақ хандарының ішінде елді отырықшылыққа үйретіп, қала салуға мұрындық бодған адамдар.

Осы арада қыпшақтың үлкен тайпасы Тоқсаба мен атақты ханы Сүгір есімді балалардың шежіреде басқа емес, Қара деген кісіден тууында, меніңше, үлкен мән бар. Өйткені халықтың ауызша шежіресінің жасалу болмысынан хабардар адам мұндағы Қара деген кісінің Қара қыпшақ бірлестігінің прототипі екенін бірден айыра алады. Ал Тоқсаба мен Сүгір кешегі ел басына зобалаң туған

¹ Тынбақтыны — Тана баласы деп те атайды. Соған қарағанда бұл Тана руынан бөлініп келіп, байбақтының құрамына енген ата болуы керек. Жоғарыда тананың таңбасына қарап, бұрын қыпшақтардың құрамында болған ру екені айтылады. Қазақ шежіресі бойынша танадан Асан (Әсен), Бессары, Сүгір деген аталар тарайды. Осының Асаны құба қыпшақтың, Сүгірі — қара қыпшақтың хандарының аты. Бессары — қыпшақтың белгілі руы. Ол бұл күнде қазақ, қарақалпақ, бац күрт халықтарының құрамында кездеседі. Осының бәрі тананың қыпшақтан шыққанын көрсетеді.*

аласапыран кезден кейін жаңадан бас көтеріп, күшейген осы байбақты тайпасы мен Сүгір хан иелігіндегі елдің шашыранды бір бөлігі. Тоқсаба аты қазір тек осы кіші жүздің құрамында және қарақалпақ халқының этногенезін құрайтын қыпшақ тайпасының құрамында кездеседі. Қарақалпақ қыпшақтарының жауға шабар ұрандары да осы Тоқсаба.

Бұдан шығар қорытынды сол, алшын бірлестігіндегі байбақты тайпасының құрамындағы рулардың бәрі бірдей (түгел де болуы мүмкін, оны зерттеу керек) қыпшақтардан шықты дей алмасақ та, жоғарыда айтылғандарға қарап оның елеулі бөлегінің қыпшақ екенін анық аңғаруға болады. Бұл ретте менің пайымдауымнан гөрі осы байбақты тайпасы жөнінде арнайы зерттеу жүргізген В. В. Востров пен М. С. Мұқановтың пайымдаулары, тіпті, нақты. Олар: «Байбақты руының шығу тегінің тарихын қарастыра келіп, оның шыққан тегінің қыпшақ тайпасы екенін анықтадық», — деп ой түйеді.

Сөз орайы келген соң айта кетейін, бұл авторлар осы алшын бірлестігіндегі екінші бір іргелі ру — беріштерді де осы байбақтылардың туыстасы, қыпшақ тайпасынан шыққан деп есептейді. Оған беріштердің бір тармағының бессары деп аталатындығын дәлел етеді. Бессары — Сары қыпшақтардың бес бөлігі, олар қазір орта жүз қыпшақтарының, қарақалпақ қыпшақтарының, башқұрт қыпшақтарының құрамында бар екенін жоғарыда айттым.

М. Тынышпаев өзінің шежіре кестесінде беріш пен байбақтыны он екі ата байұлына жататын дербес бір-бір ата ретінде берсе, енді бір жерде — беріштің ұрпағын тарататын кестесінде Байбақтыны Беріштен туатын екі баланың бірі етіп көрсетеді. Бұл дерек Қазақ Совет энциклопедиясында да қайталанатын. Әрине, М. Тынышпаевтың бұл кестені ойдан шығарып жасамағаны белгілі. Қазақтың ауызша шежіресін жазба деректермен салыстырып, ғылыми ой түюге алғаш жол салған адамның әр дерегінде өзі саралап ашып көрсетпегенімен белгілі дәрежеде нақты негізі бары хақ. Тіпті олай демей, шатастырып алған болар дегенде де, оның осы шатастыруының өзі-ақ жоғарыдағы авторлардың пікірімен үндесіп, байбақты мен беріштің туыстығына куәлік береді. Өйткені не ауызша шежіре, не жазба дерек бір-біріне қатысы жоқ, айдаладағы руларды екіншісіне апарып телімейді. Мұндай шатастыру тек аралас-құралас, ру-тайпалар арасында ғана болады.

Қазақтың ауызша шежіресі бойынша Беріштің екі баласының аты Байбақты және Ғайсейіт. Байбақтысынан Асылбас, Құлкеш, Шақай, Бегіс, ал Байсейітінен Жайық, Қаратоқай, Есенғұл тарайды. Байбақты мен Байсейіт екеуінің осы жеті баласынан та аған ұрпақты ел ішінде «жеті арыс беріш» деп атайды.

Қазақ тілінің тарихын халқымыздың төл тарихын тану арқылы зерттеуге ден қойған белгілі ғалым Сәрсен Аманжолов беріштердің X ғасырда қыпшақтар құрамында Египетке дейін жеткенін айтады. Оған дәлел ретінде араб жазушысы әл-Айнидың Египеттің сұлтандары Бейбарс (1260 — 1279) пен Қалаун (Ибн Халдун) (1279—1290) екеуінің «қыпшақтың брж-оғлы руынан екенін» көрсеткен дерегін алға тартады. Сөйтіп, осындағы әлгі сұлтандардың бірінің өзі туралы жазғанын «мен берж оғлы қаблия мен әл-түрік» деп оқиды. Бірақ бұл ғылымда қабылданған ұғым бойынша «берж оғлы» емес, «боржы оғлы» деп оқылып жүр. Меніңше, бұған Лен-Пуль Стенлидің «Мұсылмандар әулеті» деген еңбегіндегі Египеттің мамлюк сұлтандарының дәулетін екі бөліп, бірін — бахри («өзен» әулеті), екіншісін — боржи («қамал» әулеті) деп көрсеткен тұжырымы себепші болған сияқты. Бірақ бұл арада ескеретін бір жай бар. Л. Стенли көрсеткен «бахри» әулеті Египетті 1250—1390 жылдар аралығында, ал «боржи» әулеті 1390—1517 жылдар аралығында билеген.

Енді қараңыз, жаңағы өздерін «брж оғлымыз» деп отырған екі сұлтан да билікті 1260—1290 жылдар аралығында құрған. Демек, бұл арада «брж» шынында «боржи» болып оқылатын болса, онда «борж» әулеті мерзім жағынан «бахри» әулетінен бұрын болуы керек қой. Бірақ олай емес. Соған қарағанда «брж» — ды «берж» деп оқыған профессор С. Аманжоловтың оқуы дұрыс па деймін. Ал Лен-Пуль Стенлидің «боржи» — ы кездейсоқ сөз ұқсастығы болуы керек. Әділет үшін осы арада басын ашып айта кетер мәселе, шындығында бұлай оқу М. Тынышпаевтың еңбегі. С. Аманжолов осы кісіден алған секілді. М. Тынышпаев «берж» сөзінің берішке айналуын Л. Будаговтың сөздігінде «берж» сөзі тобыл татарларында «мықты, сынбайтын», ал «бурж» сөзі «мұнара», «қорған үйіндісі» деген мағына беретіндігін айта келіп, қазақтардың денедегі байланып түйін болып қалған қатты етті «беріш» деп атайтынымен түсіндіреді.

Реті келген соң айта кеткен жөн, әлгі «брж оғлы»

әулетінен кейін Египетті олармен туыстас шеркештерден (черкестерден, серкештерден) шыққан мамлюктер билейді. Ал қазақтың ауызша шежіресінде шеркештер — байұлының он екі атасының бірі. В. В. Востров пен М. С. Мұқанов таңбаларының бірдейлігіне қарап, байұлының Есентемір және Ыстық аталарының осы шеркештермен бір туғандығын және олардың бәрінің шыққан тегі наймандар екенін айтады. Расында, бұлардың таңбаларының «бақан» таңбасына ұқсайтыны шындық. Бірақ бұған күдік келтіруге де болатын сияқты. Себебі бақанға ұқсаған V таңбасының алшынның қос әліптің басын қосқан Δ таңбасына қосымша қосылуы арқылы да жасалуы мүмкін ғой. Үлкен бірлестіктен бөлінген ру-тайпалардың сол бөлінген бірлестіктің таңбасына қосымша сызық қосу арқылы өз таңбасын жасайтыны ғылым дәлелдеген шындық. Олай болса алшын бірлестігіндегі шеркеш, ыстық, есентемір руларының оның Y таңбасына қосымша сызық қосу арқылы жасап алу мүмкіндігін жоққа шығара аламыз ба?! Оның сыртында қазақтың ен-таңбаларын зерттеген ғалымдарымыз таңбаның орналасуы ешқандай мәнге не емес, оның төңкеріліп те, жантайып та, қисайып та түсе беретінін айтады. Әрі-беріден соң, бұл үшеуінің таңбасын, тіпті бақанға емес, қыпшақтың екі әлібінің, болмаса таңбаның көне атауын алсақ, қос көсеудің басқаша, яғни қисайтылған T әрпіне ұқсайтын орналасуы деп қарауға да болды. Егер осылай деп қарасақ тек жоғарыда аты аталған үшеуі ғана емес, сондай-ақ бұған төртқара, қарасақал, жөгі, телеу, жағалбайлы руларының да таңбасын қосуға тура келеді. Сонда екі әліптің қиылыса орналасуы (V) бәріне ортақ таңба болып шығады. Әрине, мұның ақиқатын анықтау үшін ел ішін аралап, жаратылыс болмысы бір әлгі таңбаларды аталған рудың өздері қалай атайтынын анықтап, таңба атауының мәнін оның орналасу тәртібімен салыстыру қажет. Онсыз айтылған сөздің бәрі сырт жорамал ғана.

Ал әзірге қолда бар деректен осы аталған рулардың түпкі шығу тегінің бірлігін, оның ішінде қазіргі тілге тиек болып отырған беріштер мен шеркештердің ағайындас-тығын шамалауға болатын секілді. Бұлардың тектестігін М. Тынышпаевтың «беріш пен шеркеш руларының атындағы жер-су атауларының Алтайда да, Оңтүстік орыс жерінде де үнемі қатар айтылады. Сондықтан оларды ежелден бірге көшіп, бірге қонып жүрген туыстас тайпалар десек керек» дейтін пікірі де дәлелдеп тұрғандай.

— Сіздің әңгімеңіздің аңғарынан кіші жүздің ру-тайпаларының дені қыпшақтардан шыққан сыңай танылады. Менің өз түсінігімде және оқыған кейбір шығармалардың дерегінде кіші жүздің құрамының дені оғыздар мен ноғайлардан тұратын сияқты еді. Пікір таластыру мақсатында емес, білу үшін сұрап отырмын, осының жөні қалай болар екен?

— Қалай десем екен... Жалпы бұл өзі үлкен әңгімеге азық боларлық тақырып. Қазір түсінікті болу үшін оны талдай айтып, салалай қуып кетсек, онда негізгі әңгіме арнасынан шығып кетеміз. Кейін уақыт болса оны да кузап көрерміз. Ал әзірге сіздің сұрағыңызға қысқаша жауап беруге тырысып көрейін.

Мен өткен әңгімеде теңіздің көбік шашқан ақжал асау толқындары секілді теңіз — даланың бетінде кейде бір-біріне иек артып, бірлесіп кейде жеңгені жеңілгенін желкелей қуып, бірінің мекенін екіншісі тартып алып, бірінбірі ығыстыра тықсырып батысқа жылжыған көшпелі тайпалар қозғалысының ара-тұра іркес-тіркес тоқтауы болғанмен біржола үзілісі болмай ғасырдан ғасырға асып кешегі татар-моңғол шапқыншылығына келіп ұласқанын айтқан едім ғой. Сонда ұмытсаңыз оғыздардың кара жұртта қалғандарының қыпшақтардың құрамына қалай кіргенін де сөз еткенмін. Міне, кіші жүздің құрамында оғыз тайпалары бар десек, олар сол қыпшақтар құрамына кіргендер, былайша айтқанда қыпшақ болып кеткендер. Бұл орайдағы әңгімені ұзаққа созбас үшін, мұны алшын бірлестігінің ірі тайпасы Адайлар мысалында түсіндіруге болады.

Адайлардың шығу тегі жөнінде әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Солардың ішінде қисынға келіп, көңіл тоятындары олардың ерте замандарда Каспий теңізінің жағалауын мекендеген көне дай халқының ұрпағы деген болжам. Геродот пен Страбонның мәліметі бойынша дайлар ескіше V ғасырдан жаңаша I ғасырға дейін Сырдарияның төменгі ағысына, Каспий теңізі жағалауының оңтүстік-шығыс жақ бөлегінде мекендеген. Ескіше III ғасырдан жаңаша I ғасырға дейін Кангюй мемлекеті күшейіп Хорезм, Ферғана, Соғда аймақтарына билік жүргізгені тарихтан белгілі. Осы кездерде дайлар кангюйлердің карамағында болды. Ал кейін бұл өңірлерге Батыс түркі қағанаты өз билігін жүргізген кезде дайлар оның құрамына енді. Жаңаша VIII ғасырдың екінші

жартысында оғыз тайпалары Жетісу өңірінен қозғалып Сырдарияның бойына келіп орныға бастады. Осы жаңа жерде күшейіп, өздерінің дәуірлеу биігіне көтерілген оғыздар маңайындағы тұрғылықты көрші тайпаларды өздеріне бағындырып, қарамағына қосып алады. Бұл кезде (IX ғ.) дайлардың дені оғыздардың құрамына енген болатын. Оғыздар келген кезде дайлар Маңқыстау түбегін мекендейтін. Бірақ оғыздар Маңқыстау түбек емес, арал деп түсінді. Сондықтан да олар бұл арада мекендеушілерді «адаи» деп атаған. Оғыз тілінде арал «ада», ал аралдықтар «адаи» деп аталған. Каспий теңізінің Кендірлік жағындағы шағын аралды қазір да «Ада» деп атайды.

Оғыздар құрамындағы түрікмен тайпалары да осы кезде Маңқыстауға келіп бауыр басып, адайлармен бірге қабаттаса көшіп, бірге жүреді. Алайда шөл даладағы құнарлы жайылымның жетімсіздігі, құдықтардың аздығы салдарынан араларында қақтығыстар жиі болып, ол тынымсыз күреске айналды. Ақырында осындай тынымсыз үргін-сүргіннен мезі болған адайлар терістікке қарай қоныс аударып, Ембі, Ойыл, Сағыз өңірлерін мекендейді.

Қазақтың ауызша шежіре дерегі бойынша (М. Мұқанов кестесі) Адайдан Келімберді, Құдайке деген екі бала туады. Осының Келімбердісінен Ақбан, Құнанөріс, Бұзау, Табыш, Мұғал (мұңал), ал Құдайкесінен Тәзіке (Тәжіке), Қосай тарайды. Осы арада бір ескерте кетер жай, Қазақ Совет энциклопедиясының дерегінде Бұзау есімі жоқ, оның орнына Жеменей, Балықшы аталықтары қосылған. М. Мұқанов кестесінде Жеменей Бұзаудың екі баласының бірі.

XIII ғасырда бүкіл Қазақстан территориясын монғолдар жаулап алғанда, адайлар Алтын Орданың қарамағында болады. Міне, осы кезде олар түгелдей қыпшақтармен араласады. Бұл арада түгелдей деуімнің мәнісі — адайлардың жекелеген рулары XI ғасырдың өзінде-ақ қыпшақтар құрамына енген болатын.

Алтын Орда құлағаннан соң Көк Ордадағы адайлар Өзбек хандығының, кейінірек Ноғай Ордасының құрамына енеді. Ал Қазақ хандығы құрылып, қазақ халқы өзара үш жүзге бөлінген кезде бұрынғы Ноғай Ордасындағы адайлардың бәрі кіші жүз бірлестігінің құрамына кірген еді.

Міне, қазақ халқының тарихы жөніндегі әр кезенді баяндайтын шығармаларда кіші жүз құрамындағы

ру-тайпаларды оғыздар құрамында, болмаса ноғай ордасында болды дейтін деректердің сыры осындай. Мұндай жағдай түптеп келгенде бір ғана адайлардың емес, казак халқының құрамындағы ру-тайпалардың көбіне ортақ. Олардың шығу тегін іздеген адам сондықтан да көшпелі елдің көшінің ізіне үңілуге, сөйтіп қайдан шығып, қайда барғанын анықтап, ажыратуға тиіс. Өйтпеген күнде тарих шиырына түсіп, шатасып қалуы даусыз ақиқат.

Міне, осы айтылған жайларды зерде сүзгісінен өткізіп барып, ой түйсек — бүгінгі казак халқының құрамындағы алшындардың кешегі моңғол шапқыншылығы өртіне ұшыраған қалың қыпшақтың жұртында қайта бас көтерген көк алсын (алшын) — жаңа бірлестік екеніне, Қазак хандығы әкімшілік-территориялық жағынан үшке бөлінгенде олардың бөлінбей-жарылмай кіші жүздің құрамына кіріп, соның негізін құрағанын пайымдай аламыз.

— Әрине, бұл арада «қыпшақ жұртында» дегенге қарап, алшындардың бәрі қыпшақтар деу де артық шығар.

— Ашығын айтсақ, мәселе бұл жерде қалай түсінуге байланысты. Жалпы бір қыпшақтар ғана емес, көшпелі тайпалардың кез келгенінің тарихына қатысты әңгіме болғанда оған уақыт мерзімі тұрғысынан қарап, кезең ерекшелігін ескеріп отыру міндет. Онсыз қателікке ұрыну оп-оңай. Мысалы, қазіргі жағдайда қыпшақ деген ұғым болмысына бүгінгі түсінік тұрғысынан келсеңіз, сөз жоқ, адасасыз. Өйткені моңғол шапқыншылығы алдындағы қыпшақтар бірлестігінің құрамы бүгінгі ұғымды былай қойғанда, тіпті олардың Алтайдағы құрамынан да бөлек болатын. Бұл кезде қыпшақтардың құрамында Алтайдан батысқа қарай жылжыған жолында кездесіп, бағындырған жекелеген белгісіз ру-тайпаларды айтпағанның өзінде, тарихқа танымал бұлғарлардың, мадиярлардың, қаңғарлардың, печенегтердің, торктардың (оғыздардың) едәуір бөлектері бар еді. Оларды қыпшақтар құрамына тарихқа «ұлы қоныс аудару» («великое переселение») деген атпен енген ұлы сапырылыстың толқынында тағдыр дауылы айдап тыққаны белгілі. Оның қалай болғанын екінші кездесудегі әңгімемізде талдай айтқанбыз, енді оны қайталап жатудың қажеті болмас.

Міне, «қыпшақ жұртында» дегенде мұндағы қыпшақ ұғымын осы мағанада түсінген жөн. Бірақ емен өртенгенмен оның тамырынан қайта өнер өскін де қарағай.

не қайың шыбығы емес, еменнің шыбығы болып өспек. Бұл — табиғат заңы. Кейінгі алшын бірлестігі болмысынан да осы заңдылықты іздеу, тану, табу абзал. Олай істемей, қыпшақ құрамындағы қырықру құрандылықтың алшынға да тән екенін ескермесек, шежіре деректерінің кейбір игі мақсаттан туған зиянсыз жаңсақтығын тани зерделемесек, онда ұрпақ ұғымын шатастыру арқылы ұлттық сананы тұмандандырып, мүдделі мақсат биігін көкірек көзінен тасаландырып, сапалық қасиетке нұқсан келтіруіміз ғажап емес. Бұл тұрғыда алшын бірлестігіне кіретін он екі ата байұлын, алты ата әлімді аталықтарына ажыратып, жетірудың жеті руын талдай таратып, тарихын тануға ұмтылу қажет-ақ. Сонда жоғарыда айтқан ой түйіні шешіліп, біраз жайдың басы ашылар еді. Бірақ бұл қыруар уақыт, ұзақ әңгіме. Бүгін бәрібір бәрін айтып тауыса алмаймыз. Себебі, жаңағы әңгіме ыңғайына қарай сөз болған адайлардың аталарының Маңғыстаудан кету мәнісі, содан тек үш жүз жылдан кейін XVIII ғасырдың басында ғана қайта оралуы, ел аузындағы «Сауран айналған» тіркесінің сыры әлі айтылған жоқ. Адайлар болмаған үш ғасыр бойы Маңғыстаудың қаңырап бос жатпағаны тағы белгілі. Осыған байланысты естен шыққандай болған ескі жұртқа елін бастап Арал теңізінің жағалауынан аттанған Қосай батырдың немересі Есенқұл баласы Есеннің көші, адайлардың ата мекен үшін қалмақтармен, түрікмендермен күресі, Үстіртті иеленуі... бәр-бәрін тамамдай тарата бастасак, осылардың өзі-ақ бір күнгі әңгімеге азық болары сөзсіз. Ал адай — он екі ата байұлының бір ғана атасы ғой. Бұған енді жаңағы әлімнің алты атасын, жетірудың жеті атасын, яғни жеті руын қосыңыз. Көрдіңіз бе, қаншама әңгіме жатыр. Мұның ішінде және түп негізін тарихқа белгісізін былай қойғанда, танылғанының өзі біздің жыл санавымыздан бұрынғы кезеңнен тартатындары қаншама. Мысал үшін жетіруды құрайтын рулардың бірі — кердеріні алайық.

Ғалымдарымыздың айтуына қарағанда қазақ халқының құрамындағы осы кердерілер баяғы хуннудың Модэ ханы біздің жыл санауымыздан бұрынғы II ғасырда тосын шабуылмен талқандап, ата мекенінен бастырып жіберетін юечжилердің кім екенін, олардың ата мекенінен ауғаннан кейін екіге бөлініп, бір бөлегінің бұрынғы ата мекеніне таяу жерде қалғанын, екінші мол бөлегінің Бактрия жеріне келіп Кушан мемлекетін құрғанын бірінші кезде-

суде толық айтқанмын. Бізге «юечжи» деген қытайлықтар берген атымен таныс бұл халықты европалықтар әртүрлі атпен атайды. Осылардың Арал теңізі төңірегін мекендегендерін, мысалы, кидарит-гундар деп атаған. Біздің кердеріміз осы кидарит-гундар. Кердері аты жер атауларында сақталған. Арал теңізі кезінде Кердері теңізі деп аталған. Хорезмнің оң жағалау бөлегі де Кердері деген атауды иеленген. Сондай-ақ осында Кердері деп аталатын екі қала болған.

Міне, кіші жүздің жетіруын құрайтын іргелі рулардың бірі осы Кердері жөнінде сөз қозғау үшін ескіше II ғасырда Орталық Азиядан өкше көтерген юечжи көшінің ізімен Орта Азияға келіп, Арал теңізі төңірегіндегі кердері-кидариттар тарихына үңілу шарт. Соның үшін де бұлар жөніндегі әңгімені кейінге қалдырайық. Амандық болса, мұны келесі кездесуде тағы бір қузап көрерміз. Егер рұқсат етсеңіз, бүгінгі әңгімеміздің түйінін қазақ жүздерінің бәріне ортақ қатысы бар таңбалар жөніндегі бірер сөзбен қорытындыласам ба деймін.

— Жақсы, мұныңыз да жөн шығар. Барар жерімізге де келіп қалдық. Анау сағымданып көрінген шоқыны «Мақсат биігі» дейді. Соның күнгеі бетінде біз іздеген ауыл. Соған жеткенше әлгі таңба жөніндегі әңгіменізді аяқтап тастаңыз.




— Малдың қамымен жылдың төрт мезгіліне орай көктеуге, жайлауға, күздеуге, қыстауға көшіп, тынымсыз тірлік кешкен ата-бабаларымыз көші-қон барысында аяқты мал жиі араласып, қайсысының кімдікі екенін ажырата алмай, жоқ жерде жүз жыртысып, талай рет әуре-сарсаңға түскен сыңайлы. Міне, ағайынды араздастырған осындай беймаза тірліктен құтылу мақсатындағы ізденіс — ірі малға, әсіресе жылқыға таңба басып белгілеуді өмірге әкелген тәрізді. Таңба басудың қашан, қай жерде шыққаны белгісіз. Әйтеуір, көне замандардан бері бар екені аян. Оған түркі тілдес көне халықтардың жұртынан табылып жатқан таңбалы тастар куәлік береді. Шамасы, әуелі ірі тайпалар таңбасы табылып, кейін осы тайпаның құрамындағы жекелеген рулар әлгі ортақ тайпа таңбасының негізінде өздеріне гән таңбаларды жасап алғанға ұқсайды.

Осы ретте жоғарыда ғалымдарымыздың халқымыздың этникалық құрамына кірген ру-тайпалардың таңбаларының өзара ұқсастығы сол ру-тайпалардың түп негізінің


бірлігін көрсетеді деген пікірге қоритынын тағы еске сала кеткім келеді. Олардың ойынша негізгі ұйтқы тайпаның өзіндік белгілі бір таңбасы болады. Ал сол тайпадан кейін бөлініп шыққан, не сырттан келіп қосылып, кірігіп кеткен рулар әлгі тайпалық ортақ таңбаға қосымша бір белгі салу арқылы өзінің жаңа таңбасын жасайды. Міне, осы заңдылықты ескере отырып, әлгі негізгі таңба мен кейін одан туындаған жасанды таңбаларды салыстыру тәсілімен қазақтың ру-тайпаларының бұл күнде қай жүздің құрамында жүргеніне, қай аймақты мекендейтініне қарамастан олардың әуелдегі шыққан төркінінің кім екенін анықтауға болатын көрінеді.






Егер ғалымдарымыздың осы байламын шындық деп қорып, ізденіс бағытын айтылған ой арнасына бұрсақ, онда профессор С. Аманжолов пен белгілі тарихшы М. Тынышпаевтар ұсынған қазақ халқы рулары мен тайпаларының таңбаларының кестелерінен нақты бір жайды аңғаруға сияқты. Әр таңбаға зер салып, оларды бір-бірімен салыстыра қарасақ, осындағы қазақтың ру-тайпалары таңбаларының бәрі екі-ақ белгі негізінде жасалғанын көруге болар еді. Оның бірі — қысқа, шағын таяқша сызық. Осы таяқша сызық дара күйінде «көсеу» деп аталып, жеке бір таңба жасаса, оған түрлі қосымша сызықтар қосу арқылы сан алуан туынды жаңа таңбалар жасай береді. Осыған орай оның жаңа түріне ұқсас жаңа атаулары пайда болады. Мысалы, / — көсеу, // — қос әліп, + — крест, X — ашамай, Y — бақан, ПП — тарак, Δ — тұмар, P — балта, П — босаға, √ — түйемойын, ↑ — оқ және осы тәріздес болып кете береді. Бұлардың бәрі қазақ халқының этногенезін құрайтын бір-бір рудың, немесе тайпаның таңбасы. Егер жоғарыда айтқан Н. Аристов, В. Бартольд, С. Аманжолов секілді ғалымдарымыздың пікірлеріне қарай негіздесек, осы таңба иелерінің бәрі, шағын ру, ірі тайпа екеніне қарамастан, негізі бір. Бәрі де сонау есте жоқ ескі замандарда өмір сүрген бір бірлестіктің ғасырлар қойнауында түрлі тағдыр талқысына түсіп, шашырап кеткен, ажырасып, адасып кеткен ұрпақтары. Сонда мұндай туыстас таңба иелерін қазақ жүздері бойынша атасақ, олар былай бөлінер еді. Ұлы жүз — қаңлы, сиқым, жаныс, сары үйсін, шапырашты, ысты, ошақты, жалайыр; орта жүз — қоңырат, маңғытай, саңғыл, қыпшақ, керей, найман, балталы, бағаналы; кіші жүз — адай, жаппас, есентемір, жағалбайлы, тана, тама, байбақ-





ты, масқар, шеркеш, ыссық, төртқара, алшын, карасақал, керейіт, жөгі, телеу. Мұның бәрі, әрине, толық емес, тек жоғарыда аталған екі кестеде көрсетілгендер ғана.

Екіншісі — шағын дөңгелек сызық. Оны жеке күйінде тостаған деп атайды. Осы О таңбаға да түрлі белгі салу арқылы туында жаңа таңбалар жасалынады. Бұларға да түрлеріне қарай соған сәйкес балама жаңа атаулар беріледі. Мысалы, олар мына тәрізді болып келеді. О — тостаған, ОО — көз, С,Э — ай,  — жоғары шекті,  — төменгі шекті,  — шөміш және осы секілді болып кете береді. Бұлардың да әрқайсысы жеке бір-бір рудың таңбасы.

Ал осы тостаған таңбасынан түрлі қосымша белгі арқылы өз таңбасын жасаған туыстас ру-тайпалар жүздер бойынша алғанда мынадай: ұлы жүзден — ойық, дулат, албан, суан, шынқожа, құралас, ботпай, сәмбет; орта жүзден — арғын, кіші жүзден — табын, рамадан, кердері, кете және басқалары.

Енді бір айта кететін жәй, осы негізгі екі — таяқша сызық пен дөңгелек сызық таңба белгілерінің өзара қосылуынан жасалатын құрама таңбалардың бар екендігі. Олардың жасалу жолы да екі түрлі. Бірі жоғарыда айтылған екі типтегі таңбалардың тұтас күйінде қосылуы арқылы. Баршаға түсінікті болуы үшін бұған керейдің кірес таңбасы мен дулаттың тостаған таңбасының қосылуынан жасалған құралас руының таңбасын  мысалға алуға болады.

Екіншісі — осы екі типтегі таңбалардың жартысын алып, бір-біріне қосу арқылы жасалады. Мұның айқын мысалы шымыр руының таңбасынан  айқын көрінеді. Бұлардың да әрқайсысының түріне қарай баламалап берген аттары бар. Мысалы,  — қол таңба,  ергенек,  — балдақ, (айшық), және осылар секілді. Мұндай таңбалар негізінен ұлы жүз құрамында болған ру-тайпалардан кездеседі. Атап айтқанда, шанышқылы (бұлардың  таңбасы да бар), бестаңбалы, шымыр, шапырашты, сондай-ақ орта жүздегі сарыжомарт рулары.

Бұлардың сыртында былай қарағанда осы негізгі таңбаларға қатысы шамалы, өзіндік өрнегі бар секілденіп көрінетін , , ,  таңбалар тобы да кездеседі. Мұндай ерекшелігі бар таңба иелері орта жүздегі садыр, матай, кіші жүздегі қаракесек, шөмекей, шекті секілді рулар. Дегенмен осы таңбаларға да зерделей қарасақ,

бұлардың да сол баяғы екі типтегі таңба негізінде жасалғанын көреміз.

Бұл аталған таңбалардың бәрі жоғарыда аталған екі автордың еңбектерінде берілген кестелерден ғана алынғанын тағы да қайталай еске салып кеткім келеді. Себебі, халқымыздың этногенезін құраған ірі тайпалардан бастап шағын ру таңбаларына дейін осы екі кестеде түгел қамтылған деп ойламаймын. Осыған байланысты бұл орайдағы менің болжам — пайымдауымды салыстырмалы ойдың соңғы түйіні деп қарауға әсте болмайды. Соңғы байлам тек осы мақсатпен ел арасына шыққан білікті ондаған экспедицияның жинаған материалдарын қорыту барысында алынған деректер мен түркі халықтары мекендеген жерлерден табылған таңбалы тастар берер деректерді салыстыру арқылы жасалып, ол тарих деректерімен әдіптелуі парыз. Сонда ғана ой байламында бағалылық, пайым болжамында пайдалылық болмақ. Сонда ғана әр таңба өзінің шығу тегін танытып, шежіре сырын ашып, әрқайсымыз үшін түсінікті тілде сөйлесе керек.

Қазіргі жағдайда бар таңбаларға жасалған талдаудың өзі-ақ түркі тілдес халықтардың шығу тегінің бірлігін көрсетіп, Түрік атты кісіден таратып, кейін оның ұрпақтарының моңғол, татар (қазіргі моңғол, татар ұғымымен шатыстырмау керек!) болып екіге бөлінгенін хабарлайтын шежіре дерегімен үндесіп жатқанын аңғару онша қиын емес. Малға ен-таңба салу осы бөліністің тудырған қажеттілігі сияқтанады маған. Халқымыздың құрамындағы ру-тайпалар таңбаларының бәрінің төркіні тек екі таңбаның — таяқша сызық пен дөңгелек сызықтың негізінде жатуы да осыны мегзейді. Осы арада бүкіл түркі тілдес халықтар таңбасын да зерттеп, салыстыра қарау қажеттілігі туады. Сондай дала-теңіздің төсінде заманалар дауылымен сапырылысқан көшпелі ру-тайпалар толқындарының толассыз араласқан қозғалысындағы олардың өткен тірлігінің тынысын тануда таңбалар да тарихқа адал қызмет етпек. Ал осындай қызметшілері көп болған тарихтың дерегі куәлі, айтқаны уәлі, танымы мол, тағылымы берік болмақ. Өз тегін осындай тарихтан танып білген елдің халқының ұлттық санасы жоғары. Жоғары сана жоғары танымға ғана тән. Өйткені танымы мол жанның түсінігі анық, пайымы нақ, білігі баянды. Демек, руды білу, тайпаның тарихын тану — бүгінгі кейбіреулер айтып жүргеніндей, ғасырлар қойнауында мидай арала-

сып, өзара бауырласып, қауымдасып кеткен жұрағаттың жігін ашып, «сен анаусың, мен мынаумен» деп жіліктеп жіктеуге қызмет етпейді, қайта керісінше, тұманды түсінікпен жүзге бөлініп руға таралып, тұтастықтың туын жоғары көтере алмай жүрген бүгінгі тоғышарлардың санасын оятып, оларға қазақ деген халықтың негізін құраған ру-тайпалардың көктен түспегенін, сырттан келмегенін, әлімсақтан жаратылыс негізі бір, тілі бір, ділі бір жұрт екенін соқырға таяқ ұстатқандай анықтықта тұшынуына көмектеседі.

...Дала. Осынау кең даланың бетін жазық маңдайға түскен терең әжімдердей айқұш-ұйқыш сызғылаған сан тарау жолдар. Соның біреуіне түскен біз күншығысты бетке алып, зырлап келеміз. Алдымызда «Мақсат биігі», соған тезірек жетсек дейміз. Замана көлігі — аксұр жиғули көрпе көктеген кексе әйелдің қолындағы көземел инедей көстеңдеп, қырқаны қырқаға көктей жүйткіді.

М А З М Ұ Н Ы

Жол үсті — тағдыр	3
Ғашықтар жыры қашан шыққан	42
Қара Ертістің қапталы қалың қарлық	60
Ел айрылған	77
Қазақтың Алаша ханы кім	111
Біздің жылнамамыз — шежіре.	137.
Ұлы жүз	166
Орта жүз	217
Кіші жүз	267

Салғараұлы Қойшығара
ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЛЫ ТАРИХЫ

роман-эссе

Редакторы — *Б. Қожабекова*
Суретшісі — *Л. Тигенко*
Көркемдеуші редакторы — *С. Макаренко*
Техникалық редакторы — *Н. Кушнарева*

ИБ № 4837

Теруге 20.04.92 жіберілді. Басуға 20.05.92 қол қойылды. Қалпы 84×108¹/₃₂. Қағазы № 2. Қаріп түрі «әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты бояу көлемі 17,22. Шартты баспа табағы 15,96. Есептік басылу табағы 16,69. Ұзын саны 50 000 дана. Тапсырыс 155. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірлігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірлігіне қарасты «Кітап» фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.